Инновациялық технологиялардың ерекшелігі – білімді жатқа меңгерту емес, балалардың өз бетінше меңгеруіне ұмтылғандығында. Ол есту, көру, қабілеттерін арттыруға, исөздік қорын ауызша дамытуға бағытталады. Жаңа технологияларды пайдалана отырып ақыту арқылы балаларды жетістіктерге мқол жеткіздім. Әр бала өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланады, Әр баланың жеке қабілеті анықталады; бір-бірімен бәсекеге түсе алады, өзін-өзі бағалай алады.

Білім саласындағы өзгерістерді нәтижелі шешу үшін, оқыту үрдісінде инновациялық технологияларын, соның ішінде шет елдік тәжірибелерді, Мария Монтессори мектебінің элементтерін біз пайдаланып келеміз. Себебі осы авторлардың педагогикасының негізі әдіс-тәсілі дамытушы ортадағы балалардың еркін іс-қимылы, ойыны мен қызығушылығын дамытады.

Ойынның барлық кезеңдерінде баланың қабілеттерін дпмытудың алдын алуға жағдай жасайды; өз деңгейіне өзінше көтеріле отырып, бала одан ары дамиды. Бала ұқыптылыққа үйренеді, өз бетінше әрекет етуге тәрбиелейді, тез әрі тереңнен ойлау ойлау қабілетін дамытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие №4,2013 ж
2. Мектепке дейінгі білім – тәрбие әдістемесі №2,2010 ж
3. Қазақстандағы мектепке дейінгі білім №5,2013 ж

Педагогтің жаңашылдық қызметі және оны қалыптастыру тәсілі

*Джаксылыкова Айгуль Кенескановна,
№95 «Алматы» балабақшасы, шағын орталығының әдіскері
Астана қаласы*

Аңдатпа: Қазіргі заманда уақыт талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, ғылыми тілмен айтқанда, инновациялық технологияларды қолдану басты назарда болып отыр. Ғасырлар тоғысында Қазақстанның білім беру жүйесінде көптеген ілгері реформалар жүргізілуде. Олардың мақсаты – ұлттық білім беру жүйесін әлемдік білім беру жүйесімен, әлемдік стандартқа сай негіздей отырып сабақтастыру.

«Инновация» деген сөз – латынның «novus» жаңалық және «in» енгізу деген

сөзінен шыққан, ал оның қазақша аудармасы «жаңару, жаңалық, өзгерту» деген мағынаны білдіреді.

Кілт сөздер: Педагог өз қызметін шығармашылық бағытта ұйымдастыра білуі үшін, ең алдымен, өз қызметінің мәнін түсіне алуы — басты шарт. Педагог қызметінің негізгі мәні — балаларға ойын арқылы оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, сол үрдістерді басқаруды шығармашылықпен ұйымдастыра білу. Өйткені, педагог еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса, елдің, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ.

Бүгінгі таңда балабақшаларда оқу-тәрбие үрдісінде түрлі инновациялық педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені белгілі. Бұл технологиялардың бәрін бір дағдыны қамту мүмкін емес. Сондықтан, балабақшаларда әрбір дағдыны ұтымды меңгертуде оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы баланың әрекеті-технологияны қабылдауы, оған деген ынтасы, құштарлығына педагог тарпынан көңіл бөлінуі тиіс.

Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда. Педагогикалық жаңа технология – іс-әрекетке, оқыту барысында жүзеге асатын педагогикалық жүйе. Ол дара тұлғаны жетілдіруге, белгілі бір мақсатқа жету жолында арнайы ықпалды ұйғаруға қажетті байланысқан әдіс – тәсілдер. Ендеше педагогикалық технология – оқу тәрбие үрдісінің шығармашылықпен оқытумен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі. Олай болса, технология – ақырғы мақсатқа жететін әрекеттер жүйесі. Жаңа педагогикалық технология баланың жетілген тұлға ретінде дамуы үшін маңызы зор. Ал осы жаңа технология таратушы, үйретуші, өзінің шығармашылық еңбегінде жүйелі қолданушы, насихаттаушы ол – педагог.

Сол себептенде жаңа технологияны енгізуші – таратушы тұлғаға үлкен талаптар қойылып отыр. Педагогтардың алдына қойған міндет – оқытудың әдіс – тәсілдерін үнемі жетілдіру. Оқыту мен тәрбие егіз үрдіс. Сондықтан да педагог инновациялық технологияны пайдалануға ықпал ететін көптеген шартты жағдайларды танып білуі талап етіледі. Соның бірі- инновациялық педагогтік қызмет.

Инновациялық қызмет – жаңа инновациялық білім бағдарламасын жасақтау мен іске асыруға бағытталған іс-әрекет, онда мыналар іске асырылады: баланы түсінуге, оны оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға жаңа философиялық-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық бағыттар, білім беру мазмұны

мен әдістерін құрудың жаңа концептуальды педагогикалық идеялары, баланың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың жаңа формалары, сонымен қатар, педагогтар, жұмысы, басқару, өзін-өзі басқару, балабақша ата-аналар мен әлеуметтік ортамен байланысы.

Инновациялық педагогтік қызметтің негізгі функциялары педагогикалық үрдіске және оның компоненттеріне прогрессивтік өзгерістер енгізу болып табылады: а) мақсатты өзгерту; б) білім беру мазмұнына өзгеріс енгізу; в) оқытудың жаңа құралдарын енгізу; г) оқытудың жаңа моделі; д) оқытудың жаңа тәсілдері; е) оқушыларды дамытуға байланысты жаңа идеялар беру (В.В.Давыдов, Л.В.Занков).

Инновациялық бағдардың педагогикалық іс-әрекетте қажеттілігі:

1. Әлеуметтік-экономикалық өзгерістер білім беру жүйесінің әдіснамасын, оқыту үдерісін ұйымдастыру технологияларын түбегейлі өзгерту қажеттілігін тудыруда. Инновациялық бағдарлылық білім беру жүйесінің жаңарту құралы болып табылады.

2. Білім беруді ізгілендіруді нығайту, білім жүйесіндегі түрлі өзгерістер үнемі жаңа ұйымдастыру формаларын, оқыту технологияларын қажет етеді.

3. Педагогтің педагогикалық жаңалықтарды меңгеруі және қолдану факторының өзіне қарым-қатынастарының өзгеруі. Оқу-тәрбие процесінің мазмұнының қатаң регламентіне тек педагогикалық әрекетте дәстүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалануға ғана мүмкіндік береді. Егер бұрын инновациялық іс-әрекет жоғарыдан ұсынылған болса, технологияларды педагогикалық реттеу келесі қалыптасу жолдары негізінде құрылады:

- ақпараттық логикалық құрылымы (ақпараттық технологиялар, міндеттер, проблемалар және т.б.);
- ақпарат көлемі және оқытудың дидактикалық бірліктерінің ақпараттық көлемі;
- таным үдерісінің өнімді деңгейі;
- оқыту интендивтілігі;
- білім беру және дамытушылық тиімділігі;
- технология бейімділігі;

Ғалым-педагогтар В.А.Сластенин, Л.С.Подымованың осы мәселені еңбектерінде келесі бағдарлар бойынша қарастырылады: аксиологиялық, рефлексивті-қызметтік, әлеуметтік-психологиялық, жеке шығармашылық. Жаңалықты енгізу үдерісінде педагог педагогикалық құндылықтарды меңгереді. Субъективті қабылдау және жалпы адамзаттық мәдени –педагогикалық құндылықтарға иелену педагогтің жеке тұлға ретіндегі ерекшеліктеріне,

өзіндік сана-сезімімен анықталады және педагогтің ішкі жан-дүниесін көрсетеді. Рефлексивті-қызметтік бағдарды ғалымдар инновациялық қызметтің табиғатын түсінуге, инновацияның әртүрлі даму сатыларындағы рефлексияға талдау кезінде пайдаланылады.

Жас ұрпақты Әлеуметтік-психологиялық бағдар инновациялық қызметті жеке тұлғалар арасындағы байланыс нәтижесі ретінде қарастыруда қолданады. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, ғалымдар В.А.Сластенин, Л.С.Подымова инновациялық қызмет құрылымына педагогтің әлеуметтік қарым-қатынасқа түсу қабілетін де енгізді.

Педагог бүгінгі ғана емес, ертеңге, болашаққа қызмет істейді. Ол заман дамуынан артта қалмастан, өзін-өзі жан-жақты дамыту үшін саяси-идеялық дәрежесін, ғылыми-теориялық білімін және педагогикалық мамандығын күнбе күн жетілдіріп отыруға талаптануы қажет.

Педагогтің инновациялық қызмет құрылымының компонентінің бірі ретінде креативтілік психологияда «шығармашылдық» деп қарастырылады. Мұнда педагогтің өзінің әлеуметтік шығармашылық белсенділігін көрсету қабілетін көрсетеді. Ғалымдар В.А.Сластенин, Л.С.Подымовалардың концепциясы бойынша креативтілік осыған дейінгі жинақталған тәжірибені меңгеруден бастап дамиды және содан кейін мұғалім өз тәжірибесіне өзгеріс енгізу іске асырылады. Бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға – ұстаз оқытуда тиімді жағдайлар жасау, жаңа технологияларды ұтымды қолдана білу мұғалімге тікелей байланысты. Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі оқу орындарында ойшыл, зерттеуші, өз ісіне қатып қалған жаттандылықтан аулақ, өмірлік қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген, психолог-педагогтік диагностика қоя білетін іскер педагог қажет.

Инновациялық педагогикалық білім – бұл инновациялық педагогикалық технологиялардың қыры мен сырын, ерекшеліктерін ашып көрсететін және оны тәжірибеде жүзеге асырудың жолдарын айқындайтын педагогикалық білімдер жүйесі. Педагогтерге инновациялық білім берудің міндеті – оларды ізденімпаз жаңашыл ұстаз етіп даярлау, күнделікті білім мен біліктілігін көтеру, өз ісіне шығармашылықпен қарау, меңгерген инновациялық технологияны өз мектебі мен сыныбының ерекшеліктерін ескере отырып, түрлендіре алу, шағын өзгерістер енгізе білейік, өз ісіне сыни көзқараспен қарау, жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктеріне педагогикалық сараптама жасай алу, өзінің авторлық технологиясын өмірге әкелу, оны әдіснамалық тұрғыда негіздеу, ұдайы әдістемелік жетілдіріп отыру.

Инновациялық білім берудің нәтижесінде оқыту мен тәрбиелеудің соңғы

әдіс-тәсілдерін, инновациялық технологияны меңгерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог, зерттеуші жаңашыл педагог болып шығады.

Қорытынды бөлім

Сонымен, қорыта келгенде педагог инновациялық технологияны пайдалануға ықпал ететін көптеген шартты жағдайларды танып білуі талап етіледі.

Инновациялық педагогтік қызмет – жаңа инновациялық білім бағдарламасын жасақтау мен іске асыруға бағытталған іс-әрекет, онда мыналар іске асырылады: баланы түсінуге, оны оқытуға, тәрбиелеуге, дамытуға жаңа философиялық-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық бағыттар, білім беру мазмұны мен әдістерін құрудың жаңа концептуальды педагогикалық идеялары, баланың мектептегі өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастырудың жаңа формалары, сонымен қатар, педагогтар, жұмысы, басқару, өзін-өзі басқару, мектептің ата-аналар мен әлеуметтік ортамен байланысы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогикалық технология – оқу үрдісінде ұйымдасқан, мақсатқа бағытталған, арнайы педагогикалық әсер ету (Б.Т.Лихачев).
2. Педагогикалық технология – оқу үрдісін іске асырудың мазмұнды техникасы (В.П.Беспалько) .
3. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006. (Б.Т.Лихачев).
4. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., Көшімбетова С. Инновациялық втехнологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда құм терапиясының маңызы

Доспанова Г.С.

Астана қ. №38 «Шаттық» балабақшасы, бейнелеу өнері мұғалімі

Аңдатпа. Бұл баяндамада мектеп жасына дейінгі балалардың жан-жақты дамуы мен қалыптасуындағы құммен сурет салу өнерінің маңыздылығын сөз еттім.

Түйінді сөздер: педагогика – педагогика - pedagogy, бала – ребенок - child, құм терапиясы – песочная терапия – sand therapy, бейнелеу өнері – изобразительное искусство - fine arts, тәрбие – воспитание-upbringing, шығармашылық – творчество-creation, эстетика – эстетика-aesthetics.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Баланың шығармашылығын дамытатын педагог өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек деген ойды ұстанамын. Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру – қазіргі таңдағы білім беру саласындағы маңызды мәселелерінің бірі. Оны мектепке дейін дамыту тиімді екені хақ. Педагог В.А. Сухомлинский «Балалардың мүмкіндігі мен дарындылығының бастамалары саусақтарының ұшында, баланың қолында неғұрлым шеберлік көп болса, соғұрлым ол ақылды болады» деп айтқан сөздері баршамызға мәлім. Ғалымдардың пайымдауынша барлық балалар дарынды. Сондықтан дарынын уақытында байқап, оны өмірінде қолдануға мүмкіндік туғызу қажет.

Осы орайда бейнелеу өнерімен қатар мен өз тәжірибемде құммен сурет салуға көп көңіл бөлудемін. Балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға басты назар аударамын. Біздің балабақшада «Құм терапиясы» үйірмесін тұрақты түрде жүргіземін. «Құм терапиясы» үйірмесі жыл басында бекітілген жоспар бойынша жүргізілуде. Байқағаным балалардың құммен сурет салу өнеріне қызығушылықтары жоғары, үйірмеге зор қуанышпен келеді. Құммен сурет салудан балабақшаға арналған қазақ тілінде әдебиеттер, көмекші құралдар жоқтың қасы. Осыны ескере келе мектепке дейінгі ұйымдарға арналған құммен сурет салудың әдіс-тәсілдері туралы әдістемелік көмекші құрал әзірлеуге кірістім. Бұл көмекші құрал педагогтарға құммен сурет салу үйірмесін жүргізуге пайлы болады деп ойлаймын. Құммен сурет салу бұл сурет салудың дәстүрден тыс техникаларының бірі әрі жеке бір өнер түрі. Құм үйірмесіне қажетті материал мен жабдықтар қарапайым және қолжетімді болып келеді. Құм терапиясы кабинетім толық жабдықталған.

Құмнан жасалған сурет адамның белгілі бір сәтте басынан өткерген эмоционалдық күйін, оның ішкі әлемін көрсетеді. Құм терапиясы арт-терапияның бір саласы болып табылады. Оның мәні осы материалды манипуляциялау процесінде өзін-өзі емдеудің әсерінде жатыр. Құмнан жасалған сурет адамның көңіл-күйін бейнелейтін сияқты, өйткені ол оны өздігінен, ойланбастан жасайды. Құм терапиясының негізін қалаушы швейцариялық психолог Дора Кальф: «Құмға салынған сурет – адам жан-дүниесінің бір көрінісі. Тіпті, сол арқылы ешкімге айтылмаған ішкі сырды ақтаруға болады», – деп бекер айтпаса керек. Құм терапиясы агрессия мен алаңдаушылық деңгейін төмендетуге көмектеседі, себебі бұл материал тыныштандырады. Оған қолдарын батырып, саусақтарының арасынан өткізіп, бала оның салқындығын сезінеді, өз қолының жылуын сезінеді. Құммен сурет салу арқылы бала өз сезімдері мен тәжірибесі туралы айта алады. Шыны бетіне құмның көмегімен көрініс тапқан суреттерді болмашы қимыл эп-сәтте бұзып кетуі әбден мүмкін. Яғни, күнделікті санаулы минуттың ішінде қайталанбас композициялар жасауға болады. Басқа бейнелеу өнерінің түрлерінен ерекшелігі де осында. Сондықтан фотосуретке немесе бейнекамераға түсіріп алу керек. Саусақтың сиқырымен салынатын мұндай әдемілік пен нәзіктікке толы өнерден кез келген жанның әсерсіз қалмасы рас. Сол себепті, бейнелеу өнерінің жаңа түріне жұртшылық қызығушылық

танытуда. Құммен сурет салудың артықшылығы баланы өмірді жақсы қырынан қабылдауға бейімдейді, есте сақтау қабілетін дамытады. Жылдамдықты сезініп, уақытпен жұмыс істеуге үйретеді. Құм бойдағы жағымсыз энергияны сіңіріп алады. Балалардың шығармашылық қасиеттерін дамытады. Ең алдымен көркем ойлауды дамытуға ықпал етеді. Баланың қиялын, кеңістікті қабылдауын, есте сақтау қабілетін дамытып, әсіресе балалардың дұрыс жетілуіне, саусақтарының епті болуына әсерін тигізеді. Себебі, саусаққа тиген құм түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан әрбір клетканы оятады екен. Жүйке жүйесін де тыныштандырады. Балалардың ішкі жан дүниесін толығымен ашуға мүмкіндік береді.

Өзімнің педагогикалық іс-тәжірибемде балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін құммен сурет салудың әдіс-тәсілдерін инновациялық технологиялармен ұштастыра отырып қолданамын. Яғни, құммен сурет салуда АКТ-ның барлық мүмкіндіктерін пайдаланамын: көңіл-күйге жағымды әсер ететін релакс әуендер тыңдатамын, экран арқылы сурет салу барысын тікелей эфирде көрсетемін, экран арқылы құммен сурет салудың техникаларын көрсетіп түрлі әдіс-тәсілдерін үйретемін. Үйірменің ұзақтығы 30 минут, оның 15 минуты жаңа тақырыпқа арналады, яғни тақырыптық сурет саламыз. Алдымен сурет салу барысы тікелей эфир арқылы жүзеге асады, балалар экранға қарап құммен сурет салудың әдіс-тәсілдерін үйренеді. Осы сәтте барлығын қадағалап, қиналған балалар болса оларға жеке көмек көрсетіп бағдар беремін. Тақырыптық сурет аяқталған соң балалардың нәтижесін фотосуретке түсіріп аламын. Келесі 15 минутта балалар өз қиялындағы суреттерін бейнелейді. Өз ой-қиялдарын бейнелеу сәті балаларға өте ұнайды. Құммен сурет салудың әдіс-тәсілдерін үйретуде балалардың жас ерекшелігін ескеремін. Мысалы мектепалды тобының балалары қолданатын әдіс-тәсілді ересек және орта тобының баласына меңгеру қиындау болады. Орта тобының балаларына заттық суреттер салдырсам, ересек тобының балаларына заттық суреттермен қатар сюжеттік суреттер салдырамын. Мектепалды тобының балаларына сюжеттік суреттермен қатар, алмасуы екі немесе үш кезеңнен тұратын анимациялық фильмдер бейнелеуді үйретемін. Балалар ерте жастан бастап өздерінің қоршаған ортадан алған әсерін сурет арқылы бейнелеп көрсетуге тырысады. Қайталанбайтын туындыларды бейнелеу барысында бала әрқашан сурет салудың әдіс-тәсілдерімен тәжірибе жасайды. Құм арқылы балалар өздерінің жаңа шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді. Балалар ұмытылмас әсер алады, жағымды көңіл күйде болады, ал олардың көңіл-күйлеріне қарай отырып не нәрсеге қуанатынын, не нәрсеге көңілі толмайтынын аңғаруға болады. Құммен сурет салудың пайдасы:

- Балалардың қорқынышын сейілтуге мүмкіндік туғызады;
- Өзіне деген сенімін арттырады;
- Ойлау кеңістігін дамытады;
- Өз ойын еркін білдіруге үйретеді;
- Шығармашылық ізденіске түрткі болады;
- Композицияны, ырғақты, динамиканы сезінуді үйренеді;
- Саусақтың ұсақ моторикасын дамытады;
- Жұмыс барысында эстетикалық сезім алады.

Құммен сурет салудағы негізгі қағидалар:

-Үдемелік. Сурет салу жылдамдығы және кадрдың ауысуының жиілігі жоғары болуға тиіс, әйтпесе бұл балаларды тез шаршатып, оларға қызықсыз болып кетуі әбден мүмкін;

-Салынған суреттің әсер қалдыруы (эффектілігі). Суреттер бейнелеуші, эффектілі әрі кенеттен болған жағдайда, ол суреттер көрермендерде ерекше әсер қалдыра алады. Бұндай өнер туындыларына көрермендердің тамсана қарауы, салынған құмдағы суреттің эффектілігін анық байқауға жол ашады;

-Бейненің ауысуы түпнұсқалық болуға тиіс. Бастапқы кезеңде бейнелердің ауысуы баяу басталып, әрі қарайғы ауысу бірқалыпты болуға тиіс. Әрине, әрбір суретші бейнелерінің кезек бойынша ауысуы түпнұсқалық, кенеттен пайда бола отырып көрерменге ерекше әсер қалдыруға ұмтылуы керек;

-Сюжет және шығармашылық идея құрылымы. Әрбір аяқталған құмды бейне «құмды фильм» деп аталады, яғни бұл тек қана құмды суреттердің жиынтығы ғана емес, сонымен бірге толығымен құмды анимациялық фильм болып есептелінеді.

Қорытынды. Құм терапиясы сурет салу дағдыларын ғана қалыптастырып қоймайды, сонымен қатар өсіп келе жатқан балалардың рухының биік болуына, салт-дәстүрі мен Отанға, елге, жерге деген сүйіспеншілігінің терең болуындағы орны ерекше. Педагог А.С.Макаренко “Педагог жұмысының табысты болуы - оның балалармен қарым-қатынас орната білу тәсілінде” деп атап өткен болатын. Нәтижеге жетемін деп мұғалім еш уақытта авторитарлық тәсілді қолданбайды, баланың қателесуге құқы бар. Әрбір оқу іс-әрекеті баланың қызығушылығын, ой-өрісін, шығармашылығын дамытуға бағытталады. Жылы сөздер арқылы «сенің қолыңнан келеді», «сенің болашағың зор» - деп, үнемі балаға шабыт беріп отыру керек деп ойлаймын. Әр бала еңбегінің нәтижесін көріп сезіне білуі қажет. Өз еңбегінің жемісін сезіну балалар үшін маңызды. Ол ынтымақтастық пен гумандық қарым-қатынаста ғана нәтиже беретін күрделі үрдіс. Жұмыстың нәтижелі болуы ата-аналарға да байланысты деп ойлаймын, сондықтан ата-аналармен тығыз байланыс орнаттым. Ата-аналардың балаларының балабақшада немен шұғылданатыны, қандай жетістікке жетті деген ойлар мазалайтындығын ескере келе балалардың шығармашылығынан көрме ұйымдастырып отырамын. Нәтижесінде балада көркем өнер туралы білімі қалыптасады, шығармашылық қабілеттері дамиды, авторлық бағытта бейнелей біледі, отбасы және балабақша ынтымақтастығы орнайды.

Әдебиеттер:

1. Жұмабекова Ф.Н. Балабақшадағы көркемдік тәрбие / Ф.Н.Жумабекова. - Алматы, РИК, 2000.
2. Жұмабекова Ф.Н. Өнер көзі халықта/ Ф.Н.Жумабекова. – Астана, 2012.
3. Журнал «Юный художник» №3 2014 Москва ISSN 0500 6348.
4. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Ресми басылым. Астана, 2016.
5. Грабенко, Т. М. Чудеса на песке. Песочная игротерапия / Т. М. Грабенко, Т. Д. Зинкевич-Евстигнеева. – СПб. : Речь, 2010. – 69 с.

Мектепке дейінгі балаларға әлеуметтік-ойын технологиясын қолданудың маңызы

*Достанова Турдыгуль Ермекбаевна, тәрбиеші
№33 «Алтын дән» МКҚК балабақшасы, Астана қаласы*

Андатпа: Ойын – ересектердің ойын бейнелеу: ойын барысында бала оларға еліктейді, түрлі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен қатынастарды үлгілейді. Кейде біз балалармен бірге жүргенде олармен көп сөйлеспейміз. Мектеп табалдырығын аттағанда оқу өлшемшарттары оқу қызметі жөнінде баяндайды, ойын қызметі ескерілмейді (бала оқуы, жазуы және т. б. тиіс). Біз көбіне ойын қызметін толық бағаламаймыз, әсіресе сюжеттік-рөлдік ойынды, ал ойынның қызметі жан-жақты.

Түйінді сөздер: Әлеуметтік ойын технологиясының – әр балаға өзіндік даму, өзін-өзі тану және өзін-өзі таныту жолында педагогикалық қолдау көрсету.

Соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беруді дамытудың жаңа бастамаларын айқындайтын білім беру жүйесінде елеулі өзгерістер болып жатыр. Біздің қоғамның заманауи әлеуметтік-экономикалық және рухани күйі мектепке дейінгі білімді жетілдіру мәселелеріне ерекше көңіл бөлуді талап етеді. Өсіп келе жатқан адамның әлеуметтік-жауапты және белсенді тұлға болып дамуын оған мәдени мұраны, өз халқының дәстүрін түсіндірмей елестету мүмкін емес. Айта кету керек, мектепке дейінгі білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінің сипаттамасы әлеуметтік-жеке және танымдық-сөйлеуді дамыту бағытында іздеуді жандандыру болып табылады.

Мектепке дейінгі балалық – ең маңызды жас кезеңі, ол шешуші деңгейде адамның алдағы дамуын айқындайды. Л. И. Божович, Г. М. Бреслав, К. Бюлер, Л. С. Выготский, А. В. Запорожец, Г. Г. Кравцов, А. Н. Леонтьев, М. И. Лисина, Ж. Пиаже, С. Л. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин мұны тұлға қалыптасатын, баланың шығармашылық әлеуеттері, дербестігі алғаш ашылатын және тұлғалық негіздері қалыптасатын кезең деп таниды. Бала ойын барысында білмейтін нәрсені үйренуге ұмтылады, ойын барысында құрдастарымен тікелей араласу жүреді, адамгершілікті қасиеттері дамиды. Ойын барысында бала өмірлік тәжірибе, қатынас тәжірибесін, араласу тәжірибесін жинақтайды. Осылайша бала болашақтағы өмірін ойнау арқылы «өз күшін сынайды». Көбіне біз, тәрбиешілер, ойын туралы ұмытып кетіп, ата-аналардың «көңілінен шығуға» тырысамыз, тек балаларды «оқытып», оларға көбірек ақпарат жеткізуге тырысамыз. Ал ойынға мүлдем уақыт қалмайды.

Сонымен балаларды мектепке дейінгі ұйымда ойыннан тыс дамытудың тиімсіз екенін бәріміз білеміз, алайда ойынның «балабақшадан» алшақтағанын, балалардың мүлдем ойнамайтынын баяндауға мәжбүрміз. Балалар мүлдем әсер алмайды, ал бұлай ойын дамымайды. Балалар, өкінішке орай, сапасы нашар телевизиялық бағдарламалардан әсер алады. Ойын – ересектердің ойын бейнелеу: ойын барысында бала оларға еліктейді, түрлі әлеуметтік-мәдени жағдайлар мен қатынастарды үлгілейді. Кейде біз балалармен бірге жүргенде

олармен көп сөйлеспейміз. Мектеп табалдырығын аттағанда оқу өлшемшарттары оқу қызметі жөнінде баяндайды, ойын қызметі ескерілмейді (бала оқуы, жазуы және т. б. тиіс). Біз көбіне ойын қызметін толық бағаламаймыз, әсіресе сюжеттік-рөлдік ойынды, ал ойынның қызметі жан-жақты емес пе:

- дамытушы – бала тұлғасының қалыптасуы үшін маңызды;
- өтеуішті – ойын шынайы өмір хаосында қолдан жасалған оазистің рөлін атқаратын өзге ақиқат ретінде ұсынылады.

Ойын емдік әлеуетке ие. Бала қорқынышын ашады, тыйымдарды уайымдайды, кейде өзін агрессивті ұстайды. Зигмунд Фрейдтің түсінігінде ойынның елеулі бөлігі – бұл проекция: ойыншықтар бала мен оның айналасын толықтырады, ойнаушы оған өзінің көзқарасын телиді. Ойнап жатқан ол емес, қуыршақтар – зұлым сиқыршылар, мыстандар – өзін нашар ұстайды.

Бала ойын барысында заттардың қасиеттерімен танысады, бұл ретте ол эксперименттейді; бастамашылық, шығармашылық танытады. Ойын барысында зейін, қиял, жады, ойлау қалыптасады, белсенділік, ойын міндеттерін шешудегі дербестік секілді маңызды қасиеттері дамиды, сәбилердің ересектермен оң қарым-қатынасы мен эмоционалды-іскер байланыстары қалыптасады.

Тәрбие үшін әрдайым «үздік саяси ереже – қатты басқармау» қағидасы өзекті, демек біз баланы барынша аз басқарған сайын, олар өмірде де барынша белсенді позицияны ұстанады. Бізге бұл тұжырымды ұстануға Е. Шулешко, А. Ершова, Е. Букатова ұсынған «Әлеуметтік ойын технологиясы» заманауи педагогикалық технологиясы көмектеседі. Әлеуметтік ойын технологиясы – бұл баламен ойын арқылы араласуда оны дамыту.

Әлеуметтік ойын технологиясының мақсаты – әр балаға өзіндік даму, өзін-өзі тану және өзін-өзі таныту жолында педагогикалық қолдау көрсету, дербес ойшыл әрі әлеуметтік белсенді тұлғаны тәрбиелеу.

Әлеуметтік ойын технологиясының міндеттері – балалардың тиімді араласуына көмектесу, білім беру процесін барынша тартымды ету және белсенді дербестік әрі шығармашылық ұстанымын дамытуға ықпал ету. Әлеуметтік ойын педагогикасы балалардың шағын топтары арасындағы ойын-өмір ретінде сабақтарды ұйымдастыру қағидатына негізделген. Шағын топтарда балалардың арасында не бірлескен ойындармен, ортақ өмірлік тәжірибемен байланыс орнайды, не осы байланыстар өз бетімен орнайды. Ал мұның бәрі бір-біріне әлемді тануға көмектесе отырып, білімімен бөлісудің нәтижелі тірегі болып табылады.

Әлеуметтік ойын технологиясының басты қағидалары

- Қимыл белсенділігі.
- Орын, рөл алмастыру.
- Топтармен жұмыс.
- Қарқыны мен ырғағын ауыстыру.
- Барлық қызмет түрін ықпалдастыру.

Өз тәжірибеде мектепалды тобымен әлеуметтік ойын технологиясын қолданып «Үйшік» ертегісін құрастырдық. Бұл ойын бірнеше бөлімнен тұрады:

«Барлаушылар». Балаларға топқа бөлінуді ұсындым (*бір-біріміздің көзімізге қараймыз, кіммен көзіміз түйіссе, сол жұп болады, үш, төрт адамнан топтасуға болады және т. б.*).

«Көрінеді-көрінбейді». Балаларға әріп жазылған екі парақ берілді (*әріптер А4 параққа шашыратып жазылған, мұнда әліпбидегі әріптер жинағы берілген, бұл жерден үйшік сөзін құрастыру керек*).

Тапсырма. Әр топ ертегінің атауын табуы және оны атауы тиіс (2 мин).

«Жандандыру».*Тапсырма.* Әр командаға ертегіні көрсетуді ұсындым (*үйшік ертегісін бейнелеп тұру. Мысалы, екі бала қолынан шатырын жасады, басқалары сығалайды, жанында «Қоян отыр» және т. б.*) (2 мин).

«Қимыл белсенділігі». Жұмысқа қажетті орынды дайындап, топтарға келесі тапсырманы өз бетімен таңдау мүмкіндігін бердім.

Тапсырма. Балалардан қай қолдарының шебер екенін сұрап, мына сұрақты қолдандым: «Ал сенің қай қолың шебер?» Балалар бір-біріне қай қолының шебер екенін айтып, содан кейін шебер қолымызбен А4 параққа «Үйшік» ертегісінің кейіпкерін салды және оны қиып алды. Әр бала ертегі кейіпкерінің сұлбасын салып және қиып алды. Ұсақ-түйектерін салудың және бояудың қажеті жоқ. Кейбір балалар сурет салудан бас тартты, олар топтың асыраушысы, қамқоршысы болып тағайындалды: қайшы, қағаз әкеледі. Бұдан әрі таяқшаларды (ағаш таяқ) үлестіріп және балаларға әр кейіпкерді ағаш таяққа бекітуді ұсындым, мұны топтың кейіпкерлері дайын болған соң бекітті (*мейлі ол екі қоян және екі аю болсын, кейбіреуінде барлық кейіпкері болса, кейбіреуі екі немесе үш кейіпкерді қалайды, таңдау топтың еркінде, педагогтың бұған қатысы жоқ*) (5–10 мин.)

Көлеңке театры түрінде «Үйшік» ертегісін құрастыруды ұсындым. Ол үшін екі метрлік тұсқағаз бөлігі мен үстелүсті шамы жеткілікті. Қойылымның басталғанын салтанатты түрде хабарлап, тұсқағазды жазып, бір жағынан педагог, басқа жағынан бала ұстап тұрды. Осылайша кішкентай шымылдық шықты. Артына шам қосылып және шымылдыққа проекцияланды. Осыдан кейін топтар салтанатты түрде ортаға шақыртылып, ертегінің көрсетілімі басталды. Балалар таяқшадағы кейіпкерлерді ойнатып, өзінің «Үйшік» ертегісін баяндады. Сонымен, қызықты әрі жайлы көрілім болды!

Ойын технологиясының басты компоненті – педагог пен балалардың тікелей және жүйелі қарым-қатынасы.

Оның мәні:

- тәрбиеленушілерді жандандырады;
- танымдық қызығушылығын арттырады;
- эмоциялық өрлеуді тудырады;
- шығармашылықтарын дамытуға ықпал етеді;
- нақты тұжырымдалған ойын шарттары оқу уақытын барынша шоғырландырады;
- материалды игеруге байланысты ойын іс-әрекеттер есебінен туындаған қиындықтар немесе жеңілдетілген ойын міндеттерінің деңгейін педагогқа стратегиясы мен тактикасын ауыстыруға мүмкіндік береді.

Ойын сабақтар өте жанды, эмоциялық қолайлы психологиялық жағдайда, ізгілікті, еркіндікті, теңдікті талап етеді. Пассивті балаларды оқшаулауды қажет

етпейді. Ойын технологиясы арқылы балаларда өзіне деген сенімділік пайда болады. Тәжірибе көрсеткендей, мектепке дейінгі балалар ойын жағдайға жақындатылған шынайы өмір сүру жағдайларын, кез-келген қиындықтарға әрекет ете отырып, материалды оңай меңгереді.

Әлеуметтік-ойын технологиясының плюстері:

Қарым-қатынас: «бала - құрдастары»;

Педагог тең құқықты серіктес болып табылады;

Педагог пен баланың арасындағы кедергі бұзылады;

Балалар құрдастарына бағдарланған, яғни педагогтың нұсқауларын бұлжытпай орындамайды;

Балалар ерікті және бастамашыл;

Балалар ойынның ережелерін өздері белгілейді; балалар проблеманы талқылайды, оны шешу жолдарын табады;

Балалар келісімге келеді, қарым-қатынас жасайды (айтушы және тыңдаушы рөлін атқарады);

Балалардың қарым-қатынасы кіші топтың ішінде және кіші топтың арасында орнайды;

Балалар бір-біріне көмектеседі, сонымен бірге бір-бірін бақылайды;

Әлеуметтік-ойын технологиясы белсенді балаларды өзімен жастылардың ойын тыңдай білуге үйретеді, ал нәзік және өзіне сенімсіз балаларға өзіндегі кемшіліктер мен сенімсіздіктерін жеңуге мүмкіндік береді.

Осы технологияның негізінде жатқан қағидалар жоғарғы шекте мектепке дейінгілерді уақытында тәрбиелеу үшін өзекті болып табылады. Бүгінгі таңда педагогтың балаға тәрбиелеудің субъект түрінде (объект емес) жаңаша қарауы, біріккен іс-әрекеттің серіктесі ретінде қарауы аса қажет.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы. – 131 бет.

2. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана қ. 2022 ж.–79 бет.

3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008.

4. Шулешко Е. Е., Ершова А. П., Букатов В. М. Социо - игровые подходы к педагогике. – Красноярск, 1990. -116с.

Развитие ритмичности детей дошкольного возраста через игру на примарных инструментах

Дремалина С.Ю.

КГКП я\с «Колобок» г.Сарань, музыкальный руководитель

Аннотация. В статье представлен опыт работы по развитию ритмичности детей дошкольного возраста через игру на примарных (бытовых) инструментах, значимость развития чувства ритма, как одной из музыкальных способностей, без которой невозможна никакая музыкальная деятельность. Статья адресована музыкальным руководителям дошкольных образовательных учреждений.

Ключевые слова: чувство ритма, ритмичность, элементарное музицирование, примарные инструменты.

«Чем ритмичнее протекает жизнь маленького ребенка,
тем здоровее он будет.»

Кристиан Кутик

Внимательно прислушайтесь к окружающему миру. Все что нас окружает, имеет свой ритм: стук колес проезжающей машины или стремящегося поезда, шум морской волны или стук дятла на дереве, смена времен года, тиканье часов, биение сердца и многое другое – все подчинено определенному ритму. Ритм входит в нашу жизнь с самого детства. Ведь ребенок, находясь в утробе матери, слышит биение ее сердца, а появившись на свет, практически сразу, начинает реагировать на ее голос различными движениями, а дальнейшем на ту или иную музыку. Т.е. чувство ритма заложено в каждом ребенке от природы и формируется параллельно с развитием эмоциональной, двигательной, речевой и познавательной сфер.

Чувство ритма является одной из музыкальных способностей, без которой невозможна никакая музыкальная деятельность в социуме. Поэтому, с самого раннего возраста необходимо развивать чувство ритма в доступной для детей форме. При этом необходимо не только научить детей слышать в музыкальном произведении ее ритмическую выразительность, но и умение передавать ее в движениях.

К сожалению, на сегодняшний день число детей с проблемами ритмического восприятия увеличилось, т.е. ритмичность не достаточно развита для того, чтобы ребенок мог себя проявить в пении, в игре на музыкальных инструментах, в музыкально-ритмической деятельности. Зачастую дети самостоятельно не могут согласовывать движения с музыкой, пением и словом, не могут пропеть какие-либо звуки и самостоятельно воспроизводить простой ритмический рисунок. В результате этого дошкольники замыкаются в себе, не проявляют активности в организационной музыкальной деятельности.

Что бы решить эту важную проблему, мною была поставлена цель-повышение эффективности развития чувства ритма у дошкольников через элементарное музицирование, которое повышает интерес к музыке, способствует развитию музыкальной памяти, внимания, помогает преодолению скованности, застенчивости, расширяет музыкальное воспитание, одним словом - обладает большой возможностью в развитии чувства ритма у детей и расширяет сферу музыкальной деятельности дошкольника. Именно во время игры на музыкальных инструментах у детей проявляется наличие воли,

эмоциональности, сосредоточенности, развиваются и совершенствуются творческие и музыкальные способности.

Элементарное музицирование с дошкольниками – это не только использование детских музыкальных и шумовых инструментов. Но и инструментов – заменителей, т.е. примарных инструментов (бытовые предметы). Именно эти предметы просты и наиболее доступны детям дошкольного возраста. Техническая легкость игры на бытовых предметах, их способность тотчас же откликнуться на любое прикосновение, располагают и побуждают детей к игре, а через нее – к простейшим импровизациям.

Особое место во время обучения детей игре на примарных инструментах, я отвожу играм с деревянными палочками. Упражнения с палочками очень нравятся детям, они являются простым и занимательным средством при освоении различных ритмов, развития метроритмического и тембрового слуха, ведь палочки умеют не только стучать, а еще шуршать, шептать, молчать. После того, как игра закончилась, можно предложить детям сложить из палочек букву, дорожку, снежинку, домик. Такое завершение игры прокладывает вектор креативного мышления у детей. Для того, чтобы больше вызвать интерес у детей, можно добавить к деревянным палочкам воздушный шар или мяч – хоп.



Еще один увлекательный бытовой инструмент – это обыкновенная бумага, газета, калька или полиэтиленовый пакет. Выполняя элементарные действия с этими предметами (потряхивание, шуршание) получается своеобразная мелодия. Дети сравнивают звучание этих предметов с шорохом травы и шелестом листьев, с дуновением ветерка, с шумом дождя.



Игра с бумажными или пластиковыми стаканами также доставляют радость воспитанникам. На них можно не только передать ритм, но и динамические оттенки и разнообразие звуков – глухих и более звонких.



Очень увлекательной и яркой является игра на пластиковых тарелочках и хрустальных фужерах. А в сочетании с волшебной музыкой, получается восхитительный оркестр хрусталя или оркестр тарелок.



Для того, чтобы дошкольники в процессе обучения получили массу положительных эмоций, можно украсить детский оркестр каким-либо ярким атрибутом, например пособием «Веселый парашют» и детскими башмачками. В результате получится веселый оркестр башмачков.

Не останутся в стороне и обычные расчески, линейки, крышки от кастрюль, металлические ложки, пуговицы. Одним словом, любой окружающий предмет, из которого можно извлечь звук, может стать незаменимым помощником в организации детского оркестра примарных инструментов.

В процессе игры на необычных инструментах развиваются музыкальные способности и прежде всего все виды музыкального слуха – звуковысотный, метроритмический, ладогармонический, тембровый, динамический. Подобного рода игра способствует координации музыкального мышления и двигательных функций организма, развивает фантазию, творческие способности, музыкальный вкус, учит понимать и любить музыку.

«Кем бы ни стал в дальнейшем ребенок, задача педагога воспитать в нем творческое начало, творческое мышление... Привитые желание и умение творить скажутся в любой сфере будущей деятельности ребенка.» Карл Орф.

Литература

1. Борисова Е. Развиваем творческие способности // Дошкольное воспитание. – 2002. - № 2.
2. Васильева М., Юнг Т. О развитии творческого потенциала дошкольников (из опыта работы) // Дошкольное воспитание. – 2006. - № 2.
3. Захарюта Н. Современный подход к развитию творческой личности // Дошкольное воспитание. – 2006. - № 3.
4. Игры со звуками: Учебно-методическое пособие. СПб.: ЛОИРО, 2003

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамытуға тастрландырылған ойын әрекетінің әсері

Дюсенбаева К.С.

Балқаш қ., «Балауса» бөбекжайы» КМҚК, тәрбиеші

Театрландырылған ойындар балабақша бағдарламасының көптеген міндеттерін шешуге мүмкіндік береді: әлеуметтік құбылыстармен танысудан, сөйлеуді дамытудан, қарапайым математикалық көріністерді қалыптастырудан бастап физикалық жетілдіруге дейін. Әр түрлі тақырыптар, бейнелеу құралдары, театрландырылған ойындардың эмоционалдылығы оларды жеке тұлғаны жан-жақты тәрбиелеу мақсатында пайдалануға мүмкіндік береді.

Негізгі міндеттер:

* Балалардың әр түрлі шығармашылық әрекет түрлерін кезең-кезеңімен игеруі.

* Мектеп жасына дейінгі балаларды театрдың әртүрлі түрлерімен (қуыршақ, саусақ, қасық) дәйекті түрде таныстыру.

* Балалардың көркемдік дағдыларын тәжірибе тұрғысынан жетілдіру және бейнені бейнелеу.

* Берілген жағдайларда әлеуметтік мінез - құлық дағдыларын модельдеу.

Сөйлеуді дамыту үшін театрландырылған ойынның маңызы зор (диалогтар мен монологтарды жетілдіру, сөйлеудің мәнерлілігін дамыту). Театрландырылған ойында эмоционалды даму жүзеге асырылады: балалар кейіпкерлердің сезімдерімен, көңіл-күйлерімен танысады, олардың сыртқы көріністерін игереді, белгілі бір көңіл-күйдің себептерін біледі, ойын баланың өзін-өзі көрсету және өзін-өзі жүзеге асыру құралы болып табылады.



Ойын балаға ең қол жетімді және оны өңдеудің қызықты тәсілі және шығарманың кейіпкерін, оның тәжірибесін, оқиғалар дамиды, нақты жағдайды елестету қабілеті көбінесе баланың жеке тәжірибесіне байланысты: оның қоршаған өмір туралы әсерлері неғұрлым әр түрлі болса, соғұрлым қиял, сезім, ойлау қабілеті бай болады. Рөлді орындау үшін баланың әртүрлі бейнелеу құралдары болуы керек (мимика, дене қимылдары, қимылдар, лексика мен интонация бойынша мәнерлі сөйлеу және т.б.). Демек, театрландырылған ойынға дайындықты жалпы мәдени дамудың осындай деңгейі ретінде анықтауға болады, оның негізінде көркем шығарманы түсіну жеңілдейді, оған эмоционалды реакция пайда болады, бейнені жеткізудің көркемдік құралдарын игеру жүреді.

Бұл көрсеткіштердің барлығы өздігінен дамымайды, бірақ тәрбие және білім беру жұмысы барысында қалыптасады. Бұл мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуы үшін үлкен маңызға ие, өйткені ол жеке психикалық процестерді жүзеге асыратындықтан ғана емес, сонымен қатар бұл процестер баланың бүкіл тұлғасы, оның санасы ойында дамидынығына байланысты дамудың жоғары сатысына көтеріледі.

Театр ойындарына қатыса отырып, балалар қуыршақтардың сұрақтарына жауап береді, олардың өтініштерін орындайды, кеңестер береді, имиджге енеді, оған қайта оралады, өмір сүреді. Бұл балалардың өздері қалаған және түсінетін балалардың ауызша шығармашылығы.

Балабақшадағы театр түрлері:

- үстел үсті театры;
- көбік резеңке театры;
- саусақ театры;
- маска театры;
- би-ба-бо театры;
- көлеңке театры;
- қасықтағы театр;
- фланелеграф театры.

Сөйлеудің дамуы баланың ойлауы мен қиялының қалыптасуымен тығыз байланысты. Сондай-ақ, мектепке дейінгі жаста баланың сөздік қоры үнемі өсіп отырады, бірақ оның сапалы өзгеруі толығымен ересектердің қатысуымен жүзеге асырылады.



Театрландырылған ойынның сөйлеу дамуы үшін де маңызы зор (диалогтар мен монологтарды жетілдіру, сөйлеу мәнерлілігін дамыту). Сонымен, театрландырылған ойын - бұл баланың өзін - өзі көрсетуі мен өзін - өзі жүзеге асыруының құралы.



Бірлескен Театр - ойын қызметі - ынтымақтастықтың бірегей түрі. Онда бәрі тең: бала, тәрбиеші, аналар, әкелер, ата-әжелер. Ересектермен бірге ойнау арқылы балалар құнды қарым - қатынас дағдыларын меңгереді.

Балаларды театр қуыршақтарымен және театр ойындарымен таныстыруды кіші топтан бастаған дұрыс. Балалар тәрбиешілермен ертегілер мен басқа да сахналарды көреді. Содан кейін сіз балаларға еліктеу ойындарын ұсына аласыз. Келесі кезең - негізгі эмоцияларды пысықтау: көңілді

қуыршақтардың алақандарын шапалақтап, билей бастағанын көрсетіңіз (қуаныш); қоян түлкіні көріп, қорқып, ағаштың артына секірді (қорқыныш).

Ойын - адамның, жануарлардың және құстардың жеке іс — әрекеттеріне еліктеу (балалар оянды - созылды, торғайлар қанаттарын қағады) және адамның негізгі эмоцияларына еліктеу (күн шықты - балалар қуанды: олар күлді, қолдарын шапалақтады, орнында секірді).

Балалардың театрландырылған іс - әрекетті сәтті игеруінің, сөйлеуді жетілдірудің шарттарының бірі - тәрбиешінің ата - аналармен тиімді қарым - қатынасы. Отбасылық жағдайда сіз балаға оның даму ерекшеліктеріне, бейімділіктеріне, оқу қызығушылықтарына және т.б. байланысты жеткілікті көңіл бөле аласыз. анаммен сіз көркем оқу шеберлерінің орындауындағы ертегіні тыңдай аласыз, әдеби шығарманың иллюстрацияларын қарастыра аласыз, ертегі кейіпкерін талқылай аласыз.

Осылайша, театрландырылған ойынға балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырсатеатрландырылған ойын мектеп жасына дейінгі балаларда қолдың ұсақ қимылдарын, ой - қиялын сөйлеудің дамуына әсері көп.

Әдебиеттер

1. Д.З. Жүсіпова, С.Ж.Андабекова, К.А.Садыбалдиева, Қ.Т.Байғабылова «Көркем әдебиет» хрестоматия (Алматы, «Аруна» баспасы).
2. З.Б.Бейсенбаев, Ғ.З.Таубаева «Ана тілім - айбаным!» хрестоматия (Алматы, «Просвещение-Қазақстан» 2009ж.).
3. Б.Б.Сейткужина «Көркем әдебиет» хрестоматия (Көкшетау, «Келешек-2030» 2013ж.).
4. А.Б.Тобықбаева, Б.Қ.Қасымова «Хрестоматия» (Алматы, «Арман-ПВ» 2013ж.).
5. С.Б.Жекенова, Қ.А.Тұрғынбаева, С.И.Аршимбаева, А.М.Әлиасқарова «Көркем әдебиет» хрестоматия (Алматы кітап, 2013ж.).

Игры на липучках

Елиусизова Гульнар Шотановна КГКП «Ясли –сад « Моншақ»

Аннотация

Игры на липучках- это уникальный тренажер для раннего развития детей, развивается у детей словарный запас, память, внимание, мышление, воображение, усидчивость, что является ключевым в подготовке ребенка к школе.

Ключевые слова: игры на липучках,

Обучение должно быть развивающим, обогащать ребенка знаниями и способами умственной деятельности, формировать познавательные интересы и способности.

Для дошкольников игра это - способ познания окружающего мира. Игра - это огромное светлое окно, через которое в духовный мир ребенка вливается живительный поток представлений, понятий, знаний, мышлений, эмоций, чувства радости и комфорта.

Игра – это искра, зажигающая огонек пытливости и любознательности. В.А. Сухомлинский.

Одним из универсальных пособий для всестороннего развития ребенка – это игры на липучках. Главное значение этих игр это развитие маленького человека, коррекция того, что в нем заложено и проявлено, расширение кругозора, словарного запаса и мелкой моторики.

Мною было изготовлено дидактическое пособие для познавательного развития дошкольников, а именно «Игры на липучках», которые способствуют всестороннему развитию детей. Его можно использовать как в собранном виде, так и наоборот, используя только отдельные его стороны.

Для маленьких детишек такие игры имеют много преимуществ. Каждая развивающая игра на липучках имеет свою тематику, например, овощи – фрукты, дикие и домашние животные, моя семья. Липучки можно отклеивать, а потом снова приклеивать. Такой игрушки хватает на долгое время.

Дети играют, не подозревая, что осваивают какие-то знания, овладевают навыками действий с определенными предметами, учатся культуре общения друг с другом и самое главное – детям это нравится. Процесс приклеивания завораживает, а интерес – в разы повышает результативность! Наглядность, реалистичность, красочность – помогает привлекать внимание и удерживать его на протяжении всей игры, которая увлекает ребенка и взрослого, побуждает их взаимодействовать, совместно творить.

Игры на липучках помогают удовлетворить детскую любознательность, вовлечь ребенка в активное освоение окружающего мира, помочь ему овладеть способами познания связи между предметами и явлениями.

Игры позволяют обеспечить полноценное развитие, образование и воспитание детей в условиях детского сада. Они создают положительный эмоциональный подъем, вызывают хорошее настроение, радость: ребенок радуется тому, что узнал что-то новое, радуется своему достижению, умению произнести слово, что-то сделать, добиться результата, радуется первым совместным с другими детьми действиям и переживаниям. Эта радость является залогом успешного развития детей на ступени раннего возраста и имеет большое значение для дальнейшего воспитания.

Основными психологопедагогическими условиями, обеспечивающими эффективное использование дидактических игр в сенсорном развитии детей является, обогащение предметно-развивающей среды в группе разнообразными пособиями, стимулирующими самостоятельное применение полученных представлений, разработка дидактического материала и дидактических игр,

повышение компетенции педагогов в дошкольном образовательном учреждении в области сенсорного развития детей.

Литература:

1. Давидчук А. Н. Познавательное развитие дошкольников в игре: Методическое пособие А. Н. Давидчук Сфера 2013.
2. Дидактическая игра как средство сенсорного развития детей раннего возраста . (Электронный ресурс)
3. Маланка, Т.Г. Развитие внимания, памяти, речи /: Эксмо, 2018.

Балабақшада инклюзивті білім берудің заманауи тәсілдері

Елмуратова К.А.

№27 «Балауса» балабақшасы, Астана қаласы, тәрбиеші

Тәрбиешінің міндеті - балаларды дұрыс, анық, мәнерлі, үйлесімді сөйлеуге тәрбиелеу. Бірақ сөйлеудің ауыр сөйлеу бұзылыстары бар балалар туралы айтатын болсақ, мұнда арнайы ұйымдастырылған жағдайлар жасалмайды. Бұл балалар арнайы мекемеде емес мінездеріндегі ерекшеліктерге қарамастан топта басқа балалармен жүреді. Алайда бұл тәрбиешіге үлкен ауыртпалық түсіретін болғандықтан ерекше мінездегі балалармен жұмыс жасау барысында көп ізденістер жасап қиындықты шешу жолдарын қарастырдым.

Маман үнемі жаңа идеяларды, технологияларды, әдістерді іздейді. Педагогикалық процесті әртараптандыруға, баланың қызығушылығын мүмкіндігінше ұзақ сақтауға тырысады. Позитивті эмоционалды көңіл-күйді, мотивацияны үнемі сақтау керек, эмоционалды тұрақсыздықты жиі тегістеу қажет.

Өз жұмысымда осындай жолдарды іздей отырып, мен марблс тастарын қолданатын қызықты, дәстүрлі емес әдісті жасадым.

Қызмет барысында сіз вазаларға, банкаларға немесе контейнерлерге орналастырылған әртүрлі қиыршық тастарды пайдалана аласыз: дөңгелек үлкен және кішкентай, шаршы, түрлі-түсті. Олармен алғашқы кездесуде балалар қызғушылық танытады, қол тигізеді, ойнағысы келеді. Олар ұрады, шырылдайды. қиыршық тастармен танысу кезінде біз балалардың назарын, мөлшері, құрылымы аударды. Біз қолымызды вазаға түсіріп, толық жұдырық алуды ұсынамыз, содан кейін бірден екі алақанмен. Қолдың ішкі жағына шынтакқа, алақанның артқы жағына қоюға болады. "уыстап", "шымшып", "пинцетпен" алу жаттығуларын жасаймыз.

Марблс қиыршық тастары сөйлеу тілінде кемшіліктері бар мектеп жасына дейінгі балаларда әртүрлі түзету-дамыту қыметінде қолданылады:

- Артикуляциялық гимнастика (жеке сабақтарда және балалар тобымен);
- Тыныс алу гимнастикасы;
- қойылған дыбыстарды автоматтандыру;
- Сөйлеудің сөздік құрлымымен қалыптастыру;

- Лексиканың, грамматиканың дамыту;
- Сөйлеу тілінің дамын қалыптастыру; Сауаттылыққа дайындық;
- Кеңістіктік көріністердің дамуы.

Артикуляциялық гимнастика (жеке және балалардың кіші тобымен жүргізіледі).

Тапсырманы орындау кезінде марблс тастарына арналған қолдан жасалған әдістемелік құрал етінде қолданылады. Артикуляциялық жаттығуды дұрыс орындағаннан кейін, бала суретті марблс тасымен жабады (Нұсқаулық көп қолданбалы)

Сондай-ақ, артикуляциялық аппараттың мүшелерін ғана емес, сонымен қатар балалардың қол моторикасын дамыту үшін қолдануға болады.

1."Түтік" жаттығуы (ернізді алға созып, екі алақанында тастарды қысып ұстайды).

2."Күрекше" жаттығуы (төменгі ерінге тілді шығарып, жалпақ етіп ұстап тұрады, осы уақытта марблс тастарды ашық алақанда ұстайды).

3."Сағат" жаттығуы (балалар сол және оң жақ бетіне қиыршық тастарды тілмен бірдей етіп ауыстырып отыру қажет және т. б)

Тыныс алу гимнастикасы

Дұрыс сөйлеу кезінде тыныс алуды қалыптастыру үшін мына жаттығуларды орындайды, балалар үстелге өз бетінше жол салып, жаттығуды орындайды.

"Футбол", "Ашқарақ жемістер" сияқты ойындар қолданылады.

Қойылған дыбыстарды автоматтандыру

Бала сөзді қатарынан үш, төрт, алты рет дұрыс айтуы керек. Әр сөз үшін бала бүкіл картаны толтырып, қиыршық тасты таратады.

Сөйлеудің сөздік құрлымын қалыптастыру.

Сөйлеудің сөздік құрылымын пысықтау үшін алдын ала дайындалған көрнекілік құралдарды қолданамыз. Бала бұзылу деңгейіне байланысты екі, үш, төрт буынның қиыршық тастарын кезек-кезек қойып, сөздерді буындар бойынша айтады. Суреттер күрделене түскен сайын өзгереді. Немесе көрнекілік құралдарды қолданбай марблс тастарын есіне сақтай отырып буынға бөліп, қойып шығады.

Сөйлеудің грамматикалық құрылымы

Сөйлеуі дамымаған балалар сөйлемде жұрнақтарды қолдануда қиындықтарға тап болады, сондықтан бекіту арнайы жасалған карточкалар бойынша жүзеге асырылады. Онда сурет, жұрнақтарды диаграммасы көрсетілген.

Бала жұрнақтарды сызбасына марблс тастарын төсеп, сурет бойынша сөйлем құрады. Дұрыс айтылуы мен сөздік қоры дереу нақтыланады. Тапсырмалар алдында дайындық жұмыстары қажет!

Кеңістіктегі бағдарлауды дамытуға арналған ойындар.

"Контурға салыңыз". Балалар контур бойымен қиыршық тастармен геометриялық фигураларды салады.

Осы материалдың арқасында сөйлеу қабілеті нашар балаларда эмоционалды фон тұрақтандырылады, түзету жұмыстары динамикалық, әр түрлі, олар үшін қызықты түрде, ең бастысы тиімді.

Маңызды! Марблс тастарын арнайы түзету әдісі ретінде қарастыруға болмайтынын ұмытпаңыз. Оны қолдану баланы ынталандыруға көмектесетін көмекші құрал ретінде әрекет етеді.

Марблс тастармен жаттығулар жасау олардың балаларын еркін іс - әрекетте, тек ересек адамның бақылауымен пайдаланылады.

Жаттығуларды таңдау балалардың жас және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Қолданған әдебиеттер:

- 1 . «Жаңашыл педагог», Ш.А.Амонашвили, 2018 ж.
2. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, 2010 ж.
- 3.А.А.Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж.

Мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологияларды қолдану

Астана қаласы
МКҚК №66 «Толағай» балабақшасы
Ергешева Рахила Турдыбаевна
ортаңғы топ тәрбиешісі

Андатпа: Бұл жұмысымда мектепке дейінгі тәрбие берумен оқытудағы сапалы оқыту мәселелері, тәжірибелер, және білім мазмұнын жаңарту жағдайында білім беру жүйесіндегі ең маңызды мәселелердің бірі оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу процесінде ақпараттық инновациялық технологияларды пайдалану болып табылатындығы көрсетілген. Педагогикалық жаңа инновациялық технологияларды қолдану – балалардың білім сапасын арттырудың һәм танымын жан-жақты дамытудың басты құралы екені қарастырылған. Осы мақсаттарды жүзеге асыру үшін тәрбиешінің оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану қажеттілігі туындайды.

Түйінді сөздер: тәрбиеші, бала, тәжірибе, инновация, ғылым, технология.

Қазіргі жаһандану үрдісіндегі ХХІ ғасырда жер шарында халық саны көбейген сайын білім-ғылымға деген құштарлық пен сұраныс арта түсіп қана қоймай, жеделденген ақпарат пен ғылымның жаңалықтары баршаны ойландырып толғандыру үстінде.

Тәрбиешілер өз іс-тәжірибелерінде әртүрлі инновациялық педагогикалық технологияларды белсенді қолданады, бұл мектепке дейінгі білім беру сапасына әсер ететіні сөзсіз.

Ойлау мәдениетін қалыптастыру, зерттеушілік мінез-құлық дағдылары мен дағдыларын дамыту үшін Савенков А.И. ұсынған әдістерді қолдануға болады[1].

Зерттеу әдісінің көмегімен (Tutorka жобасы) мектеп жасына дейінгі балалардың өздері зерттелетін заттар немесе құбылыстар туралы ақпарат алады, ал тәрбиешілер оқу процесін мүмкіндігінше тиімді етеді және мектеп жасына дейінгі балалардың табиғи қызығушылығын толығымен қанағаттандырады.

Жұмыстың бұл түрі әр баланың ізденімпаздық және танымдық белсенділігін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін атмосфераны құра отырып, ересек пен баланың (бірге, тең шарттарда, серіктес ретінде) жұмысында тұлғалық-бағдарлы өзара әрекеттесуін қамтамасыз етеді. Мұндай іс-әрекет барысында мектепте одан әрі оқу үшін өте маңызды, мысалы, талдау, салыстыру, жалпылау, себеп-салдар байланысын орнату сияқты әртүрлі интеллектуалдық дағдылар қалыптасады деп болжанады.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту процесін технологияландыру проблемасын қояды. Оқытудың әртүрлі технологиялары әзірленуде, білім беру мекемелерінің практикасына енгізілуде. Жаңа технологияларды игеру тәрбиешінің зияткерлік, кәсіби, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да адами қасиеттерінің қалыптасуына жағымды әсер етеді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденген және іс жүзінде жақсы нәтиже береді[2].

Дәстүрлі оқыту технологиясы. Бұл технологияның негізінде топтық-сабақтық оқыту жүйесі жатыр, яғни тәрбиеші білімін баяндайды, балалардың біліктері мен дағдылары қалыптасады, балалар оларды қайталау арқылы бекітеді, сабақтың қорытындысын бағалайды.

Модульдік оқыту технологиясы. Бұл технология оқу процесін өзгертеді. Білім алушы мұнда мақсатты жеке бағдарлама бойынша толық немесе бөліп-бөліп дербес оқиды.

Жобалық оқыту технологиясы. Осы технология бойынша оқу процесінде: назардың орталығы-балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жоба бойынша жұмыста әр балаға өзінің даму деңгейін арттыруға мүмкіндік беріледі.

Осылайша, әртүрлі білім беру өзгерістерін енгізу бойынша іс-шаралар мектепке дейінгі ұйымның өзін дамытуға арналған іс-әрекет екенін есте ұстаған жөн.

Инновациялық кеңістік білім беруді дамыту жүйесінің маңызды элементтерінің бірі болып табылады, ол білім беру және білім беру үдерістерінің сапасы мен тиімділігін арттырады.

Қазіргі уақытта біздің мектепке дейінгі ұйым белсенді қалыптасу және инновацияларды енгізу сатысында деп сеніммен айтуға болады.

Инновациялық технологияларды зерделей келе, педагогикалық әрекетті әлеуметтік тәжірибе мен мәдениетті ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін әрекеттің дербес түрі деп, ал педагогикалық технологияны – педагогикалық мақсаттарға жетуге кепілдік беретін, алдын-ала жобаланған, оқу-тәрбие үрдісі бірізді жүзеге асатын жүйе деп түсінгеніміз жөн.

Бүкіл оқыту барысында оның әртүрлі жақтарын қамтамасыз ететіндей бір мезетте бірнеше әдіс қолдану керектігіне тәрбиеші назар аударуы қажет. Оқытудың әдіс-тәсілдерінің бір ерекшелігі – оның білімді меңгертуде, жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық процестерін: яғни, жадының алуан түрлерін (есту, көру, қимыл ж.т.б) ойлауды, ынтаны, қабылдау қабілетін арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы танытуға, сондай-ақ жеке тұлғаның қауіпсіздігін, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас жасау, ойын,

танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға: белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілде) дамытуға бағытталуында.

Қазіргі кезде толғандыратын өзекті мәселелердің ең негізгісі – еліміздің болашағы. Еліміздің өркен жайын кеңге сермеуі үшін басты мәселе жас ұрпақтың білімді де тәрбиелі болып жетілуі екені белгілі. Келешек - ел басқарар, жер - суына иелік етер, ел - халқын гүлденетер, мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетер жасампаз жандарды шыңдап өмірдің ең басты сатысын қалайтын киелі ұя – балабақша. «Аулына қарап, азаматын таны», дейді халық даналығы. Жас ұрпақтың иманжүзді, білімді азамат болып өсуі, ең алдымен, ата-анасы, одан соң білім алар алтын ұясы және қоршаған ортасына байланысты. Балабақша - бұл бала тұлғасы мен санасының қарқынды дамитынқұнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан балабақша-баланы тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Президенттің жолдауында: «Ұлттық бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын ұстаз жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ. Қазіргі балабақша жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту. Оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл тәрбиеші болуын қажет етеді.

Жаңа технология үрдісінің талабы- балаға білім беруде мақсатқа жету, іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, баланың жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету. Біздің балабақшамыздың негізгі мақсаты- балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы, денсаулығы мен физиологиялық дамуын қорғау және нығайту.

Табиғат сұлулығы рухани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен жол атқарады, яғни балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. «Балабақша үйіміз, әдемілікті сүйеміз» - деген ұранымызбен, балаларды айналамен таныстырып, оларға экологиялық тәрбие беру болып табылады. Баланың өз туған өлкесінің табиғатын сүйуге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету.

21 ғасырда оқытудың жаңа әдістерін іздестіру ерекшелігі бар, бірақ іс жүзінде әдістер бұрынғыдай, дәстүрлі болып қала береді. Олар негізінде технологияларды енгізу есебінен өзгертіліп, толықтырылып отырады. Басқаша айтқанда, қазіргі заманғы идеялар алдыңғы ұрпақ педагогтары бұрыннан белгілі идеялармен тығыз байланысты. Оқытудың дәстүрлі және инновациялық үлгілерін біріктіру маңызды. Осылайша, оқу процесі тиімді және өнімді болып қала береді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. (оқулық) Тараз.ТарМУ,2003ж. -12 бет.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі.- астана.2017 ж- 214б

МДҰ-дағы әдістемелік жұмыс және және болашақ педагогтерді даялау

Ерімбетова Б.

Астана қ. №24 “Айналайын” балабақшасы, әдіскер

Егер балалар бірдемені түсінбейтін болса, онда оқытушы оларды кінәлауға тиісті емес, оларға түсіндіре алмай отырған өзін кінәлауға тиіс.

Ы.Алтынсарин

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру-отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Замана алға қойған бұл міндеттерді шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңартылуда. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңалыққа жаршы болу үзілссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы-мектепке дейінгі ұйымдардан бастау алады. Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы-білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізілуде.

Егеменді еліміздің ертеңін баянды ету бағытында жүзеге асырылып жатқан саяси, әлеуметтік жағдайларды ескере отырып дайындалған білім, ғылым саласындағы ресми құжаттар тәжірибеде қолданылуда. Жеке тұлға тәрбиесін ізгілендіру - бүгінгі заманның басты талабы. Гуманизмнің негізі және оның тәлім-тәрбиелік маңызы туралы құнды ой-пікірлер туралы қазақ даласындағы ұлы ғұламалар Әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қ.А.Ясауи және т.б. ағартушылар Ы.Алтынсариннің, Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, қазақ зиялылары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев т.б. болашақ ұрпақты адалдық, парасаттылық, шыншылдық сынды қасиеттерге тәрбиелеудегі халық даналығын жоғары бағалағандығы және соған талпынғаны да аңғарылады.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық

коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымының, әрбір педагогтың күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Қазіргі кездегі жоғары білім беру қоғам талаптарын қанағаттандырудың бірнеше жүйелерін қарастырады, яғни ғылымды, білімді және өндірісті интеграциялау түрі ретінде ғылыми оқу-өндірістік кешендер құру; оқытуды және студент еңбегін дараландыру, білім беруді ізгілендіру; оқытушылардың кәсіби даярлығына жоғары талап қою, жоғары оқу орнында болашақ педагогтарды даярлау мен олардың кәсіби деңгейін көтеруде педагогикалық жаңа технологиялар негізінде көтеру. Мұндай үдеріс әлемнің түрлі елдерде өздерінің ұлттық ерекшеліктеріне, экономикалық жағдайына, білім беру жүйесінің дәстүрлеріне қарай әртүрлі деңгейде көрініс тапқан.

Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту шеңберінде білім берудің мақсаты мен мәнінің өзгеруі «Білім беру технологиясы» деп алатын жаңа ұғымның пайда болуына ықпал етті. Бұл ұғымның мәнін білім беру үдерісін өздігінше дамытатын жүйе деп түсінуге болады, онда білім алушылардың қызметі жетекші фактор болып табылып, оқыту мұғалім мен білім алушының субъектаралық өзара әрекетін қарастыратын және олардың мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Жаңа педагогикалық технологиялар негізінде болашақ педагогтардың кәсіби - бағыттылығын қалыптастыруды теориялық-әдістемелік тұрғыдан негіздеу, оны ғылыми-әдістемелік нұсқаулар негізінде жетілдіру. Егер, болашақ педагогтың кәсіби бағыттылығын қалыптастыратын жаңа педагогикалық технологиялардың мәні мен мазмұны теориялық тұрғыдан айқындалып, моделі жасалса және педагогикалық жүйе ұсынылып тәжірибеге ендірілсе, онда бүгінгі қоғамға қызмет ететін білікті және бәсекеге қабілетті педагог-тәрбиеші мамандары даярланады, өйткені бұл қазіргі білім беру саласындағы қоғамдық сұраныс.

Болашақ педагог міндеттері:

- болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудағы жаңа педагогикалық технологиялардың мәні мен мазмұнын теориялық тұрғыдан негіздеу;

- болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру моделін жасау, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау;

- болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығын қалыптастырудағы педагогикалық практикалардың мүмкіндіктерін айқындау;

- жана педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру жүйесін құру;

- ұсынылған әдістемелік жүйенің нәтижесін тәжірибелік-экспериментте тексеру және тәжірибеге ендіру.

Болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда жаңа технологияларды пайдалану қазіргі заман талабына сай білікті мамандардың даярлығын жетілдіре түседі. Білім беру жүйесіндегі реформалар мен қазіргі білімнің тұлғалық-бағдарлы оқытуға бет бұруы болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығының даярлығына жаңа талаптар қояды.

Инновационные методы работы педагога-психолога в укреплении детско-родительских отношений

ЕРМАК В.А.

КГКП «я/ сада «Ақтілек» г. Темиртау, педагог – психолог

Введение (актуальность).

Проблема семейного воспитания все больше привлекает к себе внимание психологов. В связи с этим затрагиваются некоторые сферы детско – родительских отношений: особенности воспитания ребенка и отношение к нему родителей, характерные особенности личности ребенка, как результат семейных воздействий и так далее.

Отношения родителей и детей с годами складываются в определенные типичные варианты независимо от того, осознаются они или нет.

И такие варианты начинают существовать как реальность отношений. При возникновении конфликтной ситуации, родители видят не процесс развития отношений, не их последовательность и логику, а, как им кажется, внезапный, необъяснимый, удивительный случай.

Вот такие «удивительные случаи» на протяжении многих лет помогает разобрать и решить педагог – психолог, проводя нетрадиционные занятия и тренинги, на которых родители приобретают необходимые навыки и умения.

Участвуя в тренингах, родители стараются пересмотреть свои взаимоотношения в семье, по – новому увидеть возможности воспитания ребенка, учатся отвечать на поставленные жизнью вопросы: *нужно ли наказывать ребенка каждый раз, когда он плохо себя ведет? Если да, то как? Как ребенка заставить слушаться, но в то же время сохранить с ним любящие, теплые отношения?*

Одна из причин напряженности в детско – родительских отношениях – неуважение к ребенку со стороны взрослых. Дети стремятся заявить о своей независимости, о праве принимать решения на каждом этапе своего

личностного развития. Родители являются первой общественной средой ребенка. Забота, нежные чувства, между родителями и ребенком обеспечивают его жизнь и безопасность. Педагог – психолог на тренингах помогает увидеть родителям эти особенности и предоставить ребенку возможность отвечать за себя. Родители учатся обсуждать с ребенком его поведение, помогают «посмотреть на себя со стороны», но ни в коем случае не заставляют слепо им подчиняться.

В ходе обучения педагогом – психологом применяются групповые дискуссии, ролевые игры, моделирование типичных ситуаций, индивидуальное консультирование родителей. На занятиях родители учатся играть с детьми, так чтобы их игра способствовала развитию самоуважения у ребенка. Для участия приглашаются родители, дети которых имеют различные проблемы в поведении. Одна из важнейших задач таких занятий помочь детям и родителям лучше понять друг друга.

Материалы и методы.

Цель тренинга расширить знания и навыки родителей в игровом общении с детьми дошкольного возраста.

Задачи:

- развитие коммуникативных навыков адекватного общения с окружающим миром;
- создание благоприятного психоэмоционального климата при общении;
- формирование чувства доверия к участникам;
- развитие коммуникативных форм поведения, способствующих самоактуализации и самоутверждению; оптимизация и гармонизация внутрисемейных отношений.

Время проведения варьируется, это зависит от количества запланированных упражнений. В связи с возможностью варьировать содержание, формы и методы работы мы включаем в планирование совместную работу один раз в месяц. Время проведения - вторая половина дня, продолжительность 40-50 минут. Количество семей не превышает 6-8 семей. Интенсификация обучения достигается приемами, которыми педагог – психолог добивается чувствительно – познавательной эго – вовлеченности. Такие как: ролевая игра, психологические этюды, групповая дискуссия, психогимнастика, тренировка поведенческих навыков, анализ ситуации, элементы психодиагностики, рефлексия.

Что ожидается от ребенка во время встреч с родителями на занятиях?

1. Желание принимать активное участие в играх, этюдах, упражнениях.
2. Доброжелательный настрой.

Что требуется от взрослого во время занятий?

1. Терпение.
2. Желание играть и верить в игру так, как верит в нее ребенок.

№	ТЕМА	Срок	ПРОГРАММНОЕ СОДЕРЖАНИЕ
1.	«Остров счастья»	Сентябрь	Повышать ответственность родителей за воспитание детей. Помочь родителям научить понимать душевное, эмоциональное состояние

			своих детей через мимику, жесты. Формировать в детях уверенность в себе. Закреплять навыки конструктивного поведения в отношениях с родителями. Развивать эмпатию.
2.	«Мы не злюки. Мы друзья!»	Октябрь	Научить взрослых и детей понимать друг друга. Познакомить со способами снятия напряжения. Учить детей различать добрые и злые чувства и поступки. Формировать умение родителей по внешним признакам определять внутреннее состояние своего ребенка. Развивать взаимное уважение родителей и детей.
3.	«Наши дети!»	Ноябрь Декабрь Январь	Формировать в родителях понимание, что своим влиянием они формируют характер своего ребенка. Закрепить умение родителей уважать личность ребенка. Учить детей высказывать свои мысли.
4.	«Моя семья»	Февраль	Учить детей дружелюбно относиться к членам своей семьи. Формировать умение родителей видеть проблемы взаимодействия своих детей дома.
5.	«Праздник в вашем доме»	Март	Учить детей быть внимательными по отношению к маме, бабушке, сестре, друг другу. Закрепить понятия, что подарки можно дарить просто так, по желанию, а не только на праздник. Формировать понимание родителей, что своим личным примером они воспитывают своих детей. Развивать умение говорить добрые слова и комплименты.
6.	«Мера заботы – стиль воспитания»	Апрель Май	Познакомить родителей с тем, что нарушения в поведении и развитии ребенка связаны с недостаточным вниманием к нему родителей или чрезмерной опекой. Формировать взаимоуважение. Развивать умение демократического стиля воспитания.

Таким образом, специфическими чертами тренинга являются: объективная оценка чувств и эмоций участников в отношении себя и друг друга, создание атмосферы доверия и творческой свободы, развитие и открытие новых качеств личности. Известно, что любая профессиональная деятельность педагога – психолога может быть по – настоящему результативной лишь в том случае, если родители являются его активными помощниками и единомышленниками. Поэтому совместное проведение тренингов с родителями и детьми несет позитивный заряд в совместной работе. На наш взгляд эта форма взаимодействия приобретает более открытый и дружеский характер в результате чего достигается лучшее взаимодействие педагога -родителей – детей.

Результаты и ожидания. По опросам родителей и результатам наблюдения, проведенного цикла таких занятий, у родителей отмечается повышение уровня родительской компетентности, уменьшается доля критичного отношения к своему ребенку. Родители приобретают навыки решения проблем. У детей

формируются нравственные навыки, позволяющие решать конфликтные ситуации и управлять эмоциями.

Вывод: таким образом, мы пришли к итогу, что, вводя в работу тренинг – методы, нами достигаются более высокие результаты в работе детско – родительских отношений в нашем дошкольном учреждении.

Литература:

1. Варга А.Я., Столин В.В., Тест родительских отношений / Психологические тесты. Ред. А.А. Карелин – М.,2001.
2. Савиной Е.А., Смирновой Е.О. Родители и дети: психология взаимоотношений / Под ред. Е.А. – М.: «Когито - Центр», 2003.
3. Эйдемиллер Э.Г., Психология и психотерапия семьи. / СПб. – 1999.

Балабақшада инклюзивті ортаны қалыптасыру

Ермекбаева Г.Ж.

Нагиманова Э.Б.

Қарағанды облысы Шет ауданы,
Ақадыр кенті, «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК, тәрбиешілері

Аңдатпа: Инклюзивті білім - бұл барлық балаларға мүмкіндік беретін инклюзивті қоғам құрудың түпкі мақсатына жету және балалар мен ересектерге, жасына, ұлтына, қабілетіне, дамудың бұзылуының болуы немесе болмауына қарамастан қоғам өміріне қатысып және оған өз үлесін қосуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: конформист, проактив, зерделеу, мүдде, модель.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде инклюзивті орта құру мәселелері қарастырылады. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруді іске асыруға қойылатын негізгі ресурстық талаптарға назар аударылады.

Мақсаты: балабақшада ерекше білім беруді қажет ететін балаларға мектепке дейінгі инклюзивті қолайлы орта жасау.

Міндеттері:

- Балабақшада инклюзивті ортаны қалыптастыру;
- инклюзивті бағытта жұмыс жасауда заманауи технологияларды пайдалану.

Инклюзивті білім беру-жалпы білім беруді дамыту процесі, олар ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін білімге қол жетімділікті қамтамасыз ететін барлық балалардың әр түрлі қажеттіліктеріне бейімделу тұрғысынан барлығына қолжетімділікті білдіреді. Инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарының бірі ортаға қосу қағидаты болып табылады, оның мәні жүйенің өзі мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беру жүйесіне

интеграциялау моделіне ұмтылуы тиіс. Инклюзивтік білім беруді және қоғамның мүмкіндігі шектеулі балаларға деген толерантты қарым-қатынасын іске асыру үшін көптеген проблемаларды шешу қажет.

Өкінішке орай, іс жүзінде инклюзивті білім беру көбінесе психофизикалық даму ерекшеліктері бар балалардың білім беру инклюзиясына дейін азаяды. Шын мәнінде, білім беру инклюзиясы ұғымы әлде қайда кең. Инклюзивті білім берудің негізгі мақсаты-әлеуметтік оқшаулануды жою. Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік мінез-құлқы қоғамның әсерінен болады. Балалардың осы тобының негізгі қажеттілігін жүзеге асыру өзін қоғамның басқа мүшелерімен байланыстыру болып табылады, олардың сәйкестендіру қажеттілігі конформистік көзқарастардан бастап проактивті бейімделу жоспарын қамтиды.

Инклюзивтік тәсіл мүмкіндігі шектеулі ерекше балалар үшін білім алуға тең қол жетімділікті қамтамасыз етуге арналған. Мүмкіндігі шектеулі балалар мен олардың әдеттегі дамып келе жатқан құрдастарының қажеттіліктерін ескеру маңызды.

Мектепке дейінгі жас инклюзивті білім беруді ұйымдастыру тұрғысынан ең тиімді болып саналады. Осы кезеңде балалар арасындағы қарым-қатынас дамып, коммуникативті дағдылар қалыптасады. Инклюзивті білім беру ортасын ұйымдастыру барлық білім алушыларды инклюзивті білім беру жүйесіне қосу кезеңінде балабақша мәдениеті ерекше өзекті мәселе көрінеді.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты мектепке дейінгі ұйымның инклюзивті білім беру ортасын құрудың негізгі мазмұнды аспектілерін анықтау болды. Инклюзивті білім беру ортасының коммуникативтік-ұйымдастырушылық, дамытушы -кеңістіктік және мазмұндық-әдістемелік мазмұнын сипаттадық. Инклюзивті білім беру ортасының осы қағидаттарымен компоненттерін іске асыру балабақшада инклюзивті білім берудің тұтас жүйесін құруға ықпал ететін болады.

Қазіргі білім беру жүйесін дамыту саласында инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың өзектілігі күмән тудырмайды. Білім беру жүйесі өзгерістерге ұшырайтыны белгілі. Бұл өзгерістер ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен әртүрлі бағытта жұмыс істеуге бағытталған. Осы бағыттардың кейбірі жеткілікті түрде пысықталған және көптеген жылдардың жалғасында қолданылады. Ерекше бала білім алуда қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірге тәрбиеленіп, білім алуына деген ұмтылыс .

Инклюзивті мектепке дейінгі білім беруді жүзеге асырудың тиімді шарты білім беру ортасын дұрыс ұйымдастыра алуы. Балабақшада білім беру ұйымында мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасауды талап етеді. Топтық бөлмелердегі заттық-кеңістіктік органы балалардың жас ерекшеліктерін, жеке ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып құрылуы керек, бұл балаға өз қабілеттерін тек ұйымдастырылған білім беруде ғана емес, сонымен қатар еркін іс-әрекетте де көрсетуге мүмкіндік береді, шығармашылық қабілеттерін, тәуелсіздігін, бастамашылығын дамытуды ынталандырады, өзін-өзі сенімді сезінуге көмектеседі.

Мүмкіндіктері шектеулі балаларды қабылдау үшін жағдай жасау қажет. Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы тәрбиешілердің кәсібилігінің арқасында тәрбиеленушілер бір-біріне, оның ішінде ерекше балаларға көмектеседі, сонымен бірге жанашырлық танытып, мейірімді, толерантты болады. Баланың қызығушылығын арттырумен дамытуда мол үлесін қосады.

Егер ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар мектеп жасына дейінгі балалардың бағдарламаны игеруі көзделсе, инклюзивті оқытудың мазмұны бағдарламаға енгізіледі. Инклюзивтік білім беру және түзету бойынша жұмыс бөлімі мүмкіндігі шектеулі балалардың меңгеруі үшін білім беру бағдарламасын бейімдеу тәсілдерін қамтиды. Мүмкіндігі шектеулі балалармен сөйлеуді түзету бойынша педагог-психолог, логопед-дефектолог, тәрбиеші, музыкалық жетекші мектепке дейінгі ұйымның мамандары айналысады.

Логопед сөзін түсіну және сөздік қорын көбейту дәрежесін анықтайды, сөйлеуді түзетудің жеке жоспарларын дайындайды, жеке және топтық сабақтарды жүргізеді.

Педагог-психолог түзету үшін жеке бағдарламаларды дайындайды, мектеп жасына дейінгі балаларға психодиагностика жүргізеді, ата-аналарға кеңес береді.

Тәрбиеші балалардың ұсақ және жалпы моторикасын дамытады, жеке және топтық жұмыстар жүргізеді: қарындаштармен және бояулармен сурет салу, ермексаздан мүсіндеу және қағазбен табиғи материалдардан құрастыру жұмыстарын атқарады. Музыкалық жетекші материалды таңдау кезінде балалардың психофизикалық және сөйлеу қабілеттерін ескереді, музыка сабақтарында дыбыстық терапия элементтерін қолданады.

Педагогтар бір-бірімен және тәрбиеленушілердің ата-аналарымен ынтымақтасады. Тәрбиешілер мен отбасының өзара әрекеттесуі оң нәтижеге әкеледі. Мектеп жасына дейінгі балалардың отбасыларымен ынтымақтастық ақыл-кеңестер, ашық есік күндері және семинар-практикумдар түрінде ұйымдастырылады, онда ата-аналар дидактикалық әдебиеттермен, ойындармен танысады және алынған ақпаратты қолдануға үйретеді.

Оқыту және тәрбиелеу жүйесі оқытудың жаңа тәсілдері қолданылады. Инклюзивті тәсілдің өзінде білім беру жағдайын өзгерту, балалардың жеке айырмашылықтарын ескере отырып, білім беру процесін ұйымдастырудың жаңа формалары мен әдістерін құру қажеттілігі туындайды.

Балабақшалардың топтарында тәрбиелеу мен оқытудағы жұмыстар олардың жалпы сөйлеу мүмкіндіктерімен даму ерекшеліктері, психофизикалық ерекшеліктерін ескеріп, жалпыға бағдарламаға сәйкес жүргізіледі. Балабақшада ерекше білімді қажет ететін балалармен түзету жұмыстарын жүргізу барысында көптеген әдіс-тәсілдер, заманауи дамытушы құралдарды пайдаланады. Монтессори педагогикасының негізгі принципі – балаға өзін-өзі тәрбиелеуге өзбетінше оқуға, өзбетінше дамуға жағдай жасау. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін, әртүрлі жаттығулар арқылы дамыта отырып, ұйымшылдық, тапқырлық, ізденімпаздық қабілеттері қалыптастыру. М.Монтессоридің үстел үсті, дидактикалық, құрылыс, сюжетті, логикалық

ойындары баланың қиялы мен зейінін дамытуға, қызығушылығын арттыруда таптырмас құрал болып саналады.

Қорытындылай келе, инклюзия интеграциядан гөрі, бұл тек білімге ғана емес, бұл әркімнің күшті және әлсіз жақтарын ескеру, айырмашылықтарды мойындау, айырмашылықтар туралы идеяларды әлемнің және қоғамның табиғи құбылысы ретінде байыту, бұл тиімді білім алу мүмкіндігі. Білім беру кеңістігін үнемі қолдау және пайдалану.

Әдебиеттер:

1. Байменова Б.С. Қазақстанда және шетелде инклюзивті білім беруді дамыту: оқу құралы / Б.С.Байменова.- Алматы: «Эверо» баспасы,2017
2. Жұбақова С.С. Инклюзивті білім берудің теориясы мен практикасы. Оқулық. С.С. Жұбақова — Алматы: Эверо, 2017

Сурет салудың дәстүрден тыс тәсілі және оның бала шығармашылығын дамытудағы рөлі

Ермуханова Айнагуль Дюсенбековна
Астана қаласы №69 «Еркем-ай» балабақшасы

«Сурет салу, мүсіндеу және түрлі құралдармен айналысатын сабақтар балалардың сезімдерін, ойлау қабілеттерін дамытады»

Ф.Фребель

Аңдатпа: Бала ес біле бастағанынан ақ өзі жете түсінбес жарқын, жылтыр заттарға, тартымды нәрсенің бәріне ұмтыла бастайды. Мысалы әдемі гүлдер мен ойыншықтарды көрсе қуанады. Осының бәрі рахаттану, қызығу сезімін туғызады. Жиі ән айтып, ертегі тыңдап, сурет салған балалардың өнері, қуаныш сезімдерінің қайнар көзіне айналады. Тәрбиеші баланың сұлулықты қабылдауынан бастап, оған эмоциялық жауап қату, оны түсіну, эстетикалық ұғым, эстетикалық баға, пікір беру қасиетін қалыптастыруға дейін жетелеп отыруы тиіс. Бейнелеу өнері көркемдік талғам ретінде, баланың өз халқының эстетикалық мұраларын игеруіне, рухани, жанө жақты дамуына баулиды. Күнделікті балалармен жаңа шығармашылық тың дүниелерді бейнелей отырып, сапалы білім беру.

Түйінді сөздер: бейнелеу, дәстүрден тыс, графикалық дағды, эстетика.

Кіріспе Балалардың бейнелеу шығармашылығы – қызықты бейнелер мен ашық бояулар әлемі. Сәбилер суретті ерекше ықыласпен және жиі салады. Оларды айналадағы қоршаған дүние әлемі өз қызығымен еліктіріп әкетеді. Балалардың сурет салу әдісін меңгеруі, олардың қабілеті дамуы болып табылады. Қазіргі кезеңде жаңа адамды қалыптастыру, оның шығармашылық белсенділігін дамыту басты назарға алынған. Бейнелеу өнері – мектеп жасына дейінгі

балалардың қызығушылықпен айналысатын іс-әрекеттерінің бірі. Бейнелеу өнерінің сурет салу, мүсіндеу, жапсыру бала үшін өзінше әр қайсысы қызықты. Бала бейнелеу өнерінің қай түрімен айналысса да өз көңіл-күйін білдіре алады. Бейнелеу өнері, ең алдымен, балалардың эстетикалық, адамгершілік, еңбексүйгіштік, ойлау қабілеттерін дамытады. Мен өз тобымның балаларымен ортаңғы топтан бастап жұмыс істеп келе жатырмын, сондықтан осы жастан бастап балаларға дәстүрден тыс әдістері үйрете бастадым. Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты әр топта белгілі бір әдістерді үйрету керек. Мысалы: сәбилер тобында балалар алақанмен, бастырмамен, саусақпен сурет салуды үйренсе, ересек топтарда қағазды екіге бүктеу арқылы, түтікшемен үрлеу, шашырату әдісімен, далаппен салуды және жіпті, жапырақтарды пайдалану арқылы, балауызды қолданып сурет салуды үйретеміз. Менің ойымша, ең тиімді тәсіл дәстүрлі және дәстүрлі емес сурет техникаларының үйлесімі. Дайындық кезеңінде, жұмысты жоспарлау кезеңінде балалардың қызығушылықтары әртүрлі екенін байқауға болады. Өз өзіне сенімсіз баланың суреттерінде сюжеттер қарапайым, түстер айқын емес, елеусіз сызықтар ғана болады. Ал бәрін білуге құмар баланың жұмысынан жақсы нәтижелер көруге болады. Графикалық дағдылар мен біліктердің дамымауы баланың ойындағы суреттерді жеткізуіне кедергі келтіреді. Балаларда заттарды жіңішке сызықтармен бейнелеу қиындығы жиі кездеседі. Баланың бейнелеу өнеріне, сурет салуға деген қызығушылығын арттыру үшін мен бейненің дәстүрлі емес техникасын пайдалана бастадым. Бейненің дәстүрлі емес тәсілдерін пайдалану баланың сурет салу қабілетін ашылуына мүмкіндік береді. Мұндай техникаларды пайдалану мүмкіндігі мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктерімен анықталады.



(Таяқшалармен жұмыс)

Сурет салу әлемді танудың және эстетикалық қабылдауды дамытудың маңызды құралдарының бірі болып табылады, өйткені ол баланың тәуелсіз практикалық

және шығармашылық қызметімен байланысты. Мектепке дейінгі жастағы сурет салуды үйрену өзара байланысты үш мәселені шешуді қамтиды: біріншіден, балалардың қоршаған әлемге, туған табиғатқа, біздің өміріміздегі оқиғаларға эмоционалды жауаптылығын ояту қажет; екіншіден, оларда бейнелеу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру. үшіншіден,



өскелең ұрпақтың шығармашылық әлеуетін дамыту. Сурет салу процесінде балада байқау, эстетикалық қабылдау, эстетикалық эмоциялар, көркемдік талғам, шығармашылық қабілеттер жетілдіріледі. Айта кету керек, барлық балалар сурет салады. Бұл дегеніміз, мектепке дейінгі жаста сурет салу өз алдына мақсат емес, қоршаған әлемді танудың құралы болуы керек. Сурет салу арқылы бала белгілі бір қабілеттерді дамытады:

пішінді визуалды бағалау, кеңістікті шарлау, түстерді сезіну. Сондай-ақ, арнайы дағдылар мен дағдылар дамиды: қол-көзді үйлестіру, қолды еркін меңгеру, бұл болашақ оқушыға көп көмектеседі. Сонымен қатар, сурет сабақтары балаларға қуаныш сыйлайды, жағымды көңіл-күй сыйлайды. Шығармашылық, атап айтқанда көркемдік практиканың өзіндік ерекшелігі адамның шығармашылық әлеуетін қалыптастыру процесінде ерекше әсер етеді. Балалардың шығармашылық практикамен айналысуы үшін, ең алдымен, ересектер тарапынан белгілі бір басшылық қажет. Сондықтан біз өз жұмысымызда балаларды сурет салуға үйретуде стандартты емес тәсілдерді іздеу арқылы баланың шығармашылық әлеуетін дамытуға баса назар аудардық. Біздің ойымызша, ең тиімдісі - дәстүрлі және дәстүрлі емес сурет салу әдістерінің үйлесімі. Дайындық кезеңінде, жұмысты жоспарлау кезінде біз балалардың мүдделері әртүрлі екенін ескердік. Пассивті, сенімсіз, жиі алаңдайтын балалар бар-олардың суреттерінде қарабайыр, күңгірт түстер, батыл сызықтар бар. Ал ізденімпаз балалар бар, олар жұмысты өз бетінше орындауға тырысады. Сондықтан барлық балалардан бірден жақсы және бірдей нәтижелерге қол

жеткізу мүмкін емес.Графикалық Дағдылар мен дағдылардың дамымауы баланың суреттерде ойлағанын білдіруіне кедергі келтіреді. Балалар жиі кездесетін қиындықтардың ішінде заттарды жұқа сызықтармен бейнелеудің күрделілігін атап өтуге болады. Сондықтан балалардың суреттері көбінесе шындықтан алыс, танылмайтын болып шығады. Нәтижесінде балалардың бейнелеу өнеріне, сурет салуға деген қызығушылығы жоғалады. Бұған жол бермеу үшін біз дәстүрлі емес бейнелеу әдістерін қолдана бастадық. Бұл мәселемен айналысатын мамандар: "сіз көптеген материалдар негізінде әртүрлі материалдармен бейнелей аласыз. Шекара жоқ, баланың қалауы мен шығармашылығы болуы керек. Дәстүрлі емес бейнелеу әдістерін қолдану баланың сурет салу қабілеттерін әртараптандыруға мүмкіндік береді, материалдардың бейнелеу мүмкіндіктерін зерттеуге деген қызығушылықты оятады және нәтижесінде жалпы бейнелеу қызметіне деген қызығушылықты арттырады. Дәстүрлі емес әдістерді қолданудың қол жетімділігі мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерімен анықталады.Балалармен жұмыс кезінде біз келесі дәстүрлі емес әдістерді қолдандық."**Саусақпен сурет салу**".Жасы: екі жастан бастап.Экспрессивтілік құралдары: дақ, нүкте, қысқа сызық, түс.Материалдар: гуашь тостағандары, құм терапиясы.кез-келген түсті қалың қағаз, кішкене парақтар, майлықтар.Кескінді алу әдісі: бала саусағын гуашьқа батырып, қағазға нүктелер, дақтар жағады. Сурет салуда әр саусаққа әр түрлі түсті бояу жиналады. Жұмыстан кейін саусақтар майлықпен сүртіледі, содан кейін гуашь оңай жуылады.**Құммен сурет салу әдісі**. Балалар құммен ойнағанды жақсы көреді. Саусаққа тиген құмның түйіршіктері бойдағы ұйықтап жатқан әрбір жасушаны оятып, жүйке жүйесін де тыныштандырады екен. Мамандардың айтуынша, құм терапиясы баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, мінезінің ашылуына, бойындағы қиындықпен күресуге де көмектеседі және ойлау қабілетін дамытып, зейінін



арттырады.



"Алақанмен сурет салу". Жасы: екі жастан бастап. Экспрессивтілік құралдары: дақ, түс. Материалдар: гуашь қосылған кең табақшалар, щетка, кез-келген түсті қалың қағаз, үлкен форматтағы парақтар, майлықтар. Кескінді алу тәсілі: бала алақанды гуашьқа (бүкіл щеткаға) батырады немесе оны щеткамен бояйды (бес жастан бастап) және қағазға басып шығарады. Әр түрлі түстермен боялған оң және сол қолдар. Жұмыстан кейін қолдар майлықпен сүртіледі, содан кейін гуашь оңай жуылады. **"Балауыз қарындаштар немесе шам + акварель"**.

Жасы: төрт жастан бастап. Экспрессивтілік құралдары: түсі, сызығы, дақтары, құрылымы. Материалдар: балауыз қарындаштар, қалың қағаз, акварель, щетка. Суретті алу әдісі: бала балауыз қарындаштармен немесе шаммен қағазға сурет салады. Содан кейін парақты бір немесе бірнеше түсті акварельмен бояйды.

Қорытынды: Қазіргі

таңда дәстүрден тыс сурет салу бала тәрбиесінде маңызды орын алып отыр. Дәстүрден тыс сурет салу баланың шығармашылығын дамытумен қатар бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттырып, психологиялық тұрғыда өскелең ұрпаққа септігін тигізеді. Бұл балаларға өздерін еркін сезінуге, тың идеялар

ашу, қиялды дамытады, өзін-өзі көрсету үшін толық жан жақты дамыған тұлға болып өсуіне айқын көрінісі.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Л.П.Губанова, Л.Н.Бахарова. «Бейнелеу өнері» балабақшаның ересек тобының тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құрал, Алматы кітап, 2006ж
2. Теория и методика ИЗО в детском саду Москва «Просвещение» 1986г.
3. Чушкина О.А., Чернобровкин В. А. мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда сурет салудың дәстүрлі емес технологияларын қолдану // халықаралық студенттік ғылыми хабаршы. – 2018. – № 2.;

Халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы балалар тілін дамыту

Есенәлі Г.Е.

Астана қаласы № 86 «Зияткер» балабақшасы, тәрбиеші

Бала тілін дамытуда ауыз әдебиетінің орны ерекше. Халық ауыз әдебиеті сан мыңдаған ғасырлар бойы жиналған, көптеген тарихи оқиғалар мен тәжірибеге мол тұрмыс өмірінің нәтижесінде туындаған асыл мұра. Ата-бабамыздан қалған қалған құнды жәдігер. Ауыз әдебиеті тақырыбы жағынан сан қырлы. Осы ауыз әдебиеті үлгілерінің баланың тұлғалық дамуына қосар үлесі зор. Балалардың ой-өрісін дамытуға, қиялын шарықтатып, тіл байлығын дамытуда ауыз әдебиеті үлгілері – ертегілер, жұмбақтар, мақал-мәтелдер, санамақтар, жаңылтпаштар, батырлар жырларының пайдасы ұшан-теңіз.

Қиял дүниесінен туған ғажайып оқиғалы ертегілер, елін қорғаған батырлар ерлігін суреттеген батырлар жырлары, өмір тәжірибесінің қысқаша қорытындысы – мақал - мәтелдер, ойға түрткі салатын сыр сандықты жұмбақтар, қиыннан қиыстырылған тақпақ – жаңылтпаштар - бәрі де балабақшада кеңінен пайдаланатын дүниелер. Бұлар балаларды елін сүйуге, батылдыққа, адамгершілікке үйретеді. Балабақша бағдарламасында ауыз әдебиет үлгілері үйретуге баса назар аударылған. Онда оқылған ертегі, әңгіме мазмұнын жүйелі байланыстырып, әңгімелеп беруге үйрету, ертегі мазмұнында кездесетін кейіпкерлердің іс - әрекетіне сай образды сөздер мен диалогтарды, кейбір өлең шумақтарды бұлжытпай жатқа айта білуге, екі адамның диалогында кездесетін сұрақ, қорқыныш, талап тілектерді білдіретін сөздерге дауыс екпінін дұрыс қойып, мәнерлі айта білуге тәрбиелеу болып табылады.

Қазақ халқының тұрмыс салтын, арман үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі – ертегілер. Ертегілер өте ерте заманда, тіпті жазу сызу өнері болмаған кездің өзінде – ақ

туған. Бұларды халқымыз күні бүгінге дейін ұрпақтан ұрпаққа ауызша да, жазбаша да жеткізіп келеді.

Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиға желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Кейіпкерлер арасындағы қайшылықтар өрістей келе, әділдік үстемдік құрып, зұлымдық жеңіліс табумен аяқталып отырады.

Әсіресе, адам өміріне байланысты іс - әрекеттер өткір сықақ - мысқылмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді.

Балалар жағымсыз кейіпкерлердің жаман әрекеттерінен бойларын аулақ ұстап, жақсылыққа құмартады. Ертегінің осындай әр жақты сырын қызықты, тартымды бала санасына лайықтап жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне қарай бірнеше түрге бөлінеді. Мектеп жасына дейінгі балаларға осы аталғандардың бастапқы екі түрі оқытылады. Ертегілер балалардың жас ерекшелігіне сай жоспарланады. Кіші топтарда (3 - 4 жас) ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады. Ересектер тобында (5 - 6 жас) оқығанды тыңдату мен әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Мұндағы мақсат – ертегіні әңгімелеуге үйрете отырып, оқылған ертегіні шыдамдылықпен тыңдай білуге үйрету болып табылады. Ертегілерді оқып түсініп қана қоймай, оларды өздері сюжеттеп қою да ерекше балаға пайдасы зор. Сол кейіпкердің орнына өзін қойып, образына сай сөйлей алуда бала үшін ерекше сезім.

Халық ауыз әдебиетінде ерте заманнан келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылған халықтың асыл ойының көркем жиынтығы - мақал мен мәтелдер арқылы да беріледі. Қазақтың мақал - мәтелдері негізінен елдікке, ынтымақ - бірлікке, адамгершілікке, инабаттылыққа тәрбиелейді. Мақал-мәтелдер тақырып жағынан сан алуан. Балалабақшада балаларға еңбек, достық, үлкенге құрмет, әдептілік жайлы мақал-мәтелдерді қолданамыз.

Халықтық шығармалар ішінде жұмбақтар үлкен рөл атқарады. Жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа баулып, ой - қиялын ұштастыруға көп әсер етеді. Жұмбақ жасырылған уақытта балада қызығушылық оянады. Өз ақылын, қиялын іске қосу арқылы жұмбақтың жауабын табады. Күнделікті тұрмыста қолданатын заттарды жасырсак, бала сол жайлы жалпы мәліметтен бөлек, оның бөліктеріне де мән бере бастайды. Жұмбақтың шешуіне сай, мысалы, заттың пішіні, дәмі, қызметі сияқты әр бөлшектік ерекшелігіне тоқталып, ой қорытып үйренеді. Жұмбақ жасыру жылдам әрі шапшаң, дөп жауап беруге үйретудің тамаша бір жолы болып табылады.

Халықтық шығармалардың ішінде баланың тілін дамытудың бір жанры – жаңылтпаштар. Жаңылтпаш баланың таза әрі дұрыс сөйлеуіне әсер етеді. Мүдірмей, мәнерлеп сөйлеу үшін жаңылтпаш жаттаудың пайдасы зор. Жаңылтпаш жаттау балада сөздік қорды молайтады, жылдам жаттауға үйретеді.

Халық арасында жатталып келе жатқан санамақтар, мазақтама өлеңдер, шағын тақпақтар да өте көп. Балаларға түсіндіре отырып, жатқа айтқызудың пайдасы өте зор.

Қорытындылай келе халық ауызы әдебиетімен таныстыру, күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде, оқу іс-әрекетінен бөлек ұйымдастырылған ойын барысында да қолдану керек. Кез-келген халық ауыз әдебиеті үлгісін алсақ та, бала дамуына жан-жақты әсер етеді. Баланың ой-қиялын, ақыл-білімін, адамгершілік сезімдерін жамытады. Елінің тарихи құндылықтарын білуге, отансүйгіштікке, еңбексүйгіштікке, адамгершілікті алға қоюға баулиды. Баланың тілін дамытып, мәнерлі, дұрыс сөйлеуге жаттықтырады. «Бала-біздің болашағымыз» деп бекер айтылмаған. Болашақ ұрпағымыз тарихы мол жәдігерлерді біліп өссе нұр үстіне нұр болмақ.

Әдебиеттер

1.Қазақ этнопедагогикасы- тәрбие бастауы. (әдістемелік құрал Астана 2011ж)

2.А.Бәделқызы халық қазынасы Астана 2012ж

Педагогтың мақсаты

Ескеева С.Е.

Астана қ, №18 «Аяжан» балабақшасы, тәрбиеші

Мектеп қабырғасынан қанат қағып, қол бұлғаған келер күнге бағыт алған сәтімізден бастап, болашағымызды білім мен тәрбие ордасымен, өскелең ұрпақ тәрбиесімен байланыстырдық. Осы жолда бірнеше білікті ұстаздардан бойымызға тәлім мен тәрбие сіңіріп, білімнің нәрімен сусындадық. Міне, біз де шәкірт тәрбиелеп, білдей бір маман атанып, кішкентай бүлдіршіндерге білім беріп, тәрбиелейтін ордаға келгеннен кейін алдымызға үлкен бір мақсат қойдық. Педагог -барлық білім беру мен тәрбиелеу үрдісінің жаны және жүрегі. Педагогтің басты мақсаты — рухани жан дүниесі ізгілікке толы, жан – жақты, адамгершілігі мол бүлдіршінді тәрбиелеу болып табылады. «Тәрбиелеуде мұғалімнің өзінің не біліп,не істейтіні маңыздырақ, бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп,не істейтіні одан да маңыздырақ. Мұғалімдер,міне,осымен бағаланады» деп әйгілі Цицерон айтқандай, педагог үшін шәкіртінің алда болуы, оның үздіктер қатарынан табылуы- үлкен жетістік. Педагог атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау – әр маманның борышы. Ол – өз кәсібін, барлық шәкіртін, тәрбиеленушілерін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуге септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі тәрбиелеуші және ұстаз болып қалады. Міне, педагогтің мақсаты осымен ұштаспақ. Олай болса, бүгінгі білімділердің заманында бүлдіршіндеріміздің биіктен көрінуіне күнделікті ісіміздегі жаңа технологиялар арқылы, жан-жақты берген тәрбиеміз арқылы қол жеткіземіз. Қазіргі заман – білімділердің уақыты . Ендеше бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі, жан-жақты дамыған, парасатты ұрпақ тәрбиелеу – басты мақсаттарымыздың бірі болып табылады.

Педагог елдің ертеңгі тізгінін ұстайтын ұрпақ тәрбиелейді. Адам тәрбиелеу – ұлы міндет. «Бала естігенін – айтады, көргенін – істейді» дегендей мектепте педагог балаға әріп үйретіп, білімге баулыса, балабақшада тәрбиешілер кішкентай бүлдіршіндердің бойына ұлттық тәрбиені сіңіруге тырысады. Осыған қарап отырып, түйетініміз, еліміздің болашағының дамуына өзіндік үлес қоса білу, өзіндік ой-пікірі бар, жан жақты дамыған білікті де білімді ұрпақ тәрбиелеу қазіргі таңда педагогтің басты мақсаттарының бірі болып табылады. Біз өмір сүріп жатқан қазіргі қоғам жаңашылдықты қажет етеді. Білімнің дамуы – адамзат дамуының көрінісі. Білімі күшті ел әрқашан да өркениеттің алдында болмақ. Олай болса, білім саласы үнемі жетілдіруді қажет етеді. «Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты» дегендей, мектептегі басты тұлға мұғалім мен тәрбиеші екенін барлығымыз білеміз. Тіпті қазіргі технологиялар ерекше дамыған заманның өзінде білім мен тәрбие сапасын қамтамасыз етудегі педагогтің рөлін еш нәрсемен алмастыруға болмайтынын барлығымызға мәлім. Сондықтан педагог біліктілігі, білімділігі, жан – жақтылығы - еліміздің бүкіл білім беру саласын алға жетелейді. Білімді ұрпақты, бәсекеге қабілетті мамандарды білімді мұғалімдер, жан-жақты кемел тәрбиешілер ғана тәрбиелеп шығара алады. Балаларға жақсы көңіл күй сыйлай отырып, саналы тәрбие, сапалы білім беру және балалардың өзіне деген сенімдерінің арттырып, тұрақты зейіндерін қалыптастыруға, қызығушылықтарын оятуға мүмкіндік туғызу да педагогтің негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Бүгінгі педагог өз мамандығын сүйетін, өз елінің патриоты, өз ісінің шебері, іздеп, жаңашыл, жан-жақты болуы тиіс. Жеке тұлға ретінде ізденгіш, өз ой пікірін еркін жеткізе алатын адамгершілігі мол, жан-жақты білімді, өз елін сүйетін, оң қолынан өнері тамған тұлға болуы керек.

Педагогикалық құндылықтар туралы ойлай келе, ойымызға түйетініміз, білім саласында жұмыс жасап жүрген әрбір педагог өзінің негізгі мақсаттары мен құндылықтарын ең бірінші кезекке қояды. Осымен - ақ бұл эссенің мағыздылығын түсінуге болады. Қазіргі заманның педагогі қандай болу керек деген сұраққа қосымша тағы жауап іздейтін болсақ, ең алдымен бұл өзі тұлға ретінде қалыптасқан, бойынан психологтың да, әртістің де қабілеті табылатын адам болып табылады. Шәкіртінің шығармашылық әлеуеті педагогтің әлеуетімен тығыз байланысты болмақ. Шығармашыл ұстаз ғана өзі сияқты шығармашылыққа жаны бай шәкірттерді тәрбиелеп шыға алады. Ушинский де осыған орай «Тек тұлға ғана тұлғаны тәрбиелеп шыға алады» дегендей, нағыз педагог қана өз ісіне толығымен берілген адам болмақ. Педагогтің кәсіби мақсаты да оқыту мен тәрбиелеуге және дамытуға лайықты да қолайлы орта құру болып табылады. Баланың тұлға болып қалыптасуына оның қоршаған ортасы ғана емес, оның жанында қандай педагогтың жүргені де әсер етеді.

Педагогтің кәсіби мақсаты болып балалардың шығармашылық, коммуникативтік, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру, сонымен қатар педагогикалық қолдау көрсетіп, өзін –өзі дамыту мен өзін –өзі таныту, өмірлік және тәжірибелік құндылықтары мен білімін, адамгершілік бағыттарын шәкірттеріне жеткізе білу болып табылады. Ең басты мақсаты шәкіртінің

тұлғалық және танымдық дамуын қамтамасыз ету болып табылады. Педагог дегеніміз – жауапкершілік, шыдамдылық, өзінді толығымен сол мамандыққа беру, білімінді толықтырып, шеберлік пен шығармашылық әлеуетінді әрдайым жетілдіру. Әрдайым алдында отырған шәкіртке білім беріп қана қою емес, өз білімінді де үздіксіз жетілдіріп отыру да негізгі мақсаттардың бірі болып табылады. Сенека былай пайымдаған екен: «Басқаларды үйрету арқылы біз өзіміз үйренеміз». Менің таңдаған мамандығым - әлемде теңдесі жоқ мамандық. Әр жаңа таң атқан сайын мен өзімнің дұұрыс жолмен келе жатқанымға көзім жетеді.

Инновациялық әдіс-тәсілдердің қазақ тілін үйретудегі маңыздылығы

Әли Лейли Жұмабайқызы

Астана қаласы, № 1 «Бәйтерек» балабақшасы, қазақ тілі маманы

Андатпа

Инновациялық әдістер мен тәсілдерді пайдаланудың нәтижесінде, жас ұрпақтың белсенді шығармашылық жағынан еркін дамыған тұлға болып өсуінде алатын орны ерекше.

Түйінді сөздер

Жан- жақты дамыған, жаңа әдіс тәсілдерді, инновация т.б

Қазіргі уақытта білімді, жан – жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеу мына біздер ұстаздарға аса маңызды міндет. Отбасында ата – анасының мейіріміне сусындап өскен бүлдіршіндерге, алғаш балабақшаға келген күннен бастап, жылылықпен қатар білім нәрімен сусындатып, ойлау қабілеттерін дамытуға міндеттіміз. Сол бүлдіршіндерге білім беретін мына ұстаздар қауымы, біздер. Әрбір ұстаздың жетістігі, шәкірттеріміздің білімді болуы үшін қажымай еңбек етуіміз қажет.

Жан – жақты дамыған жаңа әдіс – тәсілдерді жетік меңгерген, жаңа технология бойынша жұмыс жасай алуымыз міндетті. Көп іздену барысында жаңа технологияларды балалардың жас ерекшеліктеріне қарай пайдалану жолдарында жетік меңгереміз. Инновациялық әдістер мен тәсілдер пайдаланудың нәтижесінде, жас ұрпақтың белсенді шығармашылық жағынан еркін дамыған тұлға болып өсуінде алатын орны ерекше.

Мен өзім қазақ тілі пәні мұғалімі болғандықтан, балабақшада өзге ұлт балаларымен қазақ тілі пәнінен бойынша жұмыс жүргіземін.

Тіл - қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы болып табылады. Қазіргі кезеңде жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде. Өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретіп, еркін сөйлей алатындай, ойы ұшқыр тіл байлығы мол, жан –жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеуде өз үлесімді қоса отырып, тәжерибеммен бөліссем деймін. Балабақша жасындағы балаға ауызбен айтып, жәй көрсетіп түсіндіріп білім беру жеткіліксіз деп ойлаймын . Балабақшада 3 –5 жас аралығындағы бүлдіршіндер

болғандықтан, ол жастағы балалардың дамуы ойынмен тығыз байланысты, сол үшін білімді де ойын арқылы үйрету аса маңызды.

Ойын технологиясының балаларға қазақ тілін үйрету барысында алатын орны мен үшін маңызды. Балабақшада ойын технологиясы көптеп қолданылады. Күнделікті өтетін ұйымдастырылған іс-әрекетінде мен көбінесе ойын технологиясын қолданамын. Ойын технологиясының өзін баланың жас ерекшеліктеріне қарай алған дұрыс. Мен мектепалды топтарында іс-әрекет бергендіктен балалардың жас ерекшеліктеріне қарай әр түрлі ойын түрлерімен жүргіземін. Сонымен бірге ақпараттық технологияларды да пайдаланамын. Көбінесе ұйымдастырылған іс-әрекет бастарда слайдбейне көрсету арқылы қазақ тілінде сәлемдесуді үйренеміз.

1. Шаттық шеңберін

-Сәлем , сәлем !

-Сәлем қалың қалай?

-Жақсы,керемет! деген сөздерді жетік әрі тез меңгерді, егерде мен жәй сөзбен айтатын болсам, балалар мұншалықты тез меңгермес еді.

2. «Көлеңкесін тап»балалар отбасы мүшелерін көлеңкесі арқылы тауып, атап айтады. Үстел ойындарын да пайдаланамын.

3.«Үй жануарлары мен үй құстарын» тақырыбын өткенде пазыл дайындап алып келдім. Балалар пазылды құрастырып, қазақша атап айтады.

4. «Қоржындар» ойынын «Жемістер» тақырыбында пайдаландым ғаламтордан қоржындардың суреттерін шығарып жемістердің суреттерін орналастырдым, қоржынға шамның жарығын түсіргенде жемістер анық көрінеді, шамның жарығы түспесе көрінбейді, осы ойынды пайдалану барысында балалар жақсы көрсеткіш көрсетті.

5. «Мамандықтар» тақырыбында «Көлеңкесін тап» тақтада төрт түрлі мамандық иелерінің көлеңкесі бейнеленеді және мамандығына қажетті құралдарының орны тұрады, балалар кімге қандай құрал қажет екенін тауып орналастырады, әрі қазақша атап айтады.

6. «Сөзді біріктірі» жемістердің немесе жануарлардың, ыдыстардың, киімдердің суреттері мен қатар әр түрлі түстер көрсетілген суреттер таратылады балаларға мен жылдам сөздерді біріктіреміз деймін, балалар қолдарындағы суреттерге қарай түстерді тауып сөз тіркесін құрайды.

7. «Айтылған суретті тап» бұл ойында қазақ тілі кабинетіне бір бөлігіне арнайы бұрыш жасадық, ол жерде кемпірқосақтың суреті салынған сонымен қатар жаңбыр жауып тұрған секілді жоғарыдан төмен қарай жіптерге әр жылмезгілдерінің келуіне байланысты суреттер ілінеді. Мысалы: Күз мезгілінде, күзде болатын құбылыстардың суреттері, қыста мезгілінде қыста болатын құбылыстардың суреттері ілінеді т.б.

Бұл ойын технологиясы пайдалануда балалардың қазақ тілін жақсы меңгеріп келе жатқанын байқадым. Ойын технологиясы баланың сөздік қорын дамыту мен қатар, қазақ тіліне деген қызығушылықтарының арта түскенін байқадым.

Мен мектепалды «Алтынай» тобында «Қыс қызығы» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекет өткіздім. Балалармен «Шаттық шеңберін» құрып қазақ тілінде сәлемдестік, өткен тақырыпты еске түсіру мақсатында «Қамшы

тастамақ» ойынын ойнадық, бұл ойында балалар қазақтың ұлттық ойындарын үйренеді әрі сөйлеу қабілеттері дамып, тез ойланып жылдам айтуға дағдыланады. «Қыс» ойынын ойнау арқылы балалардың сөздік қорлары молайады, әрі ойын тез жинақтап айтуға дағдыланады. Тақтада қыс мезгілінің суреті ілінеді балалар қыста болатын құбылыстар мен қыстық киімдерді іліп шығады.

8.«Әуенді тыңда» ұлттық аспаптарымызды балалар дыбысын тыңдап, дұрыс тауып, атайды

9. «Үстел үсті ойындары» бұл ойында балалар бірнеше тапсырмаларды орындайды өте қызықты , сонымен бірге қазақтың салт- дәстүрлері, ұлттық тағамдары, ұлттық ойындар, мақал – мәтел, жұмбақтар, жаңылтпаштар барлығын балалармен ойнау арқылы жүзеге асырамыз. Ойнау барысында балалардың бойынан үйренсем, білсем деген талпыныстарын байқадым. Бұл ойын технологиясы пайдалануда балалардың қазақ тілінде сөздік қорлары молайып, жақсы меңгеріп келе жатқанын байқадым. Ойын технологиясы баланың сөздік қорын дамыту мен қатар, қазақ тіліне деген қызығушылықтарының арта түскенін байқадым. Бұл ойынды мемлекеттік тілде білім алатын топ балаларымен ұйымдастырылған іс-әрекетте қолдандым. Менің инновациялық әдістер мен тәсілдер пайдалану барысында балалардың қазақ тілін үйренуге деген қызығушылықтарының артып, танымдық қабілеттерінің дамығандығын байқадым. Қорытындылай келе, мектеп жасына дейінгі жастағы балалардың дамуында, оқып білуде, үйренуде ойын технологиясының алатын орны ерекше деп айтар едім.

Қолданылған әдебиеттер:

- 1.Мемлекеттік тіл – менің болашағым. Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасы. Астана – 2011ж
2. Ғаламтор
- 3.Қазақ Этнопедагогикасы –Тәрбие Бастауы. Әдістемелік құрал;Астана-2011ж
- 4.А.Мұсабеков. Тәрбие тағлымдары; Астана-2011ж
- 5.Астана қаласы Тілдерді дамыту басқармасы«Зерде» орталығы, 2018 ж

Роль сказки в развитии творческого воображения и нагляднообразного мышления у дошкольников

Жадранова А.Т.

«КГКП ясли сад №53», г. Павлодар, воспитатель

Аннотация. В статье рассмотрена роль сказки в творческом развитии воображения детей дошкольного возраста. Определено понятие «творческого воображения» с точки зрения разных психологов, описаны особенности развития творческого воображения детей дошкольного возраста, рассмотрены методы работы со сказкой для развития воображения.

Ключевые слова: воображение, творчество, развитие, дошкольный возраст.

Творческое воображение зависит от многих факторов: возраста, умственного развития и особенностей развития (присутствия какого-либо нарушения психофизического развития), индивидуальных особенностей личности (устойчивости, осознанности и неправильности мотивов; оценочных структур образа «Я»; особенностей коммуникации; степени самореализации и оценки собственной деятельности; черт характера и темперамента), и, что очень важно, от разработанности процесса обучения и воспитания.

Опыт ребенка складывается и растет постепенно, он отличается глубоким своеобразием по сравнению с опытом взрослого. Отношение к среде, которая своей сложностью или простотой, своими традициями и влияниями стимулирует и направляет процесс творчества, у ребенка опять совсем другое. Интересы ребенка и взрослого различны и поэтому понятно, что воображение у ребенка работает иначе, чем у взрослого.

Воображение у ребенка начинает развиваться довольно рано, оно слабее, чем у взрослого, но оно занимает больше места в его жизни.

Каковы же этапы развития воображения у детей дошкольного возраста?

До 3-х лет у детей воображение существует внутри других психических процессов, в них закладывается его фундамент. В три года происходит становление словесных форм воображения. Здесь воображение становится самостоятельным процессом.

В 4-5 лет ребенок начинает планировать, составлять в уме план предстоящих действий.

В 6-7 лет воображение носит активный характер. Воссоздаваемые образы выступают в различных ситуациях, характеризуются содержательностью и специфичностью. Проявляются элементы творчества.

Развивая воображение ребенка, важно помнить, что материалом для его фантазий служит вся окружающая жизнь, все впечатления, которые он получает, и эти впечатления должны быть достойны светлого мира детства.

Именно поэтому, начиная уже со старшего дошкольного возраста, важно помочь ребенку воплощать свои замыслы, помочь подчинить его воображение определенным целям, сделать его продуктивным. Приучайте ребенка реализовать задуманное, и вы увидите, как постепенно он начнет испытывать радость творчества, не замыкаясь в собственных фантазиях, а раскрывая себе все полнее и полнее в творческом созидании.

Богатейшим источником развития фантазии ребенка является сказка. Сказка входит в жизнь ребенка с самого раннего возраста, сопровождает на протяжении всего дошкольного детства и остается с ним на всю жизнь. Со сказки начинается его знакомство с миром литературы, с миром человеческих взаимоотношений и со всем окружающим миром в целом.

Сказки преподносят детям поэтический и многогранный образ своих героев, оставляя при этом простор воображению. Нравственные понятия, ярко

представленные в образах героев, закрепляются в реальной жизни и взаимоотношениях с близкими людьми, превращаясь в нравственные эталоны, которые регулируются желания и поступки ребенка.

Сказка нужна ребенку для того, чтобы определиться, чтобы оценить свои возможности. Существует множество приемов работы со сказкой, которые могут использовать воспитатели для развития воображения детей. Среди них: «перевирание» сказки, придумывание сказки наоборот, придумывание продолжение сказки, изменение конца сказки. Можно сочинить сказки вместе с детьми.

Хочу поделиться практическим опытом применения метода моделирования сказки, который позволяет удержать в памяти детей короткие эпизоды сказки, но самое главное –останавливать внимание на логике изложения, характерных признаках персонажей, образных средствах языка. Чтобы перейти к моделированию (символическому изображению героев сказки) я сначала читаю детям сказку и беседую о содержании, затем еще раз читаю и вместе с детьми пересказываем сказку, и только потом перехожу к собственно моделированию. Предлагаю детям выбрать вырезанные из цветной бумаги заместители персонажей данной сказки. Форму, цвет и размер заместителей дети выбирают сами. Большинство из них достаточно быстро учатся подбирать заместители. Такая легкость в подборе заместителей связана с тем, что замещение основывается на внешних, хорошо выделяемых детьми, признаках объекта.

Например, модель сказки «Колобок». После прочтения сказки и рассматривания иллюстраций в ней, предлагаю детям построить сказку с помощью разноцветных кругов разных размеров. Ставлю квадрат-это будет дом, теперь нужна крыша-ставлю треугольник.

- А какой у нас будет Колобок? (Маленький, желтый)

-Какой будет зайчик? (Серый, маленький)

- А волк какого цвета? Серый, как зайчик, только он большой. Найдите кружок для волка.

-Потом Колобок встретил медведя. Медведь коричневый, большой, и кружок тоже коричневый, большой.

- А потом кого встретил Колобок? Какая лиса? Какой кружок нужно взять? (Оранжевый)

Кружки выставляются на фланелеграфе друг за другом. Затем повторяем сказку по выстроенной модели.

Модель сказки можно и рисовать, например модель(схема) сказки «Репка» Перед детьми листы бумаги с нарисованными семью кругами. Предлагаю детям «превращать» круги в героев сказки.

-Посадил дед репку. Выросла репка какая? (Большая, желтая, круглая). У репки сверху листики (Маленькие, зеленые).

-Пришел дед репку тащить. Дед какой? (Старый, усатый).

- Пришла бабка. Бабка какая? (Старая, на голове платочек).
- А внучка какая? (Маленькая, с бантиком)
- Собачка Жучка какая? (Хвост бубликом)
- Кошка какая? (Серая, мягкая, усатая)
- А мышка какая? (Маленькая). Что есть у мышки? (ушки, хвостик).

Хвостик тоненький, как ниточка.

Применяя метод моделирования в работе со сказкой с детьми младшей, средней, старшей группы и проанализировав свою работу, пришла к выводу, что метод моделирования является эффективным в обучении детей пересказывать текст последовательно, соблюдая структуру; в развитии мышления и воображения, эмоциональной отзывчивости. Памяти при использовании схем; в умении создавать воображаемые образы и отбирать заместители для обозначения персонажей сказки, узнавать сказочные ситуации по схеме; в развитии умения подбирать заместители по цвету величине форме, характеру персонажа сказки.

Хочется верить, что зернышки творчества заложенные в дошкольном воспитании, еще больше прорастут и дадут свои результаты, ведь главная моя задача- не только подготовить детей к успешной учебной деятельности в школе, но и воспитать людей неравнодушных, творческих, способных к преобразовательной деятельности.

Список литературы:

1. Выготский Л.С. Воображение и его развитие в детском возрасте. // Хрестоматия по психологии. – М.: Просвещение 1987.
2. Горбушина Л.А. Николаичева А.П. Выразительное чтение и рассказывание детям дошкольного возраста. –М.: Просвещение 1983.
3. Развитие творческого воображения в процессе работы над сказками [http:// cinref.ru/razdel/ 03800 pedagog /08/137160.htm](http://cinref.ru/razdel/03800_pedagog/08/137160.htm)

Мектепке дейінгі кезең – баланың мектепке сәтті бейімделуі және мектеп арасындағы сабақтастығы

Жаканова Ж.М., Ахаева Г.С.
Қарағанды облысы Шет ауданы,
Ақадыр кенті, «Балбөбек» бөбекжайы» КМҚК, тәрбиешілері

Аңдатпа

Балабақша мен бастауыш білім сатысының сабақтастығын тек баланы мектепке дайындау деп түсінбеу керек, мұнда педагогтар мектепке дейінгі ұйымдарда білім берудің формалары, әдіс-тәсілдерімен жеке танысып, балалардың

психологиялық ерекшелікті анықтай отырып мектепке біртіндеп жеңіл бейімделуіне жағдай жасау.

Түйінді сөздер: эмоционалдық саулық, компонент, элементтер.

Білім беру және ғылым саласына елеулі өзгерістер енгізіп жатқан қазіргі кезеңде мектепке дейінгі ұйымдар мен бастауыш білім беру ісін жаңа сапалық деңгейге көтеру міндеті бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі. Осы өзгерістер білім саласының алғашқы сатысы болып саналатын мектепке дейінгі ұйымдарда болашақ ұрпақтың дүниетанымындамытуға, жеке тұлға ретінде қалыптастыруға, сәбилік шақтан бастап толық жағдай жасауды, тәрбиелеумен білім беруге аса жауапты қарауды басты міндет етіп қойып отыр. Аталған міндетті шешуде кезек күттірмейтін мәселелердің бірі ретінде мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш білім берудің сабақтастығын қамтамасыз етудің жолдарын айқындаудың маңызы зор. Өйткені сабақтастық туралы мәселе өткір қойылып отыр.

Бұл мәселені ғалымдар, білім беру мекемелерінің жетекшілері, мұғалімдер, ата-аналар да көтеріп отыр. Олардың дабыл қағуына толық негіз бар. Мақсат, мазмұн бірлігі неғұрлым тиімді деген әдістерді, оқыту құралдарын, балалар мен оқушылардың жетістіктеріне қорытынды жасау және бағалауды таңдап алуға негізделген білім берудің мектепке дейінгі, бастауыш буын сатыларындағы көп түрлі, көп нұсқалы бағдарламалардың болмауы, осы сатылардың арасындағы байланыстың жоқтығын көрсетеді. Берілген бағдарламаларда білімді игеру көлемі, жеке тұлғалық, әлеуметтік даму деңгейлері ескерілмеген. Сондықтан балабақша мен бастауыш буын сабақтастығын айқындауда біріншіден: аталған сатыдағы білім берудің өзіндік мақсаттарының айқындалуы, білім мазмұнының бірыңғай, жүйелі құрылу, баланың белсенді дамуы арқылы білім берудің келесі сатысына көшудің тиімділігінің қамтамасыз етілуіне; екіншіден: білім беру жүйесінің әрбір әдістемелік компоненттерінің байланысы мен үйлесімділігінің болуына назар аудару керек (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістемесі, ұйымдастыру түрлері). Сонымен қатар аталған сабақтастық сақталу үшін мектепке дейінгі кезеңде-жас ерекшелігіне сәйкес баланың өзін-өзі бағалауының сақталуы, танымдық және тұлғалық дамуы, қоршаған ортамен байланыс жасауға дайындығы қарастырылады. Сабақтастық даму кезеңдері мен сатылардың арасындағы ортақ мақсат-міндеттер, ортақ мазмұнды байланыс, бұл байланыс олардың толық және жеке жақтарының кейбір элементтерін сақтайтын тұтас жүйе.

Сабақтастық білім беруде:

- балалардың жеке тұлғалық дамуын қалыптастырып, олардың одан арғы өмірлік қызметтерін қамтамасыз етеді;
- білім беру кезеңдерінде үздіксіз білім беру (балабақша – мектеп, мектеп жоғарғы оқу орны);
- біртұтас білім беру жүйесінде осы кезеңдердің және оқыту түрлерінің біртұтастығын ұйымдастыруға өз әсерін тигізді.

Мектепке дейінгі мекеме мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастықтың негіздемесі:

- Балалардың білуге деген құмарлығын дамыту;
- Балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту;
- Балалардың интеллектуалды және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту;
- Тілдік қарым-қатынасын дамыту (кұрбы-кұрдасымен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу)

Сабақтастық үрдісін 2 жақтан қарауға болады. Мектепке дейінгі буын сатысында мектепке дейінгі балалық шақтың өзіндік құндылығы қысқартылады және балалардың жеке тұлғалық сапасының негізі қалыптасады.

Мектеп өз жұмысын жоқтан құрмайды. Мектепке дейінгі балалардың жетістігін қапсырып алып, балалардың жинақтаған әлеуетін педагогикалық практиканы ұйымдастыра отыра дамытады. Сабақтастықтың осындай түсінігі балалардың дамуы мен оқып үйренуін үздіксіз іске асырып отырады.

Бұл:

- Мектепке дейінгі мекеме мен мектептегі білім үрдісінің мақсатын, міндетін, мазмұнын, бағыттап отырады;
- Әр баланың дамуына жағдай жасайды (денсаулығын сақтау, эмоционалдық саулығы).

Балабақша мен бастауыш білім сатысының сабақтастығын тек баланы мектепке дайындау деп түсінбеу керек, мұнда педагогтар мектепке дейінгі ұйымдарда білім берудің формалары, әдіс-тәсілдерімен жеке танысып, 6 жас пен 7 жас аралығындағы психологиялық ерекшелікті анықтай отырып мектепке біртіндеп жеңіл бейімделуіне жағдай жасау шарт.

Екі ұйым арасындағы сабақтастық:

Мектепке дейінгі мекемеде танымдық әрекет жасайды, мағұлмат алады, талдайды, ойнайды, білім алып, тәжірибе жасайды. Бастауыш сынып оқу әрекеті оқуды үйренеді, оқығысы келеді, жаңа мазмұнды меңгереді, жаңа түсініктер қалыптасады.

Мектеп пен мектепке дейінгі мекемедегі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді салыстыра отыра, келесі ұқсастықтарды атап айтуға болады.

Балалардың танымдық іс-әрекетін басқару, білім және білікпен қаруландыру, жан-жақты тәрбиелеу. Оқыту мектепте де мектепке дейінгі мекемеде де бағдарлама бойынша өткізіледі.

Мектепалды даярлық тобының мұғалімдері мен тәрбиешілері «Баланы мектепке даярлау» мақсатында балаларды партаға отырғызып, мектептік типте сабақтар жүргізеді. Мұндай жерде көбіне балалардың негізгі қызметі ойын екені естен шығарылады. Тек танымдық, дамытушылық ойындардың көмегімен білім негізі қалыптаса бастайды. Осылайша, қазіргі заманда сабақтастықтың құрылымы

табиғи жолмен емес, жасанды түрде жүзеге асады, себебі, бастауыш мектептегі әдіс-тәсілдер, балалармен жұмыс түрлері мектепалды даярлық топтарында көп қолданылады.

Сондықтан да бұл мәселені бірден екі жақтан қарастырған жөн. Ал, ұйымдастыру жоспарында мәселені шешудің мынадай жолдарын қарастыруға болады: біріншіден, балалардың мектепалды дайындық тобында қалыптасқан білім, білік, дағдыларын бағалау қажет емес, олардың даму деңгейін бағалау қажет деген ой туындайды; екіншіден, бастауыш мектеп мұғалімдері білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде мектепалды дайындық тобына сай ойын әдістерін тиімді қолдана білсе. Мектепке дейінгі мекеме, бастауыш буын мен ата-ана арасындағы сабақтастық сақталғанда бала мектепке жалпы, арнайы және психологиялық жағынан қамтамасыз етіледі.

Әдебиеттер:

1. Жумабаев М. Педагогика - Алматы, 1992
2. Тұрғынбаева Б. Ә. Дамыта оқыту - Алматы, 1999
3. Қазіргі заманауи оқу-тәрбие үдерісіндегі білім беру технологиялары Алматы қаласы - 2017
3. Зұлқарнаева А. Т. Тәрбие және білім «Республикалық педагогикалық журнал» - 2015

Жамангарина М. А. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ақпараттық технологияларды қолданудың өзектілігі

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ақпараттық технологияларды қолданудың өзектілігі

Жамангарина М. А.

«Bolashaq» жоғарғы колледжінің оқытушысы

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде ақпараттық технологияларды қолдану қазіргі мектепке дейінгі тәрбиенің өзекті мәселесі болып табылады. Мұндай технологияларды білім беру қызметі үдерісіне енгізу қажеттілігін халықаралық сарапшылар ЮНЕСКО ұйымдастырған «Байланыс және ақпарат туралы дүниежүзілік баяндамасында» атап өтті. Біздің елімізде соңғы бірнеше жылда мектепке дейінгі мекемелерде ғаламтор технологиялардың жедел дамуын айқындайтын бірқатар оқиғалар орын алып, мектепке дейінгі білім берудің электрондық ресурстары қалыптасуда. Қазіргі уақытта ақпараттық қоғамды дамыту стратегиясы жүзеге асырылып жатыр, ол осы ақпаратқа азаматтардың барлық санаттары үшін ақпараттың қолжетімді болуымен байланысты.

Сондықтан, ақпараттық технологияларды пайдалану білім берудің басым бағыттарының бірі болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру педагогқа және оның кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қояды. Педагогтың коммуникативті құзыреттілігі әртүрлі форматтағы: ауызша, жазбаша, пікірталас, көрнекі, компьютерлік, электронды коммуникацияларды құра білуді білдіреді. Демек, педагог компьютерді және заманауи мультимедиялық құрал-жабдықтарды пайдаланып қана қоймай, білім беру ресурстарын жасап, оларды педагогикалық іс-әрекетінде кеңінен пайдалана білуі керек.

Педагогикада 50-ден астам педагогикалық технологиялар бар, бірақ ХХІ ғасырдың негізгі технологиясы ақпараттық технологияларды (АТ) пайдалану болып табылады. АТ адам өмірінің барлық салаларына, әсіресе білім беруді қамтитын ақпараттық қызметке әсер етеді. Сонымен қатар, АТ ақпараттық процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді: ұзақ мерзімді және ықшам етіп сақтау, жылдам іздеу, жылдам өңдеу, жаңасын шығару, кез келген қашықтыққа жіберу және мультимедиялық (ММ: мәтіндік, кестелік, графикалық, анимациялық, дыбыстық және бейне) ақпаратты қажетті көлемде ұсынуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияны дамыту бірқатар бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- Материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейін күшейту (ғаламтор желісіне қосылу, компьютерлерді, интерактивті тақталарды және т.б. қамтамасыз етілу);

- Білім беру үдерісіне барлық қатысушылардың (оқушылар, ата-аналар, педагогтар, жетекшілер) ақпараттық мәдениетін меңгеру;
- АТ білім беру саласында қолдану, онда олар бүкіл білім беру жүйесі төңірегінде құрылған интеграциялық өзекке айналады;
- АТ оқу процесінде қолдану, әр түрлі іс-әрекеттер, қосымша білім беру, оқушылардың жеке тұлғасын дамытуға мүмкіндіктер беру (олимпиадалар, конкурстар, форумдар және т.б.);
- Басқару қызметінде АТ қолдану.

Қазіргі білім беруді ғаламторқайнар көздерісіз елестету қиын. Ғаламтор білім беру қызметтері үшін үлкен әлеуетке ие. Электрондық пошта, іздеу жүйелері, электронды конференциялар заманауи білім берудің ажырамас бөлігіне айналады. Ғаламторда ерте білім беру және дамыту мәселелері, инновациялық мектептер мен балабақшалар, шетелдік ерте даму институттары туралы ақпаратты таба аламыз, білім беру саласындағы жетекші сарапшылармен байланыс орната аламыз. Сондай-ақ, компьютер ұйымдастырушы бағдарламалардың көмегімен барлық іс-шаралар жоспарын құрастыруда, баланың жеке күнделігін жүргізуде, ол туралы әртүрлі мәліметтерді жазуда, сынақ нәтижелерін жазуда, графиктер құруда, баланың даму динамикасын бақылауда, жалпы алғанда, тәрбиешілер мен ата-аналарға баға жетпес қызмет көрсете алады.

Сабақ барысында компьютердің мүмкіндіктері шолуға ұсынылатын материалдың көлемін арттыруға мүмкіндік береді, жарқын экран назар аудартады, балалардың аудио қабылдауын визуалды түрге ауыстыруға мүмкіндік береді, анимациялық кейіпкерлер қызығушылық тудырады, нәтижесінде шиеленіс жеңілдейді. Бірақ бүгінде, өкінішке орай, ерте жастағы балаларға арналған жақсы компьютерлік бағдарламалардың саны жеткіліксіз.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне ақпараттық технологияны енгізудің негізгі шарттарының бірі – компьютердің техникалық мүмкіндіктерін білетін, олармен жұмыс істеу дағдысы бар, компьютерді пайдаланудың санитарлық нормалары мен ережелерін қатаң сақтайтын, техниканы меңгерген мамандардың болуы. Мектеп жасына дейінгі балаларды жаңа ақпараттық технологиялармен таныстыру үшін балалармен көп жұмыс жасау керек. Ендігі басты міндет – педагогтардың компьютерлік сауаттылығын арттыру, бағдарламалық оқу кешендерімен, ғаламдық компьютерлік желінің қайнар көздерімен жұмыс істеуді меңгеру. Мультимедиялық проекторды, компьютерді пайдалана отырып сабақ жүргізетін, ғаламторға қосылған мұғалімнің тек дәстүрлі технологиялар аясында жұмыс істейтін әріптесінен сапалық жағынан басым болатыны анық. Дамудың барлық бағыттары бойынша компьютерлік оқыту бағдарламалары негізінде жүргізілетін мультимедиялық сабақтар әртүрлі формада (бейнефильм, анимация, слайдтар, музыка) ұсынылған аудиовизуалды ақпаратты біріктіруге мүмкіндік береді, мүмкіндігіне байланысты балалардың еріксіз зейінін ынталандырады, динамикадағы құбылыстар мен объектілер ерекше әсермен қабылданады. Сонымен қатар, электрондық тасымалдаушылар мен ғаламтордағы қолжетімді деректердің арқасында пән мазмұны мен әдістемелік мәселелер бойынша ақпарат ағынын арттыруға мүмкіндік береді

Заманауи технологияның қарыштап алға басып, өмірдің барлық саласында бізді қоршап алғаны баршаға аян деп ойлаймын. Заманауи педагог, сонымен қатар, барлық жерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен, жұмыс барысымен, қашықтықтан біліктілікті арттыру курстарымен және т.б. қоршалған. Педагог жыл өткен сайын ақпараттық мобильді және сауатты болуы керек, себебі, жаңа технологиялар мен компьютерлік бағдарламаларды жылдамырақ меңгеру қажеттілігі күннен күнге артып келеді.

Біздің іс тәжірбиеге баратын бөбекжайларымыз бірнеше жылдан бері педагогтардың ақпараттық құзыреттілігін арттыру бағытында жұмыс істеп келеді. Ұстаздарымыз қашықтықтан байқауларға, бейнефильмдер байқауларына, бейнежұмыстарға белсене қатысады, оқу шеберлік сыныптарын түсіреді, сонымен қатар ата-аналармен қашықтықтан жұмыс істеу үшін әртүрлі интернет қызметтерін пайдаланады, қашықтықтан байланыс орнату алаңдарында әріптестермен кездесулер өткізеді

Жасыратыны жоқ, әрбір білім беру мекемесінде мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ресми сайты, сондай-ақ әлеуметтік желілер жұмыс істейді, әлеуметтік желілер арқылы мекеменің имиджіне көп уақыт бөлінеді. Әрбір

педагог өзінің жеке педагогикалық тәжірибесін мектепке дейінгі білім беру мекемесінің ресми әлеуметтік желілерінде де, әртүрлі білім беру порталдарында да таратады.

Қорытындылай келе, қазіргі педагог – заман ағымына ілесетін, ақпараттық технологияны өз ісінде көптеген тапсырмаларды жеңілдету, ата-аналар мен балалардың сұранысын қанағаттандыру үшін пайдаланатын, өз тәжірибесін бүкіл әлемге тарататын, әріптестерінің тәжірибесін қабылдай алатын тұлға дегім келеді. Бірақ, ең алдымен, заманауи педагог – жаңа білім мен міндеттерді меңгеруге әрқашан дайын адам.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Н. Солоневичева. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде ақпараттық технологияларды қолдану: Әдістемелік нұсқау. Санкт-Петербург, 2008 ж.
2. С.В. Гурьев. Балалардың білім беру мекемелерін компьютерлендірудің мақсаттылығы. Мәскеу, 2014ж.
3. Г.К. Селевко. Ақпараттық-коммуникациялық құралдарға негізделген педагогикалық технологиялар. Мәскеу: Мектеп технологияларының ғылыми-зерттеу институты, 2005 ж.
4. М.К. Антошин. Компьютерде жұмыс істеуге үйрету. – М.: Ирис-пресс, 2007

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Жарылгапова Акжайык Токтамыскызы
Астана қаласы, № 88 «Баян сұлу» балабақшасы, тәрбиеші

Аңдатпа: Бұл мақалада таңертең балалардың эмоционалдық көңіл күйін жақсарту мақсатында ойындар ойнату қарастырылған. Таңертеңгі баланың көңіл-күйі оның кешке дейін күнін қалай өткізуіне үлкен септігін тигізеді. Сондықтан тәрбиешінің басты мақсаты баланы жақсы қарсы алып, жақсы шығарып салу.

Түйінді сөздер: атрибут, эмоция, процес, моторика, ресурс, дидактика

Әр адам үшін – бала үшін де, ересек адам үшін де жаңа күннің басталуы үлкен өзгеріс әкеледі. Мектеп жасына дейінгі балаларға қатысты таңертеңгі бағалау өте маңызды. Көңіл күй ояну, таңертеңгі дәретхана, таңғы ас қалай өтетініне байланысты. Таңертеңгі осы атрибуттардың қатарына тағы бір кезең қосылады- балабақшаға бару, онда баланы тәрбиеші мен құрдастары қарсы алады. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде таңертеңгілік қабылдау - бұл баланы тәрбиешіге немесе оны алмастыратын адамға беру процесі, бұл кішкентай адамның жұмыс күнінің басталуы, оны кішкентайдың өзі емес, ересектер ұйымдастырады: ата-аналар және, әрине тәрбиеші. Сондықтан біз, тәрбиешілер,

қабылдауды ұйымдастырудың қыр-сырына ерекше назар аударуымыз керек. Балаларды таңертеңгілік қабылдау ойластырылған және жақсы ұйымдастырылған ойын өткізу баланың дамуында, күн тәртібінде және баланың эмоционалды әл-ауқаты үшін үлкен маңызға ие. Олардың тәрбиешісінің жылы шырайлы кездесуі көңіл-күйге, өнімділікке, тәртіпке әсер етеді. Сондықтан мен таңертеңгі қабылдау кезінінде «Өз бейнеңді тап», ойынын жоспарладым. Мақсатым: Балалардың көңіл-күйін көтеру, бір–біріне достық қарым - қатынас, көңіл бөлу және қамқорлық жасауға тәрбиелеу, тапсырмаларды бірге орындау. Балалардың балабақшаға келген кезде қандай көңіл күйде екендігін бақылау мақсатында алдым. Балалардың ауыз, мұрын, көз, қасты жапсыру кезіндегі эмоциясын байқау. Және сыйпай - сезу арқылы қолына түскен суреттерді көз алдына елестету мақсатында балалардың қызығушылығын, қандай сезімде болатынын көру. Балалардың бір –біріне деген жылулық сезімдерін ояту. Ойын іс-әрекетін ұйымдастыру мақсатында: «Кәусар» есімді қызымның сөздік қорының аз екенін, байланыстырып сөйлей алмайтындығын, кейбір дыбыстарды дұрыс айта алмайтындығын байқадым. Сол себептен оның сөздік қорын байытуға; дыбыстарды дұрыс айтуға, сөздерді байланыстырып сөйлеуге дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету керек екенін және қазақ халқының салт дәстүрлерін білу, үйрету, жаңғырту мақсатында алдым. Балалардың сөздік қорын ең алдымен ойын іс-әрекетімен байланыстыру. Жүзеге асыру. Таңертеңгі қабылдау кезінде «Өз бейнеңді тап» ойынын ұйымдастырдым. Бұл ойында баланың балабақшаға үйден қандай көңіл күйде келгенін байқау. Бала екі қолын шығарып адамның бет әлпетін киеді, сол бетке түрлі ауыз, көз, қас алып жапыстырады. Бұл ойынның маңыздылығы үш одақ (ана, бала, педагог) қарым-қатынас дағдылары қалыптасты. Балаға еркін ойындарды қолдандым. Түрлі бейнелерді құрастыру арқылы балалардың ойлау қабілеті артты, қиялы дамыды. Қол моторикасы балалардың қабілеттері артты. Өз бетімен ізденуге, жылдамдыққа әрекет етуге дағдыланды. Бұл ойынды таңертеңгілік қабылдау кезінде, күннің екінші жартысында ойнаттым. Ойнатқан кезде балаларға ойынға қажетті ресурстармен қамтамасыз етіп, ойын шартымен түсіндіремін. Балаларды тікелей бақылай отырып ойынға қосылып отырдым. Сөйлеуді дамыту мақсатында ойын іс-әрекет ұйымдастырдым. «Өз бейнеңді тап» дидактикалық ойынында балалардың (көз, қас, ауыз) дене мүшелерін ауыстырып қою арқылы тиімсіздігін байқадым. Көрмегендіктен балалар дене мүшелерін шатастырып ала берді. Балалардың есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту ойындарын көбірек ойнатамын. Балаларға салт-дәстүрлеріміз туралы көп түсініктер беру керек, ойын іс-әрекетіне қазақтың салт-дәстүрлерін айтып, насихаттап отырамын.. Балаларға асықтан түрлі ойындарды ойнату, үйретуді де қолға аламын.

Әдебиеттер:

1. «Казахские детские игры» кітабы авторы: Молдагаринов Аскар, Алма-Ата «Жалын» 1999 г.
2. «Шынашақ» кітабы. Құрастырушылар – М. Әлімбаев, Қ. Баянбаев, Алматы «Балауса» 2000 ж.
3. Бала тәрбиесі, № 12, 2013ж.
4. Бала тәрбиесі, № 5, 2011ж.
5. Отбасы және балабақша. №1, 2014 жыл.

Жастардың ата-ана болуға психологиялық дайындығы

Абиханова З.Х.

Астана қаласы әкімдігінің №59 «Аққанат» балабақшасы, тәрбиеші

Аңдатпа. Қазіргі заманда отбасын қалыптастыру проблемасына либералдық көзқарастар бар. Интернет-технологиялардың дамуы мен әлемнің кез келген жерінен түрлі адамдармен қарым-қатынас жасау мүмкіндігінің нәтижесінде жастар ұзақ мерзімді қарым-қатынасты бағалауды доғарды да, проблемаларға тап болмауды ұйғарып, жеңіл қарым-қатынас орнатуға ниет білдіре отырып, олар бір адаммен қарым-қатынастан бас тартып, жаңасымен танысады. Өкінішке қарай, бұл әрдайым оң нәтижелерге алып келе бермейді. Көбінесе, бір адамды басқаларға ауыстыра отырып, олар өмір бойы бірге болғысы келген жалғыз адамды таба алмайды. Қазіргі заманда отбасылық қатынастарға ойланбастан және ерте кірісетін адамдар саны артып келеді. Ал неке тек жауапкершілікті ғана емес, өмірлік жолдаспен қарым-қатынас жасай білуді де талап етеді. Сондықтан некеге тұруға психологиялық дайындық проблемасы өзекті болып табылады. Мақалада некеде тұратын және тұрмайтын ерлер мен әйелдерді іріктеуде жынысы және неке мәртебесі бойынша салыстырмалы талдау жүргізілді. Отбасылық өмірге психологиялық дайындықтағы айырмашылықтарды анықталды.

Түйінді сөздер: отбасылық институт, жастар психологиясы, психосоматикалық аурулар, эмприкалық тәжірибе, отбасылық дайындық, ата-ана рөлі.

Қазіргі әлемнің жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына әсер ететін өзіндік ерекшеліктері бар. Әр түрлі медиалар қоршаған әлемге гедониялық көзқарасты насихаттай отырып, отбасының, аға ұрпақтың ролін, дәстүрлерін, мәдениетін құнсызданып, жеке адамның өміріне шапшаң басып кіре бастайды. Адамның қоғаммен өзара қарым-қатынасының барлық деңгейінде тұтынушылық қатынастар пайда болады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы [1] бойынша отбасы және бала институтын қолдау, инклюзивті қоғам құру жөнінде айтылған. Бұл дегеніміз болашақта жастардың өнегелі отбасы болып қалыптасуына ерекше көңіл бөлу керек екенін білдіреді. Некеге психологиялық дайындықтың қалыптасуына, тиісінше, бір жағынан, жас адамның отбасы мен жақын ортасы, екінші жағынан, жалпы алғанда, қоғам және атап айтқанда, жоғары оқу орындары тікелей әсер етеді [2, 352 б.]. Жоғары оқу орындарында оқыту жеке адамның ерік, эмоциялық, когнитивтік қасиеттерін және ынталандыру саласын қалыптастыруға ықпал етеді.

А. Рейстің «айналмалы махаббат теориясын» негізге ала отырып, отбасын құруға дайындық мыналарды қамтиды деп айтуға болады:

1. Отбасылық өмірге әлеуметтік-адамгершілік дайындық. Ол азаматтық кемелдікті (білімінің, мамандығының болуы, адамгершілік сананың белгілі бір деңгейі, тиісті жасы); экономикалық дербестік (көптеген зерттеулердің деректері бойынша материалдық және тұрғын үймен қамтамасыз етілу факторлары отбасының тұрақтылығына тікелей әсер етпейді, алайда нашар материалдық өмір сүру жағдайлары басқа себептермен туындайтын жанжалдық жағдайларды жиі күшейтеді);

2. Отбасылық өмірге уәждемелік дайындық. Бұл санаттағы отбасы құрудың негізгі себебі ретінде махаббатты қамтиды. Адамдардың көпшілігі сүйіспеншілікпен отбасын құрады деп есептелінеді. Мұндай отбасылар, статистикаға сәйкес, 70 - 75% ды құрайды. Отбасының 15-20%-ы бір-бірін ақыл-есі бойынша табады. Шамамен 5-10%-ы материалдық тұрғыдан отбасын құрайды [3, 140 б.].

Жалпы жоспарда отбасын құруға уәждеме төрт негізгі себептерді қамтуы мүмкін:

- шаруашылық-тұрмыстық (отбасындағы ең бастысы - жақсы жолға қойылған тұрмыс және үй шаруашылығын жүргізу);

- психологиялық (отбасында дәл сені жақсы түсінетін адал досты табуға тілек білдіру);

- отбасылық-ата-аналық (отбасының басты қызметі - бала туу және тәрбиелеу);

- жеке (қалаулы және сүйікті жолдасын табуға ұмтылу)

3. Құрылған отбасы үшін жауапкершілікке, дербестікке дайындығы. Дербестікке дайындық: отбасылық бюджетті жүргізе білу, тұрмысты ретке келтіру; балаларға күтім жасай білу; белгілі бір материалдық тәуелсіздіктің болуы; басқа да өмірлік маңызды мәселелерді шешу ниеті.

4. Отбасын құруға психологиялық дайындығы. Адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларының болуы, өмірге деген көзқарастардың тұтастай бірлігі немесе ұқсастығы, атап айтқанда, отбасында қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасай білу, жеке адамның ерік қасиеттерін дамыту.

5. Педагогикалық дайындық. Қажетті педагогикалық білімінің, іскерлігі мен дағдысының болуы және болашақ ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің қалыптасуы; шаруашылық-экономикалық іскерліктер мен дағдылар (үй шаруашылығын және бюджетті жүргізу; тұрмыс пен бос уақытты ұйымдастыру); жыныстық тәрбиелілік (ол адам өмірінің жан-жақты жақтары туралы қажетті білімнің, жыныстық қатынастарға елеулі көзқарастың болуын болжайды).

С.И. Ожегов некеге тұруға дайындықты өз қызметі үшін жауапкершілік екендігін айтады [4, 1375 б.]. Жауапкершілік өзіне және біреудің алдында жауап беру міндеті болып есептеледі. Оның пікірінше, адамда жауапкершілік сезімі біреуге оның көмегі қажет екенін түсінген кезде пайда болады. Отбасы жақын адамнан көмек алудың маңызы зор орын болып табылады.

Ерлі-зайыптылық қатынастар нәтижесінде жеке тұлғаның ерекшеліктері іске асырылады, оның қажеттіліктері қанағаттандырылады, жеке тұлғаның қолданыстағы қасиеттері дамиды және жаңа сапалары қалыптасады. Сондықтан некеге тұруға дайындықтың нақты компоненттері де бар, оларды әртүрлі ғалымдар әртүрлі түрде қарастырады.

Мысалы, Е.Н. Малярова некеге дайын болу критерийлерін бөледі:

- 1) міндеттердің, рөлдердің жаңа жүйесін қабылдау;
- 2) әріптеспен қарым-қатынас жасай білу;
- 3) өз армандарын құрбандық шала білу;
- 4) эмпатия көрсете білу;
- 5) жеке тұлғаның эстетикалық мәдени қасиеттерін байқау;
- 6) жанжалдарды шеше білу;
- 7) өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейін асыру [5, 125 б.].

Е.С. Қалмықованың пікірінше, некеге дайындықтың маңызды компоненті тұлға аралық қақтығыстарды конструктивті түрде шеше білу болып табылады, себебі олар жұп қарым-қатынасының дамуына мүмкіндік береді [6, 208 б.].

Неке институты қазіргі қоғамда айтарлықтай өзгерістерге ұшырағандықтан, некеге дайындық проблемасы аса өзекті проблема болып табылады. Неке жолдасын таңдау кезіндегі ерекшеліктердің ішінде көптеген отандық және шетелдік зерттеушілер, ең алдымен, адамның ерлі-зайыптылық өмірі туралы өз түсініктеріне назар аударады. Отбасын құрар алдында жолдастардың бір-біріне деген сенімі, құндылықтары, қондырғылары, мәртебесі, кәсібі, туыстары, денсаулығы, материалдық жағдайы, тұлғалық ерекшеліктері және басқа да түрлі сипаттамалары туралы толық және шынайы ақпараты болуы тиіс. Отбасылық қатынастардың принциптерін және некеге дайын болу компоненттерін білмеу некені бұзатын қателіктерге әкеп соғады.

Қазіргі заманда адамдар жастардың отбасылық өмірге психологиялық дайындығын тәрбиелеуге көп көңіл бөлуі, сондай-ақ неке мен отбасының рөлін дұрыс түсіну сияқты маңызды аспектілерге баса назар аударуы қажет, бұл өз кезегінде некеге тұруға белгілі бір себептерді, қондырғыларды қалыптастырумен тікелей байланысты. Осылайша, некеге дайын болу көптеген компоненттерді қамтиды, олардың арасында психологиялық және әлеуметтік өсу, дамыған коммуникативтік дағдылар мен эмпатия маңызды болады.

Некеге дайын болу жолдаспен қарым-қатынас жасай білу, онымен сүйіспеншілікке, түсіністікке, қабылдауға және жанжал жағдайында ымыраға келуге негізделген салауатты мықты қарым-қатынас орнату сияқты құрылымдық компоненттерді көздейді. Жоғарыда айтылғандарды түйіндей отырып, жастардың неке қатынастарына кіру проблемаларына қатысты теориялық көздердің жеткілікті саны туралы айтуға болады. Психологиялық дайындық ұғымы көптеген компоненттерді қамтиды, олардың арасында психологиялық, әлеуметтік, психофизиологиялық, мәдени және адамгершілік бөлінеді. Адамның неке жолдасын таңдауының психологиялық ерекшеліктері, теориялық дереккөздерге сәйкес, серіктестің тартымдылығы және негізінен өмірлік маңызды мәселелерге қатысты көзқарастардың ұқсастығы болып табылады. Некеге дайын болу жолдаспен қарым-қатынас жасай білу, онымен жанжал болған жағдайда махаббатқа, түсіністікке, қабылдауға және ымыраға негізделген салауатты мықты қарым-қатынас орнату сияқты құрылымдық компоненттерді көздейді.

Зерттеуге әлеуметтік мәртебесі әртүрлі 20-40 жас аралығындағы 136 адам қатысты. Оның ішінде 74 әйел және 62 ер адам.


Кесте 1. Іріктеу бойынша ақпарат

	Барлығы	Ер кісілер	Әйелдер
Некеде	64	30	34
Некеде емес	72	32	40
	136	62	74

Әдістемелерді таңдау кезінде әрбір әдістеменің мүмкіндіктері мен шектеулері, ең алдымен, зерттелетін сапалардың айқындылығын белгілеудің дәлдігі мен сенімділігі ескерілді.

Диагностикалық нәтижелерді жинау үшін «некеге адамгершілік тұрғыдан дайындығы»; «отбасылық жұп құрылғыларын өлшеу» сауалнамасы; «некедегі рөлдер» әдістемесі; некеге қанағаттанудың тесті-сұрақ жүргізілді.

«Некеге адамгершілік тұрғыдан дайындық» сауалнамасы. Сауалнаманың сұрақтарына жауаптар отбасылық-некелік қатынастарға құндылық бағдарларды анықтауға мүмкіндік береді. Сауалнама 16 сұрақтан тұрады және «толық келісемін», «келісемін», «айту қиын», «келіспеймін», «мүлдем келіспеймін» деген 5 жауаптарды білдіреді.




Сурет 1. «Некеге адамгершілік дайындық» әдістемесі бойынша адамгершілік дайындық деңгейінің көрсеткіштерінің гистограммасы

Жалпы іріктеу бойынша некеге адамгершілік дайындығы орташа адамдардың басым бөлігі неке-отбасы қатынастары туралы саналы түсінікке ие деп айтуға болады.

«Отбасылық жұп құндылықтарын өлшеу» сауалнамасы. Аталған сауалнаманың көмегімен өмірдің отбасылық өзара іс-қимылдағы ең маңызды он саласы бойынша сыналушылардың қондырғыларын зерттеуге болады. Сыналушыға мынадай салалар бойынша қандай да бір ұстанымды білдіретін 40 пікір ұсынылады:

1. Адамдарға көзқарас;
2. Борыш сезімі мен ләззат арасындағы балама;

3. Балаларға деген көзқарасы;
4. Ерлі-зайыптылардың дербестігіне немесе тәуелділігіне қатынасы;
5. Ажырасуға қатынасы;
6. Романтикалық үлгідегі махаббатқа көзқарас;
7. Отбасы өміріндегі жыныстық саланың маңызын бағалау;
8. Гендерге қатынасы;
9. Отбасының патриархалдық немесе эгалитариялық құрылымына қатынасы;
10. Ақшаға қатынасы.




Сурет 2. «Отбасылық жұп құндылықтарын өлшеу» әдістемесі бойынша көрсеткіштер гистограммасы

«Некедегі рөлдер» сауалнамасы. Осы сауалнаманың көмегімен сыналұшылардың отбасы өміріндегі жыныстық қатынастардың, ата-аналық міндеттердің, әркімнің кәсіби мүдделерінің, шаруашылық-тұрмыстық қызмет көрсетудің, моральдық және эмоциялық қолдаудың, әріптестің сыртқы тартымдылығының маңыздылығы туралы түсінігін анықтауға болады.

Бұл көрсеткіштер отбасының негізгі қызметін көрсете отырып, отбасылық құндылықтар шкаласын құрайды. Отбасылық функцияларды іске асыру кезінде күйеуі мен әйелі арасындағы рөлдерді қалаулы бөлу туралы сыналұшылардың ұсыныстарын нақтылау. Осылайша, аталған әдістеменің нәтижелері отбасылық құндылықтардың иерархиясын анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістеме әр нұсқада (ерлер мен әйелдер) 36 бекітуден тұрады және 7 шкаладан тұрады. Сыналушыларға өздерінің жынысына сәйкес келетін бекітулер жиынтығымен өз бетінше танысу және жауаптардың мынадай нұсқаларын пайдалана отырып, әрбір бекітуге өз көзқарасын білдіру ұсынылады және баллдармен бағаланады.

Некеге қанағаттануына арналған тест-сауалнама. Сауалнама некеге қанағаттану-қанағаттанбау дәрежесін, сондай-ақ некеге қанағаттануды келісу және келіспеу дәрежесін диагностикалауға арналған. Сауалнама әр түрлі салаларға қатысты 24 бекітуден тұратын бір өлшемді шкала болып табылады. Әрбір бекітуге жауаптың үш нұсқасы сәйкес келеді: а - «дұрыс»; б - «айту қиын»; в - «дұрыс емес». Сыналушыларға әрбір тұжырымды мұқият оқып, жауаптың бір нұсқасын таңдау ұсынылады.



Сурет 3. «Некеге қанағаттану» әдістемесі бойынша көрсеткіштер гистограммасы

Зерттеудегі іріктемеде некеде тұратын және тұрмайтын ерлер мен әйелдерде «жыныстық саланың маңызын бағалау» және «жыныстық қатынас» сияқты шкалалар арасында кері байланыс анықталған деп айтуға болады. Оның үстіне бұндай шкалалар некедегі ерлер мен некеде емес әйелдердің некедегі емес ерлерге және некедегі әйелдерге қарағанда жоғары. Бұл ерлердің де, әйелдердің де отбасылық өмірдегі жыныстық үйлесімді қарым-қатынасты маңызды деп санайтынын көрсетеді. Некеде тұрған әйелдерде «тәрбиелеуші» және «балаларға деген көзқарас» сияқты шкалалардың өзара байланысы байқалған, әйелдерде бұл шкалалар арасындағы байланыс нашар.

Осылайша, нәтижелерді өңдеу және түсіндіру кезінде мынадай қорытындылар жасауға болады. Жынысы бойынша, некеде тұрмайтын ерлер мен әйелдер арасындағы салыстырмалы талдау нәтижесінде:

1) Ерлер: борышқа бағдарланған; бірлескен қызметке; ажырасу туралы мәселеге адал қарайды; үй шаруашылығын жүргізуге өзіндік белсенді қатысады; балаларды тәрбиелеудегі өз міндеттеріне неғұрлым бағдарланған; ата-ананы негізгі құндылық деп санайды.

2) Әйелдер: отбасындағы тең құқыққа бағдарланған; серіктестің елеулі кәсіби мүдделерге ие болуына және белсенді қоғамдық рөл атқаруына бағдарланған; ерлі-зайыптылардың тұлғааралық өзара іс-қимылы процесіндегі негізгі құндылықтар болып табылатын отбасылық мүдделердің маңыздылығын білдіреді; олардың серіктесі отбасындағы эмоциялық көшбасшы рөлін өз мойнына алғанын қалайды; сәнді болуға ұмтылады; сыртқы келбеттің қазіргі заманғы үлгілеріне неғұрлым бағдарланған.

Жынысы бойынша некеде тұрған ерлер мен әйелдер арасындағы салыстырмалы талдау нәтижесінде:

1) Ерлер: бала тәрбиесіндегі өз міндеттеріне бағдарлану.

2) Әйелдер: серіктестерден шаруашылық-тұрмыстық мәселелерге неғұрлым белсенді қатысуды күтеді; жолдастың балаларды тәрбиелеуге қатысуына анағұрлым айқын ұстаным; серіктестің елеулі кәсіби мүдделерге ие болуына және белсенді қоғамдық рөл атқаруына бағдарланған; ерлі-зайыптылардың тұлға аралық өзара іс-қимылы процесіндегі негізгі құндылықтар болып табылатын отбасылық мүдделердің маңыздылығын білдіреді;

Неке мәртебесі бойынша салыстырмалы талдау нәтижесінде некеде тұратын және тұрмайтын әйелдер арасында:

1) Некеде тұрмаған әйелдер: отбасындағы тең құқылық өзекті; олардың жолдасы отбасындағы эмоциялық көшбасшы рөлін өз мойнына алатынына көбірек бағдарланған.

2) Некеде тұрған әйелдер: үй шаруашылығын жүргізуге белсенді қатысуға бағдарланған; балаларды тәрбиелеудегі өз міндеттеріне бағдарланған; ата-ананың функциялары маңызды, ананың рөліне үлкен мән береді.

Корреляциялық талдау нәтижесінде мынадай қорытындылар жасауға болады:

1) Некеде тұрмайтын әйелдердің үй шаруашылығын жүргізуге өзіндік белсенді қатысуы жоғары болғанда, адам өміріндегі балалардың рөлі маңызды болып табылады, романтикалық махаббатқа бағдарланады, әйелдің рөлі туралы

дәстүрлі түсінік анағұрлым маңызды. Сондай-ақ бала тәрбиесіндегі міндеттердің маңыздылығы артқан кезде жыныстық тақырыпқа тыйым салу күшейе түседі.

2) Некеде тұрған әйелдерде балалардың маңызды рөлі кезінде бала тәрбиесіндегі өз міндеттеріне бағдарлану артады, сондай-ақ ана рөлінің мәні артады, ата-ананың құндылығы артады.

3) Некеде тұрмайтын еркектерде ерлі-зайыптылардың қызметі туралы бірлескен іс-әрекетке бағдарланған кезде мүдделердің ортақтығы артады. Серіктестен тұрмысты ұйымдастырудың белсенді оқуына, сондай-ақ отбасын тұрмыстық ұйымдастырудың маңыздылығына қойылатын жоғары талаптарға арналған қондырғылар ұлғайған кезде балалардың ер адамның өміріндегі рөлі неғұрлым маңызды болады және бұл ретте әйелдің рөлі дәстүрлі түрде, сондай-ақ ата-ананың құндылығы артады.

4) Некеде тұрған ерлерде жасөспірімдер көбейеді және некеге адамгершілік дайындығы отбасылық қатынастағы борыш белгілерімен ұштасады, ерлі-зайыптылардың отбасылық өмірдің барлық салаларындағы бірлескен қызметіне бағдарлану артады. Борышқа айқын бағдарланған кезде ерлі-зайыптылардың осындай ата-аналық ұстанымына орнатудың айқындығы артады, бала тәрбиелеудегі өз міндеттеріне бағдарланудың айқындығы артады, әкенің рөліне үлкен мән береді және оны құндылық деп санайды. Балалардың отбасы өміріндегі рөлі неғұрлым маңызды болған сайын, ерлі-зайыптылардың ата-ана рөліндегі белсенді ұстанымы соншалықты маңызды, ерлердің өздері әкенің рөлін өте маңызды деп санайды, өйткені ата-ана негізгі құндылыққа айналады. Ерлі-зайыптылардың бірлескен қызметіне бағдарланған кезде өмірдің барлық салаларында мүдделердің, қажеттіліктердің, құндылық бағдарлардың, жолдау уақытының тәсілдерінің ортақтығы артады.

Жынысы бойынша салыстырмалы талдау нәтижесінде некеде тұрмайтын іріктеу үшін ерлерге борышқа, сондай-ақ бірлескен қызметке бағдарлану неғұрлым тән екендігі, шаруашылық-тұрмыстық мәселелерде неғұрлым белсенді болғанды жөн көретіндігі, сондай-ақ әкенің рөліне үлкен мән беретіндігі анықталды. Әйелдер серіктестерінен белгілі бір тәуелсіздікке ие болуға бейім, ажырасу туралы мәселеге неғұрлым қатаң қарайды, отбасындағы тең құқыққа бағдарланған, неке серіктесінің кәсіби мүдделеріне және оның белсенді қоғамдық рөліне бағдарланған, өздерінің кәсіби мүдделерін білдіруді жөн көреді, олардың серіктестері отбасындағы эмоциялық көшбасшы рөлін өз мойнына алуды жөн көреді.

Жынысы бойынша салыстырмалы талдау нәтижесінде некеде тұрған іріктеу үшін еркектер әкенің рөлін басты құндылық деп санайтыны анықталды. Әйелдер серіктестерінің шаруашылық-тұрмыстық мәселелерге белсенді қатысуына бағдарланған, балалар тәрбиесіне әріптестің қатысуына айқын ұстанымы бар,

кәсіби қызметі мен әлеуметтік белсенділігі маңызды, өздері үшін де, жолдастар үшін де, өзіндік тартымдылығы бар, олар сән бойынша киінуге және стильді көрінуге ұмтылады.

Әйелдер арасындағы неке мәртебесі бойынша салыстырмалы талдау нәтижесінде некеде тұрмайтын әйелдердің отбасындағы тең құқыққа бағдарланғаны, олардың серіктестерінің отбасындағы эмоциялық көшбасшы рөлін өз мойнына алуын қалайтыны анықталды. Некеде тұратын әйелдер үй шаруашылығын жүргізуге, сондай-ақ балаларды тәрбиелеуге белсенді қатысуға бағдарланған.

Жынысы бойынша корреляциялық талдау нәтижесінде әйелдерде романтикалық типтегі махаббатқа қатынас және шаруашылық-тұрмыстық талап қою сияқты шкалалар арасындағы оң өзара байланыстар мәнінің теріс бағасы анықталды. Ерлерде жұбайымен жеке сәйкестендіру және жұбайлардың дербестігіне немесе тәуелділігіне көзқарасы, балаларға және ата-ана-тәрбие күтулеріне көзқарасы, балаларға және ата-ана-тәрбие күтулеріне көзқарасы сияқты шкалалар арасындағы оң өзара байланыстар, сондай-ақ жыныстық қатынастың мәнін бағалау, отбасының патриархалдық немесе эгалитариялық құрылымына қатынасы сияқты шкалармен теріс анықталған.

Осылайша, отбасылық өмірге психологиялық дайындықтың жыныстық ерекшелігі бар деген болжам, атап айтқанда әйелдер ерлерге қарағанда некеге дайындығымен сипатталады. Сондай-ақ, отбасылық өмірге психологиялық дайындыққа әсер ететін негізгі фактор отбасы өмірінде тәжірибенің болуы болып табылады деген болжам зерттеу барысында расталмады.

Алайда, ер мен әйелдің отбасылық қарым-қатынасы мен өзара қарым-қатынасы қаншалықты өзгерсе де, табысты отбасылық қарым-қатынастарды құру және қолдау үшін базалық қасиеттер тұрақты болып қалады. Бұл қасиеттерге сабыр, құрмет, эмпатия, жанашырлық, ымыраға ұмтылу, өзара көмек жатады. Жыныстық қағидат бойынша некеге тұру себептері, некеге тұру жасы, балаларға қатысты және ажырасуға қатысты айырмашылықтар байқалады. Әйелдер ресми некеге бейім, еркектерге қарағанда балалы болуға дайын және ажырасуға моральдық тұрғыдан дайын емес. Ерлер сынамалы азаматтық неке нұсқаларын қарастырады, көп балалы болғысы келеді және қайтадан некеге тұруға дайын. Осы жұмыста эмпирикалық зерттеу жүргізу кезінде дәл осындай жалпы заңдылық байқалды.

Әдебиеттер

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Калина, Р.Р. Введение в психологию семейных отношений [Текст] / Р.Р.Калина. – СПб.: Речь, 2008. – 352 с.
3. А. Рейс. «Круговая теория любви». 2-е издание. - М.: ИНФРА-М, 2007. 140 с.
4. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка: 100 000 слов, терминов и выражений. Москва: Мир и Образование. — 2019. — 1375 с.
5. Малярова Н. В. Мотивация брака и прогноз психологического вмешательства / Н. В. Малярова // Семья и личность. — 1981. — С. 124 - 135
Игры и пособия для тактильной системы: при низкой сенсорной чувствительности: «Утяжелители для рук» «Утяжелители для ног». «Утяжелитель для плечевого отдела». «Массажные коврики». «Игольчатые мячики». «Жесткие и мягкие мочалки». «Сенсорные дорожки». «Мозаика». «Прищепки». «Шнуровки». «Застежки». «Водяной бассейн». с различными предметами, «Лото» «Вкладыши». Крупа: горох, фасоль. «Волшебный мешочек» и т.д.

При высокой сенсорной чувствительности:

«Мягкие мочалки»

«Сенсорные дорожки»

«Водяной бассейн»

«Мягкие кисточки»

Необходимо всегда предупреждать ребенка, что вы собираетесь прикоснуться к нему, приближайтесь к нему только спереди, постепенно, аккуратно познакомьте ребенка с различной текстурой материалов. Все эти игры и материалы используются для регулирования тактильной чувствительности ребенка и способствуют улучшению координации движений, лучшему осознанию собственного тела в пространстве, значительному развитию мелкой и крупной моторики, пониманию свойств и качеств предметов, осознанию себя в окружающем мире

Игры и пособия для слуховой системы:

При низкой сенсорной чувствительности:

- Разговаривайте с ребенком тихо, не повышая голос.
- Старайтесь уменьшить внешние звуки (закрыть окно, дверь)
- Используйте только тихую музыку
- Создайте ребенку специальное место, для занятий отгородив его, например, ширмой.
- Можно использовать беруши, наушники при попадании в шумные места.
- Использование визуальных подсказок при перемещении.

При высокой сенсорной чувствительности:

- Использование визуальных подсказок.
- Использование карточек.
- Использование ритмических, музыкальных произведений в сопровождении движений.
- Пропевание логоритмических цепочек.
- Имитация звуков окружающего мира.
- Занятия на соотнесение слова с изображением.

Выполнение словесных инструкций и т.д.

Игры и пособия для проприоцептивной системы: при высокой сенсорной чувствительности: «Шнуровки» различных видов. «Мозаика». «Рисование». «Сенсорные дорожки» с различной структурой материалов: «Застежки». «Собери бусы» и т.д., подойдут все занятия для развития мелкой моторики.

Все эти игры и материалы используются для регулирования мышечного тонуса, стимуляции проприоцептивной системы, позволяют ребенку лучше контролировать свои части тела, улучшить общую и мелкую моторику, улучшить координацию движений, способствуют повышению концентрации внимания.

Одним из современных средств реализации метода сенсорной интеграции является специально оборудованная сенсорная комната.

«Зеркальное рисование»

Улучшает координацию «рука-глаз» и выполнение творческих заданий. Интегрирует работу обоих полушарий мозга, способствует развитию координации движений всего тела, способствует творческому самовыражению, пространственному видению. Чтобы нейроупражнения приносили максимальную пользу детям, соблюдайте эти рекомендации:

1. выполняйте упражнения ежедневно. Хорошее настроение ребенка – обязательное условие : если ребенок не в духе, перенесите занятие на другое время.
2. обязательно демонстрируйте все упражнения и помогайте ребенку правильно выполнять их.

3. если какое-то упражнение дается ребенку легко – пришло время усложнить его и ускорить темп.

5. занимайтесь не дольше 7-10 минут в день в зависимости от возраста ребенка. Всего в комплексе должно быть не больше 5-6 упражнений.

6. время от времени меняйте упражнения, чтобы занятия не наскучили ребенку.

Нейрогимнастика – не только легкий и увлекательный способ улучшить работу мозга, который подходит как взрослым, так и детям: это еще и прекрасный вариант совместного времяпровождения для вашей семьи.

Устраивайте челлендж среди детей и родителей и обязательно покажите несколько упражнений бабушкам и дедушкам, ведь нейрогимнастика также является прекрасной профилактикой деменции!

Литература

Айрес Э.Джин «Ребенок и сенсорная интеграция». Изд. «Теревинф» Москва 2012г. Войлокова Е.Ф. «Сенсорное воспитание дошкольников с интеллектуальной недостаточностью». Изд. «Каро» М., 2005г. Сумнительная С.И., Сумнительный К.Е.Роберт Шрам «Детский аутизм и АВА» Изд.«Рама Пабблишинг» Екатеринбург 2013 Тара Делани « Развитие основных навыков у детей с аутизмом» Изд.«Рама Пабблишинг» Екатеринбург 2014 Составители: Битова А.Л., Борисовская О.Б. «Педагогика, которая лечит» Изд. «Теревинф», Москва 2013

Заманауи білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары

Каримова Ардақ Турсынахынқызы
КМКҚ«Нәзік» бөбекжайы

Тақырыбы : «Қазақстанда заманауи білім мен жаңашылдық».

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Педагогтың шеберлігі қандай жоғары болса да, педагог балалардың өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Балалардың тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Барлық дамыған елдер өзінің бірегей жоғары сапалы білім беру жүйесіне ие. Оқытудың нәтижесі сын тұрғысынан ойлау, өздігінен зерттеу және ақпаратты терең талдау дағдыларын меңгеруге тиіс. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандыру саясаты еліміздің даму стратегиясының негізгі бағыттарының бірі, себебі ХХІ ғасыр – білім беру жүйесін ақпараттандыру

ғасыры. Заманауи қоғамның негізгі бөлшегі – білімді ұрпақ. «Білімді ұрпақ» дегеніміз алдымызда жан-жақты білім нәрімен сусындатып отырған оқушы. Ал заманымыздың негізгі талабы – бүгінгі қоғамдағы ақпараттану желісінің негізгі құралы – компьютерді жетік меңгеру, ақпараттық-коммуникация құралдарын талапқа сай пайдалана алу, ақпарат алмасудың негізгі көзі – Интернет желісін тиімді пайдалану болып табылуда. Ақпараттық технологияның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Бүгінгі таңда әрбір отбасының күнделікті өмірге қажетті техникалық құралдарының бірі – компьютер. Компьютерге аяғын апылтапыл басқан сәбиден бастап, еңкейген кәріге дейін қызығушылық танытуда. Ал мектеп жасындағы балалар үшін компьютерді жақсы меңгеру, яғни әртүрлі бағдарламада жұмыс тәжірибесін жанындағы құрбысынан асыра көрсете алса, өзі құралыптастарының алдында бала беделін одан да жоғары көтеретіні сөзсіз. Компьютерге деген қызығушылықтың басқа да пәндерге деген қызығушылықтан басым түсе бастауы, оның әр күн сайын жаңа моделдерінің шығуы және заман талабына сай әртүрлі бағдарламалардың күніге саны артып келе жатуында деп ойлаймын.

Қазақстанда заманауи білім жаңашылығы білім жүйесіне енгізілді. Онда білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру – жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек. Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, «өмірдің өзгерістеріне дайын болатын», белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс

Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі мұғалімнің кәсіби шеберлігі. Солай бола тұра «кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары да жатады. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыруға арналған үш айлық курс бағдарламалары, білім беру жүйесінде педагогтар алдына жаңа міндеттер қойып, оларға үн тастады десек те болады.

Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі педагогтың кәсіби шеберлігіне байланысты. «Педагог көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек», -деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді. Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген

әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Білім алушылардың күтілетін оқу нәтижелері жетістігін бағалау жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бір бөлігі болып табылады. Жаңартылған орта білім беруді енгізу кезінде білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі қолданылады. Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы дәстүрлі бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалау болып ерекшеленеді.

Қалыптастырушы бағалауда білім алушыларға жаңа материалды меңгеру кезеңінде тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағанын және оқыту мақсаттарына қол жеткізгенін түсінуге мүмкіндік беретін бағалау. Жиынтық бағалау оқу тоқсанының соңында оқу бағдарламасының бөлімдерін оқып аяқтағаннан кейін білім алушылардың меңгерген білімі мен қалыптасқан дағдылары деңгейін айқындайтын бағалау. Критериалды бағалау мұғалімдер мен оқушылар және ата-аналарға да өте тиімді бағалау түрі, өйткені мұғалім үшін — сапалы нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға, өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға т.б., оқушылар үшін — табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге, өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсіп, түсінбегенін түзетуге мүмкіндік алады, сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге т.б., ата-аналар үшін — оның оқуындағы табыстылықты бақылауға, оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады. Жаңа бағдарлама педагогтерге қазіргі заманға оқыту әдістерін жеті модуль арқылы ұсынады.

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер. 2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. 3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау. 4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаоану. 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту. 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай білім беру және оқыту. 7. Білім берудегі басқарушы және көшбасшылық.

Дамыған елдердің білім беру жүйесінде мынадай тенденциялар байқалып отыр:

- білім беру философиясы мен әдіснамасының жаңаруы;
- білім беру мазмұнын құру әдістерінің өзгеруі, білім беру жүйесінде жетілдірілген модельдердің жасалуы;
- білім беруді басқарудың тиімді жолдарының қарастырылуы; жаңа білім технологияларының енгізілуі;
- оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы, сындарлы білім беру моделіне көшуі;
- терең және белсенді кәсіби бағдар берудің ерте жастан басталуы;

- ұрпаққа азаматтық – патриоттық, рухани-адамгершілік, көпмәдениеттілік, денсаулық сақтау және экологиялық тәрбие беру ролінің күшейтілуі, білім ұйымдарының оқушыны әлеуметтендірудегі ролінің артуы.

Қорыта келе оқушы иемденген білім, білік, дағдыларды құзыреттілікпен байланыста қарастыру негізінде оқушының қоғамдағы мәселелерді, өзгерістерді бағалау, оны өз тұрғысынан шешу қабілеттіліктерін дамытуға күш салынауда. Бұл орайда балалардың өзіндік жұмысының жаңа талаптарға сай ұйымдастырылуы өте маңызды. Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс. Балаларды заманауи әдіс –тәсілдермен оқытып, ой – өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Оның үстіне білім берудің жүйесін қарқынды дамытқан бұл үрдістің жалпы білім беретін мектептерге де енгізіле бастауы көңілді қуантады. Білімнің барлық саласындағы ақпараттардың үлкен легі, қазіргі қоғамның жылдам кәсіби қайта бағдарлауды, біліктілікті жоғарылатуды, адамның өмір жолының кез келген бөлігінде өзін-өзі дамыта алуы мүмкіндіктерін қамтитын икемді, бейімделген білім беру жүйесіне қажеттілігі «өмір бойғы білім» қағидатына негізделген заманауи білім беру парадигмасына ауысуға алып келді.

Инновационная деятельность педагога в условиях реализации модели развития дошкольного воспитания и обучения

Касенова Г.О. я/с № 30 «Қайнар» г. Астана, воспитатель.

Аннотация: В данной работе рассмотрена сущность инновации как явления в дошкольном образовании, ее значимость для развития системы дошкольного образования.

Ключевые слова: инновации, инновационный процесс, информационные технологии.

В настоящее время происходит непрерывное общественное развитие, связанное с научно-техническим прогрессом и информационным прогрессом. Информация охватывает все сферы общественной жизнедеятельности все больше расширяя и углубляя степень своего воздействия. Это требует модернизации в экономике, социальной сфере, и более всего реформирования образовательной системы, поскольку она занимается подготовкой специалистов по различным направлениям, способным к дальнейшему поддержанию и развитию прогрессивных инновационных процессов.

Инновационный процесс -это создание, освоение и применение инноваций, которые гарантируют успех перехода традиционной системы образования на новое качественное состояние. Инновации в дошкольном обучении предлагаются для понимания новых методов обучения, новых способов

организации образовательной деятельности, методы оценки образовательного результата.

Современные инновационные педагогические технологии в дошкольном образовании направлены на реализацию ГОСО.

Сейчас, без сомнения, все педагоги проводят занятия согласно новым требованиям. Практически в каждой организованной деятельности используются средства ИКТ: презентации, слайды-картинки, музыкальное сопровождение, обучающие видео и т.д.

Применение ИКТ на занятиях в детском саду привлекает внимание дошкольников, помогает решать образовательные задачи педагогу. Новые информационные технологии позволяют строить процесс обучения на основе зрительного (презентация, анимация), слухового (звуковые и видеоматериалы) и осязательного (интерактивная доска, клавиатура) восприятия.

Так, для младших дошкольников на занятии «Дикие животные» можно использовать презентацию с изображениями изучаемых животных в начале организованной деятельности, а затем продолжить его рисованием, играми. В средней группе можно немного усложнить подачу материала: в ОД «Зимушка-зима» включить презентацию «Признаки зимы», а также добавить видеоматериалы и видеозагадки по теме. В старших группах на занятии по изучению правил дорожного движения можно показать ребятам обучающий мультфильм, а затем провести беседу на эту тему.

Особо хотелось бы отметить технологию «ТРИЗ» (теорию решения изобретательских задач). Главная мысль в облегченной для детей дошкольного возраста технологии «Творчество во всем!» Суть ТРИЗ состоит в том, что необходимо научить ребенка логически размышлять. Отличительная черта технологии ТРИЗ заключается в том, что она может использоваться и начинающими педагогами, и имеющими многолетний опыт работы.

В настоящее время приемы и методы ТРИЗ с успехом используются во многих детских садах для развития у дошкольников творческого воображения, мышления, внимания, памяти, логики, для обогащения словаря и развития речи, что очень важно для будущего школьника. Инновационная деятельность является находкой для современных педагогов ДО.

Использование инновационных технологий по силам каждому педагогу, а их внедрение способствует выходу дошкольного образования на качественно новый уровень, доказывающий обоснованность обозначения дошкольного детства как начальной ступени образования в системе общего образования личности.

Литература:

Атемаскина Ю. В. Современные педагогические технологии в ДО. — М.: Детство-Пресс, 2011.

Альтшуллер Г.С. Найти идею. Введение в теорию решения изобретательских задач. - Новосибирск: Наука, 1991 год. Кудина Я. В. Инновационные технологии, применяемые в ДО /

Я. В. Кудина // Инновационные тенденции развития системы образования: материалы VI Междунар. науч.-практ. конф. (Чебоксары, 19 февр. 2017 г.)

Мазурчук Н. И. Инновационные образовательные теории и технологии / Н. И.

Социальная и психологическая ценность дошкольного детства, потребности среды в процессе воспитания и обучения детей с ООП

Касымова Майраш Еслямгалиевна

я/сад № 30 «Қайнар» г. Астана, педагог - психолог.

Аннотация: в статье рассматривается актуальная проблема развития личности детей с ООП, выделяется важность развития физического и психологического здоровья, а также безбарьерная социализация детей в обществе. Ключевые слова: потребность среды, инклюзивного образования, ООП, социальная, психологическая ценность.

Глобальные проблемы современности, не решенные до сих пор, подвели человечество к такому состоянию, где понятие «нормы» в отношении, например, здоровья, смещается в сторону какой-либо «патологии». В современном обществе огромное число людей имеют проблемы со своим психофизическим состоянием, какие-либо отклонения от нормы, группу инвалидности (нередко «ребенок-инвалид») и др.

Детство – фундамент жизни: без полноценного, наполненного детства последующая жизнь будет ущербной и не полной. Обращение к инклюзии в современности неслучайно. Дело в том, что традиционная система образования детей с ООП в специальных, нередко закрытых, образовательных учреждениях не рождает «социальную ситуацию развития» (по Л.С. Выготскому). В таких условиях у детей с ООП не формируются коммуникативные, познавательные и профессиональные умения, они оказываются изолированными от широких социальных контактов, предъявляя иждивенческие требования к социуму. До недавнего времени дети с ООП не могли учиться в обычных образовательных учреждениях. Проблема сдвинулась с места с началом развития инклюзивного образования в Казахстане. Инклюзивное образование предполагает равные права и возможности для удовлетворения всех нужд и потребностей детей в образовании независимо от состояния их здоровья.

Проблема развития личности у дошкольников является весьма актуальной, дети – наше будущее, поэтому главной задачей является подготовка их к дальнейшей самостоятельной жизни, они являются наиболее уязвимыми – в этом и определена, на мой взгляд, социальная и психологическая ценность дошкольного детства, потребности среды в процессе воспитания и обучения детей с ООП.

В современном мире происходит модернизация всех сфер жизни, в том числе, сферы образования. Происходит и изменение отношения к детям и взрослым с ООП: люди признают их права на уникальность и уважение.

Наиболее ярко подобная ситуация заявляет о себе в идеологии инклюзии, учитывающей природные задатки, интересы и способности детей с ООП. Потребность среды в процессе воспитания и обучения исходит от того, что каждый обучаемый – неповторимая и уникальная Личность со своими интересами, способностями и потребностями, требующая индивидуального подхода в процессе обучения и гибкости в разработке учебных программ, учитывающих эти особенности, поэтому индивидуальный подход требует от педагога высокого профессионализма, включающего в себя такие качества, как этичность, гибкость, деликатность, умение услышать и понять детей с ООП. Более того, инклюзивное образование формирует свою собственную шкалу ценностей (аксиологию), где ключевыми являются следующие принципы: каждый человек, независимо от способностей и достижений, имеет право на образование и поддержание приемлемого уровня знаний, самовыражение и личный прогресс, общение, дружбу и поддержку. Средовой подход производит анализ окружающей среды и ее влияние на то, чего достигает ребенок с ООП в процессе обучения.

Одним из главных подходов в рамках инклюзии можно назвать индивидуальный подход, зависящий от личности педагога, выстраивающего методику и стратегию обучения. Индивидуальный подход к обучаемым исходит из учета их личностных характеристик и знания психологии. В связи с этим вспомним слова Конфуция, сказавшего: «Не печалься, что люди не знают тебя. Печалься, что сам не знаешь людей» В этих словах сокрыт глубокий смысл: не гонись за славой среди людей, лучше изучай их психологию.

Благодаря инклюзивному образованию происходит снижение изоляции и отчуждения обучаемого, ребенок с ООП становится более активным, перестает чувствовать свою «особенность».

Итогом внедрения подобного образования является гармонически развитая личность, не дистанцирующая себя от общества и не чувствующая отчуждения, способная к самостоятельной и полноценной жизни в обществе.

Список использованной литературы

1. Аверинцев С.С., Давыдов Ю.Н., Турбин В.Н. и др. М.М. Бахтин как философ: Сб. статей. – М.: Наука, 1992. – С. 115.
2. Агацци Э. Идея общества, основанного на знаниях // Вопросы философии. – 2012. – №10. – С. 6.

3. Гиренок Ф. Удовольствие мыслить иначе. – М.: Академический Проект, 2010. – С. 16.
4. Князев Е.Н. Творческое мышление: натуралистическое видение // Творчество: эпистемологический анализ. – М.: ИФ РАН, 2011. – С. 22-23.
5. Маслов А. Конфуций. Прогулки с мудрецом. – Краснодар: Неоглори, 2010. – С. 307.
6. Пастернак Б. «Доктор Живаго». – М.: Мартин, 2010. – С. 390.
7. Рильке Р.М. Лирика. – М., 1965. – С. 232.
8. Творчество: эпистемологический анализ. – М.: ИФ РАН, 2011. – С. 4-5, 12.
9. Чучин-Русов А. Книга эпохи новой архаики // Общество и книга: от Гутенберга до Интернета. – М.: Традиция, 2000. – С. 169.
10. Щелкунов М.Д. Образованный человек в глобализирующемся мире.

Мектепке дейінгі ұйымдарда смарт цифрлық білім берудің маңыздылығы

Кенжебаева Айымгул Рыскалиевна
Батыс Қазақстан Орал қаласы
№ 34 «Балбұлақ» бөбекжайы

Андатпа: Мектепке дейінгі ұйымдарда цифрландыру жұмысын жүзеге асыру жолдары қарастырылған. Цифрлық технологияларды енгізу міндеттеріне талдау жасалып және оның игертуде мемлекеттік бағдарламаға сәйкестендіре отырып, дамыту мүмкіндіктері қарастырылған. Цифрлық құралдарды білім беру процесінде қолдану - заман талабы.

Смарт-білім беру идеяларын іске асыру тәжіребесін және білім беру процесіне цифрлық технологияларды енгізу бойынша озық тәжіребемен алмасу.

Цифрлық технологиялар қазіргі заманғы адамның өміріне белсенді түрде еніп, қоғам мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналуға бастады. Цифрландыру адамның психикалық дамуына әсер ете алмайды, өйткені тез өзгертін әлем шешім қабылдаудың жоғары жылдамдығын, жылдам ақпаратты өңдеуді талап етеді. Заман талабына сай қазіргі таңда балалар сандық кеңістік әлемінде өмір сүреді, яғни олар виртуалды өмір мен шынайы өмірді бір-бірінен ажыратып қарастырмайды. Қазіргі балаларға арналған негізгі экран – смартфон, олар оны қолының және миының жалғасы ретінде қабылдайды. Сол себепті балалар көбінесе гаджеттер мен цифрлық құрылғылардың жұмысын интуитивті түрде меңгереді де, олар сандық кеңістікке бақылаусыз қосылады. Сондықтан да цифрлық ұрпақ балаларының цифрлық құрылғыларға тәуелді болып қалмауы мен олардың зиянды жақтарын бойына сіңіріп алмаулары үшін цифрлық сауаттылық сабақтарын жүйелі және жоспарлы оқытуды қажет етеді. Танымдық – зерттеу қызметінің маңызды бағыттарының бірі – балалардың ғылыми – техникалық шығармашылығы. Бөбекжайымыз осы саладағы ең инновациялық бағыттардың бірі – техника негіздерін және ақпараттық модельдеуді, бағдарламалауды, ақпараттық технологияларды зерттеудің классикалық

тәсілдерін біріктіретін «Цифрлық сауаттылық» бағдарламасын енгізіп отыр. Бағдарламаның нысаналы мақсаты оның мүдделерін, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде әрбір баланың біртұтас дамуын қалыптастыру және әлеуетін ашу жөніндегі МЖМБС талаптарын есепке алады. Бағдарлама бұл мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік дамуы үшін керемет құрал. Негізгі назар балалардың әртүрлі іс – әрекеттері процесінде (ойында, жобалауда, құрастыруда) балалардың тәуелсіз «ашылуларын» ұйымдастыруға бағытталып, мұғалімге балалардың білімін, тәрбиесі мен дамуын ойын режимінде біріктіруге мүмкіндік береді және әр баланың жеке даму және өзін – өзі дамыту траекториясы бойынша – өз қарқынымен, мүмкін болатын максимум деңгейінде алға жылжуы үшін жағдайлар жасалады. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру арасындағы мазмұн, технологиялар, әдістер сабақтастығы қамтамасыз етіледі, одан әрі даму перспективасына вектор анықталады «Цифрлық сауаттылық» бағдарламасы және ақпараттық технологиялар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың интеллектуалды қабілеттерін дамытуды мақсат етіп отырмыз. Бағдарламаның мақсатына жету жолында өзімізге мынадай міндеттерді анықтап алдық, яғни әлемнің тұтас жаратылыстану – ғылыми бейнесін қалыптастыра отырып, ғылыми – технологиялық және инженерлік ойлаудың алғышарттарын жасай отырып, дарынды және 19 жоғары ынталы балаларды анықтау және қолдау үшін жағдай жасаймыз, әрі балалар мен ересектердің ынтымақтастығына жәрдемдесеміз арқылы балаларға ерте кәсіби бағдарлау үшін жағдай жасаймыз. Бағдарлама балалардың танымдық дамуына, олардың зияткерлік қабілеттерін дамытуға және инженерлік – техникалық шығармашылықпен айналысуына бағытталған. Білім беру процесін екі негізгі ұйымдастырушылық модель түрінде жүргізуге болады: ересектер мен балалардың бірлескен қызметі және балалардың өзіндік қызметі. Осы білім беру модельдерін іске асыру балаларды ынтымақтастық, ересек – бала серіктестігі позицияларында ұйымдастырылған қызметтің әртүрлі түрлеріне қосу арқылы оқытуды көздейді. Ол өзіне мақсат қоя алады және әрекет ете бастайды, тартымды әрекеттің үлгісін көрсетіп, балаларға оған қосылуға мүмкіндік береді. Серіктестік позицияны жүзеге асырудың тағы бір тәсілі – ересек адам балаларға проблемалық жағдайды ұсынады «мұны қалай жасауға болады...». Мұндай тәсіл балаларға таңдау мүмкіндігін қалдырады. Ересек адам балалар ұсынған гипотезаларды талқылауға, сондай-ақ оларды тәжірибелі және сауатты серіктес ретінде балалармен тең дәрежеде тексеруге қатысады. Біз бұл позицияны шартты түрде «серіктес – қатысушы» деп белгілей аламыз. Модельдеудің әрқайсысы нақты білім беру жағдайына байланысты қолданыла алады Білім беру оқиғасы, жобалау және зерттеу қызметі ересектермен бірге ойын, эксперимент арқылы жүзеге асырылады. Бағдарлама тақырыптарының мазмұны балаларды өз дамуында тікелей бақылау мен ойын, эксперимент және өнімді қызмет арқылы техникалық және көркем шығармашылыққа, танымдық ізденіс жағдайын жасауға бағытталған қолданбалы шығармашылық және зияткерлік жобаларды құруға итермелейді. Бағдарламалау негіздерін қолдану және цифрлық мазмұнды пайдалану балаларда абстрактілі ойлау мен сананың символдық функциясының дамуына

әкеледі, техникалық шығармашылықтың дамуына ықпал етеді. «Цифрлық сауаттылық» бағдарламасы аясындағы оқу қызметтері Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу кеңістікте полисенсорлық қабылдау және бағдарлау дағдыларын қалыптастыруға, сенсорлық ақпаратты саралау, сенсорлық тәжірибені жинақтау, тақырыптық әрекеттерді игеру және ойлау процестерін белсендіру, қарапайым сындарлы идеяларды қалыптастыруға бағытталған. Білім алушының психофизиологиялық денсаулығын сақтауға, білім алушының жалпы білім беру қызметіне оңай қосылуына, өз қабілетін іске асыруына жайлы білім беру ортасы ықпал етеді. Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен бағдарламаны оқыту жаңа педагогикалық әдістер мен тәсілдерді, оқытудың интерактивті әдістері мен құралдарын енгізуді талап етуде. Егер интерактивті әдістер мен құралдар кеңінен қолданылатын болса, білімді қабылдау салыстырмалы түрде жеңіл жүзеге асады. «Цифрлық сауаттылық» бағдарламасы бүгінгі күннің заман талабы десем артық болмас. Мектепке дейінгі жас – ақпараттық сауаттылықтың алғышарттарын үйретудің ең жақсы кезеңі. Балабақшадағы бағдарламалау сабақтарының арқасында балалар осындай ерте жаста проблемаларды анықтауға, бірлесіп жұмыс істеуге, ерекше шешімдер табуға және әр сабақ сайын жаңа ашылулар жасауға үйренеді. Яғни қалыптасып келе жатқан тұлғаның дамуын дұрыс арнаға бұру–әр педагогтың міндеті. Осы орайда еліміздің ертеңіне үлес қосып жүргенімді мақтан тұтамын. Қазіргі біз бағдар берген тәрбиеленушілердің арқасында елімізде жеке әлеуметтік платформалардың пайда болмасына кім кепіл. Сол үшін білімді ұрпағымыз көп болсын демекпін.

Көрнекі ақпаратты рәсімдеу. АКТ көмегімен топ ата-аналарымен бірге сынып бұрышын безендіруге арналған иллюстрациялық материалды, стендтерді, папкаларды, папкаларды, буклеттер, фотокөрмелерді, көшірме парақтарын, жадынамаларды, фотогазеттерді безендіруге арналған ақпараттық материалды таңдауды жүзеге асырамын. Топпен жұмыс уақытында қажетті қалташалар: мысалы, жыл мезгілдері бойынша жылжу, «Қыстағы серуендер», «Аналар күні», «Ұсақ моториканы дамыту», қауіпсіздік ережелері туралы буклеттер (Microsoft Office Publisher бағдарламасында), консультациялар «Бала өміріндегі ашық ойындар», «Дұрыс қалып», «Баланың мінез-құлқының ерекшеліктері» т.б. ата-аналармен ақылдаса отырып жасалды. Таңдалған материалдың түрлі-түсті, көрнекті болуы ата-аналардың назарын аударады, қажетті ақпаратты қабылдауды жеңілдетуге көмектеседі және олардың қарымқатынасына себеп болады. 2. Презентациялар, бейнероликтер, слайд-шоулар жасау. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара әрекеттесу үшін АКТ-ны қолданудың маңызды элементі Power Point бағдарламасында әзірленген материалдарды пайдалана отырып, тақырыптық ата-аналар жиналыстарын, кеңестер өткізу болып табылады. Мен көптеген кездесулерді ерекше, яғни дәстүрлі емес форматта презентацияларды пайдалана отырып жүргіземін. Кездесулердің тақырыптары мейлінше әртүрлі болады: «Мейірімділікке тәрбиелеу», «Баланың зейінді болуына қалай көмектесуге болады?», «Балалардың сөйлеуін дамыту» және т.б. АКТ-ны қолдану арқылы

ата-аналар жиналысын өткізудің дәстүрлі емес әдісі -ата-аналардың балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелеріне қызығушылығын арттырып, олардың жиналысқа қатысуын, атааналардың мәселелерді шешу белсенділігі айтарлықтай арттырады. Cap-cat, Videoleap, Windows Live Movie Maker, InShot видеоредакторлары арқылы жасалған видеофильмдер мен слайд-шоулардың көмегімен («Түрлі-түсті апта», «Бөбекжайдағы өмір», «Рөлдік ойындар және т.б.) ата-аналарға балаларының бөбекжайда (топ ішінде) болып жатқан қызықты өмірлерін көруге мүмкіндік береді. 3. Желіде өзара онлайн әрекеттесуді ұйымдастыру. * Электрондық поштаны пайдалану. Электрондық поштаны пайдаланудың артықшылықтары ата-аналардың назарына ақпараттың үлкен көлемін жеткізуге болады, отбасымен жеке қарым-қатынасты жүзеге асыруға болады. Біз өз тәжірибемізде электронды пошта арқылы конкурстарға материалдар, ата-аналармен өткізілетін іс-шаралар сценарийлерімен алмасу үшін қолданамыз. * Ұялы телефонмен байланысы. Әрбір ата-анада тәрбиешінің ұялы телефоны бар, сонымен қатар топта барлық ата-аналардың телефондарының тізімі бар. Балалардың атааналары тәрбиешіге қоңырау шалуға, SMS хабарлама жіберуге, өздерін мазалаған сұрақ қоюға немесе мәселе туралы хабарлауға болатынын біледі. Ұялы телефонды қолданудың артықшылығы ата-аналармен тікелей диалогты жүзеге асыру, ақпараттың жедел жетуінде. * ВК-дағы әлеуметтік желісінде топтың беті. «Вконтакте» әлеуметтік желісі ақпараттық және танымдық қызмет атқарады. * «Ер Төстік» бөбекжайының <https://balkhash.goo.kz> жеке сайты. Интернетте балабақшаның жеке сайтының болуы ата-аналарға мектепке дейінгі білім беру мекемесінің өмірі туралы, барлық іс-шара, жетістіктер, хабарламалар ресми ақпараттарды жылдам алуға, нормативтік құжаттармен танысуға мүмкіндік береді. Қорыта келгенде, мектеп жасына дейінгі балалардың отбасыларымен өзара әрекеттесуде АКТ-технологияларын қолданудың артықшылықтары келесідей:

- * ата-аналарға ағымдағы бағдарламалардан хабардар болу мүмкіндігі беріледі;
- * ата-аналардың ақпаратқа қол жеткізу уақыты барынша қысқарады;
- * оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін, баланың дамуын-дағы жетістіктер мен проблемаларды жедел хабардар ету қамтамасыз етіледі;
- * тәрбиешінің балабақшадағы баланың іс-әрекетіне қатысты фотоматериалдарды көрсету мүмкіндігі іске асады;
- * балалардың ата-аналарына жеке көзқарасты қамтамасыз етеді,
- * тәрбиеші мен топтың ата-аналары арасындағы виртуалды диалог;
- * Ата-аналар балабақша тәрбиешісімен қарым-қатынас жасауға ынталы.

Коммуникациялық және ақпараттық технологиялардың әртүрлі түрлерін тәжірибеге енгізу арқылы ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысу дәрежесі айтарлықтай артқанын көре аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Олешков М.Ю. Профессионально-педагогические технологии в теории и практике обучения: Сборник научных трудов. — Екатеринбург: РГППУ, 2005

2. Абаева А. «Жаңа ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдану». Информатика негіздері 2012, №1
3. Аюбаева Т. Ақпараттық технологияларды оқыту үрдісінде. Қазақстан мектебі 2008, №11

Ата-аналармен тәрбие жұмысын ұйымдастырудың тиімділігі

МКҚК №66 «Толағай» балабақшасы, Астана қаласы
Кенжебекова Салтанат Тойлыбекқызы
ортаңғы топ тәрбиешісі

Білім саласының үздіксіз дамуы, жаңа өзгерістерге бет бұруы қоғам мен адам құндылығының жедел ауысуын қамтамасыз етеді. Адамзат өркениетінің алға қарай жылжуы өмірге бейімделгіш жаңа талаптар мен шарттардың, әдістер мен технологиялардың туындауына негіз болды. Осы орайда, Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Ислам ынтымақтастығы ұйымының (ИЫҰ) ғылым және технология жөніндегі саммитінде «Еліміздің келешегі ғылыми-техникалық және инновациялық даму саласындағы жетістіктерге байланысты болмақ. Қазақстанның ғылымы мен білімі барлық саланы дамытатын күшке айналуы тиіс»-деген болатын. Бұл инновация мен технологияны дамытуға берілген мүмкіндік. Себебі, кез-келген дамыған мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік-мәдени, білім ресурстары инновациялық технологиялар арқылы көрінеді.

Қазіргі әлемде сыни ойлай білетін, шығармашылық шешімдер қабылдай алатын шығармашылық тұлғаларға қажеттілік туындайды. Білім беру жүйесі осындай тұлғаларды дайындауға аса көңіл бөлуде. 21 ғасырдағы білім беру жүйесі мұғалімдер, тәрбиешілер ынтымақтастықты кеңейтуді көздейді, оның шеңберінде мұғалімдер, тәрбиешілер бірлесіп жұмыс істей алады, инновациялық және тиімді идеялармен алмасады, осылайша оқыту мен білім беруде практикалық қызметте қолданылатын тәсілдердің әсерін күшейтеді.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында ата-аналармен жұмысты тиімді ұйымдастыру барысында «Lesson Study» әдісін қолдану маңызды. «Lesson Study» әдісі жаңа форматта оқу-тәрбие үрдісін ұжымдық ұйымдастыруды, жоспарлауды, жобалауды және нәтижені бағалауды білдіреді. Бұл алғаш рет Жапония мектептерінде қолданылған болатын. Lesson Study әдісі топта командалық жұмыс істеу дағдысын дамытады.

«Lesson Study» – педагог тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы, тәрбиедегі іс-әрекетті зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық әдістеме. «Lesson study» әдісінде тәрбиешілер балалардың қалай оқитынын, сабақ нәтижесінде өз іс-әрекетінің қалай ойлайтынын және өзгертетінін мұқият зерттейді.

Балабақша мен отбасы қоғамның әлеуметтік институты ретінде баланың дамуы мен қалыптасуының маңызды бір бағыты болып табылады. Сондықтан да ата-анамен жұмысты ұйымдастырудың белсенді әдістерін іздестіру және оны тиімді қолдану тәрбиешінің міндеті. Ол тәрбие процесінде жүзеге асады.

Бірнеше педагогтер бірігіп, тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуді жоспарлайды. Барлық педагогтер бірге жұмыс істеп, бірыңғай зерттеу тақырыбын тандайды. Олар бірге ақпарат жинап, «Lesson Study» соның негізінде өткізеді.

Балабақшада ата-аналармен жұмыс істеу үшін осы «Lesson Study» әдісін қолданған кезде төмендегі бағыттарды жүзеге асыру қажет:

Команда құру. Белгілі бір тақырыпта тәрбие іс-шарасын өткізу үшін тәрбиешілер мен ата-аналардың командасын құру.

Ата-аналардың қажеттіліктерін талдау. Ата-аналар арасында олардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын ескере отырып, сауалнама жүргізу. Бұл ата-аналармен жұмыс істеудің мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыруға көмектеседі.

Тәрбие іс-шарасын жоспарлау. Тәрбиешілер мен ата-аналар тобы қарым-қатынас жасау үшін қолданылатын іс-шараны жоспарлайды.

Іс-шараны өткізу. Балабақшада бұл іс-шаратәрбиешілер мен ата-аналар тобының қатысуымен өткізіледі. Іс-шара барысында ата-аналар сұрақтар қойып, өз ойларымен бөлісе алады.

Талдау және талқылау. Іс-шараны өткізгеннен кейін тәрбиешілер мен ата-аналар тобы оны талқылау үшін жиналады. Ата-аналармен қарым-қатынасты жақсарту үшін іс-шараның өту мазмұнын, сапасын, мүмкіндіктерін талқылау.

Рефлексия және келесі қадамдарды жоспарлау. Педагогтер мен ата-аналар тобы бірге өткізілген шараға рефлексия жасайды, тәжірибеден алған жетістіктері мен іс-шараларын көрсетеді.

«Lesson Study» әдісін қолдана отырып, балабақшада жұмыс жасау кезінде ата-аналарды шешім қабылдауға, ақпарат алмасуға және кері байланысқа қосуды есте ұстаған жөн. Бұл балабақша мен ата-аналар арасындағы серіктестікті нығайтуға, сондай-ақ балалардың дамуы мен оқуы үшін жақсы жағдайларды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар ата-аналар конференциясын өткізуге болады. «Lesson Study» әдісін қолдану арқылы конференцияның тақырыбын анықтауға болады.

Ата-аналар конференциясында тәрбиеге байланысты өзекті проблемалар назарға алынады. Конференция барысында ата-аналар өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, баланы тәрбиелеудің тиімді жолдарын ұсынады. Тәрбиедегі келеңсіз жағдайлардың алдын-алуға көмектеседі.

Конференцияда әртүрлі тақырыптар қарастырылады. Атап айтсақ, «Бүгінгі отбасының құндылықтары», «Отбасына психологиялық көмек», «Баланы ғаламторға тәуелділіктен қалай құтқаруға болады», «Баланы тәрбиелеуде қолданатын жаңа әдістер» т.б. Осы тақырыптардың аясында ата-аналар мен тәрбиешілер бірігіп, топтық талқылау өткізеді. Тәрбие саласындағы өзекті мәселелердің шешімін табуға ұмтылады. Бір-бірімен тәжірибе алмасады. Бірнеше топтың тәрбиешілері және ата-аналар қатысады.

Сонымен қатар тәрбие барысында ата-аналармен тренинг өткізуге болады. Тренингті ұйымдастыру барысында психолог маманнан кеңес алу қажет. Тренингтің психологиялық, эмоционалдық ерекшеліктерін ескеру маңызды. Ата-аналар тренинг барысында топтық команда құрып, өзара әрекеттеседі.

Зерттеу проблемасын анықтайды. Тренинг барысында ата-аналар көптеген сұрақтарына жауап іздестіреді. Сол арқылы шешім қабылдауға үйренеді. «Отбасындағы жылулық», «Ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынас», «Менің балам қандай?» т.б. тақырыптарда тренинг өткізу педагогикалық қарым-қатынастың стилін өзгертуге мүмкіндік береді. «Lesson Study» әдісі бойынша тренингті бірнеше кезеңге бөлу арқылы жоспарлауға болады. Мысалы, бірінші кезең, ата-ана тәжірибесін талқылау. Екінші кезең, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас.

Үшінші кезең, практикалық дағдыларды нығайту үшін жаттығулар мен ойындарды қамтуы мүмкін. «Lesson Study» ынтымақтастық пен тәжірибе алмасуға негізделген. Осы орайда тренингті өткізу барысында ата-аналар мен тәрбиешілер тәжірибе алмасады, отбасындағы, қарым-қатынастағы мәселелерге көзқарастарын білдіреді.

Тәрбиеші тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында тәрбиенің өзекті мәселелерін іздестіруде ынтымақтастыққа құрылған бірлескен шығармашылық әрекетін ұйымдастырады, мұнда ол үйлестірушінің, кеңесшінің, тьютордың рөлін атқарады.

Оқушыларға тәрбие беруде, білім сапасын жақсарту жолында, мектеп, ата-ана және оқушы бірлесе отырып, жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Осы орайда «Ашық есік» күнін ұйымдастыру оқу-тәрбие үрдісінің ашықтығын көрсетеді. Ата – аналар үшін «Ашық есік» күні жақсы нәтиже береді. Себебі, ата-аналар сынып жетекшісінің де, пән мұғалімдерінің де сабақтарына қатыса алады.

Lesson study әдісін ата-аналармен коучинг өткізу барысында қолдануға болады. Тәрбиешілер мен ата-аналар командасы құрылады. Команда мүшелері «Lesson study» коучингіне қатысып, Интернет-ресурстардың материалдарымен танысады. Топ мүшелері арасында рөлдер бөлінеді: модератор, тәрбиеші, АВС балалардың назарын бақылаушылар, хатшы және оператор. Зерттеу үшін Lesson study процесін өткізу жоспары, іс-шараны өткізу кестесі жасалды.

Осылайша, «Lesson study» зерттеуінің негізгі тақырыбы құрылды: «Балалардың тілін қалай дамытуға болады?», «Балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыруда ата-ананың рөлі қандай?», «Отбасы құндылығын қалай дамытуға болады?»

Қазақстан қоғамындағы заманауи жаңалықтар мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі елеулі өзгерістерге алып келді. Мектепке дейінгі кезеңде білім берудің мазмұнын жаңарту – білім беру үдерістерін дұрыс талдау, білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін жаңа педагогикалық технологияларды қолдана білу, тәжірибе алмасу, көптеген педагогтермен мәселені бірігіп шешу.

Пайдаланған әдебиеттер

1. «Lesson study» как способ совершенствования практики обучения. Методическое пособие. – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 48 с
2. Коучинг ата-аналар жиналысы: Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі <https://infourok.ru/kouching->

Білім беру жүйесіндегі инновацияларды қолдану және жүзеге асырудың әдістемелері

Кеншимова Гулбакыт Ахметжановна
№68 «Балбұлақ» балабақшасы, тәрбиешісі

Егеменді еліміздің келешек ұрпағын тәрбиелеу қазіргі заманның сұранысына лайықты, ой-өрісі кең, өзіндік көзқарас орныққан, жеке ерекшеліктерімен дараланып тұратын тұлға тәрбиелеу бүгінгі күннің басты міндеті болып табылады. Тәрбиешінің педагогикалық кәсіби даярлығы жеткілікті болып, алған біліміне сай жаңа технологияларды ұйымдасқан іс әрекетте шебер қолдана алатын болса, алдына қойылатын мақсаты айқын, дүниетанымы кең, соған орай алдында отырған шәкірттеріне ақпараттар әлемінен қажетті білімді таңдай алуға үйрете білсе ғана тиімді нәтижеге қол жеткізе алады. Елдің болашағы жастар демекші, балабақша қабырғасында жүрген жас бүлдіршіндерді жаңаша оқыту, тәрбиелеу – қазіргі заман талабы. Қазіргі балабақша қабырғасынан шыққан шәкірт жан-жақты даярланған, өмірге бейімді азамат болып тәрбиеленуі біздің басты міндетіміз.

Білім беру жүйесінің басты міндеті – орталық буынының заманауи білім беру үрдістерін меңгеру, ақпараттық технологияларды жаппай енгізу. Яғни, көрсетілген міндеттерді орындай отырып, біз инновациялық оқытуды тәжірибемізге енгізіп, ойлау қабілеті дамыған, өз бетінше шешім қабылдай білетін, басқалармен пікір бөлісетін білімді ұрпақты тәрбиелейміз.

Оқытудың жаңа технологиясын пайдалану – сапалы білім негізі. Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Бүгінгі таңда жас ұрпаққа пәнді тиімді ұғындырудың бірі – жаңа технология негіздері болып табылады.

Инновация дегеніміз – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, жаңалық енгізу, жаңа үлгілердің бағытындағы нақты әрекет, нақтыланған мөлшердің шегінен шығатын кәсіптік іс-әрекеттің жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, жаңа нәтижені қамтамасыз ететін жаңа теориялық, технологиялық және педагогикалық іс-әрекеттің біртұтас бағдарламасы. Білім беру жүйесінің негізгі міндеті – белгілі бір көлемдегі білім берумен шектелмей, алынған білімді адам өз қажетіне, өмірдің нақты жағдайларында қолдана біліп, қоғамға пайдасын келтіру.

Білім – әлеуметтік жағдайды жақсартудың құралы ғана емес, бүкіл болашаққа апаратын даңғыл жол. Осы даңғылды жасайтын да, бағыттағанды да мектеп және оның ұстаздар ұжымы.

Алдымен «технология» ұғымына тоқталайық. Бұл жерде ол «инновациялық педагогикалық технология» мәніне ие болып тұр. Оның мағынасын түсінуіміз үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымына көз жүгірткеніміз жөн. Ол «техника» сөзінен шыққан, оның екі мағынасы бар.

1. Өндірістік құралдарының жиынтығы
2. Бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жиынтығы.

Технология — грек сөзі, түсіндірмелі сөздікте бұл – қандай да болсын жаңа істегі шеберлік, өнерпаздық, іскерлік деген ұғымды білдіреді.

Инновациялық технологияларды талдау барысында мына факторлар ескерілуі керек:

— алынып отырған технология оқытудың тақырыбы мен мазмұнына сай болуы; -тиімділігі, жүйелілігі және басқа жақтары.

Инновациялық технологияны пайдалану төмендегідей кезеңдер арқылы іске асырылады.

1-кезең – оқып үйрену

2-кезең – меңгеру

3-кезең – өмірге енгізу, тәжірибеде қолдану

4-кезең – дамыту, нәтижесін тексеру

Баланы қызықтыра тәрбиелеп басқару, оқушының білімге ғылымға деген құлшынысын күшейтеді, өркендеуіне өте қажет шығармашыл қасиеттерін ашады. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты.

Жаңа технологияны енгізу барысында оқытушылардың зияткерлігі мен парасаттылығы, белсенділігі, шығармашылық ізденісі, шәкірттерінің білімін бағалауы шешуші роль атқарады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

Қазіргі таңда білім беру үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген бірнеше инновациялық технологияларды атап көрсетуге болады:

-дамыта отырып оқыту әдістемесі (Л. Занков);

-оза отырып оқыту (С.Лысенкова);

-іс-әрекетті бағалау (Ш. Амонашвили);

-тірек — схема және тірек конспектілері арқылы оқыту (В. Шаталов);

-саралап оқыту;

-деңгейлік оқыту (Ж.А. Қараев);

-модульдік оқыту (М. Жанпейісованың);

-Сын тұрғысынан ойлау технологиясы

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

-балаға ізгілік тұрғысынан қарау;

-оқыту мен тәрбиенің бірлігі;

-баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

-баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;

-баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;

-әр оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу;

-оқу үрдісін оқушының сезінуі.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» (СТО) бағдарламасы қазіргі таңда білімді, білгенін өмірге пайдалана алатын шәкірт тәрбиелеуде алатын орны ерекше.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы – әлемнің түпкір- түпкірінен жиылған білім берушілердің бірлескен еңбегі, ал бағдарламаның негізі Ж. Пиаже Л.С. Выготский теорияларын басшылыққа алады.

Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы бойынша жүргізілетін жұмыста оқушылардың:

Өз бетінше тұжырым жасау, қорытындыға келу.

Ұқсас құбылыстар арқылы арасынан тиімдісін таңдай білу.

Проблеманы шеше білу.

Пікір таласты жүргізе білуге қабілеті қалыптасады.

Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

Бұл оқыту ойындары арқылы оқушылардың білімге, үйренуге деген құштарлықтары оянып, оқу қызметінен жағымды эмоциялар алып, қанағаттанады.

Мәселен, «Даралық пен ұқсастық» үйрету ойынында оқушылар тақырыпты өздері оқып талдайды, теориялық білімдерін бекітіп, жинақтайды, топпен жұмыс істеуге дағдыланады. Өзара сыйластыққа, бір-бірін тыңдай білуге үйренеді.

Инсерт (түртіп алу) жүйесі. Бұл тәсіл бойынша оқу материалы дайын күйінде беріледі, мәтінді оқып отырып оның бір жақ шетіне немесе кесте түрінде жазылады: «V» — білемін «+» мен үшін жаңа «-» басқаша ойлаймын «?» — түсінбедім, тереңірек білгім келеді., Венн диаграммасы – екі затты алып, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын салыстыру. «Синквейн» тәсілі. Мұны бес жолдан тұратын өлең деп те атайды. Бұл әрбір ой толғау кезеңінде қолданылады.

Деңгейлеп оқыту

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараевтың деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді; әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

- 1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;
- 2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.
- 3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей сондықтан әрбір оқушы меңгеруі тиіс.

Жетістіктерге жету үшін ең алдымен оқушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет. Деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындай алса баға біліміне қарай қойылады.

Сабақ барысында топтағы барлық оқушылардың білім деңгейі анықталады. Бұл әдістің тағы бір тиімді жағы—оқушы өзінің білім деңгейін, нені оқу керектігін анықтап, өзінің ізденуіне болады. Өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Білім сапасы білім, біліктілік, дағды және тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерімен бағаланады.

«Деңгейлеп оқыту технологиясының» бірнеше стратегиясы бар, солардың ішінде:

“ Ыстық орындық” әдісі. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру керек, себебі, орындық ыстық. “Автор орындығы” оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдістер үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді. «Он сұрақ!» әдісі. Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оның маңдайына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі. «Деңгейлеп оқыту технологиясының» ең тиімді әдістерінің бірі «Кері байланыс» стратегиясы. Кері байланыс мұғалім оқушының сабақта алған білімін және оны орындалуын тексеру арқылы, оқушылардың деңгейін анықтайды және сол оқушылармен жұмыс істейді. Бұл оқыту тәсілі арқылы оқушылардың білімге, үйренуге деген құштарлықтары оянып, оқу қызметінен жағымды эмоциялар алып, қанағаттанады.

бұрыннан таныс балалардың білетін қимылдарымен сүйемелдей отырып айтады. Балалардың назары ертегінің мазмұнында болғандықтан жаттығуларды орындау қызықты және еліктірер сипатта болады. Ал ересек жастағы балалар үшін күндізгі ұйқыдан соң балаларды сергіту үшін қолдануға болады.

Анималотерапия – бұл балаларды тәрбиелеу мен оқытуда жануарларды қолдану болып табылады. Жануарлармен өзара әрекет ету арқылы балаларда айналасындағыларды түсіну, сезіну және жанашырлық таныту қабілеттері қалыптасады. Жануарларды бақылау және олармен өзара әрекет ету баланың әлеуметтік ортада табысты бейімделуі үшін қажетті интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етеді.

Инновациялық әдістері мен технологияларды енгізу жоспары төмендегідей:

1. *Тақырыбы* (педагог барынша өзекті және өзіне қолжетімді әдіс пен технологияны белгілі бір уақыт бөлігіне таңдайды, мысалы, Ақпараттық технология – Танымдық ертегі – қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан. Дидактикалық жобалау – Ортаңғы топқа арналған информатика бойынша үйретуші бағдарлама – қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр).

2. *Ұйымдастырған оқу іс-әрекеттері және басқа да іс-әрекеттер* (тіл дамыту, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, экология негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, музыка, дене шынықтыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру бойынша ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде)

3. *Қажетті материалдар* (интерактивті тақта, слайдтар, мультфильмдер)

4. *Әдістер мен тәсілдер* (информатика элементтерімен қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру бойынша: Информатика әлемінде; Менің досым Антивирус; Математика әлемінде; Геометриялық пішіндер әлемінде)

Күтілетін нәтижелер

- мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың инновациялық үлгісіне көшу;
- мектепке дейінгі ұйымның бәсекеге қабілетілігін арттыруға бағытталған үздіксіз дамуын қалыптастыру;
- мектепке дейінгі ұйым жұмысының сапасын арттыру үшін мектепке дейінгі ұйымда инновациялық білім беру кеңістігінің үлгісін жетілдіру; – өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттырушы педагогтардың санын арттыру; – педагогтардың инновациялық педагогикалық тәжірибені аудандық, облыстық, республикалық деңгейлерде жалпылау мен таратуға белсенді қатысуы; – заманауи білім беру технологияларын меңгерген педагогтардың деңгейін арттыру.

Бағдарламаның мазмұны мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын балаларды жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты дамытуға бағытталған, инновациялық технологиялардың негізгі түрлеріне негізделген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2. Программа по внедрению инновационных методик и технологий дошкольных организациях , Тусупова А.Қ. Астана, 2015ж.
3. Ф. Жұмабекова. Мектепке дейінгі педагогика, Астана, Фолиант.

Дифференцированные задания в работе с детьми с особыми образовательными потребностями

*Львова Н.В., воспитатель
КГКП я/с «Снегурочка», Карагандинская обл., г. Шахтинск*

Аннотация: В статье рассматривается актуальная для современной системы образования проблема проведения занятий с детьми с особыми образовательными потребностями. На основе проведенных исследований была разработана пошаговая программа сопровождения.

Сопровождение – это не единовременная помощь, а долговременная поддержка ребенка, в основе которой лежит четкая организация, направленная на выбор варианта решения его актуальных проблем.

Цель: обеспечить усвоение учебного материала каждым воспитанником через дифференцированный подход на всех занятиях.

Инклюзивное образование в дошкольной организации подразумевает равноправное восприятие всех детей и внедрение индивидуального подхода к обучению, учитывая особенности каждого ребенка.

Ключевые слова: дети дошкольного возраста с особыми образовательными потребностями; образовательная организация; сюрпризность; дифференцированный подход; уровень развития; влияние окружающих факторов; психическое состояние.

В Конституции Республики Казахстан указано, что все граждане страны между собой равны в правах и свободах. Следовательно, Конституция не допускает дискриминации, вне зависимости от социального статуса, состояния здоровья, особенностей личностей и иных факторов.

Моя цель: обеспечить усвоение учебного материала каждым воспитанником. Для усвоения учебного материала я продумываю дифференцированный подход на всех занятиях.

Данный подход необходим на всех этапах образовательного процесса. Ребенок, у которого неустойчивое внимание, недостаточно развита память, не сможет выполнить многие из традиционных заданий, в этом случае требуется особая форма предъявления материала.

Я готовлю облегченные варианты заданий;

- даю больше наглядного материала, схем – подсказок;
- обеспечиваю возврат к предыдущему этапу обучения;
- уделяю больше внимания индивидуальной работе на занятиях и вне их;
- провожу предварительную работу;
- использую похвалу, одобрение, подбадривание;
- включаю сюрпризность;

Например, на занятиях по грамоте

В своей работе использую индивидуальные дидактические карточки-задания трех цветов.

Карточки синего цвета – задания низкого уровня (простые задания), карточки зеленого цвета – задания среднего уровня (сложные задания) карточки красного цвета – задания высокого уровня (повышенной сложности)

Синяя карточка - деление слов на слоги

Зеленая карточка - деление трех слов на слоги

Красная карточка-придумать слово по заданной схеме.

При изучении букв и цифр, детям с **низким** уровнем предлагается ряд, состоящий из цифр и букв, при этом необходимо все буквы обвести в круг, а цифры - в квадрат.

Для детей **среднего уровня** предлагается найти и зачеркнуть определенные буквы. Для детей **высокого уровня** предлагается найти и подчеркнуть «спрятанные» слова.

Применяю разнообразный и доступный наглядный материал игрушки, иллюстрации, схемы, таблицы, пиктограммы, другие средства обучения. ***Сюрпризность*** – строго обязательна, задания, предполагающие ответ в действии (найти, показать, выбрать, принести). Больше времени даю на обдумывание задания. Поддерживаю инициативу ребенка.

На занятиях по основам математики использую счетные палочками Кюизинера, блоки Дьенеша. Так же даю три варианта выполнения:

Дети с низким уровнем составляют и называют геометрическую фигуру, состоящую из 3 палочек; **Дети среднего уровня составляют фигуру**– из 4 палочек; **Дети с высоким уровнем составляют фигуру** – из 6 палочек.

По Палочкам Кюизенера нами разработано методическое пособие. Дети с удовольствием работают с палочками.

Использую дидактические игры такие, как “Танграм”, “Волшебный круг”, “Колумбово яйцо”, каждая группа детей получает задание соответствующего уровня сложности. Составляют узоры с увеличением количества фигур.

При ***заучивании стихотворений*** дети, имеющие высокий уровень развития слухоречевой памяти запоминают со слов педагога, повторяя за ним. Для детей, испытывающих трудности при запоминании словесной информации, используются в качестве помощи «Живые мнемотаблицы».

Для детей со слабой ***мелкой моторикой*** применяю более крупный раздаточный материал.

Например, фишки, геометрические фигуры, крупные пуговицы, крупную фасоль, мазапку, шнуровку с крупными отверстиями, крупные замочки и т.д., чем для детей с хорошо развитой мелкой моторикой.

Понимая, что все дети имеют право на успех, на счастье, право быть успешными и понятыми – особое значение отводим сюжетно ролевой игре.

Ведь нейропсихологии говорят: что главное в обучении разбудить кору головного мозга и сформировать устремление быть умным. А я считаю – будить нужно душу будить игрой, событиями, впечатлениями.

Игровая терапия – метод коррекции эмоциональных и поведенческих нарушений у детей от 2 до 7 лет, в основу которого положен свойственный ребенку способ взаимодействия с окружающим миром.

В процессе *иглотерапии* происходит создание личностных отношений между участниками группы.

В режимных моментах широко использую метод **аэротерапии (трудовая терапия)**. Дети приводят себя в порядок, учатся пользоваться индивидуальными предметами - носовым платком, салфеткой, полотенцем, расческой. Учатся по порядку одеваться и раздеваться. Использую наглядный алгоритм - яркие подсказки.

Даю поручения по уходу за комнатными растениями детям с **высоким уровнем** развития, так как это более кропотливый труд.

Сенсорная интеграция - это способность человека организовывать ощущения, испытываемые организмом, для совершения движений, обучения и нормального поведения. Можно широко использовать прогулки для сенсорной интеграции. Дети любят собирать палочки, рисовать на мокрой земле, песке.

Постоянно поддерживаем связь с семьей нашего воспитанника, особенно семьи детей, имеющих особые потребности, чтобы принимали участие в мероприятиях и получали практические навыки.

Родители принимают участие в проектах и акциях: «День пап», «День снега». Папы готовят бутерброды, бизборды, кормушки для птиц, знакомят ребят с профессиями.

Главная помощь – общение, обсуждение проблемы, чтобы человек мог увидеть механизмы решения и осознания ситуации.

Образование и воспитание ребенка с нарушениями в развитии требует от всех нас больших физических и духовных сил. Поэтому так важно нам всем сохранить свое здоровье и душевное равновесие, оптимизм. От того, как будем работать мы, педагоги, будет зависеть дальнейшая судьба ребенка и семьи.

Список использованной литературы

1. Мухамадиярова Г.Ф., Усманова С.Г. Инклюзивное образование: содержание и практика // Мир науки, культуры, образования. №1
2. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий в 2-х т. М: НИИ школьных технологий, 2006 г. — 816 с.

3. Старовойт Н.В., Антонова О.В. Трудности реализации инклюзивного образования в дошкольной образовательной организации // Молодой ученый №21

4. Юнина Е.А. Новые педагогические технологии: учебно-методическое пособие. — Пермь: ПРИПИТ, 2008. — 148 с.

Взаимодействие инструктора по физической культуре с педагогами по сопровождению инклюзии

Майдаровская О.А.

*КГКП «Ясли-сад «Дельфинчик» отдела образования города Лисаковска»
Управления образования акимата Костанайской области, инструктор по физической культуре*

Я работаю в данной организации инструктором по физической культуре с воспитанниками общеразвивающих групп. Образовательная деятельность по физическому развитию осуществляется в разнообразных формах. Это футбол-гимнастика, степ-аэробика, образовательная организованная деятельность по физической культуре, занятия по ПДД с использованием «Азбука дорожного движения», «Забавный час» с использованием интерактивного оборудования и игровых видов спорта, кружковая работа, развлечения и спортивные праздники.

На базе нашего детского сада провожу занятия с воспитанниками с ОВЗ. В нашем учреждении образовательная деятельность осуществляется по гибкому расписанию. По окончании занятий в первой половине дня, 4 раза в неделю проводится индивидуальная работа с отстающими по результатам диагностики воспитанниками средних, старших и подготовительных групп, подгрупповая работа с детьми по рекомендациям педагога-психолога и 1 раз в неделю осуществляется кружковая работа. Сложностей с организацией работы в спортивном зале с воспитанниками не возникает. Более того, если по времени мы не укладываемся в предоставлении индивидуальных занятий, у нас появляется возможность создать микрогруппы среди воспитанников с ОВЗ. Т.е. в одно и то же время спортивный зал могут посещать несколько детей с ОВЗ. Сопровождают и осуществляют работу с такими воспитанниками инструктор по физической культуре, воспитатель, педагог-психолог, если не занят, и родители (при необходимости).

На первом этапе работы с воспитанниками руководствуюсь методическими рекомендациями педагога-психолога (происходит заочное знакомство с ребенком), ставлю для себя определенные задачи, планирую пути их решения с помощью формирования развивающей среды спортзала индивидуально для каждого воспитанника. Следующий этап - первое знакомство. Главной задачей на этом этапе, считаю, установление контакта с ребенком. Для меня важно, к чему он проявит больший интерес, и в зависимости от этого, стараюсь всячески поддерживать детскую инициативу и самостоятельность. Особенно важно установление зрительного контакта с

ребенком. Для отслеживания динамики физического развития ребенка веду карту наблюдений, в которой фиксируется дата посещения, цель занятия, содержание, оборудование и результат работы.

Завершающий этап совместной деятельности всех специалистов, которые одновременно осуществляют работу консультационного центра нашего учреждения – это составление индивидуального маршрута для каждого воспитанника с особыми образовательными потребностями. Для меня очень важен результат моей работы. И когда я наблюдаю изменения и положительную динамику в физическом развитии ребенка с ограниченными возможностями здоровья, это, конечно же радует, и мотивирует меня, как педагога на дальнейшую деятельность. Малейший сдвиг, установление контакта, понимание что хочет ребенок – это не передаваемое чувство, тем более, что не все дети могут выразить это словами. Хороший результат, когда педагог может смело рекомендовать включение воспитанников с ОВЗ в подгруппу с детьми общеразвивающих групп. На этом этапе я также продолжаю вести карту наблюдений. Занятия с детьми общеразвивающих групп могут давать неожиданные результаты, то чего не смогут сделать воспитанники на индивидуальных занятиях, они могут выполнять в подгруппе, пытаюсь повторить увиденное.

Я, как инструктор по физической культуре, могу с уверенностью сказать, что только в тесном взаимодействии всех специалистов, работающих с детьми с ОВЗ можно достичь хороших результатов. Работа по формированию инклюзивной культуры требует временных затрат, она не может быть осуществлена одномоментно. Важно, чтобы все участники учебного процесса были включены в совместную деятельность постоянно и видели положительные моменты инклюзивного образования для каждого. Без инклюзивной культуры не возможно инклюзивное образование.

Список использованной литературы

1. Бурмистрова Н.И. Как вы относитесь к совместному обучению детей с различными стартовыми возможностями? // Журнал «Справочник руководителя дошкольного учреждения» - 2011. - № 10. - с. 56-60
2. Волосовец Т.В., Кутепова Е.Н. Инклюзивная практика в дошкольном образовании. Пособие для педагогов дошкольных учреждений. - М.: Мозаика-Синтез, 2011
3. Гусева Т.Н. Инклюзивное образование. Выпуск 4. Методические рекомендации по организации инклюзивного образовательного процесса в детском саду. - М.: Центр «Школьная книга», 2010
4. Старовойтов Н.В., Антонова О.В. Трудности реализации инклюзивного образования в дошкольной образовательной организации // Молодой ученый. - 2017

*Майлина Назира Жандилдаевна, Ермекбаева Гулжан Ныятбековна
«Алтын сақа» бөбекжайы КМҚК
«Ойнай білмеген, ойлай білмейді»,
«Ойында озған, озады»
Халық даналығында*

XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор.

Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды.

Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады. Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым-қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс- әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру.

Балалардың сөздік қорын молайтуда ойын, тапсырма жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын- баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады.

Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері

мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады.

Сонымен қатар ойын барысында бала үлкендермен, өз құрбыларымен қарым-қатынас жасайды. Әр бала өз жетістігіне қуанып, мәз болады. Сондықтан да ойын-тапсырмаларды таңдауда және іріктеуде балалардың жас және жеке ерекшелігін ескерген жөн. Тәрбиеші балалармен ойынды (заттармен, үстел үсті және сөздік ойын) үш түрлі етіп өткізуіне болады. Заттармен ойналатын ойын ойыншықтарды, табиғи заттарды қолдану арқылы өтіледі. Мысалы: «Дәл осындайды тауып ал», «Салыстыр да, атын ата», «Қай ағаштың жапырағы», «Бірдей ойыншықты тап», «Қайсысы көп, қайсысы аз», т.б. Үстел үсті ойынын ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданылады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды?», «Қай сурет тығылды?», «Бір сөзбен ата», «Кім байқағыш», «Қиылған суреттер», «Ұқсасын тап», «4-ші не артық?», «Есінде сақта». Ал сөздік ойын арқылы сөзді орынды қолдана білуге, дұрыс жауап айтуға, сөз мағынасын түсінуге, орынды сөйлеуге үйренеді. Мысалы: «Сөз ойла», «Сөз құра», «Жұмбақ ойла», «Жақсы-жаман», «Жалғастыр», «Үш сөз ата». Сонымен қатар балалардың сөздік қорларын дамыту жұмысына ойындарды қолданумен қатар, «Пішіндер көрмесі», «Өрнекті есінде сақта», «Қиын жолдар», «Суретті жалғастыр», «Биші адамдар», «Көңілді таяқшалар» тәрізді жаттығу тапсырмаларды да пайдаланып отыру өз нәтижесін берді.

Баланың сезім әрекетін, әсерленушілік деңгейін анықтау үшін қолданылады. Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуғы, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру.

Бала ойында қалай болса, ол өскенде де, жұмыста да сондай адам болады.

А.С. Макаренко

Ойын – балалар өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің қажетті алғы шарты және халықтың салтын үйренуде, табиғат құбылысын тануда олардың көру, есту, сезуқабілеттерін, зейінділік пен тапқырлықтарын дамытады. «Адам өркениетке бейім болуы үшін балалық шақты бастан кешуі міндетті, егер ойын мен қызыққа толы балалық шақ болмаса, ол мәңгілік жабайы болып қалған болар еді» деп К.Чуковский бала денесінің дамуы мен ой-дүниесінің өркен жаюы ойынға тікелей тәуелді екендігін атап көрсеткен.

Қазақ халқының жылдар бойы атадан балаға жалғасып, қалыптасқан ұлттық дәстүрі, әдет-ғұрпы, тәрбие мектебі бар. Баршамызға белгілі, ойын арқылы баланың дене құрылысы жетіліп, өзі жасаған қимылына сенімі артады. Баланың бойында ойлау, тапқырлық, ұйымдастырушылық, шыдамдылық, белсенділік қасиеттер қалыптасады.

Ойын дегеніміз – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі іс-әрекеті. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығуы анық байқалады. Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындайды, белсенділігі артады, ерлік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығарымпаздық қабілеті мен дарынын ұштайды.

Жас балаларды санай білуге, жалпы сан және санау ұғымдарын игеруге даярлау мақсатында қолданатын санамақтар. Бұларды саусақ ойындары деп те атайды. Онға дейінгі санау қабілеттерін жетілдіріп, танымдық қабілетін дамыта отырып, он көлеміндегі сандардың ауызша және жазбаша таңба туралы білім түсініктерін қалыптастыру мақсатында пайдаланылады. Қазақтың халықтық педогогикасында жаңылтпаштар мен жұмбақтар, мақал-мәтелдердің алар орны ерекше.

Мәселен:

Жоғалды бес шыбыш,

Жоқ әлі бес шыбыш.

Жоқ әлі еш сыбыс,

Жоғалды бес шыбыш.

Аңқау екі жалқауды жалқаусың депті,

Екі жалқау бір аңқауға аңқаусың депті.

Танымдық ойындар бір жағынан балаға сандардың атауын дұрыс айта білу мақсатымен берілсе, екінші жағынан арифметикалық амалдарды дұрыс тандап алуды талап етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып өзіне түрлі ақпараттар ала алады, бала бір нәрсе туралы толық түсінік алу үшін оны есту, көру, сезіну арқылы жүзеге асатындығы туралы дәлелденіп отыр. Демек ойынның өзі бала үшін біліктің, тәлімнің қайнар көзі болып табылады. Балаларға ұлттық ойындарды үйретіп, оған өзгеше әр беріп, жаңартып өткізіп отыруды ата-аналар, тәрбиешілер бір сәт те естен шығармағандары абзал. Өйткені жас өндіріс бұлдіршіндер ойнай да, күле де, ойлай да білсін! Ойын – баланың білім-білік дағдысын қалыптастыратын тәрбие құралы.

Қолданылған әдебиеттер

1. «Казахские детские игры» кітабы авторы: Молдагаринов Аскар Алма-Ата «Жалын» 1987 г.
2. «Қазақстан мектебі» журналы № 9-10 2005 ж.
3. «Қазақтың ұлттық ойындары» кітабы авторы: Базарбек
4. Алматы «Қайнар» баспасы 1994 ж.
5. «Шынашақ» кітабы. Құрастырушылар-М. Әлімбаев.
6. Алматы «Балауса» 1992 ж.

Мектепке дейінгі балаларға ұлттық ойындарды танымдық, шығармашылық әдістер арқылы дамыту

Алимбекова К.Б.

Астана қ.№69 «Еркем-ай» балабақшасы инновация әдіскері

Бұл мақалада мектепке дейінгі балаларға ұлттық ойындарды танымдық, шығармашылық әдістер арқылы қолдану туралы жазылған. Осы мақалада ұлттық ойындарды қимылды ойындармен ғана емес шығармашылық, танымдық зияткерлік бағытта да қолдануға болатыны барынша қамтылған. Киіз үйді құрастыруға бағытталған ойындар бар.

Ұлттық ойындар, қазақтың ұлттық ойындары — ежелгі заманнан қалыптасқан дәстүрлі ойын-сауық түрлері. Бүгінгі бізге жеткен ұлт ойындарының тарихы Қазақстан жерінде б.з.б. 1-мыңжылдықта-ақ қалыптасқан. Тоғызқұмалақ, қуыршақ, асық ойындары Азия елдерінде тайпалық одақтар мен алғашқы мемлекеттерде кеңінен тараған. Ұлттық ойындарды меңгеру барысында балалар мен жасөспірімдер әр түрлі жаттығулар жасау арқылы денесін шынықтырады, ой-өрісін дамытады. Мұны бір ойынның бірнеше нұсқаларының болуы да айғақтайды (Мыс., белбеу тастау, орамал тастау, ханталапай, жаяу көкпар, т.б.).

Ұлттың ұлт болып қалуы оның болашағы мен өткені. Адам өзінің өткенін білмей болашаққа қадам баса алмайды. Яғни қандай ұлт болса да өткенін білуі маңызды. Осы орайда біздің №69 «Еркем-ай» балабақшасы «Ұлттық код» тақырыбы айналасында жұмыс жүргізіп бастады. Бүлдіршіндердің бойына ұлттық салт-дәстүрімізді дәріптеп, ұлттық дамытушы ойындар ойналып, салт-дәстүрге көңіл бөлінуде.

Балабақшада ұлттық ойындарды әр түрлі ойын элементтері арқылы балалардың ой-өрісін, шығармашылық, танымдық қабілетін ұштау, білімдерін дамыту. Ойын – балалардың ойлау қабілетін арттыратын іс- әрекет.

Балалабақшадағы балалардың жас ерекшелігіне сай ұлттық ойындарды ойнату. Ұлттық ойындар арқылы ұлт мәдениетіне тәрбиелеу.

Ойынды ойнату мен үйретудің міндеттері: қажетті дене қозғалыс дағдыларын, танымдық-қозғалыс белсенділігін арттыру; қалыптастыратын дене жаттығуларының негізгі түрлерімен балаларды таныстыру; денсаулықты нығайтуға бағытталған қозғалыс әрекеттерімен дене жаттығуларының негізгі түрлерін балаларға меңгерту; қызығушылығын қалыптастырып дамыту; Оқу іс-әрекеттерінде бағдарламаның мазмұнына қарай сергіту жаттығулары ретінде қолдануға болады. Дене шынықтыру іс-әрекеттерінде қимылды ойын ретінде ұлттық ойындарды алуда тәрбиешінің өз еркінде. Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған тіршілік әрекетінің күн тәртібінде жоспарлауға болады.

Ойын - балалардың негізгі іс –әрекеті.

Ойын баламен мәңгілік өмір сүреді. Баланың өмірін қозғалыссыз елестете алмайсың. Сондықтан ұлттық ойындар балалардың қозғалу белсенділігінің дамуы, олардың денсаулығының күшеюі үшін қолайлы жағдай жасайды, сондықтан, ойын – баланың өмірінің нәрі деп білеміз.

Шығармашылық ойындар:

- Аспапты үнінен тап
 - Қай аспап жоқ?
 - Ою құрастыру
 - Оюлы сырмақ
 - Ұлттық киімдерді ата
- Танымдық ойындар:
- Көп және біреу
 - Көршісін тап
 - Көзінді жұмып, қолыңмен анықта
 - Қанша? Қандай?
 - Бұл қай кезде болады?
 - Киіз құрастыру
 - Домбыра құрастыру
 - Құрақ көрпе құрастыру
- Әрбір ойынның маңызы өте зор.
- ойын - тәрбие құралы, ақыл - ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.
 - ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.
 - ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
 - эстетикалық тәрбие беру -өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады.
 - еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

XXI – ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой - өрісі жоғары, жан – жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрылысының дұрыс жетілуі мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады.

Ұлттық ойындар – ата – бабаларымыздан бізге байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан, үйренудің күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, ұштаса береді. В.А. Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: Ойынсыз ақын – ойдың қаншалықты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес. Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе іспетті, ол арқылы баланың рухани сезімі жастық шақ өмірімен ұштастырып, өзін қоршаған, дүние туралы түсінік алады. Ойын дегеніміз – ұшқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздай жасаған оты. Міне, ойын дегеніміз - тынысын кең алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, адамға қиялмен қанат беретін осындай ғажап нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Ең бастысы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге, үлгілерінің лайықтыларын баланың сана сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адамды қажеттерді ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығында, тән сұлулығында жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Өзгені былай қойғанда жан-жануарлар қалай дыбыстайды, қалай іс-әрекеттер жасайды, оларды тілімізде қалай айтады дейтін танымдық, тілдің маңызы зор

Қолданылған әдебиеттер

1. ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы
2. <https://ziatker.kz/> сайтынан да материалдар алынды.
3. <https://multiurok.ru/> сайтынан да материалдар алынды.

Болашақ педагог моделі

Бекназарова К.С.

Астана қаласы, №78 «Асыл» балабақшасы, тәрбиеші

Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен психология қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру- отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Замана алға қойған бұл міндеттерді шешу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын түбегейлі жаңартылуда. Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жаңалыққа жаршы болу үзілссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы-мектепке дейінгі ұйымдардан бастау алады. Қазақстан Республикасында болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен еліміздің білім беру саласының әлемдік білім кеңістігіне шығуы-білім беру саласында, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға уақыт талабына сай өзгерістер енгізілуде.

Егеменді еліміздің ертеңін баянды ету бағытында жүзеге асырылып жатқан саяси, әлеуметтік жағдайларды ескере отырып дайындалған білім, ғылым саласындағы ресми құжаттар тәжірибеде қолданылуда. Жеке тұлға тәрбиесін ізгілендіру - бүгінгі заманның басты талабы. Гуманизмнің негізі және оның тәлім-тәрбиелік маңызы туралы құнды ой-пікірлер туралы қазақ даласындағы ұлы ғұламалар Әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қ.А.Ясауи және т.б. ағартушылар Ы.Алтынсариннің, Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, қазақ зиялылары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев т.б. болашақ ұрпақты адалдық, парасаттылық, шыншылдық сынды қасиеттерге тәрбиелеудегі халық даналығын жоғары бағалағандығы және соған талпынғаны да аңғарылады. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға

бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымының, әрбір педагогтың күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды.

Болашақ педагог міндеттері:

- болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудағы жаңа педагогикалық технологиялардың мәні мен мазмұнын теориялық тұрғыдан негіздеу;

- болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру моделін жасау, өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлерін анықтау;

- болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығын қалыптастырудағы педагогикалық практикалардың мүмкіндіктерін айқындау;

- жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану арқылы болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыру жүйесін құру;

- ұсынылған әдістемелік жүйенің нәтижесін тәжірибелік-экспериментте тексеру және тәжірибеге ендіру.

Болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығын қалыптастыруда жаңа технологияларды пайдалану қазіргі заман талабына сай білікті мамандардың даярлығын жетілдіре түседі. Білім беру жүйесіндегі реформалар мен қазіргі білімнің тұлғалық-бағдарлы оқытуға бет бұруы болашақ педагогтардың кәсіби бағыттылығының даярлығына жаңа талаптар қояды. Білім беру жүйесі дамуының қазіргі кезеңі жаңа парадигмаға өтудің жолдарын іздестірумен, яғни білім берудің жаңа мақсатының жетістіктерімен байланысты.

Кәсіби тұлғаны дайындау үшін нағыз педагогикалық, білімді-педагогикалық бір бүтін болу керек және педагогикалық квадраттың барлық мазмұнына ие болу қажет. Яғни, білім беру, оқыту, тәрбиелеу, дамыту болып саналады. Бұл тек қана білім беру мекемесінің талабына тиісті емес, сонымен қатар әрбір оқу тобының, циклының, факультеттің, кафедраның, оқытушыны, студенттің, тыңдаушының іс-әрекетіне қатысты.

Білім беру жүйесі – басқару органдарынан, түрлі типтегі және деңгейдегі білім беру мекемелерінен, жүйенің жұмыс істеуі және дамуын қамтамасыз ететін қаржы қорлары мен материалдық объектілерден, ғылыми орталықтардан тұратын күрделі құрылым болып табылады. Технологиялық тәсіл білім беру жүйесінің кез-келген саласында (басқару, білім беру, қаржыландыру, мониторинг және т.б.) қолданылуы мүмкін. Сондықтан, «білім беру технологиясы» деген сөз тіркесін бірыңғай түсіндіру мүмкін емес. Көптеген авторлар бұл жағдайды интуиция деңгейінде түсінеді де, бұл ұғымды тек қана оқытушы мен білім алушы арасындағы арнайы ұйымдастырылған үдерістерге ғана қатысты қолданады. Егер бұл үрдісті

оқыту үдерісі деп атайтын болсақ, онда оған технологияның осы салаға арналған жиынтығы жатады. Біздің қарастыратынымыз да модель технологиясының бір түрі. “Модель” термині латынның “modus” сөзінен шыққан. Ол “өлшем”, “әдіс”, “бейне” деген ұғымдарды көрсетеді. «Модель» - үлгі, сұлба, өрнек, өң, кейіп деген ұғымдарды да білдіреді. Сондай-ақ ғылыми зерттеулерде «модель» ұғымының орнына түрлі ұғымдар қолданыс табуда. Ал қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «Модель – бір нәрсенің жалпылама алғандағы жобасы, сұлбасы» ретінде қарастырылса, «модельдеу – шамалау, жобалау, долбарлау» үдеріс, әрі әдіс ретінде қарастырылады. амасыз ететін рефлексиялық басқару ретінде көрінеді.

Өсіп келе жатқан кейінгі ұрпақты мәдениетті, парасатты, білікті, көргенді, етіп тәрбиелеу, олардың дүниетанымын жоғары деңгейге көтеру, қоғамды ілгерілету үдерісінде адами ізгілік қасиеттерін дамытуға үлкен мән беру, ұлттық намысы жоғары ұлтжанды өкілдерді тәрбиелеу ісі педагогтардың еншісінде. Сондай тәрбиенің бірі мектепке дейінгі тәрбие. «Тәрбиенің негізі бес жасқа дейін қолданылады, бес жасқа дейін жүргізілген барлық тәрбие ісіңіз-бүкіл тәрбие процесінің 90 пайызы» -деп ұлы педагог Макаренко айтқандай, тәрбие бастауы балабақшадан бастау алады. Мектеп жасына дейінгі кезең-адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Осы аралықта мектеп жасына дейінгі балалардың игерген рухани байлығы, білімі, дағдысы, қабілеті өмір бойы із қалдырып, оның өз деңгейінде дұрыс жетілуіне негіз болады. Сол себепті де мектепке дейінгі ұйымдарда білім нәрін ұсынатын тәрбиешілерге аса назар аударылады.

Балалармен жұмыс істейтін педагогтарға қойылатын талаптар:

- педагогикалық білімі, талдау және зерттеу дағдысы, бала дамуына психологиялық , педагогикалық қолдауын ұйымдастыра білу;

- балалардың жасына сай анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері мен жүйке-психикалық іс-әрекеті туралы педагогикалық білімі болуы;

- әр баланы жан дүниесімен сүйе білуі, бар мейірім нұрын төге білу. Сонымен қатар кәсіби құзыреттілік тәрбиешінің жеке тұлғасына тікелей қатысты, оның ішінде: а) Тәрбиеші қызығушылығы мен ынтасы ә) Біліктілігі в) Педагогикалық өзіндік сезінуі, жеке стилі

Педагогикалық жағынан дұрыс ұйымдастырылған кез-келген оқу іс-әрекеті баланың ақыл-ойының, нышанының, еркінің, қабілетінің, таным процестерінің жан-жақты дамуына әсер етеді. Іс-әрекет белгілі бір мақсатқа бағытталады, жоспарланады, нәтижесі қорытындыланады. Іс-әрекетті ұйымдастыру дәрежесі жоғарлаған сайын бала дамуына тигізетін ықпалы да күшті болады. Тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелейді, мектепке даярлайды, отбасына көмектеседі. Тәрбиеші балалардың ең жақын досы, сонымен бірге өз талабына ұқыпты болуы керек. Тәрбиеші –педагогтың баламен өзара қарым-қатынасындағы басты міндеттер: а) Балаларды дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз ету; ә) Балалардың денсаулығын сақтауға, қорғауға байланысты дәрігер талабын орындау; б) Өз тобындағы әрбір баланың қызығуы мен қажеттілігіне ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарайды; в) Балаларды отбасында, балабақшада тәрбиелеу мәселелері туралы ата-

анамен жұмыс жүргізеді; Балабақша алдына қойған мақсаты: Туған жерін, халқын сүйетін, тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын жақсы білетін ұрпақ тәрбиелеу, яғни:

-балалардың денсаулығын нығайту, танымдық қасиеттерін арттыру, ойлау іс-әрекеттерін қалыптастыру;

-қарапайым математикалық түсініктерді үйретуде жаңа әдіс-тәсілдер қолдану.

Баланы жан-жақты тәрбиелеу мен білім беруде балабақшамызда ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері және көптеген тәрбие іс-шаралары өтілуде. Соның бірі балаға айналадағы дүниені танытып меңгерудің ең бір сара жолы, аясы тар жеке тәжірибенің өрісін кеңейтудің бірден-бірі әдісі жоғары деңгейде ұйымдастырылған семинарлар болды. Білім берудің базалық мазмұнын жүзеге асыруда балаға тұлғалық-бағдарлық және жеке ерекшеліктеріне қарай өзара қарым-қатынас жасауда балабақшамызда 2 жыл қатарынан аудандық семинар өткізілді. Алғашқы аудандық семинар «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың әдіс-тәсілдері» тақырыбымен өтілген болатын. Мақсаты: -Балалардың ой-өрісін, тілін, танымдық белсенділігін арттыру, қарапайым математикалық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Әдебиеттер

1. Әбиев Ж. Педагогика тарихы: Оқу құралы. - Алматы: Дарын, - 2006
2. Педагогика: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В.А. Сластенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов; Под ред. В.А. Сластенина. - М.: Издательский центр "Академия", 2002

Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың басым бағыттары

*Койшыманова Алия Мырзакуловна - мектепке дейінгі пәндер оқытушысы
Астана Халықаралық Университетінің Педагогикалық колледжі
Астана қ., Қазақстан*

Түйінді сөздер: Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың басым бағыттары көрсетілген.

Ключевые слова: Обозначены приоритетные направления формирования профессиональной компетентности будущих специалистов

Keywords: Priority directions for the formation of professional competence of future specialists are outlined

Қазақстанда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың қазіргі кезеңдегі жай-күйіне талдау жасауда жоғары оқу орындарының алдына әлеуметтік этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзіретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отырғандығы анықталды. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін

игерген кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман ретінде даярлау мәселесін шешу көзделуде. Оның ішінде қоғам сұранысына ие, мектепке дейінгі ұйымның мамандары, тәрбиешілер. Ол үшін тәрбиеші мамандығына тоқталсақ. Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Тәрбиеші – бала өміріндегі анасынан кейінгі алғашқы ұстаз. Тәрбиешілер – ішкі жан-дүниесі бала жандар. Олай болмаған жағдайда балалар бізді өз әлеміне кіргізбейді. Біздің кәсібіміздегі ең маңызды нәрсе – балаларды себепсіз жақсы көру. Тәрбиешінің әр сөзіне, іс-әрекетіне елендеген, бар әлем сыятындай балалардың жанарын көргенде тәрбиеші мамандығының маңызы артады. Жақсы тәрбиеші, сонымен қатар – әртіс, сценарий жазушы, суретші. Оларға қарап қаншалықты керек екенінді, олар үшін бар әлемдей көрінетінін және болашақ өскіндердің өміріне қатыса алатынынды, оларды махаббат пен жүрек жылуымен қолдай алатынынды түсінесің. Шын педагог әркезде қоғамның өзге мүшелерінен ерекшелейтін қасиеттерге ие. Моральді тазалық пен ішкі мейірімділікті қатаң талап ететін өзге мамандық жоқ.

Тәрбиеші мамандарды даярлауда, ЖОО мен кәсіптік білім беру мекелері үлкен үлес қосуда. Атап айтсақ, Астана Халықаралық Университетінің Педагогикалық колледжі 1964 жылдан бері 10.000 нан астам мамандарды даярлауда.

Жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлаудың әдіснамалық-теориялық негіздерін анықтауда: Арынғазин, Ш.А. Абдраман, Б. Әбдікәрімұлы, А.Е. Әбілқасымова, Б.А. Әлмұхамбетов, Е.И. Бурдина, С.А. Дружилов, Е.Ө. Жұматаева, С.Т. Каргин, Б.Т. Кенжебеков, Қ.М. Кертаева, С.З. Қоқанбаев, В.В. Колосова, А.К. Маркова, М.С. Мәлібекова, Ш.М. Мұхтарова, Н.Ә. Мыңжанов, А.Қ. Нұрғалиева, Т.С. Сабыров, А.П.Сейтешев, В.А. Слостенин, Н.Д. Хмель, Ә.Ә. Усманов, А.И. Щербатов, Р.К. Төлеубекова, Г.О. Тәжіғұлова, В.Д. Шадриков, Л.А. Шкутина т.б. ғалымдардың зерттеулеріне арқау болып, әр қырынан қарастырылғандығына көз жеткіздік. Бүгінгі таңда білім беруді жаңғырту – заманның талабы. Болашақ мамандарды даярлауда олардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы қазіргі таңда жаңа технологиялармен оқыту жүйелі түрде жүргізілуде. Ол үшін студенттердің кәсіби құзіреттілігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жетілдіру қажет және білім беру ұйымдарында қызмет жасайтын мамандарды қайта оқыту, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру, білім беруді жаңғырту сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басым бағыттар бойынша жүзеге асуда. Біріншісі, білім беру ұйымдарын оңтайландыру және оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу.

Екіншісі, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор.

Үшіншісі, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру және біліктілікті жетілдірудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Мамандар даярлауда оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі – академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Академиялық еркіндік- жұмыс берушінің талаптарын ескере, бірлесе отырып жұмыс бағдарламасын әзірлеу және бірлесе атқару.

Білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруда инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерін пайдалану, интерактивті білім беру, қашықтықтан оқыту, виртуальды педагогика тағы басқаларды тәжірибеге ендіруге баса назар аудару қажет. Ғалым-оқытушылар, зерттеушілер, мектепке дейінгі мекеменің жаңашыл педагогтарымен бірлесе отырып балабақша базасында инновациялық технологияларды енгізу арқылы студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін арттыруды көздейді.

Білім беру реформасын жүзеге асырудағы негізгі тұлға педагог болып табылады. Мемлекеттің педагог мамандарға бағдарланған әлеуметтік тапсырысы ең алдымен, жоғары оқу орнын, балабақша, мектеп таңдау жағдайында өз бетімен жауапты шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа икемді, ел тағдырына жанашырлықпен қарайтын жоғары құзіретті мамандарды қалыптастыруды көздейді. Кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың негізгі бағыттары білім беру мазмұнын жаңартудың және қазақстандық білім беру жүйесін өзгертудің негізгі бөлігі болып табылады. Алайда білім берудің сапасы мен тиімділігін арттыруды жүзеге асыруда қазіргі педагог мамандардың қолынан келер мүмкіндіктерінің арасындағы қарама-қайшылықтың сақталып отырғанын атап айту керек. Осы қайшылықтарды жоюда білім беру саясатындағы басым бағыттардың бірі – білім беру үдерісін құзіретті тәсілге бағдарлай отырып, оны жүзеге асырудың жолдарын қамтамасыз ететін төмендегідей маңызды міндеттерді шешу қажет:

- педагогтарды білім берудің жаңа технологияларын меңгеруден, кәсіби рөлдерді (кеңесші, топтық талдауды ұйымдастырушы, фасилитатор, тьютор) сәйкесінше игеруден тұратын құзіретті тәсілдері аясындағы жұмыстарға даярлау;
- педагогтарды баланың және өзінің денсаулығын сақтау технологиясымен қамтамасыз ету;
- білім беру үдерісін барынша дараландыру жағдайындағы іс-әрекетке даярлығын қалыптастыру;

Болашақ мамандардың негізгі құзіреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бағалау белгіленген міндеттерді іске асыра алуымен тікелей байланысты. Педагогтардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру жаңа білім беру стандартының төмендегідей талаптарына сәйкес болуы шарт:

- жаңа білім беру стандартының мазмұны мен әдіснамасын қабылдауға;
- білім беру үдерісін бағдарламалық және әдістемелік тұрғыдан өзгертуге;
- педагог қызметінің мақсаттары мен тәсілдерінің өзгеруіне;
- білім берудің дәстүрлі және тың нәтижелерін бағалауға мүмкіндік беретін бағалау әрекетінің жаңа тәсілдерін қолдануға даярлануы керек. Мұнда

білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселесіне көңіл бөлу де болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияның білім беру үдерісінің ресурсына айналуы болашақ мамандардың өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар жүйесін пайдалануына және түрлі педагогикалық жағдаяттар арқылы ақпараттық-коммуникативтік технологияның (АКТ) мүмкіндіктерін қолдануға бағдарлау қабілетіне тікелей байланысты. Ол АКТ озық қолданыс деңгейінде игеруін және ақпараттық ортада болашақ мамандардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру әдістері мен дидактикалық тәсілдерін меңгеруі маңызды.

Кәсіби педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіруде: жоғары және орта кәсіби педагогикалық білім беру жүйесіндегі жаңарту бағыттарының ортасынан ең алдымен, педагогикалық мамандар даярлаудағы ресурстарға қойылатын талаптарды бөліп алуға болады:

- құзіреттілік-бағдарлы білім беруге көшу негізгі кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыру;
- тар мамандандырудан түлектің кәсіби белсенділігінің базасын құратын кең профильді даярлыққа өту;
- кәсіби білім беру мен еңбек нарығы арасындағы байланысты күшейту.

Білім беру жүйесін жаңарту жағдайында кәсіби қызметтің жаңа тәсілдерін, педагогикалық үдеріске қатысушылар арасындағы жаңа қатынас құрылымын игерген маман даярлануы қажет. Кәсіби құзіреттердің білім беруді ақпараттандыруға байланысты талаптарға сәйкестігі – педагогикалық оқу орындарының түлектері соңғы уақыттарда бастапқы қолдану дағдыларын игергенін көрсетіп жүр. Біліктілікті арттыру жүйесі мен түрлі серіктестіктер жобалары жалпы алғанда қызметкерлердің компьютерлік сауаттылығын қамтамасыз ету міндеттерін орындауға көңіл бөлгендігімен, болашақ мамандар ақпараттық ортадағы өзіндік жұмысты ұйымдастыруға жеткілікті дәрежеде дайын болуы керек

Осыған орай, білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында әлеуметтік шындық және оларды көрсететін тенденциялар өз жұмысының аумағында білікті және кәсіби-педагогикалық мәдениетке ие мамандар даярлауда олардың меңгеруге тиісті төмендегідей кәсіби құзіреттіліктеріне тоқталамыз.

Жалпы ғылыми құзіреттілік:

- өзінің жалпы мәдени және интеллектуалдық деңгейін жетілдіру және дамыта білуі;
- өзінің кәсіби қызметінде ғылыми бағытын таңдауы үшін жаңа зерттеу әдістерін өздігінен меңгере білуі;
- кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде шетел тілін еркін қолдана білуі;
- зерттеу іс-әрекетінде жобалау технологияларын тиімді пайдалана алуы;
- өзінің жеке ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеті арқылы танымдық қабілеттері мен әлеуметтік-мәдениетін жетілдіре білуі;
- белгіленген тақырып аясынада ғылымизерттеулер жүргізе білуі;
- ғылыми ортада коммуникативті қарым-қатынас орната алуы.

Инструменттік құзіреттілік:

- жаңа білім мен біліктілікті, жаңа білім саласын қоса алғанда өзінің тәжірибелік қызметінде өз бетімен жинақтап, қолдана білуі;
- ғылыми негізделген зерттеудің әдістері мен технологияларын меңгеру, педагогикалық және психологиялық мәселелерді зерттеуде ақпараттарды жинақтауды, талдау жасауды, өңдеуді білуі;
- кәсіби-педагогикалық мәселелердің дәстүрден тыс шешімдерін таба білуі.
- ұжымда өз көзқарасын дәлелдеп, жаңа шешімдерді ұсына білуі;

Жалпы кәсіби құзіреттілік:

- ЖОО-да педагогикалық үдерісті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қабілетті болуы;
- кәсіби педагогикалық қызмет жағдайында психологиялық-педагогикалық заңдылықтар мен тұлғалық қарым-қатынас механизмдерін пайдалана білуі;
- кәсіби-педагогикалық қызметті жетілдіруге және дамытуға қабілетті болуы;
- кәсіби-педагогикалық қызметте жаңа ақпараттық құралдар мен технологияларды пайдалана білу қабілетінің болуы;
- кәсіби тұрғыдан өзіндік даму және жетілу қабілеттерін меңгеруі.

Аталған құзіреттіліктерді игеру болашақ мамандардың білім алуына жағдайлар жасауға бағытталған педагогикалық қызметтің көлемін жоғары дәрежеде қарастыруға мүмкіндік берді. Сондай-ақ, болашақ мамандардың педагогикалық әрекеті құрылымына сәйкес кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру төмендегідей бағыттарда қарастырылды:

Ұйымдастыру-басқарушылық:

- болашақ мамандар білім беру ұйымдарымен кәсіби және тұлғалық байланыс орнату;
- олардың білім алуы мен дамуы үшін жағымды ортаны құруға мүмкіндік туғызу;
- педагогикалық үдеріске қатысушылардың арасында диалогты және көңіл-күйге негізделген адамгершілік қарым-қатынасты қалыптастыру;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің қарым-қатынасын үйлестіру;
- қоғаммен байланысты қалыптастыру;
- білім беру ұйымдарының әрекетін жоспарлауды жүзеге асыру;
- білім беру ұйымдарының педагогикалық үдерісін бақылауды және өз іс-әрекетін үйлестіре білуді жүзеге асыру;
- білім беру ұйымдарындағы әкімшілік мәдени басқарудың жүзеге асырылу бағыттарына бақылау жасай білу;
- білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің кәсіби біліктілігін көтеруді жүзеге асыру;
- маркетингті қызметтің әрекетін ұйымдастыру;
- аналитикалық және жарнамалық әрекетті жүзеге асыру (қоғам мен бала қажеттілігі негізінде тестілеу, сауалнама жүргізу; ғылыми-әдістемелік көрмелер, жәрмеңкелер және сайттар құру т.б.).

Білім берушілік:

- қоғамдық қатынастардағы жас ұрпақтың маңыздылығын түсіну;
 - жоғары мектепте студенттердің білім алуына бағытталған оқыту үдерісін инновациялық тұрғыда жүзеге асыру;
 - технология мен тәрбиелеудің сан түрлі нұсқаларын пайдалану;
 - болашақ мамандарды кәсіби құзіреттілігіне бағытталған диагностикалық әдістерді меңгеру және оларды тәжірибеде қолдана білу;
 - білім беру мазмұнын таңдау, яғни білім беру саласындағы нормативтік құжаттар мазмұнына сүйену (мемлекеттік білім беру стандарты, типтік бағдарламалар, оқу жоспарлары мен оқуәдістемелік кешендері т.б.);
 - оқытудың инновациялық технологияларын қолдану және оның тиімділігін анықтау;
 - білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен оқушылардың, студенттердің ортақ тұлғалық мәдениетінің қалыптасуына ықпал ету;
 - психологиялық-педагогикалық әрекеттің түрлі формаларын ұйымдастыру;
 - рефлексия және өзіндік рефлексия қабілеттерінің әрекетіне ие болу;
- Ғылыми-зерттеушілік: өзінің әрекет саласындағы кәсіптік жетілуіне бағдарлама жасай алу және инновациялық бағыттарға сәйкес зерттеулер жүргізу;
- әдістемелік бірлестіктер мен шығармашылық топтардың жұмыстарын ұйымдастыру;
 - педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік педагог мамандықтарына арналған оқу ісәрекетіне арнайы бағдарланған зерттеулер жүргізу;
 - ғылыми жобалар қоғау, ғылыми-әдістемелік бағыттағы мақалалар, еңбектер дайындау

Жоғарыда айтылған кәсіби құзіреттіліктер болашақ мамандардың өзінің педагогикалық қызметі мен мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін кәсіптік бағдарын көрсетеді. Жоғары білім беру жүйесін қамтамасыз ету барысында келтірілген барлық ұстанымдар басым болып табылады. Бұл ретте, біздің ойымызша, білім беру ұйымдарында жас ұрпақтың жемісті дамуын ұйымдастыратын білікті педагогтің қатысуынсыз әрбір шартты жүзеге асыру мүмкін емес.

Кәсіби құзіреттіліктерді меңгеруде болашақ мамандардың теориялық білімін тереңдетумен қоса шеберліктің жиынтығын, яғни, кәсіби қызметті орындау әдістеріне үйрену аса маңызды болмақ. Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда төмендегі мәселелерге: кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың тиімді жолдарын айқындай алуға, іс-әрекетті ұйымдастыруға қызығушылықтарының басым болуына; қажеттіліктері, белсенділіктері, ізденістері мен білім берудің әдістемесін толық меңгеруі; білім, білік, дағдылардың дәрежесіне сәйкес болуын қадағалай білуі; мектепте берілетін білім мазмұнын жаңарту мәселесіне қатысты теориялық, әдістемелік дайындығының жеткілікті деңгейде болуы; мақсатқа жетуге байланысты тиімді жолдарды таңдай алуы; ұсынылған жаңа білім мазмұнын игеруі және

оны эмоционалдык көңіл күймен қабылдауы; оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие үдерісінің міндеттерін жүзеге асыра алуы, талдау жасауы, түзету жұмыстарын жүргізе білуге ықпал ете алуы; шығармашылықпен болжам жасай білуі мен нәтижеге жетуге ұмтылысының болуына баса назар аударуы қажет.

Кәсіби білімнің қазіргі жүйесі болашақ мамандар өзінің педагогикалық қызметін түсінумен ғана емес, сонымен бірге басқа да әріптестерімен, басшылармен «байланыстыратын» өзіндік қасиеттерді бағалаумен де байланысты біліктілігінің рефлексивті құрамдас бөлігін иеленуді талап етеді. Аталған құрамдас бөлікті жүзеге асыру тиімділігі педагогтің сыни ойлау, талпыныспен талдау жасау, өзінің ұстанымын дәлелдей алуы, ақпаратты сәйкесінше қабылдауы сияқты қасиеттерге ие болуымен байланысты.

Нәтижесінде: жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың кәсіби күзiреттiлiгiн қалыптастырудың сапасы қоғам сұранысына сай болуы ескерiлдi. Қалыптастыру экспериментiнде студенттер дайындаған бағдарламалары мазмұнына сәйкес бiлiм беру ұйымдарына барып арнайы iс-шаралар өткiздi. Қорытынды экспериментте педагогикалық мониторинг жүргiзiп, сандық сапалық көрсеткiштердi анықтаудың жолдарын үйрендi. Зерттеу жұмысының теориялық және тәжiрибелiк қорытындыларынан педагогикалық тәжiрибиеден «портфолио» дайындады.

Ойымызды қорытындалай келе, кәсіби күзiреттiлiктi қалыптатсырудың барлық құрылымдық құрамдас бөліктері болашақ мамандардың бiлiм беру ұйымдарындағы қызметiне, атап айтқанда, нақты педагогикалық жағдайларды шеше алу шеберлiгiне бағытталған. Мамандардың кәсіби даярлығы, яғни оның бiлiм беру қызметi барысында иеленген бiлiмi, тәжiрибесi, жеке және әлеуметтiк қасиеттерi мен құндылықтарын жұмылдыру қабiлетi оның кәсіби күзiреттiлiгiн қалыптастырып, бiлiктiлiгiн арттаруды құрайды және оны өз тәжiрибесiнде тиiмдi пайдалана алуымен өлшенедi.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті бiлiм беру стандарты.
2. Тұрғынбаева Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін бiлiктiлiктi арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжiрибе». – Алматы, 2005.
3. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негiзгi ұғымдары. – Алматы

«Музыка» ұйымдастырылған iс-әрекетiнде балалардың шығармашылық қабiлеттерiн дамыту

*Абдимавланова Умида Нуридиновна,
Шакиева Ляззат Муратовна
КМҚК «Гауһар» бөбекжайы
Қарағанды қ.*

Мәдениетті, ұлтшыл, өнерлі адам тәрбиелеуге өте үлкен екі күш керек, ол өнер және білім. Егеменді елдің ертеңі оқу-біліммен, өнегелі, тәрбиемен өлшенеді. Бала болашақта тұлға ретінде қалыптасуы бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның міндеті.

Балабақшада тәрбие алып жатқан бүлдіршіндердің арасынан болашақ өнерпаздар, әншілер, жазушылар, ақындар талай мамандық иелері шығуы мүмкін, «Бұлақ көрсең, көзін аш» демекші солардың бойындағы қасиеттерді ерте бастан байқап, өнерге баулу ең алдымен ата-анамен тәрбиеші, ұстаздардың сезімталдығына, ізденімпаздығына көп байланысты. Сол тәрбиенің бір саласы – шығармашылық сала. Шығармашылық дағдыларының ішінде музыкалық, эстетикалық тәрбие. Музыкалық, эстетикалық тәрбие дегеніміз – сұлулықты, көркемдікті сездіріп үйрету, оны қойып қана қоймай, өз бойына сіңіре білуді әдет-дағдыларына айналдыру болып табылады. Музыкалық оқу іс-әрекетінде музыканы сөзбен ғана сипаттамай бояумен, суреттермен, қимылмен түсіндіру керек. Баланың тыңдай білу қабілетін арттыру; жарқын және түсінікті музыканың қолдана білуге үйрету. Балаларды музыкалық фразалармен таныстыру. Өлеңнің бастамасы, қайырмасы деген ұғымдарды түсіндіру, қарапайым аспаптардың дыбыстарын тыңдатып тембрінен ажырата білуге үйрету қажет.

Музыканы тыңдай отырып әнді, көркем кейіпкерді, биді көз алдына елестете алу: тыңдалған шығармада немесе ән айту барысында үркек қоянға, маршпен жүрген сарбазға, маң-маң басқан аюға еліктеу және оны өзінше сипаттау. Музыка баланың ішкі жан дүниесіне, сезіміне тікелей әсерін тигізеді. Музыканың адамға деген ықпалы кейде үгіттеуден, нұсқаудан да анағұрлым күшті болады. Балаларды мазмұны әр түрлі шығармалармен таныстыра отырып олардың ішіндегі сан түрлі сезімдерін оятуға, музыкаға әсерлену қабілеттері жетіледі. музыкалық тәрбие арқылы баланың жағымды мінез-құлықтары тұрақталынады және ойын, би арқылы баланың көңіл-күйі көтеріңкі, жағымды болуына ықпал тигізеді. Баланың балабақшада шығармашылық тұрғыда қалыптасуы, дамуы бір күндік жұмыс емес, баланың сәбилік жасынан, мектеп жасына дейінгі уақытта жылдар бойы жүйелі түрде жүргізілетін жұмыс және осындай жүйелі жұмыстың арқасында ғана мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық эстетикалық тұрғыда қалыптасуы мүмкін. Мұхтар Әуезовтің: «Әнге әуес, күйге құмар бала жаны сұлу, өмірге ғашық болып өседі», – деген.

Кәзіргі заманғы ғылыми зерттеулер музыкалық қабілеттерінің дамуы музыка мәдениеті негізінің қалыптасуы екенін айтады – яғни, музыкалық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау керек. Балалық шақта музыкалық әсердің тақыр-таза болуының кейін орнын толтыру өте қиын. Сөйлеу үшін сөздік орта қажеттілігі сияқты, музыканы жақсы көруі үшін балада түрлі дәуірлер мен стильдердегі музыкалық шығармаларды қабылдай білу тәжірибесі болуы тиіс, оның ырғағына үйренуі, яғни көңіл күйін тани білуі тиіс. Жасынан бесік жырын тындап өскен, санамақ айтып, ертегі тындап, ойын-күлкі арасында өскен бала көпшілік бақылауға қарағанда, неғұрылым шығармашылықты, музыкалық дамыған болатындығы анық. Музыкалық даму жалпы дамуға

ештеңемен алмастыра алмайтындай әсерін тигізеді: адамның эмоциялық аймағы қалыптасады, ойлауы жетіледі, өнердегі және өмірдегі сұлулыққа сергектігі тәрбиеленеді.

Музыка мектепалды баласының өмірінде педагог әрекетінің белсенді ұйымдастырушылығы арқасында қолданыс табуы тиіс. Балалардың музыкалық қабілеттерінің дамуы көбіне музыкалық жетекші мен тәрбиешілер жұмысының түйісуіне байланысты болады. Музыкалық жетекші мен тәрбиешілер әрекеттестігінде балалардың музыкалық дамуы бойынша жұмысты бірлескен жоспарлау олардың ұғымдары мен әрекеттерінің жалпы мағынасын қалыптастыруларын салыстыруға бағытталған инициатива алмасу қажет.

Балабақша өмірінің барлық жағына белсене қатыса жүріп, музыка жетекшісі ата-аналар арасында музыкалық-эстетикалық білімді белсене насихаттау тиіс. Егер ата-аналар музыкалық тәрбиенің маңыздылығын түсінетін болса, олар балаларын отбасында, музыка үйірмелерінде, студияларында, балалармен бірге концерттерге, музыкалық спектакілдерге барады, жан-жақты музыкалық әсерлермен байиды, олардың музыкалық тәжірибесі кеңейді.

«Шығармашылық» дағдысында музыка ұйымдастырылған іс-әрекетінің басты мақсаттары – балалардың эстетикалық талғамын қалаптастыру, музыкалық шығармашылық іс-әрекеттер арқылы эмоциялық қатынасын білдіруге баулу, әдемілік пен сұлулыққа тәрбиелеу.

Балаларға қоршаған ортаның кейбір құбылыстарын бейнелейтін музыкалық шығармаларды таныстыру, олардың түрлері мен мәнерлілігі туралы түсініктерінің қалыптасуына әсер ету, музыканың дыбысын естіп, түсінуге, адамгершілік-эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу – осы саланың негізгі міндеттері болып табылады.

Жас ерекшеліктеріне, қабілеттеріне байланысты әрбір бала музыканы қызығушылықпен қабылдайды. Баланың есту қабілеті музыканың дыбыс биіктігін, сипатын, ырғағын, тембрін ажыратып, түсінуіне әсер етеді.

Дидактикалық ойындар музыка жетекшілерінің ұйымдастырылған іс-әрекетті түрлендіріп, мазмұнын байыта, көркемдей түседі. Ойындар балалардың бойындағы музыкаға деген қызығушылығы мен құмарлығын оятады, балалық қиялдарын қозғап, түсініктерін кеңейте түседі. Балалардың шығармашылық қабілетерін дамытып, оларды әдемілікке, музыкалық үндестікке баулиды.

Дидактикалық ойындардың мақсаты:

- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдылар жайында түсінік беру;
- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қалыптастыру;
- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тиянақтау және бекіту;
- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды қайталау және пысықтау;
- бағдарламада анықталған білім, білік және дағдыларды тексеру.

Балабақшадағы тәрбиелеу – оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін

күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген.

Музыка – адам өмірінің серігі, эстетикалық тәрбие негізі болып табылады. Музыкаға деген сүйіспеншілік, баланың музыкаға жетік болу қабілеттері туа бітпейді, ол өсу, даму процесінде қалыптасады. «Туғанда дүние есігін ашады өлең»-деп Абай атамыз жырлағандай шыр етіп дүние есігін ашқан нәрестеге өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ, музыка әсер етеді. Ең алғашқы анасының әлдиі, бесікке таянып айтқан ананың бесік жыры бөбектің жанын тынышталдырып тәтті ұйқыға кетуіне әсеретеді. Нәрестенің дүниеге келуімен байланысты ырымдар «Шілдеhana», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» т.б. бәрі де әнсіз, өлеңсіз, жырсыз өтпеген. Бала өмір бойы ән ырғағына бөленіп жүреді. Міне, осындай сыртқы ортаның әсерінен бала бойында әдемілікке, әсемдікке деген сезім күй қалыптасып, эмоциялық әсер нәрестені ерте бастан музыкаға баулуға, эстетикалық тәрбиенің белсенді көмекшісі етуге мүмкіндік туғызады.

Ана әлдиін бойына сіңіріп өскен сәби тәй-тәй қадам басқаннан-ақ балабақша есігін ашады. Сол балаға музыкалық эстетикалық тәрбие бере отырып, жан-жақты жеке тұлғаны дамытудың алғашқы баспалдағы балабақшада жалғасады. Тұлғаны қалыптастыру, оның шығармашылдық даралығын дамыту, баланың бар мүмкіншілігін ашып, оны жүзеге асыру білім беру жүйесінің басты бағыттары.

«Баланың ынтасын тарту үшін оқылатын нәрседе бір жаңалық болу керек!»-деп жазады Ж.Аймауытов. Шағын орталықта музыка сабағында ойын технологиясын қолдана отырып, материалды тез меңгеруге, музыкалық шығармаларды қабылдауға, әуенді ести білуге үйретуге болады. Оқытылатын барлық пәндер сияқты музыка пәнінде де ойынның маңызы зор. Ойынды әдетте жетекші оқу іс-әрекетті ұйымдастыру алдында не қорытындылар сәтте пайдаланады.

«Балалардың ойын әрекетін ұйымдастыруды қалай жақсартуға болады? Бұл мәселе педагогикалық үрдісте қандай орын алады?» деген сұрақтарына жауап іздеп көрелік. Ойын әрекеті балалардың бағалы өмірінің алғашқы күнінен бастап-ақ маңызды орын алады. Алайда жақсы, дұрыс, әрі нақты ұйымдастырылған ойын ғана тиісті, қалағанындай нәтиже бере алады. Ойын мектепке дейінгі тәрбиешілердің бірден — бір көмекшісі болуы керек деген.

Дидактика – термині гректің «дидактос», яғни үйрететін деген сөзден шыққан. Дидактикалық құралдар оқу міндеттеріне сай арнайы әзірленеді. Музыка сабағында әрбір баланың жеке тұлғалық (психологиялық, мінез-құлық, қабілет, мүмкіндік т.б.) ерекшеліктерін ескере отырып, белгілі музыкалық-дидактикалық ойындарқатарын таңдап алған жөн. Бұл ойындар баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында негіз болатын оның өзін-өзі сезінуі, психикалық процестерінің дамуына бағытталып, оқу іс-әрекетті ұйымдастыру үстінде, сергіту сәттерінде және сабақтан тыс кездерде жүргізілді.

1. Эмоцияны дамыту, қарым-қатынас, эмоционалдық жағдайын жақсартуға бағытталған ойындардан «Шатасқан ноталар», «Кімнің немесе, ненің үні екенін тап», «Әуенге қозғалыс ойла да, сыйла». Соның ішінде

«Төмен және жоғары дыбыстар» ойыны. Ойынның мақсаты: Балаларды шығарманы тыңдай отырып, динамикалық бояуларын, дауыс күштілігін ажырата білуге баулу. Ойынның шарты: Түстері бірдей, әртүрлі көлемдегі сары қоңыраулар суреті салынған карточкалар үлестіріледі. Шығарманы тыңдап, төменгі дыбысқа үлкен қоңырау, орташа дыбысқа орташа қоңырау, жіңішке дауыстағы әуенге кіші қоңырау бейнеленген сәйкес карточканы көрсетеді.

2. Жеке тұлғаның адекватты өзін-өзі бағалауды дамытуға бағытталған ойындардан «Ертегі құрастырамыз», «Ақындар бізде қонақта», «Сазгерлер», «Ойлан, тап!» жұмбақ ойыны. Ойынның мақсаты: Жұмбақ ойынды қолдану арқылы балалар аспаптар түрлерін, құрылысын ажырата отырып, тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйрене алады. Ойынның шарты: Жетекші жасырған жұмбақты балалар жарыса тауып алулары керек. Бұл баланың ойлау қабілетіне әсер етеді.

Ұзын мойын екі ішек,

Қатар-қатар тепкішек.

Басып қалсаң бір-бірлеп,

Күй шығады күмбірлеп, (Домбыра)

Саусақ басқан түтіктен,

Сандуғаш құс сайрайды. (Сыбызғы)

Сексен бес тілі бар,

Әр тілдің

Өзіне тән үні бар. (Күйсандық)

Ұсынылып отырған жұмбақтарды балалар екі топқа бөліп жарыс түрінде өткізуге болады. Бірінші топтың балалары жұмбақты айтса, екінші топ балалары жауабын табу керек т.с.с.

3. Қабылдауды дамытуға арналған ойындардан «Әуенге не жетіспейді?», «Не бейнеленгенін анықта?», «Аспаптарды боя». Атап айтар болсақ, «Төрт түліктің төлін шақыру» ойыны. Ойынның мақсаты: Бұл ойын арқылы балалар төрт түлік малтуралы, олардың төлдері және қасиеті жөнінде естіп, біледі..

Ойынның шарты. Жүргізуші:

- Қане балалар, дауыстап төрт түлік малды төлін емізуге, бәріміз бірдей дауыстап шақырайық. Ойынды көрнекіліктер пайдалана отырып, өткізуге болады. Мысалы:

Биені құраулап,

Түйені көс-көстеп,

Сиырды аухаулап,

Ешкіні шөрелеп,

Шақырып аламыз,

Сауамыз, бағамыз.

Бұл музыкалық ойында ән айтқызу арқылы дыбыс тазалығына, сөздерді анық айтуға көңіл бөлеміз.

4. Есті дамытуға арналған ойындардан «Тыңда да таны», «Әуенді есте сақта», т.б. «Жұбынды тап» ойынына тоқталып өтсек.

Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады. Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды. Ойынның шарты: Балалар зал ішінде кең, еркін, белгілі бір қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын орындап, музыка аяқталған сәтте өз орындарына, яғни жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек.

5. Ойлауды дамытуға арналған ойындардан «Төртіншісі артық», «Әуенді аяқтау», «Артық нотаны тап», «Әуен құра», «Музыканы салыстыр». Соның ішінде «Әуенді сағат» ойынына тоқталып өтетін болсақ: Ойынның мақсаты: Үйренген ән, әуендерді есте сақтап, бекіту үшін қолданылады. Әртүрлі көңіл күйдегі әуендерді кіріспесінен немесе үзіндісінен табуға машықтандырады. Ойынның шарты: Әртүрлі шығармадағы кейіпкерлер суреті салынған сағат бейнелі карточкалар беріледі. Жетекші таныс ән немесе әуенді ойнап, балалар «Әуенді сағаттан» сол әннің мазмұнын сай суреті сағат тілін қозғау арқылы тауып береді.

6. Зейінді дамытуға арналған ойындардан «Не өзгерді?», «Айырмашылығын тап», «Рұқсат етілмейтін қимыл». Соның ішінде «Неше аспап және қандай аспап?» ойыны.

Ойынның мақсаты: Ойлау, еске түсіру қабілеттерін дамытады. Әңгімелеп айтып беру арқылы, сөз қорларын дамытуға септігін тигізеді.

Ойынның шарты: Жетекші таныстырылған түрлі аспаптың аттарын атаған кезде, сол аспапты ұстап отырған бала, аспапта ойнайды. Жетекші балалардың зейінін арттыру мақсатында бір дегенде екі немесе үш-төрт аспаптың атын атайды. Қалған балалар неше аспап және қандай аспап екенін, әр түрлі дыбыстың шығуына байланысты саусақтарымен немесе ойша санау арқылы тауып айтып әрі, аспап туралы өз білгендерін айтып әңгімелеп береді. Осы нұсқада төмен, жоғары дыбыс ойынында ойнауға болады. Ойындық өзара әрекет – бұл өмірдің имитациясы емес, бұл баланың қоғамда өз қабілеттерін, мүмкіндіктерін жүзеге асыруына, өзін-өзі бекітуге мүмкіндік беретін ерекше іс-әрекет түрі. Яғни, ойын бала тұлғасының әлеуметтік дамуының негізгі факторы.

Музыкалық ойындар балалардың музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай, есте сақтау, ойлай білуге, ажырата, салыстыра алуға баулиды. Қорыта келе, бүгінгі таңда дидактика саласындағы негізгі мәселелердің бірі – білім берудегі ойындар технологиясы болып отыр. Ойын өмірде өте ерте жастан өзінен өзі бастала отырып, адамның кәсіпті толық толық меңгермегенінше жалғасады және ойын оқытуда алдыңғы технологиялардың маңызды бөлігі болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Г.А. Праслова Мектепке дейінгі балаларға музыкалық білім берудің теориясы мен әдістемесі. Детство-пресс, 2005. – 129 б.

2. Д.К.Есенова. Мектеп жасына дейінгі балаларға музыкалық тәрбие беру: оқу құрал / Д.К.Есенова, Ш.Қ.Есмағанбетова, А.А. Маулетова. – Қостанай: ҚМПИ, 2017 – 199 б.
3. Гончарова О. В. Музыкалық тәрбие берудің теориясы мен әдістемесі: орта кәсіптік білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған оқулық / О. В. Гончарова, Ю. С. Богачинская. – 5-басылым, стереотипті. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2016. – 256 б.
4. Э.Б. Абдулин. Е.В. Николаева Музыкалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі – М., 2004, – 245 б.

Сөйлеу тілі бұзылған балаларды оқытуда компьютерлік технологияны қолданудың ерекшеліктері

*Акжунусова Дария Ержановна
Жамангарина Бақытгүл Айтқазықызы
КМҚК «Гауһар» бөбекжайы*

Компьютерлік технологиялар әрбір екінші пайдаланушының жұмыс жүйесіне мықтап енді. Р.Ф. Абдеев өз зерттеуінде қоғамның қазіргі даму кезеңі «ақпараттық мәдениеттің» қалыптасқанын көрсетеді деп атап көрсетеді. Ақпаратты құру, өңдеу және беру операциялардың негізгі түрлерінің біріне айналуға. Компьютерлер тікелей технологиямен байланысты қызметте де, басқа салаларда да қолданылады: медициналық, психологиялық, құқықтық және, әрине, білім беру. Компьютерлік технологияны қолдану педагогикалық процесті оңтайландыруға, дамуында ауытқуы бар балаларды оқытуды жекелендіруге және кез келген іс-әрекеттің тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Бұл бағытта бірқатар зерттеушілер жұмыс істейді, мысалы, Р.Ф. Абдеев, В.П. Беспалько, Е.И. Машбитс, О.И. Кукушкина және т.б. [1]

Арнайы білім беру жүйесіне компьютерлік технологияларды енгізу мәселесін әдістемелік мәселе ретінде Түзеу педагогикасы институты қойды. Арнайы білім беруде компьютерлік технологияны қолдану екі функционалдық міндетті шешумен байланысты:

- балаларды әрекеттің жаңа құралдарын пайдалануға үйрету;
- ауытқуларды және қалыпты емес баланың жалпы дамуын түзету үшін жаңа компьютерлік технологияларды қолдану. Басқа оқу құралдарымен салыстырғанда компьютерлік технологияның артықшылығы:
 - жеке түзету білім беру мүмкіндігінде;
 - әрбір балаға оның жеке өзі үшін білімді меңгерудің барабар қарқыны мен әдісін қамтамасыз ету қабілетінде;
 - дербес өндірістік қызмет мүмкіндігін көрсетуде;
 - кезеңді жүйелік көмек көрсетуде. Түрлі елдердегі коррекциялық педагогика саласындағы жетістіктерді талдау арнайы білім берудегі компьютерлік технологияның рөлі жаңа оқыту құралының дәстүрлі рөлінен асып түсетінін дәлелдеуге негіз береді. Дамуында кемістігі бар балалар үшін компьютерлік

технология сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу мен қарым-қатынасты қамтамасыз ете алатын бірегей құрал екені белгілі. [2]

Компьютерлік технологияның арқасында мүмкін болады:

- басқа тәсілдермен жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда баланың оқу әрекетін ынталандыру;
- тек осы технологиялар негізінде ғана мүмкін болатын оқытудың жаңа «айналмалы жолдарын» құру;
- даму мен оқыту арасындағы байланысты анықтау технологияларын әзірлеу;
- дәстүрлі білім беру және түзету міндеттерін шешудің айтарлықтай тиімді жолдарын табу;
- білім беруді жоғары сапалы дараландырудың жаңа жолдарын әзірлеу.

Осыған сәйкес аспаптық типтегі мамандандырылған компьютерлік бағдарламаларды жасау тұжырымдамасы әзірленіп, дамуында әртүрлі ауытқулары бар балаларға арналған отандық бағдарламалық қамтамасыз етуді әзірлеу басталды.

Соңғы онжылдықтарда жаңа туған нәрестелердегі физиологиялық жетілмегендік құбылыстары мен дамуында әртүрлі бұзылулары бар балалардың туу пайызы өсті. Демек, сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың даму заңдылықтары мен ерекшеліктерін ескере отырып, мамандандырылған компьютерлік технологияларды түзету оқу-тәрбие процесінде қолдану коррекциялық білім берудің тиімділігін арттырады, мектеп жасына дейінгі және кіші мектеп оқушыларын дайындау процесін жеделдетеді. сауаттылық үшін жазбаша сөйлеудің қайталама бұзылыстарының пайда болуына жол бермеу, демек, әлеуметтік дезадаптация қаупін азайту

Сөйлеудің фонетикалық компоненттерінің қалыптаспауы, сонымен қатар фонематикалық естудің қайталама дамымауы фонетикалық және фонематикалық бұзылыстарды түзетуде айтарлықтай қиындықтар тудырады. Компьютер, керісінше, әрекеттерді орындау және бақылау процесінде әртүрлі анализаторлық жүйелерді пайдалануға кең мүмкіндіктер береді. Еріксіз зейін егде жастағы мектеп жасына дейінгі балаларда жақсы дамыған, содан кейін бала үшін жарқын, қызықты және қолжетімді түрде ұсынылған оқу материалы қызығушылық тудырады және назар аударады.

Бұл жағдайда компьютерлік технологияны қолдану әсіресе орынды болады, өйткені ол ақпаратты тартымды түрде беруге мүмкіндік береді, бұл мазмұнды есте сақтауды тездетіп қана қоймай, оны мазмұнды және ұзақ мерзімді етеді. Жаңа компьютерлік технологиялар арнайы білім беруде, ең алдымен, ауытқушылықты түзету және қалыптан тыс балалардың жалпы дамуы үшін қолданылатынын айта отырып (О.И.Кукушкина, 1994, т.б.), бала мен компьютер арасындағы қарым-қатынас мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Көбінесе оның белгілі бір бұзушылықтары бар екенін түсінген бала одан ұялады, ол өзін келемежге немесе түсінбеуден қорқады, өзіне, қарым-қатынас қабілетіне сенімсіздік, қоғамнан қорқу, бұл қайтадан қарым-қатынастың бұзылуына әкеледі. Компьютермен қарымқатынас бала үшін біршама жеке тұлғаға айналады, ал нәресте қорықпай, әңгімелесушіге сенуді үйренеді.

Сонымен қатар, компьютерлік жаттығулар әртүрлі қарым-қатынас жағдайларын имитациялауға және бір серіктеспен диалогты балаға қажет

болғанша қайталауға мүмкіндік береді. Мамандандырылған компьютерлік оқыту құралдарының артықшылықтарының бірі – олар түзететін және дамытатын компьютерлік ортаны модельдеу арқылы балалардың түзету сабақтарын өткізуге мотивациялық дайындығын айтарлықтай арттыра алады. Оның аясында бала өз қызметін өз бетінше жүзеге асырады, сол арқылы шешім қабылдау қабілетін дамытады, бастаған жұмысын аяғына дейін жеткізуге үйренеді.

Компьютермен қарым-қатынас жасау, алдымен ойын, содан кейін оқу әрекеті ретінде балалардың үлкен қызығушылығын оятады. Бұл қызығушылық танымдық мотивация, ерікті есте сақтау және зейін сияқты маңызды құрылымдардың қалыптасуының негізінде жатыр және дәл осы қасиеттер баланың мектепте оқуға психологиялық дайындығын қамтамасыз етеді. Компьютерді пайдалана отырып сабақ барысында балалар қиындықтарды жеңуге, өз әрекеттерін бақылауға, нәтижелерді бағалауға үйренеді. Осының арқасында әртүрлі әдістерді біріктіру арқылы мақсат қоюға, жоспарлауға және бақылауға үйрету тиімді болады. Компьютерлік бағдарламамен берілген проблемалық жағдайды шеше отырып, бала оң нәтижеге жетуге ұмтылады, өз іс-әрекетін мақсатқа бағындырады. [5]

Осылайша, компьютерлік оқыту құралдарын пайдалану мектеп жасына дейінгі балаларда дербестік, байсалдылық, жинақылық, табандылық сияқты ерікті қасиеттерді дамытуға көмектеседі, сонымен қатар оларды эмпатияға, бағдарлама кейіпкеріне көмектесуге баулиды. Компьютердегі сабақтар саусақтардың ерікті моторикасын дамыту үшін үлкен маңызға ие, бұл әсіресе мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеу кезінде маңызды. Компьютерлік тапсырмаларды орын-дау процесінде олар қойылған тапсырмаларға сәйкес белгілі бір пернелерді саусақтарымен қалай басуды үйренуі керек, «тінтуір» манипуляторын пайдалану керек.

Сонымен қатар, балаларды жазуды меңгеруге дайындаудың маңызды сәті компьютерді пайдалану арқылы сабақтарда сәтті жүзеге асырылатын көру және мотор анализаторларының бірлескен үйлестірілген қызметін қалыптастыру және дамыту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдеев Р.Ф. Ақпараттық өркениет философиясы. - М.: ВЛАДОС, 1994. – 125 б.
2. Агапова Р. Мектепте оқытуға арналған компьютерлік технологиялардың үш буыны туралы. //Информатика және білім. -1994 ж. -#2.
3. Акименко М.В. Балаларға арналған компьютер. – М.: Әкім, 2005.–144 б.

АКТ технологиясын қолдану арқылы, дәстүрден тыс сурет салуда, балалардың ақыл-ойларын дамыту

*Альжанова Алмагуль Нуралиевна
№69 Еркем-ай балабақшасы, тәрбиешісі*

Андатпа: АКТ сурет салу арқылы балалардың ақыл-ойларын дамыту мақсатында балаларды еркіндікке, ықыптылыққа, әсемділікке тәрбиелеу.

Түйінді сөздер: Дәстүрден тыс сурет салу баланың бойында өзгешелікке, жаңа тәсілдер ойлап табуға, қазіргі озық АКТ технологиялар заманында тың дүниелер ойлап табуға жол ашатын тәсіл болып табылады. Іскерлікті дамытатын, бастамашыл тұлға болып қалыптасуына септігін тигізетін негізгі құрал десе де болады.

Бала-өмірдің жалғасы, балаға өнер үйретіп, кәсіпке баулу тиянақты білі беріп, жан – жақты тәрбиелеу адамзаттың басты міндеттерінің бірі. Болашақ ұрпақ келешек қоғам иелері озық азамат етіп тәрбиелеу- мемлекеттің маңызды міндеті және біздің де қоғам алдындағы борыштарымыз.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және тәрбиелеу- бүгінгі таңдағы көкейкесті мәселелердің бірі.

Шығармашылық-тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері- шығармашылықтың нәтижесі.

«Тәрбие тал-бесіктен басталады» деген дана халқымыз. Демек, баланың қоғамға өзіндік пайдасын тигізер тұлға болып дамып жетілуіне бірден-бір ықпал ететін орын балабақша. Тек қана отбасындағы тәрбие баланың қалыптасуына аздық етеді. Сондықтан бала дамуының негізгі баспалдағы балабақшадағы тәрбиені қалыптастыруымыз қажет.

«Өнерлі өрге жүзеді» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Шығармашылық талпыныс, ізденіске, үйреншікті нәрселерден әсемдік таба білуге, көргенді есте сақтап, қиял-қабілетін дамытуға жол ашады. Сурет сала отырып бала рухани өмірінде де елеулі із қалдырары сөзсіз. Жаңа қоғам дамуы мен жаңа технологиялық өзгерістер балаларданасқан шеберлік пен іскерлікті талап етеді.

Жаңа технологияларды қолдану барысында, балалардың өз ойларынан салған, суреттерін жаңсыз дүниені жаңды қылып көрсетуге болады.

Мысалы: <https://sketch.metademolab.com/> ойыны арқылы дәстүрден тыс суреттер салуға болады.

А. Байтұрсынов «Баланың ойыны қайсы, жұмысы қайсы, айыруға болмайды. Ойыны да ойын, жұмысы да ойын, бәрін ойын үстінде, ойын үшін істейді» - деп, бекер айтпаған.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады.

Мектепке дейінгі кезеңдегі шығармашылық қабілетінің дамуы мектеп жасына дейінгі балаларда бейнелеу өнерінде пішін және бояуды сәйкестендірудің басқа жолын іздеуі болып табылады.

Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоциональды көңіл-күй туғызады.

Сондықтан, балабақшада баланың басты әрекеті ретінде бейнелеу өнерін енгізген маңызды болып саналады. Бала үшін мұның маңызы зор. Балалар

суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасай алады. Осының өзі оның жеке тұлға болып дамуында із қалдырып, нағыз шығармашылықтың тәжірибесін меңгеріп, оны болашақта пайдалана білетіндей болады.

Сондықтан балабақша тәрбиешісі танымдық іс-әрекеттің шығуы мен табиғатын біліп, оны бала бойында қалыптастырудың жағдайлары мен шарттарын білген жөн. Еліктеу арқылы салынған алғашқы суретті түсіну шараларын жасауға да болады, бұған дайын репродукциялар, суреттер көрсетумен, оны мұқият түсіндірумен қатар топтағы жақсы сурет салатын балалардың суреттері де көмек көрсете алады. Бұл тәсілдерді қолдану кезінде суретті көрсету, түзетуді қалай жасаудың жемісті табысты жолдарын таңдап алған жөн. Заттың суретін салудағы, мысалы, оның формасының дұрыс еместігін бала өзі түсініп түземесе, онда оқудың, бейнелеу өнері материалдарының пәрменділігі мен нәтижелілігі азаяды. Бұл мәселені шешіп алмай тұрып шығармашылық және танымдық іс-әрекетті дамыту өте қиынға соғады, тіпті көпшілігінде мүмкін емес. Баланың өз шамасы мен жас мөлшеріне лайықты еңбек әрекеті барысында әсемділік пен ұқыптылықты ықыластана ұштастыруы, мінез-құлқындағы әдеп пен әсемдікті ұштастыруы, эстетикалық танымдық іс-әрекетке деген құштарлығы, көркем шығармаға деген ынтасы. Баланың көркемдікке деген ынтызар санасы мен көркем мазмұнды әрекетін қатар қалыптастыра отырып, дамытуды біртұтас педагогикалық үдерістің екі жағы деп те айтуға болады.

Балалардың дәстүрден тыс сурет салуға құзығушылығын арттыру үшін балаға әр-түрлі құралдар, тұрмыстық заттар тастар, моншақтар, ағаштар, краскалар, табиғи материалдар, ермексаздар, фальгалар, түрлі-түсті қағаздар, түрлі-түсті тұздар, майшамдар т.б. қолдануға болады.

Әдемілікті сезіну, шығармашылық қабілеттің қалыптасуы балалық шақтан басталады. Жас нәрестенің өзі әсемдікті ерте қабылдайды. Оның санасында жаңа қайталанбас ойдың тууына алып келеді. Барлығымыздың да балалық шағымызда суретші, мүсінші болғымыз келгені анық.

Қабырғалар мен жарларға, ағаш, құм, топырақ беттеріне, әр түрлі шытырман суреттер бейнелегендіктеріміз есімізде. Бұл бейнелеуге деген әуесқойлық біртіндеп басылады, сурет өнеріне берілген көркем шығармашыл адамдар ғана жол таңдайды. Қазіргі заманғы балабақшадағы мүмкіншіліктер шектелген оқу-тәрбие жүйесінде балалардың көркемдік тәрбиесі қалыс қалу мүмкін емес. Балалар бақшасындағы бейнелеу өнерінің түрі, мектеп жасына дейінгі балалардың ең эмоционалды, қызықты әрекет түрі. Әр түрлі көркем жабдықтарды бейнелеу техникасын қолдану балалардың мүмкіндігіндіктерін кеңейтіп, қиялын, шығармашылық қабілетін дамытады. Дәстүрден тыс сурет салу баланың бойында өзгешелікке, жаңа тәсілдер ойлап табуға, қазіргі озық технологиялар заманында тың дүниелер ойлап табуға жол ашатын тәсіл болып табылады. Іскерлікті дамытатын, бастамашыл тұлға болып қалыптасуына септігін тигізетін негізгі құрал десе де болады.

Балалардың шығармашылығын дамытуда дәстүрден тыс сурет салу әдістері мынадай тәрбиелік және дамыту мақсаттарында қолданылады:

Саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту. Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығы әрқайсысы бір денеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады. Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір – біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет;

Қоршаған орта әлемін, ондағы құбылыстар мен заттарды біліп қабылдау, түсіну. Бала сурет салмас бұрын ойша елестетіп, белгілі бір бөлшектерге бөліп, қандай да бір заттарға, геометриялық фигураларға ұқсатып салады.

«Баланың икемділігі мен дарынының қайнар көзі-оның саусағының ұшында» деп В.А.Сухомлинский айтқандай, қорытындылай келе айтарым: мектеп жасына дейінгі оқыту үрдісінде сурет салудың дәстүрден тыс әдіс – тәсілдерін тиімді қолдану балалардың шығармашылық қабілетін одан әрі жетілдіре береді деп ойлаймын.

Пайдаланған әдебиеттер: «Отбасы және балабақша» журнал

Баланы емес, өзінді тәрбиеле

*Астана қаласы №18 орта мектебінің даярлық
сынып тәрбиешісі - Мажиг Баршынгүл*

Баланың мектепке бейімделу кезеңіндегі тәрбиешінің рөлі.

Баланың мектепке бейімделуі ата-анамен бала арасындағы өте күрделі үрдіс. Тәрбиешілер ретінде біз мектеп табалдырығын алғаш рет аттаған өте сезімтал, ақ парақтай кіршіксіз таза жан дүниесі тұрақтылық билегенімен қорқыныш сезімі басымдау әрі ұяң 5-6 жастағы бүлдіршіндерді қабылдап аламыз. Бұл кезең тәрбиеші мен бүлдіршіндер арасындағы бір біріне бауыр басу және мектепке бейімделу кезеңі болғандықтан, тәрбиеші үлкен бір жауапкершіліктің күтіп тұрғанын сезініп, балаға ата-анасынан кейін ең маңызды адам болатынын түсіну керек.

Бала толық қанды өмір сүру үшін эмоциямен сезімдердің барлығын басынан өткеру керек. Баланың жаратылысы солай болғандықтан ішкі жан дүние құбылысы, мінез құлқының өзгерісі, барлығы балалық шақтан өзіне таныс емес белгісіз дүниенің есігін ашқандықтан, баланың өмір сүруі мен тіршілігінің түбегейлі өзгеруі баланы дағдарысқа ұшыратады. Баланың мектеп өміріне еніп, бейтаныс әлеуметтік ортада өзін қалыптастыру кезеңінде тәрбиеші мектеп тәртібін қатаң үйретпей, балаға балалық көзбен қарап

барынша сезімдерімен санасу арқылы, баланың қалауын басшылыққа ала отырып, баланың артық қозғалыстарын мінеп сынамай сол қалпында қабылдап, шынайы жақсы көру арқылы баланың жүрегіне жол табу керек. Иә осы мейірім махаббатпен келген шынайы сыйластық бала мен тәрбиешінің арасында көзге көрінбейтін сүйіспеншілік көпіріне айналады. Бала мектепте сіздің барыңызды біліп шын жақсы көретініңізді сезіну керек. Бала антенна іспеттес тәрбиешінің күйін, реакциясын, байланысу талаптарын тез қабылдайды. Ол кімнің кімді жақсы көретінін, кім кімді ұнатпайтынын, кімнің ұрсып жүргенін жақсы біледі. Тәрбиеші баладан өз қарым-қатынасын жасырсада бала арадағы қысымды сезеді. Бұл балаға Алланың берген бір сыйы, бала үлкендердің жан дүниесін оқып тұрады. Баланың сезімдерін тани алу тек қауіпсіз ортада қалыптасады. Ұрыс-керіс, жазалау - ол баланың сезімдерін құлыптаумен тең. Егер тәрбиеші осы кезеңде балаға салқындық танытып, баланың әр қадамын аңдып жүгірме, жүрме, күлме, жылама деп әр бір сезіміне шектеу қойып, ұрсып жазалайтын болса, баланың мектепке бейімделуі өте қиын болады. Бұл кезеңде балалардың жаны нәзік болады. Баланы ренжітсеңіз, жан жара қалуы мүмкін. Балалық невроздардың көбі осы кезеңде пайда болады. Кекештену, ауытқулар бала жанының жарасына байланысты. Сондықтан оның жанын жаралау өте оңай болғандықтан, өте мұқият болу керек. Осылай балаға ұрса берсең бұл сөздерге еті үйреніп алатыны соншалық сол сөздерден лаззат алатындай дәрежеге жетіп психологиялық ауытқуларға шалдығуы мүмкін. Мұндай балада мейірімділік пен жанашырлық сезімдері болмайтынын және тұлғалық қалыптасуына кері әсерін тигізетініне мамандар бір ауыздан құптайды. Егер балаға сен жамансың деп айта берсе бала соған сеніп, солай қабылдап қалады. Мұндай балалар мейірім мен сүйіспеншіліктен мақрұм өскендіктен, есейгенде қанша білімді болсада сол білімді жаман істерге, жауыздыққа жұмсауы мүмкін. Қатыгез адамды сипаттағанда онда жүрек жоқ тас жүрек дейміз. Жүректен шықпаса жүрекке жетпейді дейміз. Ал мидан шыққан миға жетпейді деген сөз жоқ. Бұл қолданыстар қазақ халқының адамның психо-физикалық ерекшеліктерін өте жақсы түсінгенін көрсетеді.

5-6 жастағы баланың ойлауы жақсы дамыған болсада, сыни ойлаумен логикалық қабілеті әлі дамымаған болады. Сол себепті баланың мектептен қорқуы қалыпты жағдай. Бұл қорқынышты үлкендерге айтуға ұялады. Осы қорқынышты күліп бей жәй қарайтын болсаңыз, бала өз сезімімен бетпе бет қалады. Бұл эмоцияналды зорлық өмір бойы жалғасуы мүмкін. Сол себепті біз баланың сезімдерімен санасып, баланың денгейінде сөйлесіп, балаға қарапайым ертегі оқып беріп, бірге ойнап, үнемі сен сүйкімдісің, ақылдысың, сенің қолыңнан бәрі келеді деу керекпіз. Сонда ол бала ақылды және еңбекқор, үйреткен сабақты тиянақты қарап, сізді риза ету үшін барын салады. Балаға сен істей аласың дегенді көп айту керек. Бала қуатты сөздерді естіп, мейірім махаббат пен сүйіспеншілік арқылы өзінің ішкі жан дүниесіне үніледі. Эмоциялары мен сезімдері және танымдық басқа процестер арқылы баланың ішкі әлеміне басты назар аудару керек. Өкінішке орай кейбір педагогтар балаға бағыт көрсетудің орнына, күшпен басқаруды қалайды. Бірақ қорқыту, жазалау

білімге деген мотивация емес. Тәрбиеші баланы бар болмысымен қабылдап, шынайы жақсы көру арқылы мейірім махаббатпен баланың жүрегіне жол тауып, білімге өмірге деген қызықушылығын ояту арқылы әсер етуге тырысу керек. Бала мен тәрбиеші арасында сенімді байланыс құру үшін тәрбиешінің ұйымдастыратын әр бір іс-әрекеті және күнделікті үйрететін сабақ барысында баланың жай ғана сөзбен «иә» дегеніне қарағанда, баланың жүзіндегі қуаныштың болғаны маңызды. Баланың жүзінде қуаныштың болуы, бала мен тәрбиешінің арасындағы сенімді байланыстың құрылғанын көрсетеді.

Бала тәрбиешінің сөйлеу әдебін, әр бір қимыл қозғалысын байқап отырады. Ол нені білдіреді? Бұл дегеніміз тәрбиеші баланың айнасы іспеттес болады. Себебі бала көз арқылы тәрбие алады. Тәрбиеші балаға жылулық, қамқорлық, шынайы сүйіспеншілік, мейірім мен махаббатын сыйлау арқылы, баланың жүзін күлкі мен қуаныш және таңданысқа бөлеп, баланың қызығушылығын оятып, «сен барсың», «сен әлемге, еліңе керексің», «мен саған бәрін үйреткім келеді» деген хабарлама жібереді. Осы хабарламаны қабылдаған бала өзін бұл жерде бар екенін сезініп, тәрбиешінің оған қуанышты екенін түсініп, өзіне көрсетілген тәрбиешінің үлкен бір құрметін сезінеді. Осылай бала мен тәрбиешінің арасында сыйластық пен сенімділік пайда болады. Осы балаға деген құрмет, баланың өз-өзіне, қоршаған ортадағы қарым қатынасына, болашақ өміріне және баланың білімді табысты нәтижелі түрде игеріп кетуіне үлкен ықпал етеді. Мен бармын, мектепте білім алу керемет деген сезім мықты орнатылса, бала сыртқы бақылауға тәуелді болмайды. Себебі бала қандай болса да тәрбиеші оған сен жақсысың деген ұғымды дұрыс қалыптастырған. Бала жан жағына қамқорлық көрсете бастаса онда тәрбиешімен бала ортасында бауыр басу мықты орнатылды деген сөз.

Жәй ұстаз хабарлайды, жақсы ұстаз түсіндіреді, керемет ұстаз көрсетеді, ал ұлы ұстаз шәкіртті шабыттандырады делінген. Шабытты тәрбиешілер, шығармашыл шәкірттер көп болсын. Алла баршамыздың ұлы ұстаз болуымызды нәсіп етсін.

Қолданылған әдебиеттер: «Исламдағы бала тәрбиесі»

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жаңа технологиялар

*Бураханова А.А., тәрбиеші
Астана қаласы №54 «Нұр-Ай» балабақшасы*

Андатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жаңа технологиялар қарастырылады. Ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, инновация ұғымы жан-жақты талданылады.

Түйінді сөздер :

Тәрбие, оқыту, білім беру, инновация, интерактивті тақта, мультимедия, технология, электрондық жүйе, ақпарат, коучинг, графика, модуль

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты

бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

Үздіксіз білім беруге көшу, компетенцияға негізделген білім, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, білім берудің ашықтығы, көкейкестілігі, іргелі білім беру, білімді ізгілендіру; білім берудегі инновациялық әдістер. «Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырда енді. Ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. ХХ ғасырдың 30 жылдары И.Шумпетер, Г.Менш «инновация» терминін ғылымға енгізді. Осы кезден бастап, «инновация», «инновациялық процесс», «инновациялық потенциал» терминдері жалпы ғылымдардың терминологиялық жүйесін байытты. Сонымен технология – шеберлік, өнерлік, білгірлік туралы ғылыми ұғым. «Технология» сөзі көптеген ұғымды білдіреді, олар:

- Белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс (В.Даль сөздігі).
- Белгілі заттың бейнесін өзгерту үшін қолданылатын өнер, біліктілік, әдіс-тәсілдер (В.М. Шепель).
- Белгілі затты, тұлғаны сапалы өзгертуде қолданылатын білім мен әдіс-тәсілдер жүйесі (И.Г. Зайнышев).

«Фребель сыйы».Фридрих Фребель идеялары.

Фридрих Фребель (1782- 1852) - неміс педагогі, мектепке дейінгі тәрбиенің теоретигі. Фридрих бала бақшасының құрылуын насихаттаған, балалар үшін тәрбиешілерді дайындаған және олардың жұмысының өзіндік әдісін әзірлеген. Фридрих балалардың даму процесінде ойынның үлкен тәрбиелік және білімдік мағынасын айтқан.ХІХ ғасырдың екінші жартысында–ХХ ғасырдың басында Европада неміс педагогы Ф. Фребельдің мектепке дейінгі тәрбие теориясы кең таралды. Ол 10 «балалар бақшасы» деген терминді енгізді, бұл дүние жүзінде жаппай қабылданды. Ол балалардың жасына сәйкес бірқатар қарапайым білім мазмұнымен таныстыру қажеттілігін атап көрсеткен. Оның идеялары: мектепке дейінгі тәрбиені насихаттау және балалар бақшаларын кең тарату, мектепке дейінгі мекемелердің жұмысының теориясын бірінші болып жасап, мектепке дейінгі педагогикалық ғылымдардың дербес саласы болып бөлінуіне себепкер болды.

Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кенінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін.

Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: олар көру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау т.б.

Интерактивті тақтаны пайдалану. Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Бірнеше технологиялардың пайдаланудың әсері, оқыту нәтижесінің сапасын күшейтеді.

Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, сонымен қатар интуиция, образдық ойлауын дамытады.

Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру екені мәлім.

Коучинг технологиясы

«coach» - «жаттықтыру, үйрету, бағыттау, фактілермен қамтамасыз ету».

Коучинг пен тәлімгерліктің сипаттамасы:

Коучинг – оқудың нәтижелілік дәрежесін арттыру арқылы оны жетілдіруге мүмкіндік беретін үдеріс. Табысқа жету үшін тренерлер үдерісті білуге және түсінуге, сондай-ақ коучинг жүзеге асырылатын мән-мәтінге сәйкес келетін стильді, дағдылар мен әдістемелерді меңгеруі керек.

Тәлімгерлік – тәжірибесі аздау мұғалімнің білімін, ойлауын, практикалық қызметінің тиімділігін жетілдіру қарқынын арттыру мақсатында тәжірибелі мұғалім мен тәжірибесі аздау мұғалім арасында сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас орнату үдерісі болып табылады.

Коучинг пен тәлімгерліктің айырмашылығы:

Тәлімгерлік

- ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін жүйелі қарым-қатынас;
- тәлім алушы үшін қажеттігіне қарай кездесу ұйымдастыру арқылы бейресми сипатта болуы мүмкін;
- кеңестер, ұсынымдар мен қолдау ұзақ уақыт және көп аспектілік негізде көрсетіледі;

Коучинг

- қарым-қатынас ұзақтығы алдын ала белгіленеді;
- әдетте, құрылымдық сипатта болады;
- кездесулер алдын ала жоспарланады;
- коучинг білім алушыларда нақты дағдыны қалыптастыруға бағытталған;

коучинг дамудың белгілі бір бағыттарын қарауға, нақты мәселелерді шешуге бағытталған.

Коучинг - адамның нәтижелілігін арттыру мақсатында әлеуетін ашу.

Коучинг үйретпейді, ол үйренуге көмек көрсетеді.

Коучингті жұмыс уақытында қолдану жағдайлары:

- Ұжымды ынталандыру;
- Мәселелерді шешу;
- Жоспарлау мен қадағалау;

- Қарым-қатынас мәселелері;
- Ұжымды дамыту;
- Команданы құру;
- Топтық жұмыс.

Ал бала қанша да балалығын көрсетпей тұрмайды, оларға әрдайым ата-ана, тәрбиешілер тарапынан қамқорлық, басшылық ауадай қажет - ақ.

Білімділік пен тәрбиеліктің нәрі сәбиге ана сүтімен дарыса, тәлім-тәрбие мектепке дейінгі ұйымнан басталды.

Осыған орай, бүгінгі қоғам мүмдесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық санамен парасаты бар азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның барша халықтың міндетті.

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастауы, тұлғасы балабақшадан басталады.

Модульдік оқыту технологиясы

М.Жанпейісованың модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген, мақсатында өз бетімен дами алатын, әр түрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді бала тәрбиелеу. Модульдік оқытудағы негізгі мақсат-баланың өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту.

Модульдік оқытудың өзегі-оқу моделі, ақпараттардың аяқталған блогынан,бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген ұстаздың нұсқауынан тұрады. Оқытудың жаңа элементтерін пайдалану арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілетін дамыту. Модельде 1-3-деңгейлік тапсырмалар:тест сұрағы, топ тапсырмасы, шығармашылық іс-әрекет бойынша жұмыс жүргізіледі.3-деңгей-мемлекеттік стандарт деңгейі, бұны барлық балалар орындауы, білуі міндетті.2-деңгей бұған қарағанда күрделірек, ал 1-деңгейді өз пікірін жеткізе алатын,өз ойын шығармашылықпен дәлелдей алатын қабілетті, озат балалар ғана орындай алады.

Осылайша, жаңа технологияларды қолдану — тәрбиеші қазіргі заманға сай өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайын, денісаулығын сақтай алатын, білімі мен машықтарын көрсете алатын, шығармашылығы кең, ақыл-ой өрісі дамыған, өз ойын сауатты жеткізе алатын, бәсекеге жарамды тұлғаны өсіруге жетелейді.

Білім — ел қазынасы, халқымыздың білімділігі – ел байлығы. Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың жаңаша әдістерін қолдануымыз қажет. Сондықтан әрбір тәрбиеші — өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, балалардың білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында іс- әрекеттің құрылымы мен әдіс тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008

2. М.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2002ж.
3. Қ.Ахметұлы, Т. Баймолдаев «Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім беру жолдары. Алматы, 2003ж.
4. М.Ж.Жадрина «Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беруді дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы, 2002 ж.

Асық ойындары арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу

Душанова Р.Н.

Шахтинск қ. «Еркетай» бөбекжайы КМҚК, тәрбиеші

Андатпа: Балабақшадағы ұйымдастырылған іс әрекет барысында асық ойындарының тәрбиелік мәні зор. Кезінде ұмыт бола бастаған осы асық ойындарын қайта жаңғырту қазіргі кезеңде өте маңызды деп есептеймін. Бүлдіршіндерге қазақтың ұлттық ойындарын ойната отырып, өзара сыйластыққа, бауырмалдылыққа тәрбиелейміз. Осы тақырыбымызды зерттей келе, балалардың асық ойындарына деген қызығушылығы басым екенін байқадым. Сондықтан да мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойын дамытуда асық ойындарының алатын орны ерекше «Асық ойнаған озар, доп ойнаған тозар. Бәріненде құйрық жеп қозы баққан озар» деген мағынасы қисықтау мәтелді иесі осы кеңес заманда біздің санамызға сіңіріп келгені баршамызға аян. Жалпы асықтың қадірін алаш баласынан артық білген ешкім жоқ. Осы асықты ойнау арқылы, асықты жинау арқылы қазақтың баласы көптеген дүниедегі тәлім-тәрбие алған. Оның ішінде асық ойнау арқылы олар түрлі отыру, тұру сияқты гимнастика жасап жүгіреді. Ал оны жинау арқылы ол өзінің ең алғашқы мал жинау, яғни болмаса қазіргі замандағы тілмен айтқанда коммерциялық тұрғыдан өзінің кәсіби бастауды осы асықтар арқылы үйренген. Ал енді осы асықтарды бүгінгі таңда осы балаларға тәлім-тәрбие құралы ретінде көрсетсек. Қазақ халқы бала тәрбиесіне үлкен мән берген, біз ұлттық тәрбиеге көп мән береміз және де жан жақты, алысты-жақынды шет мемлекеттегі әр түрлі методиканы қолданып, балалардың дамуына үлкен көңіл бөлеміз. Біз бұрыннан қолөнерді қолданып келе жатырмыз. Асық ешқандай да кері әсер келтірмейді. Оны санаса да, ұстаса да болады. Адамның алақанында әр түрлі нүктелер бар. Қалай айналдырса да асық өте қолайлы. Бұрын қазақ халқы асықты тек ойын құралы ретінде қолданған.

1–сурет. Асықпен жаңашыл ойындар




Асықтарды тесіп бір жіпке өткізетін болсақ, тіпті баланың көзі көру қабілетін, нақтылық, мергендігін және асықтарды түрлі-түсті түске бояп оны өткізіп жіпке өткізгенде баланың қол моторикасы дамиды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда жас ерекшеліктеріне сай асықтан түрлі қажетті бұйымдарды жасап шығаруға болады. Мысалы, 2-3 жастағы балалар сиқырлы табыстырылған жолақшаны пайдаланамыз. Бұл жерде бала өзінің асықты жүргізіп отырып, ұсақ қол моторикалары дамиды. Сонымен 3-4жастағы балалар ол міне асықтың өзіне тән бөлінген жан –жақты алшы, тәйке, шік, бүк, деген төрт жақтытүрі бар екенін түсінеді. Соны формаға салып, шығарудың өзі баланың ойлау қабілетін арттырады. 4-6 жастағы балаларға математикадан, қазақ тілінде асықтарды пайдалануға болады.

Бұл асықтарды бала ойнай отырып естеріне сақтайды. құрайды, көреді, ұстайды. Бұл әр топта бар, бұл жерде де түсіне байланысты және бала санды кері, тура санау арқылы естеріне көп сақтайды. Мысалы: бізде бұрынғы кезде есептеу үшін шот болған. Міне, сол қарапайым шотты, біз осы асықтан жасадық. Сонымен қатар денсаулық сақтау технологиясы бойынша массаж қолғаптар бар. Қолғаптың пайдасы бала мысалы қолына киеді. Қолына киген қолғапты олар бір-біріне қолына киіп, екінші қолына киілмейтін бір-біріне үйкелестіру арқылы олардың алақандарындағы ұсақ бөлшектері алақан жұмысы жақсарады. Ұсақ қол моторикасы дамиды. Ойлау қабілеті жақсарады. Сонымен қатар олар бір-біріне массаж жасайды. Өте тиімді өте қызықты әрі денсаулығын дамытуға көп қызмет атқарады. Сонымен қатар жаңағы денсаулық сақтау жолақшалары, ол жерде бала аяқ киімімен емес жалаң аяқ әр түрлі іздерді, кәдімгі іздерді ойып асықтармен толтырылған. Іздерді басу арқылы балаларды майтабандыққа қарсы және аяғымызда, табаңымызда әртүрлі денсаулықты нығайтатын шыңдайтын нүктелеріміз бар. Баланың табанына батқан сайын ол денсаулығын одан әрі шыңдай түседі. Сиқырлы қалтамыздың ішінде табиғи және жасанды асықтар бар. Балалар оны ұстап отырып, табиғи асықтарды қалай сипап-сезу арқылы көрмей табады. Бұнда баланың өзінің ерекше дамуына әсерін тигізеді. Ата-аналар да асықты жинауға көмектеседі. Әр түрлі ұлттық ойындар ойнаймыз. Қазақтың ұлттық ойындары

асық пен әр түрлі ойындарды балабақшамыздағы өзге ұлт балалары да қызыға ойнайды. Ол жай асықты қоя салып атпайды. «Хан талапай», «Бес асық», «Құмар», «Омпа», «Тас қала» сияқты көптеген ойындары бар. Балалар асық ойындарының ішінде асық ату, ортаны тап деген асыққа қатысты хан талапай, бес асық, әр түрлі ойындарды жақсы ойнайды. Ол асықпен ойнаған бала топпен жұмыс істей алатын бала болады. Бауырмашылдыққа кезектерін күтуді, ептілікке үйренеді, зейін тұрақтандырады, ұшқырлыққа баулиды, жеңіске жетіп ұтып алады. Ол коммерциялық жағынан баланың мына қазіргі заманауи, заманға тәрбиелейді. Ол өте тиімді балаларға. Осы ойындарды біз ұйымдастырылған іс әрекетімізде қолданамыз. Асықпен ойнаған бала жиі қозғалады, жүгіреді, еңкейеді, түзу тұрады, отырады, яғни жан-жақты физиологиялық дамиды.



2–сурет. «Ұлттық ойындар» Бастапқы және қорытынды мониторингі

Қорыта келе, халқымыздың ата-дәстүрін жаңғыртып, жас ұрпақтың санасына сіңіру, балаларымызды асық ойынына деген қызығушылықтарын арттырып, ұлттық ойындар туралы білімдерін жетілдіру. Осы мәселені қозғай отырып, ұлттық ойындарды дұрыс пайдалана білуге, балабақшаларда асық ойындарын жүйелі түрде пайдаланып іс жүзінде қолға алуға болатынының түсіндім. Асық ойындары – баланың бойында тұлғалық жақсы қасиеттерін қасиеттерін қалыптастыруға, әлеуметтік өмірдегі процестерге өзінше баға беру мен пайымдай алушылыққа үйретіп, құрдастарымен және де отбасындағы адамдармен де дұрыс қарым-қатынас жасауға септігін тигізетінін байқадым. Балалардың асық ойындарын ойнау арқылы зейінділік, есте сақтау қабілеттері дамиды екен. Осы асық ойындары арқылы балалар ұйымшылдыққа үйренеді, топта бір-бірімен өзара сыйластыққа баулиды. Асық ойындарын жүйелі қолдану-баланың білімін артып қана қоймай, сонымен қатар денсаулығын нығайтуға жол ашады. Бұған балабақша қызметкерлері, тәрбиешілер ғана емес, ата-аналар да белсенділік танытып отырса, нұр үстіне нұр болар еді. Асық ойындарының жаңа түрлерін енгізіп, іске асыра білсек, бала бойындағы бес дағдыны дамыта отырып, алға қойған мақсат-міндеттерді орындап, белгілі нәтижеге жетуге болады.

Асық ойнауда балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктеріне, қабілеттері мен қажеттіліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын қалыптасады. Бұл балаларды ұйымшылдыққа, достыққа баулиды, оның үстіне өте қарапайым әрі қолжетімді.

Әдебиеттер

1. Айталы А. Ұлттану. – Алматы: Арыс, 2003 ж.
<http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1107388&simple=true&lang=kk#>
2. Г.Әбілова «Балалар ойындары» 2011 ж.
3. Сағындықов Е. Ұлттық ойындарды оқу – тәрбие процесінде пайдалану. Алматы: Рауан, 1993 ж.
4. Толыбаев Қ. Кел, ойнайық. - Алматы: Өнер, 1990 ж.
5. Р.Нуртазина, Л.Асқар «Сен білесің бе? Балалар ойындары» - Алматы: «Аруна Ltd» баспасы, 2001 ж.

Баланың дамуына логикалық ойынның әсері

Дюсекеева А.Н.

Қарағанды облысы КМҚК «Гауһар» бөбекжайы, тәрбиеші

«Ойнай отырып, ойлай білейік»-демекші баланың іс-әрекетінің ерекше бір түрі, ойынның пайда болуын зерттеушілердің біразы өз еңбектерінде өнер және ойын көркемдік іс-әрекеттің алғашқы қадамы деп түсіндіреді. Ойында шындықтың көрінісі ашылады. Жалпы ойынға тән нәрсе өмірдің әртүрлі құбылыстары мен үлкендердің түрлі іс-әрекеттеріне еліктеу екені белгілі. Ойынның шартты түрдегі мақсаттары бар, ал сол мақсатқа жету жолындағы іс-әрекеттер бала үшін қызықты. Балаларға ақыл-ой, адамгершілік, дене шынықтыру және эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі ойында жатыр. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді ізденімпаздық, тапқырлық әрекет байқатады.

Сезіну, қабылдау, ойлау, қиялдау, зейін қою, ерік арқылы түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Балалармен ойналатын ойындардың түрлері өте көп, соның бірі баланың тікелей дамуына әсер ететін-логикалық ойындар. Логикалық ойындардағы негізгі міндет-балалардың білімін байыту, ойлау қабілеттерін қалыптастыру. Ойлау-шығармашылық әрекеттің негізі болып табылады. Логикалық ойлау адамның интеллектуалдық қабілеттерінің негізін құрайды.

Баланың жас ерекшелігін ескере отырып қазақ тілінен түрлі логикалық тапсырмалар беру арқылы, білімнің беріктігін қамтамасыз ету, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, интеллектуалдық деңгейін көтеру.

«Логикалық тапсырмалар» баланың жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылды. Теориялық білімдерін кеңейтіп, оны практикада қолданылуына ықпал етеді. Логиканың дамуы өздігінен ізденіп жұмыс

жасауына мүмкіндік береді. Логикалық тапсырмалар баланың интеллектуалдық деңгейін көтереді.


Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да тәрбиеші балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, оқу іс – әрекетінде бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Ғұлама ғалым Әл-Фараби өзінің «Логикалық кіріспе» деп алатын трактатында логика өнері сананы әркез қастерлеуден сақтандыратынына, дұрыс ойлауға бастайтын заттардан тұратындығына тоқталып, олар саналы қорытынды жасауда адастырмайтындығын айтқан. Сондықтан логикалық ойлай алу қабілетіне балаларды үйрету өте қажет. Логикалық ойлау ойындарының маңыздылығы сол, баланың мынадай қасиеттері дамып, қалыптасады.




Логикалық ойлауға арналаған қызықты, көп тапсырмалар балаларды талпындырады, мысалы:

«Теңестір» (салыстыруға)

«Не артық?» (ойлауға)




«Не жетіспейді?» (ойлауға) «Түстер мен пішіндерді ажырат» (зейінге)



«Қайталап сал» (қабылдауға)
(сезуінге)

«Көңіл-күйін анықта»



Балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар балаларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ балаларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады.

Логикалық ойлау қабілетін дамытатын материалдармен жұмыс жасаудың 3 түрі бар: біріншіден – тәрбиеші көрсетеді, жаңа тапсырманы түсіндіреді, үлгі көрсетеді, математикалық объектіні негіз етіп алады. Балалар педагогтың іс-әрекетін бақылап, оның нұсқауларын тыңдайды, сұрақтарына жауап береді. Математикалық түсініктерді қалыптастыру іс-әрекетінде дидактикалық ойындарға ерекше көңіл бөлемін. Қызықты жаттығулар, шығармашылық тапсырмалар. Өзімнің математика іс-әрекетінде жұмбақтарды пайдаланамын, өлеңдер, тақпақтар таңдаймын, логикалық ойлауға арналған тапсырмаларға мақалдардан, қанатты сөздерден, ертегілерден және де сергіту сәтінен (физминуттардан) топтама жасаймын. Өртүрлі қызықты материалдарды қолдану педагогикалық үрдістің тиімділігін арттырады, сондай-ақ, олар баланың ақыл – ойының дамуына үлкен ықпал ете отырып, балалардың ойлауына, есте сақтауына себеп болады. Балаларды ойын үрдісіне оқыта жүріп, ойыннан алған әсеріне қуана білуге үйрету керек. Мектепке дейінгі жастағы балалардың логикалық ойлауын дамыту, ересек адамдардың ісі, жұмысы, қызметі сияқты ойын да бала өмірінде маңызды болып саналады. Бала ойында қалай болса, ол өскенде де, жұмыста да сондай адам болады. А.С. Макаренко.

Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау негізгі міндет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз

ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-тәрбиелік іс-әрекеттерді игеруге қасиеттерінің дамуын қамтиды.

Ойымызды қорытындылай келе, баланың логикалық ойлауын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйеленді және оны ұйымдастырудың тиімді жолдары, әдіс-тәсілдері айқындалады, ол өз ретінде, балалардың логикалық ой-қабілеттерін қалыптастыру жұмысының жағдайын бір шама арттырды – деп ой түйіндеймін. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін қалыптастырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Нысанбаев Ә, Әбжанов Т. Ой. Ақыл. Адамгершілік. Алматы, 1994ж
2. Натанова Н.Н. «Мышление и логика» 2008г
3. Бала тәрбиесі № 7, 2012ж «Ойын – тәрбие берудің ең тиімді тәсілі»
4. Бала тәрбиесі № 9, 2012ж «Ойлау қабілетін дамыту»
5. Отбасы және балабақша № 4,6.10. 2012ж.

Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру

*ҚМКҚ “Гуһар” бөбекжайы
Тәрбиеші: Жакупова М.Е.*

Қазақстанда мүмкіншілігі шектелген балалардың туғанынан бастап әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық амалдары, психологиялық-медициналық-педагогикалық тексерілуді және білім алуды ақысыз пайдалану құқығы еліміздің бас Конституциясында «Білім туралы», «Мүмкіншілігі шектелген балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық тұрғыдан қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» заңдарда бекітілген. 2020 жылға дейін білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында қоғамдық орындарға кедергісіз енді қамтамасыз ететін материалдық-техникалық жағдайлар жасалып, дене және психикалық дамуында ауытқушылығы бар балаларға жалпы білім беру мекемелерде «кедергісіз аумақтар» (пандус, арнайы лифт, арнайы жабдықталған оқитын орындар, арнайы оқу, оңалту, медициналық құрал-жабдықтар және т.б. қосқанда) жасалынады.

Қазіргі таңда түзете білім беру ұйымдарының желісін сақтап, жетілдіру және инклюзивті білім беру жүйесін қатар дамыту ең тиімді қадам болып табылады. Мұндай жағдайда түзету ұйымдары жалпы білім беру мекемелерінде қызмет жасайтын педагогтарға әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік орталық, білім алып отырған тұлғалар және

олардың ата-аналарына кеңес беру және психологиялық-педагогикалық түзете көмек көрсету қызметін атқарады. Мектеп жасына дейінгі балаларға қажетті психологиялық-медициналық-педагогикалық көмек уақытылы көрсетілген жағдайда баланың дамуындағы негізгі кемшіліктерді оқытудың бастапқы кезеңіне түзету, жалпы білім беру мекемелерінде оқытуға дайындауды қамтамасыз етеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуды ұйымдастыру мақсатында баланың психофизиологиялық және танымдық мүмкіндіктерінің деңгейін ескеретін, оқытудың нұсқауларын қарастыратын білім берудің арнайы типтік оқу бағдарламалары құрастырылып, бекітілген. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды кіріктіре (инклюзивті) оқытуды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар мен нұсқаулар дайындалды.

Жалпы білім беру мекемелерінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді табысты ұйымдастырудың жағдайы ретінде баланы білім беру мекемелеріне толыққанды кіріктіруді қамтамасыз ететін бейімделу ортасын құру болып табылады.

Инклюзивті білім беру жүйесі кездесіп отырған күрделі мәселе – бұл қоғам тарапынан туып отырған теріс көзқарас проблемасын жою. Ақпараттың аздығы, қорқыныш, бала құқын аяқасты ету осының бәрі даму мүмкіндігі шектеулі балаларға теріс көзқарасты дамытады. Бір жағынан, арнайы оқыту әдістемесінің жоқтығы инклюзивті білім беру үшін елеулі қиындықтар туғызады. Тәрбиешілер мен мұғалімдер дамуында ауытқулары бар балалармен жұмыста өздерінің кәсіби дайындығы деңгейіне көңілі толмайтындығын атап көрсетеді. Мысалы, педагогтар (тәрбиешілер), оның ішінде дефектологтар баланың оқуы мен даму үдерісіне теріс ықпал ететін барлық жағдайлар мен факторларды білмеуі мүмкін. Алайда, педагогтар бала бойындағы ауытқуларды дер кезінде анықтап, нақты іс-қимылға дайын болуы тиіс.

Осы аталған міндеттер шешімін табу үшін, сөз жоқ білікті маман қажет, сол себепті осы бағытта болашақ мамандарға тиісті білім, іскерлік, дағды қалыптастыру керек. Инклюзивті білім беру саласын дамытуға арналған бағыттар

- Қоғамның, жалпы білім беретін мектепке дейінгі ұйымдардың мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауына дайын болуы.
- Инклюзивті білім беру идеясын таратуда, шектеулі мүмкіндіктері бар балаларға толерантты, дұрыс қарым-қатынастың қалыптасуына бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуын қамтамасыз ету.
- Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында тәжірибе алмасушылықты қамтамасыз ету, дұрыс тәжірибелерді баспалар, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тарату.
- Аймақтарда инклюзивті білім беру мәселесі бойынша Үйлестіру кеңесін құру.
- Ата-аналар қоғамдастығының мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуға құқығын және мүдделерін іске асыруға және оны қорғауға қатысуы, оқыту үрдісінің өзіне және түзету көмегін іске асыруға қатысуы.
- Инклюзивті білім берудің көп аспектілік мәселесіне ғылыми зерттеулер өткізу.

-Инклюзивті мектепке дейінгі ұйымда жұмыс істеу мақсатында педагогика қызметкерлерін даярлау;

- Педагогикалық ЖОО және медициналық колледждерде кіші жастағы балалармен жұмыс істеу мақсатында мамандарды даярлау жүйесін жасау.

- Арнайы (түзету) мекемелері мен жалпы білім беру мекемелері өзара сабақтастықта жұмыс жасау.

-Мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте кезден бастап түзетуді қолға алу жүйесінің басымдылығын қолдау.

-Кіші жастағы балаларды дамыту қызметі жүйесінің жұмысының нормативтік-құқықтық және ғылыми-практикалық негізін жасау.

-Мектепке дейінгі мекемелерде мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту үрдісінің мониторингін жасау.

- Жүйке және дене дамуы бұзылған тәрбиеленушілерге, жанұясына кеңестік көмек көрсету, баласының оқу және тәрбие үрдісіне ата-анасын қатыстыру, өйткені, оларда даму ерекшелігіне деген оң қарым-қатынас қалыптастыру.

Қазіргі уақытта инклюзивті білім беруді дамытудағы нақты факторлар: объективті және субъективті қиындықтар болып бөлінеді.

Субъективті қиындықтар: стандарттық процедуралардың әзірленбегендігі мүмкіндігі шектеулі балалардың оқу дәрежесін үнемі қадағалау мақсатында білімді мониторинг жүргізу үшін индикаторлардың жоқтығы және қазақ тілінде оқу әдістемелік құралдардың аздығы. Оқу тәрбие процесін ұйымдастыруда тәрбиеші педагогтардың арнайы білімдерінің болмауы және мамандар тарапынан тұрақты кеңестің аздығы. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымға келетін мүмкіндігі шектеулі балаларға 12

арнайы көліктің болмауы. Мүмкіндігі шектеулі балалардың жеке проблемаларының болуы, яғни олардың ауырып қалуы, мектепке дейінгі ұйымға тұрақты қатыспауы.

Объективті қиындықтар: материалдық техникалық базаның төмен болуы. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту процесінде жеке дара тіл табудың қиындығы. Мамандарға арналған кабинеттердің жетіспеушілігі.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істейтін тәрбиешілерге біліктілігін арттыру курстарының ұдайы жүргізілмеуі. Қазақ тілінде оқытатын педагог-дефектологтардың жетіспеушілігі, ауылдық аймақтарда арнайы мекемелер үшін тифлопедагогтар мен сурдопедагогтар, логопедтер санының жетіспеушілігі күрделі мәселе болып қалады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру ортасы баланың білім беру үрдісіне қосылуын және әр тәрбиеленушінің мүмкіндігіне қарай пайдалы таңдауына мүмкіндік жасайды.

Мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивтік білім алуда логопед, дефектолог, дене шынықтыру нұсқаушысы, психологтан жылдық жоспарларына сәйкес күннің II жартысында өзімен жасты балалармен қатынасады (сурет салу, жапсыру т.б.) және мамандардан оқу-тәрбие және танымдық-педагогикалық көмек алады.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы топта тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатынасып «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары бойынша білім алады.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалар бөбекжайдың өміріне белсене қатысады: іс-шаралар мен ойын-сауықтарға өзге балалармен бірігіп қатысуы, ертегілер мен концерттерді ұжыммен көруі олар үшін шынайы мереке. Осындай шараларға қатыстыру арқылы балалар ұжымда өмір сүріп, құрбыларымен қарым-қатынасқа түсуге үйренеді. Егер бала осы сатыдан өтсе, мектепте оған едәуір оңайырақ болады. Ең бастысы, бұл балалар болашақта жалғызсырамай, өздерімен жасты балалармен бірге тәлім-тәрбие алуды жалғастырады.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз.

Қолданылған әдебиеттер

1. Выготский Л.С. Психология. – М., 2000.
2. Эльконин Д.Б. Избранные педагогические труды. – М, 1989.
3. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. - М., 1972.

Болашақ тәрбиешілерді мамандыққа қызықтыру жолдары

*Жанатай Райгүл Сағатқызы
Астана Халықаралық университетінің
Педагогикалық колледжі оқытушысы*

*«Тәрбиеші бұл - өзге адамның дамып жетілуін өз жауапкершілігіне
алатын кәсіби адам»
Амонашвили*

Тәрбиеші болу жай ғана мамандық емес. Ол адам бағдарын жасаушы, келешек ұрпақтың сәулетшісі. Жаңа заман тәрбиеші бейнесі -сауатты маман, бағдарламаны және әдістемелік шараларды анықтай алатын білімді адам. Оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам. Пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және баланың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты моральдық нормаларды сіңіре білетін, бала және оның ата-анасымен тіл табыса білетін, қиын ситуациядан шыға білетін жақсы психолог. Ол бірлесіп еңбек етуге, ұжымдас жолдасына кез келген кезде көмек беруге даяр тұратын маман. Жаңа заман педагог дегеніміз үнемі ізденіс үстінде өз білімін жетілдіріп отыратын, жаңа әдіс жолдарын пайдалануға құштар және жақсы жетілген педагогикалық тәжірибені өз ісіне еңгізе білетін шебер маманды айтамыз.

Білім беру жүйесінің алғашқы баспалдағы мектепке дейінгі тәрбие ұйымы болғандықтан тәрбиешілерге мәдениетті, білімді, белсенді жеке тұлға тәрбиелеу міндеті жүктеледі. Бала тәрбиесі отбасынан басталады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілдермен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады.

Осыған орай кез келген бүлдіршін үшін балабақша тәрбиесі ата-анадан берілген тәлім-тәрбиені одан әрі жалғастырып, жандандыруы сөзсіз. Ал, бүлдіршіннің тілге, білімге деген қызығушылығы оның ойлау қабілеті, танымдық қажеттіліктері балабақшада қалыптасады. Әсіресе, балабақшадағы тәрбие бала табиғатына өшпестей із қадырады. Балабақшаның ең басты мақсаты: «Мемлекеттік білім беру бағдарламасына сай мектеп жасына дейінгі бүлдіршіннің жан-жақты эстетикалық дамуын қамтамасыз ету». Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологияларды күнделікті ұйымдастырылған оқу әрекетінде пайдалану үшін әр тәрбиеші бүлдіршіндердің жас ерекшеліктерін ескеріп, педагогтың мақсат мүддесіне орай таңдап алады. Балабақшада тәрбиеші - бала бойына білім нәрін себетін басты тұлға. Балаларды тәрбиелеуде тиімді жағдайлар жасау көбіне тәрбиешіге тікелей байланысты. Сол себепті де, мектепке дейінгі білім берудің - баланың жасын және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, үздіксіз білім берудің бастапқы деңгейін құру талабы әрбір балабақша алдында тұрған басты міндет.

Болашақ ұрпаққа жан-жақты, терең де жарасымды тәрбие берудегі басты тұлға — тәрбиеші-педагогтар мен ата-аналар. Қазіргі заман талабы ата-ана мен тәрбиешіден баланың жеке басын қалыптастыруды, оның көкірек көзін оятып, ата-бабадан қалған халқымыздың асыл мұрасын бойына сіңіруді, адамгершілік, ізеттілік қасиеттерге баулуды талап етеді. Ол үшін, ең алдымен, тәрбиешінің өзі жан-жақты білімді, ізденгіш, озық тәжірибені бойына жинақтаған, сезімтал, балаға жүрек жылуын бере білетін, оның ішкі дүниесін, жан сезімін аңғара алатын маман болуы керек. Себебі, бала өмірге қажетті дағдыны әуелі отбасында алғанымен, оны әрі қарай тереңдететін, білім мен тәрбиеге баулитын - тәрбиешілер. Тәрбиеші беделін қозғағанда, педагог этикасы туралы айтпай кету мүмкін емес.

Тәрбиеші оқу-тәрбие үрдісіндегі негізгі тұлға. Жас ұрпақ бойына тәрбиенің алғашқы негізін қалыптастыратын тәрбиеші адамгершілігі жоғары, мәдениетті, ғылым жетістіктерін дұрыс бағдарлай алатын әдебиет пен өнердің, техниканың даму жайын жақсы білетін, оны түсіндіре алатын болуы керек.

Тәрбиешінің мәдениеті - әдептілігі, қоғамдық орындарда өзін сыпайы, еркін, ортаға лайықты ұстай білуі, өнегелі тәртібі, сүйкімділігі, адамдармен өзара сыйластыққа, адалдыққа негізделген қарым-қатынасы. Ондай тәрбиешіні балалар жақсы көреді, сыйлайды, құрметтейді, оған жақын жүргісі келеді, оның балалар арасында беделі де зор болады.

Жас ұрпақ тәрбиесінде ең әсерлі әдістерінің бірі, өйткені балалар тәрбиешіге барлық жағынан еліктейді. Сол себептен де ол үнемі жинақы, таза, ұқыпты жүруге, сөйлеген сөзі мәнді, әдемі, салмақты келіп, асықпай, байыппен сөйлейді.

Тәрбиешінің өмірге көзқарасы табиғат пен қоғамның даму заңдарын терең түсініп, тұрақты болуы үшін ол өзінің білімін үнемі жетілдіріп отыруы қажет. Педагогтың алдыңғы қатарлы білімділігі оның өз ісіне сенімімен, іс-

әрекетінен, принципінен, жүргізген оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен әдістерінен көрініс табады.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н «Қазақстан 2030».-Алматы 1998 ж.
2. Құнанбаев Ә. Шығармалары.-Алматы жазушы 1992 ж.
3. Жұмабаев М «Педагогика».-Алматы Ана тілі 1992 ж.
4. Баласағұни Ж «Құтты білік». -Алматы Жазушы 1998 ж.

Использование интерактивной доски в дошкольной организации

*Балтабаева А.Т. Детский сад №30 «Кайнар»,
воспитатель
г. Астана*

Дошкольное воспитание и обучение как первый уровень системы непрерывного образования создает условия для формирования и развития личности ребенка, способного успешно адаптироваться в современном постоянно меняющемся мире. Государственный Стандарт задает правила организации педагогического процесса, определяет роль и место его участников, регулирует отношения системы дошкольного воспитания и обучения с семьей и обществом. Принятый новый Госстандарт, позволяет воспитателям применять разные подходы обучения и воспитания, организовать игровые и обучающие занятия детей в течении всего дня без привязки к строгому расписанию по минутам. Новый стандарт возвращает нас к основной методике раннего развития детей по принципу «обучение через игру». В стандарте также обозначены подходы и методы для того, чтобы прививать детям ценности. Это национальные, семейные ценности, патриотизм, любовь к Родине, трудолюбие и др. Учитывая все эти изменения, инновационные процессы являются закономерностью развития современного дошкольного образования. Реализация инновационной деятельности в детском саду обеспечивает большие результаты работы с детьми. Применение нестандартных приемов и видов образовательной деятельности с детьми, новых методов и форм организации воспитания и обучения детей, современных образовательных технологий дает возможность достичь этого, для того чтобы в своей работе использовать более эффективные методы, а также саморазвитие личности воспитанников. Инновационные технологии в дошкольном образовании применяются, в первую очередь, для решения актуальных проблем, для повышения качества предоставляемых услуг, для реализации возрастных запросов родителей. Движущей силой развития дошкольного учреждения становится креативный потенциал педагогов: их профессиональный рост, подход к работе, обнаружить потенциальные способности своих воспитанников. Вместе с тем инновационный характер преобразования обозначает исследовательский подход к достигнутым результатам в деятельности ДО, соответствуя потребностям современного

информационного общества в максимальном развитии возможностей ребенка. Познавательное развитие предполагает формирование интересов дошкольников, любознательности и познавательной мотивации, формирование познавательных действий, становление сознания; развитие воображения и творческой активности; формирование изначальных представлений о себе, других людях, объектах окружающего мира, о свойствах и связях объектов окружающего мира, о малой Родине и Отечестве, о традициях, о планете Земля, о свойствах ее природы, многообразия народов мира. В процессе воспитания и обучения могут быть организованы такие виды деятельности как:

– сюжетно-ролевая игра, отражающая различные события в жизни людей;
-труд в природе на участке детского сада, детское творчество, чтение художественной литературы, рассматривание картин, показ фильмов слайдов, видео роликов;

-проектно-исследовательская деятельность, развивающая познавательный интерес, любознательность в во всех образовательных процессах.

И поэтому для осуществление этих задач, будет целесообразным использование инновационных методов. Воспитание и обучение в детском саду станет действенным в случае, если у воспитатели будут готовы осуществлять инновационную деятельность во взаимодействии с детьми и родителями. Нововведение – своеобразный носитель новшества, способ его распространения, донесение до воспитанников более интересном и познавательном процессе. Инновационные методы в практике несет в себе новшество, обновляет практику, делая ее более результативной. В настоящее время, дошкольников мало чем удивишь, наличие дома компьютера, планшетов, телефонов, стала частью жизни детей. И приходя в детский сад, малыша заинтересовать можно при желании. Используя интерактивную доску в детском саду, дети с удовольствием погружаются в познавательный процесс и с вниманием следят за педагогом. А педагог тем временем разрабатывает эффективный наглядный, познавательный и развивающий материал. Можно с легкостью создать проблемную ситуацию и обыгрывать персонаж с помощью интерактивной доски, у детей развивается познавательная и творческая активность, любознательность, воображение, образное мышление, а также готовит детей с компьютерными технологиями, овладение навыками работы и интерактивной доской. И одно из главных задач, следует родителям объяснить и разъяснить, для чего и зачем можно использовать интерактивную доску. Так как у родителей не правильное восприятие, либо педагог использует не по назначению доску. (зачастую дети просто просматривают мультфильмы). Ведь их использование во время занятия позволяет задействовать все основные сенсорные системы человека – визуальную. Слуховую и кинестетическую, что делает занятие более успешным. На занятии по основам математики дети с легкостью усваивают всевозможные понятия, числа, формы, цвета; пополняется запас новых слов. Ребенок вникает в принципы логического мышления и построения различных комбинаций. С

помощью устройства позволяет реализовать принцип наглядности, особенно для дошкольного возраста, ведь их внимание трудно удержать. А также обеспечивает экономию времени при подготовке организованной деятельности. Значительно облегчает объяснение сложного материала за счет яркого эффективного и динамичного изложения. Инновационный потенциал ДО – способность создавать, воспринимать, реализовывать нововведения и вовремя избавляться от устаревшего педагогически нецелесообразного. Интерактивная доска для детей стали неотъемлемым элементом, что позволяет совершенно по-новому построить обучения дошкольников, где вместо стандартных дидактических материалов используются интерактивные разработки. Педагог использует доску, чтобы проводить групповые занятия, изучая цифры, слова, понятия и даже правила дорожного движения. Очень удобно также использование ИКТ для индивидуального занятия с учетом возрастных особенностей, можно проводить учебные викторины, интерактивные тесты с выбором правильных ответов, предлагать логические задачи и математические упражнения в яркой игровой форме. Но и это не все. Основные функции интерактивной доски можно дополнить новыми с помощью специальных приложений. Доступны программы по рисованию. С помощью интерактивной доски в ДО дети смогут вращать и управлять объектами, наглядно изучая принципы работы гравитации. Чем хорош еще в использовании интерактивная доска, позволяет не только сделать организованную деятельность продуктивной. Но и увлекательным и адаптированными под современную реальность. Надо заметить, что на экране дети и воспитатель могут взаимодействовать со всеми интерактивными элементами. Для удобства работы с ИКТ можно создать медиатеку, туда могут войти презентации по всем образовательным разделам. И еще одно преимущество интерактивной доски это возможность совершать виртуальные путешествия. Использование интерактивной доски — это ценный инструмент для организованной деятельности, а также повышения уровня педагога в области овладения ИКТ.

Литература

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения от 3 августа 2022года №348 приказ.
2. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения от 14 октября 2022 года №422
3. Бороненко Т.А. Использование ЭОР в учебном процессе, Санкт-Петербург, Издательство РГПУ им. А.И. Герцена, 2007
4. Интерактивные технологии в образовании// учебно – методический комплекс// Российский государственный университет. - Москва, 2005.-21с.
5. Осин А.В. «Электронные образовательные ресурсы нового поколения», М, Агенство «Социальный проект», 2007
6. «Интерактивная доска: выбор, применение и рекомендации» П. Гнесюк.

7. Интерактивная доска – обучение дошкольников. // URL:<https://ihfourokuok.rustatya-interktivnaya-doska-obuchenie-dosholnikov-3946635.html>

Использование кинезиологии в развитии детей дошкольного возраста

Иманбекова Г.С., педагог-психолог
Ясли-сад №30 «Кайнар»

Создание оптимальных условий, обеспечивающих физическое, интеллектуальное и личностное развитие воспитанников, в том числе с особыми образовательными потребностями и индивидуальными возможностями. Движение для детей – это лекарство, которое помогает развитию и становлению жизненно важных систем организма. Движение составляет основу любой детской деятельности. Всем родителям хотелось бы видеть своего кроху внимательным, обладающим хорошей памятью, логикой, сообразительностью. А современная жизнь с появлением компьютерных технологий и недостаток внимания ведет к снижению двигательной и познавательной активности у детей, приводят к сужению восприятия. У детей начинает проявляться двигательная расторможенность, суетливость, чрезмерная двигательная активность, шаловливость, плохая обучаемость, низкая дисциплина и неорганизованность. Периодически появляются вспышки гнева, или наоборот, отмечается замедленность, грубое искажение, снижение скорости выполняемых действий. Постоянно растущее число детей с нарушениями в физическом и психическом развитии ставит перед педагогом задачу поиска эффективных форм и приемов профилактики и укрепления здоровья малышей в условиях дошкольного образовательного учреждения.

Кинезиология – является новизной нового метода в развитии нашего головного мозга посредством движений. Ее методики можно назвать универсальными для развития умственных способностей с помощью специальных двигательных упражнений, направленных на синхронизацию работы обоих полушарий мозга. Здесь задействованы не только механические, но и психофизиологические законы развития человека.

Формами такой работы, могут стать комплексы кинезиологической и дыхательной гимнастик, точечного массажа, растяжки, дыхательные упражнения, глазодвигательные упражнения, телесные упражнения, упражнения для развития мелкой моторики, упражнения на релаксацию и массаж. Они помогут предупредить возникновение простудных заболеваний, повысить общий жизненный тонус, укрепить психофизиологическое здоровье детей 3-7 лет, а в целом обеспечить полноценное и гармоничноеразвитиедошкольников.

Данное направление в системе здоровьесберегающих технологий выбрано нами не случайно, т. к. считаем важным уделять большое внимание пальчиковым играм в различных видах деятельности, тем самым способствовать гармоничному развитию детей дошкольного возраста.

По исследованиям физиологов **правое полушарие головного мозга** – гуманитарное, образное, творческое – отвечает за тело, координацию движений, пространственное зрительное и кинестетическое восприятие. **Левое полушарие головного мозга** – математическое, знаковое, речевое, логическое, аналитическое – отвечает за восприятие – слуховой информации, постановку целей и построений программ. Единство мозга складывается из деятельности двух полушарий.

Значительную часть коры больших полушарий мозга человека занимают клетки, связанные с деятельностью кисти рук, в особенности ее большого пальца, который, у человека противопоставлен всем остальным пальцам.

Кинезиологические упражнения – это комплекс движений, позволяющих активизировать межполушарное воздействие.

Кинезиологические упражнения синхронизируют работу полушарий, улучшают мыслительную деятельность, способствуют улучшению памяти и внимания, облегчают процесс чтения и письма, способствуют развитию физических качеств.

Развитие тонкой ручной моторики ребенка начинается с раннего детства. Сначала упражнения носят пассивный характер. Уже начиная с полугода, ребенок производит осторожное сгибание и разгибание пальчиков рук.

В более позднем возрасте основная задача тренировочных упражнений будет состоять в том, чтобы сделать все эти упражнения доступными и легко выполнимыми для ребенка. Достигнуть этого можно будет лишь путем постепенного развития ручной умелости, достигаемого в результате перехода к все более и более сложным для ребенка заданиям по мере овладения менее сложными.

Любые приемы — постукивания подушечками пальцев, растирание, поглаживание основания пальцев, круговые движения по ладоням, легкий массаж предплечья — несут ребенку только здоровье. Они увлекают малышей и приносят им радость.

Необходимо, чтобы любая пальчиковая игра проходила весело, чтобы дети могли представить себя, например, в роли маленькой хрюшки, или веселой серенькой мышкой и т. д. Не стоит забывать, что все дети — фантазеры. Они легко перевоплощаются и свободно принимают все условности театрального действия. На основе своих собственных, еще небогатых, познаний о жизни малыши начинают судить о достоинствах и недостатках героев маленьких стихотворений, и это доставляет им удовольствие.

Упражнения проводятся ежедневно. Сначала детей младшего возраста мы учим выполнять пальчиковые игры от простого к сложному. После того как дети научились выполнять пальчиковые игры с пяти лет даем комплекс пальчиковых кинезиологических упражнений, состоящих из трех положений рук, последовательно сменяющих друг друга. Ребенок выполняет их вместе со взрослым, затем самостоятельно по памяти. Упражнение выполняется сначала правой рукой, затем левой, затем двумя руками вместе. При затруднениях

взрослый предлагает ребенку помогать себе командами (“гусь-курица-петух”), произносимыми вслух или про себя.

В пальчиковых играх одним из основных массажных приемов является поглаживание. Его следует выполнять ритмично, спокойно, свободно и легко скользя по коже кончиками пальцев или ладонью. Поглаживания могут быть прямолинейными, спиралевидными, зигзагообразными, попеременными, продольными, кругообразными и комбинированными. Кроме того, применяются щипцеобразные, гребнеобразные поглаживания и просто глажение.

Другим основным массажным приемом в пальчиковых играх считается растирание. В отличие от поглаживания при этом производится определенное давление на поверхность, и рука не скользит по ней, а как бы немного сдвигает кожу, образуя впереди складку. Растирание выполняется подушечками пальцев или ладонью и также бывает зигзагообразным, спиралевидным и прямолинейным.

Так же носят оздоровительный эффект и благоприятно влияют на развитие головного мозга следующие виды упражнений:

- растяжки,
- дыхательные упражнения,
- глазодвигательные упражнения,
- телесные упражнения,
- упражнения на релаксацию.

Практическая значимость опыта работы заключается в том, что разработанная система кинезиологических упражнений, направленных на формирование у старших дошкольников полноценной речи, интеллектуальных способностей, может быть использована в работе с детьми как учителем-логопедом, педагогом-психологом, воспитателями групп и родителями. При таком тесном сотрудничестве всех участников педагогического процесса возможно полноценное развитие детей.

Список использованной литературы

1. Деннисон П., Деннисон Г. Гимнастика мозга. Книга для учителей и родителей. СПб.: Весь, 2017
2. Трясорукова Т.П. Развитие межполушарного взаимодействия у детей. Ростов н/Д: Феникс, 2018
3. Семенова М.А. Левое и правое. М.: Карпуз, 2018
4. Инструктивно-методическое письмо по организации воспитательно-образовательного процесса в дошкольных организациях и предшкольных классах РК на 2023-2024 уч. год.

Жас мамандармен жүргізілетін әдістемелік жұмыс түрлері

*Ищанова Р.Т., әдіскер
№30 «Қайнар» балабақшасы*

Мектепке дейінгі білім беру сапасының деңгейі жоғары елдерде саладағы ағымдағы проблемаларды қадағалауға және тиісті ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік беретін эмпирикалық және қолданбалы зерттеулер тұрақты негізде жүргізіледі, ал педагогтер қызметін өзекті ғылыми деректерге сәйкес құрады, өз әрекеттеріне зерттеу жүргізе отырып, практикаларды, балалардың пікірлерін ескереді және кері байланыс орнатады, зерттеу қызметімен тұрақты түрде айналысады. Бұл үшін педагог шеберлігінің тиісті деңгейі және үнемі даму мен оқуға деген ұмтылыс қажет. Балабақшада жүргізілетін сан – салалы жұмыстар білім сапасының өсуіне және де тәрбиешілердің шыңдалуына ықпалын тигізеді. Жас педагогтарды жаңа заман талабына сай жолдармен оқытуға бағытталған әдістемелік жұмыс, олардың білімдерінің жоғарлауына, балалармен жұмыс жүргізу барысында жаңа тәсілдер таңдауға, зерттеу және шығармашылық потенциалдарын анықтауға мүмкіндік туғызды, ал ең маңыздысы өздігімен кәсіби деңгейлерін жоғарлатып, мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру.

Балабақшада жұмыс істейтін жас педагогтар жаңа ұжымға бейімделу қиындықтарына тап болады, тәрбие-білім беру қызметін ұйымдастыруда, әртүрлі жоспарларды, тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасын құрастыруда, баланың және өз қызметін рефлексиялауда, білімін практикада сауатты қолдануда қиналады. Сондықтан кәсіптік және тұлғалық әлсіздікке қатысты күмән туындамас үшін педагогқа уақытылы қолдау мен көмек көрсеткен маңызды.

Педагогтармен әдістемелік жұмысты **3 кезеңге** бөлуге болады:

- диагностикалық;
- іске асырушылық;
- аналитикалық.

Бірінші кезеңде – жас педагогтың тұлғасы зерттеледі, сауалнама, тестілеу, әңгімелесу және қадағалау жүргізіледі. Бұл кезең жас маманға қатысты іс-қимылдар стратегиясы мен тактикасын анықтауға мүмкіндік береді.

Екінші кезеңде – кәсіптік қызметті жетілдіру мен қиындықтарды түзетуде көмек көрсетіледі.

Үшінші кезеңде – қолданылған әдіс-тәсілдердің динамикасы мен нәтижелілігін қадағалаймыз, тіркейміз, өзіндік талдау жүргіземіз, ал жас педагог ашық ұйымдастырылған іс-әрекетте, режимдік сәттерде, іс-шараларда, әртүрлі деңгейлік конкурстарда өзінің педагогикалық біліктілігін дәлелдейді.

Диагностикалық кезеңнің қорытындылары бойынша кәсіби біліктілікті арттыруға ықпал етуші әртүрлі жұмыс түрлері мен әдістері таңдалады және қолданылады.

Әдіскер жас мамандарға арнап әдістемелік көмектің бірнеше түрін ұйымдастырады. Олар кеңестер, тақырыптық әңгімелесу, семинар-практикумдар, іскерлік ойындар, шебер сынып, тренингтер, дөңгелек үстел, коучинг, кейс зерттеу т.б. Қазіргі уақытта педагогтарға кеңес беру емес, олармен белгілі бір мәселе бойынша ақылдасқан әлдеқайда ұнайды. Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесі инновациясыз дами алмайды. Туындаған мәселелерді шешу үшін әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың жаңа түрлері мен әдістері қажет. Әрбір педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға, жеке тұлғалық өсуіне, шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына мүмкіндік туғызатын модель келесі топтардан тұрады:

- 1) әдістемелік кеңес;
- 2) педагогтардың шығармашылық тобы;
- 3) тәлімгер педагогтар тобы;
- 4) ақпараттық қолдау тобы;
- 5) жас педагог мектебі.

Әдістемелік кеңес жылына 4-рет өткізіледі. Әдістемелік кеңес жұмысына әдіскер басшылық жасайды. Әдістемелік отырыстар жоспарға сәйкес өткізіліп тұрады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың өзекті мәселелері зерделеніп, жұмыс тәжірибесіне енгізілу ұсынылады, дәрістер оқылып, материалдар жинақталады, құралдар әзірленіп, жұмыс тәжірибесін түрлі конкурстарға ұсыну туралы шешім қабылданады.

Шығармашылық топ құрамына 5 және одан жоғары педагогикалық жұмыс өтілі бар педагогтар енеді. Бұл топ жаңа бағдарламалар мен технологияларды педагогикалық процеске енгізуге және қолдануға жауап береді. Топ жұмысының қорытындысы ретінде семинарлар, дөңгелек үстел, кеңестер, шеберлік топтары, іскерлік ойындар, пікірталастар өткізіледі.

Тәлімгер педагогтар тобы оқу жылының басында ағымдағы жылы жас мамандармен жүргізілетін жұмыс жоспарын дайындайды. Сондай-ақ әрбір тәлімгер педагог жас маманның жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктеріне сәйкес жеке жұмыс жоспарын әзірлейді. Іс-тәжірибиелік жұмыстар жүргізіледі.

Тәлімгердің мақсаты жас маманға кәсіби тұрғыдан тәжірибе жинақтауға көмектесу.

Міндеттері: - жас мамандардың педагогикалық қызметке ынта-ықыласын ояту, оларды білім беру мекемесіне тұрақтату;

- кәсіптік қызмет пен педагогикалық ұстаным деңгейін қалыптастыруда психологиялық-педагогикалық қолдау және көмек көрсету;

- корпоративтік мәдениетке бейімдеу: балабақша ұжымының үздік дәстүрлерін, тәртіп ережелерін сақтауға, ұстаздық міндетті саналы түрде және шығармашылық тұрғыдан орындауға баулу.

Ақпараттық талдау тобы білім беру процесін ақпараттандыру алуан түрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылады, компьютерлік технологияларды жеткілікті меңгерген педагогтар әдістемелік жұмысты ұйымдастыруға көмектеседі, мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігімен және басқа топтармен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді.

Ақпараттық талдау тобының жұмыс бағыттары:

- электрондық құжат айналымын ұйымдастырады;
- мәліметтер базасын қалыптастырады және жүргізеді;
- дидактикалық материалдар әзірлейді;
- аттестациядан өтетін педагогтарға портфолионы рәсімдеуге көмектеседі;
- интернет материалдарын кеңінен қолданады т.б.

Әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың жаңа әдісі - қазіргі заманауи технологиялардың бірі – Case study әдісі, (яғни кейс зерттеу әдісі). Педагогтың эмоционалды тұрақтылығы – Case study әдісі. Осы тұрғыда Case study әдісі қызықты, ол балалармен жұмыста ғана емес, сонымен бірге педагогтармен, ата-аналармен жұмыста қолданылады.

Case study-нақты міндеттерді, яғни жағдаяттарды (кейстерді шешу) шешу жолымен оқытуға негізделген нақты жағдайлар әдісі немесе белсенді мәселелік-жағдаяттық талдау әдісі. Ол қойылған сұрақтың біржақты жауабы жоқ қызмет бойынша білім алуға арналған. Керісінше шынайылық деңгейі бойынша бәсекелесе алатын бірнеше жауап бар. **Әдіс технологиясы мынадан құралады:** белгілі қағидалар бойынша нақты жағдай үлгісі әзірленеді және меңгерілуі тиіс білім мен практикалық дағдылар кешені көрсетіледі. Педагогпен жұмыс барысында кездесетін әртүрлі мәселелі жағдайлар қарастырылады. Педагог әртүрлі кейстерді, яғни жағдаяттарды шеше отырып, өткір мәселелі жағдайды елеуді, өзін бірқалыпты ұстауды, эмоционалды тұрақты болуды үйренеді, бұл балалармен жұмыс барысында аса маңызды.

Сонымен қатар келесі жұмыс түрі: «Жас педагог мектебін» құру.

Жаңа үйреніп жүрген педагогтың кәсіпке кірігу кезеңі қобалжулылықпен, оның жеке басы мен кәсіби дамуының маңыздылығымен ерекшеленеді. Маманның дайындығы қаншалықты жақсы болғанмен де, оның шеберлігінің қалыптасуы тәжірибеден өту кезінде жүзеге асады. Жұмысының дәл сол алғашқы жылдарында, нәтижесінде педагогтың өз қызметінде қаншалықты құзыретке ие болатынын айқындайтын қасиеттер қарқынды түрде қалыптасады. «Жас педагог мектебі» жаңадан бастаушы педагогтарға олардың жеке басы мен кәсіби дамуын қалыптастыруда демеу болу және көмек көрсету, алдағы уақытта жас мамандарды қолдау және кәсіптік дамыту жүйесін жасау мақсатында құрылған.

Міндеттері:

- білім беру үдерісін, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту жағдайларын оңтайландыру жөніндегі ұйымдастырушылық-педагогикалық ұсынымдарды әзірлеу;
- барлық жаңадан бастаушы педагогтарға білім беру қызметіндегі қажетті білім мен икемдерді иеленуде ықпал көрсету;
- кәсіптік біліктілігін арттыруға деген қажеттілігін іске асыруды қамтамасыз ету;
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша кеңестік көмектер көрсету.

«Жас педагог мектебінің» функциясы жұмыс жоспарын талқылайды және бекітеді. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беру бағдарламаларын, нормативтік құжаттарын, тәрбие және білім беру мәселелері бойынша әдістемелік әдебиеттерді зерделейді. Семинарлар, тренингтер, мамандарға кеңес

берулер, тәжірибелік ҮІӘ және іс-әрекетке өзара қатысу арқылы кеңес беру көмегін көрсетеді. Пәндік-дамытушы орта мен білім беру үдерісінің тәрбиеленушілердің жас айырмашылығы мен дербес ерекшеліктеріне, мектепке дейінгі оқытудың білім беру бағдарламаларына сәйкес келуін айқындайды. Балаларды оқыту мен тәрбиелеу табыстылығының қорытындысын, олардың денсаулық жағдайын қадағалайды. Жас педагогтармен жұмыс істеу олардың қызметінің үш аспектісін ескере отырып жасалады **"Әдіскер–жас маман"**- жас маманның жұмысқа жеңіл түрде бейімделуіне жағдай жасау, оны қажетті біліммен, икеммен, дағдымен қамтамасыз ету. **"Жас маман – бала және оның ата-анасы"**-педагогтың беделін, балалар мен олардың ата-аналарының оған деген сый-құрметі мен қызығушылығын қалыптастыру. **"Жас маман-әріптес"**- әріптестері тарапынан барынша қолдау көрсету. Жас педагог мектебі жұмысының бағыты қызметіндегі, кәсіптік деңгейіндегі және т.б. қиындықтарды диагностикалау; ағарту қызметі (педагогика, психология, әдістеме салаларындағы танымдары); жоспарлау кезінде, құжаттамамен жұмыс істеуде және т.б. тәжірибелік көмек көрсету; тәлімгерлік; кәсіпқойлығын арттыру үшін конкурстарға, түрлі деңгейдегі конференцияларға қатысу арқылы белсенді қызметтерге тарту. Жас педагогтармен жұмыс істеу түрлері мен әдістері: теориялық семинарлар (баяндамалар, хабарламалар); кеңес берулер; семинар-практикумдар; рөлдік ойындар, іскерлік ойындар; пікірсайыстар, пікірталастар; ашық шараларды талқылау; педагогикалық шеберлік конкурстары; педагогикалық кеңестер; алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені талқылау және оны енгізу мен тарату жөніндегі ұсынымдар; түрлі көрмелер, өздігінен білім алу туралы есептер; педагогикалық оқулар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар; шығармашылық топтар; әдістемелік бірлестіктер; жеке кеңес берулер; педагогикалық фестиваль; стендтік қорғау және т.б.

Әдістемелік жұмыстың түрлері мен әдістерін дұрыс жүргізіп, нақты бағыт берудің нәтижесі- жас мамандардың балабақшаға табысты бейімделуі және бекітілуі. Жас педагогтардың кәсіптік өсуінің оң динамикасы. Жас педагогтардың нормативтік талаптарға сәйкес бағдарламалармен жұмыс істеуге әзір екендігі болып саналады.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. 2021
2. Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастыру. Әдістемелік құрал, Астана 2014
3. Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне арналған көмекші құрал. Астана, 2016
4. Мектепке дейінгі әдістемелік жұмысты ұйымдастыру түрлері. https://ust.kz/word/mektepke_deiingi_uiymdagy_adistemelik_jumystyng_turleri-303836.html 2022

Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолданудың тиімділігі

*Исабекова Асем Еркиновна- мектепке дейінгі пәндер оқытушысы
Астана Халықаралық Университетінің Педагогикалық колледжі
Астана қ., Қазақстан*

Андатпа: Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы дамуы және бұзылысын түзету мақсатында жаңа компьютерлік технологияны қолдану. Инклюзивті білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) дамыту және олардың білім саласында қолдану өте қажет.

Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, интеграция, ақпараттандыру, ақпараттық – коммуникациялық технологиялар, ақпараттық білім беру артасы.

Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды және білім үрдісінде толық енгізу әлеуметтік бейімдеуге жынысына, шығу тегіне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарды белсенділікке шақыруға, балаларды түзету-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдану, қоршаған ортаның балалардың жас ерекшеліктеріне және білімдік қажеттіліктеріне бейімдеріне жағдай туғызу, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға арналған мемлекеттік саясат. Инклюзивтік оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оларға арнайы жағдай қалыптастыру негізі жатыр. Бала – біздің болашағымыз. Балаларға бәріміз жауаптымыз.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі балаларды психологтық-дәрігерлік-педагогикалық қолдауды іске асыру және инклюзивті білім беруді орындау арқылы тең құқылы тұлға болуға мүмкіндік жасау.

Міндеті: әлеуметтік бейімделу, тәрбиелеу, білім беру үрдісіне барлық қатысушылармен ерекше сұранысқа ие балалардың жағымды, өзара қарым-қатынасын қалыптастыру;

олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай туғызу керек және әлеуметтік тұрғыда дұрыс мінез- құлық қалыптастыру;

мүмкіндігі шектеулі балаларға бөбекжайда қажетті құралдармен қамтамасыз ету;

балалардың денсаулықтарына, жүйке жүйесінің дамуына жүйелік бақылау ұйымдастыру;

баланың даму деңгейіне таңдап алынған бағдарламаның жеткен жетістіктеріне үнемі бақылау жүргізіп отыру;

көңіл – күйі және тұлғалық дамуының кемшіліктеріне, жоғары деңгейдегі түзетулер жасау.

Инклюзив - сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім берудің мақсаты: Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру.

Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің

дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады.

Жаңа құралдарды қолдану қызметімен балаларды үйрету. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың жалпы дамуы және бұзылысын түзету мақсатында жаңа компьютерлік технологияны қолдану. Инклюзивті білім беруде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды (АКТ) дамыту және олардың білім саласында қолдану өте қажет. Ақпараттық технологияны қолдану мен дамытуда терең және кешенді ауытқуы бар балалар үшін өзара іс-қимылды қабілетті қамтамасыз ету мен қоршаған ортамен қатынас, бірегейлі құралдар болып табылады. Ақпараттық- технологияны қолдану барысында мынадай міндеттерді шешеді: оқу үрдісіндегі кейінгі байланысты қамтамасыз ету; оқу үрдісін көрнекіліктермен қамтамасыз ету, кең таралған білім көздерінен ақпаратты іздестіру, оқу үрдістерін немесе құбылыстарын құру, ұжымдық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру. Демек кез-келген оқыту, тек білім беруден басқа түзете-дамыту жұмыстары болатын көрнекті - тәжірибелік сиқырлы іс-әрекет, ол виртуалды іс-әрекет деңгейіндегі интерактивті технологияларды-компьютерлік ойындарды қолдану болып табылады. Дефектология саласындағы зерттеулер арнайы білім беру жағдайларындағы негізгі міндеттерді шешу үшін педагогикалық процесінде АКТ- нің тиімділігі арнайы педагогпен келесі бағыттар бойынша жұмыс өткізудің сапасына тәуелді деп анықталды. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда түрлі әдіс- тәсілдерді қолдану мақсатында ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндігі шектеулі балалардың танымдық, эмоцияналдық, коммуникативтік дамуына жетілдіруге үлесінің зор екендігі практика жүзінде жүргізілген жұмыстардың нәтижесінен көруге болады. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық танымдық процестері жағынан тиімділігі: әдістемелер арқылы іс-әрекет барысында логикалық, операциялық, анализдеу сынды әрекеттері дамып, қалыптасады; ақпараттық интерактивті технологияларға қызығушылықтары артып, зейін шоғырландыру, тұрақтандыру, соның ішінде ырықты зейінді қалыптастыруға ықпалы зор; психологиялық интерактивті жаттығулар, әдістер арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың қиялын ұштауға қанаттандырады; дәстүрлі әдістерден гөрі ақпараттық технологиялар арқылы қолданыла көрсетілген көрнекі- жабдықтар бала есінде ұзақмерзімді сақталып, есте сақтау процесінің дамуына септігін тигізеді. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық- эмоцияналдық сферасы жағынан ақпараттық технологияларды қолдануда тиімді интерактивті әдістерді пайдаланып, мүмкіндігі шектеулі балалардың белсенділігін арттыруға болады. Релаксациялық- медитациялық жаттығуларда ақпараттық технологиялық құралдарды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың ішкі психологиялық ахуалдарын тұрақтандырып-вербальді емес психологиялық сферасын қалыптылыққа негіздеп-дамытады. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың коммуникативтік сферасын дамыту жағынан тиімділігін қарастырсақ қоршаған ортамен, ұжыммен, топпен жұмыстанып, бірлесе әрекет жасауға машықтанады, қызығушылығы артады.

Қоршаған ортамен қарым-қатынасын дамытып, ортада өз «Менін» қалыптастыруға септігін тигізеді. Инклюзивті білім беруде оқыту мен тәрбие беру

үрдісінде техникалық құралдарды пайдаланудың мақсаты - балалардың бағдарламаға сай материалдарды терең білуіне, ғылым мен техниканың негіздерін түсінуді арттыруға жоғары дәрежеде үлес қосу. Әрбір педагогтың алдына келген бала да әртүрлі ойлау қабілетінде болады, мысалы кейбірі шапшаң ойлап, тез жұмыс істесе, кейбірі тақырыпты баяу қабылдап, оған тапсырманы (тақырыпты) қайтадан қарап шығу тиімді болып табылады. Осы орайда АКТ құралдарын пайдалана отырып презентация құралдары арқылы сипаттап, артынан осы материалдарды флеш - карталарына салып берудің тиімділігін білеміз. Видео - сабақтарды қолдану мен презентацияларды демонстрациялау оқу құралы ретінде қиялды, абстрактілі ойлауды, берілетін білім мен тәрбиеге және оқу қызметіне қызығушылықты арттырады. Сондықтан да инклюзивті білім беруде ақпараттық- коммуникациялық технологияларды мүмкіндігі шектеулі балалардың жас ерекшелігіне сай дайындап, пайдаланып, пәндер бойынша бағдарламаларын құрастырып, түзете- дамыту жұмыстарын жүргізсе, мүмкіндігі шектеулі жандардың заман талабына сай тұлға қалыптастыруға септігі зор екендігі белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010
2. А. А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008
3. Дефектологиялық сөздік
4. «Педагогика және оқушы психологиясы, 2013 жыл 9-12 б.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларға экологиялық білім берудің тиімділігі

Аңдатпа: Экологиялық тәрбиені балабақшадан бастау бұл – балаларды адамгершілікке, руханилыққа, өз отанын сүйіп, аялауға, қоршаған ортаға қамқорлық көрсетудің басты жолдары деп атар едім. Дәл осы мектепке дейінгі жаста экологиялық білім негіздерін меңгеру өте маңызды, себебі бала осы жаста табиғатты жанды нәрсе ретінде өте эмоционалды түрде қабылдай бастайды. Табиғаттың балаға әсері орасан зор, атап айтқанда: ол баланы дыбыстар мен иістердің, айналадағы құпиялар мен жұмбақтардың маңызын түсініп, оны мұқият қарауға және ойлануға мәжбүр етеді.

Кілт сөздер: экологиялық тәрбие, айналадағы сұлулық, балалармен жұмыс, педагогикалық процесс

Айналадағы сұлулық туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілікті, түптеп келгенде Отанға деген сүйіспеншілікті тудырады. Осы орайда мектепке

дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбие жұмысы бірнеше бағытта жүргізіледі:

- балалармен жұмыс;
- педагогтармен жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс.

«№8 сәбилер бақшасы» КМҚК да экологиялық тәрбие мен оқытуды жүзеге асыру үшін келесі міндеттер жүктелген:

1. Балаларға табиғатта бәрі бір-бірімен байланысты екенін көрсету;
2. Табиғи байланыстардың не үшін қажет екенін түсінуге көмектесу;
3. Балаларға ондағы қарым-қатынастар туралы білімдер мен олардың іс-әрекеттерінің ықтимал салдарын тиісті бағалау негізінде табиғатта өзінің мінез-құлқын құрып үйренуге көмектесу (бұл жерде біз табиғаттағы мінез-құлық ережелеріне келеміз).

Балабақшамыздағы балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысының жоспарлануы мен жүйесі өзара байланысты құрамдас бөліктерден тұрады, олардың әрқайсысы экологиялық тәрбиені жүзеге асыруда өз қызметін атқарады. Мектепке дейінгі педагог – педагогикалық процесте, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беретін басты тұлға болғандықтан экологиялық мәдениеттің тасымалдаушысы бола отырып, ол балаларға экологиялық білімді дамыту әдістемесін меңгертуі, балалардың іс-әрекетін мазмұнды, эмоционалға бай болатындай етіп ұйымдастыра білуі, практикалық дағдылар мен табиғат туралы қажетті идеялардың қалыптасуына ықпал етуі, бірте-бірте «өзгеріске» ауысуына ықпал жасай білуі қажет.

Экологиялық білімі сауатты адам ғана экологиялық білім жағынан саналы тұлғаны қалыптастыра алады. Сонымен бірге, тәрбиешінің бірқатар дағдылары болуы керек, олар: педагогикалық ұжыммен, әсіресе жас мамандармен кеңестер, семинарлар, іскерлік ойындар, ішінара бағдарламаларға шолулар өткізіп отыруы аса маңызды.

Қазіргі уақытта балалар теледидардың, компьютердің және кітаптардың арқасында әртүрлі заттар мен табиғат құбылыстары туралы көбірек біледі және оларда қоршаған әлем туралы әртүрлі сұрақтар туындайды. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбиешілер оқу іс-әрекетін, бір жағынан, балалардың сұрақтарына жауап беріп, олардың қызығушылығын қанағаттандыратындай етіп құруға тырысады.

Екінші жағынан, олардың қажетті білім алуын қамтамасыз ету. Бұл дегеніміз тәрбиенің басты мақсатын балаларды жүйелі әрі шығармашылық әрекетке баулудан бастаймыз. Осы орайда менің іс-тәжірибемде ұйымдастырудың келесі формалары кеңінен қолданылады:

- тікелей оқу қызметі;
- педагогпен баланың бірлескен іс-әрекеті;
- ата-аналармен бірлескен іс-шаралар;
- дербес әрекет.

Экологиялық білім берудің тиімділігін арттырудың бір жолы – әртүрлі жұмыс әдістерін қолдану:экологиялық ағарту іс-шаралары;экологиялық экскурсиялар;мейірімділік сабақтары;экологиялық клубтар;экологиялық жарыстар; педагогтар арасында КВН және викторина;қоршаған ортаны қорғау шаралары;жағдаяттарды талқылау және шешім қабылдау;жасыл патруль;табиғат күнтізбелерін жүргізу;экологиялық көрмелер мен экспозициялар;экологиялық мерекелер мен демалыс шаралары; экологиялық ойындар (дидактикалық, симуляциялық ойындар, экожүйені модельдеу; жарыс, саяхат ойындары және т.б.); экологиялық тренингтер және т.б.

Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеуде табиғи жағдайда практикалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекеті үлкен рөл атқарады. Жобалау іс-әрекетінің технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесіндегі міндеттерді табысты шешуге ықпал етеді. Экологиялық жоба аясында балалармен жұмыс істеу әдістемесі кешенді тәсіл негізінде жасалған. Жоба барысында балалар бақылайды, тәжірибе жасайды, сурет салады, мүсіндейді, ойнайды, музыка тыңдайды, әдеби шығармалармен танысады, өз ертегілері мен әңгімелерін құрастырады.

Педагог жұмыстың формалары мен әдістерін олардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдайды. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің педагогтары балалармен бірге «Қыста құстарға жем бер», «Біздің кішкентай көршілер», «Қоқыс ауылға немесе екінші өмірге қажет емес заттар», «Біздің кішкентай достар» атты экологиялық жобаларды жасады. , «Петуния гүлзарлардың патшайымы», «Алтын балық», «Пияз отырғызу», «Пияз – жасыл дос», «Пияз төсек», «Ой, кішкентай гүлдер...».

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Концепция экологического образования РК, 2002
2. Зверев И.А., Суравегина И.Т. Экологическое воспитание школьников. «Педагогика», 1983
3. Гижицкая С.А., Факторович Л.В., Влазнева А.Е. Экологичесие тропы г.Новосибирска- Новосибирск: Изд-во НГПУ, 1999
4. Черняго Л.С. Новое экологическое мышление. География в школе – 1998-3, С. 57-59

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

*Кадирберлина Б.А., тәрбиеші,
№54 «Нұр-Ай» балабақшасы,
Астана қаласы*

Андатпа: Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жаңа технологиялар қарастырылады. Ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, инновация ұғымы жан-жақты талданылады.

Түйінді сөздер : тәрбие, оқыту, білім беру, инновация , интерактивті тақта, мультимедия, технология, электрондық жүйе, ақпарат, коучинг, графика, модуль, флипчарт

Аннотация. В статье рассматриваются новые технологии, используемые в дошкольных организациях, на основе научных исследований всесторонне анализируется понятие инновации.

Ключевые слова: образование, обучение, образование, инновации, интерактивная доска, мультимедиа, технология, электронная система, информация, коучинг, графика, модуль, флипчарт

Бұл мақалада шығармашылық сөзіне анықтама беріліп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарында жүргізілетін жұмыстары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырма түрлері айтылады.

Енді жалпы «шығармашылық» деген сөзге анықтама бере кетсем, менің ойымша, «Шығармашылық» деген сөздің түп төркіні, этимологияны шығару, ойлап табу дегенді білдіреді. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, яғни сол арқылы жетістікке жету деп түсінемін. Ал «шығармашылық даму» деген – жалпы тұлғаның даму көрсеткіші және адам жан дүниесін жаңғырту. Сонда түйіні шығармашылық – қайталанбайтын, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет деп те айтуға болады. Өйткені, жаңалық әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді.

Баланың шығармашылығы деген – баланы ойлай білуге үйрету, баланың іс-әрекетіне жағдай туғызу. Яғни, мектеп жасына дейінгі баладан шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, шығармашылықпен жұмыс жасауға үйреткен дұрыс. Баланың зейінін, есін, қиялын дамыта отырып, шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады. Мектепке дейінгі балалардың шығармашылығын қалыптастыру қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі. Педагогтар мен тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетінің дамуын жан-жақты тереңірек қарастыру қажеті деген пікірлер айтуда. Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту сәбилік кезеңнен басталады. Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың мынандай шарты бар:

1. Баланың шығармашылық іс-әрекетіне жағдай жасау;
2. Шығармашылық қабілетін дамытуды байқаған бойда қолға алу;

Шығармашылыққа жақын бүлдіршіндер әр түрлі жаңашылдыққа құмар келеді. Негізінде баланың шығармашылық қабілеттері айтарлықтай ерте кезден біліне бастайды. Егер де ата-ана соны байқап, уақытында дамытуға көмек көрсететін болса, болашақта ол балада қандай да бір дарын пайда болуы мүмкін.

Мен мектепке дейінгі мекемеде қызмет етемін. Балалармен жұмыс жасай отырып, алдыма мынандай мақсат қойдым. Мақсатым – балалардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету үшін – оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және балалардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асырамын. Мен өз тәжірибемде сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолданамын. Сурет салу әдісі балаларды қызықтыратын, еліктіретін іс-әрекет. Қоршаған орта бала өмірінде ең маңызды орын алады. Мен мектеп жасына дейінгі балалармен шығармашылық жұмыс жасау кезінде сурет салу іс-әрекетінде өзін қоршаған ортамен байланыстыра бейнелеу тапсырмасын беремін. Сонда бала қоршаған ортаны байқайды, қағаз бетіне өз қиялымен бейнелеп сурет салады. Шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін оқу іс-әрекетінде салған суретіне сәйкес баланың ойын білу мақсатында сұрақтар қоямын. Мысалы: (сен қандай сурет салдың? Не салдың? Қандай түстермен боядың?) Бала шығармашыл қиялмен суретті салды, ал ойын білу кезінде қойылған сұраққа алғашыда бала үндемей жауап қайтармайды. Салған суретін қарағанда бұл қандай үй? Үйге ұқсамайды деп айтпаған жөн. Солдан мен бұл тапсырмада бірнеше рет қайталау керектігін түсіндім. Кейін осы жұмыс түрін әрі қарай жалғастыра бердім. Әр сәрсенбі күні «табиғатқа серуен» деп атап, балалармен далаға шығып айналаны қарап, сурет салдырып отырдым. Нәтижесінде балалар сұраққа жауап бере бастады.

Сонымен қатар сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру іс әрекеттерінде балалар өздерінің шығармашылық белсенділігін көрсете алады. Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу кезеңінде заттарды салыстыра алмауы мүмкін, дегенмен нәрсеге қарап сурет салуда дәл ұқсастықпен бейнелеуге мүмкіндік бар. Сондықтан мектепке дейінгі балаларға бейнелеу өнерін білім беруде көрнекілік құралдарды жиі қолданған дұрыс.

Қазіргі кезде мемлекеттің даму деңгейі табиғи ресурстармен емес, сонымен қатар баланың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуметімен, анықталмақ. Осылайша 2 -3 жас баланың сурет салуға деген қызығушылығы туындайды. Мектепке дейінгі балалардың қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды.

Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде жинақталағын тәжірибесін жүзеге асырса, екіншіден, кез келген бала шығармашылық әрекетте орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Сөзімді түйіндей келе, әр баланың бойында табиғат берген ерекше қабілеті, талант, шығармашылық қабілеті болады. «Бұлақ көрсең көзін аш» - демекші, осындай баланың бойындағы шығармашылық қасиетін дамыту көбіне педагог- тәрбиешілердің міндеті. Мектепке дейінгі әр баланың бойындағы дарындылық қасиеттерін анықтап, дамыту, өз дәрежесінде жүргізілуі тиіс.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы сәби кезінен басталады. Ол үшін

балаға барлық жағдайды жасау керекпіз. Өмірге келген әрбір бала бақытты болуы тиіс. Дана халқымыз «Адам ұрпағымен мың жасайды» - деген емес пе?! Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні-қараң, келешегі тұман, - деп М. Дулатов айтқан. Демек егеменді еліміздің тірегі-білімді жас ұрпақ. Балалар- еліміздің бүгіні мен ертеңі. Мемлекетіміздің басты байлығы, әрі тірегі. Сондықтан біз педагог тәрбиешілер біздің мақсатымыз – балаға тиісті дәрежеде жағдай жасап, денсаулығына мән беріп, саналы тәрбие мен сапалы білім беру.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Астана, 2016
2. Қ.Ахметұлы, Т. Баймолдаев «Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім беру жолдары. Алматы, 2003
3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008

Баланы дамытуда инновация әдістерді пайдалану

*Назырова Айжан Ермековна
Қамиева Аягөз Бисембайқызы
КМҚК «Гауһар» бөбекжайы*

Жаңа заман талабына сай жаңаша білім беру мазмұнын құру кезінде тұлғаға бағдарланған сапалы білім беруді іске асыру үшін, балаларды шығармашылыққа баули отырып, құзіреттілікке жеткізудің бір жолы – баланың жеке дамуын қалыптастыру, Диагностикалау арқылы нәтижеге жету жүйесін құру. Дәл қазіргі уақытта балалардың танымдық іс-әрекетін тереңдете отырып, оларды шығармашылық құзіретке баулуға біздің іс-тәжірибелерімізде әлі де қолданылып жүрген әдіс-тәсілдер, жаңа технология жетіспейтіндігін өзіміз де байқаймыз. Балаларды дамыту үшін сезімдік эмоциянальдық орта мен эстетикалық талғамын шығармашылықтарын ойлау мәдинетін қалыптастыру қажет. Жаңа заман талабына сай жаңаша білім беру мазмұнын құру кезінде тұлғаға бағдарланған сапалы білім беруді іске асыру үшін, балаларды шығармашылыққа баули отырып, құзіреттілікке жеткізудің бір жолы баланың жекелеме дамуын қалыптастыру, дамуын зерделеу. Диагностикалау жүйесін құру өзектілігі туып отыр.

Егер, балаларды шығармашылыққа баулудың жолдарын жаңаша құра отырып, қандай да бір нәтижеге жететін болсақ, онда біз баланың шығармашылық белсенділігін арттыра отырып, бала бойында болу керек барлық құзыреттіліктерді қалыптастыруға қол жеткізер едік.

Шығармашылық салалары ауысып отырып театр көрнісі яғни, сазды – сахналық өнерге екінші кішкентайлар тобынан даярлық тобына дейінгі балдырғандарды қамтиды. Мұның барлығы балалардың шығармашылық қабілет-дарынын дамытып, оны қоршаған ортаның ерекшеліктеріне орай бейімдеп, сонымен тығыз байланыстыра отырып ұғындырып, олардың өмірді түсінуіне жағдай жасап, қиял армандарын жетілдіруге тырысу. Осы жұмыстарды педагогикалық талаптарға сай ешбір күштеп, зорлаусыз-ақ, өздерінің әдеттегі ойындарын қызықты да әсерлі етіп ұйымдастырған шақта балалар одан сайын ынталанып, оның жемісі де айтарлықтай болады. Жалпы театрландырылған ойындарда балалардың шығармашылық қабілет-мүмкіндіктері айқын аңғарылады. Бұған пайдаланылатын шығарманың сюжеті мен ойындық қимылдары оның мазмұны бойынша анықталады, ал рөлдерді орындау тәсілдері мимика, интонация, дене қимылдары арқылы жасалып, іске асырылады. Бұл ойындарда балаларға шығармашылық жағдайлар жасауға, өздеріне тапсырылған рөлдерді толық игеріп, кірісіп кетулеріне көп көңіл аудару. Олардың тиісті бейнелерді дұрыс жасаулары үшін іс-әрекет, қимылдарын көрсетіп, жетілдіруіне көмектесіп, кейіпкерлердің сөздерін, көңіл-күй, сезімін, мінез-қалпының қандай болуы керектігін түсіндіріп, ұғындырып отыру. Сөйтіп ойын барысында олардың тартымды бейнелер жасай білуіне қол жеткізу. Оған тәрбиешілер жан-тәндерімен кірісіп, көп еңбек сіңіру керек[1].

Тәрбиешілер балалардың өздеріне тән жеке қасиеттерін анықтай түсу мақсатымен жылдың басында және аяғында театрландырылған жұмыстар арқылы «Құпия» сынақ (эксперименталдық) ойындар өткізіп отыруы керек. Бұл ойындардың өн бойында музыканың тигізер әсері мол. Бұл ойындарда қабілеті бар деген балалар өздерін еркін ұстайтын, ал ұялшақ, ұяң балаларға қарапайым рөлдер беріледі. Бұдан кейін өздерін тиісті рөлдерде ойнай алатын қабілетті балаларды театрландырылған жұмысқа кіргізіп отыру керек. Осындай 5-6 баламен жекелей жұмыс жүргізеді. Оларға қуыршақты қалай ұстау керектігін, мимика, дауыс ырғақтарын үйретеді. Театрландырылған ойындардың мазмұнына ерекше мән беру керек. Бұл негізінен адамгершілік, достық, кішіпейілдік, ерлік, батылдық, адалдық, әділдік, шыншылдық қасиеттерді уағыздаудан тұрады. Әдетте балалардың өздері жақсы көретін кейіпкерлеріне еліктеп өсетіні белгілі. Осыған қарап, шапшаң, ширақ балаларға жуас, қарапайым рөлдер, ал мінездері салмақты байыпты балаларға жағымсыз рөлдер тапсырылады. Бұл арқылы біз балалардың шындық өмірге тереңірек үңіліп, ненің жаман, ненің жақсы екенін айқындырақ ұғынып, жаманнан жиіркеніп, жақсыдан үйренуге, өз қылықтарын дұрыс бағалап, жақсы кейіпкерлерге еліктеуге үйретеміз. Театрландырылған ойындарды ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар керек.

Осыны ескере отырып, әрбір топта театр бұрыштары жасалады. Бибабо саусақтары, үстелдік және саусақты-қолғап, тағы да басқа түрлері қолданылып отырады.

Екінші кішкентайлар тобының балалары сахналық өнердің қарапайым көріністерін ғана бейнелеуге, өлеңдердің мағынасын қимылмен көрсетуге үйретіледі. Алғашында балалар жануарларға еліктеп, олардың сыртқы кейпін салып келтірді, бірақ жануарлардың мінез-құлқын ашуға қиынсынды. Мысалы: «Тауық пен балапандар», «Қоян мен көжектер», «Аю мен қонжық», «Түлкі мен қасқыр» деп аталатын ойындарда балаларға кішкентай көңілді құстардың қанаттарын қалай қағатынын, олардың балапандап жүретінін көрсетеді. Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті мен күнделікті өмірде балалар тұрмысынан көріністер ойналады. Мысалы: қуыршақты алып, осы ойыншық туралы кішкентай сюжет ойлап құрастыру және соны ойлап беру жаттығулары жүргізіледі[2].

Қозғалыс әдеттерін жетілдіру жұмысында мына әдістерді қолданамыз: қимылды көрсету, жеке баламен немесе топпен жаттығу жасау.

Сөздік суреттеме бере отырып, балалардың рөлдерін толық орындауға үйрету, өздерінің рөлдерін қызықты ойнаған балаларды көтермелеп, мадақтап отыру. Ортанғы және ересектер тобының балалары сахналық өнерді үйреніп, сезіне бастағанда олардың тілі, ойлау түйсігі, өнерге құштарлығы артады. Қандай да сахналық қойылымның алдында балалармен бірнеше кіріспе жұмыс жүргізіледі.

Тәрбиешілер балаларға ертегі, әңгімелер оқып, не әңгімелеген кезде ертегідегі кейіпкерлердің мінез-құлқына, дауысының ырғағына, қимылдарына назар аударады.

Әр кейіпкерлердің киіміне көңіл бөледі. Қуыршақ театрында қуыршақтардың киімі өзгертіліп отырады. Мысалы: орыс ертегілерінде түлкі басына орамал тартады, қазақ ертегілерінде түлкіге жейде кигізіледі.

Сұрақ-жауап арқылы кейіпкерлердің қимылын, іс-әрекетін байқап, бағалап отырамыз. Қимыл мен сөз арасындағы байланысын қадағалаймыз.

Мысалы: «Алдар көсе мен Шықбермес Шығайбай» туралы ертегіні оқып бергеннен кейін тәрбиеші балаларға мынадай сұрақтар қояды:

- Алдар көсенің мінез-құлқы қандай?
- Алдардың жүрісін кім көрсете алады?
- Байдың мінезі қандай?
- Оның жүріс-тұрысын кім көрсете алады?
- Кім бай мен Алдаркөсеболып ойнай алады?

Балалардың тілін жаттықтыру үшін, қазақ халқының асыл сөздерімен сусындата отырып, әрбір сахналық қойылымның алдында қазақ әндерін, қазақтың ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды, санамақтар мен жұмбақтарды, түрлі ұлттық ойындарды, ән-

күйлер мен билер кіріктіріліп отырады. Мысалы, «Үйшік» ертегісінде әр кейіпкерлердің сахнаға шығуын «Қонақ келсе күт» деген мақалмен бастаймыз. Театрлық ойынға қатысушы даярлық тобының балалары кейіпкерлердің мінезін, жүріс-тұрысын, әдеттерін айнытпай салып көрерменге иланымды етіп ойнауы үшін, талмай жаттығып, қажетті элементтерін меңгеріп алуға тырысады. Ол үшін балалармен жоғарыда айтылып кеткен арнаулы жаттығулар жүргізіледі. Одан басқа «Сәлеметсіз бе?» және т.б. дағдылы сөздерді әртүрлі дауыс ырғағына сап айтып үйренуге жаттықтырады. Сахналық өнерге баулыған балалар жаттаған сөзінің мағынасына сәйкес, күйінікті-сүйінікті сезімдеріне сәйкес тебірене мәнерлеп айта білуге үйренеді. Сосын нәтижесінде олардың шығармашылық қабілеттері оянады. Бейнелеу, көркем әдебиет, тіл дамыту оқу іс-әрекеттерін байланыстырып өткізгенде, әр оқу іс-әрекеттің соңы әрқашанда дерлік ертегі сюжетімен байланысты қойылымдармен аяқталып отырғаны жөн. Сонымен қатар, балалардың сөздік қоры толықтырады, сөйтіп олардың белсенділігі арттырады, оқу іс-әрекеттері мен сауық кештері еркін де қызықты түрде өтетін болады. Балалар өздерін еркін де бос ұстап, оқу іс-әрекеттерде ынталана, құштарланып қатысып отырады. Осы жұмыстарды өткізген кезеңде әрбір ұлттық халық ертегілерінен көріністер қойуға болады[3].

Балалар өз беттерімен ойнаған дербес іс-әрекетінде де театр ойындарының түрлерін жиірек қолданатын болады. Драмалық жанрға бейімделген ойындар өздігінен туындап тәрбие жұмыстарының барысында ертегілер, сюжетті көріністер де жиі қолданылып, тіпті кейде ертегінің кейбір бөліктері өзгертіліп отырылады. Балалардың шығармашылығы тек рөлдерді орындаған кезде ғана емес, сонымен қатар қуыршақтар, декорациялар дайындағанда да көрінеді. Қуыршақтардың түр-түрін, шымылдықтар, декорация жасау кезеңдегі ұжымдық жұмыстар балалардың ұйымшылдығы мен белсендігін арттырды. Ата-аналармен жұмыс жүргізілді. Балалардың өз үйлерінде ата-аналармен, туыс туғандармен арасында болатын қарым-қатынастары туралы ата-аналармен әңгіме, кеңестер өткізіп, арнайы анкета бойынша жұмыстар жүргізуге болады. Сол арқылы балалардың өзімізге белгісіз, бейтаныс қасиеттерінен хабарлар боламыз. Балабақшада алған осындай мәліметтер олардың ішіндегі кейбір дарындылардың өнер жолына түсуіне игілікті әсерін тигізері анық.

Ертегі және экология. Табиғат жайлы айта отыра эволюция құбылысы немесе динамикасы жайлы түсініктер беру. Балаларға табиғат өзара байланысты және әрі қарай дамитынын түсіндіру. «Жақсы-жаман» ойынын пайдалануға болады.

Ертегі қолды дамытады. Балаларға бір нәрсені бейнелеуге, қиюға, жапсыруға ұсыныс жасау. Ол үшін құрал-жабдықтар, кітаптар, иллюстрациялар, жүйелі оператор қажет.

Пікірсайыс - ең бір тиімді жаңашылдық, білім алу, методологиялық шешім. Инновациялық «Пікірсайыс» педагогикалық бала дамуына, оның жеке шамасын ашуға бағытталған. Пікірсайыстың негізгі мақсаты интеллектуалдық қабілеті дамыған еркін азаматты, өмірге деген шығармашылдық қабілетін, жеке сезімтал жауапкершілігі мен адамгершілігін тәрбиелеу.

Қолданылған әдебиеттер

1. Выготский Л.С. Психология. – М., 2000.
2. Эльконин Д.Б. Избранные педагогические труды. – М, 1989.
3. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. - М., 1972.

Инклюзивті білім беру

*Нуретдинова Асем Бахытжановна, тәрбиеші,
№54 «Нұр-Ай» балабақшасы
педагог-модератор
Астана қ.*

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың мектепке дейінгі білім беретін мекемелерде оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың мектепке дейінгі оқыту ұйымдарында үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Әр бала үшін ең алғаш балабақшаға бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін

мектептерде, мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Тәжірбие көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген: - мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады; - мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді; - түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады; - мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасы негізінде 2020 жылға қарай балабақшаларда мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланды. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу

үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде, балабақшаларда педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылды. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз инклюзивті білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы. Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай: Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс. Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады. Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту. Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістік кезетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді. Қорыта келе, бүгінгі балалар, тәрбиеленушілер ертеңгі еліміздің азаматтары. Елбасымыз білім беру жүйесіне басты назар аударуда, қазіргі таңдағы әрқайсымыздың міндетіміз масылдыққа жол бермей, ел ертеңі үшін еңбек етіп, белсене тер төгу екенін естен шығармау керектігін айтқым келеді.

ЕБҚ бар балаларды тәрбиелеу және оқыту процесінде арт терапия әдісін қолданудың тиімділігі

Оспанбекова Б.М, Жумашева А.М.

Қарағанды облысы, Балқаш қаласы, «Балдырған» бөбекжайы» КМҚК

Мақсаты: мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту жұмыстары бойынша оқытудың мақсаты-білім беру стандартын игеруге, олардың денсаулығын сақтауға, танымдық іс-әрекеттің дамуындағы ауытқуларды түзетуге, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қажеттіліктерін ескере

отырып, сәтті әлеуметтенуге ықпал ететін мектепке дейінгі ұйымдарда жағдай жасау.

Міндеттері:

- білім беру қиындықтары бар балаларды уақтылы анықтауды қамтамасыз ету;
- түзету-дамыту іс-әрекетінде кешенді (психологиялық-медициналық-педагогикалық) тәсілді жүзеге асыру, сөйлеу қабілетінде бұзылыстары бар балалардың дамуын жеке түзетуді жүргізу;
- отбасына түзету-дамыту процесінде көмек көрсету;

Күтілетін нәтиже: мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді дамытудың жаңа моделі жағдайында түзету-білім беру процесін жетілдіру мақсатында инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балаларды түзету-білім беру процесінде дәстүрден тыс әдістер, жеке жұмыстар толығымен қамтамасыз етіліп, арнайы бағдарламалар дайындалса. Бүгінгі таңда балабақша-бұл дамуға ұмтылатын, жаңа мүмкіндіктер іздейтін және қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін мұғалімнің шығармашылық, кәсіби жұмысына қажетті жағдай жасайтын күрделі механизм. Білім беруді жаңғырту педагог кадрларды даярлау деңгейіне тікелей байланысты. Балалардағы шығармашылықтың даму деңгейі, олардың балабақшада және өмірде оқуға дайындығы тәрбиешілердің кәсібилігіне тікелей байланысты. Ерекше балалармен жұмыс жасауда көрсетілген әдіс-тәсілдер, ойындар, техниканы дұрыс бағытта қолданса, жақсы нәтижеге жетуге болады.

Психология, нейропсихология, түзету педагогикасы және арнайы психологияның теориясы мен практикасын дамытудың қазіргі кезеңі балалардың психикалық дамуының әртүрлі ерекшеліктерін терең зерттеуге назар аударудың жоғарылауымен сипатталады, бұл маңызды ғылыми және практикалық маңызы ба процесстердің бірі. Дамуында ауытқулары бар, соның ішінде ішінара және күрделі ауытқуы бар балалардың саны мен әртүрлілігі күн сайын артып келеді. Бұл балаларды тек бұрын ғана емес, сонымен қатар оларды оқыту және тәрбиелеу процесінде, әрбір жеке жағдайға түзету әсерінің микробағдарламаларын анықтау қажеттілігін тудырады.

Қазіргі таңда балалардағы әртүрлі сөйлеу тілі бұзылыстары бар зерттеу және түзету мәселесіне көбірек көңіл бөлінеді. Көптеген әдебиеттер пайда болды, соның ішінде ақыл-ой кемістігі, оқу мен тәрбиенің бұзылуы, мінез-құлық пен қарым-қатынастағы ауытқулар туралы ұсыныстар пайда болды.

Өкінішке орай, дамуында проблемалары бар балалар санының артуымен түзету педагогикасы мен психологиясына көбірек көңіл бөлінді. Сөйлеу әрекетінде бұзылысы бар балаларды оқыту кезінде педагог үшін ең маңызды шарттардың бірі-бұл балалардың басқалармен салыстырғанда кемшіліктері жоқ екенін түсіну, бірақ соған қарамастан бұл балалар өздерінің әлеуетті мүмкіндіктерін іске асыруда және даму үшін жағдай жасауда ерекше жеке көзқарасты қажет етеді.

Қазіргі уақытта педагогикада жүйелік белсенділікке (толыққанды тұрақты дағдыларды қалыптастыру) және тұлғаға бағытталған тәсілдерге (әр түрлі анализаторлардың функцияларының жетіспеушілігін есепке алу және


толтыру: есту-сөйлеу, көру және т.б.) назар аударылады. Бұрынғы әдіс тәрбиешіге балаларды оқыту әдістерін көрсетті, оларды қолдану бойынша жалпыланған ұсыныстар берді, бірақ белгілі бір әдіс шеңберіндегі әрекет алгоритмін ашпайды. Техника ең алдымен не істеу керектігін айтады, бірақ қалай екенін нақты ашпайды. Тағы бір нәрсе-бұл әрдайым нақты нәтижелерге қол жеткізуге әкелетін дәйекті операциялар түрінде педагогтың қызметін жоспарлау процесі ретінде түсінілетін технология. Тәрбиеші бастапқы материалды білім беру стандартымен анықталған соңғы өнімге айналдырумен айналысады. Технологиялық жоспардың алдында баланың қай кезеңде сәтсіздікке ұшырағанын анықтау және оқу материалын игерудегі сәтсіздіктің себебін анықтау оңай. Сондықтан технологияландыру әсіресе түзету және дамыту жұмыстары үшін тиімді, өйткені ол тәрбиеленушінің мақсатына қарай әр қадамын бақылауға, пайда болған қателіктерге икемді және мақсатты түрде жауап беруге, оларды уақытында түзетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі педагогикада дәстүрлі емес технологияларды қолдану ерекше балаларға өте қолайлы деп болжануда.

Осы арт-терапияны жұмыс барысымда қолдана отырып ерекше балалармен жұмыс жасап көрдім. Жұмыс барысымда ортаңғы топ, ересек топ тәрбиеленушілерімен сурет салу терапиясын қолданып көрдім. Осы орайда балалардың суретке деген қызығушылығы артып, тағы бояуға құлшынысы артты. Және де тағы басқа терапияның түрлерін жұмыс барысымда өз тәжірибемде пайдаланып жүрмін. Қуыршақ, мүсіндеу ұсақ қол моторикасын да пайдаланып көрдім.

Ерекше балалармен жұмыста қолданылатын көптеген түзету және дамыту технологияларының ішінде **арт-терапия** бағыты ерекше назар аударуға тұрарлық. Арт-терапия сөзі қазір жиі кездеседі және көпшілікке таныс, бірақ бұл әдемі атаудың артында не жатқанын бәрі біле бермейді. Өнермен емдеу (art - өнер, therapy - емдеу) психологиялық мәселелерді шешуге көмектесу мақсатында адамның шығармашылық іс-әрекетінің алуан түрін қабылдайды. Арт-терапия білімнің әр-түрлі салаларын біріктіреді-медицина, психология, мәдениеттану, педагогика және т.б. оның негізі-көркемдік практика, бояулар, сызықтар, пішіндер мен бейнелер өнерінің тілі бізге сөздерді қолдану арқылы білдіру өте қиын екенін айтады. Арт-терапия әрекеттері барысында білім алушылар, тәрбиеленушілер орасан зор емдік күші бар бейнелеу қызметіне тартылады.

Жұмыста баланың ерекшеліктері мен проблемаларын ескеру қажет. Мысалы, кейбір балалар үшін күнделікті есту зейінін қалыптастыру бойынша жұмыс болуы керек, ал басқаларымен сөздік қорын байыту, ауызша ойлауды дамыту үшін көбірек жұмыс істеу керек, ал басқалары үшін кеңістіктік көріністерді қалыптастыру маңызды болуы мүмкін. Содан кейін түзету жұмысындағы негізгі аспект осы қасиеттерді дамыту үшін жасалуы керек. Мүмкін болса, ойын әрекетін мазмұны бойынша әр түрлі етіп жасаңыз, әртүрлі бағыттағы тапсырмаларды қосыңыз. Сонда, біз керемет нәтижеге жететін боламыз.



Әр-түрлі бағыттағы технологиялардың қуатты даму дәуірінде педагог ойлаудың икемділігі, жаңа білімді, коммуникацияны тез игеру, жоспарлау, шешім қабылдау және тағы басқалар сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Қоғам дамуының қазіргі кезеңіндегі инновациялық процестер, ең алдымен, баланың әлеуетті қабілеттерін ашудың бастапқы кезеңі ретінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне әсер етеді. Мектепке дейінгі білім беруді дамыту, жаңа сапалы деңгейге көшу инновациялық технологияларды әзірлеусіз және ата-анасыз жүзеге асырыла алмайды, олар тек мектепке дейінгі білім беруді ғана емес, отбасын да қайта құру керек екенін түсінуі керек. Ата-аналарды педагогикалық процеске тарту олардың педагогтармен ынтымақтастыққа деген қызығушылығын арттырады, оларды сыртқы бақылаушыларға емес, білім беру процесінің белсенді қатысушыларына айналдырады және балабақшада бағдарламаны іске асыру жағдайында әр педагогтың және бүкіл педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуеті толық іске асырылатын осындай білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Андреева В. Қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңарту мәселелері / в. Андреева, Р. Стеркина // Мектепке дейінгі тәрбие. — 1991. — № 11;
2. Венгер, Л., Запорожец А: Мектепке дейінгі тәрбиені ізгілендіру / Л.А. Венгер // Мектепке дейінгі тәрбие. — 1990. — № 8;
3. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы мектепке дейінгі білім берудің инновациялық технологиялары / Г.В. Фадина [және т.б.]. - Балашов, 2004. - Б. 64;
4. Михайленко, Н. Мектепке дейінгі білім беру: мазмұнын жаңартуға қойылатын нұсқаулар мен талаптар / Н. Михайленко, Н Короткова // Мектепке дейінгі тәрбие. — 1992;

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін ұлттық ойын арқылы дамыту

Рысбаева Г.Е., тәрбиеші,
№ 54 «Нұр-Ай» балабақшасы, тәрбиеші
Астана қаласы

Андатпа: Балабақшада ұлттық ойындарды қолданып, балалардың танымын арттыру. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар ортасының дамуында басты роль атқарады.

Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Түйін сөз: Ата-бабамыздан бізге жеткен баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз ұлттық ойын екендігін біліп өсуге, денсаулығын шындай түсуге, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Описание: Использование национальных игр в детском саду для повышения знаний детей. Игра – основная форма деятельности детей дошкольного возраста. Игра играет важную роль в развитии ребенка и всей детской среды. Дети знакомятся с историей и культурой нашего народа через национальные игры.

Ключевые слова: Вырастить, зная, что наше бесценное богатство, драгоценное сокровище, переданное нам от наших предков, является национальной игрой, укреплять здоровье, воспитывать патриотизм.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың сөзімен бастағым келіп тұр. «Ойын ойнап ән салмай өсер бала болама» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы еңбекке қатынасы психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, іздеп-паздық тапқырлық көрсетіп әрекет байқатады.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным – түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен – бірі ептілікті үйренеді.

Ұлттық ойындары – ата – бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын балалардың алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп – жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі.

Ұлттық ойыны әдет – ғұрыптарын, дәстүрлерін, салт - жораларын ұрпақтан ұрпаққа қалдырып отырады, әрі сақтайды. Олардың ұлттық мәдениетінде, тұрмысында бөлінбейтіндей болып қалыптасады. Ұлттық әдептілік, мәдени құндылық олардың өмір ерекшеліктеріне сәйкес сол ұлттық көпшілік өкілдеріне тиісті болатын қоғамдық даму мен табиғат құбылыстарының қайталану заңдылықтарының нәтижесі.

Бала, қоршаған ортасындағы барша әрекеттерді бір ойын деп түсінеді. Ойнап жүріп үйреніп, ойнап жүріп өмір сүруге бейімделеді. Ойын арқылы бала өзін таниды. Ойын барысында әртүрлі қиындықтарды еңсеріп, ішкі тірегі қалыптасады. Бала кезде қанып ойын ойнаған бала, ересек шағында өмірде күрмеуі күшті мәселелерді оңай шешеді. Ойын барысында бала ешқашан

үнсiз қалмайды. Топпен ойнаса достарымен, ойыншықтармен ойнаса солармен, тiптi, өзiмен-өзi iштей диалог құра отырып, ойын ойнайды. Мiне, сондықтан, ойын арқылы баланың тiлiн дамыту ең тиiмдi әдiс болмақ.

Жалпы, оқу iсi-әрекетiнде ойындарды: ұлттық ойындар, сөзбен ойналатын ойындар, сюжеттi рольдi ойындар, қимылды ойындар, дидактикалық ойындар деген топтарға бөлiнедi.

Ұлттық ойындардың iшiнде: «Аққу ұшты», «Сөз құра», «Жұмбақ жасыр» ойындары баланы тiлдiк тұрғыда ғана емес, iс-қимыл тұрғысынан дамытуды маңызы зор. Мысалы, «Сөз құра» ойынында балалар шеңбер жасап тұрады. Бiрiншi бала бiр сөз айтады, ал екiншi бала сол сөздің соңғы әрiпiнен басталатын сөз айтады солайша шеңбер бойымен ойын жалғасады.

Сөзбен ойналатын ұлттық ойындар: «Айгөлек», «Ақсерек-көксерек» «Бұғынай», «Даусынан таны» т.б. ұлттық ойындар балалардың сөзiк қордарын дамытумен бiрге қимыл белсендiктерiн арттырады. Сөзбен ойналатын ойындардың бiрi «Ақшамшық» - қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлi ойыны. Оны халық арасында «Сақина салу», «Сақина тастау» деп те айтады. Аталған ойынды ата-аналармен ойнау барысында да ерекше қызығушылық танытты. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бiр ойыншыны шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесi бойынша ойыншылар дөңгелене отырып, екi алақанын бiр-бiрiне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргiзушi алақанындағы сақинаны кiмге салса да өз еркi. Ол адамдардың барлығының алақанына сақина салған болып шығады да дауыстап: «Тұр сақинам, тұр» деп немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыс тайды. Сол сәт сақина тасталған адам «Сақина менде!» деп орнынан тез тұруы керек. Оны көршiсi ұстай алмай қалса, жұрт алдында өз өнерiн көрсетедi.

Сюжеттi рольдi ойындардан: «Алдар көсе мен Бай», «Мақта қыз бен мысық», «Мысық пен тышқан» ойындары балалар үшiн қызықты әрi көңiлдi болмақ. Жалпы, сюжеттi ойындар ойнату барысында балалардың өздерi көрiп жүрген мультфильмдерi, ертегiлерi ойнатылса нұр iстiне нұр. Әр балаға сол ойыннан бiр-бiр роль берiп, сөздер бойынша қойылым қойып ойнайды. Бұл кезде балалардың жаттау қабiлетi артып, топпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Ал, дидактикалық ойындарға: «Ғажайып қалта», «Қимылды көрсет», «Даусын сал» ойындары жатады. Дидактикалық ойындар қысқа әрi жылдам болуымен ерекшеленедi. Бұл ойын түрiнде балалардың когнитивтi жүйесi жақсы дамиды. Әсiресе бала шапшаңдыққа үйренiп, ой-өрiсiнiң жылдам дамуын сеп болады.

Қимылды ойындарға: доп қуу, мұз қатырғыш, құтқарушы ойындарын ойнауға болады. Бұл ойындарды көбiне күн жылы болса далада, кең жерде ойнаған абзал. Ойын баланың физикалық белсендiлiгiн арттырып, физиологиясын ғана дамытып қоймай, тiлiн дамытуда, оның iшiнде: сөздiк

қорының молайып, сөйлеу арқылы әлеммен байланыс орнату жолында үлкен рөл атқарады.

Ойын арқылы балалар қоғамдық белсенділікті меңгереді, өзінің индивид екенін, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Қысқаша айтсақ, ойын баланың дамуын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, топпен жұмыс істеу, түрлі дағдыларын арттыруға негіз болып табылады.

Ең бастысы ұлттық ойындар арқылы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге үлгілерінің лайықтыларын баланың сана-сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адами құндылықтарды ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажабы ойындар балалардың жан сұлулығы мен тән сұлулығын жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Ұлттық ойындарды қолданудағы негізгі мақсатымыз балалардың денсаулығын нығайту, денені шынықтыру; мәдениетін қалыптастыру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

Ұлттық ойындарды жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдалану қажет. Мен ұлттық ойындарды балаларға серуендерде, оқу іс – әрекеті барысындағы, бой сергіту кезінде, ертеңгіліктерде, спорттық шараларда ойнауға ұсынамын. Ұлттық ойындардың бала тәрбиесінде алатын орны ерекше. Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті.

Жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, мінез – құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері оқу іс – әрекетінде өлі – тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын үстінде бала бейне өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезіміне бөленеді. Бірақ бала одан ойын екенін білмейді деген түсінік тумайды. Сондықтан шындықтағыдай «сөйтейік, бүйтіп көрейік» деуі, олардың «ойынды ойын» деп түсінуінде жатыр.

Осыдан келіп ойын туралы мынандай тұжырым жасалады:

- а) ойын – тәрбие құралы, ақыл – ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.
- ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді. б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.
- в) эстетикалық тәрбие беру – өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады. г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді. д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі – ойын баланы жан – жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып

табылады. Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды.

Бұл пікіріміз жалаң болмас үшін заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдарымыздың бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мына бір пікірін еске ала кетейік: «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған». Халқымыз ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі – өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші өсе келе соған белсенді қатынасушы келесі кезеңді үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Кейінгі кезде ұлт ойындарына көңіл бөлмеу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық.

Ойын технологиясы бойынша жас өспірімдердің қызығушылығын жақсы арттыруға болады. Сонымен қатар тілдерін де дамытуға болады.

Жас өспірімдердің қарым қатынастарын, іздемпаздыққа адамгершілікке, сыйластыққа, мейрімді сөздер айтуға үйретуге болады.

Ең әдемі көрікті

Балабақша үйіміз

Үйрендік бәр ойынды

Біздер ойнай аламыз.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл.
2. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл.
3. Сабиева У. А, Шомалова Б.Т, Науанова Ж. А. Ұлттық ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Арнайы білім беру қабілеті бар балалармен жұмыс жасауда студенттердің дайындығы

*Салтыбаева Маржан Айтқуловна
Астана Халықаралық Университетінің Педагогикалық колледжі,
оқытушы*

Аңдатпа: Дамудың күрделі бұзылулары бар балалар санының өсуі оларды қазіргі қоғамда әлеуметтендіру және бейімдеу жұмыстарын жандандыруды қажет етеді. Түзету педагогикасы саласындағы ғылыми жетістіктерді баланың дамуының алғашқы кезеңдерінде кеңінен қолдану мүмкіндігі шектеулі балалардың бір бөлігі мектеп жасына дейін психикалық

дамудың қалыпты деңгейіне жететіндігіне әкеледі, бұл бұрын оқшауланған жағдайларда байқалған, сондықтан ерекше деп саналды.

Түйінді сөздер: мектепке дейінгі білім беру ұйымы, жаңартылған білім беру мазмұны, білім беру реформасы, тәрбиленуші, білім бағдарламасы, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

Л.С. Выготский зерттеулеріне сүйенсек, ерекше білімді қажет ететін баланың кешенді даму үдерісі жеке жұмыстардың нәтижесінде үлкен тәуекелдер мен жетістіктердің кепілі бола алатынын аңғарамыз. Себебі, топтық сабақтар мен өзге дидактикалық әдістер кезінде баланың жалпы даму жағдайындағы дағдылары дамыса, ал жеке сабақтар мен әдістер кезінде баланың толықтыру немесе алдын – алу мақсатын қамтитын үдерістер іске асады.

Жеке түзете – дамыту бағдарламасы- бұл қалалық психологиялық- медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) ұсыныстарын, баланың жеке басының ерекшеліктерін диагностикалауды және білім беру мекемесі мамандарының қорытындыларын, сондай-ақ баланың білім беру және тәрбие саласындағы қажеттіліктерін барынша толық іске асыру мақсатында ата-аналардың үміттерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын дамытудың нысандары мен әдістерінің ерекшеліктерін анықтайтын құжат. Жеке кешенді білім беру бағдарламасы-бұл балаларға психологиялық, медициналық және педагогикалық қолдау көрсететін білім беру мекемесінің мамандары қызметінің нәтижесі. Осы нормативтік актінің негізінде баланың білім беру қызметтерін алу нысаны мен шарттары анықталады. Әлеуметтік-педагогикалық қолдауды да жеке бағдарлама құрылымына енгізуді айқын интеллектуалды бұзылулары, ауыр моторлық патологиясы, күрделі даму бұзылулары бар балалар қажет етеді. Ресей Федерациясының арнайы білім беру туралы Заңында баланың физикалық ауытқулары оның оқу мүмкіндіктеріне байланысты анықталады. Мүмкіндігі шектеулі баланың жеке басын диагностикалау нәтижелері бойынша мамандар белгілі бір бұзушылықтарды түзету үшін жеке жоспар жасайды. Бұл ұсыныстар педагогтар мен ата-аналарды түзету, диагностикалық, профилактикалық және оңалту жұмыстарын жүргізу бойынша жеке кешенді білім беру бағдарламасына біріктіріледі. Мұндай бағдарламаның мақсаты – ерекше білімді қажет ететін баланы білім беру мекемесінің жағдайына бейімдеуге, оның білім мен тәрбие қажеттіліктерін сәтті жүзеге асыруға, отбасын консультациялық әлеуметтік-педагогикалық қолдауға көмек көрсету.

Жеке білім беру бағдарламасын жобалаудың негізі оның жеке мүмкіндіктерін дамыту мақсатында ерекше білімді қажет ететін баланы оқытуға жағдай жасау болып табылады, өйткені жеке бағдарлама әр балаға жеке көзқарас пен жеке құзіреттіліктің дамуын қамтамасыз ететін бағдарламалық мазмұнды толық игеру үшін арнайы білім беру құралдарын білдіреді.

Жеке білім беру бағдарламасының мазмұны бірнеше өзара байланысты бөлімдерден тұратын біртұтас жүйені білдіреді, олардың әрқайсысы өзінің

семантикалық жүктемесін көтереді. Бұл бөлімдер мүмкіндігі шектеулі балаға әртүрлі бағыттар бойынша психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Бөлімдердің мазмұны негізгі материалды шоғырландыратын негізгі білім беру объектілері төңірегінде топтастырылған.

Кешенді білім беру барысында ерекше білімді қажет ететін баланың қажеттіліктері мен психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияның қорытындыларына сәйкес білім мен тәрбие беру үшін арнайы жағдайлар жасалуы мүмкін. Ерекше білімді қажет ететін балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаның оқу кестесін, оқу жүктемесін, оның білім беру бағдарламаларын игеру мерзімдерін, оны сертификаттауды қоса, жеке оқу жоспарлары жасалады.

Инклюзивті (француз инклюзиві – соның ішінде, латын тілінен кіреді – қорытындылаймын, қосамын) немесе инклюзивті білім беру дегеніміз — жалпы білім беретін (жаппай) мектептерде ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесін сипаттайтын термин. Инклюзивті білім беру дегеніміз – барлық балалар физикалық, ақыл-ой, интеллектуалды және басқа ерекшеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру жүйесіне кіретін оқыту мен тәрбиелеу процесі. Олар өздерінің білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, мүгедек емес құрдастарымен бірге тұрғылықты жеріндегі негізгі мектептерде оқиды. Сонымен қатар, оларға арнайы қолдау көрсетіледі. Инклюзивті білім балаларға қатысты кез-келген кемсітуді болдырмайтын идеологияға негізделген – барлық адамдарға тең қатынас қамтамасыз етіледі, бірақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ерекше жағдайлар жасалады. Инклюзивті білім беру моделі келесі әлеуметтік тәсілге негізделген – ерекше білімді қажет ететін балаларды емес, қоғамды және оның ерекше балаларға деген қатынасын өзгерту керек. Инклюзия ерекше білімді қажет ететін балалар үшін ғана емес, дені сау балалар үшін де дамыған, ізгілікті және тиімді жүйе ретінде танылады. Ол мектеп жүйесінің критерийлеріне қаншалықты сәйкес келетіндігіне қарамастан, барлығына білім алуға құқық береді. Олардың әрқайсысының даралығын құрметтеу және қабылдау арқылы тұлғаның қалыптасуы жүзеге асады. Бұл кезде балалар ұжымда, бір-бірімен қарым-қатынас жасауды, қарым-қатынас орнатуды, мұғаліммен бірге оқу мәселелерін шығармашылықпен шешуді үйренеді.

Бүгінгі таңда, жаппай мектеп мұғалімдері арасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеуге қажетті дайындықтың болмауы проблемасы өте өткір. Инклюзивті ортада жұмыс істеуде мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерінің жетіспеушілігі, психологиялық кедергілер мен кәсіби стереотиптердің болуы.

Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту процесінде мұғалімдер мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынас ерекше рөл атқарады. Ата-ана баласын жақсы біледі, сондықтан бірқатар мәселелерді шешуде мұғалім олардан құнды кеңестер ала алады. Педагогтар мен ата-аналардың ынтымақтастығы жағдайды әр қырынан қарауға көмектеседі, демек, ересектерге баланың жеке ерекшеліктерін түсінуге, оның қабілеттерін анықтауға және дұрыс өмірлік нұсқауларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған жеке бағдарламалар әр түрлі болуы мүмкін. Олар жеке курстарға, пәндерге немесе балаларды жалпы оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларына сілтеме жасай алады және оның кемшіліктерін өтеу мақсатында жасалуы мүмкін. Бұл ретте баланы дамыту мен оқытудың жеке кешенді бағдарламаларына басымдық берілуге тиіс. Жеке түзету және дамыту бағдарламасында баланың жақын арада дамуы үшін қол жетімді болатын міндеттер, сондай-ақ болашақта оған жетістікке жетуге көмектесетін әдістер туралы нұсқаулар болуы керек. Бағдарламаның мазмұны балалар білім беру мекемесі мамандарының психологиялық-педагогикалық консилиумында анықталады және консилиумға қатысушылардың әрқайсысы баламен сабақтарда қандай міндеттерді шешетінін анықтайды.

Нейропсихологиялық тәсіл оқу қиындықтарының себептерін анықтайды. Медицина (нейро-физиологиялық тексеру) және психология тұрғысынан баланың жеке басын зерттеу мидың жергілікті зақымдануларында көрінетін мүмкіндігі шектеулі әр оқушының психикалық процестері мен жеке саласының динамикасын анықтауға көмектеседі. Баланың жеке қабілеттері негізінде оны дамыту және оңалту бағдарламасы құрылады.

Пәнаралық тәсіл мүмкіндігі шектеулі балаларды дамытудың кешенді бағдарламасын жүзеге асыратын әртүрлі мамандардың бірлескен жұмысын қамтамасыз етеді. Дефектолог мұғалім бағдарламаның құрылымдық компоненттерін жобалайды және оны жасаумен айналысады. Логопед-мұғалім және педагог-психолог мүгедек баланы тексеру деректерін ұсынады және оның мәртебесін анықтайды. Білім беру ұйымының меңгерушісі немесе директоры ерекше білімді қажет ететін балаға арналған кешенді жеке бағдарламаның іске асырылуы мен мазмұнына жауап береді. Психологиялық-педагогикалық консилиум бағдарламаны іске асырудың әдістері мен нысандарын айқындайды және қажет болған жағдайда оларға түзету жүргізеді. Мұнда тиімділік мониторингі жүргізіледі және уақыт шектері анықталады. Тәрбиешілер мен мұғалімдер бағдарламаның сызықтығын және оқу жоспарына сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша жұмыс тәсілдерін сипаттайды. Ата-аналар немесе заңды өкілдер білім беру процесін ұйымдастыру бойынша ұсыныстар енгізеді, ерекше білімді қажет ететін баланың мәртебесін растайтын медициналық және өзге де құжаттарды ұсынады.

Кешенді жеке түзете – дамыту бағдарламасын жобалау кезеңдері:

1-кезең: мақсатты (түзету білімін алу кезінде баланың мақсаттары, мотивтері мен қажеттіліктерін белгілеу).

2-кезең: мазмұнды (құрылымды негіздеу және түзету және дамыту жұмыстарының мазмұнын таңдау, басқа сабақтармен байланысты орнату. Бағдарламаның мазмұны әзірленуде).

3-кезең: технологиялық (қолданылатын технологияларды, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін анықтау)

4-кезең: диагностикалық (баланы диагностикалық сүйемелдеу жүйесін анықтау).

5-кезең: ұйымдастыру-түзету-педагогикалық (түзету және педагогикалық мақсаттарға қол жеткізу шарттары мен жолдарын әзірлеу)

Сонымен, Е. Н. Водовозова тәрбиешілер мен ата-аналардың баланың психологиясы мен физиологиясының ғылыми негіздерін, оның іс-әрекеттерін жан-жақты талдай білу қажеттілігін атап өтті. Балаларды тәрбиелеуде ол еңбекке үлкен рөл бөлді, оны ең тиімді, ең жақсы тәрбие құралы деп санады. Сонымен бірге, ол барлық балаларға бірыңғай көзқарас ережелерін жасау мүмкін емес екенін ескертті, өйткені балалар өздерінің жеке ерекшеліктері бойынша өте ерекшеленеді.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивтік білім беру: әдістемелік ұсыным. – Астана, 2014.
2. "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы.
3. А. А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж
4. Кучма В.Р. Современное дошкольное воспитание: гигиенические проблемы, пути решения, медико-профилактическая эффективность.-М.: изд-во ГУНЦЗД РАМН, 2010.-356 с.
5. Кучма В.Р. Проблемы мониторинга состояния здоровья детского населения в связи с факторами окружающей среды // Гигиена и санитария.- 1993.-№11.-С. 4-6
4. Киспаев Т.А. Как сохранить и укрепить здоровье Вашего ребенка

Эйлер шеңберін қолдану арқылы мектепке дейінгі балалардың ойлау-қабілеттерін дамыту

Сулейменова А.А.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту»

мамандығы бойынша I курс студенті

Нұрсұлтанқызы А.

П.ғ.магистрі, аға оқытушы

Қарағанды қаласы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Аңдатпа

Бұл мақалада Эйлер Венн диаграммасы арқылы балалардың логикалық, танымдық, зияткерлік қабілеттерін дамыту жол, тәсілдері қарастырылған. Мектеп жасына дейінгі балаларға заттардың, жеміс-жидектің, көкөністің, түстердің атауын топтастыруға, олардың ұқсас және айырмашылық нүктелерін ажыратуға үйрететін тиімді әдіс болып табылғандықтан, бұл әдісті мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істеуге бейімдету арқылы өзгертілген.

Бұл әдіс арқылы балалардың ой-өрісін дамыту, белгілі тақырыпты түсіндіру, бекіту өте тиімді. Осы орайда, Эйлер Венн диаграммасын қолданып, қол жеткізген нәтижелер жайлы мақалада сөз етілген.

Түйінді сөздер: Эйлер Венн диаграммасы, таным, логика, топтастыру, салыстыру.

Балабақша- адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Бұл баланың ортаға бейімделуі мен қалыптасуының алғашқы ортасы. Мектеп жасына дейінгі тәрбие бес жасқа дейін қаланады. Үш жасқа дейін бала, адамның айтқанын емес, одан көргенін істейді. Сондықтанда балаларды ортаға бейімдеу үшін көптеген жұмыстар талап етіледі.

Эйлер шеңбері - бұл геометриялық схема, оның көмегімен ұғымдар мен объектілер арасындағы қатынастарды көрнекі түрде көрсетуге болады. Бұл әдісті 18 ғасырда Леонард Эйлер ойлап тапты, Ол математикада, логикада және әртүрлі қолданбалы бағыттарда кеңінен қолданылады. Балалардың тілін дамыту үшін және салыстырмалы сипаттама әдісін меңгеру үшін, ұйымдастырыған оқу қызметінде балаларға алдын ала сызылған Эйлер шеңберін қолдану ұсынылады.

Эйлер шеңберінің ұтымды жағы, өзінің ойын ортада дұрыс айта алмайтын балалармен жұмыс жасауға өте қолайлы. Оны төмендегі мысалдардан көруге болады. Айта кетсек: жануарлар бөлімінде, балаларды үй жануарларымен таныстырғанда: Мысалы: Мысық пен иттің салыстырмалы сипатын анықтау үшін, ит пен мысықтың суреті беріледі. Балаға әр түсті, көлемі әртүрлі шеңберлер таратылады. Бала- схема бойынша жұмыс жасайды. Схемада заттардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын шеңбер арқылы көрсетеді. Жануарлардың түсіне байланысты шеңбер алады. Екі жануардың суретін шеңберге салып, зерттейді. Сөйтіп ит пен мысықтың айырмашылығы мен ұқсастықтарын анықтап береді.

Мысалы: «Жануарлар әлемін жүктеу үлгісі».

1. Үлкен шеңбер үстіне (ватман, қатты қағаз) жануарлар әлеміндегі, аңдар мен құстарды, жәндіктерді және балықтардың суреттерін тізіп қояды.

2. Балалар қолына барлық суреттерді алады және оларды кіші көлемдегі шеңберден бастап қояды. Шеңбердің түсін балалар, жануарлардың өмір сүретін айналасына қарап өздері анықтайды. Жерде өмір сүрсе- қоңыр түсті, аспанда тіршілік етсе- көгілдір түсті, суда мекендесе- көк түсті, орманда тіршілік етсе- жасыл түсті.. Мысалы: қоңыр түске- жәндіктерді, жасыл түске- аңдарды, көгілдір түске- құстарды, көк түске- балықтарды анықтап қояды.

3. Балалар жануарлардың топтарын анықтайды. Мысалы: үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастырып, анықтайды. Жануарлар әлеміне екі шеңбер қою арқылы топтастырады.

4. Құстарды екіге бөліп топтастыруға болады. Үй құстары мен дала құстары.

5. Жәндіктерді де екі топқа бөліп топтастырады. Мысалы: қанатты жәндіктер және жерде жорғалаушы жәндіктер.

Бұл ойынды екінші кіші топқа да ойнатуға болады. Оларға үй жануарлары мен дала жануарларын топтастыруға және жемістер мен көкөністерді ажырата білу мақсатында ойнату арқылы жүргізуге болады.

Эйлер шеңберін математикалық дидактикалық ойында да қолдануға болады.

Балалардың үстелдерінде түрлі түсті бір - бірімен қиылысқан екі шеңбер бейнеленген карточкалар жатыр.

Тәрбиеші: Балалар 3 кесені алындар және оларды былайша салындар:

- қызыл шеңберде 2 нүкте болатындай, ал сарыда - 1;
- қызыл шеңберде - 3, ал сарыда - 3;
- қызыл шеңберде - 2, ал сарыда - 2;
- қызыл шеңберде - 3, ал сарыда - 4;
- қызыл шеңберде - 4;
- қызыл шеңберде - 3, сарыда - 3;
- қызыл шеңберде - 2, сарыда - 2;
- қызыл шеңберде - 3, ал сарыда - 3;

Балаларды "дауысты" - "дауыссыз", «қатаң» - «ұяң», «ашық» – «қысаң» дыбыстары сияқты ұғымдармен таныстыру кезінде, түрлі - түсті шеңберлер қолданылады.

Дыбыстармен танысу сапалы сипаттаманы анықтаудан - оқылатын дыбыстың артикуляциялық және акустикалық қасиеттерін сипаттаудан басталады. Балалар үшін бұл дерексіз, көрінбейтін ұғымдар.

Бұл жерде графикалық схемалар, символдар, модельдер түріндегі көру тірегі үлкен маңызға ие, оларға сүйене отырып, балалар кез келген дыбыс туралы айтып, дыбыстарды көріп, салыстыра алады.

Дыбыстарды сипаттау үшін біз жалпы қабылданған түстердің шеңберлерін қолданамыз: қызыл - дауысты дыбыстар, көк - дауыссыз дыбыстар.

Ойын "Үйлер бойынша дыбыстарды орналастыр".


Мақсаты: "дауысты" және "дауыссыз" дыбыстар ұғымдарын қалыптастыру, сондай-ақ оларды саралай білу.

Ойын сипаттамасы: балалар тапсырма алады: сары түсті үйге (шеңберге) барлық дауысты дыбыстарды, ал қара түсті үйге - барлық дауыссыз дыбыстарды орналастыру. Шеңбердің үстінде орналасқан дауысты және дауыссыз дыбыстардың символдары балаларға арналған бағдар - сілтеме. Тапсырманы орындап, балалар: "сары түсті үйде барлық дауысты дыбыстар" тұрады" деп айтады. Қара түсті үйде "барлық дауыссыз дыбыстар" тұрады дейді.

Дыбыстарды қатаңдық - ұяндық бойынша ажырату кезінде көк шеңберлер қолданылады - бұл қатаң дыбыстар; жасыл- ұяң дыбыстар.



Қазіргі уақытта, ақпараттық бум, тез өзгеретін жағдай кезінде қоғамға бастамашылық, шығармашылық ойлау қабілеті және стандартты емес шешімдер табу қабілеті сияқты жеке қасиеттері бар жас адамдар ұрпағы қажет, Әйлердің логикалық топтарының сабақтары осындай қасиеттердің дамуына ықпал ете алады.



Әйлер шеңберін қолдану арқылы мектепке дейінгі балалардың ойлау-қабілеттерін дамыту мониторинг көрсеткіші.

Түстерді ажырату	Заттарды топтастыру	Логикалық тапсырмаларды орындау	Дыбыстарды ажырату	Басқа іс-әрекеттермен үштастыру
100 %	100 %	80 %	80 %	80 %

Әдебиеттер:

1. Оқу құралы/ Әлімов А.Қ., «Интербелсенді оқу әдістемесін мектепте қолдану» Астана, 2014 жыл.
3. «Ел және мұғалім» газеті, №5 (0014), 10 ақпан, 2017 жыл.
4. «Жаңа жоба-жаңашылдық бастауы», Алматы, 2012 жыл

Мүмкіндігі шектеулі бала үшін инклюзивті білім берудің маңызы

*Тулеген Умут Тулегеновна
№54 «Нұр-Ай» балабақшасы, тәрбиеші
Астана қаласы*

Аңдатпа. Инклюзивті білім беру- мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды.

Түйінді сөздер: білім беру, тәрбиелеу, дамыту, инклюзия

Аннотация. Инклюзивное образование – это форма обучения детей с ограниченными возможностями. Это не вытесняет традиционно сложившиеся и развивающиеся формы в системе специального образования.

Ключевые слова: образование, образование, развитие, инклюзия.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл — ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі. Десекте қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады.

Инклюзив — сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты:

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру-мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр. Дене кемістігімен ауру адамның әлеуметтік өміріндегі мінез-құлқының ауытқуына әкеп соқтырады. Әулеттегі кеміс балаға көбірек қамқорлық көрсетіп, оған басқа балаларға қарағанда ерекше көңіл бөлінеді. Бала басындағы бақытсыздық бәрінен бұрын оның маңындағы жақын адамдардың жанашырлық сезімін оятып, оған деген көзқарасты өзгертеді. Кез келген жанұяда кеміс балаға деген көзқарас оны басқа түскен масыл, не тағдыр жазасы деп санамай, қамқорлық пен мейірімділік құшағында болады. Балаға деген мұндай қамқорлық оған күшті әсер етіп, ол өзін басқа балалардан бөлексіткендей сезінеді. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану. Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық

мүмкіндіктерді көруге болады, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Сонымен, инклюзия бұл-қазіргі кездегі қажеттілік. Әр баланың жеке тұлғасы қымбат бола тұра, біздер сенімдіміз, ерекше қажеттілігі бар балаларға әлеуметтік ортаға кіру үшін отбасынан басқа орта керек, басқа балалармен араласу керек, ата-анадан басқа мұғалім қажет.

Ата –аналар, мұғалімдер, тәрбиешілер мен мамандар іс-әрекетінде бірлестік, жүйелілік болса ғана инклюзивтік тәрбие жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше білім беру назарсыз қалмауы үшін әр педагог әдіс-тәсілдерін нақты ойластыру қажет. Тек қана балаға бейімделген тәрбие оның ішкі потенциялын ашуға мүмкіндік туғызады, әр адамға қарап, сабырлылыққа тәрбиелейді, отбасыларымен қарым-қатынастықты нығайтып, оқу барысына кірістіреді.

Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы пәндері сабақтарында алдымен үлгерімі төмен оқушылар анықталады. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты: оқушыларды мәдениетке баули отырып, мәтін жайлы, рухани дүниесін байыту, мәтінді талдауға, ой қортындысын табуға, ізденімпаз, ұлтжанды дара тұлға тәрбиелеу.

Үлгермеуші оқушылармен жұмыс жасау жоспары:

- Сабақ сұрарда оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру,
- Оқушылардан сабақ сұрарда тақтада көбірек жұмыс істеуге жағдай жасау;
- Сұраққа жауап беруде мүмкін болатын жауаптарды ұсыну,
- Көрнекі құралдарды пайдалану,
- Бағалау кезінде мақтау, мадақтау сөздері арқылы ынта ықыласын арттыру.

Жаңа сабақ барысында үлгерімі төмен оқушыларға өз пікірлерін қосуға, жаңа сабақты меңгергенін анықтау үшін сұрақтар қою, көрнекі құралдармен, мәтінмен жұмыс жасауға дағдыландыру. Сабақ кезінде ерекше көңіл бөлініп, оларға жеке деңгейлік тапсырмалар беріледі. Топпен жұмыс барысында оларға шектеу қойылмайды, бірақ тапсырмалары өзгеше және жеңілдетілген түрде беріледі. Мысалы, 6 сыныпта тарих сабақтарында жұмыс жасау барысында оқушының топпен жұмыс жасағанды ұнататындығын байқадым. Шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында оқушы қызығушылық

танытып, жауап беруге және өз ойын еркін білдіруге ұмтылады. Картамен жұмыс жасағанды ұнатады. Үйге тапсырма беру кезінде параграфты толықтай бермей қысқартылған түрде беремін, тест жұмыстарын жасау кезінде де жеңілдетілген түрін қолданамын. 9 сынып оқушыларымен жұмыс жасау кезінде бірсыпыра қиындықтар кездеседі. Олар есте сақтау қабылетін жақсарту мақсатында ауызша тапсырмалар беріледі. Сұраққа жауап беру барысында білгенін дұрыс жеткізе алмай қиналады. Сонымен қатар сыныптастарының алдында өз ойын ашық айтуға ұялады. Сондықтан үй тапсырмасын немесе топпен жұмыс істеу кезінде оларға жеке тапсырмалар беріліп, жеке жауабы жазбаша алынады. Бірақ картамен жұмыс жасағанды ұнатады. Суретке қарап әңгіме құрастырғанды, ребустар, сөзжұмбақтар шешкенді қызығушылықпен орындайды. Адам.Қоғам.Құқық пәнінде біз көбінесе үйде оқып келіп сыныпта талқылаймыз. Себебі өтетін тақырыптар оқушылардың күнделікті өмірлерімен байланысты. Бұл сабаққа оқушылар аса зор қызығушылықпен келеді. Өз ойларын еркін білдіріп, қысылмай сөйлейді. Менің байқағаным сабақ сұрағаннан гөрі олармен әңгімелесу, өз өмірлерінен мысал келтіру, достары туралы, қоршаған орта туралы пікірлерімен бөліскенді жөн көреді. Зайырлық және дінтану негіздері пәніне деген қызығушылықтары да жоғары. Сабақ кезінде біз пікірталастар, дөңгелек үстелдер өткіздік. Осы жұмыстарды атқару кезінде олардың басқа оқушылармен бірдей өзекті мәселелерге ден қоюы және жауап тауып айтулары мені таң қалдырды. Қоғамдық пәндерге деген қызығушылықтары зор екендіктеріне куә бодым. Тарих сабақтарында да осындай тәжірибелер өткізу алдыңғы жоспарымда бар.

2016-2017 оқу жылының қыркүйек айында тарих пәні бойынша үйде оқытуға қатыстым. Сонда кездескен қиындығым оқушының қабылдау қабілетінің төмендігі, есте сақтау қызметінің нашарлығы сабақ жүргізу барысына кедергі келтірді. Сондықтан көбінесе оқушыны қызықтыру үшін суреттермен жұмыс жасағанды таңдап алдым. «Кім қайда өмір сүрді?», «қандай кезең бейнеленген?», «қандай шаруашылық түрі көрсетілген?» деген сияқты сұрақтар қою арқылы қызығушылықты оятуға тырыстым. Сонымен қатар әртүрлі бейнематериалдар арқылы тарих сабағымен байланыстырып отырдым. Тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі туралы суреттер көрсету, сурет салу арқылы сабақ өтті. Үй тапсырмасын сұрау барысында суретке қарап әңгімелеуді ұнатты.

Мүмкіншілігі шектеулі баланың отбасындағы қарым- қатынасын және өзі қатарлас балалармен қарым-қатынасын анықтау, олармен бірдей деңгейде араласуына мүмкіндік туғызу, білім деңгейіне сай оқыту және қоғамның болашақ өз-өзіне сенімді азамат етіп тәрбиелеу үшін педагог мамандар ата-аналармен, әлеуметтік сала қызметкерлерімен тығыз байланыста болуы керек. Тек осы жағдайда ғана, мүмкіндігі шектелген балалардың өздерін қоғамның толыққанды азаматы ретінде қабылдауына жағдай туады.

Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастру

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаның құрылуы мен ұйымдастырылуына бағытталған. Заттық дамытушы орта арқылы мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын алаңының ұйымдастырылуы айтылған. Сонымен бірге заттық дамытушы ортаның мектеп жасына дейінгі балаға қажеттілігі көрсетілген.

Түйінді сөздер: Заттық дамытушы орта, өзгермелі, қол жетімді, қауіпсіз, вариативті, бай блуы, көп атқарымды.

Ойын- баланың басты іс-әрекеті болғандықтан, ойнау ортасы қолайлы да, тартымды болуы қажет. Біз тәрбиеші және ата анасы бағыт бағдар берушіміз және бақылаушымыз. Баланы бақылай отыра, бағыт бағдар бере отырып, баланы жан жақты болуға, еркіндікке, патриоттық сезімге, өз ойын жеткізе білуге, т.б және сонымен бірге ұлттық құндылыққа тәрбиелейміз. Баланы ойын іс әрекеті арқылы тани аламыз. Ойын іс әрекеті арқылы баланың болашағын болжай аламыз. Ойын арқылы баланың өмірге деген қызығушылығын, талпынысын, құштарлығын байқаймыз және дұрыс көзқарасын қалыптастырамыз.

Енді бала үшін ойын іс әрекеті қалай жүзеге асуы керек деген сұрақ туындауы мүмкін? Заттық дамытушы орта жылдың былтырғы уақытында, яғни 2022 -2023 оқу жылында қолданысқа енгізілді. Баланың ойын іс әрекеті толыққанды жүзеге асуы үшін, мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы орта толығымен жан жақты құрылуы барысында, мектепке дейінгі ұймның педагогтары, тәрбиешілері және ата аналары барынша бейімделіп, алдыңғы ескі қалыптасқан әдетімізді миымыздан сызып тастағаным жөн деп ойлаймын.

Заттық дамытушы орта-заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Заттық дамытушы орта-бұл баланың психикалық әл ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарын сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өзі бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал етеін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен

ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмытлады.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта мыналарды, яғни үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды, инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда – оған қажетті жағдайлар жасауды, білім беру әрекеті жүзеге асырлатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді, балалардың жас ерекшелігін қамтамсыз етілуі тиіс.

Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойлатын талаптар мынадай: қауіпсіз, бай болуы, қолжетімді, вариативті, көп атқарымды, өзгермелі болуы қажет. Айтылған талаптардың бәрі үлгілік бағдарламаның мазмұнына сәйкес болуы тиіс.

Дамытушы орта бала тәрбиелеуде ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Сондықтанда дамытушы ортаны жабдықтағанда оны өзгертуге және толықтыруға болатындай етіп жабдықтаған дұрыс. Өйткені бала жылдам өседі, сондықтанда ертеңгі күндері ол орта баланың дамуына әсер бермеуі мүмкін. Сондықтан заттық дамытушы өзгермелі болуы қажет, үнемі толықтырып өзгертіп отырған дұрыс. Бұл практика жүзінде дәлелденген. Дамытушы ортаны жобалағанда, жабдықтағанда баланың жеке тұлғасына да көңіл бөлген дұрыс. Топтағы дамытушы орта балаға сан түрлі іс әрекет сараптауға, ойлауға септігін тигізеді. Дамытушы ортада жабдықтар, кезкелген балаларға арналған заттар ашық түсті, тартымды, көздің жауын алатындай, ыңғайлы, сан түрлі, балаға жеткілікті болғаны дұрыс. Баланың жеке тұлға ретіндегі іс әрекетімен байланыстыра отырып, осы мақсатта мектеп жасында дейінгі баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес, әртүрлі белсенді іс әрекеттерді атқаруға бірнеше орталықтар жасауға да болады. Қимыл-қозғалы орталығы, ойын әлемі, бейнелеу-шығармашылық орталығы, конструктивтік орталық құрылған тиімді, сонымен бірге топта баланың тынығып демалуына «Тынышытық әлемі» немесе «Оңашалану орталығы» сияқты баланың жеке қалығысы келген сәттерге, немесе ренжіген кездеріне осындай орталықтар да ұйымдастыруға әбден болады.

Бала тұлғасын дамытудың, танымдық қызығушылығын қалыптастырудың маңызы факторларының бірі қоршаған орта - бала өмір сүретін, ойнайтын, дем алатын орта болып табылады. Балаға сезім мүшелері арқылы әсер ете отырып, оның әсемдік, талағам, құндылық бағдар туралы түсініктерін қалыптасытуға болады. Осының брлығын балабақшада балаға жағдай құру барысында ескеру қажет.

Мақсатты ұйымдастырылған заттық дамытушы, орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде үлкен рөл атақарады. Дұрыс ұйымдастырылған заттық дамытушы орта балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, балаға келуге деген тілекті шақырады. Жаңа әсерлер және білімдермен байыта алады, белсенді шығармашылық әрекетті тудырады. Мектепке дейінгі балалардың танымдық зияткерлік, әлеуметтік эмоцияналдық дамуына мүмкіндік береді

Мектеп жасына дейінгі балаға заттық дамытушы орта не үшін қажет?

Жеке дамуындағы нақты кезеңдердегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін, жинақталған орта жағдайындағы іс әрекет балаға белсенділігін, қоршаған ортаны еркін тануға деген қызығушылығын, танымын шығармашылдық бейнелеуге деген ынтасын қалыптастырады.

Дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруне септігін тигізетіндей, мектеп жасына дейінгі балаға өз қабілеттерін сезінуге және қолдануға мүмкіндік беретіндей, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытуға оңтайылы орта болуы тиіс.

Дұрыс құрылған дамытушы ортада бала әрекетке ынталандырылады, бала тұлға ретінде дамиды, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал болады, және еркін шешім қабылдауға қалыптасады.

Заттық дамытушы орта баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен де мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекет ретінде ойын жетекші рөл атақарады.

Міне заттық дамытушы орта баланың келешегіне болашағына зор үлесін береді екен.

Мектепке дейінгі ұйым бала үшін заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру әр тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Заттық дамытушы ортаның тағы бір ерекшелігі - сан алуандығы. Тәрбиеші міндетті түрде сол топтағы тәрбиеленуші балалардың жас ерекшеліктерімен қатар, психологиялық ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын есепке алып отыруы тиіс. Себебі әр баланың мінез-құлық ерекшелігіне сәйкес сан түрлі шығармашылық істерге бейім болады. Тәрбиеші заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруда міндетті талаптарға сүйеніп жұмыс жасауы қажет. Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру барысын Үлгілік оқыту бағдарламасын қолға алғанымыз әбден дұрыс.

Заттық дамытушы орта балалардың жасы мен даму деңгейіне және олардың әрекетіне тікелей тәуелділіктен табылады. Топтағы заттық дамытушы ортаның мақсаты ақпараттандырулы, сол немес басқа үдерістің бейнесін жасайды. Қоршаған орта мен баланың арасындағы үйлесімді қарым-

қатынасты қамтамасыз етеді. Заттық дамытушы ортаның барлық компоненттері мазмұны, көлемі, көркемдік шешімі бойынша өзара байланысты. Балабақшаның әртүрлі жас топтарындағы заттық дамытушы ортаны ұйымдастыра отырып тәрбиешілер балалардың ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиешінің жеке тұлғалық- бағытталған моделі қағидасын естеріне ұстаулары қажет. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық дамытушы орта белгілі талаптарға жауап береді. Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық әрекетті қажет етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған заттық дамытушы орта әр баланың тұлғаның қандайда бір қасиетін иеленуге, жан жақты дамуына теңдей мүмкіндік береді. Заттық дамытушы орта-бұл баланың мақсатын және міндеттерін шешетін ізденіс алаңы.

Қорыта келесек, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің басты міндеті балалардың эмоционалды жайлылық және психологиялық қорғаныс сезімін туғызу. Балабақшада бала өзін сүйкімді, әрі қайталанбас тұлға ретінде сезінуі тиіс. Сондықтан тәрбие процесі жүретін орта маңызды болып табылады. Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін және қарым – қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен өзара іс қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

Заттық дамытушы орта бұл уақыт пен кеңістікте жүйелі ұйымдастырылған, қажетті ойын заттары мен құралдарымен қамтамасыз етілген эстетикалық, педагогикалық жағдайлар кешені. Мұндай ортада бала белсенді танымдық шығармашылық іс әрекетпен айналысады, оның қызығушылығы артады, елестету, ақыл ой және бейнелеу қабілеттері дамиды, коммуникативті дағдылары қалыптасады, ең бастысы үйлесімді тұлға қалыптасады. Мұндай жағымды жағдай құру өз ішіне саналы және кеңістік пен оның элементтерін әсем ұйымдастырылуын қамтуда үлкен өнер. Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән сурет, қиял және шығармашылық әлемінде өмір сүруі қажет.

Мектепке дейінгі балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, заттық дамытушы ортаны құру педагогтың шеберлігінде, сондықтан әр педагог әр баланың жүрегіне жақсы әсер беретіндей қызмет атқарады деген ойдамыз. Өйткені балабақша - әр баланың, әр тәрбиешінің екінші үй десекте қателеспейміз.

Әдебиеттер тізімі:

«Балабақшада заттық дамытушы ортаның тиімділігі.» Джунусова.С.М.

«Мектепке дейінгі мекемелерде заттық-дамытушы ортаны құру ерекшеліктері» Кенелова.А.Е

«Мектеп жасына дейінгі педагогика» Жұмабекова.Ф.Н (Астана 2008)

«Заттық дамытушы ортаның ұйымдастырылу тәртібі»Данашева.А
Үлгілік оқыту бағдарламасы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласыбілім
бөлімінің «Айсұлу» балабақшасы, қазақ тілі мұғалімі

Атчабарова Қ.Ш.

Андатпа: Мақалада балабақша педагогтерінің теориялық және практикалық қызметі аясында мектепке дейінгі ұйым мұғалімінің жұмысына заманауи көзқарас қарастырылады. Мектепке дейінгі педагогика – бұл кішкентай адамды тәрбиелеу және оқыту өнері туралы ғылым екенін ұмытпай, МДҰ мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту және қалыптастыру үшін жағдай жасау мәселелерін дұрыс түсіну және шешу маңызды.

Түйінді сөздер: Модельдеу, инновациялық әдістемелік қызмет, проблемалық-жобалық семинарлар, мастер-класстар, белсенді ойындар.

Қазіргі білім беру мазмұны жаңғырып, жаңа көзқарас пайда болып, оқытудың жаңа технологиясы өмірге келді. Яғни, педагогикалық технология ұғымы іс-әрекетімізге кеңінен еніп, қолданылуда.

Н.Ә. Назарбаев

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделі - бұл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың негізгі көзқарасын, мақсатын, міндеттерін, құндылықтары мен принциптерін анықтайтын тұжырымдамалық құжат.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әрбір баланың мүдделерін, қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін ескере отырып, оның тұтас дамуы мен әлеуетін ашу үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндеттері:

- Баланың құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау;
- әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, қауіпсіз білім беру, оның ішінде инклюзивті орта құру;
- мектепке дейінгі білім берудің мазмұны, тәсілдері мен ғылыми зерттеулерге негізделген балалардың білім беру қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып, әртүрлі бағыттағы бағдарламаларды қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- психоэмоционалды және физикалық әл-ауқатты қамтамасыз ету;
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды сіңіру;
- мұғалімнің әр баламен және балалар арасында сапалы мағыналы өзара әрекеттесуі арқылы достық қарым-қатынас орнату;
- отбасымен және қоғаммен серіктестікте жұмысты жүзеге асыру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің педагог қызметкерлері қызметінің негізгі қағидаттары:

-жеке тұлғаны құрметтеу және баланың құқықтарын сақтау;

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Инновациялық қызметтің басты мақсаты-мұғалімді шығармашылық тұлға ретінде дамыту, оны репродуктивті қызмет түрінен ауыстыру әдістемелік шешімдерді өз бетінше іздеу, және оларды жүзеге асыратын оқыту, дамыту және тәрбиелеу құралдары.

Инновациялық әдістемелік қызметті біз инновациялық әдістемелер және оларды іске асыратын мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, дамыту және тәрбиелеу құралдарын әзірлеуге, сынақтан өткізуге, таратуға бағытталған мақсатты педагогикалық қызмет деп айта аламыз.

Инновациялық әдістемелік қызметті дамыту мәселесіне біз модельдеу қызметін жатқызамыз. Модельдеу-осы объектілердің кейбір негізгі ерекшеліктерін сақтай отырып, олардың модельдерін құру арқылы әртүрлі объектілерді жанама түрде тану әдісі, содан кейін алынған модельдердің жұмысын зерттеу және қорытындыларды зерттеу тақырыбына көшіру .

Біз ұсынған модель мектепке дейінгі білім беру мұғалімдерінің инновациялық әдістемелік қызметін дамыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы жалпы идеяны ашады және мақсатты, мазмұнды, ұйымдастырушылық және нәтижелі компоненттердің бірлігін білдіреді.

Модельді іске асырудың мақсаты-мектепке дейінгі білім беру мұғалімдерінің инновациялық әдістемелік іс-әрекетінің теориялық идеялары мен тәсілдерінің құрылымы мен мазмұнын сапалы өзгерту үшін инновациялық әдістемелік жұмыстың әлеуетін пайдалану. Бұл компонент инновациялық әдістемелік жұмыстың басым бағыттарын анықтауға бағытталған.

Модельдің мазмұндық компоненті мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі инновациялық тенденциялар жағдайында біз сияқты мектепке дейінгі білім беру ұйымы мұғалімінің инновациялық әдістемелік қызметін дамыту процесінің ерекшелігін көрсетеді. Бұл компоненттің ерекшелігі-мектепке дейінгі білім беруді модернизациялау үшін оң және қажетті инновацияларды таңдау. Модельдің осы компонентін іске асыру инновациялық әдістемелік жұмыс жүйесін оның мазмұны тұрғысынан жобалауда көрініс табады. Инновациялық әдістемелік жұмыстың мазмұны педагогтерді мектепке дейінгі білім берудегі инновациялық бағыттармен, мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы жаңа педагогикалық технологиялармен байланысты қамтамасыз етуі тиіс.

Модельдің ұйымдастырушылық-белсенділік компоненті мектепке дейінгі білім беру мекемесі мұғалімінің инновациялық әдістемелік қызметін дамыту процесінің тұрақты, дәйекті және мақсатты сипатын анықтайды. Бұл процесс ұзақ, кезең-кезеңмен жүреді.

Инновациялық әдістемелік жұмыс жүйесінде қолданылатын құралдар, әдістер инновациялық мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жағдайымен

байланысты және нақтылығымен, белсенді аспектісімен сипатталады және түпкілікті нәтижеге (әдістемелік өнімге) бағдарлануымен ерекшеленеді.

Модельдің осы компонентін іске асыру мекемедегі инновациялық әдістемелік жұмыс жүйесін жобалауда көрінеді, ол өнімді формаларды қолданумен, әдістемелік жұмыстың нәтижелі формаларын ұйымдастыруда мұғалімдердің өзін қосу белсенділігімен ерекшеленеді.

Нәтижелі компонент ұсынылған модельдің сәттілігін анықтайды және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің инновациялық әдістемелік қызметті игеруінің аралық және түпкілікті күтілетін нәтижелерін көрсетеді.

Менің ойымша, әр педагог өзінің білім беру жұмысын ешқашан тоқтатпай және қанша оқып-тоқыса да, қанша білсе де, білімнің шегі де жоқ екенін ұмытпаған жөн.

Пайданылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы ЗАҢ сайты
2. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ
3. Долгова В.И., Шаяхметова В.К. кәсіби маңызды қасиеттердің Инварианттылығы: монография. - Челябинск: RECPOL басылымы, 2009 ж. - 314 б.
4. Любина О.Н. қоғамның инновациялық мәдениетін анықтаудың заманауи тәсілдері // ақпараттық гуманитарлық портал «Білім. Түсіну. Шеберлік» - 2014. - URL: <http://www.zpu-journal.ru>
5. 3. Пудинова А. С., Шепилова Н. А. Мектепке дейінгі білім беру мекемелеріндегі инновациялық қызмет // Халықаралық эксперименттік білім журналы. - 2014. - № 7-2. - 34-35 ББ.
6. Сабина Н.Н. қосымша білім беру мұғалімінің инновациялық мәдениеті - жалпы педагогикалық мәдениеттің құрылымдық компоненті // Тогирро хабаршысы. - 2013. - № 1. - 149-151 ББ.
7. Абрамян А. А. Мектепке дейінгі білім беру мекемесі басшысының кәсіби және жеке әлеуетін дамытуды зерттеу мүмкіндіктері // ғылыми мақалалар халықтық білім беру. ПЕДАГОГИКА-2014. - URL: <http://cyberleninka.ru/>.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық іс-әрекетін ойын-жаттығулар арқылы дамыту

*МУКАШЕВА Г.А
№67 «ШҰҒЫЛА» БАЛАБАҚШАСЫ*

Қазіргі таңда педагогтың инновациялық үдерісіндегі әдіс-тәсілдерінің негізгі бағыттарын басшылыққа ала отырып, жекетұлғаның даму ерекшеліктерін қазіргі заман психологиясы мен педагогикасына сай тәрбиелеп, білім мен тәрбиені қатар меңгертудеміз. Осыған орай,

баланың дұрыс жетіліп дамуы үшін оның өміріне қолайлы жағдай жасау, тәртібін, іс-әрекет дағдыларын, танымдық ерекшеліктерін қалыптастыру, эмоциялық көңіл-күйін, баланың жеке басының әлеуметтік статусын көтеру болып табылады.

Психикалық дамудың кешеуілдеуінің негізгі ерекшелігі – баланың психикалық әрекетінің қалыптасуының бір қалыпты болмауы. Мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің құрдастарынан жас ерекшеліктеріне қарағанда, олардың ойлары тұрақсыз болып келеді. Олардың ми қабілеті де тәулік бойына өзгереді. Кейбір балаларда іс-әрекеттің барысында зейіндері жоғары болады да, ал кейін төмендей бастайды. Ұзақ мерзімді естесактауы мен қысқа мерзімді естесактауының төмендеуі, естесактауының беріктілігінің жетіспеуі – осы категориялардағы балаларға тән ерекшеліктер. Балалардың қалыпты балалардан ерекшелігі найтар болсақ, яғни олардың әлеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез-құлықтарымен және іс-әрекеттерімен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеуде оның қажеттілігі мен мүмкіндіктері басты назарда. Психикалық дамуы тежелген балалар қалыпты дамушы құрбыларын аншаршағыштығымен, жұмысқа қабілетінің төмендігімен ерекшеленеді. Психикалық дамуы тежелген балалардың қоршаған орта туралы түсініктері зейіндері тұрақсыз, тұтас қабылдау мүмкіндігі бұзылған, қимыл-

қызғалыс координацияларының жалпы психикалық процестердің дамуында бұзылыстар байқалады.

Сондықтан психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қызмет саласының дамуындағы ауытқулар оқу процесінде нақтылықты қиындатқандық құрайды.

Бұндай қиындықтардың қалыптасуына

алу мақсатында ойын элементтерінің маңызды ролы зор.

Ойын баланың танымдық белсенділіктерін арттыратын әдіс.

Балалардың интасын, мүмкін-шіліктерін толық пайдаланып, алған білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру үшін әртүрлі психологиялық жаттығулар, суретті кестелер, танымды қойын түрлерін пайдалану баланың ой-өрісін, дүниетанымын, зейінін, естесактау, қабылдау, қиялдауындамытумен бірге танымдық қабілеттерін дамытуға да көмектеседі. Ойын технологиялары әлі де білім беру саласында жаңа инновация болып табылады.

Баланың қуанышы мен реніші ойында анық байқалады. Ойын кезінде баланың психологиялық ерекшелігі мынадан көрінеді:

- олар ойланады;
- эмоциялық әсері үшқындайды, белсенділігі артады, қиял елестері дамиды, баланың шығармашылық қабілетімен дарыны ұшталады;

- ұжымдық сезім қалыптасады;
- ерік қасиетін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.

Ойын – баланың интасын арттыратын құрал. Сондықтан да мүмкіндігі шектеулі бала ойынды көп қажет етеді.

Ойын әрекетінің қызықты болуын қамтамасыз ететін, баланың танымдық қызығушылығы сапаларын дамытатын осы жағдайларды ескере отырып, ойын түрлерін төмендегідей жүйеленеді:

- мазмұнды бейнелі ойын: отбасы, мектеп, сынып, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер;
- қимыл қозғалыс ойын-жаттығулары: «ұшты-ұшты», «аңшылар», «сиқырлы таяқ», «мысық пен торғайлар», «бақташы мен қозылар», «соқыртеке», «мысық пен тышқан»;
- дидактикалық ойындар: заттардың түсін анықта, орныңды тап, ойлан тап, түсті лото, тез ретке келтір, көршілер, сен жалғастыр, дәлтауыпайт.б. құрылыс ойындары: лото және басқа конструкторларды пайдалану;
- моторикалық ойын-жаттығулар: мозайка, құм терапиясы, су терапиясы.

Ойынарқылы бала бойынан барлық тапсырмаларды орындау нәтижелерін көру үшін, ойын-тапсырмаларды, танымдық ойын-жаттығулар, ойын терапияларын және де қолдарының ұсақ моторикасының қалыптасуына алғышарт бола алады. Моториканы дамымай қалуы жазу қабілетінің баяулауына және бұзылуына алып келеді. Баланы тәрбиелеу кезінде арнайы жаттығулар мен сергіту ойындары арқылы баланың дамуына ықпал етуге болатыны дәлелденген тәсіл. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың - әрекетін дамытудағы ойын-жаттығулар:

Су терапиясы «Балықтар» жаттығуы.

Судың ішінде жүзіп жүрген балықты қармақпен бір балықты ұстап алып шығу. Сиқырлы балықтың қояр сұрағына балалар жауап беру.

Құм терапиясы. «Түрлі түсті құммен ойын». Құм ойыны арқылы бала қиындықты жеңе білуді үйренеді, қорқыныш, ұялшақтық сезімнен арылып, өмірді танып біледі. Құмнан түрлі мүсіндер жасау арқылы бала өзінің ішкі жандүниесін, қобалжуын, қорқыныш сезімін жеңе алады.



Дыенеш блоктарымен жұмыс

Қолқимылының мидың дамуына әсері қол мен саусақ жаттығулары дене мен ми жұмысын реттейді. Белгілі педагог В.А. Сухомлинский былай деген, “Бала ақылы — саусақтың ұшында орналасқан”.

«Құмырадағы пипетка» Мақсаты: колдың қимыл қозғалыстарындамыту. Зейінін шоғырландыру. Қажетті құралдар: су толтырылған пластмасса ыдыс, пипетка. Құмыратүрлі түсті жолақтармен бөлінген.

Бұлшықет тонусын реттеуге бағытталған жаттығу. Мақсаты: Бала бұлшықетін босаңсыту. Мысалы: «Аққала». Барлығы түрегеліп тұрады. Балаларға өздері аққала кейпінде елестету ұсынылады.

Дене қатып тұрған қарсияқты қатты шырығу керек. Содан кейін аққала біртіндеп ери бастайды. Бірінші басы, сосынықты, қолдары, арқасы, аяғы. Кейін аяқтан бастап еруге ұсыныс жасауға болады.

Суреттері аясы. «Жанұя суреті» Мақсаты: Балалардың ішкі сезімінашу, қиялы дамыту. Ұсынылып отырған ойын-жаттығулар баланың зейінін, естесі ақтау қабілетін, ауызекі сөйлеу мәдениетін, ұсақ моторикасындамытуға арналған, адамгершілік сезіміноятуға, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға, достық сезімге тәрбиелеуге үйретеді. Оқушылардың даму деңгейінің сапасын, нәтижесін білу мақсатында әр тоқсан сайын бір рет диагностикалық жұмыстар жүргізіп отырамын.

Диагностикалық зерттеулер оқушылар үшін танымдық қабілеттерін дамыту, қалыптастыру және тиімді жолдарын іздестіру, жаңа нәтижеге келуі болып табылады.

Ұлы ақын Абайдың «Әннің де естісі бар есері бар» деп айтып кеткендейәріне, әуеннің иіріміне түскен толқын құлақтан кіріп бойыңызға тараған кезде түрлі әсерде боласыз. Дегенмен, адамға әртүрлі музыка әртүрлі әсер ететінін ескеру керек. Себебі, музыканың бәрі бір жанрға негізделмейді. Олардың: хип-хоп, джаз, лирикалық, рок, рок-н-ролл сындыкөптеген жанры бар. Әржанрдыңтолқынытүрліболады.

Өмірімізде әуендердің алатын орнын бағалау өте қиын.Адам оны тыңдағысы келмесе де, күнделікті өмірде барлық жерлерінде: дүкенде, көлікте, жұмыста және т.б. музыка ойнап тұрады. Демек, адамдардың өмірінің басым бөлігінде де музыкамен басталады.

Адам қандай жанрда музыка тыңдаса да ең бастысы әуенге деген махаббаты артып тұрады. Бұл – барлықадамбаласынатәнқасиет деп ойлаймын. Ал бұл қасиеттің адам баласына әсер ету күші қандай, неге өзімізге ұнайтын музыканы тыңдай бергіміз келеді, жауап із деп көрсек.

Музыка – адам мен ұрпақ арасындағы қарым-қатынас формасы, басқа адамды түсіну тәсілінің ерекшелігі және өзінің басқаға мәнерлеушілігі. Музыка ерекше қарым-қатынас мәдениеті, ерекше тілі. Музыка – адамның музыкалық тілін ерекше сезінуі, музыкалық тілінің ерекше стилі.Музыкалық қабілет – адамның өзіндік тұлғалығының психологиялық қасиеттері: музыка саласындағы оқуы, музыканы қабылдауы, орындауы, музыка жазуы (шығаруы). Ал музыкалық қабілет адамда аса жоғары деңгейдегі бейнелеушілігі музыкалық дарындылығы дейді.

Интеллектуалды музыка деп-күрделі құрылымды,терең мағыналы,ойлы шығармаларды айтуға болады.Музыкалық интеллект деңгей жоғары адам олардың барлығында жоғары болуға ұмтылғанымен, басқаларына қарағанда кейбіреулеріне оңай болуы мүмкін.

Ақыл-ойға сүйеніп, рационалды әдіспен шығарылған музыка көне заманнан бастау алады. XX ғасырда компьютер тарала бастаған соң, музыканың мүмкіндіктері арта түсті. Қазіргі таңда компьютерлік музыкадан

басқа, электронды музыка, заманауи музыканың көптеген бағыттары пайда болды. Сонымен бірге алуан түрлі қазіргі заманғы композиторлық техникалар қолданылып келеді. Әсіресе, электронды музыканың қазіргі таңда әртүрлі бағыттары өріс алды.

Музыка (*гр. μουσική*, тура мағынасында музалар өнері) – белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін, өнердің түрі. Өзінің эмоциялық әсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарады. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Адамның жан дүниесін, көңіл-күйін, сезімін бейнелеуде музыка оның сөйлеу тіліне, дәлірек айтқанда, өзін қоршаған ортаға эмоциялық қатынасын білдіретін сөйлеу интонациясына өте жақын келеді. Соған қарамастан, музыка адамның басқа дыбыстық іс-әрекетінен ерекше саналады. Музыкалық шығарма мазмұнында адамның ақыл-ой, ерік-күшінің эмоциялық жақтары кеңінен көрініс табады. Мұның өзі адамның психологиялық хал-жайын ғана емес, оның мінез-құлқын да музыкада ашуға жағдай тудырады. Адам эмоциясын, ерекше сыршыл сезіммен бейнелеуде музыканың мүмкіндігі мол.

Балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекетт барысында музыкалық қабылдаудың интеллектісі әртүрлі диалектілері бар адамдардың сөйлесу тәсілі арасындағы екпін мен айырмашылықты ажыратуға арналған үлкен құралмен байланысты болуы мүмкін. Алайда кейбір сарапшылар соңғы қабілетті музыкалық интеллектпен емес, тілдік интеллектпен байланыстырады.

Балалардың музыкалық интеллектін жақсарту үшін жасай алатын қарапайым әрекеті - жай музыканы мүмкіндігінше жиі тыңдау. Кейбір зерттеулер Моцарт немесе Бетховен сияқты классикалық авторлардың іштегі әсерінің өзі балалардағы қабілетке өте жағымды әсер етуі мүмкін деп болжайды.

Интеллектуалды музыка деп күрделі құрылымды терең мағыналы шығармаларды айтуға болады. Мұндай туындылар орындаушыларды шеберлікті және тыңдаушыдан да мол түсінікті қажет етеді. Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан музыкасы және оны тыңдап бағалай білетін тыңдаушылары болады. Әр қазақтың ән күйлерінің ішінде философиялық терең ойға құрылған кемел туындылар баршылық. Оларды таңдап түсіну үшін арнайы дайындық керек.

Олар дүниеге келгеннен кейін оларды классикалық музыкаға немесе басқа күрделі жанрларға (мысалы, джаз немесе классикалық рок) әсер ету өте пайдалы және олардың барлық түрлерін дамытуға көмектеседі. Музыкалық интеллекттің өзінен басқа, бұл әрекет логика немесе тіл сияқты салаларға жағымды әсер етеді.

Мектепкедейінгі жастағы балаларды музыкалық интеллектті дамыту үшін көптеген мүмкіндіктер ашылады. Олар үлкен автономия алуға және шығармашылық пен рефлексия қабілеті сияқты дағдылардың пайда болуына байланысты.

Сонымен, балалардың музыка тыңдаудан және аспапта ойнаудан көп көңіл күй алады.

Олардың музыкалық интеллектісін жақсартуға арналған көптеген шаралар бар. Мысалы, музыкалық композицияға және оның элементтеріне қызығушылық таныту немесе тікелей концерттерге қатысу осы салада еркін сөйлеудің тиімді жолдары болуы мүмкін.

Егер бала өзінің дағдыларын дамытуға мүдделі болса, онда олардың музыка мектептеріне немесе үйірме, оқу орталығына бару мүмкіндігі болады.

Аспапты игеруде жоғары деңгейге жету үшін көптеген жылдар қажет, көп жағдайда он жылдан астам уақыт қажет екенін есте ұстаған жөн.

Жалпы айтқанда, адам музыка тыңдау арқылы ішкі жан дүниесін сыртқа шығара алады. Мұңайған сәтте немесе қуанғанда ең жақсы көретін музыкаңызды тындасаңыз жеткілікті. Себебі, жан дүниенің нәзік қылдары әуенмен бірге толқиды. Бұл – жанның тыныштығы. Ішкі әлемнің сырын ақтаруға әсіресе лирикалық жанрдағы сазды әуендер әсер етеді.

Музыка әуенін тыңдап түсіну мәдениеті бала кездегі тәрбиенің негізінде қалыптасқаны жөн. Ол үшін баланың, ең алдымен, сезім байлығын дамытуға, есту, есте сақтау, қиялды ұштау және шығармашылық еңбекке үйреткен тиімді. Музыканы дұрыс тыңдап, одан ерекше ләззат алу үшін музыкалық шығарманың талғамдық деңгейі, балаларға беретін сезімдік ассоциациясы маңызды орын алады.

Әдебиеттер

1. Ғизатов Б. Мектептегі ән - музыка сабағы. Музыка сауаты, ән үйрету, музыка тыңдау. Методикалық көмекші құрал. – Алматы, 1962. – Б. 160
2. Музыкальная энциклопедия: в 6 т. гл. ред. Ю. В. Келдыш. – М.: Сов. энциклопедия, 1973 – 1981.
3. Қазиева Б. Музыка сауатынан практикалық көмек / Б. Қазиева - Алматы: РБК, 1995 - 110 бет.
4. <https://malimetter.kz/muzykalyk-kabiletilik-tusinigi-muzykalyk-aeskojlyk-muzykalyk-kabiletterinin-zhiyntygy-men-olardyn-sintezi/>
5. <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/music/43577/>

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі дидактикалық ойынның рөлі

Ермекбаева Э. Е.

Астана қаласы әкімдігінің №66 «Толағай» балабақшасы МКҚК, педагог-психолог

Андатпа: Бала өмірінде ойын жетекші орындардың бірін алады. Бала үшін ойын-негізгі іс-әрекет түрі, өмірді ұйымдастыру формасы, жан-жақты даму құралы. Ойын эмоционалды көңіл-күйді қалыптастыруға ықпал етеді, орындалатын іс-әрекетке оң көзқарас тудырады, жалпы өнімділікті жақсартады, монотондылық пен зерігуденаулақ болуға мүмкіндік береді.

Даму ерекшеліктеріне байланысты қалыпты дамып келе жатқан балаларға қарағанда ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар ересектердің мақсатты білім беру әсерін қажет етеді, ал дидактикалық ойын оқытудың негізгі формаларының бірі, яғни, балалардың қоршаған әлемін білу тәсілі болып табылады.

Дидактикалық ойын-бұл көп қырлы, күрделі педагогикалық құбылыс: бұл мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың ойын әдісі, оқытудың бір түрі және тәуелсіз ойын әрекеті. Ол бала тұлғасын кеңінен қамтиды: психикалық – эмоционалды, моторлы, ерікті сала. Ойын жан-жақты дамуға ықпал етеді, қабылдауды, зейінді, есте сақтауды, байқауды дамытады, айқын және мәнерлі сөйлеуді дамытуға көмектеседі, танымдық белсенділікті белсендіруге ықпал етеді.

Түйінді сөздер: ауызша ойындар, дидактикалық ойын, үстел үсті ойындары, ойын.

Аннотация: В жизни ребенка игра занимает одно из ведущих мест. Для ребенка игра является основным видом деятельности, формой организации жизни, средством всестороннего развития. Игра способствует формированию эмоционального настроения, создает позитивный настрой на выполняемую деятельность, улучшает общую работоспособность, позволяет избежать монотонности и скуки.

Дети с особыми образовательными потребностями в зависимости от особенностей развития, в отличие от нормально развивающихся детей, нуждаются в целенаправленном воспитательном эффекте взрослых, а дидактическая игра является одной из основных форм обучения, т. е. способом познания окружающего мира детьми.

Дидактическая игра-многогранное, сложное педагогическое явление: это игровой метод обучения дошкольников, форма обучения и самостоятельная игровая деятельность. Она широко охватывает личность

ребенка: психоэмоциональную, двигательную, волевою сферу. Игра способствует разностороннему развитию, развивает восприятие, внимание, память, наблюдательность, способствует развитию четкой и выразительной речи, способствует активизации познавательной деятельности.

Ключевые слова: словесные игры, дидактическая игра, настольные игры, игра.

Annotation: In the life of a child, the game occupies one of the leading places. For a child, play is the main activity, a form of life organization, and a means of comprehensive development. The game contributes to the formation of an emotional mood, creates a positive attitude towards the activity performed, improves overall performance, avoids monotony and boredom.

Children with special educational needs, depending on the peculiarities of development, unlike normally developing children, need a purposeful educational effect of adults, and didactic play is one of the main forms of learning, i.e. a way for children to learn about the world around them.

Didactic game is a multifaceted, complex pedagogical phenomenon: This is a playful method of teaching preschoolers, a form of learning and independent play activity. It broadly covers the child's personality: psycho-emotional, motor, volitional sphere. The game promotes versatile development, develops perception, attention, memory, observation, promotes the development of clear and expressive speech, promotes the activation of cognitive activity.

Keywords: word games, didactic game, board games, game.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың даму ерекшеліктеріне байланысты олар мақсатты оқытуды қажет етеді. Инклюзия идеясы адам құқықтарын, оның қадір-қасиетін, жеке басын, сондай-ақ оның мәртебесін анықтайтын және оның құқықтарын қамтамасыз етуге әсер ететін әлеуметтік және мәдени процестердің тетіктерін түсінудегі ауқымды өзгерістер аясында дүниеге келді. Мүгедектігі бар адамдарға деген көзқарастың өзгеруі осы өзгерістердің бір ғана көрінісі болды.

Инклюзивті білім беру-бұл ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ата-аналары мен балаларға ғана емес, бүкіл білім беру үшін оның қажеттілігіне сенетін тәрбиешілер, мұғалімдер және психологтар бастаған білім беру тәжірибесіндегі алғашқы жаңалық. [1]

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға білім беру бағдарламасын сәтті игеру мақсатында оқу материалын беру тәсілдерін өзгерту қажет. Құрдастарымен салыстырғанда оларға ерекше жағдайлар, атап айтқанда сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуді өзгерту, материалды ұсыну тәсілдері, тапсырмаларды орындау нысандары мен мерзімдері, нәтижелерді ұсыну тәсілдері қажет. Сондықтан, осы балаларды оқыту мен тәрбиелеуді ұйымдастыру үшін олардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған

әсер ету әдістері ерекше рөл атқарады. Оқыту мен тәрбиелеу процесінде дидактикалық ойындар маңызды орын алады.

Дидактикалық ойын ересек адамның балаға әсер етуінің, оныме қарым-қатынас жасауының бір түрі. Сонымен қатар, ойын-балалардың негізгі іс-әрекеті. Дидактикалық ойынның екі мақсаты бар: біреуі ересек адамға бағытталған, екіншісі – бала әрекет ететін ойын. Бұл екі мақсат бір-бірін толықтырып, бағдарламалық материалды игеруді қамтамасыз ету маңызды.

Дидактикалық ойын-бұл оқыту құралы, сондықтан оны кез-келген бағдарламалық материалды игеру кезінде қолдануға болады және педагог-психолог да, тәрбиеші де жеке және топтық сабақтарда өткізеді. Ойын сонымен қатар музыкалық сабаққа қосылады, бұл серуендеу кезіндегі қызықты элементтердің бірі. [2]

Баланың психикалық дамуындағы маңызды нәрсе-ойлауды қалыптастыру. Дәл осы жас кезеңінде көрнекі ойлаудың, көрнекі-бейнелі ойлаудың негізгі формалары ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлаудың негіздері, талдау, синтездеу қабілеті де қалыптасады. Балаларда заттарды, олардың қасиеттері мен қатынастарын біртұтас қабылдауды қалыптастыра отырып, баланың есінде және заттардың өздері болмаған кезде туындауы мүмкін идеяларды бір уақытта дамыту қажет. Бұл көрнекі-бейнелі ойлаудың маңызды міндеттерінің бірі. Осылайша, баланың сенсорлық тәрбиесі оның ойлауының қалыптасуымен жабылады, көрнекі-бейнелі ойлаудың негізі болып табылады.

Қабылдауды дамыту, жалпылаудың келесі кезеңі болып табылады, онда балалардың заттарды маңызды белгілері бойынша жіктеуі жатады. Сонымен қатар, сериялардың негізін құрайтын заттардың қасиеттері мен қатынастарын ретке келтіру және жүйелеу жүреді.

Даму ерекшеліктеріне байланысты қалыпты дамып келе жатқан балаларға қарағанда ерекше білім беруді қажет ететін балалар ересектердің мақсатты білім беру әсерін қажет етеді, ал дидактикалық ойын оқытудың негізгі формаларының бірі, мұндай балалардың қоршаған әлемін білу тәсілі болып табылады.

Дидактикалық ойындар [3]-сөздік жұмыстың кең таралған әдісі. Ойын-ақыл-ой тәрбиесінің бір құралы. Онда бала қоршаған шындықты көрсетеді, өз білімін анықтайды, оны жолдастарымен бөліседі. Дидактикалық ойындар ақыл-ой тәрбиесінде ерекше маңызды орын алады, олардың міндетті элементі танымдық мазмұн мен ақыл-ой міндеті болып табылады. Ойынға бірнеше рет қатыса отырып, бала өзі жұмыс істейтін білімді мықтап игереді. Ойындағы ақыл-ой мәселесін шеше отырып, бала еркін есте сақтау және көбейту, заттарды немесе құбылыстарды жалпы белгілер бойынша жіктеу, заттардың қасиеттері мен сипаттарын бөліп көрсету, оларды жеке белгілер бойынша анықтау жаттығуларын жасайды.

Дидактикалық ойындар ықпал етеді:

- балалардың сөйлеуін дамыту: сөздікті толықтыру және белсендіру;
- мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік-адамгершілік дамуы: мұндай ойында балалар, ересектер, жанды және жансыз табиғат объектілері арасындағы қарым-қатынас туралы білім бар, онда бала құрдастарына жанашырлық танытады, әділ болуды үйренеді, қажет болған жағдайда көнеді, жанашырлықты үйренеді және т. б.
- танымдық және ақыл-ой қабілеттерін дамыту: жаңа білім алу, оларды жалпылау және бекіту, табиғат объектілері мен құбылыстары, өсімдіктер, жануарлар туралы түсініктерін кеңейту; есте сақтау қабілетін, зейінін, байқауын дамыту; өз пікірін айту, қорытынды жасау қабілетін дамыту.

Дидактикалық ойындар жіктеледі:

- ауызша ойындар;
- сенсорлық білім беру ойындары;
- табиғатпен танысу ойындары;
- математикалық түсініктерді қалыптастыру бойынша және т. б.

Кейде ойындар келесідей материалдармен біріктіріледі:

- үстел үсті ойындары;
- дидактикалық ойыншықтармен ойындар;
- ауызша ойындар;
- жалған сюжеттік ойындар.

Танымдық іс-әрекеттің табиғаты бойынша дидактикалық ойындарды келесі топтарға жатқызуға болады:

- әрекетті ойнатуды қажет ететін ойындар. Олар есептеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған;
- балалардан атқарушылық қызметті талап ететін ойындар. Осы ойындардың көмегімен балалар үлгі бойынша әрекеттерді орындайды;
- балалар мысалдар мен тапсырмаларды логикалық тұрғыдан онымен байланысты басқаларға өзгертетін ойындар;
- іздеу және шығармашылық элементтерін қамтитын ойындар.

Ойындардың мұндай топтастырылуы олардың балаларды оқытуға, танымдық іс-әрекетке бағытталғандығын көрсетеді, бірақ дидактикалық ойынның негіздерін-балалардың ойын әрекетінің ерекшеліктерін, ойын міндеттерін, ойын әрекеттері мен ережелерін, балалардың өмірін ұйымдастыруды, тәрбиешінің басшылығын жеткілікті түрде ашпайды.

Шартты түрде қызмет түріне қарай топтастырылған дидактикалық ойындардың бірнеше түрін ажыратуға болады:

- саяхат ойындары;
- тапсырма ойындары;
- болжам ойындары;
- жұмбақ ойындар;
- әңгімелесу ойындары (диалог ойындары).

Сондай-ақ, ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жасаудағы орны бөлек, өте тиімді ойындарына -балалардың жақсы көретін Кюизенер таяқшалары мен Дьенештің логикалық блоктарын жатқызуға болады.[4]

Кюизенер таяқшалары балаға:

- кеңістіктегі заттардың орналасуын ажыратуды (алдында, артында, арасында, ортасында, оң, сол, төменгі, жоғарғы жағы);
- математикалық ұғымдарды түсінуді («сан», «үлкен», «кіші», «бірдей», «фигура», «үшбұрыш» және т. б.), сан мен цифр, санның қатынасы туралы түсінік қалыптастыру;
- құрамдас бөліктерге санды талдауды және бірінші ондық шегінде алдыңғы және кейінгі санды анықтауды жүзеге асыру;
- дағдыларды меңгеру-қосу және азайтуды үйренуге көмектеседі;
- таяқтардың көмегімен әріптер мен сандарды құру да пайдалы. Бұл жағдайда тұжырымдама мен символды салыстыру орын алады.

Дьенештің логикалық блоктары балаларды нысандардың пішінімен, түсімен, өлшемімен және қалыңдығымен, математикалық түсініктермен және информатика негіздерімен таныстырады. Балалардың ойлау операцияларын: талдау, синтез, салыстыру, жіктеу, жалпылау; логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттер және танымдық процестер: қабылдау, есте сақтау, зейін және қиялындамытуға ықпал етеді.[5]

Қорытындылай келе, дидактикалық ойын күрделі және қызықты құбылыс ретінде барлық балалардың зейінін аударады. Ойын-бұл баланың өзін-өзі көрсетуі, оны жетілдіру тәсілі. Ойын балалардың оқу сабақтарына деген қызығушылығын арттырады, танымдық белсенділікті ынталандырады. Ойын барысында оның қиялы, есте сақтауы, ойлауы белсенді жұмыс істейді, эмоциялары күшейеді.

Осылайша, ойын ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту, тәрбиелеу және жан-жақты дамытудың маңызды құралы ретінде әрекет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка дошкольное образование (Пр.). – 2005ж. — №5

2. Богуславская З.М., Смирнова Е.О Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дамыту ойындары.-М.,2000ж.
3. Артемова Л.В . Дидактикалық ойындар.
4. «Дидактикалық материалдар жинағы» Құрастырған Абжапарова Б. К. 2014ж.
5. «Отбасы және балабақша» №5. 2014ж.

Мектепке дейінгі мекемелерде инклюзивті білім берудің ерекшеліктері

Төлегенова Г.Ә.

Астана қаласы әкімдігінің №66 «Толағай» балабақшасы МКҚК, педагог-психолог

Аңдатпа

Инклюзивті білім беру дегеніміз – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан, сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Егер инклюзивті білім беруге енгізілген өзгерістер тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереіп, бір - бірімен қарым - қатынас жасауға, танып білуге, үйренеді.

Түйінді сөздер: инклюзия, инклюзивті білім беру.

Аннотация

Инклюзивное образование - это способность детей получать качественное образование и развивать свой потенциал независимо от пола, возраста, географического положения, двигательного и умственного положения, социально-экономического положения. Инклюзивное обучение-развитие общего образовательного процесса, учитывающего потребности всех детей, обеспечивающего образование детей с особыми потребностями. Если изменения, внесенные в инклюзивное образование, являются эффективными, то меняются и условия детей с особыми потребностями, они учатся общаться, узнавать, узнавать друга.

Ключевые слова: инклюзия, инклюзивное образование.

Annotation

Inclusive education means that children, regardless of gender, age, geographical location, mobility and mental state, socio-economic status, have the opportunity to receive quality education and develop their potential. Inclusive education is the development of a general educational process that takes into account the needs of all children, ensures the education of children with special needs. If the changes made to inclusive education are effective, then the conditions of children

with special needs will also change, they will learn to communicate, recognize, and learn with each other.

Keywords: *inclusion, inclusive education.*

Білім беру жүйесінің алғашқы қадамы мектепке дейінгі ұйым, яғни балабақша болғандықтан тәрбиешілер мен жетекшілерге жауапкершілік жүктеледі. Мәдениетті, ұқыпты, білімді ұрпақ тәрбиелеу үшін тәрбиешінің өзі тәрбиелі, білімді болу қажет. Заманауи педагог-үнемі дамып отыратын, өзін-өзі тәрбиелейтін, балаларды дамыту мен тәрбиелеудің жаңа жолдары іздейтін адам.[1]

Мектепке дейінгі білім беруде иновациялық технологиялар өзекті мәселелерді шешуге, көрсетілген қызметтердің сапасын арттыруға, ата-аналардың өсіп келе жатқан сұраныстарын қанағатандыруға пайдаланылады.[2]

Соны ескере келе, білім беру саласындағы негізгі құжаттарға сәйкес Қазақстан республикасының заңнамасында даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін білім алуға тең құқықтар қағидасы көзделген. Яғни, инклюзивті білім беру-этникалық тегіне, әлеуметтік мәртебесіне, даму ерекшеліктеріне, жасына қарамастан, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқыту.

«Инклюзив» термині «*кіріктіру, қамтылу*» деген мағына береді.[3]

Мұның басты шарттарының идеяларын Н.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» Жолдауында «Бір мақсат», «Бір болашақ» деп нақты көрсеткен болатын.

Инклюзивті оқыту-барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Мүмкіндігі шектеулі балалар дене кемістігіне немесе ақыл-ойының баяу дамуына қарамастан, олар қандай да бір өнерге деген табиғи дарыны мен бейімділігі болатыны заңды құбылыс. Сондықтан да инклюзивті оқыту арқылы бала бойындағы қабілетті дер кезінде байқауға, ақыл-ойын дамыта отырып, дарындылығын ұштауға болады. Бұндай мүмкіндікке қол жеткізе білсек, бала болашағына жол ашамыз.[4]

Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, оларға арнайы жағдай қалыптастыру негізі жатыр. Бала – біздің болашағымыз. Балаларға бәріміз жауаптымыз.

Инклюзивті білім берудің мақсаты: ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қалыпты балалармен оқыту және тең құқылы тұлға болуға мүмкіндік жасау. Психологиялық-дәрігерлік-педагогикалық қолдау.

Инклюзивті білім берудің міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті ортаны бейімдеу;
- барлық балаға бірдей тең қарым-қатынас қалыптастыру;
- жеке тұлға қалыптастыру, оқу дағдысы мен біліктілігін арттыру;
- ПМПК мамандарымен, дефектолог, логопед, психолог, әлеуметтік педагог мамандармен бірлесе жұмыс жасай отырып, түзету жұмыстарын тиімді ұйымдастыру.

- олардың сұраныстары мен мүмкіндіктерін ескере отырып, жан-жақты дамуына жағдай жасау, әлеуметтік тұрғыда дұрыс мінез-құлық қалыптастыру;
- мектепке дейінгі ұйымдарда балаларды қажетті құралдармен қамтамасыз ету;
- баланың даму деңгейіне қарай таңдап алынған бағдарламаға сай үнемі бақылау жүргізіп отыру;

Инклюзивті оқытудың негізгі принциптері:

- мектепке дейінгі мекемелерде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды дені сау балалармен оқыту;
- балалар арасында дискриминация болдырмау;
- арнайы білім беруді қажет ететін балаларға арнайы жағдай жасау. [5]

Инклюзивті білім беруде [6] алғашқыда арнайы мамандар жеткіліксіз болып, жаңа білімнің қыр сырын ұғыну, түсіну қиын болғанымен, қазіргі таңда арнайы мамандар-логопед, дефектолог, әлеуметтік педагог, психолог және балабақша тәрбиешілері мен мектеп мұғалімдері қайта даярлау курстарынан өтіп, инклюзивті білім беру бойынша ізденіп келеді.

Еліміздің ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры-ұстаздың қолында! Жастай берілген тәрбие-жас қайыңды игендей!

Олай болса құрметті әріптестер, теңізге тамшыдай тамып, көмегіміз тиіп жатса, біз еш нәрседен аянбай қиын да қызыққа толы ұстаздық жолда ерінбей еңбек етіп, еңбегіміздің жемісін көре білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы.
2. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. 11 шілде, 2002 ж.
3. Республикалық педагогикалық-әдістемелік журнал. Әлеуметтік педагог. №4, 2010 ж.
4. А.А. Байтұрсынова «Арнайы педагогика: проблемалары мен даму болашағы» Алматы, 2008 ж.
5. Мектепке дейінгі ұйымдарда инклюзивті білім беру. Әдістемелік ұстаным. «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығы. Астана қ., 2014 ж.
6. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Астана. 2015 ж.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың саясат моторикасын дамыту

Айдарова К.Ж.

Аңдатпа

Өзекті тақырыптардың бірі-балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Саусақтардың жұмысы сөйлеумен тығыз байланысты екені белгілі. Саусақ жаттығулары балалардың сөйлеуінің дамуын ынталандырады және мидың жұмысына үлкен әсер етеді. Дененің үйлесімді қозғалысы, қолдар мен сөйлеу мүшелерінің ұсақ моторикасы дұрыс айтылудың қалыптасуына ықпал етеді, оның қарқынын қалыпқа келтіреді, сөйлеу кідірістерін сақтауға үйретеді, психикалық стрессті азайтады. Бұл жағдайда сөйлеу ғана емес, қабылдау, ойлау, қиял, зейін, есте сақтау да дамиды. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың дамуында көптеген артта қалушылықтар бар: сөйлеу, есте сақтау, ойлау қалыптаспаған. Эмоционалды деңгейде артта қалу.

Саусақ ойындары қарым-қатынас, эмоционалды тәжірибе, көзге байланыс деңгейінде қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Ойындар саусақтарыңызды, алақандарыңызды сезінуге, өз дененіздің схемасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Баланың дамуы білім беру мекемесі мен отбасының тығыз қарым-қатынасы жағдайында ғана мүмкін болады. Ата-аналардың түзету процесіне қатысуы тиімділікті арттырады және балалардың дағдылары мен дағдыларының жоғары деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер :ұсақ қол моторикасы, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, ойын.

Аннотация

Одна из актуальных тем-сохранение и укрепление здоровья детей. Известно, что работа пальцев тесно связана с речью. Пальчиковые упражнения стимулируют развитие речи у детей и оказывают большое влияние на работу мозга. Гармоничные движения тела, мелкая моторика рук и органов речи способствуют формированию правильного произношения, нормализуют его темп, учат соблюдать речевые паузы, снижают умственное напряжение. При этом развивается не только речь, но и восприятие, мышление, воображение, внимание, память. У детей с особыми образовательными потребностями в развитии много отставаний: не сформирована речь, память, мышление. Отставание на эмоциональном уровне.

Пальчиковые игры помогают наладить отношения на уровне общения, эмоциональных переживаний, зрительного контакта. Игры позволяют ощутить пальцы, ладони, сформировать схему собственного тела. Развитие ребенка возможно только в условиях тесного взаимодействия образовательного учреждения и семьи. Участие родителей в процессе коррекции повышает эффективность и позволяет достичь высокого уровня навыков и умений детей.

Ключевые слова: мелкая моторика рук, дети с особыми образовательными потребностями, игра.

Annotation

One of the relevant topics is the preservation and strengthening of children's health. It is known that finger work is closely related to speech. Finger exercises stimulate the development of speech in children and have a great impact on brain function. Harmonious body movements, fine motor skills of hands and speech organs contribute to the formation of correct pronunciation, normalize its tempo, teach to observe speech pauses, reduce mental stress. At the same time, not only speech develops, but also perception, thinking, imagination, attention, and memory. Children with special educational needs have many developmental delays: speech, memory, and thinking are not formed. Lagging on an emotional level.

Finger games help to establish relationships at the level of communication, emotional experiences, and eye contact. Games allow you to feel your fingers, palms, and form a diagram of your own body. The development of a child is possible only in conditions of close interaction between an educational institution and a family. The participation of parents in the correction process increases efficiency and allows them to achieve a high level of skills and abilities of children.

Keywords: fine motor skills of hands, children with special educational needs, play.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға тәрбие мен білім беруде, бала тілінің дамуы, өзіне-өзі қызмет көрсету дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Өмірінің бастапқы кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстай алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтеңке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Оларға шашылған конструкторларды жинау, пазламен жұмыс жасау, мозаикамен ойнау өте қиын. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясы мен өзін-өзі бағалауға кері әсерін тигізеді. Бала өз саусақтарын қаншалықты басқара алса, оның одан әрі дамуы да соған тікелей байланысты. [1] Ұсақ қол моторикасымен қоса балалардың есте сақтау қабілеті мен назары, сондай-ақ, сөздік қоры да дами түседі.

- түрлі қызметтер арқылы ұсақ қол моториканы дамыту және қол қызметін үйлестіру;
- қол және көз, қолдың ептілігі, ритмикасы қозғалысын үйлестіру және нақтылығын жақсарту;
- саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту;
- жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру;
- сөйлеу функциясын тұрақты етуге көмектесу;
- қиялын, логикалық ойлауын, еркін назарын, көру және есту кабылдауларын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту;

Ұсақ қол моторикасы термині саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек. Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол моторикасын дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың қол моторикасын дамыту жұмысының жүйесі.[2]Балалардың қабілеттері мен дарындылығы- олардың саусақтарының ұшында. Бейнелеп айтқанда саусақтырдан шығармашылық ойдың қайнар көзін сусындатып аса нәзік жылғалар бастау алады (В.А. Сухомленский). Ұсақ қол қимылдарын дамыту деңгейі (қолдардың білезіктерімен және саусақтармен ұсақ және дәл қимылдарды орындаған кезде балада үйлесімді іс-әрекеттер дағдыларын дамытудың деңгейі)- баланың жалпы зияткерлік дамуының көрсеткіштерінің бірі.

Балалардың ұсақ моторикасын ойын арқылы дамыту.

- Қол және көз, қолдың ептілігі, ретмикасы қозғалысын үйлестіру және нақтылығын жақсарту;
- Саусақтар мен қол буынының ұсақ қол моторикасын жақсарту;
- Жалпы қозғалыстық белсенділікті арттыру;
- Сөйлеу функциясын тұрақты етуге көмектесу;
- Қиялын, логикалық ойлауын, еркін назарын, көру және есту қабылдауларын, шығармашылық белсенділіктерін дамыту;
- Өз құрдастары мен үлкендермен қарым-қатынаста эмоционалды- қолайлы жағдай жасау.

Ұсақ қол моторикасы дамыту және қозғалысын үйлестіру мақсатында түрлі қабылдаулар мен әдіс – тәсілдер қолдануға болады:

- саусақтық ойын тренингісі
- қол мойнына массаж
- саусақ гимнастикасы, сергіту сәттері
- саусақтық театр
- ермексаз және тұздалған ұннан, табиғи материалдардан жапсыру жұмыстарын мүсіндеу (тұқым, жарма, ұлу қабыршықтары және т.б.)
- сызудың дәстүрлі емес техникасы: қылқалам, саусақ, тіс щеткасы және май шам және т.б..
- құрылыс жасау: қағаздан, лево конструкторымен
- бастырмалардың түлері
- графикалық моториканы дамыту
- түр сызықпен түрлеу

- лабиринттер
- дидактикалық ойындар
- М. Монтессори әдісі
- пазл, мозаика ойындары.

Аталған ойындар мен әдістердің нәтижесінде:

- Баланың сөйлеу тілі жетіледі;
- Қимыл қозғалысы артады;
- Икемділігі артады;
- Логикалық ойлауы дамиды;
- Танымдық деңгейі артады;

Ұсақ қол моторикасы термині[3] саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Педагогтар мен балалар психологының мақсаты – ата-аналарға ұсақ моториканы дамыту ойындарының маңыздылығын ұғындыру. Баланы қызықтыруда және жаңа хабарларды игеруіне көмектесуде үйретуді ойынмен алмастыру, алға қойған мақсатына жетуді, тапсырманы орындауда қиындыққа кездесе мойымауына үйрете отырып, аз мөлшердегі жетістіктерін де бағалап, мадақтап қоюды да ұмытпауы керек.

Бұл ойындар арқылы балалардың тілдік сөйлеу байланысы жақсарады, балалардың танымдық және сөйлеу іс-әрекеттеріне деген қызығушылығын арттырады.[4] Нәтижесінде балалардың тілі, қимыл – қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамиды. Қорыта айтқанда балабақша балаларының тілін дамытуда түрлі ойын, әдіс –тәсілдерді тиімді пайдалану, осы бағыттағы атқарылатын игі іс-шаралардың нәтижесіз қалмайтындығының айқын дәлелі деп санаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В.А.Сухомлинский «Балаға жүрек жылуы»
2. В.А.Сухомлинский «Ұжымның күдіретті күші»
3. М.Монтессори әдістемесі.
4. В.В.Цвынтарий « Ұсақ моторикасын дамыту»

Аутизм балаларды оқыту әдіс-тәсілдері

Аңдатпа

Жалпы білім беру жүйесіне аутизм балаларды инклюзивті білім беру үрдісіне кіріктіру мәселесі балалардың эмоциялық және психологиялық дамуына ықпал етеді және іске асады.

Аутизм балаларды қолдау мен сүйемелдеу деңгейі диагностикалық белгілерінің және дамуындағы түрлі бұзылулардың ауырлығының негізінде кезектесу қажет. Аутизм балалардың сөйлеу тілі коммуникативтілігі, бірігіп жұмыс істеу қабілеті, сенсорлық қабылдау бұзылуларымен сипатталады. Бұндай балаларды инклюзивті оқытуда алдымен бұзылымдарды негізін түсіну, педагогикалық әдістемелерді таңдау болып табылады. Аутизм балаларды басқа бұзылымдары бар балалармен салыстырғанда, аутизм балалардың көпшілігі жалпы білім беру бағдарламасымен оқи алады. Қалыпты интеллект, жақсы есте сақтау қабілеті, көріп қабылдау қабілеті аутизм балаға академиялық бағдарламаны жақсы қабылдауға мүмкіндік береді. Аутист бала математикадан үздік оқи алады, кейде өз қатарындағы балардан да үздік оқиды. Кейбіреулері, ұсақ моторикасында проблемасы жоқ жағдайда, сурет салуда үздік. Аутизм синдромы бар балалардың көпшілігі оқуды тез меңгереді, бірақ оқығанын түсінбейді. Ерекше аймақтық қызығушылықтары болады: тарих, астрономия ғылымдарының expertі т.б. Бір жағынан, аутистік белгілері және қабылдау проблемалары мектепте оқығанда үлкен кедергілер туғызады. Құрдастарымен қарым-қатынасқа кірігу қиындықтары сыныптастары және мұғалімдер жағынан әлеуметтік шектеудің себебі болады. Тәртібінің бұзылуы, сыныпта айқайлау, орындықта қозғалу, агрессия, аутоагрессия бұзылымдары мұғалімге сабақ жүргізуге кедергі болады.

Түйінді сөздер: Аутизм, қабілет, түзете-дамыту жұмыстары.

Аннотация

Проблема интеграции аутизма в систему общего образования в процесс инклюзивного образования способствует и реализуется эмоциональному и психологическому развитию детей.

Уровень поддержки и сопровождения детей с аутизмом необходимо чередовать на основе диагностических признаков и тяжести различных нарушений в развитии. Аутизм характеризуется нарушениями речевого общения детей, способностью к совместной работе, сенсорному восприятию. В инклюзивном обучении таких детей, прежде всего, понимание основ нарушений, выбор педагогических методик. Аутизм по сравнению с детьми с другими расстройствами, большинство детей с аутизмом могут учиться по общеобразовательной программе. Нормальный интеллект, хорошая память, зрительное восприятие аутизм позволяет ребенку лучше воспринимать

академическую программу. Аутичный ребенок может с отличием изучать математику, иногда даже лучше, чем дети в его рядах. Некоторые, в случае отсутствия проблем с мелкой моторикой, отлично умеют рисовать. Большинство детей с аутистическим синдромом быстро учатся читать, но не понимают, что читают. Имеет особые региональные интересы: эксперт по истории, астрономии и т. д. С одной стороны, аутичные симптомы и проблемы восприятия создают большие препятствия при обучении в школе. Трудности интеграции в общение со сверстниками становятся причиной социальных ограничений со стороны одноклассников и учителей. Нарушения дисциплины, крики в классе, движения на скамейке, агрессия, нарушения аутоагрессии мешают учителю вести занятия.

Ключевые слова: Аутизм, способности, коррекционно-развивающая работа.

Annotation

The problem of integrating autism into the general education system in the process of inclusive education promotes and implements the emotional and psychological development of children.

The level of support and support for children with autism should be alternated based on diagnostic signs and severity of various developmental disorders. Autism is characterized by impaired speech communication in children, the ability to work together, and sensory perception. In the inclusive education of such children, first of all, an understanding of the basics of violations, the choice of pedagogical methods. Autism Compared to children with other disorders, most children with autism can study in a general education program. Normal intelligence, good memory, visual perception autism allows a child to better perceive the academic program. An autistic child can study mathematics with honors, sometimes even better than the children in his ranks. Some, in the absence of problems with fine motor skills, are excellent at drawing. Most children with autism syndrome learn to read quickly, but do not understand what they are reading. Has special regional interests: an expert in history, astronomy, etc. On the one hand, autistic symptoms and perception problems create great obstacles to learning at school. Difficulties of integration into communication with peers become the cause of social restrictions on the part of classmates and teachers. Violations of discipline, shouting in the classroom, movements on the bench, aggression, violations of autoaggression prevent the teacher from conducting classes.

Keywords: Autism, abilities, correctional and developmental work.

Аутизм синдромы бар балаларға сөйлеу тілінің көптеген бұзылымдары, сөйлеу тілін дұрыс қолдана алмау, сөздік қорының шектелуі, грамматикалық бұзылымдар, сөйлеу тілінің мәнерлігінің бұзылуы тән. Осы бұзылулардың себебі күйзеліске, агрессияға, ышқынып айқайлауына әкеледі.[1]

Л. Каннер аутизмнің негізгі белгісі ретінде, «экстремалды жалғыздықты айтады». Ол аутизмді нақты психикалық дамудың бұзылуы деп тапқан:

1. жалғыздықты жақсы көру.
2. ешқашан адаммен көзбе-көз кездеспеу.
3. мимикасының, дауысының, дыбысының ырғағының болмауы.
4. эмоциялық тұрғыдан ешкіммен араласпау.
5. біркелкі қимылдарды қайталай беру.

Аутист балаларға инклюзивті білім беруде бірнеше түрлі әдістемелік тәсілдер қолданылады. Бір әрекеттен екінші әрекетке көшу аутист балалардың көпшілігінде проблемалық жағдай болады және агрессия немесе тәртібінің ауытқушылығын тудырады.[2]

Визуалдық сабақ кестесін қолдану манипулятивті айырушылық стимулдарының міндетімен негізделеді. Бұл істе вербалдық нұсқаулар визуалдыққа алмастырылады. Осылайша нақты түрін иеленеді.[3]

Оқыту тәсілі келесідей жүреді:

- сабақтың алдында балаға визуалдық сабақ кестесін көрсетеді, қандай тапсырмаларды орындауын түсіндіреді;
- сонан кейін, балаға карточкада берілген бірінші тапсырманың материалдары беріледі;
- бірінші тапсырманы орындап болған кезде, мұғалім тапсырманың карточкаларын жинауға көмектесіп, келесі карточканы ұсынады;
- бұдан кейін, мұғалім келесі тапсырманың материалдарын ұсынады. Осылайша әрі қарай жалғастырылады.

Сабақта визуалдық сабақ кестесін қолдану оқу әрекетін құрастыруға көмектеседі. Бұл аутист балаға, болып жатқан жағдайларды дұрыс түсінуге, берілген тапсырмаларды тұрақты негізінде орындауға және бір іс-әрекеттен екінші іс-әрекетке көшкенде серіктестендіру тәсілдері көмектеседі.

Прайминг [4]– оқыту стратегияларының бірі, ол баланы инклюзивті ортада күрделі проблемалық жағдайларға дайындау. Прайминг ол алдын-ала қажетті қабілеттерге үйрету. Мысалы, тәрбиеші ертегі оқығанда бала топтық сабақта қиындықтарға кездесе, бала белсенді болу үшін және сюжетті ойынға қатысу үшін немесе топпен бірге әрекеттену үшін бұл ертегіні күнде жеке сабақта оқуға болады.

Аутизмауруыбарбалаларменжұмысістеубарысындакөптегенәдіс-тәсілдерқолданады. Солардыңкейбіреулерментанысыпжіберейік:

1. Ойынтехнологиясынқолдану.

Аутизмді бар баламен қарым-қатынас орнату.

«Айналма» ойыны.

Ойын барысы: нұсқаушы балалар арасынан барлық баламен амандасып, әр баламен қолалысып амандасатын баланы таңдайды.

Сол бала айналма ортасында болатын баланы таңдайды.

Барлық балалар қолдарынан ұстап,

шеңбер құрады.

Ортадағы баламен амандасады.

Ортаға балалар кезек пен тұрады.

Сәлемдескен кезде мына сөздер айтылады:

Балақайлар, тұрайық;

Шеңбер құрақалайық;

Сен де менің досым;

Мен де сенің досың;

Барлығымыз доспыз.

Қарым-қатынасты дамыту.

«Қуыршақпен ойна» жаттығуы.

Ойын барысы: түрлі тақырыптар бойынша сюжеттік-рольдік ойындар жүргізу. Мысалы,

«Дүкенге барамыз», «Қонақта». Қуыршақ балаға әлеуметтік рольдерге кіруге көмектеседі.

Зейінді дамыту.

«Артығын тап» жаттығуы.

Ойын барысы: нұсқаушы берілген суреттердің ішінен артығын табуды тапсырады. Мысалы, қияр, асқабақ, сәбіз, алма. Артығы: алма.

Қозғалыстық ойындарын дамыту.

«Достармызға үй саламыз» ойыны.

Ойын барысы: нұсқаушы балаларды екі топқа бөліп, олардың Ақтөс және Шарик атты екі достарының барын айтады. Олар өте жақсы достар. Тек олардың тұратын үйі жоқ. Қане, оларға үй салып көмектесейікші. Осылайша, бір топ Ақтөске, екінші топ Шарикке үй салады. Ол үшін балаларға кубиктер мен тапсырмалар беріледі. Кім үйді бірінші салып бітіреді.

2. Сенсорлық интеграция әдістемесін қолдану.

Көп адамдар денесін сезініп, сезімдерін сәйкестендіріп, қоршаған ортаны сол арқылы тануға тырысады. Ал аутизм диагнозы бар балаларға ол қиынға соғады.

Сенсорлы интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне тым қозып отырғанын немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтауға көмектеседі. Осылайша, сенсорлы интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлы ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

3. Сенсорлы интеграцияның мысалдары:

- гамакта тербелу (кеңістікте бағдарлану);
- музыкаға билеу (есту жүйесі);
- бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамыту);
- туннельде жорғалау (кеңістікте бағдарлану және жанасу);
- қозғалып тұрған шариктерге жанасу (көру сезімі мен тактильді бағдарлануы);
- орындықта айналу (тепе-теңдік және көру қабілетіне әсер);
- бөренеде тепе-теңдік ұстап тұру (тепе-теңдік сақтау) [6].

Бала аутизм бар бала мектепте де дәл қарапайым оқушы. Бала ортаға бейімделуі үшін қолайлы тыныш ортаны қамтамасыз етуіміз тиіс. Мінез-құлқының өзгерістері ортамен тікелей байланысты болады. Балаға ең қажеттісі – мейірім, сенім және ортаға бейімделу, мұғалімге үйренсуі. Баламен тікелей қарым-қатынас ортасы отбасы болуы шарт.[5]

Қорыта айтқанда, аутизмі бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзете- оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігі көрсетілді. Яғни, аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауығуына барынша мүмкіндік береді. Ең алдымен, баламен қарым-қатынас орнату оңайға түседі, қызығушылығы оянады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Никольская О.С. Дети и подростки с аутизмом. Психологическое сопровождение / О.С. Никольская, Е.Р. Баенская и др. // Серия «Особый ребенок». – М.: Теревинф, 2005. – С. 224.
2. Поведенческая терапия при РАС у детей [Электронный ресурс] / С. Сприт. – Режим доступа: http://binom-press.ru/books/autizm_frag.pdf
3. Прикладной анализ поведения [Электронный ресурс] // Справочник для родителей. – Режим доступа: <http://autism.asylmiras.org/ru/assets/templates/img/.pdf>.

4. Шоплер Э. Поддержка аутичных и отстающих в развитии детей (0-6 лет): Сборник упражнений для специалистов и родителей по программе TEACCH / Э. Шоплер, М. Ланзинд, Л. Ватерс. – Минск: Издательство БелАПДИ «Открытые двери», 1997.
5. Шрамм Р. Детский аутизм и АВА: АВА-терапия, основанная на методах прикладного анализа поведения // Р. Шрамм; пер. С англ. З. Измайловой-Камар; науч. Ред. С. Анисимова. – Екатеринбург: Рама Паблишинг, 2013. – С. 208.
- 6.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеудегі заманауи педагогтің рөлі

Буранкулова З.М., Акилова Д.Б. (соавтор)
Астана қаласы әкімдігінің №66 «Толағай» балабақшасы МКҚК, педагог-психолог

Андатпа: Педагогпен балалардың өзара әрекеттесуі әрбір баланың жеке басының дамуынан өтеді. Иә, отбасы-бұл нәресте үшін алғашқы әлеуметтік институт болып табылады және ата-ананың баласының болашағының қалыптасуындағы рөлі сөзсіз. Бірақ көп нәрсе мұғалімге байланысты, өйткені балалар өмірінің көп бөлігін мектепке дейінгі мекеменің қабырғаларында өткізеді.

Балабақша тобында педагог мектеп жасына дейінгі бала үшін ең маңызды адам болып табылады. Тәрбиеленушілер -болашақта емес, қазір, бүгін өмір сүретін ерекше тұлғалар. Балалармен жұмыс жасаудағы педагогтің қателігі баланың болашағына әсер етуі мүмкін.

Педагогикалық шеберлік көбінесе педагогтің жеке қасиеттеріне, оның дағдылары мен біліміне байланысты. Педагогтің жеке басы, оның тәрбиеленушіге әсері орасан зор, оны ешқашан ешқандай педагогикалық техника алмастырмайды.

Педагог бала үшін өте маңызды тұлға болғандықтан, оның жеке дамуына жағдай жасау үшін оған үлкен жауапкершілік жүктеледі.

Түйінді сөздер: заманауи педагог, тәрбиеші, заманауи білім беру.

Аннотация: Взаимодействие педагога и детей проходит через развитие личности каждого ребенка. Да, семья-это первый социальный институт для ребенка, и роль родителей в формировании будущего его ребенка неоспорима. Но многое зависит от учителя, ведь большую часть жизни дети проводят в стенах дошкольного учреждения.

В группе детского сада педагог является самым важным человеком для дошкольника. Воспитанники-уникальные личности, живущие не в будущем, а сейчас, сегодня. Ошибка педагога в работе с детьми может сказаться на будущем ребенка.

Педагогическое мастерство во многом зависит от личностных качеств педагога, его навыков и знаний. Личность педагога, его влияние на воспитанника огромны, его никогда не заменит никакая педагогическая техника.

Поскольку педагог является очень важной фигурой для ребенка, на него возлагается большая ответственность за создание условий для его личностного развития.

Ключевые слова: современный педагог, воспитатель, современное образование.

Annotation: The interaction of the teacher and the children goes through the development of the personality of each child. Yes, the family is the first social institution for a child, and the role of parents in shaping the future of his child is undeniable. But a lot depends on the teacher, because children spend most of their lives in a preschool institution.

In a kindergarten group, the teacher is the most important person for a preschooler. The students are unique personalities who live not in the future, but now, today. A teacher's mistake in working with children can affect the child's future.

Pedagogical skills largely depend on the personal qualities of the teacher, his skills and knowledge. The personality of the teacher, his influence on the pupil is enormous, no pedagogical technique will ever replace him.

Since the teacher is a very important figure for the child, he has a great responsibility for creating conditions for his personal development.

Keywords: modern teacher, educator, modern education.

Қазіргі заман әлемде мамандық түрлері өте көп. Соның бірі және бірегейі – педагог-тәрбиеші.

Соңғы кезде «Қазіргі заман баласына – заманауи педагог!» - деген ұран көп айтылып жүр. Ал «заманауи педагог» деген кім?! Өз кәсібімен өмір сүретін, айтарлықтай жетістікке жеткен адамба? Бұл өмірде өз зорынан табуғатырысатыншығармашылық тұлғама? [1]

Тәрбиеші – бұл тек мамандық қана емес, бұл кез-келген адамның қолынан келе бермейтін ерекше кәсіп. Себебі, бала тәрбиелеудегі жетекші рөл педагог-тәрбиешіге тиесілі. Олеліміздің ертеңі болар жаса заматтың болашағын жобалайды. Жоғары кәсіби жауапкершілік, әрдайым білімін дамытуға ұмтылу, ғылымның соңғы жетістіктеріне деген қызығушылық – бұл қазіргі заман талабына сай педагогтың міндеттері. [2]

Сонымен қатар, тәрбиеші мамандығы жан-жақты білімді, шексіз мейірімділікті, балаларға деген сүйіспеншілікті қажет етеді. Қазіргі балалардың білім деңгейінің жоғарылауын ескере отырып, мұғалімнің өзі жан-жақты дамуы керек: тек өз мамандығы саласында ғана емес, сонымен қатар саясат, өнер, мәдениет саласында да білімін дамытуды тоқтатпауы керек.

Қазіргі таңда әлем сәт санап дамып келеді. Заманғасай балалар да өзгеруде. Бұл өз кезегінде педагогтың біліктілігіне жаңа талаптар қояды.

Тәрбиешілер мемлекеттік білім беру стандарттарының жаңа талаптарын жүзеге асыру үшін заманауи білім беру технологияларын игеруі керек.[3]

Сондай-ақ, біз баланы тәрбиелеп қана қоймай, оның денсаулығы мен қауіпсіздігіне де көңіл бөлуді ұмытпауымыз керек. Демек, қазіргі балаларды тәрбиелеу кезінде гиперактивтілікті төмендету, жақсы қасиеттерді дамыту, зейінді шоғырландыру, баланың физикалық денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау қажет.

Менің ойымша, ата-аналарды балабақша өміріне кеңінен тарту, отбасылық құндылықтарды қалыптастыру, жақындасу үшін жағдай жасау қажет. Ата-аналар балалармен бірге әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды орындайтын мерекелерді көбірек ұйымдастыру қажет.

Балаларды мектепке дайындай отырып, біз мектеп жасына дейінгі баланың оқуға деген қызығушылығын, бастамашылығын, еріктілігін, баланың шығармашылық қабілетін қалыптастырамыз.

Біз заманауи тәрбиешілер, мектепке дейінгі балалық шақты бірқалыпты емес, әртүрлі болуын қамтамасыз етеміз. Біз балаларға өздерінің даралығын көрсетуге мүмкіндік береміз.

Кейде топқа ерекше бала келеді. Мұндай балалармен жұмыс істеу педагогтерге оңай емес. Бірақ, мейірімді, білімді, шыдамды, тәрбиенің құпияларын білетін білікті маман бұл мәселені шешуге міндетті. Қаншалықты қиын болса да, ол баланы мектепке дейінгі жаста тәрбелеу кеш емес. Баланы бір нәрсені бүлдіргені үшін ұрысуға және жазалауға болмайды, өйткені бұл балабақшаға, тәрбиешіге, жалпы білім беру жүйесін теріс көзқарастың пайда болуына әкелуі мүмкін.

Топта балалардың танымдық қызығушылығы мен белсенділігін қолдайтын орта қалыптастыру қажет. [4] Бала, ересек адам сияқты, ол ойлайды, талдайды, сөйлейді, тыңдайды, түсінеді, сезінеді, басқа адамдармен байланысқа түседі. Тәрбиеші мектеп жасына дейінгі бала үшін ең маңызды адам болып табылады.

Менің ойымша, қазіргі қоғамға тәрбиеші-орындаушы емес, тәрбиеші-зерттеуші керек. Ол бастамашыл, кеңінен білімді, жаңа тәсілдермен материал ұсынуға тырысады, педагогикалық жұмысты қызықты ұйымдастырады, мектеп жасына дейінгі балаларға өздерін шығармашылық тұлға ретінде көрсетуге мүмкіндік береді.[5]

Ойымды қорытындылай келе, қазіргі заманғы заманауи педагог-тәрбиеші төмендегі қасиеттерге ие болу керек деген пікірге тоқталдым:

- білім берудің қазіргі заманғы міндеттерін жете түсіну;
- балалардың жеке қалыптасуы мен өзін-өзі дамыту процесін қолдау;
- балалардың физикалық және рухани дамуын бірдей алып жүру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытудың заманауи технологияларын енгізу бойынша педагогикалық қызметті жүзеге асыра білу;
- өзін-өзі тәрбиелеу және жеке басын дамыту.

Осы және басқа да адамгершілік қасиеттерді игерген педагог-тәрбиеші жаңа заманның баласына оң тәрбие беріп, оның болашақта еліміздің ертеңі болар азамат болып қалыптасуына үлес қоса алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Баймұратова Б.Б. Тіл дамыту. – А., 2012
2. Бакреденова А.Б. Мектеп жасына дейінгі балалар тілін дамыту теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – ПМПИ ғылыми баспа орталығы, 2016
3. Душка Н.Д. Синквейн в работе с дошкольниками» / М.Д. Душка // Журнал «Логопед», М.: «ГЦ Сфера», 2005. № 5. С. 85-91.
4. Козаренко В.А. Учебник мнемотехники // Система запоминания «Джордано» [Электронный ресурс], 2007. Режим доступа: <http://mnemonikon.ru> (дата обращения: 10.03.2017).
5. Метербаева К.М., Исакова А.Т. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі. Оқу құралы. – Астана, Фолиант, 2017.- 184 б

Развитие цветового восприятия через системудидактических игр

*Мусынова Сауле Амантаевна, воспитатель
Детский сад № 1 «Бәйтерек» г. Астана*

Аннотация: Значение сенсорного развития в раннем детстве трудно переоценить: именно этот период наиболее благоприятен для совершенствования деятельности органов чувств, накопления представлений об окружающем мире.

Ключевые слова: сенсорные эталоны, дидактическая игра, сенсорное воспитание, дидактическая задача, шаблон

Сенсорное развитие ребенка -это развитие его восприятия и формирования представлений о внешних свойствах предметов: их форме, цвете, величине положения в пространстве, а также запахе, вкусе и т.д. Значение сенсорного развития в раннем и дошкольном возрасте трудно переоценить. Именно этот возраст наиболее благоприятен для совершенствования деятельности органов чувств. Одним из ярких и часто определяющих признаков предметов и явлений является цвет.

Восприятие цвета отличается от восприятие формы и величины прежде всего тем, что его не определишь тактильно, путем проб и ошибок, так как цвет обязательно надо видеть. А это означает, что в основе восприятия цвета лежит зрительная ориентировка. Неточное распознавание цвета и цветовых оттенков, присущих объектам, снижает возможности познания детьми окружающего мира. Конечно сформировать у детей чувство цвета в полной мере в период дошкольного возраста невозможно, но заложить основы (развить цвет различие, умение подбирать и составлять цвета для передачи образов предметов.

Работа по ознакомлению детей с цветом строится в несколько этапов. Первые игры и упражнения предполагают выбор по образцу знакомых

предметов, резко различающихся по цвету - доминантному признаку. Понятие цвета дается на примере двух -трех контрастных цветов.

Следующий этап работы – задания, основанные на зрительном сближении, т.е. промеривании, предметов по цвету (найти похожий цвет по образцу). Сближение позволяет увидеть наличие или отсутствие так называемого цветового перепада (резкого или близкого) между двумя цветами. Действуя с цветом, дети запоминают сначала сами цвета, потом названия основных цветов: желтый, красный, синий, зеленый, а также белый и черный, и лишь в последующем названия дополнительных цветов и оттенков.

Постепенно у детей начинают складываться представления о цвете, которые закрепляются в слове- названии: вырабатывается понятие о том, что цвет-одно из свойств предмета. На этом этапе уточняются представления опостоянных цветах (снег белый, огурец зеленый, лимон желтый, земля черная, помидор красный и. д.).

В процессе выполнения практических заданий у детей формируются понятие эталона – образца основных цветов, с которыми они начинают сопоставлять цвет окружающих предметов.

Формирование цветовых мысленных образов (в уме) и оперирование ими в повседневной жизни подчеркивают факт усвоения данного сенсорного эталона.

Итак, от практических действий цветоразличения к познанию эталонов и к умственным действиям на восприятие цвета- вот основной путь ознакомления цветом.

Последним этапом развития цветового восприятия у детей является формирование умений сопоставлять цвета, их сочетания и оттенки, подбирать необходимые цветовые сочетания и, что очень важно, создавать их по собственному замыслу. Навыки цветоразличения развиваются у детей в процессе многочисленных игр и упражнений, которые имеют творческий характер и направлены на формирование эстетического восприятие.

Многочисленны разработаны дидактические игры для детей младшего возраста. Целью этих игр является знакомство детей с понятием «цвет», определением 4-х основных плюс 2-х дополнительных (черного, белого) «цветов», путем наложения и приложения, выбора по образцу, обучению детей названием «цветов»познакомить с понятиями: «такой же»; «не такой»; «одинаковый», «разный». Отличительным, универсальным характером этих игр- является: материал (нестандартный, бросовой), эти игры влияют на безопасность, психо- эмоциональное состояние, направлены на развитие внимания, воображения, мышления, ориентировку в окружающей среде, их можно переносить и играть в разных игровых центрах, как дидактический материал для проведения досугов, физкультминуток, на прогулке, как сюрпризный момент на утреннике и т. д. Правильно подобранные по цвету, форме, величине дидактические пособия несут в себе большой эмоциональный заряд. Цвет нужно обязательно увидеть, то есть при восприятии цвета можно пользоваться только зрительной ориентировкой.

Каждая новая игра входила в жизнь детей в группе, как сюрприз. Например игры с крышками: «Машинки», «Сухой аквариум», «Елка», «Бабочки» и т.д.

Крышки можно сравнить с интересными игрушками, обращая внимание ребенка на то, что цвет является признаком разных предметов и может служить для их обозначения. Например, в игре «Курочка и цыплята». Малыши познают мир на ощупь и им обязательно нужны разные в этом плане игрушки, которые развивают знакомство с понятием «цвет», понятием «такой же», «не такой», «одинаковый», «разный», «мягкий», «большой», «поменьше», «много», «мало», «один». К таким играм, например относится игра: «Спрячь мышку».

Игры с прищепками – это хорошее упражнение для развития мелкой моторики, которые являются и тактильным упражнением. Но его можно и усложнить – прищепки подбирать по цвету. К таким играм можно отнести игры: «Радуга», «Птичка», «Солнышко», «Ежики», «Рыбки». Дети могут соревноваться, прикреплять прищепки на скорость, играть в одиночку и в коллективе. Если кончикам пальцев малыша дать хорошую работу, то в будущем это окажется на формирование навыков письма, ребенок быстрее и легче научится держать карандаш. Ребенок может группировать прищепки по цвету, по количеству, соотносить с рисунком.

В своей работе с детьми младшего возраста я стремлюсь создать такую развивающую игровую среду и деятельность, в которой ребенок: -легко адаптируется к условиям детского сада,
-увлекаясь, забывает о своих переживаниях,
-играх развивается и совершенствуется,
-замечать новое и необычное.

Я начала использовать сенсорную юбку, которую сшила сама. Использование юбки имеет для детей эффект новой игрушки – они инстинктивно тянутся к ней. Малыши с интересом подходят ко мне, чтобы завязать шнурок или бантик, расстегнуть молнию, найти в кармане шарик, мелкую игрушку, определить на ощупь, что находится в кармашке.

Любопытство заставляет манипулировать с ее деталями, двигаться от одного кармана к другому. С помощью этой юбки знакомить детей с основными цветами (желтый, синий, зеленый, красный).

В результате своей работы я увидела, что дети с интересом играют дидактические игры из нестандартного материала. Используют эти игры во всех игровых центрах. Дети узнают: желтый, синий, зеленый, красный. Некоторые дети не всегда могут правильно их называть, но если попросить их показать такой же по цвету предмет, то они легко справляются с этим заданием. Дети стали замечать и выделять цвет предметов в окружающем мире. По результату диагностики к концу учебного года:

- 85% детей самостоятельно обследуют предметы и играют нестандартного материала, направленные на развитие цвета;
- 80% малышей могут правильно назвать и показать четыре основных и два дополнительных «цвета» самостоятельно без образца.

- 85% детей могут правильно показать все цвета, сравнивая их с образцом; Хорошо развитое восприятие цветов может в дальнейшем проявляться у ребенка в виде наблюдательности, его способности подмечать особенности предметов и явлений.

Литература:

1. Венгер Л.А. Пилюгина Э.Г. Венгер Н.Б. «Воспитание сенсорной культуры ребенка», М.: Просвещение, 1988
2. Дидактические игры и упражнения по сенсорному воспитанию дошкольников. Под редакцией Л.А. Венгера. М.: Просвещение, 1973
3. Каралашвили Е.А., Антоненкова О.В., Малахова Н.Е. Организация сенсомоторного уголка в группе детского сада: Справочник старшего воспитателя// № 5-2008
4. Никитина Е. Сенсорные уголки для диагностики// Обруч. - №2-2006
5. Сольцева О.Г. Наши помощники – органы чувств// Ребенок в детском саду. - №3-2007

Использование инновационных технологий в предшкольном классе

Сухомлинова С.Н., воспитатель предшкольного класса

КГУ «ООШ село Макинка»

С поступлением ребенка в предшкольный класс в школу, в его жизни происходит множество изменений: строгий режим дня, отсутствие родителей в течение длительного времени, новые требования к поведению, постоянный тесный контакт со сверстниками, новое помещение, другой стиль общения, новая роль в обществе. Ребенок должен адаптироваться к новым условиям. На успешную адаптацию ребенка к условиям учебной деятельности в школе влияют различные факторы: возрастные и индивидуально-психологические особенности, физическое и психическое здоровье, уровень готовности к школе, физический и психологический возраст к началу систематического обучения, отношения с учителями и одноклассниками, микроклимат в семье, личностные качества и основные параметры психического развития.

Предшкольная подготовка направлена на общую подготовку ребенка к школе, развитие речи, математических способностей, творческих умений (музыкальных и изобразительных), спортивно-оздоровительную подготовку детей. Однако реализация целей и задач предшкольной подготовки невозможна без адекватно выстроенного содержания предшкольной подготовки, форм организации такой подготовки, использования эффективных методов и технологий работы с детьми 5-6 лет.

Очень актуальной является проблема организации инноваций дошкольного образования, а также их внедрение в классы предшкольной подготовки. Инновации определяют новые методы, формы, средства, технологии, используемые в педагогической практике, ориентированные на личность ребенка, на развитие его способностей. Педагогические инновации могут либо

изменять процессы воспитания и обучения, либо совершенствовать. Инновации в дошкольном образовании приносят новые элементы или стабильные новшества, которые вызывают переход из старой системы на новую. Дошкольное образование призвано помочь реализовать способности каждого и создать условие для индивидуального развития ребенка.

Классы дошкольной подготовки осуществляют развивающее личностно-ориентированное образование дошкольников, используя деятельностный и компетентностный подходы, игровые интерактивные и информационно-коммуникативные технологии.

Использование инноваций предполагает выработку и реализацию решений по освоению каких-то новшеств, т.е. таких компонентов или таких связей, которых раньше в педагогической системе дошколы не было.

Нововведение (инновация) — комплексный процесс создания, распространения, внедрения и использования нового практического средства, метода, концепции и т.д. — новшества для удовлетворения человеческих потребностей.

Под инновацией же подразумевается принципиально новое образование (иной подход), новую идею, существенно меняющую сложившуюся технологию образования. Поэтому инновацию можно рассматривать как понятие, тождественное нововведению. Таким образом, исходя из такой трактовки понятий «новшество» и «инновация», инновационный процесс определяем как изменения в целях, условиях, содержании, средствах, методах, формах деятельности, которые обладают: новизной, потенциалом повышения эффективности этих процессов.

В организации дошкольной подготовки должны применяться следующие виды инновационных технологий:

- 1) здоровьесберегающие технологии;
- 2) технология проектного обучения;
- 3) технология проблемного обучения;
- 4) информационно-коммуникационные технологии;
- 5) личностно-ориентированные технологии;
- 6) игровые технологии;
- 7) технология дифференцированного обучения;
- 8) групповые технологии;
- 9) интерактивные технологии и т.д.

У детей дошкольного возраста, наряду с игровой деятельностью, огромное значение в развитии личности ребёнка, в процессах социализации имеет проектная деятельность, которая понимается не только как процесс усвоения знаний, умений и навыков, а главным образом, как поиск знаний.

Воспитатель дошкольных классов выступает как организатор детской продуктивной деятельности, он источник информации, консультант, эксперт. Он – основной руководитель проекта и последующей исследовательской, игровой, художественной, практико-ориентированной деятельности, координатор индивидуальных и групповых усилий детей в решении проблемы. При этом взрослый выступает партнером ребенка и помощником в его саморазвитии. Использование метода проектов в работе с дошкольниками способствует повышению самооценки ребенка. Участвуя в проекте, ребенок ощущает себя значимым в группе сверстников, видит свой вклад в общее дело, радуется своим успехам. Метод проекта способствует развитию благоприятных межличностных отношений в группе детей.

Сегодня дошкольному саду нужен педагог, способный строить работу с детьми на основе прогрессивных инновационных технологий и новых программ. Он должен быть творцом педагогического процесса, обладать гибким мышлением, умело использовать инновации.

Инновационные технологии дошкольной подготовки в условиях образовательного пространства школы призваны осуществлять интеграцию интерактивных и активных форм работы, деятельностный подход и максимальное вовлечение детей в процесс добычи знаний.

Әдіскер – тәрбиеші – ата-ана арасындағы сабақтастық жұмысы

Нагиманова Ж.Т.

*Теміртау қ., «Ақтілек» бөбекжайы» КМҚК, әдіскер
«Әдістемелік жұмыс – шеберліктің шыңдалу мектебі»*

Балабақшадағы әдіскердің басқаруымен жүргізілетін әдістемелік жұмыстардың бірі – ол ана-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері. Менің алып отырған мақаламның тақырыбы «Әдіскер – тәрбиеші – ата-ана арасындағы сабақтастық жұмысы». Тақырыпты бұлай таңдауымның себебі неде?

Себебі, бүгінгі таңда ата-ана мен тәрбиеші арасындағы ортақ мәселе – ол бала тәрбиесі екені баршамызға мәлім. Ата-ана үшін бала өмірдің жалғасы, көздің нұры, үміт күткен шырағы десек, тәрбиеші үшін еңбегінің нәрлі жемісі.

Сондықтан да, алған тақырыбымның өзектілігі - әдіскер, тәрбиеші, ата-ана арасындағы қарым-қатынасты орнату, қойылған мақсаттарды шешу, кемшіліктер мен кедергілерден шығатын айқын жолдарды іздеу болып табылады.

Аталған идеяларды жүзеге асыруда әдістемелік жұмыстар басты роль атқарады. Әдістемелік жұмыстың барлық формалары тәрбиеші шығамашылығына бағытталады. Яғни, әдіскер, тәрбиеші және ата-ана арасында байланыс орнайды. Бұл байланыс арқылы мәселенің шешілуі көзделеді.

Мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйымда - әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыра отырып, әдіскер, тәрбиеші, ата-ана арасындағы қарым-қатынасты орнату арқылы сапалы білімге қол жеткізу.

Міндеттері:

- Балабақшада жүргізілетін әдістемелік жұмыстарға ата-аналарды қатыстыру жолдарын табу;
- Әдіскер – тәрбиеші – ата-ана арасындағы байланысты орнату жолдарын іздеу, табу.
- Ата-аналар жұртшылығының педагогикалық білімін арттыруда әр түрлі шаралар ұйымдастыру.
- Отбасы тәрбиесінің маңыздылығын ұғындыру.
- Ынтымақтастық пен серіктестікті байланыстыратын ортаны құру, іздеу.
- Ынтымақтастық арқылы бала күзiреттiлiгiн қалыптастырудағы жетiстiктердi зерделеу.

Күтілетін нәтижелер:

- Ата-аналармен қарым-қатынастың орнауы, ата-ананың сенімі;
- Ата-аналардың балабақшадағы әдістемелік жұмыстарға қатысуы;
- Ата-аналардың педагогикалық білімдерінің артуы;
- Бала тәрбиесіндегі отбасының ерекше роль атқартындығын ата-ананың түсінуі;
- Ынтымақтастық пен серіктестіктің орнауы;
- Бала күзiреттiлiгiнiң қалыптасуы.

Мағжан Жұмабаев атамыз: «Жас бала – жас шыбық, жас күніде қай түрде иіп тастасаң, өскенде сол иілген күйінде қатып қалмақ. Теріс иіліп қалған шыбықты артынан түзейміз десең, сындырып аласың» дейді. Ендеше біз сол «жас шыбықтарымызды» тәрбиелеуге ерекше назар аударуымыз керек.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп атам қазақ айтқандай, біз әрқашан үштік одағымызды берік ұстауымыз керек. Ал осы арада педагог яғни тәрбиеші қандай болуы керек?

Ол – жан-жақты дамыған, креативті, позитивті, жаңа технологияларды меңгерген жаңашыл ұстаз болуы керек. Өзінің жасаған дүниесін балаға бере отырып, оның жемісін ала білу шарт.

Ал жаңашылдыққа жол ашып, бағыттайтын кім? Ол – әдіскер. Егер тәрбиешіні үнемі жаңашылдыққа бағыттап, оның өсуіне жол көрсетіп отырса, ондай тәрбиеші ата-анамен де жақсы жұмыс істей біледі. Ата-анаға жол табады.

Өкінішке орай, қазіргі таңда баладан гөрі ата-ананы тәрбиелеу, ата-анамен жұмыс жасау қиындай түсуде. Сондықтан да біз ата-ана жүрегіне жол іздеуіміз керек. Ата-аналарды әрқашан да балабақша өміріне тарту керек. Ата-ана балабақшадан баласының қандай білім мен тәрбиені алып жатқанынан хабардар болуы керек.

Ал енді жоғарыда аталған міндеттерге қалай жол табамыз?

Ең бірінші – жұмысты жүйелі құру, жоспарлау:

- ата-аналармен жұмыс істеуге арналған қазіргі заман талаптарына сай инновациялық бағытта әдістемелік жұмыстарды дұрыс құра білу;

□ ата-аналармен жүргізілетін жұмыстың қандай түрі болса да белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталып құрылу;

□ мектепке дейінгі мекеменің ата-аналармен жұмысы нәтижелі болуы үшін атқарылатын жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу;

Екінші – байланысты орнатқаннан кейін оны үзбей, керісінше қарым-қатынасты нығайту жолын іздеу. Ата-аналармен жеке және ұжымдық жұмыстар жүргізу: кеңестер, әңгімелесу, жиналыс, семинар өткізу. Әрине бұл арада үшін педагог пен әдіскердің дайындығы ізгі ниетті болуы тиіс деп ойлаймын.

Үшінші – педагогикалық сауаттылықты арттыру Ол үшін ата-аналарды:

□ Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының негізгі ережелерімен таныстыру;

□ Бала тәрбиелеу мәселелеріне арналған психологиялық, педагогикалық әдебиеттермен таныстыру;

□ Ата-ананы сабақ үрдістеріне, ойын әрекеттеріне, ертеңгіліктерге тек қана тыңдаушы немесе көрермен ретінде ғана емес, белсенді қатысушы ретінде қатыстыру;

□ Тәрбиешілердің ата-аналарға арналған бұрыштарын ата-ананың педагогикалық білімін арттыруға негізделген ақпараттармен қамтамасыз ету.

Төртінші – отбасы тәрбиесі. Жас ата-аналармен жұмыстар жүргізу. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен ұрпағымен байланыстырады. Міне, сондықтан да: «Ана үйдің берекесі, бала үйдің мерекесі», «Бала болсаң болғандай бол, айналаңа қорғандай бол» деген қағиданы берік ұстану мақсатында жұмыс жасау.

Ата-анаға «отбасының басты қызметі – бала тәрбиелеу» екендігін және «отбасы тәрбиесі - бұл жалпы тәрбиенің ең басты бір бөлігі» екендігін ұғындыру негізінде шаралар ұйымдастыру. Яғни балабақша мен отбасы бірлестігін құру.

Бесінші – ынтымақтастық пен серіктестікті байланыстыратын ортаны құру, іздеу. Ол үшін ең алдымен отбасылық ортаны зертту қажет: бақылау, әңгімелесу, сауалнама жүргізу арқылы. Отбасылық ортаны мынандай параметрлермен анықтауға болады:

□ ата-ананың білімділік деңгейі, балабақша істеріне қызығушылығы;

□ әлеуметтік ортасы, демографиялық ортасы: отбасы құрылымы, құрамы.

Алтыншы – бала құзіреттілігі. Балабақша мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты орната отырып, бала құзіреттілігін қалыптастырудағы жетістіктерге қол жеткізу үшін жаңа инновациялық бағыттар арқылы жұмыс жасау:

- Бұрын қолданылып жүрген жүйелерге жаңалықтар енгізу;

- Ашық презентациялар жасау;

- Дарынды балалардың ата-аналарымен жүргізілетін жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйіні – өсіп келе жатқан ұрпағымыз еліне адал қызмет ете алатын, елінің елеулі, халқының қалаулы азаматтары мен азаматшалары болсын.

Колледж білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру ерекшелігі

Муталипова Н.Б.

Астана халықаралық университеті

Педагогикалық колледжі, оқытушы

Андатпа: Мақала болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда тәжірибеге-бағытталған оқытудың маңыздылығына арналған. Қазіргі уақытта тәжірибеге бағытталған оқыту үдерісінде кадрларды кәсіби тұрғыда даярлауды жаңғыртудан, оның мазмұнын өзгертуден, оның барлық компоненттерін қайта қараудан көрінетін оң сапалы өзгерістер болып жатыр. Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыратын тәжірибеге-бағытталған оқытуды жүзеге асырудың бірнеше шарттарын анықтаған. Сондай-ақ, мақалада шетел ғалымдарының да зерттеулеріне тоқтала келіп, қазіргі еңбек нарығында түлектердің сәтті кәсіби бейімделуін қамтамасыз ететін болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың әдіснамалық тәсілдері талданған.

Түйінді сөздер : кәсіби құзыреттер, кәсіби бейімделу, кәсіби қызмет, болашақ педагог, тәжірибеге бағытталған оқыту.

Елдің болашағы білім беру жүйесі мен зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі туындап тұр. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуі тиіс. Бұл талап оқытушылар қауымына да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Сол себепті біздер әр кез үлкен ізденісте жүріп, әр сабаққа жан жақты дайындалуымыз қажет [1].

Қазіргі студенттердің бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру заман талабы болып табылады. Құзыреттілік – оқу мен өмір жағдаяттарын шешу кезінде білім алушылардың білімді, іскерлікті, дағдыны және қызметтің әмбебап тәсілдерін және білім берудің нәтижесі. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Ол ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдістәсілдерді жүзеге асыруды, білім беру барысында оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын білім беру орындарындағы педагогикалық тәжірибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және

кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ойөрісін байыту» деп атап көрсетілген [2]. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану секілді мәселелерді анықтап алу, білім беру жүйесіндегі басты ұстаным ретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Оқыту формасында білім алушының өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет [3]. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын тіл үйренушілер ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады. Сонымен, құзыреттілік – тек білім ғана емес, студенттің оқу үдерісінде меңгерген білімдерін, дағдылары мен біліктерін іс жүзінде дұрыс, орынды, тиімді пайдалануы. Ғалымдар білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асырудың аспектілерін көрсетеді:

- Түйінді құзыреттер;
- Жалпыланған пәндік біліктіліктер;
- Қолданбалы пәндік біліктіліктер;
- Өмірлік дағдылар.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға білім алушының хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіңдерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады. Б. Тұрғанбаева: «Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады» [4].

Студент қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Студенттің шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы іске асыруға болады.

Құзырлық – студент іс-әрекетінің сапасынан көрінетін білім нәтижесі.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе. Сонымен бірге «қолданбалылық» желісінде – қазіргі білім беру мазмұнын елеулі байытып және модернизациялауға

мүмкіндік беретін кем дегенде екі күшті идея жатыр. Мұның алғашқысы өте қарапайым. Шын мәнінде бұл білім беру мазмұнының іс-әрекеттік сипатта болу идеясы (тәсілдер туралы білімді емес, әртүрлі тәсілдердің өзін меңгеру қажет). Өте қарапайым мысал келтіруге болады. Мәселен, студенттер белгілі бір мәтінді меңгеру арқылы болашақ өз ойын толық түрде тәжірибе барысында да қолдана алуы тиіс.

Білім беру мазмұнын осы тұрғыдан қолға алу өте пайдалы іс болар еді.

Қазіргі кездегі білім берудегі оқытушының мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады.

Сонымен, заман талабы жастардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. –
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы: Ғылым, 2010.
3. Иванов Д.А., Митрофанов К.Г., Соколова О.В. Компетентностный подход в образовании. Проблемы, понятия, инструментарий: Учебно-методическое пособие. – М.: Наука. АПКИППРО, 2005. – 182 б.
4. Тұрғанбекова Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы: Рауан, 2005. – 250 б.
5. Қазақ тілін оқыту: жетістіктер мен жаңа даму бағыттары // Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Алматы: Санат, 2011. – 245.
6. Өзге тілді аудиторияда оқытудың инновациялық қызметінің бағыттары // Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Рауан. – 345 б.

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істеуде дамытушы ойындардың маңыздылығы

Акашева А.Х.

Теміртау қаласы, «Ақтілек» бөбекжайы» КМҚК, дефектолог

Ойын – үйретудің, бейімдеудің ең керемет тәсілі. Ойын – бұл жаңа нәрсені байқап көру. Жай балаларды күлдіретін, қызықтыратын белсенділікті талап ететін ойын түрлері «ерекше балаларға» қорқыныш ұялатып, алшақтатуы мүмкін. Мендегі дамытушы ойындардың басты мақсаты ол әрине – баланы қоршаған ортасына қызығушылығын арттыру. Ойын барысында балалардың логикалық ойлау, көріп, естіп, танымдық қабылдауын, зейінін тұрақтандыруда көмектесетін, ойнай отыра, баланы жан жақты дамытатын білім білік дағдыларын қалыптастырудан незізгі қызметті атқарады. Ең әуелі алғашқы деңгейде сенсорлық жүйе: есту, көру, зейінің тұрақтандыру, ұстап сезу, түсінігін қалыптастыру, қолдың ұсақ моторикасын, пассивті сөйлеу тілін

жене оны активті сөйлеу тіліне жетелеу. Өмірде барлық балаға қоршаған ортаны танып білуде ең керемет қару ол – көзімен көріп, қолымен ұстап көріп қабылдау.

Сол себепті мен педагог-дефектолог маманы ретінде балаларға ойынды ұсынбас бұрын, ойынның бала назар аударатындай түстері ашық түске боялғанына және жас ерекшелігіне сай жеңілден күрделіге бағытталатынына назар аударамын. Менің жұмыс тәжірибемдегі дамытушы ойындарымның қамтитын тақырыптары алуан түрлі. Ерекше балаларға білім беруде, дамытуда қолданатын басым көпшілік ойындарым – жабыстырмалы соының ішінде магнитті, баулармен, ермексазбен ойындарды да тысқары қалдырмаймын.

Енді сол ойындарға ерекше тоқтала кетсем. Мәселен, кіші жастағы балаларға арналған «Менің отбасым?» жабыстармалы ойыны арқылы бала отбасы мүшесін толық айта алмаса да, көлеңкесіне қарап, көбен көріп, көлеңкесіне қарап ажыратып әр отбасы мүшесін дұрыс орналастыра алады. Сондай-ақ аталған ойын бөлшектерін баланың ұсақ қол моторикасын дамыту мақсатында да пайдалануға болады. Түрлі-түсті күрішке боялған сенсорлы жәшік ішінде жасырылған ойын бөлшектерін саусақ ұштары арқылы тауып, сәкестендіруін сұраймыз. Әр ойынды педагог өзінің шеберлігіне қарай түрлендіріп қолдана алады. Бұл жабыстырмалы ойын түрін қыстырғыштармен де, баулармен де алмастыра аламыз. Балаларды сөйлеуге ынталандыру мақсатында жасалған ең қызықты ойындарымның бірі - мультфильм желісі бойынша жасалынған ойын түрлері. Мультфильм желісі арқылы жасалған ойын түрлері арқылы баланың ойлауын, есте сақтауын, қиялын және дыбыс шақыруға зейінін дамытуға болады. Мультфильм желісі арқылы жасалған «Бармақтар отбасы» ойыны – отбасы мүшесімен таныстыруда қолданса, «Бес қошақан», «Акуленок тур туру ру ру» және кеңінен таралған «Синий трактор» ойындарын QR код сканер арқылы ұялы телефонмен көрсете отырып, баланың есте сақтау қабілетін тексеруге және шапшаңдығын арттыру үшін ойнатуымызға болады. Яғни біз гаджеттерді тиімді жағынан осылайша қолдана аламыз.

«Не жасырылған?» – бетінде шөтің суреті, артында жануар суреті жасырылған жарықпен ойыналатын ойын түрі (фонарикпен). Бұл ойынды жарықтың көмегімен жасырылған жануарды атай отырып, сипаттап беруін сұрауға және сәйкестендіруге болады. Сондай ақ ол жануарлар не тжейді? Әр жануарішіне қорегін жасырып ол ойындада біз жарықты пайдалана аламыз. Бұл ойын арқылы баланың байқағыштығы, логикалық ойлауы, заттарды тану мен қатар ажырата алу деңгейін көре аламыз және дамытамыз. Қазіргі таңда бала тілінің тежелуі, «Ерекше балаларды әлеуметтендіру», «Ерекше балаларға инклюзивті білім беру» жан-жақты қарастырылып, логопед-дефектолог мамандары кең сұранысқа ие. Ерекше балалар әр нәрсеге сезімтал келеді.

Кез келген жағдайды қабылдау оларға қиындық туғызады, тез тіл табыса алуы ұзақ уақытты керек етеді. Ал, дамытушы ойын арқылы біз баланы өзін еркін ұстауына мүмкіндік бере аламыз. Ермексазбен ойнау барлық баланы қызықтырады анық. Қолмен ұстау арқылы белгілі бір формаға келтіру, суреттерге сай ермексазды жабыстырып шығуы ұсақ қол моторикасын дамытумен қатар, бір орнында ұзақ уақыт отыру, шыдамдылыққа тәрбиелейді.

Ол ойындарды тиімді қолдануым үшін Ермексазбен ойын-атты көп реттік нұсқасында жасалған бірнеше беттен тұратын ойыным бар.

Негізінде, барлық балалар сияқты ерекше балалардың да ойын ойнағысы келеді, бірақ оларға тіпті күнделікті өмірдегі жағдайлар да қиындық тудырады. Себебі, жай балаларға қарағанда олардың тәжірибесі аз. Сол себепті, арнайы білімді, біліктілікті, шеберлікті талап ететін, белгілі бір деңгейлерден өтуімен қатар, белгілі бір заңдылықпен балалармен жүйелі жұмыс жасап, дамытуымыз керек. Қазіргі таңда белгілі бір мақсатқа бағытталған, үй жағдайында да қолдануға болатын қол жетімді ойындар жасалуда. Мәселен, «Дене мүшелері», «Менің отбасым», «Жартысын тап?», «Кубикпен ойлан тап», «Сыңарын тап», «Екі қолмен көрсет», «Көлеңкесінен таны», «Көлігін тап?», «Төлін тап?», «Түстерді топтастыр», «Пішіндерді сәйкестендір» одан бөлек күрделі ойындар топтамасы қазақи құндылыққа арналған ойындарыммен ертегімен таныстыруда тиімді қолданатын ойын жинақтарым бар. Аталған ойындарды дұрыс таңдауда және ойынға қажетті материалды қолдан дайындау ол әрине педагогтардың шеберлігімен қоса біліміне, іскерлігіне қарай жасалынады. Бала дамуын жан-жақты ескере отыра, мен бүгінде жабыстырмалы ойындарды Photoshop (фотошоп) және PowerPoint (перезентация) компьютерлік бағдарлама арқылы құрастырып, тиімді қолдануға болатын әдіс-тәсілдерді қолданып жүрмін. Ойын ойнап ән салмай өсер бала деп айтқандай дана Абай. Ойындарымызды қолдануда ойымызды шашыратып алмай мақсатымен, жоспарын анық құрып алып соған сай жұмыс жүргізілсе баламен бірге ойын ойнау арқылы біз үлкен жетістіктеге жететініміз анық.

Қолданылған әдебиеттер

1. Жас ерекшеліктер педагогикасы. Қ.Р.Б. және ғылым министірлігі С.А. Мусаева, Т.Б. Бегалиев «Фолиант» баспасы Астана, 2006
2. «Математика және физика» журналы №1. – 2009, №2 - 2005, №2 - 2006, №2 - 2009, №3 – 2004
3. Фарков А.В. Дидактикалық ойындар
4. Меңжанова Ә. Мектепке дейінгі педагогика. – Алматы: РАУАН, 1992, 20-46 беті
5. Жумабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: ФОЛИАНТ, 2008. – 55-78 беті.
6. «Мектепалды даярлық» журналы №6 2009 ж. 19 –20 беті.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

*Бейсенова Жанбота Есімханқызы
№71 «Мәлдір» балабақшасы, тәрбиеші
Астана қ.*

Андатпа: Елімізде жүргізіліп жатқан тың реформалардың бірі – білім берудегі ізденіс жолы. Соның ішіндегі мектепке дейінгі ұйымдардағы жаңашылдықты

жан-жақты жетілдіруді бүгінгі күннің талабы. Қазіргі дамыған заманда бүлдіршіндерге ұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттау - рухани жаңғырудың басты мақсаты. Жас ұрпақ тәрбиесіне мән бере отырып, ұлттық құндылықтарымызды тәрбиеленуші санасына сіңіру қажет деп санаймын. Бүгінде мектепке дейінгі мекемедегі инновациялық технологиялар оқу-тәрбие процесін оқытуда түрлі әдіс –тәсілдермен қолданылып келеді. Бұл - Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда, педагогика теориясы мен оқу - тәрбие процесіне нақты өзгерістер енгізіліп келе жатқанын көрсетеді. Үздіксіз білім беруге көшу, компетенцияға негізделген білім, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, білім берудің ашықтығы, көкейкестілігі, іргелі білім беру, білімді ізгілендіру, білім берудегі инновациялық әдістер қолданыста.

Түйінді сөздер : инновация, технология, модел, экологиялық тәрбие.

«Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырда енді. Ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. Инновациялық үдерістің негізі-жаңалықтарды қалыптастыру, қолдану, жүзеге асыру. «Технология» ежелгі гректің «techno» - өнер, шебер, білгір және «logos» - білім, ғылым деген сөздерінен шыққан. Сонымен технология – шеберлік, өнерлік, білгірлік туралы ғылыми ұғым. Инновацияда, жаңалық енгізу, новация бір – бірімен тікелей пән ретінде байланысты. Инновациялық процесс түсінігі, ол барлық динамикалық процестерді қамтып, жаңалық аймағында процесуалдық аспектілер, барлық жаңалықтардың өзгеруіне байланысты.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

балаға ізгілік тұрғысынан қарау;

оқыту мен тәрбиенің бірлігі;

баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;

баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;

әр баланың дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Баланың оқу үрдісін сезінуі

Балабақша қабырғасынан бастап, Отан, ел, жер ұғымының киелі ұғым екендігін білу, салт-дәстүр тарихтың маңызын бойына сіңіріп өсіру-ең басты қағидат. Іс-әрекеттері арқылы ойлау дағдыларын, таным белсенділігін арттырып, баланың жан-жақты дамуына және жаңалықты тез қабылдауына әсер ету балабақшамыздың негізгі мақсаты. Балаларға сапалы білім, саналы тәрбие беру арқылы, денсаулығы мен физиологиялық дамуын қорғау және нығайту жолында табиғат сұлулығын, рухани қайырымдылыққа жетелеу , мейірімділікке, жақын адамдарға қамқор болуға үйретеміз. Экологиялық тәрбие беру Отанын жерін сүйуге, табиғатын аялап, қорғай білуге жетелеп келеміз. Осы арқылы адаммен табиғаттың бірлігі жайлы, қоршаған ортамен таныстыру, оның қоғам үшін, өзі үшін қажеттігін түсіндіру. Экологиялық мәдениетін қалыптастыру , жануарларға деген қамқорлығын ояту осы мақсатта түрлі жәндіктермен, үй жануарларымен балаларды таныстырамыз.

Ұлттық құндылықтарға негізделген әуелі төрт түлік мал жайлы мағлұмат

беру. Балаларға сиыр, қой, ешкі, жылқының суреті бойынша балалар ешкімді қайталамастан сөйлем немесе сөз тіркесін айтып шығу тапсырылды. Қалай дыбыс шығаратыны, төлдері қалай аталатыны адамдар не үшін асырайтыны жайлы түсіндірілген соң балалар өздері жарыса айтатын болды. Бұл шапшаң ойлауға, нақты дәлелмен сөйлеуге, сондай –ақ логикасының қандай дәрежеде екендігін айқын аңғаруға септігін тигізеді. Балалардың тіліндегі дыбыстарды қанық ету үшін дыбыс артикуляциясын дамытуға арналған әзіл – жаңылтпаштардың бөбектер үшін маңызы зор. Ойын – адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіріп, өз қажетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көрсетеді. Сюжетті-рөлдік ойындардың ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды. Ойынның дербес әрекеті айқын өнерпаздық және шығармашылық сипатта болады. Әр түрлі ойын түрлеріне балаларды ата-аналарымен бірге қатыстыруды қолға алып отырсақ балалардың шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асады. Белсенділігі мен қиялы дамиды, коммуникативтік қабілеттері жетілдіреді. Уақыттың маңызды әр секунды енжарлықты қаламайтынын да дәлелдеп берді. Мектепке дейінгі білім беру саласын арттыру жалпы қадырлармен байланысты. Сондықтан қазіргі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагог мәртебесі де көптеген өзгерістерге түсті. Бүгінде білім саласының қызметкерлеріне жауапкершілігі зор ауқымды міндеттер кезек күттірмесі анық. Ұлтқа қызмет етуді бала тәрбиелеу ісінен бастап жүргенім үшін теңдессіз бақыттымын.

Әдебиеттер

1. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. — //Қазақстан мектебі. – №4. – 2008
2. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008
3. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007
4. Әлқожаева Н. Педагогика: Оқу әдістемелік кешен. – Алматы: Қазақ университеті, 2006
5. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004

Балабақшада ақпараттық технологиялар арқылы балалардың танымдық қабілетін арттыру

*Адамбекова Айгуль Нургалиевна
№71 «Мөлдір» балабақшасы, тәрбиеші
Астана қ.*

Андатпа: Еліміздің өркендеуі мен гүлденуі-болашақ ұрпақ қолында. Бүгінгі күннің айдарындағы басты мәселе бала тәрбиесі. Бала тәрбиесі тәрбие жұмыстарында ғана емес, тәлім, таныс үрдістерінде жүзеге асады. Тәрбие мен білім өмір жолындағы үзіліссіз үрдіс. Егемен еліміздің ертеңіне өз үлесімізді қосқымыз келсе, балабақшадан бастау алып, бала бойына инновациялық технологиялады дарыту міндетіміз.

Қай ғасырда болсын ұлт өнерін өркендетуші сапалы, салауатты, парасатты ұрпақ тәрбиелеу-қоғам алдында әрбір тәрбиеші ұстаздың басты міндеті болып саналады.

Н.Ә. Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек» десе, III-тарауы 18-баптың 17-тармақшасында «Ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың жаңа нысандары бағытталған, мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр» делінген.

Кіріспе сөздер: Инновациялық технологиялар, Ақпараттық технологиялар, Инновация

Яғни, бүгінгі күні білім беру жүйесі жаңа педагогикалық технологияның негізделуін және де ақпараттық құралдардың кеңінен қолданылуын қажет етеді. Балабақшада оқу тәрбие үрдісінде жаңа технологияны пайдалану заман талабынан туындап отырған мәселе.

Бәсекеге қабілетті білім кеңістігін құруға Қазақстандық білім беру реформасын ең басты мақсаттарының бірі инновациялық технологияларға сүйене отырып, бүлдіршін бойына танымдық қасиетін қалыптастыру, шығармашылық ойлауды дамытуға мүмкіндік жасау болып отыр. Осындай күрделі мәселелерді шешуде мектепке дейінгі мекемелердің алатын орны ерекше.

Заманымызға сай қазіргі қоғамда ақпараттандыруда тәрбиеші ұстаздардың біліктілігін ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану саласын көтеру негізгі міндеттердің біріне айналды. Қазіргі заман талабына сай оқыту мен тәрбие саласына енгізілген жаңа бағыттағы тың үрдістерді әрбір тәрбиеші меңгеріп қана қоймай оны тәжірибеде орынды қолдана отырып, өз білімін, іскерлігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Жаңа өмірдің стандарты «Жалпыға бірдей білім, өмір бойы білім алу».

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуды ұйымдастыру бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың инновациялық тәжірибелерін пайдалану қажеттілігі факторлары жаңа стандарт жүйесінде іске асырылады.

Біздің МКҚК №71 «Мөлдір» балабақшасында оқу тәрбие үрдісінде заманауи талабына сай жаңа тәсілдер арқылы оқыту, тәрбиелеу жұмыстары жүргізіліп отыр.

«Еліміздің ертеңі-бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында»-деп тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев айтқандай балабақшада баланың таным үрдісін ізгілендіру мақсатында көптеген оқу-тәрбие үрдістері, жан-жақты ұйымдастырылып өткізіледі.

Балабақша ішілік «Ана тілім - айбыным» апталығында балабақша топтары арасында сайыс ұйымдастырылып, сайыс шарттары бойынша слайд, видеороликтер жасақталды.

«Менің Отаным – Қазақстан!» атты балабақша ішілік апталықта ән-саз, көркем сөз, қолөнер, сурет байқаулары ұйымдастырылды. Жаңа әндер орындалды. Балабақша бүлдіршіндері «Көк тудың желбірегені» әнімен және «Қазақстан» биімен дараланып көзге түсті.

Балабақшада балабақша меңгерушісі Ж.А. Жүсіпалиеваның қолдауымен қала көлемінде семинар ұйымдастырылды. Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымда денсаулық сақтау технологиялары арқылы, қолдану арқылы бала денсаулығын нығайту». Семинарда жаңашылдыққа байланысты музыка жетекшісі А.Х. Әбілбекова «Саздан шыққан Сазсырнай» оқу әрекетінде жаңа технологияларды кеңінен қолданып өткізді. Осы аталған семинардағы барлық өтілген іс – шараларда жаңа технологиялар қамтылды. Ата – аналар да қатысып, өздерінің ризашылықтарын білдірді.

Мектепалды, ересек топтарында «Компьютер әлемінде», ортаңғы, кіші топтарында «Ғажайып мультфильм әлеміне саяхат» ашық оқу әрекеті өткізілді.

Мақсаты компьютер әлемімен және қазақша мультфильмдермен таныстыру; жаңа технологиямен оқу әрекетін өткізу, балаларды жаңа технологиялық ақпаратпен таныстыра отырып, балалардың қызығушылықтарын арттыру.

Балабақшада өткізілген әр мерекелік іс-шара, апталық, айлық, түрлі ашық оқу әрекеттер аудио-видео құралдарымен түсіріліп, таспаға уақытында жазылады. Тәрбиеленушілер өздері түскен іс-шараларды үнемі экраннан тамашалайды.

Инновациялық білім беру құралдарына аудио, видео құралдары, компьютер, интерактивты тақта, ғаламтор, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, оқу әдістемелік көмек, скайппен хабарласу, инновациялық сайт, кюар код және т.б. жатады.

Балабақшамыздың өзіндік сайты бар: [Moldir-71](#)

Сайтқа әрбір өткізілген іс-шара, ашық оқу әрекеттер, фото көрме, балабақша туралы мәліметтер мен түрлі жаңалықтар уақытылы жіберіліп отырады.

Дене шынықтыру маманы М.С. жаңашылдық танытып видео экранмен «Ойын ойнай отырып шынығамыз» атты оқу қызметін өткізді. Нәтижесінде балаларды жаңашылдыққа тәрбиеледі.

Барлық топтар арасында «Ең үздік топ!» атты сайыс өткізіліп, балабақшаның сайтына тіркелді.

«Балбала» тобының тәрбиешісі Б.Ш. Айдарова «Сиқырлы себет» іс-әрекетін музыкалық орталық арқылы өткізді. Ал, «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Ж.Е.Бейсенова жолда жүру ережесіне орай «Жолың болсын балақай!» оқу әрекетін видео экранмен өткізді.

Музыка жетекшісі жаңа видео экранды пайдана отырып бүлдіршіндерге түрлі оқу қызметтерін өткізіп келеді.

Балабақша тәрбиешілері тәрбиеленушілерге қазақ ертегілерін видео экранмен және топтағы мобильді кітапханасындағы ертегілермен таныстырады.

Балабақша бойынша психолог апталығы ұйымдастырылып, тәрбиешілер мен тәрбиеленушілерге түрлі тренингтер өтті.

Әр топ арасында дидактикалық, логикалық ойындар ұйымдастырылып балалардың таным қабілеттерін дамытуда компьютермен өткізілді.

3-6 жасқа дейін баланың негізгі іс-әрекеті ойын болса, осы кезеңде бала белгілі бір әлеуметтік рөлді қабылдайды. Баланы оқыту мен тәрбиелеуде күштеусіз бедел мен ықтиярсыз ойын түрлерін жүргізу арқылы балаға таным қалыптастыра аламыз.

Инновациялық процесс-педагогикалық жаңалықтарды енгізу болып отыр. «Инновация» ұғымы-жаңару, өзгерту, жаңашылдық дегенді білдіреді. Қазақстан Республикасының білім туралы заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп көрсеткен. Сол себептен қазіргі таңда даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту мен тәрбиелеу үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Олай болса келешек ұрпағымыздың жан-жақты, терең білімді, яғни интеллектәулі деңгейін жоғары болуына қойылатын талап зор. Заман талабына сай жаңашыл тұлға тәрбиелеуде нәтижелі жұмыс жасау алға қойған басты мақсатымыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Иржанова Ә. Жаңа стандарт негізінде бала танымын қалыптастыру. Республикалық ғылыми-педагогикалық журнал «Тәрбие құралы» №5, 2010 жыл. 39-41 б.
2. Омарова Р. 12 жылдық мектепке оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру. Оқу құралы. – Ақтөбе, 2007 ж.
3. Моргунов Е.Б. Позновательные процессы и способности в обучении. – М., 1990. – 321 бет.
4. Формирование творческих способностей: сущность, условия, эффективность: Сб.науч. тр. – Свердловск: СИПИ, 1990.
5. Сайт бетінен А.З. Сисенованың «Ақпараттық технология-бүгінгі күн талабы» атты мақаласы
6. Сайт бетінен Б. Жолмұханова «Ұрпақ тәрбиесі-ұлт болашағы» атты мақаласы.

Кіші мектеп жасына дейінгі балаларда толлоранттылықты қалыптастыру

Айешова Д.Р.

*Қарағанды облысы, Шет ауданы білім бөлімінің
«Нұрдәулет» бөбекжай МКҚК*

Бағыт: «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі»

Андатпа: Автор болашақ ұрпақтың жастайынан бәсекеге қабілетті болып жетілуі үшін түрлі технологияларды ұсынады. Ол әдістерді жобаға асырудың қаншалықты қоғамға маңызды екенін, сонымен қатар мақсат, міндеттерін де саралай өткен. ХХІ ғасырдың баласын тәрбиелеу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың озық тәсілдерін оңынан пайдалана білуі керектігін де ой-санасынан өткізе білген. Мекемеге де, тәрбиешіге де, бүлдіршіндерге де оңтайлы жолды қарастыра білген.

Менің арманымдағы инновациялық бөбекжай

Нағыз педогогтің мақсаты қандай? Баланы тәрбиелеуде балабақшаның орны қаншалықты маңызды? Жас бүлдіршіндерді «өмір» деген кезеңге аттандыру үшін қандай инновациялық тәсілдерді пайдаланған жөн? Осы бір қисыны қиын сұрақтардың жауабын менің мақаламнан таба аласыздар. Абай айтпақшы: «Баланың мінез-құлқының қалыптасуына үш нәрсе тірекші: Ата-анасы, ұстазы, достары». Осы үш қоғамның ата-анадан кейінгі ең маңыздысы ақылшысы, кеңесшісі болып келетін – ұстазы. Ал баланың алғашқы оқытушысы, ол – бөбекжайдағы тәрбиешісі.

Шыңында, баланы мектеп табалдырығын аттамай тұрып, санауға, түс ажыратуға, қоғаммен байланыс орнатуға үйрететін балабақша қабырғасындағы апайы. Білім ордасында ғана емес, достарының ортасында да сөзі өтетін, өз ойын білдіре алатын, алғыр бөбектерді тәрбиелеуде оған ұсынылатын материалдарға аса назар аудару керек. Мысалы, біздің қарапайым қосып беріп кететін мультфильмдеріміз. Балаңыздың теледидар, ұялы телефон алдында неше сағат отыратынын санап көрдіңіз бе? Статистикаға сүйенсек 23% бала ұялы телефонның құрбаны. Соның салдарынан бала кеш сөйлейді, ойды жылдам қорыта алмайды, баяу дамиды.

Бала дәрігері – педиатрдің кеңесі бойынша 2-5 жас аралығындағы балаға телефонда 1 сағаттан артық отыруға болмайды. Ал біз болсақ бір жастағы баланың өзіне телефон беріп алдаймыз. Осы қауіптің алдын алу үшін балабақша қабырғасында озық тәсілдерді іске асыру керек. Менің жеке идеям бойынша балаларға күніне бір сағаттаң аспайтын қазақ тіліндегі, ойды дамытатын, жақсылыққа үйрететін, баланы мейірімділікке бастайтын мультфильмдерді ұсыну керек. Оны тәрбиеші мен отырып талдау да аса маңызды. Әр бөлігінен қандай ой түйді, қандай затты қалыс жіберіп, түсінбегенің де сұрап, талқылау болашақта оның кемел адам болып жетілуіне үлкен үлес қосады.

Балалардың сонымен қатар сана-сезімдерін арттыру мақсатында түрлі интеллектуалдық ойындарды іске қосу керек. Бұл Қазақстанның әр өңірінде жүзеге асырылуы қажет деген маңызды жоспарларының тізімінде орын алуы маңызды. Мысалға түстермен оларға тән ерекшеліктерді сәйкестендіру немесе жануарды түрлерге бөлу сынды. Бұл бүлдіршіндерді қоршаған ортасындағы заттарды танып, ой өзегінен өткізуге оңтайлы тәсіл.

Инновациялық бөбекжай тәрбиеленушілерге қандай мүмкіндік береді?

- Ғылыми зерттеу және эксперименталды іс-әрекетке баулиды;
- Белсенді өмірлік әрекетімен бірге жоғары білімді азамат тәрбиелейді;

- Халықаралық деңгейде де бәсекелесе алатын тұлға қалыптастырады;

- Дәстүрлі және әлемдік білім беру жүйесіне сәйкес оқытылады;

- Өз ойын ашық бідіретін, пікір алмаса алатын бала тәрбиеленіп шығады.

Белсенді әдіс-тәсілдермен қамтылған бөбекжай рухани тұрғыда қашан да алдыңғы қатар да болады. Өзгелерден өзгеше болу мақсатында емес, толық адам бола алатын бала тәрбиелеуге бағытталған жоспарым әр балабақшаның төрінен орын алса деген ниетім бар. Балабақша деген өмірдің анасы-балалардың сүйікті апайы. Біздің тілде - педагог. Ал осы инновациялық модельдегі балабақша қалыптастыру үшін педагогтың рөлі қандай? Олбаланың анасынанкейінгі алғашқы қамқоршысы. Мақсаты мен міндеті басқа мамандық иелеріне қарағанда аса күрделі. Себебі, болашақта сол мамандық иелерін тәрбиелейді.

Көз алдыңызға елестетіңізші балабақша да балаларды тек теледидар алдына телміртіп, не болмаса бір ойыншықпен күні бойы ойнатқызып қойса ол қандай болып жетіледі? Үйге барғанда да ата-анасымен қандай байланыс орната алады? Осындай жайттардың алдын алу үшін балаларды озық ойлы, саналы болуына аса мән береміз. Мысалға біздің балабақша да әр апта да 2 мәрте бүлдіршіндерімізді көркемдік сабақтармен баулимыз. Бұл оларға қол маторикасының жылдам дамуына, оқуға деген қызығушылығын тудыруға жәрдемдеседі. Сурет салу, жабыстыру, қию, бояу, құрастыру сияқты қызықты әрі сапалы жұмыстарды жүзеге асырып, ата-аналарына ұсынамыз. Бала да ата-анасына мақтана алады, ата-аналарда баланың балабақша да қаншалықты жетіліп жатқанына көзі жетеді. Кітапханға бару, мұражаймен де танысу міндетті істердің қатарына жатқызылған. Қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, балаларды өз ауданымыздың түрлі қызықты жерлеріне апаруға тырысамыз. Бұл олардың жан-жағын тануға оны үйренге жол ашады.

Өз басым тәрбиешінің әрдайым ізденіс үстінде болып, баланы дамытса, бұл балабақшаны да көркейткенмен тең деп санаймын. Олардың өз құқықтарын білуін де біз басты назарға қоямыз. Себебі ол өзін әр жерде танып білуіне көмектеседі.

Еліміздің мәртебесін асқақтататын, өзін де жерінде әлемдік арена да танытатын жұлдыздарымызды тәрбиелейтін балабақшада инновациялық тәсілдердің мол әрі сапалы болуы кемел келешекке бастайды. Әрі оны балаға сіндіретін педагогтың осыған аса назар бөлуі де өмірлік парызының бір бөлігі. Шыңында бала қап емес, не болса соны сыйдыра беретін. Ол – шамшырақ, оны жаға білу керек.

Пайдалынған әдебиеттер

1. Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы «Болашақтың балабақшасы: дарынды баланы дамыту үшін жағдай жасау»; Қарағанды, 2019. – 60 бет

2. «Отбасы және балабақша» №6. – 2018 (қараша-желтоқсан)

**Балабақшада ойын технологиясы арқылы балалардың
шығармашылығын дамытудың маңыздылығы**

*Асанова Назерке Құрбаналықызы
№81 «Әсемгүл» балабақшасы, әдіскер
Астана қаласы*

*«Ойынсыз ақыл – ойдың қалыпты дамуы да жоқ
және болуы да мүмкін емес» В.А. Сухомлинский*

Мектепке дейінгі жас — ерік-жігер, әлеуметтік құзыреттілік қалыптасатын бірегей шешуші кезең. Ойын түрінде оқыту қызықты, ерекше болуы тиіс, бірақ, ойын-сауық емес. Мектепке дейінгі балаларды осындай тәсілмен оқытуды жүзеге асыру үшін, әзірленетін ойындық білім беру технологиясы анық белгіленген және қадамдық сипатталған жүйесі бар әр түрлі ойындар болуы қажет. Педагог осы жүйені пайдалана отырып, нәтижесінде баланың сол немесе өзге де заттық мазмұны бар деңгейді меңгеретініне сенімді болуы қажет.

Әрине, баланың бұл жетістік деңгейі диагностикалауды талап етеді, ал педагог пайдаланылатын технология диагностикаға сәйкес материалдарды қамтамасыз етуі тиіс.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі.

Педагогикалық ойын технологиясы — педагогикалық процесті әртүрлі педагогикалық ойындар түрінде ұйымдастыру. Бұл педагог қызметінің дәйегі бойынша: іріктеу, әзірлеу, ойындарды дайындау; балаларды ойын қызметіне қатыстыру; ойынды қорытындылау.

Ойын технологиясы балабақшаның тәрбие және білім беру тараптарымен оның негізгі міндеттері шешімімен тығыз байланысты.

Ойын технологиясы балаға: өзіне аса маңызды әлеуметтік рөлдерді «тәлімгерлер мүмкіндігін»; оқытылатын құбылысқа қатысты (қанағаттандыруға бағдарланған танымдық қызығушылықтарын және шығармашылық қуаныш); «шынайы өмір» уақытында біраз өмір сүруді береді.

Ойын технологиясының мәні ойын-сауық және демалыс ғана емес, егер дұрыс басшылық жасалатын болса, оқыту тәсілі; шығармашылық қызметті іске асырушы; әдіспен емдеу; ең бастысы баланың ортаға әлеуметтенуінің бірінші қадамы болып табылады.

Ойынның тәрбиелік және оқыту мағынасы мынаған тәуелді:

— ойын қызметінің әдістемесін білуіне;

— ойын түрлерін ұйымдастыру немесе басшылық жасау кезінде педагогтың кәсіби шеберлігіне;

— жас және жеке мүмкіндіктеріне.

Қазіргі кезеңде ойын қызметі өзіндік технология ретінде пайдаланылуы мүмкін: тақырыпты меңгеру үшін немесе оқылатын материалдың мазмұны ретінде; сабақ немесе оның бір бөлігі (кіріспе, түсіндіру, бекіту, жаттығу, бақылау) ретінде; МДМ қалыптасқан ұжымға білім беру бағдарламасының бөлігі ретінде.

Ойын, әдетте, балалардың жеке бастамасы, сондықтан педагогтың басшылығы ойын технологиясын ұйымдастырудың талаптарына сәйкес болуы тиіс:

- Ойынды таңдау — өз рұқсатын талап ететін тәрбиелік міндеттерге байланысты, бірақ, балалардың мүдделерін және қажеттіліктерін қанағаттандыру құралы болуға тиіс (балалар қызығушылық танытып, ойынға белсенді әрекет етеді және нәтижесін алады);

- Ұсыныс — ойын проблемасы құрылады. Оны шешу үшін түрлі ойын міндеттері: қағидалары мен іс-қимыл техникасы ұсынылады;

- Ойынды түсіндіру — қысқа, анық, тек балалардың қызығушылығы пайда болғаннан кейін айтылады;

- Ойын жабдықтары — ойынның мазмұнына барынша сәйкес келуі тиіс;

- Ұжымдық ойынды ұйымдастыру — әрбір бала өзінің белсенділігін және ұйымдастырушылық біліктілігін танытуына болады. Осылайша, ойын міндеттері тұжырымдалады. Балалар ойын барысына қарай жеке-жеке, жұппен немесе топтармен, ұжыммен жұмыс істей алады.

- Ойынның жағдайын дамыту — мынадай қағидаттарға негізделеді: балаларды ойынға тарту, мәжбүрлеудің болмауы; ойын қарқынын ұстап тұру;

- Ойынның аяқталуы – нәтижелердің талдануы нақты өмірдегі іс жүзіне бағытталуы тиіс.

Педагогикалық ойынның ойын технологиясындағы басты белгісі — нақты қойылған оқыту мақсаты мен оған сәйкес келетін педагогикалық нәтижелері сипатталатын оқу-танымдық бағыттары. Педагогикалық ойындар әр түрлі болып табылады. Олар түрлі болуы мүмкін:

1.Қызмет түрі бойынша — қозғалыс, зияткерлік, психологиялық және т.б;

2.Педагогикалық процесстің сипаты бойынша — оқыту, жаттығу, бақылау, танымдық, тәрбиелік, дамытушы, диагностикалық.

3.Ойын әдістемесінің сипаты бойынша — ережелі ойындар; ойын барысында ережелері белгіленетін ойындар; ойын шарттарына байланысты ережесі белгіленетін ойындар.

4.Мазмұны бойынша — музыкалық, математикалық, логикалық және т. б.

5.Ойын жабдығы бойынша – үстел үсті, компьютерлік, театрландырылған, сюжеттік-рөлдік, режиссерлік және т. б.

Ойын технологиясының басты компоненті — педагог пен балалардың тікелей және жүйелі қарым-қатынасы.

Оның мәні:

- тәрбиеленушілерді жандандырады;
- танымдық қызығушылығын арттырады;
- эмоциялық өрлеуді тудырады;
- шығармашылықтарын дамытуға ықпал етеді;
- нақты тұжырымдалған ойы шарттары оқу уақытын барынша шоғырландырады;
- материалды игеруге байланысты ойын іс-әрекеттер есебінен туындаған қиындықтар немесе жеңілдетілген ойын міндеттерінің деңгейін педагогқа стратегиясы мен тактикасын ауыстыруға мүмкіндік береді.

Ойын технологиясы арқылы балаларда өзіне деген сенімділік пайда болады. Тәжірибе көрсеткендей, мектепке дейінгі балалар ойын жағдайға жақындатылған шынайы өмір сүру жағдайларын, кез-келген қиындықтарға әрекет ете отырып, материалды оңай меңгереді.

Ойындардың негізгі мақсаты - балаларың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуға, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының іс-әрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру.

Тіл дамытуда ойынды көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, ойыншықтар, музыка және т.б. материалдар сабақты көркемдеп отырса, балалардың сөздік қоры біршама толығады, ауызша сөйлеу түрлері кеңейеді. Ойын арқылы балалардың тілдерін дамытып, сөздік қорын байытады, жаңа материалды жақсы қабылдайды, есте сақтайды, зейіні дамиды, қызығушылығы артады. Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Омыраудағы баланың өзіне саусақтағы бас миымен байланысқан активті нүктелеріне әсер ете отырып массаж жасау керек. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау. Ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни, жазу, сызуға үйренудің маңыздысы болып саналады.

Қорыта келгенде, жоғарыда келтірілген көптеген жаңа инновациялық технология түрлері, оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдарын игеру әр тәрбиешінің өз қызметіне қарым-қатынасын танытады.

Әдебиеттер

1. Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі
2. Касаткина Е.И. Игра в жизни дошкольника. — М., 2010
3. Касаткина Е.И. Игровые технологии в образовательном процессе ДОУ//Управление ДОУ. — 2012. — №5.
4. Карпюк Г.А. Реализация права ребенка на игру. //Старший воспитатель. — 2007 — №6.

5. Пенькова Л.А., Коннова З.П. Развитие игровой активности дошкольников.

Бейнелеу өнерінде балалардың шығармашылық белсенділігін дамыту

*Булекова Нуржамал Еламановна
«Ақбөбек» бөбекжай-бақшасы, тәрбиеші
Атырау облысы, Жылыой ауданы*

*«Сурет салуды сую – өмірді, табиғатты, айнала қоршаған ортаны сую.
Ол адамның ақыл-ой парасатын өсіреді, танымын кеңейтіп, ізгілікке,
әсемдікке үйретеді, өмірдегі келеңсіз құбылыстармен ымырасыз
күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне деген
сүйіспеншілікке баулиды»
Ә. Төлеубаев*

Бейнелеу өнерінің мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілетін дамытуда алатын орны ерекше. Бейнелеу өнерінің басты міндеті – балаларға бейнелеу өнерінің барлық түрлерінен жалпы мағлұмат беру, қарапайым заттардың суреттерін бейнелеуді, өмірдегі жақсы мен жаманды ажырата білуге үйрету және оқыту арқылы балалардың эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. Әрбір бала бейнелеу өнері арқылы өзін қоршаған ортадағы заттардың әдемілігін, табиғаттың әсемдігін және осы әдеміліктерді көріп сезіну арқылы өзінің шығармашылық қабілетін жетілдіре алады.

Бейнелеу өнері шығармашылық жұмыстардың әр түрлі тұрпаттары мен әдіс-тәсілдер түрін пайдалану баланың сурет салудағы шығармашылық тәсілдерін игеруге көмектеседі. Қоғамда, айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер, шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда шешім қабылдай алатын жеке тұлғаның алдына үлкен талаптар қояды. Балабақшада бейнелеу ұйымдастырылған іс-әрекеті сурет салу, мүсіндеу, жапсыру сияқты ұйымдастырылған іс-әрекет түрлерін қамтиды. Баланың айналасындағы дүние туралы әсерлерін бейнелеуде осы түрлердің әрқайсысының өз мүмкіндіктері бар. Сондықтан бейнелеу ұйымдастырылған іс-әрекетінің алдында тұрған жалпы міндеттер әрбір түрдің ерекшеліктеріне, материалдың және онымен жұмыс істеу тәсілдерінің өзгешеліктеріне қарай нақтыланады.

Бейнелеу өнері өзінің бай тарихы, терең мазмұнды алуан түрлі ерекшеліктерімен жас ұрпаққа рухани, эстетикалық тұрғыда әсер етіп, балалардың саналы қасиеттерін дамытатыны анық.

Бейнелеу ұйымдастырылған іс-әрекетінде дәстүрден тыс әдістерді қолданудың тиімділігі.

Білім беру жүйесіндегі жүргізіліп отырған реформалау-қазіргі күннің талабы. Реформалауды жүзеге асырудың жаңа бір сипаты, ол қазіргі уақыттағы оқыту мен тәрбие беру процесінде жаңа педагогикалық технологияларды енгізу

болып отыр. Оқу-тәрбие процесіндегі жаңа педагогикалық технология дәстүрлі оқыту процесін мүлдем жоққа шығаруға болмай, керісінше, оны дәстүрден тыс әдіс-тәсілдермен, жаңа мақсат- міндеттермен байыту болып табылуы керек. Жаңа педагогикалық технология дегенді- тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы деп түсінетін болсақ, ол- педагогикалық жүйенің негізгі мақсаты: жан-жақты дамыған немесе өздігінен дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру;-осыған орай, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекетінде дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы балалардың шығармашылығын дамыту мақсатында жұмыстанып келемін.

Білім жүйесін реформалаудағы алға қойылған мақсат-міндеттерді орындау барысында бейнелеу өнерін оқытудың маңыздылығы ескеріліп, басқа пәндермен бірдей деңгейде қарастырылуда. Бейнелеу өнерін оқытудағы жаңа педагогикалық технологияларға тоқталатын болсақ, ол — соңғы техникалық құралдармен жабдықталған, шығармашылық ізденістен туындаған дәстүрлі және дәстүрден тыс әдіс-тәсілдердің жүйелі бірлігі.

Сурет салудағы дәстүрден тыс әдістер және оны жас ерекшелігіне байланысты қолдану:

1. Саусақпен сурет салу-бұл кезеңде саусақтар арқылы жұмыс жасайды, яғни саусақтарының басын ыдыста құюлы тұрған субояққа малып, қағаз бетіне өздері қалаған бейнені түсіру әдісі. (2 жастан бастап)

2. Алақанмен сурет салу- ыдыстағы субояққа алақандарын батырып, сол күйі ақ қағазға бастыра отырып, бір бейне шығару әдісі. (2 жастан бастап)

3. Тығынмен бастырмалап сурет салу-балалар қолдарына жекелеп таратылған тығынды бояуға ұқыпты батырып, қағаз бетіне керекті бейнені түсіру әдісі. (3 жастан бастап)

4. Картоптан жасалған бастырмалармен сурет салу- алдымен картоптан қажетті пішіндер ойып дайындалып алынады, сол арқылы балалар субояққа бастыра отырып, қажетті өрнектер түсіреді. (3 жастан бастап)

5. Паралонмен сурет салу - бұл әдісте балалар қолына паралон қиындылары беріледі, сол арқылы субояқтың көмегімен қажетті бастырманы қағаз бетіне түсіреді. (4 жастан бастап)

6. Картон қағазбен бастырмалап сурет салу-картон қағаздың бір жақ шетін субояқтағы өздеріне керек түске малып, қағаз бетіне бейне түсіру әдісі. (4 жастан бастап)

7. Сия тамшысы- қылқаламды сұйықтау етіп бояуға батырып, оны қағаз бетіне үрлеу арқылы түсіріп, бейне шығару әдісі. (5 жастан бастап)

8.Жіп таңбасы- қағаздың орта бөлігіне қажетті көлемде және қажет мөлшерде субояқ түсіріп, оны екіге бүктеп, бір жағынан бастыру арқылы жіпті жүргізіп бейне шығару әдісі. (5 жастан бастап)

9. Шашырату арқылы салу- тіс щеткасы немесе қылқаламды пайдалана отырып, қағаз бетіне шашырату арқылы бейне түсіру әдісі. (5 жастан бастап)

Ұйымдастырылған іс-әрекетінде қолданған осындай дәстүрден тыс әдістердің негізгі артықшылықтары мен тиімді жақтары және қол жеткізген нәтижелерім де бар. Дәстүрден тыс әдістерді қолдану балалар бойында шығармашылық

ізденіске деген құштарлығын арттырып, баланың өзінің оқу іс-әрекетке деген зейінін бөліп, қызықтыра түсті. Оқытуды қызықты ойын, ұжымдық жұмыс ретінде ұйымдастыру балалардың өз-өзіне деген сенімін арттырды. Өнерді өз өмірінің құрамдас бір бөлігі ретінде көруге, өзінің және өзгенің жұмысына құрметпен қарап, саналы түрде талдап, баға беруге үйренді.

Жаңа технологияларды пайдалану жолдары.

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни әр баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан-жақты дамыту керек.

Жаңа технологияны меңгеру педагогтың интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Жаңа технология түрлерін бейнелеу өнерінде пайдалану, баланың шығармашылық, интеллектуалдық қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі.

Жаңа технологияларды пайдалану мына кезеңдер арқылы іске асады:

I кезең: оқып-үйрену;

II кезең: меңгеру;

III кезең: өмірге ендіру;

IV кезең: дамыту.

Қоғамда ақпараттандыру құралдарының кеңінен қолданылуы, оқу процесін ұйымдастыруға, сол сияқты білім берудің мазмұнын өзгертуге де елеулі ықпалын тигізеді. Білім беруді ақпараттандыру жағдайында арнайы пәндердің сапасын көтеру – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Жаңа заман талаптарына сәйкес құзыретті маман дайындауда ақпараттық технологияның маңызы ерекше. Жаңа технологиялар - педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал. Компьютер мүмкіндіктерін педагогика тұрғысынан талдай отырып, керек кезінде негізгі талаптарға сай қолданған жөн. Педагог компьютерді қосымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден ақпараттар беру үшін, сонымен қатар, түрлі технологиялық операцияларды анимация арқылы көрсету үшін пайдалана алады. Қажетті ақпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уақыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде ақпараттың қолжетімділігін жоғарылатады, ақпараттық технология бойынша электрондық құрылғылармен жұмыс істеу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады. Осы тұрғыдан алғанда бейнелеу өнерінде интерактивті тақтаның мүмкіндігін пайдалану оқу қызметі барысында оқу материалын толық жеткізуде өте тиімді. Интерактивті тақтаның түрлі құралдары бейнелеу заңдылықтарын, бейнелердің салыну кезеңдерін түсіндіруде маңызды роль атқарады.

Интерактивті тақтаның тиімділігін мынадай бағытта саралап айтуға болады:

1. Бейненің салыну кезеңдерін дайын геометриялық фигуралар немесе сызықтар арқылы тиімді көрсету;
2. Сан алуан түстерді бейнелердің ерекшеліктеріне сай қолдану;

3. Түрлі нысандарды тез қозғалта немесе көлемін өзгерте отырып, композиция құрастыруда уақытты үнемдеу;

4. Жаңа материалды түсіндіру барысында бейнелерді анимация арқылы қозғалта отырып, балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру;

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары балалардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Оларды бейнелеу өнерінде оқытуда тиімді етіп пайдалану педагог шеберлілігіне байланысты. Осы мақсатта интерактивті тақтаны қолдана отырып, слайдтар арқылы оқу қызметін қызықты өткізуге тырысамын.

Мен осы тұрғыда Сурет салудан «Сегізаяқ» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекетін өткіздім. Бұл ұйымдастырылған іс-әрекетімде дәстүрден тыс әдіспен, яғни картоп бастырмасы және мақта таяқшасы арқылы сегізаяқтың суретін салдырттым. Сонымен бірге жаңа технология әдістерінен сегізаяқтың құрылысы мен су асты тіршілігі туралы бейнебаян көрсете отырып түсіндірдім. Сегізаяқтың суретін дәстүрден тыс әдіс-тәсілдермен салуды слайд және аудиожазба арқылы көрсеттім. «Мекенін тап» дидактикалық ойынында балалар судағы тіршілік иелерін аквариумға салып, құрлықты мекендейтін жан-жануарларды өз мекендеріне (қораға, орманға, жазық далаға, тауға) орналастырды.

Мектепке дейінгі ұйымдарда бейнелеу ұйымдастырылған іс-әрекетін ұйымдастыруды тұлғаға бағдарланған тәрбиелеу мен білім беру үрдісінде интерактивті әдіс-тәсілдерді, жобалау және зерттеу іс-әрекетін пайдалану арқылы жүзеге асыру көзделеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық құндылықтарын арттыру.

Елдің әлеуметтік, экономикалық, рухани даму деңгейі сол қоғамдағы жеке адамның шығармашылық мүмкіншілігіне байланысты. Себебі, «Отан от басынан басталады» демекші қоғам адамдардан тұрады. Ал қоғамның жан-жақты дамуы әрбір адамға тікелей байланысты. Әрбір адам шығармашылық қабілетке тумысынан бейім келеді. «Шығармашылық» деген сөздің төркіні, этимологиялық «шығару», «ойлап табу» дегенді білдіреді. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке жету деп түсіну керек.

Шығармашыл тұлғаны тәрбиелеуде бейнелеу өнерінің орны ерекше. Қазақстан Республикасының «Білім беру туралы Заңында» жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі деп көрсетілген. Олай болса, мектепке дейінгі кезеңнен шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда бейнелеу өнері әрекетінің орны ерекше.

Мектеп жасына дейінгі балалардың ең сүйікті әрекеттері сурет салу, мүсіндеу, жапсыру кезінде заттар мен құбылыстар туралы түсінігі қалыптасып, көркемдеп бейнелеуге және өзінің сол затқа қатынасын жаңа оймен бере білуге дағдыланады. Мектепке дейінгі кезеңдегі шығармашылық қабілеттің

дамуы мектеп жасына дейінгі балаларда бейнелеу өнерінде пішін және бояуды сәйкестендірудің басқа жолын іздеуі. Көркемдік шығармашылық әрекет баланы көңілсіз жағдайдан шығарып, жүйкеге түскен салмақты түсіріп, эмоциональды көңіл-күй туғызады. Сондықтан балабақшада баланың басты әрекеті ретінде бейнелеу өнерін енгізген маңызды болып саналады. Бала сурет сала, қия және желімдей келе, бірінші кезекте өзі үшін субъективті жаңа бұйымды алады. Бала үшін мұның маңызы зор. Балалар суретшілер тәрізді жасамаса да, мектепке дейінгі кезеңде бірнеше көркем бейнені жасай алады. Осының өзі оның жеке тұлға болып дамуында із қалдырып, нағыз шығармашылықтың тәжірибесін меңгеріп, оны болашақта пайдалана білетіндей болады.

Баланың шығармашылығын үздіксіз бақылау, тәрбиелеу барысында мен балаларға өзін қоршаған ортамен байланыстыра бейнелеуді тапсырдым. Бейнелеу барысында балалар өзін қоршаған орта мен үйлер суретін салу арқылы өз ойын жеткізуге тырысты. Осы бағытта балаларға сұрақтар қою арқылы зерттеу жұмысы мен талдау жүргізілді.

Мысалы: (сен не салдың?) деп баланы ойға салу керек. Осы іс-әрекет барысында қоршаған айналамен танысу, ұғыну үшін салынған бейнені бала шығармашыл қиялмен жетілдіре түсуге тиіс. Алғашқыда бұл сұраққа бала үндемей жауап қайтармауы мүмкін. Бұл ұғынысты нәрсе. Бала мақсат қоя алмаған. Бұл уақытта асықпаған дұрыс. Мектеп қабырғасының бастауыш буынына қарағанда балабақша жасындағы балалардың зейіні тұрақсыз болып келеді.

Балабақшадағы балалардың қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды. Біріншіде, кез келген бала оқу қызметінде адамзат баласының осы кезге дейін жинақталған тәжірибесін меңгерсе, екіншіден, кез келген бала шығармашылық әрекеттер орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады. Бүгінгі күні балабақша балалары кез келген шығармашылық тапсырмалар шешуді табыспен меңгере алады. Тек ол жұмысқа дұрыс басшылық жасай білген жөн.

Өз баяндамамды қорыта келе, қазіргі уақытта балалардың шығармашылық даму деңгейі оқу жылының басына қарағанда жоғары екендігін айта кеткім келіп отыр. Бұған дәлел білім көрсеткіш деңгейінің мониторингісі. Сондықтан, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға балабақшамызда бейнелеу өнерінде дәстүрден тыс әдістер мен жаңа технологияларды енгізуге аса көңіл бөлінеді.

Бейнелеу өнері негізінен, балаларға эстетикалық тәрбие беруге бағытталады. Бейнелеу өнерінің басты құндылығы да осында. Біз болашақта бәсекелестікке қабілетті шығармашылық құндылыққа бай еліміздің ертеңдерін тәрбиелеп шығарамыз десек, оны балабақша қабырғасынан бастағанмыз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Байжігітов. Бейнелеу өнерінің теориялық мәселелері. – Атырау: Өнер, 2005

2. Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технология А.2001
3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология А.2004
4. Әмірғазиз Қ. Қазақтың бейнелеу өнері. Алматы., “Өнер”. , 1969
5. Аманжолов С.А. Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесінің теориясы және технологиясы. – Астана: ЕҰУ, 2009. – 6 б.
6. Жұмабекова Ф. Бейнелеу өнері бойынша дидактикалық ойындар – Алматы: РАУАН, 1994.
7. Төлебиев Ә. Сурет сала білесің бе? Алматы: Өнер, 1990

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

*Есмагамбетова Гульдана Жумабайқызы,
КМҚК «Колокольчик» б/ж балабақшасы
Саран қ.*

Өзінің мемлекет болып қалыптасу және даму тарихында көптеген сын сағаттарды, сындарлы кезеңдерді басынан өткерген Қазақстан халқы тағы да жаңа белеске көтерілу. Мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық үдерістердің инновациялығы – мектеп жасына дейінгі балалардың тиімді дамуына себін тигізетін жаңа технологияларды. Педагог пен баланың өзара әрекет етуі жүзеге асырылатын оқытудың интерактивті әдістерін қолдану барынша маңызды бола бастады. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмыстарына заманауи білім беру бағдарламалары мен технологияларын ендіру бойынша бірыңғай талаптар және практикалық ұсыныстармен қамтамасыз етуге бағдарланған және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие сапасын және тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға бағытталған. «Мектепке дейінгі ұйымдардағы инновациялық педагогикалық технологиялар» диагностикасын жүргізу материалдарына талдау, қолданылатын технологиялар жұмысының ерекшеліктерін анықтау және әртүрлі жас топтарында туындайтын қиындықтарды, мәселелерді шешу жолдарын айқындау;

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдардың материалды-техникалық базасын нығайту және жетілдіру; мектепке дейінгі ұйымдарда әртүрлі әдістемелік шараларды қолдану арқылы педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыру; педагогтардың мониторинг нәтижелерін практикалық қызметте қолдану қабілетін дамыту;
- инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану мәселесі бойынша педагогтар арасында тәжірибе алмасу жүйесін ұйымдастыру;
- педагог пен балалардың бірлескен іс-әрекетінде инновациялық педагогикалық технологиясын қолдану арқылы олардың өзара әрекет ету үлгісін өзгерту.

Ойын — мектепке дейінгі жастағы бала қызметінің жетекші түрі, тиімді әдісі және балалардың сөйлеу белсенділігін ынталандыратын оқыту мен тәрбиелеудің бір түрі.

Ойын балалар үшін айналаны танып-білу тәсілі. Ойын кезінде бала өзін еркін ұстайды. Дидактикалық ойындар арқылы балалар қоршаған ортадағы заттармен танысып, қасиеті мен сапасын ажыратуға, әртүрлі құбылыстардың ерекшеліктерін білуге талпыныс жасайды, өзіне қажетті көптеген мәліметтер жинайды және олардың сөздік қорлары кеңейеді. Л.С.Выготскийдің айтуы бойынша, «Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы»

Балабақшада легио-конструктор мектепке дейінгі мекемелер жұмысында жаңа бағыт болып табылады. Бұл тек қана құрастыру ғана емес, сонымен қатар мектепке дейінгі жастағы балалардың техникалық дағдыларын, ұжымда жұмыс істей алу іскерлігін дамыту құралы.

Құрастыру кезінде ұсақ моторикасымен бірге, баланың ойлау қабілеті дамиды. Легио арқылы оқыту ойын түрінде жүзеге асады.

Құрастырмалар жеңіл болғандықтан оларды кез келген кеңістікте пайдалануға болады. Мәселен, үстел үстінде, кілемшенің үстінде т.б. Бала еркін сезіне отырып, құрастырмаларын жалғыз немесе топпен де, жұппен де ойнай алады. Конструкторлар баланың үйлесімді және жан-жақты дамуына көмектеседі. Конструктілеу мен робототехника жаңа заманауи бағыт.

Арт — терапия баланың бойында төмендегі құзыреттіліктерді қалыптастырады:

1. Шығармашылық құзыреттілік
2. Танымдық құзыреттілік
3. Интеллектуалдық
4. Коммуникативтілік құзыреттілік

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы қызығушылықты ояту, мағынаны тану, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі. Осы технологияны тәрбиешілер әр сабақтың ерекшелігіне қарай қолдануына болады. Бес жолды өлең, Венн диаграммасы, Еркін жазу, Миға шабуыл т.б.

Монтессори әдістемесі бала-бақшаның педагогикалық процесінің маңызды бөлігіне айналды.

Орындау мақсатында:

- балалардың физикалық және психоәлеуметтік саулығын нығайту;
- балаларды ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға баулу;
- патриоттық, толеранттық, рухани және адамгершілік негіздерін қалыптастыру («Рухани жаңғыру», «Мәңгілік ел», «Туған жер» бағдарламасы Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша индикаторлар жүйесін енгізуді атап көрсетті.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі- білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы. Қай елдің болмасын өсіп- өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім беру- бүгінгі күннің басты талабы. Қазақстанды жарқын болашаққа жетелейтін тәрбиелі де білімді жеткіншектеріміз халқымыздың аңсап жеткен тәуелсіздік туын жықпай, желбіреті білуі тиіс. Өйткені, ата-бабаларымыздың тәуелсіздік жолындағы сан ғасырлық арманын, осынау ұлан байтақ жерін қорғап, осы

уақытқа жеткізгені баршамызға аян. Жаңартылған білім мазмұны бойына сіңген «Мәңгілік Ел» ұрпақтары осындай текті бабаларымыздың ұрпағы екенін сезініп, «Тәуелсіздік», «Мәңгілік Ел» ұғымдарын қастерлеп өсуге міндетті. Жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын, білімді «Мәңгілік ел» ұрпағын тәрбиелеуде мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілерінің алдында үлкен жауапкершілік тұр. Заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнын балаға меңгертуде тәрбиеші жаңашыл болуы керек. Тәрбие мен білімнің бастауы, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдағы- мектепке дейінгі мекемелер. Осы тұста Мұхтар Шаханов ағамыздың мына бір сөзі ойға оралады. «Бала жүрегі кішкентай күйсандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Ұстаздың қолында үнемі сол кілт жүруі керек» дегендей тәрбиешілер үнемі ізденісте болуы тиіс. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан, жаңартылған білім беру жүйесін болашақтың талабына сәйкес дамыту тиіс.

Заманауи жаңа технологиялар – бұл білімнің басымды мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әр позиция басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды.

Жаңа заман баласы ертеңгі еліміздің болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін, тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай туғызу қажет. Әрине, ол үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуында педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығына байланысты. Яғни, педагогикалық технологияны қолдану негізінде келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндеті. Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде оқыту, тәрбие беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан-жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

ТРИЗ - дің мақсаты - тек қана балалардың қиялын ғана емес, сонымен қатар шынайылықты түсініп жүйелі ойлауға, өзін - өзі тануға, қоршаған ортаның қиындығын байқауға және де өздерінің шағын қиындықтарын шешуге баулу болып табылады. Тризшылардың ұраны – «Барлығын айтуға болады!».

Көркем әдебиет арқылы балалардың тілін ТРИЗ технологиясының әдісін қолдана отырып дамыту. Балабақшадағы балаға берілетін бүгінгі тәрбиенің ең өзек алатын жері – ол ата-бабадан қалған асыл мұра. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеп, тілдерін дамыту мақсатында көркем әдебиет асыл-мұралары – жұмбақтар, ғажайып ертегілер, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, тәрбие әліппесі, аңыз әңгімелер, жырларды қолданудың маңызы зор тиімді тәсіл екені белгілі. Мен баланың тілін дамытуда көркем әдебиет жұмбақ түріне негізделіп жүргізген өзімнің жұмыс тәжірибем туралы сіздермен бөліскім келеді. Жұмбақтар тіл мәдениетін тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады. Жұмбақтар баланы байқағыштыққа, тапқырлыққа, баулып, ой-қиялын ұштастыра әсер етеді. Жұмбақ баланың ойлау қабілетін дамытады. ҰОІӘ-де жұмбақтарды балаға үйрету барысында «ТРИЗ» технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдандым. Осы технологияның жұмбақпен жұмысты айтып кетейін.

1. Тақырып таңдап алынады.

2. Ойдың жалпыдан жекеге, дербеске ауысуы.

3. Мысалы мен алдыңғы сабағымда ертегіге байланысты жұмбақтар алатын болсақ, тақырып тандалып алынады.

Мысалы: Бауырсақ

Қояннан кішкентай, тышқаннан үлкен, пішіні қарапайым, түсі ақшыл-сары дедік. Бұнда біз жүйелеп көрсетіп тұрмыз. Бала өз ойын ұшқырлап шығара алады. Сонымен қатар баланың ойы, қиялы дамиды. ойлау арқылы баланың тілі дамиды. Сөздік қоры молайып, жақсы қарым-қатынасқа жол ашады. Тәрбиеші мен балалардың арасында қарым-қатынас жүріп, әр бала өз қиялына ерік береді. Міне сол сияқты, Воскобовичтің ойындары – ойын ерекшелігін, ойлана отырып нақты түрде орындауға мүмкіндік береді, ойын ерекшелігі-көп атқарымдылық керек. Бір ойынның өзінде бірнеше тапсырмалар орындалады. Сан мен әріптерді байқатпай игереді. Түстерді біліп есіне сақтайды, ұсақ моторикалары дамиды, тілін жетілдіреді., кеңістік ойлауы, зейіні, есте сақтауы, қиялы дамиды. Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты: дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. **Ойын технологиясының ерекшелігі:** ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниені танудың тәсілі. Ол баланың жасына қарай өзін қоршаған ортаны танып білуге құштарлығын арттырады. Сандар құрамы бала үшін қиын, бірақ оны игеруге **Кюизенер** технологиясының көмегі зор. Кюизенер таяқшалары – түстер саны, қол арқылы әртүрлі дерексіз түсініктерді ұғынуға мүмкіндік беретін көпсалалы математикалық нұсқаулық болып табылады. Кюизенер таяқшалары санауға пішіндерді орналастыруда тиімді. **Дьенештің логикалық ойындары** баланың логикалық ойлауын, епшілдігін, талдау қабілетін, коммуникативтік дағдыларын логикалық тапсырмалар арқылы қалыптастырады, объектілердің әртүрлі қасиеттерін атауға, жоқ затты сөз арқылы көрсетуге, айқындауға үйренеді, есте бір мезгілде дерексіз заттың

бірнеше қасиетін сақтап тұруға үйретеді.
Денсаулық сақтау технологиясының негізгі мақсаты: Баланың денсаулығын нығайтуға, білім дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары баланың денсаулығы мен оның дене бітімінің қалыптасуына үлкен үлес қосады. Балалардың денсаулығын нығайту барысында біздің балабақшада бірқатар жұмыстар атқарылуда. Балалар күнделікті таңғы жаттығулар жасайды, хауызға барады, жаттығу бөлмесіне барады. **Дамыта оқыту технологиясы** – баланы оқыта отырып, дамыту. Бала бойына еркіндік, мақсаткерлік, ар-намыс, мақтанш сезім, дербестік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, белсенділік, т.б. қасиеттерді дамыту. **Ақпараттық технологиялар** деп оқыту педагогикасында арнайы техникалық ақпараттық құралдарды (интерактивті тақта, электронды-есептеуіш машиналар, аудио, бейне) пайдаланатын барлық технологияларды атайды. Компьютерлер білім беруде кеңінен қолданыла бастады, **«оқытудың компьютерлік технологиясы»** термині пайда болды. Қазіргі заман талабына сай енгізіліп жатқан жаңа бағдарламалар, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар арқылы балаға тәрбие мен алғашқы білім беру негізі – балабақшадан басталады. **Мнемотехника** – тіл дамытуда тиімді есте сақтау, оны дұрыс жеткізе білудегі әдіс пен тәсілдер жүйесі. Қазіргі кезде мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуда мнемотехниканы қолдану өзекті болып тұр. Бұл мақсатты іске асыру үшін, баланың тілін дамытуға әртүрлі тәсілдер мен әдістерді қолдану қажет. Қойылған мақсатты нәтижелі етуге қолданылатын тәсілдер: – көрнекіліктер, дидактикалық ойындар, суреттер, буындық кестелер, тірек-сызба, үлгілер, т.б. **Лулий шеңбері.** Мектепке дейінгі баланың тілін дамыту әрқашанда өзекті мәселе болып табылады. Сөздік қорын байытады. Дыбыс, сөз, буын, сөйлем құрудың структурасын үйретеді. Жаңа технологияларды қолдана келе ҰОІӘ және педагогикалық процессте топтың жұмысын жоспарлап жүргіземіз, сондықтан өткізілген ҰОІӘ және педагогикалық процесс мазмұнды, жүйелі, қызықты, балалардың жасына сай құрастырылады. **Қорыта айтқанда,** болашақ ұрпақ алдында ең бағалы құндылығымыз- егеменділігімізді сақтап, мұратымызға айналған, «Мәңгілік Ел» болу идеясын жүзеге асыруда болашақта да атқарар істеріміз мол. Ұлттық рухани адамгершілік құндылықтар арқылы жаңартылған білім инновациялық мазмұнын бойына сіңірген, тәрбиелі, білімді, еңбекқор, патриот ұрпақ тәрбиелейік. Ұрпақ тәрбиесі- ата-бабамыздан келе жатқан рухани мұра. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек. Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне апат әкеледі»- деп ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби айтқандай, қай елдің болсын бірлігінің қалыптасуы мен өркендеуі ұлттық тәрбие мен рухани құндылықтарымен сабақтасып жүзеге асады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазіргі заманауи оқу-тәрбие үдерісіндегі білім беру технологиялары Алматы, 2017.

2. «Мәңгілік ел» мектеп жасына дейінгі балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеубойынша ұлттық идея мәнмәтінінде әдістемелік ұсынымдар. «Мектепке дейінгі балалықшақ» республикалық орталығы. Астана, 2016
3. Идилова Т.И. Логика 5-7 жастағы балаларға арналған. – Алматы кітап, 2009
4. Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына моноторинг жүргізудің Әдістемелік ұсынымдары. – Нұр-Сұлтан, 2018
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны
6. Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М: Изд-во. Смысл, Изд-во Эксмо, 2004. – 512 с.

Аяқ киімдер әлемінде

Жолдасова Нұргүл

Қызылорда облысы білім басқармасының

«Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің

№3 «Өрімтал» бөбекжай балабақшасы МКҚК тәрбиеші

Мақсаты: Құрдастарымен қимылды ойындарды бірге ойнауға, өзара қарым-қатынас жасауға баулу. Өзіне-өзі қызмет етуге, белгілі реттілікпен аяқ киімді киінуге және шешінуге, олқылықтарды байқауға үйрету.

Барысы: I Ұйымдастыру

«Көңілді аяқ киімдер» ойыны. Физикалық қасиеттерін дамыту.

Балалар аяқ киімнің ыңғайына қарай оңға, солға, алға, артқа қарай секіріп кіреді.

«Шұлықтың жұбын тап» ойыны.

Шарты: Балалар оң аяқтарының шұлығын шешіп, шеңберге тастайды. Музыка ойнағанда билеп жүреді, тоқтағанда өз шұлықтарының жұбын тауып, тез киіп алады.

- Балалар, Шұлықтарыңды дұрыс кидіңдерме, ауысып кетпедіме? Жарайсыңдар!

Ойын: «Адасқан аяқ киімдер»

Шарты: Балалар араласып жатқан өз аяқ киімдерін танып, тауып, киюлері керек.

- Балалар, мен сендерге жұмбақ жасырайын. Қайда жүрсең Қосарлана шабады. Үйге кірсең, Босағада қалады (аяқ киім)

- Жарайсыңдар, балалар!

- Қандай аяқ киімнің түрлерін білесіңдер?

Дидактикалық ойын: **«Бұл қандай аяқ киім?»**

Шарты: Балалар тақтада көрсетілген суретке қарап, аяқ киімнің атын атап, қандай мезгілде киілетінін айтады. Мен сендерге аяқ киімдер туралы айтып өтейін.

- Балалар біз далаға шыққанда аяғымызға не киеміз.

- Аяқ киім киеміз.

- Әр мезгілдің ерекшеліктеріне сәйкес аяқ киімдері болады. Жаз мезгілінде балалар қандай аяқ киім киеміз?

- сүйретпе, танкетка киеміз.

- Дұрыс айтасындар балалар.
- Қыс мезгілінде аяғымыз жылы болсын деп не киеміз?
- Етік, ботинка киеміз.

Аяқ киімдер неден жасалады екен балалар?

Дұрыс айтасындар, резинадан, шүберектен, былғарыдан, жүннен жасалады екен.

Ойын: «Аяқ киімнің бөліктері»

Балалар, аяқ киім әр түрлі бөліктерден құралады.

Қане, атайық. Қарандаршы, мынау аяқ киімнің тілі, мынау бауы. Ал мына жер аяқ киімнің бас жағы, мынау табаны, өкшесі, тақасы бар екен.

Аяқ киімдерімізді күтіп киюіміз керек. Өкшесін баспау керек, басын соқпау керек, аяқ киімді сүйретіп кимеу керек. Даладан үйге кірерде аяқ киімдеріміз шаң болса не істейміз?

- Сүртеміз, тазалаймыз. Ендеше балалар, қане шүберекті алып, аяқ киімдерінді тазалай қояйық. **«Аяқ киім тазалау» ойыны.**
- Алдымен аяқ киімді құрғақ шүберекпен шаңын сүртіп тазалап аламыз. Одан кейін ылғал шүберекпен сүртеміз. Енді аяқ киімді щеткалау үшін өзімізге аяқ киім щеткасын жасап алайық. Ол үшін губкаға қыстырғышты қыстырып щетка жасап аламыз. Енді аяқ киімді тазалаймыз. Тазалап болған соң аяқ киім сөресіне жинап қоямыз.

Балалар, қане бәріміз аяқ киімдерімізді ертеңге дайындап, іші ылғал болып қалмау үшін ішіне қағазды умаждап салып қоямыз. Қане, жасайық. Тамаша, керемет.

«Бау байлап жарысайық» ойыны. Балалар картоннан жасалған аяқ киімге бау байлап үйренеді.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- күз мезгілі .

-Дұрыс айтасындар, ендеше жазда киген аяқ киімдерімізді ұқыптап, қораптарына салып жинап қояйық. Ол үшін екі аяқ киімді бір-біріне беттестіріп, саламыз, қорапты сөреге жинап қоямыз.

-Балалар бүгін аяқ киімдерінді ерекше сәндеп келген екенсіңдер.

«Аяқ киімдер» шеруі (Балалар музыка ырғағымен ортаға шығады) Балалар, бүгін керемет аяқ киім үлгілерін алып келген екенсіңдер, аяқ киімдерімізді киіп ортаға шығып, сән үлгісін көрсетейік.

Балалар сызық бойымен жүріп, аяқ киімнің сән үлгісін көрсетеді.

-Қандай керемет, балалар. Аяқ киімдерің әдемі екен.

-Балалар, енді аяқ киім туралы ары қарай дамытушы орталықтарға бөлініп ойындар ойнаймыз. Бізде бүгін **«Аяқ киім» дүкені**, **«Аяқ киім дизайнері»**, **«Етікші» ойыны**, ойындарын ойнаймыз.

Дамытушы орталықтардағы ойындар.

«Аяқ

киім» дүкені

Сатушы, сатып алушы

- Сәлеметсіз бе. Маған аяқ киім керек еді
- Сәлеметсіз бе. Қандай аяқ киім таңдайсыз.
- Мына туфлиді алайын

- Аяқ өлшеміңіз қанша?- 6
 - Аяғыңызға киіп көріңіз
 - Маған ұнады.Осыны аламын.
 - Кассаға барып ақшасын төлейсіз.
- (Кассаға барады,ақшасын төлеп шығады)
- Сау болыңыз.Рахмет

«Аяқ киім дизайнері»Ата-ана көмегімен үйге киетін тапшкелерін әдемілеп, моншақтар тағып, әсемдейді.

Қорытынды: -Балалар , керемет ойындар ойнадық.Аяқ киім туралы не үйрендіңдер?

«Көңілді аяқ киімдер» қимылды ойыны

Балалар үлкен табан аяқ киіммен, лентадан ұстай отырып, жүріп жарысады. Керемет, балалар,сендерге ойындар ұнадыма?

Балабақшадағы балаларға жыл мезгілдері туралы түсініктерін қалыптастыру

Избасканова Н.А.

№86 «Зияткер» балабақшасы, тәрбиеші

Астана қаласы

«Адамзаттың табиғатсыз күні жоқ, мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ» деп, халық даналығы айтқандай табиғат әлемі таңғажайып және керемет. Дегенмен, барлығы бұл сұлулықты, аспан, су, жапырақ түстерінің алуандығын көре білмейді. Табиғат ересек адам мен балаға күнделікті әсер етеді. Бірақ балалар көп нәрсені байқай бермейді, үстірт қабылдайды. Табиғат сұлулығы рұхани қайырымдылыққа тәрбиелеуде үлкен рөл атқарады, яғни, балаларды мейірімділікке, адамгершілікке, жақын адамдарға қамқор бола білуге көмектеседі. Балалар үшін табиғат – бұл әр түрлі табиғат құбылыстарды танудың және сөздік қорын байыту көзі. Бұл – балалардың сөйлеу және ойлау қабілетінің дамуына ең қолайлы және пайдалы фактор. Табиғат баланың тұлғалық қалыптасуына зор ықпал етеді. Баланың қандай болып өсуі – бізге, еректерге байланысты. Балалар үйі балаларының экологиялық тәрбиесі алуан түрлі ықпал ету құралдарының көмегі арқылы іске асырылады: Баланың дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы 7 жылы оны тәрбиелеу мен оқытудағы ең басты кезең болғандықтан оны ескерусіз өткізіп алуға болмайды. Баланың болашағы сол кезеңде алған тәрбиесіне өте байланысты. Олай болса, адамзаттың рухани және материалдық жағдайы осы кезеңде алған тәрбие негіздеріне тәуелді.

Сұлулыққа тәрбиелемей тұрып жақсы ниеттегі, адамгершілігі бар, шығармашылықпен жұмыс істейтін адамды қалыптастыру мүмкін емес. Сұлулық бала бойында қуаныш сияқты ең жақсы сезімдерді тудыра отырып, баланың белсенді түрде шығармашылықпен жұмыс істеуі мен денсаулығына оң ықпалын тигізеді. Бірақ бала мұның бәрін сезіну үшін сұлулықты өз көзімен көріп, оны қабылдай білуі керек.

Балалар тәрбие арқылы, ересектердің өнегесі арқылы дүниені таниды, көруді, сезінуді, тыңдауды үйренеді. Тәрбиелеуші жақсы өнегені беруге неғұрлым қабілетті болсақ, балада соғырлым көбірек үйренеді.

Баланың өміріндегі алғашқы қабылдаған қуанышты сәттер оның болашақтағы өміріне жағымды бағыт бере отырып, өмір бойы есінде қалады.

Жаңа ғасырда табиғатсыз баланы тәрбиелеуді көз алдымызға елестете аламызба? Сондықтан да балабақшамыздағы тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі — «Балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық тәрбие беру» болып табылады. Баланы өз туған өлкесінің табиғатын сүйеге, оны аялай білуге, оны қорғауға қызығушылығын арттырып, жауапкершілігін күшейтуге, табиғатпен бірге өмір сүретінін сезінуге үйрету мақсат.

Балалармен жұмыс істеу барысында сабақ өтілетін бөлме ғана емес, сонымен қатар мекеме ораласқан ғимарат та әсем болуы керек. Егер балалар сұлулықты өмірден өз көздерімен көре отырып, оның өмірімен байланысын сезіне білсе, онда олар сұлулықтың бар екеніне сенеді.

Балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу барысында оларды сұлулықты көріп қана қоймай, сол сұлулық жолында еңбектене білуге үйретудің маңызы зор.

Біз табиғи факторлар — су, ауа, күнді қолдана отырып экологиялық тәрбие мәселелерін шешеміз.

Балаларды өсімдіктер және жануарлар әлемімен таныстыру арқылы, оларды күтіп-баптаудың жолдарын үйрете отырып, оларды аялай білуге тәрбиеленміз. Балалар тірі және өлі табиғат арасында, тірі организм мен олардың өмір сүру ортасындағы байланыстарды орнатуды үйренеді.

Бала дүниеге келгеннен бастап табиғатпен байланыста болады.

Табиғат — баланың ақыл-ойының балалық деңгейден нақты түсініктер бойынша қалыптасқан жоғары деңгейге жеткізетін қор болып табылады. Ол әртүрлі Табиғи құбылыстарды жете түсінуді өз ойын жеткізе білу өнерін бірге дамытады.

Табиғатты танып, білу — мектепке дейінгі жастағы баланың бойында табиғатпен эстетикалық қарым-қатынас жасаудың базасын құрайтын экологиялық тәрбиені бере отырып, сонымен бірге оны қорғай, аялай білуге үйретеді.

Мектепке дейінгі жастағы балаға экологиялық мәдениеттің алғашқы түсініктерін қалыптастыру үшін:

Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға экологиялық тәрбие берудің алғы шарттарын құру;

Бала жүрегіне табиғаттың әсері өте зор, сол себептен де ол тәрбиелеу мен дамыту әрекетінде кеңінен пайдаланылады. Дегенмен, табиғат өздігінен бала бойына қажетті жеке тұлғалық сапаларды қалыптастыра алмайды, оған міндетті түрде ересектер тарапынан басшылық жасау қажет. Балалардың табиғатқа қызығушылығы оның құбылыстары арасындағы өзара байланыс пен олардың пайдасын жете түсінгенде ғана арта бастайды.

Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының табиғатқа қарым-қатынасын бақылау барысында біздің байқағанымыз: табиғат құбылыстарының барлығы тең дәрежеде балаларды қызықтыра алмайды. Мысалы: табиғаттың кейбір құбылыстары, өзінің қабылдауға жеңілдігіне қарамастан, балалардың сәндік ою-өрнектерін жасау әрекетіндегі еңбектерінде мүлдем көрініс таппады деуге болады. Сондай-ақ солар шеңбері, жұлдыздар, найзағай, толқын, ай т.б. бейнелеуге де жете көңіл бөлмегені байқалды. Табиғаттың нақ осы құбылыстары мен объектілері қазақ халқының күнтізбесінің негізіне жатады, ал жұлдызды аспан сырын жете ұғыну көшпелі өмір тіршілігі үшін аса қажет болды.

Жыл мезгілдерінің өзгеруі де, табиғатты одан әрі әсерлейді. Әр жыл мезгілі әр қилы. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күйін сыйлайды. Балаларды табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу барысында оларды сұлулықты көріп қана қоймай, сол сұлулық жолында еңбектене білуге үйретудің маңызы зор.

Табиғат – адамның бойына қуат, көңіліне шабыт, сезіміне ләззат шапағатын ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулық пен әсемдікке арналған өлең шумақтарыммен қорытындылағым келеді.

Жаз

Жаз келді міне жадырап
Жап-жасыл боп айнала
Қандай күшті жылулық
Қуанышты бар бала
Көк аспаннан күн шықты
Шуағын төгіп біздерге
Гүл жайнады жеріміз
Су артамыз оны біз

Күз

Ағаштардан сарғайып,
Түсіп жатыр жапырақ
Қиқулаған құстардың
Дауысы алыстан шақырады
Күздің сұлу бейнесін
Отыр анам бақылап,
Келіп қонды жанына
Қыстап қалған тоқылдақ

Қыс

Қыс келді досым алақай
Жүр ойнайық балақай
Тебейікші сырғанақ
Жасайық үлкен аққалай

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

*Кожанова Гульмира Турдыақыновна
№88 «Баян сұлу» балабақшасы, әдіскер
Астана қаласы*

Андатпа: Мақалада балабақшадағы инновациялық технологияларды пайдаланудың қажеттілігі қарастырылған. Қазіргі білім беру үрдісінде білім берудің әдіс- тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру қажеттілігі, балабақшада инновациялық технологияны оқу әрекетінде қолданудың маңыздылығы, түрлері айқын көрініс тапқан.

Түйінді сөздер: ТРИЗ, инновация, технологиялар, асоциация.

Адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамдардың ең басты шаттығы болып саналатын баланың өсіп, өмір сүретін орыны.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселердің бірі -жан - жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу.

Білім берудің алғашқы деңгейі балабақшадан басталады.

Балабақша: Балаға жан-жақты білімді, тәрбиені, ақыл-ойын дамытатын, қызығушылығын оятатын баланың екінші отбасы.Тәрбиенің нәтижесі отбасымен балабақша тығыз байланыста болса ғана, мағыналы болып жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Осының негізінде біз тек баланы ғана емес, ата-ананы да жұмыстандырып, бірге тәрбиелеуіміз қажет. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбиемен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс - тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді. Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан - жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды, және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы міндеттердің бірі - білім берудің әдіс- тәсілдерін түрлендіріп,жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру.

Жаңа технология бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарас үрдісі дамиды.

Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар:

- 1.ТРИЗ технологиясы
2. Тәй -тәй технологиясы
3. Монтессори технологиясы
4. Зайцев технологиясы
5. Дамыта оқыту технологиясы

Дамыта оқыту технологиясының балабақша жағдайында қолдануға болатын тиімді әдістері:

1. Ой толғаныс
2. Ассоциация
3. Салыстыру
4. Топтау әдісі

Қазіргі таңда білімді ұрпақ келешек кепілі демекші, міне, жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты құзіреттілігін дамытып, жан-жақты біліммен қаруланған ұрпақ тәрбиелейді. Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар. Бала толыққанды жетіліп, ата-анамен байланыс күшейеді. Жаңа технологиялар бала бойына білімге әуестік, білім құмарлыққа баулуы тиіс. Білім беру үрдісіндегі алға қойылған басты мақсат баланың білім беру мазмұнын толықтырып, жаңаша көзқараста, жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп, баланың өмірін жаңаша ортада, жаңа бағытпен ұйымдастыру. Бала құзіреттілігінің белсенді дамуы балабақшадан бастау алады. Бұл бастаманың негізгі міндеті балаларды заман талабына сай, әлемді шынайы қабылдауға дайындау. Болашақта балалар өз жолында кездескен қиыншылықтарды жеңуге, шешім қабылдауы тиіс. Ендеше баланың ойлау қабілетін жан-жақты дамыту мен шығармашылық ізденіс дағдыларын үйренейік, үйретейік. Өйткені оқыту технологиясы педагогикалық үрдістің сапасын жетілдіруді талап етеді. Адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамдардың ең басты шаттығы болып саналатын баланың өсіп, өмір сүретін орыны. Әр баланың қабылдауы әр – түрлі болғандықтан оқу іс-әрекеті кезінде тәрбиеші жаңа технологиялардың түрлерін пайдаланған жөн. Жаңа технологияның әдіс-тәсілдерін тиімді пайдалану және оны ұйымдастыруға ақпарат құралдары да, талапқа сай болу қажет. Қазіргі таңда ешбір жас ұрпақ білімсіз болып қалмауы тиіс. Міне, жаңа технологияның тиімділігі баланың жан-жақты құзіреттілігін дамытып, білімді ұрпақ тәрбиелейді. Әрбір технологияның өзіндік ерекшелігі бар. Бала толыққанды жетіліп, ата-анамен байланыс күшейеді. Жаңа технологиялар бала бойына білімге әуестік, білім құмарлыққа баулуы тиіс. Білім беру үрдісіндегі алға қойылған басты мақсат баланың білім беру мазмұнын толықтырып, жаңаша көзқараста, жаңа технология бағытында жұмыс жүргізіп, баланың өмірін жаңаша ортада, жаңа бағытпен ұйымдастыру. Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің қызығушылығын қалыптастыруда ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын оқу үдерісіне енгізудің бірнеше себептері бар.

Біріншіден, бұл әрекет құрылымын жоспарлау, ақпаратты іздеу, ақпараттық модельдер құру және әрекетті жабдықтау сияқты дағдылар мен біліктердің жиынтығы болатын ескере отырып, ойлаудың операциялық стилінің қалыптасуы өз септігін тигізеді.

Екіншіден, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндердің білімді интерактивті әдіс арқылы қабылдау дағдыларын меңгеріп, содан кейін ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын өзінің іс-әрекетінде басты құралы ретінде пайдаланады. Үшіншіден, сабақты ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану арқылы өткізу ойынға оңай ұласады да, балаларда оқуға деген эмоционалдық жағымды қатынас пайда болады.

Қорытындылай келе, бала өміріне немқұрайлы қарамай, балаға қазіргі заман талабына сай, мағыналы білім берсек қана, біздің бүлдіршіндеріміздің болашағы жарқын болмақ. Бала отбасында дұрыс тәрбие алса, тәрбиелеудің нәтижесі жоғары болмақ. Атақты Б.Момышұлы атамыз айтқан екен мен үш нәрседен қорқамын: «Өзінің сәбиіне бесік жырын айтпаған анадан, немересіне ертегі айта алмаған ата мен әжеден, өз тілін құрметтемеген адамнан» деген екен. Міне, балаға отбасы тәрбиесінің маңызы зор. Біздің басты мақсатымыз отбасымен ынтымақтастық орнатып, баланы жан-жақты тұлға ретінде тәрбиелеу.

Әдебиеттер

1. Беспалько В.П. Слагаемые педагогических технологий. – М.: Педагогика, 1989
2. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Тараз: ТарМУ, 2003
3. Исаева З.А., Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Активные методы обучения. – Алматы, 2005
4. Таубаева Ш.Т., Лактионова С.Н. Педагогическая инновация как теория и практика нововведений в системе образования: научный фонд и перспективы развития. – Алматы: Ғылым, 2001

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған тілдерді оқытудың интерактивті әдістері: ойындардан виртуалды саяхатқа дейін

*Таңатқан Қырмызы Фазылханқызы
«Абай атындағы №87 мектеп-гимназия»
ШЖҚ МКК мектепалды даярлық мұғалімі
Астана қаласы*

Аннотация: Бұл мақала балабақшадағы балалардың тілдік дағдыларын дамытуда оқытудың интерактивті әдістерін қолданудың маңыздылығына назар аударады. Мақалада рөлдік ойындар, топтық әрекеттер, интерактивті қосымшалар, виртуалды саяхат және Виртуалды шындық балалардың коммуникативті және әлеуметтік құзыреттіліктерін қалыптастыруға қалай ықпал ететіні қарастырылады. Бұл әдістер балаларға оқу, тыңдау, сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға қалай мүмкіндік беретіні сипатталған. Мақаланың маңызды бөлігі балалардың шығармашылық ойлауы мен тіл үйренуге деген қызығушылығын арттыратын өздерінің тілдік контексттерін құруға баса назар аудару. Аннотация Бұл инновациялық әдістер балалардың жан-жақты дамуына ықпал ететінін және оларды қазіргі әлемде сәтті қарым-қатынасқа дайындайтынын атап көрсетеді.

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға Тілдерді оқытудағы интерактивті әдістердің маңыздылығы

Қазіргі білім беруде оқытудың интерактивті әдістерін қолдануға, әсіресе мектепке дейінгі білім беру контекстінде көбірек көңіл бөлінеді. Зерттеулер көрсеткендей, балалар материалмен белсенді әрекеттескенде және білімді іс

жүзінде қолданғанда ең сәтті үйренеді [1]. Бұл мақалада біз ойындардан виртуалды саяхатқа дейінгі тілдерді оқытудың интерактивті әдістері мектепке дейінгі мекемелердегі педагогикалық тәжірибенің ажырамас бөлігіне айналатынын қарастырамыз.

1.1. Өзара әрекеттесу және ойын оқытудың негізі ретінде Мектепке дейінгі жас мидың икемділігінің жоғары деңгейімен және балалардың жаңа ақпаратты тез игеру қабілетімен сипатталады. Осы кезеңде балалар әлемді ойын және өзара әрекеттесу арқылы игереді [2]. Тілдерді оқытудың ойын әдістері бұл мүмкіндікті барынша пайдалануға мүмкіндік береді, бұл үйренуге ыңғайлы және қызықты орта жасайды. Ойын

барысында мұғаліммен және құрдастарымен өзара әрекеттесу жаңа сөздерді, конструкциялар мен өрнектерді тиімді игеруге ықпал етеді.

1.2. Мультимедиялық материалдар мен интерактивті тапсырмаларды пайдалану

Оқытудың заманауи интерактивті әдістері мультимедиялық материалдарды оқу процесіне енгізудің кең мүмкіндіктерін ұсынады. Планшеттерде сурет салу, қазақ тілінде мультфильмдер көру, интерактивті кітаптармен өзара әрекеттесу-осының бәрі оқуды қызықты етеді және балаларға іс жүзінде тілді көруге және естуге мүмкіндік береді [3].

Басқатырғыштар, сөз құрастырушылар және дыбыстық жаттығулар сияқты интерактивті тапсырмалар оқытуды әртараптандыруға және тілдік дағдылардың әртүрлі түрлерін дамытуға көмектеседі.

2. Ойындар тілдерді оқытудың интерактивті әдістерінің негізі ретінде

2.1. Оқытуға ойын тәсілі

Ойын-бұл балаларға әлемді үйренудің және дағдыларды дамытудың табиғи тәсілі. Тілдерді оқыту контекстінде ойындар қызықты ойын-сауыққа ғана емес, сонымен қатар жаңа сөздер мен сөз тіркестерін меңгерудің қуатты құралына айналады. Шығармашылық ойындар, мысалы, түстерді, пішіндерді және заттарды тану ойындары сөздік қорын кеңейтуге, визуалды қабылдауға және қиялды дамытуға ықпал етеді [5].

2.2. Коммуникативті дамуға арналған рөлдік ойындар

Рөлдік ойындар интерактивті оқыту әдістемесінің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені олар балаларға қарым-қатынас үшін тілді қолдана отырып, әртүрлі рөлдер мен жағдайларға үйренуге мүмкіндік береді. Балалар қазақ тілінде аспаз, дәрігер, оқушы және тіпті ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнай алады, бұл тілді нақты жағдайларда қолдануға деген сенімділікті дамытуға ықпал етеді [6]. Рөлдік ойындар кезінде басқа балалармен қарым-қатынас ынтымақтастық пен тыңдауға үйретеді.

2.3. Топтық ойындар және әлеуметтік дағдыларды дамыту

Топтық ойындар әлеуметтік дағдыларды дамытуға тамаша ықпал етеді. Басқа балалармен өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықты қажет ететін ойындарда балалар басқалардың пікірін тыңдауға және құрметтеуге, ресурстарды келісуге және бөлісуге үйренеді. Мысалы, "бұл кім?" (Кім кім) балаларға белгілі бір кейіпкердің кім екенін, сұрақ қою және контекстті түсіну қабілетін дамытатын сұрақтар қоюға мүмкіндік береді [6].

3.Виртуалды саяхат және тілдерді оқытудағы инновация

3.1.Виртуалды саяхат оқыту әдісі ретінде

Технологияның дамуымен дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыратын виртуалды саяхат жасауға мүмкіндік туды. Виртуалды экскурсиялар балаларға шынайы тілдік жағдайларға сүнгуге мүмкіндік береді, бұл ағылшын тілінде сөйлейтін елде болу сезімін тудырады.

Мысалы, балалар Британдық шай рәсіміне, Француз базарына немесе американдық мектепке виртуалды ресурстар арқылы "қатыса" алады [6].

3.2.Тілді дамытуға арналған интерактивті қосымшалар

Бүгінгі таңда балаларда тілдік дағдыларды дамыту үшін арнайы жасалған көптеген интерактивті қосымшалар мен бағдарламалар бар. Мысалы, анимациялық кейіпкерлері, диалогтары мен тапсырмалары бар қосымшалар балаларға тілдік ортаға енуге және оқу, тыңдау, сөйлеу және жазу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Мұндай инновациялық тәсілдер оқытуды қызықты және тиімді етеді.

3.3.Оқытуда виртуалды шындықты пайдалану

Виртуалды шындық (VR) шындыққа мүмкіндігінше жақын тілдік жағдайларды құрудың бірегей мүмкіндіктерін ұсынады. VR көмегімен балалар ағылшын мектебіне, хайуанаттар бағына немесе жағажайға бару сияқты ағылшын тілді ортаға түсе алады. Бұл тілді тереңірек түсінуге және қолдануға ықпал ететін нақты жағдайларда тілдік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

3.4.Өзіңіздің тілдік контекстіңізді құру

Инновациялық әдістемелер сонымен қатар балалардың өз тілдік контекстерін құруды қамтиды. Олар өздерінің әңгімелерін, диалогтарын және рөлдік жағдайларын ағылшын тілінде жасай алады. Мұндай жобалар шығармашылықты дамытып қана қоймай, балаларды тілге деген қызығушылығын оята отырып, оқу процесіне белсенді түрде тартады.

Қорытынды

Ойындар мен виртуалды саяхат сияқты интерактивті оқыту әдістерін қолдану балаларды балабақшада тілдерді оқытуда маңыздырақ болып келеді. Бұл әдістер тілдік дағдыларды, сондай-ақ коммуникативтік және әлеуметтік құзыреттіліктерді жан-жақты дамытуға ықпал етеді. Рөлдік ойындар, топтық әрекеттер және интерактивті қосымшалар Балаларға жаңа сөздер мен сөз тіркестерін үйреніп қана қоймай, оларды іс жүзінде қолдануға мүмкіндік береді. Виртуалды саяхат және Виртуалды шындық оқу көкжиегін кеңейтеді, бұл балаларға ағылшын тілінде сөйлейтін ортаға енуге және білімді нақты жағдайларда қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, балалардың өздерінің тілдік контекстерін құруға белсенді қатысуы шығармашылық ойлауды ынталандырады және тіл үйренуге деген қызығушылықты арттырады.

21Осы әдістер мен тәсілдердің барлығы балалардың тілдік құзыреттілігін дамытуға және оларды қазіргі әлемде табысты қарым-қатынасқа дайындауға ықпал етеді. Әрбір баланың бірегей екенін есте ұстаған жөн және тиімді әдістер олардың жеке қажеттіліктері мен қызығушылықтарына байланысты

өзгеруі мүмкін. Интерактивті әдістер оқуды байытады, оны қызықты және тиімді етеді, бұл кішкентай оқушылардың толыққанды дамуына ықпал етеді.

Пайдаланылған дереккөздердің тізімі

- 1 Выготский, Л.С. (1978). Оқу мен дамудың өзара әрекеттесуі. Ақыл мен қоғам,
- 2 Изенберг, Дж. П., & Квизенберри, Н. Л. (2002). Ойын: барлық балаларға қажет. Жас балаларға білім беру жөніндегі ұлттық қауымдастықтың журналы.
- 3 Шапетон К. және Мингес А.и.(2020).Мектепке дейінгі білім беруде ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытуға арналған интерактивті мультимедиялық кітаптар. Халықаралық мектепке дейінгі білім беруді зерттеу журналы,1(2), 119
- 4 Ұлттық зерттеу кеңесі. (2012). Өмір мен жұмысқа білім беру: 21 ғасырда берілетін білім мен дағдыларды дамыту. Ұлттық академиялар баспасы.
- 5 Гениши, К., және Дайсон, А. Х. (2009). Балалар, тіл және сауаттылық: әр уақытта әр түрлі оқушылар. Педагогикалық колледж баспасы.
- 6 Клопфер Э., Остервейл С. және Сален К. (2009). Оқу ойындарын алға жылжыту:

Балалардың қол моторикасын іс-әрекет арқылы жетілдіру

*Сеңгірбаева Мира Амандыққызы
«Ақбөбек» бөбекжай-бақшасы, тәрбиеші
Атырау облысы, Жылыой ауданы*

*«Бала қабілеті мен дарындылығы – саусақ ұштарынан бастау алады.
Саусақтардан басталатын нәзік салалар – шығармашылық ойларды
әрлендіретін айнар көз»
В.А. Сухомлинский*

Ұсақ саусақ моторикасын шыңдау – тілді шыңдау. Ал тілді шыңдау ол ақыл-ойды да шыңдау деген сөз.

Ұсақ саусақ моторикасын дамытуды баланың нәрестелік шағында-ақ бастаған жөн. Нәрестенің қолына саусақ жаттығуы – саусаққа арналған массаж жасаған тиімді. Сол арқылы ми қыртысымен байланысты биологиялық нүктелерге әсер етеміз.

Ерте және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуларды жасауда өлеңмен, тақпақпен ұйқастырылған жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен қатар өзіне -өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру: қасық пен қарындаш ұстау, түйме тиегін өзі салып, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Ал ересек топтағы балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулар мектепке дайындықтың яғни, жазу, сызуға үйренудің маңыздысы болып саналады. Өмірінің бастапқы

кезеңінде баланың ұсақ қол моторикасы қалай дамып жатқандығын, жеке интеллектуалды қабілетін байқауға болады. Қасықты, қарындашты ұстай алмайтын, түймесін түймелей алмайтын және бәтеңке бауын байлай алмайтын балалардың қолының кіші моторикасы нашар дамыған болып есептеледі. Олар шашылған конструкторларды жинау, пазламен жұмыс жасау, есептегіш таяқша және мозаикамен ойнау өте қиын. Олар басқа балалармен ойнаудан бас тартады, осы қызметтегі жұмыс жасағанда үлгермейді. Мұндай балалар элементарлы қызметтің өзінде өздерін нашар сезінеді және бұл жағдай баланың эмоциясын мен өзін – өзі бағалауға кері әсерін тигізеді.

Әрине, мектепке дейінгі жасында бала тілінің дамуы, өзіне-өзі қызмет көрсету және жазуға дайындық дағдысын қалыптастыруда ұсақ қол моторикасын дамыту және үйлестіру жұмыстарын жүргізудің маңызы өте зор. Бала өз саусақтарын қаншалықты басқара алса, оның одан әрі дамуы да соған тікелей байланысты. Ұсақ қол моторикамен қоса балалардың есте сақтау қабілеті мен назары, сондай-ақ, сөздік қоры да дами түседі. Осыларды ескере отырып, өз жұмысымының мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды түрлі қызметтер арқылы ұсақ қол моториканы дамыту және қол қызметін үйлестіру.

«Ұсақ қол моторикасы» термині «саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру» дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады. Сондықтан ешқашан да баланы мәжбүрлеуге болмайды.

Кішкентай ғана сәбидің қалайтыны қозғалу, қозғалыс- әлемді танудың мүмкіндігі. Яғни, бала қозғалысы дәл және нақты болса, оның әлемді ақылмен тануы да терең бола түспек. Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау – балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Жасжарымдағы баламен саусақ ойындарын бастауға болады.

Бас миы мен ұсақ қол моторикасының өзара байланысы бас миының қабығы әрқайсысы бір денеге жауапты бірнеше бөліктен тұрады. Бас миының қабығында қозғалыстық сипатты анықтайтын бөлік бар. Бас миы қабығының үштен бір бөлігі қол мойнының қозғалыстық қабілетімен байланысты және мидың сөйлеу зонасы бір-біріне өте жақын орналасқан. Сондықтан егер баланың саусағы нашар дамыған болса, ол баланың сөйлеу қабілетіне әсер етеді. Осыған байланысты ғалымдар қол мойнының буынын артикуляциялық аппарат сияқты «сөйлеу органы» деп те атайды. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай-ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет.

Көптеген жаңашыл зерттеушілер ұсақ моториканы дамытуға байланысты саусақ моторикасын дамытуға саусақ ойындарын, саусақ ойындарын сипаттауды, сергіту сәттерін, ойын-ертегілер пайдалануды ұсынады. Ұсақ

саусақ моторикасын дамытатын ойындар мен жаттығулар өте көп. Олар шартты түрде топтарға бөлінеді. Қол, қолдың білезік және саусақтарының қозғалысының дамуына оң әсер ететін заттық ойындар, яғни ойыншықтармен, кез-келген заттармен өткізіледі. «Мозайкалар», «конструкторлар» – аталған материалдар саусақтардың белсенді қозғалысына әсер етеді. Мозайкада ұсақ бөліктерден толық сурет құрап шығару мақсаты тұрады. Ойын барысында бала бөлшектермен қозғалыс жасайды, байқағыштық, төзімділік, табандылық пайда болады.

Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған гимнастикалық жаттығулар.

Алақанды ашып, саусақтарды біріктіру. Қайтадан жайлап жұму. Екі қолмен кезекпен қайталау.

Қолды үстел бетіне қойып, саусақарды ретімен бұғу.

Екі қолмен кезекпен қайталау.

Алақанды жоғары қаратып қойып, әр саусақты кезекпен көтеру. Кері ретпен қайталау.

Екі кішкентай допты не грек жаңғағын алып, алақан арасына салып айналдыру (саусақтар түзу тұру керек). Енді бір қолмен түрлі бағытта айналдыру керек.

Ортаңғы және сұқ саусақпен қарындашты алып, «жүгіру» жаттығуын жасау.

Он, он бес қарындашты үстел үстіне қойып, бір қолмен жинату. Екінші қолмен көмектеспей, қарындаштарды біреуден жинау керек. Қарындаштардың орнына басқа да ұсақ заттарды пайдалануға болады.

Саусақ театры - бұл жеке саусаққа киілетін кейіпкерлердің жиынтығы. Бұл жеке қуыршақтар, жануарлар, ертегілерді сахналауға арналған кейбір заттар немесе орыс сүйікті халық ертегілерінің танымал кейіпкерлері болуы мүмкін. Ойын ойнаған кезде әртүрлі саусақтармен, жұп саусақтармен, бір және екі қолмен, бірнеше саусақпен бір уақытта жұмыс істеу керек. Мұның бәрі мидың қозғалыстарын үйлестіруді дамытуға көмектеседі.

Баулармен ойындар – сенсомоторлық бағдарлауды, ұсақ моториканы, жазықтықта бағдарлауды, «жоғары», «төмен», «оң», «сол» ұғымдарын игеруіне жәрдемдеседі, тілді дамытады, зейіннің тұрақтандырады, қол белсендігін, икемділігін арттырып, қолды босаңсытады.

Сурет салу – барлық балалар жақсы көретін, әрі пайдалы ісі. Қарындаш, қылқаламмен парақта, қатты қағазда сурет салу қатып қалған қағида емес. Қарда, құмда, терлеген терезе бетіне, асфальтта сурет салуға болады. Алақанмен, мақталы таяқшалармен, көкөністер бастырмаларымен және т.б. әдістермен, яғни бейнелеудің дәстүрлі емес техникалары арқылы сурет салу өте пайдалы, әрі қызықты. Балаға әр түрлі пішіндерді тік сызықпен салуға, суреттің үзік сызық бойымен жүргізу, үлгімен сурет салу, суреттің аяқталмаған екінші бөлігін салу – шығармашылық қабілетті, есте сақтау қабілетін, түсті қабылдауды дамытады.

Ермексаз баланы жалпы дамытатын әр түрлі қызықты ойындар өткізуге мүмкіндік береді. Балалар ермексазды қолмен жібітеді, саусақпен бөліп алады, домалатады, ширатады, ермексазды қалауынша қалыпқа келтіреді және кез-келген уақытта ермексазды бүлдіріп алам деп қорықпастан жұмысына өзгеріс енгізеді, ол өз ісіне деген сенімділік тудырады.

Қазіргі дамыған технологиялар арқасында, ермексаздың жетілдірілген түрі хендгам шықты. Ермексаздан айырмашылығы, қолға, үстелге жағылмайды, пішінді сақтамайды. Ұсақ саусақ моторикасының дамытады, агрессияны басады, шығармашылық қабілетін, тілін дамытады, қолдың бұлшықеттерін бекітеді. Өте пайдалы құрал.

Қағазбен жұмыс. Жай қағаз үлкен мүмкіндіктерге ие. Қағазды кішкентай бөлшектерге жыртып, бөлшектерден сурет салуға болады. Қағазды умаждап, допқа айналдыруға болады, қағазды қыркуға болады. Оригами өнерінің пайдасы ұшаң теңіз.

Бизиборд – бұл дамыту тақтайшасы немесе сабақ өткізуге арналған тақтай. Тақтайша бала қолының ұсақ моторикасын дамытуға әсер етеді. Ол үшін онда құлыптар, ысырмалар, шпингалеттер, оларды жабуға және ашуға арналған су құбыры краны, бөтеңкенің бауы, ленталар бар.

Тақта көп орын алмайды, оны топта кез келген орынға орналастыруға, серуендеу кезінде өзіңмен бірге алып жүруге де болады. Бизибордта балалар жеке және топпен ойнай алады.

Бизибордты қай жастан бастап қолданған жөн?

Бизибордтың құрылымы қаншалықты күрделі болса, соншалықты пайдалану жасерекшелігі үлкейеді. Бизибордтың ең қарапайым түрі баланың 10 айынан бастап қолдануға болады. Ал ең күрделісі физикалық-ақыл-ойы қалыпты дамыған бала үшін 2 жаспен шектеледі. Ал қазіргі уақытта көптүрлі құраммен толықтырылған бизибордтар шығуда, оны 4 жастағы балаға дейін пайдаланады.

Бизиборд көбінесе:

- Майда бөлшектерден – түйме, ілмек, ілгектер.
- Барлық есікті құлыптау түрлері – шынжыр.
- Ағаш есептегіш.
- Қимылды көрсететін айналмалы дөңгелектер, шарлар.

Қорытынды

Саусақтардың ұсақ қимылдарын қалыптастыруға арналған жұмыс нәтижесі тиімді болу үшін әр түрлі әдіс тәсілдер қолдану қажет. Әр істі, әр жұмысты қызығушылықпен орындауға болатынын үйретемін. Келешекте де өткізген жұмыс нәтижесінің жемісті болу үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануды жалғастырамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жұмабекова Ф. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана: Фолиант, 2008
2. Бардышева Т.Ю. Сәлем, саусақ: Саусақ ойындары
3. Большакова С.Е. Ұсақ қол моторикасын қалыптастыру: Ойындар мен жаттығулар.

Формирование духовно-нравственного воспитания у детей дошкольного возраста через проектную деятельность

*Ходырева С.А.
воспитатель ГККП «Ясли-сад «Жұлдыз-ай»
отдела образования района
Бәйтерек управление образование акимата ЗКО»,*

Аннотация: Процесс воспитания ребенка начинается с определения его целей. Главной целью воспитания является формирование ребенка, как личности, которая обладает полезными качествами, необходимыми ей для жизни в обществе. Изменение общественного устройства и социальных отношений ведет к изменению целей и воспитания. Они задаются каждый раз в виде требований, предъявлены новыми тенденциями развития общества к личности человека. Общая цель современного воспитания - сделать детей высоко нравственными, духовно богатыми, внутренне свободными и ответственными личностями.

Ключевые слова: духовно-нравственное воспитание детей.

Проектная деятельность, разработанная мною на тему «Богатство народа в воспитании детей», по которой я работаю, очень познавательна и интересна для детей. Я считаю, что эта тема актуальна и в наше время, потому что наша страна Казахстан многонациональна, и детский сад посещают дети разных национальностей. Народный педагог, Ыбрай Алтынсарин, казахский ученый, педагог просветитель, фольклорист, ученый этнограф, призывал уважительно относиться к национальным традициям. Считал важным их использование в нравственном, духовном и трудовом воспитании детей. Задача воспитателя, состоит в том, чтобы воспитать всесторонне развитого ребенка, а без духовно-нравственного воспитания это невозможно. Об этом говорил Константин Дмитриевич Ушинский, великий русский педагог: «Задачи воспитания, пробудить внимание к духовной жизни... Если ваш воспитанник знает много, но интересуется пустыми интересами, если он ведет себя отлично, но в нем не пробуждено живое внимание к нравственному и духовному, вы не достигли цели воспитания.»

Исследуя труды Назипы Кульжановой, выдающегося педагога, этнографа, журналиста, переводчика-просветителя XX века (1887-1934 гг.), автора книг «Мать и дитя», «Дошкольного воспитания» («Мектептен бұрынғы тәрбие»), вышедшего в Оренбурге в 1923 году, и книги «Мать и дитя» («Ана мен бала»), изданной в 1927 году, я узнала, что Назипа Кульжанова, исследовала и установила связь между казахской этнопедагогикой и этнопедагогикой стран мира. Поэтому для всестороннего развития личности ребенка, очень важно развивать у него духовные ценности, которые основаны на этнокультуре народов.

В связи с этим, в рамках проекта: «Хочу все знать», на базе ясли-сада «Жұлдыз-ай» создана интеллектуально-развивающая лаборатория по теме: «Богатство народа в воспитании детей». В направлении народа на первоначальном этапе был оформлен уголок, привлекли родителей, разработали план работы и поэтапно выстроили свою деятельность. За основу в работе была взята нормативно-правовая база дошкольного воспитания и

обучения, а также опыт работы дошкольных организаций ЗКО и РК. Мною был разработан план проектной деятельности, по которому работаю с детьми, развивая знания детей дошкольного возраста на основе этнокультурных ценностях народа Грузии.

Задачи: Расширять знания детей об этнокультуре грузинского народа,- Воспитывать в детях любознательность, развивать самостоятельность, инициативность умение работать в команде, коммуникабельность, креативность, выявление одаренных детей;

- Формирование духовно-нравственных навыков, основанных на национальных традициях и общечеловеческих ценностях.

- Предоставить детям и педагогам возможности использовать инновационные технологии для совершенствования различных методов воспитания и обучения.

Ежегодно, в нашем ясли саду «Жұлдыз-ай», согласно проекту «Богатство народа в воспитании детей», проводятся:

1) Праздник урожая;

2) Праздник, посвященный дню единства народов Казахстана, где наша группа «Семицветик» представляет этнокультуру грузинского народа. Дети поют песни: «Казахстан», «Сулико» а также играют в грузинские игры: «День и ночь», танцуют грузинские танцы. Постоянно ведется работа с детьми нашей группы «Семицветик» по ознакомлению с этнокультурой Грузии. Вся эта практическая работа проходит в игровой форме через игры(используется картотека грузинских игр) и беседы, спортивные развлечения, разные виды деятельности, во время которой знакомятся: с национальными грузинскими (мужскими и женскими) костюмами; с грузинскими национальными обычаями и традициями; с творчеством грузинских художников (Нико Пиросмани и др.);с народным творчеством грузинского народа(грузинскими сказками, пословицами и поговорками),с грузинскими музыкальными инструментами;с национальной грузинской кухней; с грузинскими танцами; с природой Грузии(дикими животными и насекомыми,с деревьями и цветами). В работе с семьей,было проведено спортивное развлечение на тему: «Калейдоскоп народных игр».

В течении реализации проекта педагоги использовали инновационные технологии для совершенствования различных методов воспитания и обучения. Такие как: «Smart TV», «ИКТ-технология», «Технология развивающего обучения», «Кьюар код», «Quiver» технология. Применение данных технологий и методов усовершенствовали знания воспитанников в процессе реализации проектной деятельности.

Анализ результативности опыта: запланированная работа по духовно нравственному воспитанию детей дошкольного возраста оказалась вполне результативной, а задачи и выбранные пути к реализации определены правильно.

Результаты моей работы: Формируются духовно-нравственные ценности у детей, выявляются дети с высокими способностями интеллектуального

развития, удовлетворяются их интеллектуальные потребности в соответствии с уровнем их интеллектуальных характеристик; Расширяются знания детей о грузинских играх, обычаях, народном творчестве, природе. Развиваются познавательные и интеллектуальные способности детей творческое и критическое мышление. Воспитывается у детей гражданственность и патриотизм, на основе этно-культурных ценностей народа Грузии. Одной из своих работ, по воспитанию этнокультуры дошкольников, я обобщилась в Республиканском журнале: «Ребенок в детском саду» (№5, 2022 г.) - спортивное развлечение на тему: «Калейдоскоп народных игр», а также выпустила методическое пособие: «Богатство народа в воспитании детей» (Уральск, 2022 г.), где мной был разработан план по вариативной части по теме: «Богатство народов в воспитании детей» для младшей, средней и старших групп, для знакомства с этнокультурой грузинского народа. Считаю, за счет данной проектной деятельности знания детей обогатились, кругозор расширился, сформировались ключевые компетентности детей.

Список использованной литературы

1. Богатство народов в воспитании детей: Методическое пособие для работы интеллектуальной лаборатории «Хочу все знать!». – Уральск, 2022
2. Постановление Правительства Республики Казахстан от 15 марта 2021 года №137 «Об утверждении модели развития дошкольного воспитания и обучения»
3. Приказ Министра просвещения Республики Казахстан от 3 августа 2022 года №348 «Об утверждении государственных общеобразовательных стандартов дошкольного воспитания и обучения, начального, основного среднего и общего среднего, технического и профессионального, после среднего образования»
4. Ходырева С.А. Спортивное развлечение на тему: «Калейдоскоп народных игр»// Ребенок в детском саду. – №5. – 2022
5. Типовая учебная программа дошкольного воспитания и обучения. Приложение к приказу Министра просвещения Республики Казахстан от 14 октября 2022 года №422
6. Янабайцева Г.А. Духовное развитие детей Казахстана: Сборник статей 12 Международных аксиологических чтений, 2021

Музыка пәнін оқытудағы инновациялық әдістердің тиімділігі

*Асылбекова Г.К.,
«Арт-терапия басым бағыттағы
№45 «Самұрық» балабақшасы», музыка жетекшісі
Астана қ.*

Андатпа: Музыканы оқыту процесінде инновациялық оқыту әдістерін қолданып балабақшадағы іс-әрекеттерді жаңаша ұйымдастыру келешек

ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім беру – заман талабы. Қазіргі таңда жаңартылған білім берудің маңыздылығы – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу. «Білім-ғылым-инновация» үштігі – Қазақстан Республикасы саясатының негізгі діңгегі. Инновация деген ұғым латын тілінде жаңарту, жаңалық, өзгеріс енгізу деген түсінікті білдіреді. Педагогикада ол жаңа әдістер, тәсілдер, құралдар, оқулықтар, бағдарламаларды пайдалануды білдіреді. Яғни, оқыту мен тәрбиелеуге өзгерістер енгізу, олардың сапасын арттыру болып табылады.

Қазіргі таңда мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияны енгізуге көптеген күш жұмсалады. Олардың әрқайсысының орны ерекше және тиімді жақтары өте көп. Сол себепті педагогтардың негізгі міндеті: әдіс-тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке шығармашыл тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау.

Музыканы оқыту барысында инновациялық технологияны қолдану баланың жас ерекшелігіне және қызығушылығына қарай нәтижелі болады. Қазіргі кезде мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын педагогикалық технологиялардың бірнеше түріне тоқталайық.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Музыка оқу қызметінде пайдаланатын музыкалық ойындар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, қарапайым музыкалық ұғымдарын қалыптастырады, музыкаға деген қызығушылығын оятады. Музыкалық ойындар балалардың музыкаға деген құлшынысын, қызығушылығын ғана арттырып қоймай, есте сақтау, ойлай білуге, ажырата, салыстыра алуға баулиды. Музыкалық дидактикалық ойындар музыка жетекшілерінің оқу іс-әрекетін түрлендіріп, мазмұнын байыта, көркемдей түседі.

Музыка іс - әрекетінде тәрбиеленушінің қызметін белсенді ұйымдастыру жолдарының бірі ретінде педагогикалық технологиялар түрі ізденіс-шығармашылық технологиясы элементін қолдануға болады. Жалпы алғанда, ізденіс шығармашылық технологиясының мақсаты: балалардың ізденіс күзиреттілігін

дамыту. Бұл технологияны пайдалану: баланың шығармашылық қабілеттерін, танымдық белсенділіктерін жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар тәрбиеленушінің білім деңгейін-тәрбиеленуші деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруге жол ашады.

Сондай шығармашылық бағыттағы шулы ертегілер – музыкалық-ырғақты ойындардың инновациялық түрі. Шулы ертегі балалардың шығармашылығын дамытуға негізделген. Мұндай ертегіні музыкалық аспаптардың көмегімен өздігінше айтып беруге болады. Ертегінің мазмұны бойынша барлық іс-әрекет музыкалық аспаптың дыбыстары арқылы жүзеге асып отырады. Шулы

аспаптарында ойнаудың техникалық жеңілдігі, олардың кез-келген жанасуға бірден жауап беру қабілеті балаларды ойынға шақырады.

«Күзгі орман» музыкалық-ырғақты ойын

Ойынның мақсаты: аспаптарда ойнау арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Педагог ертегінің сюжетін ұсынады. Балалар өлеңді мұқият тыңдап алып, ертегіні дыбыстау үшін әңгіменің мәтіні бойынша өздеріне керек құралдарды таңдайды. Олар соқпалы-шулы аспаптардың дыбысын тексеріп, қажетті дыбыс әсерін табуға тырысады. Егер қажетті музыкалық аспаптар болмаса, кейбір шулы музыкалық аспаптарды қолмен жасауға болады. Тәрбиенушілер өздерінің қолдан жасаған аспаптарда ойнай отырып, дыбыстар әлемін зерттейді. Дәл солар музыкаға ерекше қызығушылық пен музыка ойнауға деген құштарлықты тудырады. Балалар өздерің кейіпкерлердің рөлінде елестетіп, әр кейіпкердің жүрісіне-тұрысына сай аспаптың немесе құралдың дыбысын таңдап алып, шағын әңгімені соқпалы-шулы аспаптардың көмегімен дұрыс орындауға талпынады.

Күзгі орман. Өлеңнің авторы: Асылбекова Г.К

Күз де келді аяңдап,

Орман ішін аралап.

Шөптің басын шық басып,

Сарғайыпты жапырақ.

Дыбыс шықты тоқылдап,

Ол отырған тоқылдақ.

(ағаш таяқшалармен ойнау)

Түлкі болса орманды

Аралайды қызықтап.

(маракасты қағып-сілку)

Тиын отыр бұтақта,

Жаңғақ жинап қолына.

(жаңғақтарды бір-біріне соғу)

Шырша түбін паналап,

Кірпі кеткен ұйқыға.

(қорылдаған дыбыс)

Жүгіріп жүр алаңда

Кіп-кішкентай бір тышқан.

(саусақтармен үстелді соғу)

Ағаштарды шайқайды,

Кенет, қатты жел соққан.

(желдің уілдеген дауысы)

Тамшылары тырсылдап,

Нөсер құйды тарсылдап.

(үшбұрышта ойнау)

Тышқан інге тасыды

Жиған дәнін қорғаштап.

(алақандарын уқалау)

Жел қаттырақ гүілдеп,

Құйды қатты нөсер кеп.

(алақанмен тізені соғу)

Қалын шөпке тығылды

Қорқақ қоян дірілдеп.

(қағаздың сыбдыры)

Жел қуалап бұлттарды,

Жаңбыр жауып басылды.

Қысқа жасап дайындық,

Аң мен құстар асықты.

Музыкалық және қолдан жасалған аспаптардың көмегімен ертегілерді осылай айтуға болады. Ойын-сауық ертегілерінің көмегімен балалар музыкалық аспаптарымен танысады, дыбысты шығарудың әртүрлі әдістерін меңгереді, есту жадын дамытады, дыбыс реңктерін шығаруды үйренеді. Өз қолымен дыбыс шығаратын ойыншық жасап ойнаған бала әлемді басқаша қабылдайды, дыбысқа мұқият болады, үлкен белсенділікпен бірлескен музыка жасауға қатысады. Шуылдақ ертегілер музыка жетекшілерінің оқу іс-әрекетін түрлендіріп, мазмұнын байыта, көркемдей түседі. Осылай мен тәрбиенушілерге білім беруде жаңа технологияларды тиімді пайдалану арқылы баланың ой-өрісін, санасын дамытумен қатар, жеке тұлға болып қалыптасуына өзіндік үлесімді қосып келемін.

Қорытындылай келетін болсақ, аталған инновациялық технологиялар мен олардың элементін балабақшадағы балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Инновациялық технологияларды оқу тәрбие үрдісіндегі қолдану балалардың ойын дербестігі мен белсенділігін арттырып, шығармашылық шабытын шыңдайды. Бірнеше технологиялардың пайдаланудың әсері, оқыту нәтижесінің сапасын күшейтеді. Осылай жаңа әдістер пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттары жүзеге асады.

Әдебиеттер

1. «Бала мен балабақша» журналы. – 2023 – №10
2. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология: Оқулық. – Тараз: ТарМУ, 2003
3. Ветлугина Н.А. Балабақшадағы музыкалық сабақтар. – Мәскеу, 1984
4. «Музыкалық тәрбие» журналы// 2017 – №3

Инклюзивное образование в условиях дошкольных организаций

Ильясова Г.А.
ГККП ясли-сад №41 «Балдырған»,
дефектолог-логопед
г. Астана

Аннотация. Рассматривая коррекционно-педагогическую поддержку как неотъемлемую часть психолого-педагогической поддержки, важно понимать, что в условиях дошкольной организации общего типа основной ее целью является содействие в усвоении программы дошкольного воспитания и обучения через оказание коррекционно-педагогической помощи детям с особыми образовательными потребностями. Коррекционно-педагогическая поддержка осуществляется по средствам психолого-педагогического сопровождения, под которым понимают процесс создания социально-

психологических и педагогических условий для обучения и развития детей на основе оценки их особых образовательных потребностей.

Ключевые слова: инклюзивное образование, психолого-педагогическое сопровождение, коррекционно-педагогическая поддержка, дети с особыми образовательными потребностями.

В условиях введения новых стандартов, главное направление в деятельности организации образования с инклюзивным подходом – это «включение» детей с особыми образовательными потребностями в коллектив обычно развивающихся сверстников и взрослых на правах равных партнеров.

Инклюзивным образованием называют совместное обучение детей с особыми образовательными потребностями с нормативно-развивающимися сверстниками. Дети с особыми образовательными потребностями в такой практике смогут расти, развиваться вместе с другими детьми, посещать дошкольное учреждение, заводить в них своих друзей. В общем, жить, как живут все остальные дети.

Идея состоит в том, что для получения качественного образования и психологической адаптации в обществе, детям с особыми потребностями необходимо активно взаимодействовать с другими детьми. Но, не менее важно такое общение и тем детям, которые не имеют никаких ограничений в своем развитии или в здоровье. Все это существенно повышает роль инклюзивного, совместного обучения, позволяющего принципиально расширить возможности социализации детей с особыми образовательными потребностями. В современном мире интеграция детей с особыми образовательными потребностями в массовые образовательные организации – это глобальный общественный процесс.

В условиях инклюзивного образования в работе по организации детей с особыми образовательными потребностями учитываем 8 категорий.

Применяем основные требования к организации коррекционного и учебно-воспитательного процесса детей с особыми образовательными потребностями различных категорий, планируемые результаты адаптации образовательной среды. Его основой является готовность общества и государства переосмыслить всю систему отношения к инвалидам и лицам с особыми образовательными потребностями. Образование – право каждого человека. Гарантии права детей с особыми образовательными потребностями на получение образования закреплены в Конституции Республики Казахстан.

В Законах Республики Казахстан «О правах ребенка», «Об образовании», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан», «О специальных социальных услугах» основной задачей является оказание помощи в их социальной реабилитации и адаптации, подготовка к полноценной жизни в обществе. Необходимо использовать нормотивно-правовую поддержку деятельности детского сада в этом направлении на различных уровнях.

С января 2022 года используем в своей работе следующие законодательные акты:

- Об утверждении Правил психолого-педагогического сопровождения в организациях образования/ Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 января 2022 года №6

- Об утверждении Правил оценки особых образовательных потребностей/ Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 января 2022 года №4

Созданы условия для удовлетворения особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей детей. Эффективно функционирует служба психолого-педагогического сопровождения. Умение (совместно с психологом и другими специалистами) осуществлять психолого-педагогическое сопровождение образовательных программ.

Владение элементарными приемами психодиагностики личностных характеристик и возрастных особенностей детей осуществление совместно с психологом мониторинга личностных характеристик ребенка. Умение (совместно с психологом и другими специалистами) составить психолого-педагогическую характеристику (портрет) личности ребенка. Умение разрабатывать и реализовывать индивидуальные программы развития с учетом личностных и возрастных особенностей детей.

Родители детей с особыми образовательными потребностями очень ранимы, многие не хотят говорить о своих проблемах и трудностях. Большинство родителей сами страдают тяжелыми психическими и соматическими расстройствами. Со многими из них будет сложно построить хорошие доверительные отношения к специалистам. Говоря о формировании инклюзивной культуры и готовности принять особого ребенка в общеобразовательную организацию педагогов рекомендуем провести анонимное анкетирование, целью которого является изучение мнения по поводу обучения детей с особыми образовательными потребностями.

Перевоспитать родителей вряд ли сможет педагог, но повлиять на характер взаимоотношений родителей с детьми, откорректировать их действия по отношению к ребенку и другим людям при проведении специальной работы возможно. Поэтому просвещение родителей должно занимать важное место в работе педагога и осуществляться через лектории для родителей «Помоги своему ребенку», участие в родительских конференциях, индивидуальные и групповые консультации, тренинговые занятия, семинары-практикумы, распространение памяток, оформление стендов, публикации в средствах массовой информации, в сети интернет. Эти формы просвещения помогают формировать толерантное отношение к детям с особыми образовательными потребностями, правильно организовать общение с ними. В основе взаимодействия педагогов и родителей должны лежать принципы взаимного доверия и уважения, взаимной поддержки и помощи, терпения и терпимости по отношению друг другу.

Список использованной литературы

1. Государственный общеобязательный стандарт дошкольного воспитания и обучения №348 от 3 августа 2022 года
2. Типовая программа дошкольного воспитания и обучения №394 от 9 сентября 2022 года
3. Об утверждении Правил психолого-педагогического сопровождения в организациях образования: Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 января 2022 года №6
4. Об утверждении Правил оценки особых образовательных потребностей: Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 12 января 2022 года №4
5. Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательных организациях Республики Казахстан. – Алматы, 2022 г.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың физикалық тұрғыдан дамуын ойын-жаттығулар арқылы дамыту

*Саматова К.Т.
№41 «Балдырған» балабақшасы,
дене шынықтыру нұсқаушысы
Астана қ.*

Андатпа. Ең тиімді қимылды ойындар. Балалардың таза ауада белсенді физикалық белсенділігімен жүрек пен өкпенің жұмысы артады, демек, қанның оттегімен қамтамасыз етілуі артады. Жұмыс жасау барысында бұл балалардың жалпы денсаулығына жақсы әсер етеді: тәбеті жақсарады, жүйке жүйесі күшейеді, дененің әртүрлі ауруларға төзімділігі артады. Тәрбиеші арқылы балалардың мазмұны мен ұйымдастырылуы бойынша ойындардың әртүрлілігі оларды күннің уақытын, оларды өткізу шарттарын, балалардың жасын, дайындығын, сондай-ақ қойылған міндеттерге сәйкес таңдауға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер : спорт, ұсақ моторика, ірі моторика, Су-Джок, физикалық, нейрожаттығулар.

Жан-жақты дамыған, дене бітімі мықты жас ұрпақты тәрбиелеуге қамқорлық жасау – мемлекеттік маңызы бар міндет. Оны жүзеге асыру үшін балалардың ерте жастан бастап денсаулығын нығайту, дұрыс тәрбиелеу мен дамытудың маңызды шарттарының бірі ретінде дене шынықтырудың әртүрлі құралдары мен әдістерін кеңінен қолдану қажет. Мемлекетіміздің дене шынықтыру мен спорттың бұқаралық сипатын одан әрі арттыру халықтың әртүрлі жас топтары, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесіндегі нақты міндеттері айқындалған.

Мектепке дейінгі мекемелерде дене шынықтыру ісін басқаруды жетілдіру, іс-әрекеттер мен спорттық-сауықтыру шараларын жүйелі түрде өткізуді қамтамасыз ету және олардың сапасын арттыру қажеттігін атап көрсетеді. Мемлекетіміз жас ұрпақтың физикалық тұрғыдан дамуына, дені сау және көңілді болып өсуіне Отанды қорғауға, еңбек етуге мүдделі екендігіне дайын екендігін көрсетіп келеді. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың өмірінде маңызды орын алады, сондықтан тәрбиешілерді тәрбиенің негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырады. Балабақша тәжірибесінде рөлдік, дидактикалық, құрылыстық, қозғалмалы ойындар, ән айтатын және т.б. ойындар кеңінен қолданылады. Бірақ барлық алуан түрлі ойындардың ішінде, белсенді қозғалыс әрекеттері әсіресе, барлық ойыншылар міндетті түрде қатысатын қозғалмалы ойындарды ерекшелеу керек.

Бұл әрекеттер ойынның сюжеті мен ережелерімен анықталады және ересектер немесе ойыншылардың өздері балалардың алдына қойған белгілі бір шартты мақсатқа жетуге бағытталған.

Қазақстанның ауылдары мен қалаларында қимылды ойындар жастар арасында кеңінен таралған. Тіпті ең қарапайым халықтық мереке де оларсыз өте алмайды. Ойынға жасөспірімдердің барлық топтары тартылып, олар күш, ептілік, жылдамдық және дәлдік бойынша сынға түседі. Ойындар, әдетте, көшеде, таза ауада өткізілгендіктен, бұл денсаулықты нығайтуға ықпал етеді. Халық арасында болған ашық ойындар еркін пайда болды, олардың ұзақтығы реттелмеді; ойыншылар арасындағы қарапайым ережелер, қимыл-қозғалыс тапсырмаларын орындау талаптары ойынға қатысушылардың жалпы келісімімен қалыптастырылды, олар әр жолы қай жерде және қалай ойнайтынын, қайда қашуға болатынын, ұстау керектігін, жүргізушінің қанша адам екеніндігін анықтайды, олар ұсталғандарды қалай құтқара алады және т.б. Көшбасшыларды таңдау ережелері де белгіленеді.

Педагогикалық ой-пікірдің дамуымен халық арасынан бірте-бірте тәлім-тәрбиеге лайықты ойындарды іріктеу жүргізіп жатырмын. Арнайы педагогикалық мақсаттарды көздейтін жаңа ойындар да қолданылуда.

Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс әрекетінде пайда болатын шығармашылық ойындармен қатар (асық ату, жасырынбақ, арқан тартыс және т.б.) дайын бекітілген мазмұны мен белгілі бір ережелері бар ұйымдасқан, педагогикалық тұрғыдан ең мақсатқа сай ашық ойындар болып ерекшеленді. Мұндай ойындар оларды топта немесе бос уақытында тәрбиешінің жетекшілігімен балалар тобымен өткізуге ыңғайлы.

Қимылды ойындар мазмұны мен ұйымдастырылуы жағынан алуан түрлі. Кейбір ойындарда оқиғамен тығыз байланысты оқиға, рөлдер және ережелер бар; олардағы ойын әрекеттері талапқа, берілген рөлге және ережеге сәйкес орындалады. Басқа ойындарда сюжеттер мен рөлдер жоқ, тек ірі моторлы тапсырмалар ұсынылады, оларды орындау реттілігін, жылдамдығын және ептілігін анықтайтын ережелермен реттеледі. Үшінші сюжетте ойыншылардың іс-әрекеті қозғалыстардың сипатын және олардың ретін анықтайтын мәтін арқылы анықталады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесіне ықпал ететін ойындарды таңдаған кезде олардың мазмұнының ерекшеліктеріне назар аударған жөн, бұл ең алдымен сюжетті, ойын тақырыбын, оның ережелерін және қозғалыс әрекеттерін білдіреді. Бұл ойынның мазмұны оның тәрбиелік және тәрбиелік мәнін, балалардың ойын әрекетін анықтайды. Ұйымдастырудың өзіндік ерекшелігі және қозғалыс тапсырмаларын орындау сипаты мазмұнға байланысты.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған қозғалысқа негізделген барлық ойындарды екі үлкен топқа бөлуге болады: ережелері бар ашық ойындар және спорттық ойындар. Бірінші топқа мазмұны, балаларды ұйымдастыруы, ережелерінің күрделілігі және ерекше қимыл-қозғалыс тапсырмалары бойынша әр түрлі ойындар кіреді. Оның ішінде сюжетті және сюжетсіз ойындар, көңілді ойындар бар. Екінші топ – спорттық ойындар: қалашықтар, бадминтон, баскетбол, үстел теннисі, футбол, хоккей. Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда олар жеңілдетілген ережелермен қолданылады.

Ерекше білімді қажет ететін балалардың іс-әрекетін ойын-жаттығулар арқылы дамыту

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту болып табылады.

«Ерекше» балаларға білім беру тәсілі де ерекше болуы қажет. Бала қолының қозғалысы қаншалықты епті болса, соншалықты ойлауы, сөйлеуі жақсы дамиды, яғни бала қолымен көбірек жұмыс істесе, соғырлым қимыл әрекеті мен белсенділігі артады. Мысалы, ұсақ моториканы дамытуға Су-Джок шарларын қолданамын. Сонымен қатар арнайы физикалық-дамыту іс-әрекеттерінде «Су-Джок» терапиясында қолданған жөн. Бұл әдістеме негізінде алақан мен табанның бүкіл ағза мүшелерімен сәйкестігі және ұқсастығын алып тұр деген мағына береді. Физикалық-дамыту іс-әрекеттерінде ұсақ саусақ моторикасын жетілдіру, Су-Джок шарын массаж ретінде қолдануға болады. Сонымен қатар, Су-Джок шарымен ойын жаттығуларын өткізуге оңай әрі қол жетімді қауіпсіз әдіс. Баланың сөйлеу тілін де түзету жұмыстарында қолдануға өте тиімді.

«Су-Джок» шары арқылы саусақ моторикасына арналған 1-2 ойын жаттығуларына тоқталып өтсем.

«КІРПІ» ойыны (массаж шарды екіге бөліп саусақтарын үстіне қойып кірпінің жүрісін сал)

Момақанмын, алайда,

Тікенімкөп, абайла

Кіріп кетсе қолына

Өкпелеме, жарай ма?

Сонымен қатар «Су-Джок» терапиясының практикадағы пайдалы қасиеттері:

- Алақандағы нүктелер арқылы ми дамуын жылдамдатады;
- Баланың бұлшық ет тонусын ретке келтіреді;
- Су-джок шарымен ойнаған баланың ойлау қабілеті де ертерек дамиды;
- Баланың сөйлеуіне ықпал етеді;
- Сезімталдықты оятады.

Нейрожаттығулар-физикалық қозғалыстарды орындау арқылы мидың табиғи механизмдерін белсендіруге бағытталған жаттығулар жиынтығы. Нейрожаттығулар жүйелі түрде орындау мидың жалпы өнімділігін арттырады. Қол моторикасын арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар баланың тілінің дамуына әсерін тигізеді. Нейрожаттығуларын жасай отыра баланың есте сақтау қабілеті, зейіні, ұсақ және ірі моторикасын, ақпаратты, мәтінді жылдам қабылдап қорытынды шығаруға көмектесетін жаттығулардың ең тиімді түрі.

Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 метр); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу; бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

«Затқа қамқор бол», «Кеш қалма», «Өрмекші», «Допты айналдыру», «Қақпаны соғу», «Оны жоғары лақтыру» сияқты ойындарда балаларға талаптар қойылады: қимылдарды тез орындау, орнын табу, затын сақтау (текше, сақина, сылдырмақ). Бұл қарапайым ойындарда баланы жылдамдық пен ептілікті көрсетуге мәжбүрлейтін тапсырма бар. Мұндай ойындарға қатысу арқылы балалар көптеген пайдалы физикалық дағдыларға ие болады.

Физикалық ойындарда («Доп мектебі», кегли, сақина лақтыру) балалар күрделірек қимылдарды орындайды: лақтыру, нысанаға домалату, лақтыру және ұстау. Кіші мектеп жасына дейінгі балалардың мұндай қимылдарды меңгеруі аз, сондықтан олар алғашында ойын жаттығуларында кеңінен қолданылады, мысалы: «Допты айналдыру», «Қақпаны соғу», «Оны жоғары лақтыру» т.б. Бұл қимылдарға жаттықтыру. Балалар әр түрлі заттармен (шарлар, доптар, сақиналар) әрекет ету дағдыларын бірте-бірте игереді, қозғалыстарды үйлестіруі, ептіліктері дамиды.

Қимыл-қозғалыс ойындарды балалар сюжетті ойындар сияқты кеңінен қолданбағанына қарамастан, балалар оларға үлкен ықыласпен қатысады. Бұл жетекшінің мұндай ойындардың белсенді қатысушысы болуына байланысты. Ол балаларға белгілі бір тапсырмаларды орындау жолын көрсетеді, өзі жауапты рөл атқарады, ойынның барлық барысын басқарады, балаларды

эмоционалды түрде қалыптастырады, оларға әртүрлі қимылдарды орындауға көмектеседі.

Қимылды ойындарды педагогикалық басқару міндеттерінің бірі оларда барлық балалар үшін жеткілікті белсенділікті қамтамасыз ету, бастауыш мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес қимыл-қозғалыстарын біртіндеп күрделендіру болып табылады. Балалардың денесін нығайту және жетілдіру, қажетті қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, балалардың қуанышты эмоционалды тәжірибесіне жағдай жасау, оларды достық қарым-қатынасқа және қарапайым тәртіпке, топта әрекет ете білуге тәрбиелеу, сөйлеуін дамыту және сөздік қорын байыту - бұл түрлі ойын тапсырмаларының көмегімен тәрбиешінің орындай алатын негізгі тәрбиелік міндеттері болып табылады деп ойлаймын.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты №348 бұйрық 03 тамыз 2022 ж.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламасы №394 бұйрық 09 қыркүйек 2022 ж.
3. Төтенаев Б. «Қазақтың ұлттық ойындары» -Алматы: «Қайнар» 1994 ж.
4. М.Әлімбаев, Қ. Баянбаев. «Шынашақ» кітабы. – Алматы: Балауса, 1992
5. Тлеулов Э. Дене тәрбиесі. Спорт ілімі мен әдістемесі. – Алматы, 1994
6. Ағабылұлы Т.Қ. Салауатты өмір салты – уақыт талабы. Валелогия. Дене тәрбиесі. Спорт. – 2006

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделін іске асыру жағдайындағы педагогтің инновациялық қызметі

Бекмашева

№73 мектеп-лицей

Астана қ.

Мектепке дейінгі ұйым – бұл дамуға ұмтылған, жаңа мүмкіндіктерді іздеген, баланың, жанұяның, қоғамның сұраныстарын қанағаттардыруға қажетті жағдайларды жасайтын, педагогтардың шығармашылық және кәсіби жұмыстарын жағдаймен қамтамасыз ететін, заманауи талаптарға жауап беретін күрделі ағза. Демек, осы мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жандандыруда инновациялық технологиялар мен әдістердің маңызы өте жоғары. Жалпы бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйым жұмысына инновациялық технологиялар мен әдістерді енгізу бірқатар шешуге болатын қиындықтарды туындатады. Олар жасалатын жұмыс ауқымының артуы, лауазымдық міндеттер шеңберінің кеңеюі, инновациялық технологиялар мен әдістердің жеткіліксіз ресурстық қамтамасыз етілуі, материалдық және моралдық ынталандырудың әлсіздігі, ал балалар үшін оқу жүктемесінің артуы орын алып отыр.

Еліміздің қоғамдық өмірінде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, білім беру жүйесіне, соның ішінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға сәйкесті өзгерістер енгізуді талап етеді.

Сондықтан, бүгінгі мектепке дейінгі білім беру жүйесіне, оның сапалы мазмұнын жаңғырту мәселелеріне айырықша көңіл бөлінуде.

Қазір мектепке дейінгі ұйымға балалармен үдемелі инновациялық технологиялар мен жаңа бағдарламалар негізінде жұмыс жасауға қабілетті педагог қажет. Ол көп білуі, өзімен тұрақты жұмыс жасауы, арнайы білік және дағдылары болуы тиіс; өз шеберлігін тұрақты түрде жетілдіруі, инновациялық технологияларды, дәстүрлі емес әдістерді меңгеруі; компьютерді білуі, Интернетті пайдалана білуі қажет.

Қазіргі таңдағы білім беру технологиясының қатарына мыналар кіреді:

- Денсаулық сақтау технологиясы
- Жобалы-іс шығармашылығы
- Ізденіс-шығармашылық технологиясы
- Қатынастық-ақпараттық технология
- Жеке тұлғаға бағыттау технологиясы
- Бала мен тәрбиеші портфолио технологиясы
- Ойын технологиясы
- ТРИЗ технологиясы және т.б.

Мектепке дейінгі білім беру үдерісіне енгізу үшін үлгіге мынадай әдістер мен технологиялар ұсынылады.

Дамытушы технологиялар. Дәстүрлі оқытуда балаға үйрену үшін дайын өнім мен әрекеттің үлгілері беріледі. Ал дамыта оқытуда бала өзінің әрекеттерін талдау нәтижесінде мәселені шешуге өз бетінше қол жеткізеді.

Мнемоника немесе мнемотехника – қосымша байланыстардың пайда болуымен есте сақтауды жеңілдететін және есте сақтау көлемін ұлғайтатын түрлі тәсілдердің жүйесі. Мектепке дейінгі жастағы балаларға мнемотехника тәсілдерін қолдану аса маңызды, өйткені сыртқы құралдардың әсерінен ойлап шешетін тапсырмалар ауызшаға қарағанда көрнекі материал арқылы жақсы меңгеріледі. Дамыта оқытуда балаларға тілдерін дамытуға бағытталған, олардың белсенді сөздіктерін байытатын, сөз жасау дағдыларын бекітетін, заттарды сипаттайтын, мәтіндер құрауға жәрдем беретін көрнекі үлгілер қолданылады. Сипаттау мәтіндерін құрауда мнемотехника тәсілдерін, мнемотаблицаны немесе заттарды сипаттау үшін сызба-жоспар тәсілдерін қолдану мнеможұмбақтарды құрауға жәрдем етеді. Бұл жұмбақтарды шешу барысында белгілері бойынша нысандарды анықтайды. Алғашқы кезде педагог әрбір берілген суреттерді жан-жақты түсіндіреді. Ал келесі кезеңде суретке қарап, онда не жасырылып тұрғанын өз бетінше тауып, түсіндіруді ұсынылады.

Пластилинография – ермексазбен жұмыс балаға түсті сезінуге, ұсақ саусақ моторикасын жүзеге асыруға және балаға жағымды көңіл күйді сезінуге мүмкіндік береді. Мүсіндеу әрекетіндегідей пластилинографияда кіші

топтарда басу, сипалау, тегістеу, жалпайту, жаю тәсілдері қолданылады, ал ересек топтарда түстер бір-бірімен араластырылып қосымша түстер алынады. **Ақпараттық технологиялар** – анимацияларды, фильмдерді тұсаукесерлер слайдтарын қолдану үйретілетін құбылыстарға балалардың белсенді танымдық қызығушылықтарын танытуға мүмкіндік береді. Танымдық ертегілер балаларды қоршаған ортамен таныстыруға, айнала қоршаған шындыққа белсенді танымдық қарым-қатынасты туындатуға және құбылыстардың мәніне жетуге мүмкіндік беретін білім қорын жинақтауға бағытталған. Танымдық ертегілер балаларды бөлек деректермен таныстырады, құбылыстардың артында не жатқанын айтады. Ертегілер мынадай талаптарға сәйкес болуы керек: танымдық материалдан құрылуы, балаға бала жасына сәйкес білімнен хабар етуі, оның мазмұнын білуге дене қызығушылыққа баулуы керек. Танымдық қызығушылықты туындату үшін міндеттерді шешу басқа жағымсыз сәттермен жасырынбай кейіпкерлердің әрекетінің бел ортасында болғаны, ғылыми мазмұнға қызығушылыққа шақыруы, күрес, жанашырлық пен кейіпкерді іздеу нақты осы мазмұнмен байланысты болуы, соның айналасында шоғырлануы, сонда іске асуы қажет. Ертегі балаларды қызықтыруы үшін: ертегідегі барлық қимылдардың өрбиюі сол сауалдардың шешімі болуы, сауал мен оның шешімі бала үшін жағымды кейіпкердің тұлғасында нақтылануы, сонымен бірге ол қуанатындай, қобалжыйтындай, ойша күресе алатындай, қойылған мақсатты іздеуді және шешуді, сауалды шешу жай ғана баяндау сипатында берілмей, кейіпкердің белсенді әрекетінің нәтижесінде берілуі қажет.

Жобалау технологиялары – бала мен педагогтың бірлесіп жүзеге асыратын эксперименттік әрекетін құру. Жобалық іс-әрекет – бұл білім беру мазмұнының кез келген бағыты бойынша іздеу, зерттеу, практикалық тапсырмаларын шешу үшін белгілі бір жоспарлар, белгілі бір мақсаттары бар мақсаттылық іс-әрекет. Жобалық іс-әрекет негізінде ересектер мен балалардың белгілі бір практикалық проблеманы бірлесе жұмыс істеу үдерісінде қол жеткізілетін іс-әрекеттің нәтижеге бағыттылығы (оның барысында бала өзі үшін көптеген жаңа және бұрын білмегенді ашады) туралы идея жатыр. Бұл нәтижені шынайы практикалық іс-әрекетте көруге, зерделеуге, қолдануға болады. Кіші мектепке дейінгі жастағылармен мынадай тақырыптарда: «Пішін, түс, көлем»; «Жыл мезгілдері», «Су», «Қар», «Құм», «Жарық пен жылу» жұмыстарды өткізуге болады. Ал ересек жаста баланың бастамашылдығы, белсенділігі, мүмкіндіктері айтарлықтай арта түседі. Бұл жас кезеңі балалардың танымдық қажеттіліктерін зерттеу, іздеу әрекеті түрінде «жананы» ашуға, ойлаудың өнімді түрін дамытуға бағытталған дамыту үшін маңызды.

Денсаулықты сақтау технологиялары – өзінің денсаулығын қолдауға қажетті білім, білік дағдыларды қалыптастыру мен дамыту. **Фитбол-ертегілер.** Мектепке дейінгі кіші жастағы балаларға педагог ертегі мазмұнын бұрыннан таныс балалардың білетін қимылдарымен сүйемелдей отырып айтады. Балалардың назары ертегінің мазмұнында болғандықтан

жаттығуларды орындау қызықты және еліктірер сипатта болады. Ал ересек жастағы балалар үшін күндізгі ұйқыдан соң балаларды сергіту үшін қолдануға болады.

Анималотерапия – бұл балаларды тәрбиелеу мен оқытуда жануарларды қолдану болып табылады. Жануарлармен өзара әрекет ету арқылы балаларда айналасындағыларды түсіну, сезіну және жанашырлық таныту қабілеттері қалыптасады. Жануарларды бақылау және олармен өзара әрекет ету баланың әлеуметтік ортада табысты бейімделуі үшін қажетті интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға жағымды әсер етеді.

Инновациялық әдістері мен технологияларды енгізу жоспары төмендегідей:

1. *Тақырыбы*(педагог барынша өзекті және өзіне қолжетімді әдіс пен технологияны белгілі бір уақыт бөлігіне таңдайды, мысалы, Ақпараттық технология – Танымдық ертегі – қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан. Дидактикалық жобалау информатика бойынша үйретуші бағдарлама – қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр).

2. *Ұйымдастырған іс-әрекеттері және басқа да іс-әрекеттер*(тіл дамыту, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, қоршаған ортамен таныстыру, көркем әдебиет, музыка, дене шынықтыру, сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде)

3. *Қажетті материалдар* (интерактивті тақта, слайдтар, видеофильмдер, мультфильмдер)

4. *Әдістер мен тәсілдер*(информатика элементтерімен қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру бойынша: Информатика әлемінде; Менің досым Антивирус; Математика әлемінде; Геометриялық пішіндер әлемінде)

Күтілетін нәтижелер:

– мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың инновациялық үлгісіне көшу;

– мектепке дейінгі ұйымның бәсекеге қабілетілігін арттыруға бағытталған үздіксіз дамуын қалыптастыру;

– мектепке дейінгі ұйым жұмысының сапасын арттыру үшін мектепке дейінгі ұйымда инновациялық білім беру кеңістігінің үлгісін жетілдіру; – өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттырушы педагогтардың санын арттыру; – педагогтардың инновациялық педагогикалық тәжірибені аудандық, облыстық, республикалық деңгейлерде жалпылау мен таратуға белсенді қатысуы; – заманауи білім беру технологияларын меңгерген педагогтардың деңгейін арттыру.

Бағдарламаның мазмұны мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын балаларды жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты дамытуға бағытталған, инновациялық технологиялардың негізгі түрлеріне негізделген.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мнемотехника әдісін қолдану

Андатпа: Бұл мақалада «Мнемотехника» әдісінің мектепке дейінгі жастағы балаларға қолданудың тиімділігі туралы айтылады. «Мнемотехника» әдісі арқылы балалардың ойлау қабілеті, логикасы, сөздік қоры молайып, тілдік құзыреттілігі арта түседі.

Түйінді сөздер : мнемотехника, логика, коммуникативтік дағдылары.

Бала біздің ертеңіміз, болашағымыз, өміріміздің мәні, жалғасы. Болашағымыз жарқын болсын десек бала тәрбиесі мен біліміне ана құрсағында жатқан кезінен-ақ мән бергеніміз жөн. Тәрбиелеп отырған ұрпағымыздың саналы, білімді, жан-жақты дамыған жеке тұлға болып қалыптасуы үшін ата-ана мен мектепке дейінгі ұйым педагогтері бірлесе жұмыс жасауда. Тәрбиеленушілердің толыққанды дамуы үшін педагогтер түрлі әдіс-тәсілдерді балалардың жас ерекшелігіне сай қолданған тиімді әрі нәтижелі болмақ. Осындай әдістердің бірі – мнемотехника әдісі.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мнемотехниканы қолданудың мақсаты - балаларға жаңа ұғымдар туралы түсінік беру және байланыстыра сөйлеуге жаттықтыру, сөздік қорын молайта отырып тілін дамыту. Балалардың көрнекілік бейнелік есте сақтауын жетілдіре отырып логикалық ойын дамыту. Аталған әдістің бірнеше түрлерін қолдануға болады:

Түсінік айту - балаға сөйлем құрастырту маңызды роль атқарады. Бұл жерде сөз құрылымын жетілдіру, сөйлемді мәнерлі құра білу керек. Егерде мнемокестенің көмегімен әңгімелесе балалар әңгімеге қатысты кейіпкерлерді көріп тұрса, онда балалар өз ойларын жинақтап сөйлемді дұрыс құруға бар назарын салады.

Өлеңді жаттау - мнемокесте балаларға өлең жаттауды жеңілдетеді. Бұл әдіс әңгіме айту кезінде логикалық қабілеттерін арттырады.

Суреттеу – бұл монологтың ең қиын түрі. Суреттеу психиканың барлық қызметіне (қабылдау, назарын салу, есте сақтау, ойлау) әсер етеді. Затты суреттеу үшін – оны әбден ұғыну байқау керек, ұғыну ол таңдау. Бұл балаға өте қиын. Ол үшін балаға міндетті түрде бірінші заттың белгісін таңдап алуды үйрету.

Әдістеменің ерекшелігі – заттардың кескінін емес, есте сақтау құралының нышандарын қолдану болып табылады. Нышандар – тілдік материалдарға барынша жақындатылады. Мысалы, жабайы (орман) жануарын белгілеу үшін шыршаның, үй жануарларын белгілеу үшін үйдің кескінін қолданады.

Мнемотехника әдісін «Коммуникативтік дағдыларын» дамыту барысында кеңінен қолдануға болады. Әсіресе балалардың тілін дамытуда маңызы зор. Мнемокестені қолдана отырып балалардың көру, есту, есте сақтау қабілетін, қиялын дамытып, сөздерді бір-бірімен байланыстырып сөйлеу, суретті кестеге қарап тұрып өз ойын еркін, толық жеткізу дағдылары қалыптасады. Мазмұнды суретпен жұмыс, ертегі немесе әңгіменің түсінігін айту кезінде балаға сөйлем

құрастырту маңызды рөл атқарады. Бұл кезде сөз құрылымын жетілдіру, сөйлемді мәнеріне келтіріп құра білуді үйренеді. Бала әңгімені мнемокестеге сүйене отырып әңгімелесе оқиғадағы кейіпкерлерді көріп тұрса, онда өз ойларын жинақтап, сөйлемді дұрыс құруға бар назарын салады. Тапсырманы балалардың жасына сай қарапайымнан күрделіге қарай ауыстырып отырған жөн.

Өлең жаттауда құрылған кесте балаларға өз бетінше заттардың ерекшеліктерін байқауға, олардың ретімен айта алуына көмектеседі, сөздік қорын байытады.

Мнемокестені қолдану үш бөлімнен тұрады:

1. Алдымен, бала мнемокестеге қарап, онда не бейнеленгенін бақылайды.


2. Берілген бейнелерді бір-бірімен сәйкестендіріп алады.

3. Үшіншіден, сол кестеге сүйеніп өлең жолдарын мәнерлеп айтады.

Осылайша көру, ойлау, есте сақтау қабілеттері және тілі дамиды.

Мнемотехника тиімділігін тәжірибелік жұмыстарда қолданудың маңызы зор.

Мысалы, төмендегі өлеңді жаттатуда қолдану.



Алма жинап орманнан,
Келе жатты бір кірпі.
Мысық шығып алдынын,
Мияулап оны қорқытты.

«Түлкі, түлкі, түлкішек» сұрамағын мнемотехника негізінде айтқызу.

Түлкі, түлкі, түлкішек,
Түнде қайда барасың?
Әжемнің үйіне барамын,
Әжең саған не береді?
Ешкі сауып, сүт береді.
Оны қайда қойасың?
Жалпақ тасқа қойамын
Қатып қалса не істейсің?



Мнемоника таңбалары сақталып қалған не топталған бірнеше зат арқылы солардың суреттерінен көрінуі мүмкін. Мысалы садаққа – соғыстың соғыс жариялаудың мнемоника таңбасы. Қазақстанның таулы аудандарында таңбалы тастар көп, солардың бетіндегі қолына найза садақ устаған адамдармен әртүрлі аң суреттері ерте замандағы аң аулау көрінісін еске түсіреді мнемоникалық таңбалар болып табылады. Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалын есте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сонымен қатар дыбыстың және көру қабілеттері дамиды. Суреттерді пайдалану әңгіме құрастырғанда

өлең логоритмикалық жаттауда жеңілдетеді және есте сақтау процесін тездетеді, есте сақтау мен жұмыс әдістерін қалыптастырады. Сөйлейтін суреттер, сипаттау сызбалары қызығушылық тудырады және проблеманы шешуге көмектеседі.

Таңбалы рәміздер объектінің абстрактылы қорытылған немесе графикалық бейне. Графикалық аналогия - бұл солардың белгілеріне жалпы бойынша бірнеше бейнелердің немесе бейненің жүзеге асатын рәмізбен қандай болсын таңбасы. Әсіресе алты-жеті жастағы балалардың тілінің дамуында ерекше маңызы бар. Балаларда танымдық белсенділік артылады. Мнемокесте қолдана отырып, үстел ойындары, сөздік ойындарды пайдалану бала қызығушылығын арттыра түсері анық.

Қорыта айтқанда баланың тілін дамытуда балалар шағын әңгіме құрастырады, өлеңдер алгоритмикалық жаттығуларлар жаттайды. Әңгіме сипаттағанда, өлең, алгоритмикалық жаттығулар жаттағанда сызбалар қолданған қолайлы. Дыбыстардың дұрыс айтылуын жаттықтыруы сөз қорының байытуы, белсенуі мен бекітуі, сөйлеудің грамматикалық дұрыстығын жүзеге асыруы және тілдің дамуына маңызы зор.

Әдебиеттер

1. Балабақшада баланы мектепке дайындау. – Алматы, 2000. – 103 б.
2. Жұмабекова Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика. – Астана, 2010. – 360 б.
3. «Мнемотехника әдісін балабақшада қолдану» <https://multiurok.ru>

Балабақшада ойын технологиясын қолданудың маңыздылығы

Акбаева А.С.

*№37 «Арман» балабақшасы, тәрбиеші
Астана қ,*

Аңдатпа: Ойын-балалар үшін оқу да, еңбек те. Ойын айналадағы дүниетанудың тәсілі.

Мемлекеттің өркениетті елдер қатарына қосылып, даму қарқынын күшейтілу үшін ең бастысы капитал-жас ұрпақтың жан-жақты білімді, интеллекті жоғары, эрудициясы мол, зейінді, саналы болуы керек. Ал оған жету үшін, оқытудың әрбір кезеңінде мектепке дейінгі, мектеп жасындағы баланың лайықты жетілуін, тұлғалық қабілетінің жүйелі дамуын қадағалау шарт. Себебі, бүгінгі күн сұранысына сай, үздіксіз даму үдерісінде болған бала ғана мемлекетінің саналы азаматы бола алады. Негізі қазіргі уақытта қарап отырсақ, өмір ағымындағы техника мен ғылымның космостық жылдамдықпен дамуы мен өзгермелі уақыттың сұранысына жауап беру мақсатында жас ұрпақты тәрбиелеудің түрлі жолдары қарастырылған. Сондықтан білім беру мекемелерінің басты назары-білім берудің жаңа технологиясын, әлемдік тәжірибеде қолданыс тауып, жоғары нәтиже берген тың үлгісін білім беру

үрдісіне енгізу болып табылады. Оқытудың қай кезеңі болсын барлығында да оқу үдерісіндегі өзгерістер, оқытудың формасын іздеу бүгінгі күн талап тұрғысына бейімделу әрбір педагогты ізденіске, шығармашылыққа шақырады. Қазіргі заман инновациялық қызметі-балабақша балалармен жұмыс істеуде инновациялық технологиялар, әдістер, балалардың психологиясы мен педагогикасын терең білуді педагогтарға нақты бір жетістіктерге жетуге көмектеседі. Нақтылап айтқанда, балаға білім мен тәрбие беруді саналы-сапалы етіп қызығушылықтары мен өміршенділігін арттырады деп айтуға болады. Себебі, кейінгі кезеңге дейін қолданып келген дәстүрлі оқыту бала дамуының өрісін қалыпты жағдайда ұстаса, қазіргі қолданыстағы оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық технологиялары, тың әдіс-тәсілдері баланың өз өресі тұрғысынан дамуға, шығармашылық қабілетін оятуға негіздейтін, жеке тұлға ретінде қалыптасуға мүмкіндік туғызатын бірден-бір жол деуге толық негізі бар. Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі мекемелерде жаңа инновациялық педагогикалық технологиялардың көптеген түрлері қолданылуда. Атап айтсақ, проблемалық оқыту технологиясы, өздігінен даму технологиясы, денсаулық сақтау технологиясы, жобалы-іс шығармашылық технология, жеке тұлғаға бағыттау технологиясы, ТРИЗ технологиясы, ойын технологиясы.

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. «Ойын баланың алдынан өмір есігін ашып оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін емес. Баланың өмірге басардағы алғашқы қимыл әрекеті-ойын, сондықтан да оның мәні ерекше. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала болар ма?» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын-дегеніміз не? Ойын-халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдардың бірі. Ойын-тәрбие құралы, ақыл-ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді, тәрбиелейді. Ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді. Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі, эстетикалық тәрбие беру құралына айналады. Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді. Дене күшінің жетілуіне көмектеседі. Демек, ойын баланы жан-жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оны өмір құбылыстары жайлы таным-түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып, жақсы ұғысады, бірінен-бірі ептілікке үйренеді. Ойын үстінде дене қимылы арқылы өзінің денсаулығын нығайтады. Ойын процесінде сөйлесу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп, балалар пікірлесіп, әсер алысып, ойынның түпкі ниеті мен мазмұнын анықтайды. Ойын – жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Ойын-мектеп жасына дейінгі балалардың негігі іс-әрекеті. С. Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық» деп бекер айтпаған. Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығы

анық байқалады. Сонымен қатар, ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймайды, олардың ұйымдастырушылық қабілеттерін де қалыптастырады. Халық даналығында «Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген аталы сөздер сырына жүгінсек, мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым-қатынасы мінез-құлық көріністері олар өсіп-есейгенде де жалғаса береді. Ойын-таным процесін дамытудың негізі болғандықтан, әрбір тәрбиеші-оқыту мен тәрбие берудің мазмұнын үнемі ойын элементтерімен толықтырып отыру керек. Ойын сонымен бірге ұйымдастырылған іс-әрекетпен тығыз байланысты. Ойын ешқашанда өзінің қызықтылығын жоғалтпайды, тек оның мазмұны, сипаты өзгереді. Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизиялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Дидактикалық ойындар баланың ақыл-ойын дамытып, қызығушылықтарын арттырады.

Рөлдік ойындар мектепке дейінгі балалардың өмірінде елеулі орын алады. Сюжетті-рөлді ойындар бейнелеу құралы рөл мен ойын әрекеті болып табылады.

Ұлттық ойындар арқылы балаларды ұлтшылдыққа, салт-дәстүрді дәріптеуге үйретеді. Ойындар әр топ ерекшелігіне сай жүргізіледі. Мен өз іс-тәжірибемде ойындарды көп қолданамын. Себебі, ойын арқылы бала материалды тез ұғынады. Балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін, зейін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған ойындар топтамасын ұсынып отырамын. Қазіргі жаңа стандарт бойынша біз балаларды еркіндікке жібереміз. Сол кезде осы ойын технологиясы арқылы ұйымдастырылған іс-әрекеттерде көп қолданамын. Күннің бірінші, екінші жартысында да ойындарды көп аламын. Баланың тілін жетілдіру үшін әңгімеге тарта отырып, баланың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтырып, түсінігін молайту қажет. Қоғам дамуының айқындайтын негізгі көрсеткіштердің бірі-ақпараттану болғандықтан, осы ойындар арқылы түрлі құбылыстарға тап болып, сырын білуге талпынамын. Қай кезде де балаларды өзімнің дегеніме, ықпалыма көндіруге тырыспаймын. Жаңа технологияларды қолдана отырып әр бала өз бетімен жұмыс істеуге дағдыланды, әр баланың жеке қабілеті анықталды; бір-бірімен бәсекеге түсе алды, өзін-өзі бағалай алады, қорытынды жасай алады.

Ойын-жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңіл көтереді, демалдырады.

Әдебиеттер

1. Ахметова, А. К. Принципы технологии и содержание образовательной программы// – Алматы, 1995

2. Алпысбаева, Г. Дидактикалық-танымдық материалдар//Қызылорда, 2003. – 24 б.
3. Қаженбаева, А.Е. Бала танымын ойынмен дамыту//Алдабергенова, А.Е.//Бала мен балабақша. – 2002. – №1. – 9 б.
4. Құсайынова, З. Балалардың шығармашылық қабілетін ойын арқылы дамыту//Бастауышмектеп. – 2000. – №4. – 23-25 б.

**Мектепке дейінгі жаста «Lifelong Learning»
өмір бойы білім алу тұжырымдамасының
негізін қалау**

*Абдимомынова Г.Б.,
№79 «Шабыт» балабақшасы, әдіскер,
Астана қаласы*

Андатпа: "Lifelong learning" (Өмір бойы білім алу) тұжырымдамасының мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеуде енгізудің артықшылықтары мен жолдары ұсынылады.

Түйінді сөздер : Өмір бойы білім алу, мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу, өзін-өзі реттеу дағдылары, эмоционалды интеллект.

Lifelong learning, preschool education, self-regulation skills, emotional intelligence.

Әлем үнемі (және соңғы уақытта өте жылдам) өзгеруде және өмір сүру деңгейді сақтау және оны дамытудың жалғыз кепілді жолы – өмір бойы үздіксіз білім алу.

Үздіксіз білім беру – қазіргі таңда білім беру технологияларындағы актуалды үрдіс. Жаңа дағдыларды дамыту үздіксіз өзгермелі әлемге бейімделудің ең маңызды жолы болғандықтан білім деңгейін ерікті, саналы және жүйелі түрде жоғарылату қажет. Бұл өмір бойы білім алудың мәні болып табылады. Болашақ ұрпақ үнемі дамуға және оқуға дайын болуы қажет.

"Lifelong learning" (Өмір бойы білім алу) - бұл оқу мен дамудың адамның өмір бойы жалғасатынын білдіретін ұғым. Бұл тұжырымдаманы мектепке дейінгі шақтағы білім беруге енгізу пайдалы болуы мүмкін, өйткені ол ерте жастан бастап оқу мен дамуға деген оң көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан, «өмір бойы оқытуды» мектепке дейінгі оқыту және тәрбиемен үйлестіруге болады. Артықшылықтары:

1. Қызығушылық пен ізденімпаздық дағдыларын ынталандыру: Ақпаратты іздеу, сұрақ қою және қоршаған әлемді зерттеу дағдыларын дамыту балалардың өмір бойы оқуға деген қызығушылығын дамытуға көмектеседі.
2. Өзін-өзі реттеу дағдыларын және оқу мотивациясын дамыту: Өз эмоцияларын басқара білу, мақсат қою және оқуға өзін ынталандыру - бұл ерте жастан бастап дамытуға болатын маңызды дағдылар.
3. Түрлі білім беру әдістерін қолдану: Ойын, шығармашылық, жобалық жұмыс және басқа да интерактивті әдістерді мектепке дейінгі білім беру жүйесіне енгізу балалардың жан-жақты дамуына және оқуға деген қызығушылығын оятуға ықпал етеді.

4. Ата-аналарға баланың даму процесіне ықпал жасауға мүмкіндік беру: Ата-аналар оқу және тәрбие үдерісіне тартылып, балаларының үздіксіз білім алуын қолдауға мүмкіндік беретін дағдыларды қалыптастырады. Ата-ананың педагогикалық әлеуетін арттыру.

5. Сыни тұрғыдан ойлау мен мәселені шешу дағдыларын дамыту: Ақпаратты талдауға, қорытынды жасауға және мәселені шешуге үйрету мектепалды кезеңнен бастап оқыту мен тәрбиелеудің маңызды бөлігі болуы тиіс.

6. Қосымша білім беру ортасын құру: Балалар мен олардың отбасыларына білім беру, спорт, бағдарламалау және шығармашылықты дамыту ресурстарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін орталықтарды жетілдіру, бала мен ата-ананы өмір бойы білім алу дағдыларының қалыптастыруға ықпал етеді.

«Өмір бойы білім алу» тұжырымдамасын мектепке дейінгі жастағы бала тәрбиесіне кіріктіру, баланың бойында оқуға деген оң көзқарасты қалыптастырып, әлемге белсенді ізденушілік көзқарасты және өмір бойы қажет болатын дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

"Lifelong learning" тұжырымдамасы мектепке дейінгі білім беру және тәрбиелеу жағдайында баланың оқуы мен дамуы туған кезден басталып, өмір бойы жалғасатынын білдіреді. Болашақ ұрпаққа бәсекеге қабілетті мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін ерте жастан бастап үздіксіз оқу және даму процесін қолдау маңызды.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды оқыту мен тәрбиелеуде өмір бойы білім алудың принциптерін қалыптастыру үшін ұсынылады:

1. Ойын әдісі: Мектепке дейінгі жаста ойын – оқытудың негізгі құралы. Балалар ойын, тәжірибе және ізденіс арқылы білім алады, белсенді қатысуға және жан-жақты дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

2. Өзін-өзі дамыту: Баланың өзін-өзі дамытуын қолдау және ынталандыру маңызды. Балалар ересектердің басшылығымен өз қызығушылықтары мен даму бағыттарын таңдай алуы керек.

3. Тұлғаға бағытталған оқыту: Әрбір бала бірегей, ал білім беру және тәрбиелеу оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес болуы керек.

4. Әлеуметтік дағдыларды дамыту: Балаларды қарым-қатынасқа, ынтымақтастыққа және жанжалдарды шешуге үйрету маңызды, өйткені бұл олардың әлеуметтік дамуында маңызды рөл атқарады.

5. Инклюзивті білім беру: білім беру бағдарламасы барлығына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін әртүрлі қажеттіліктері мен қабілеттері бар балаларға қолдау көрсетуді қамтиды.

Өзін-өзі дамыту концепциясына қарастырсақ, бұл тұлғаның қажетті қасиеті екенін атап өткен жөн. Өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлғаның даму әлеуеті зор. Өзін-өзі дамыту мотиві – жеке тұлғаны еңбектенуге, дамуға итермелейтін маңызды мотив. А. Маслоудың пікірінше, – бұл өз қабілеттерін толық жүзеге асыруға ұмтылу және өз құзыреттілігін сезінуге ұмтылу. Мектеп жасына дейінгі балалардың мотивациясының қарқынды дамуының және өзін-өзі дамытуының негізгі кепілі – балаларды оқытуға, тәрбиелеуге және дамытуға

тікелей қатысатын педагог. Ол құзыреттілігі мен кәсібилігі, педагогикалық ынталандыруды шебер және дұрыс қолдану тиіс. Педагогика мен психологияда педагогикалық ынталандырудың бірқатар жолдары мен әдістері бар. Мектеп жасына дейінгі бала үшін ең күшті ынталандырушы - мадақтау, қолдау және марапаттау. Мектеп жасына дейінгі баланың мотивациясының жан-жақты дамуы мен өзін-өзі дамыту процесін қамтамасыз ететін педагогикалық ынталандыру әдістері:

- эмоционалды жағымды микроклимат, достық атмосфера құру. Педагог және балалар арасындағы адамгершілік қарым-қатынас;

- дамытушы орта құру, ортаның мазмұны стандартты емес, ерекше, айырықша болуын қамтамасыз ету;

– мектеп жасына дейінгі баланың үйрену, тану және зерттеу процесіне белсенді қатысуына ықпал етіп, балалардың әрқайсысы және барлық мүшелері табысқа жетуін қамтамасыз ету;

– баланың тұлғалық өсуін диагностикалау және болжау.

Ең бастысы, педагог балалардың білуге, зерттеуге, тануға қызығушылығын арттырған сайын, балалар ізденіс әрекетіне белсенді түрде араласып, олар өзін-өзі дамытуға ынталанады.

"Lifelong learning" тұжырымдамасының тағы бір негізі – әлеуметтік дағдыларды дамыту. Аталған дағдыны дамытуда мектепке дейінгі жастағы баланың эмоционалды интеллекттің негізін дұрыс қалыптастыру және дамыту қажет. Эмоционалды интеллект баланың өзінің эмоцияларын, сондай-ақ басқалардың эмоцияларын түсіну, басқару қабілетін білдіреді. Мектепалды жастағы балаларды оқыту және тәрбиелеуде эмоционалды интеллекттің кейбір маңызды аспектілері:

1. Эмоционалды сананы дамыту: мектепке дейінгі жастағы балалар өздерінің эмоцияларын сезіну және түсіну. Олардың қуаныш, қайғы, қорқыныш, ашу сияқты сезімдерін танып, атай білуге үйрету маңызды.

2. Эмоцияларды басқару: балалар өз эмоцияларын басқаруды, соның ішінде ашулану немесе алаңдаушылық сияқты жағымсыз эмоциялармен күресу жолдарын үйренуі керек. Бұл тыныс алу немесе ересектермен сөйлесу сияқты әдістерді қолдануды қамтиды.

3. Эмпатия: эмпатия дегеніміз – өзіңізді басқа адамның орнына қойып, оның эмоциясын түсіне білу. Бұл балалар өздерінің достарының, отбасы мүшелерінің және басқалардың сезімін түсіну сияқты маңызды дағды.

4. Коммуникативті дағдыларын дамыту: өз сезімдері мен эмоцияларын тиімді білдіру қабілеті эмоционалды интеллекттің маңызды аспектісі болып табылады. Балаларға өз сезімдері туралы айтуға және басқаларды тыңдауға үйрену керек.

Мектепке дейінгі білім берудегі өмір бойы оқыту балаларды мектепке сәтті бастауға дайындап қана қоймайды, сонымен қатар олардың болашақта табысқа жетуіне және жылдам өзгертін әлемге бейімделуіне қажетті дағдылар мен қасиеттерді дамытуға көмектеседі. Білім берудегі бұл

тұжырымдама өмірдің алғашқы жылдарынан бастап өмір бойы дамуды үнемі қолдау мен ынталандыруды көздейді.

Өмір бойы білім алу – адамның өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызатын, арнайы ұйымдастырылған оқу және тәрбие іс-әрекетінің бірнеше кезеңдерінен тұратын тұтас процесс. Ол процестің дұрыс қалыптасуы мектепке дейінгі жастан басталып өмір бойы жалғасады.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Алтунина, И.Р. Мотивы и мотивации социального поведения детей: теории развития мотивов и мотивации социального поведения. Монография: учебно-методическое пособие / И.Р. Алтунина. – Москва, 2005
2. Маслоу, А. Мотивация и личность.
3. Wise Up. The Challenge of Lifelong Learning. Claxton, Guy, Bloomsbury Publishing
4. Lifelong Learning. J. Field
5. The myth of the first three years: A new understanding of early brain development and lifelong learning, J.T. Bruer, 1999

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жаңа технологияларды қолдану

*Абилдаева М.Б., Құсайын А.М.
«Балауса» бөбекжайы КМҚК,
әдіскер, қазақ тілі мұғалімі
Қарағанды қ.*

Андатпа: Жоба мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру сапасын басқару және бақылау жүйесінің тиімділігі ашылып қарастырылған. Сондай-ақ балаларды тәрбиелеуге, дамытуға, әлеуметтік бейімдеуге тиімді әсер ететін инновациялық педагогикалық технологиялар айқындалған.

Түйінді сөздер : педагогика, технология, мектепке дейінгі білім беру.

Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарттарын іске асыруға бағытталған. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым педагогтарының негізгі міндеті – балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, жеке тұлғаны дамыту мақсатына оңтайлы сәйкес келетін инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау болып табылады.

Қоғамдағы қазіргі даму кезеңінде мектепке дейінгі мекемелердегі білім беру жүйесінде тәрбиелеу-білім беру үрдісін технологияландыру – басты мәселенің бірі. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне тәрбиелеу-білім берудің әр түрлі технологиялары жасалып енгізілуде.

Педагогтардың мектепке дейінгі білім беруде жаңа технологияларды игеруі – бала тұлғаның табысты дамуының кепілі. Қазіргі білім беру технологияларының қатарына мыналар жатады:

- денсаулық сақтау технологиялары;
- жобалау іс-әрекетінің технологиялары;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар;
- тұлғаға бағытталған технологиялар;
- «ТРИЗ» технологиясы;
- заттық-дамытушылық орта технологиялары;
- ойын технологиясы және т.б.

Заманауи денсаулық сақтау технологиялары. Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиясы: стретчинг, ырғақ пластикасы, динамикалық үзілістер, қозғалмалы және спорт ойындары, релаксация, эстетикалық бағыттағы технологиялар, саусақ гимнастикасы, көз гимнастикасы, дем алу гимнастикасы, сергіту гимнастикасы, түзету гимнастикасы, ортопедиялық гимнастика.

Жобалау іс-әрекетінің технологиялары. Балабақшадағы жобалық іс-әрекетті бала тәрбиешімен бірге жүзеге асырады. Мақсаты баланың сұрақтарға жауап алуына әкелетін мәселе бойынша жұмыс.

Жобалар әртүрлі:

- қатысушылар саны бойынша: жеке, жұптық, топтық, фронталдық;
- ұзақтығы бойынша: қысқа мерзімді, орташа ұзақтығы, ұзақ мерзімді;
- басым әдіс бойынша: шығармашылық, ойын, зерттеу, ақпараттық;
- тақырып бойынша: баланың отбасын, табиғатын, қоғамын, мәдени құндылықтарын және басқаларын қамтиды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар біздің «озық» ғасырымызда өзінің табиғи дамуын алды. Бала компьютердің не екенін білмейтін жағдай іс жүзінде шындыққа жанаспайды. Балалар компьютерлік дағдыларды игеруге ұмтылады. Қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыруда қызықты бағдарламаларының көмегімен балалардың есте сақтау қабілеті мен логикасын дамытуға болады.

Шығармашылық қабілеттерін дамыту технологиясы ТРИЗ – өнертапқыштық тапсырмаларды шешу теориясы. Қазіргі таңда Г.С. Альтшуллердің ТРИЗ технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін, тапқырлығын, шығармашылық елестетуін, диалектикалық ойлауын дамыту үшін бала бақшаларда табысты қолданылады. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін «ТРИЗ» технологиялары – бұл тәрбиешілер үшін толық әдістемелік ұсыныстары бар ұжымдық ойындар мен сабақтар жүйесі. Тәрбиеші жұмыс істейтін кез келген бағдарлама негізінде практикада тексерілген ТРИЗ әдістері мен тәсілдерін қолдануға болады.

Ойын арқылы оқыту технологиясының мақсаты дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойын технологиясының ерекшелігі ойындық іс-әрекеттің психологиялық механизмі жеке бастың өзіндік талап-талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік,

танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді. Ойын - балалар үшін оқу да, еңбек те.

Ойын технологиясы - бұл мектепке дейінгі білім берудің негізі. Ойындарда көптеген танымдық, оқу функциялары бар. Ойын жаттығуларының ішінде мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- заттардың сипаттамалық белгілерін ажыратуға көмектесетін: яғни салыстыруды үйретеді;
- белгілі бір белгілер бойынша заттарды жалпылауға көмектесетін;
- баланы фантастиканы шындықтан ажыратуға үйрететін;
- ұжымда қарым-қатынасты тәрбиелейтін, реакция жылдамдығын, тапқырлықты және басқаларды дамытатын ойын.

Тұлғаға бағытталған технология-бұл бала ең жоғары құндылық болып табылатын және тәрбие процесінің орталығына қойылған білім беру жүйесі. Басқаша айтқанда, тұлғаға бағытталған тәрбие дегеніміз-баланың жеке басын терең құрметтеу, оның жеке даму ерекшеліктерін ескеру, оған тәрбие процесінің саналы, толыққанды қатысушысы ретінде қарау негізінде тәрбие процесін ұйымдастыру. Сондай-ақ тұлғаға бағытталған технологиялар отбасы мен мектепке дейінгі мекемеде ыңғайлы жағдайларды, оны дамытудың жанжалсыз және қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз етеді, қолда бар табиғи әлеуетті жүзеге асырады.

Тұлғаға бағытталған технология жаңа білім беру бағдарламаларының мазмұнына сәйкес келетін дамушы ортада жүзеге асырылады. Даму кеңістігінде балалармен жеке тұлғаға бағытталған өзара әрекеттесуге жағдай жасау әрекеттері байқалады, бұл баланың өз белсенділігін көрсетуге, өзін толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жеке тұлғаға бағытталған технологияның өз ішінде бірқатар түрлері бар. Оларды атап өтетін болсақ, оларға келесілер жатады:

- Зерттеу (мәселелік-іздеу). Бұл технологияның ерекшелігі-тәрбиешінің «ашу арқылы оқыту» моделін жүзеге асыруы.

- Коммуникативтік (дискуссиялық). Бұл технологияның ерекшелігі-зерттелетін мәселелер бойынша әртүрлі көзқарастармен сипатталатын пікірталастардың болуы, оларды салыстыру, шынайы көзқарасты талқылау арқылы іздеу.

- Модельдеу (ойын). Бұл технологияның ерекшелігі-білім беру кеңістігіндегі өмірлік маңызды кәсіби қиындықтарды модельдеу және оларды шешу жолдарын іздеу.

- Психологиялық (өзін-өзі анықтау). Бұл технологияның ерекшелігі-белгілі бір білім беру іс-әрекетін жүзеге асыруда баланың өзін-өзі анықтауы.

- Іс-әрекеттік. Бұл технологияның ерекшелігі-баланың алдағы іс-әрекетті жобалау, оның субъектісі болу қабілеті.

- Рефлексивтік. Бұл технологияның ерекшелігі-баланың іс-әрекеті туралы хабардар болуы: нәтиже қалай, қандай жолмен алынды, қандай қиындықтар болды, олар қалай жойылды және ол бір уақытта не сезінді.

Тұлғаға бағытталған технологиялар дәстүрлі технологиялармен салыстырғанда балаға махаббат, қамқорлық, ынтымақтастық ахуалын тудырып, баланың шығармашылық тұрғыдан дамуына жағдай жасайды.

Аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдар балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыда балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдаланылады.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі сапалы өзгерістерге ықпал ететін инновацияларды іздеу және дамыту мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытуды оңтайландырудың негізгі тетігі болып табылады. Көптеген зерттеушілер мектепке дейінгі білім беру ұйымының дамуын инновацияны мақсатты дамыту және құру, енгізу және дамыту, тарату және тұрақтандыру процестерімен байланыстырады, бұл оның сапалы жаңа жағдайын анықтайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

2. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

4. Н.Е. Веракса, Т.С. Комарова, М.А. Васильева. Примерная общеобразовательная программа дошкольного образования «От рождения до школы». – М., 2014

Басты міндет: психологиялық саулықты нығайту

Алипова Ляззат Советовна

№2 «Батыр» балабақшасы МКҚК, тәрбиеші

Андатпа: Автор мақаласында балабақшада психологиялық жағдайын қарастырады. Балабақшадағы жаңа әдістің бірі «Арт - терапия» технологиясының әдістерін кеңінен қолданамын. Балалармен жұмыс кезінде арт-терапияны дұрыс қолдану барысында жақсы нәтижелерге жетемін деп тәжірибесімен бөліседі. Бұл әдістер қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін де және баланың өзіне деген сенімін нығайтудың тамаша құралы болып табылады. Ойын терапиясы, ертегі терапиясы, қуыршақ терапиясы, музыка терапиясы, құм терапиясы, бейнелеу терапиясы сонымен қатар би - қозғалыс терапиясы кеңінен қолданылады деп сөз етеді. Балабақшадағы алға қойған мақсат – міндеттерінің бірі балалардың денсаулығын сауықтыру. Құммен ойын – балалардың эмоционалдық хал-жағдайларына оң әсер етеді, бұл баланың өзіндік дамуы үшін тамаша құрал болып табылады деп тұжырым жасайды.

Түйінді сөздер: балабақша, психологиялық, әлеуметтік, тәрбие, тренинг, отбасы, заманауи.

Балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте дамытады. Адам өміріндегі ең бір тәтті, алаңсыз бақытты шағы – балалық шағы. Мектепке дейінгі шақ адам өміріндегі ең маңызды кезең болып келеді. Осы кезде баланың бойындағы табиғи бар дарындылық жан –жақты дамиды. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі жас ұрпақтың білімнің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілеттері ұрпақ-ұлтымыздың баға жетпес байлығы. Балабақша – бақыт мекені.

Қазіргі таңда балабақшада заманауи жаңа технологиялар – бұл тәрбие процесін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, формалары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, яғни, баланың дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды. Мысалы: тренингтер, пікірталастар, практикумдер, әңгімелер арқылы тәрбиеленушінің әлеуметтік психологиялық ахуалын анықтауға болады. Отбасының бала тәрбиесіндегі қиыншылықтарын, жіберген қателіктерін, ата-аналардың тұлғалық ерекшеліктері мен көзқарастарын, балалардың жас ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік ала аламын. Қазіргі таңда ересектер тобында жұмыс жасап келемін. Осы орайда тәрбиеленушілердің әлеуметтік және психологиялық ахуалын қадағалау дағдыма айналған. Бала тәрбиесінде оң нәтиже көрсетіп жүрген отбасылардың тәжірибесін басқаларға үлгі қыламын. Ата-ана махабаты дегеніміз баланың амандығын, денсаулығын және ішкі дүниесінің саулығын қолдайды. [1, 15 б.].

Сондықтан өзімнің тәжірибемде ата-анамен тығыз байланыс орнатып басты және негізгі мақсатым сенімділікпен жұмыс жасау. Балалармен жүргізілетін ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде жоспар құрып күнделікті технологиялық картамен бірге, апталық циклограммаларды толтырып ата-анасына көрсетіп отырамын. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер»- деген қазақ халқының мақалы осы жерде орынды болар. Отбасындағы ересектердің мінез-құлқына, мәдениетіне іс-әрекетіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланы бірден көруге болады. Балабақша ұжымы ата-аналарды ұйымдастырып, балалардың бақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс-шаралар жиі өткізуді назарда ұстап келемін. [2, 13 б.] Ата-аналармен балабақша арасындағы тығыз қарым-қатынас, бірлік, ынтымақ жарасым тапқан жағдайда оның бала тәрбиесіне тигізетін ықпалы да нәтежелі болмақ әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс. Психикалық дамудың тежелуі – бұл баланың интеллектуалды қабілетінің жасына сәйкес келмеуі. Баланың психикалық дамуының тежелуінің негізгі себептері түрлі болуы мүмкін. Бұл жағдайдың негізгі себебі бала миының әлсіз түрдегі органикалық зақымдануы немесе іштен туа біткен, туылу кезінде және өмірінің бастапқы кезеңдерінде болған жағдайлар, негізгі әлеуметтік жағдайы, нашар көруі, құлақ ауруы тағы да басқа себептерден болуы мүмкін. Баласының табиғатын тану, оны түсіну, жөнімен еркелету, шынайы қарым-қатынас құру, оның бойындағы бар ерекшелікті көре

біліп, қабілетін дамыту, бағдарлау, ынталандыру – ұрпағының ертеңі үшін алаңдайтын парасатты ата-ананың игілікті әрекеті.

Бұл ортаның маңызы өте зор. Себебі, отбасы-баланың эмоциялық қорғаны, психологиялық жан тыныштығының саяси өмірлік тірегі. Отбасының жылылығы мен махабаты-баланың өзіне сенімін арттырып, болашағына нық қадам жасауына зор ықпал етеді. Осындайда өзіме мынадай міндеттерді жүктеп алдым. Тарқатып айтсам, әр баланың отбасымен серіктестік қарым-қатынас орнату, ортақ қызығушылықтар мен туындаған қиыншылықтарда бірлесіп шешім қабылдау, бір-бірін қолдау, ата-аналардың тәрбиелік шеберлігін, білімдерін ынталандыру мен байыту. Балабақшадағы жаңа әдістің бірі «Арт -терапия» технологиясының әдістерін кеңінен қолданамын. Балалармен жұмыс кезінде арт-терапияны дұрыс қолдану барысында жақсы нәтижелерге жетемін. Бұл әдістер қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін де және баланың өзіне деген сенімін нығайтудың тамаша құралы болып табылады. Ойын терапиясы, ертегі терапиясы, қуыршақ терапиясы, музыка терапиясы, құм терапиясы, бейнелеу терапиясы сонымен қатар би -қозғалыс терапиясы кеңінен қолданылады.

Ересек топта құмдағы ойындар - баланың табиғи әрекеті формаларының бір түрі. Құмнан суреттер салып, әртүрлі оқиғаларды ойлап тауып, біз бала үшін әлдеқайда қызықты түрде оған өзіміздің біліміміз бен өмірлік тәжірибемізді, қоршаған әлемнің заңдылықтары мен оқиғаларын жеткізе аламыз. Құм терапиясының маңызы: бала өзі жайлы, қорғалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиғи стимулдық орта қалыптастырады және танымдық, психикалық процестерді дамытады, ол түйсік, есті, зейінді, қиялды, кеңістік түсінікті, тактильді-кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикасы дамиды. Құм терапиясының мақсаты: балалардың құм терапиясында қиял, көрнекі – бейнелік ойлауды, сөздік–логикалық ойлауды, көрнекі іс-әрекеттік ойлауды, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Құм терапиясы арқылы баланың шығармашылық, танымдық, интеллектуалдық, қарым-қатынас құзіреттіліктері дамиды. Нақты айтсам, жоғарыда келтірілген көптеген жаңа инновациялық технология түрлері, оны оқу-тәрбие үдерісінде қолдану жолдарын игеру әр тәрбиешінің өз қызметіне қарым-қатынасын танытады. [4, 16 б.].

Мұндай балалардың танымдық қызметінің дамуында да айқын артта қалушылық пен өзгешеліктері бар. Олардың барша ойлау формаларының артта қалуы байқалады, мектептегі оқудың басталуына қарай мұндай балаларда, әдетте әлі негізгі ойлау операциялары талдау, топтау, салыстыру, қорыту қалыптаспаған. Танымдық белсенділігінің төмендігі айқындалған. талаптарға сәйкес келуі, ойын құралдарының әртүрлілігі, іс-әрекеттен тыс техникалық құралдардың жеткілікті қолданылуы – бұл баланың сөз сөйлеуін жақсы меңгеруінің бір шарты болып табылады. Танымдық және сөйлеу іс-әрекетінің дамуына жеткізетін әдістерінің бірі – ойын. Ойын баланың өзінің қарым-қатынасқа деген қажеттігін, сезімдерін, ойларын және эмоцияларын

сыртқа шығаруын қамтиды. Ойынды дұрыс ұйымдастыру арқылы баланың сөздік қоры дамиды, басқа балалармен қарым-қатынаста өзін еркін сезінуі және қоршаған ортаға байланысты білімдерін кеңейтеді. Ойын барысында қолданған сөздерді бала күнделікті өмірде қолданатын сөздік қорына кіргізеді.

Ол үнемі даму үстінде болады, оны дамытатын отбасы және балабақшаның міндеті. Психологиялық денсаулықтың деңгейлері: креативті, адаптивті, дезадаптивті болып үшке бөлінеді. Креативті ортаға жеңіл бейімделетін, стресстік күйлерден өтуге күші жететін, шынайылыққа шығармашылықпен келетін бала. Мұндай бала психологиялық көмекті қажет етпейді. Адаптивті көпшілік ортаға бейімделе алатын, бірақ мазасыздығы басым балалар. Дезадаптивті ортаға өздерінің жағымсыз қылықтарымен бағындыруға тырысатын балалар. Мұндай балдар үнемі жеке жұмысты қажет етеді. [5, 15 б.].

Әдебиеттер

1. Балабақша республикалық журнал №2, 2021 ж 15 - бет
2. Білімдегі жаңалықтар республикалық журнал №2, 2021 ж 13 бет
3. Білім шыңы республикалық газет №4, 2021 ж 12- бет
4. 45 Минут республикалық журналы №2, 2021 ж 16 бет
5. Пайдалы кеңестер республикалық журналы №6, 2021 ж 15 - бет
6. Парасат республикалық журналы №7, 2022 ж 18 - бет

Формирование краеведческих представлений у дошкольников через дидактические игры

*Берац Елена Ивановна
Воспитатель ГККП Детский сад №4 «Арман» г. Степногорск
Акмолинской области, Республика Казахстан*

Аннотация: Формирование краеведческих представлений у дошкольников в современных условиях считаю важным и своевременным. Актуальность проблемы заключается в том, что современные дети мало знают о родном городе, стране, особенностях народных традиций.

Жизнь общества сегодня ставит серьезнейшие задачи в области воспитания и обучения нового поколения. Государству нужны здоровые, мужественные, смелые, инициативные, дисциплинированные, грамотные люди, которые были бы готовы учиться, работать на его благо и, в случае необходимости, встать на его защиту.

Ключевые слова: патриот, патриотическое воспитание, дидактические игры.

Баланы мектеп жасына дейінгі кезеңнен өзі өсіп өнетін ортасын, қоршаған табиғатын бағалай білуге және оларға дұрыс қарауға үйретудің маңызы зор. Ол үшін оқытудың бүкіл үрдісіне экологиялық білімдерді енгізген жөн. Күштемеу, сүйіспеншілік, шындықты білуге талаптану және парасатты мінез-құлық сияқты адамдық қасиеттерді тану үрдісінде балалар адамның табиғат алдындағы жауапкершілігін түсіне біледі. Күштемеу деген табиғатқа жасалып тұрғанның кез-келгеніне мейлі ол ағаш, көбелек, бұтақ болсын оларға ешбір зиян келтірмеу керек дегенді білдіреді. Балалар тірі атаулының бәрін бағалай білуі тиіс. Табиғатқа деген сүйіспеншілікті тек оның әсемдігімен масаттану және тынығуға жиі бару деп түсінбеу керек. Балалардың өздері де ағаштар отырғызуға, бұлақтардың көзін ашуға, ұя жасауға қатысып, табиғатқа зиян келтіретін тұрмыстық қалдықтардан құтылудың тәсілдері туралы сұрақтарға жауаптар іздейді.

Жас бала тамылжыған табиғатқа, әсем әуенге, айналадағы әсемдікке қызығады, содан әсерленеді, көркемдікті түсініп, оның мәнін түсінеді, әсемдікті танып, талғауды үйренеді. Мысалы: Балаларды гүлдермен таныстыру кезінде, олар олардың түрлерімен, пайдасымен тапсырмалар арқылы танысып, хош иісімен далаға берер әсемдігін көреді, сезінеді. Осы сұлулықты бұзғылары келмейді. Оны елестету арқылы парақ бетіне өз қиялдарынан бейнелеп салады.

Өлі және тірі табиғат нысандарына деген қызығушылық өте ерте жастан қалыптаса бастайды. Балалар бәрін байқайды: орман алқабындағы еңбекшіл құмырсқалар илеуін қалың шөптегі кіп-кішкентай өрмекшіні, ағаш басындағы ұяларды т.б.

Балалардың көңілін табиғаттағы маусымдық өзгерістер, түстердің ашықтығы, әр түрлі дыбыстар, иістер тартады. Олар өздеріне жаңа әлем ашады: барлығын қолмен ұстап қарауға, иіскеуге, егер жағдай болса дәмін көруге тырысады.

Баланың айнала қоршаған табиғатқа қызығушылығын ескере отырып, экологияға деген сүйіспеншілік, қорғаушылықты тәрбиелеу керекпіз. Ең

маңыздысы біздің табиғатты сүюіміз және соны балаларға жеткізуіміз, біз табиғатсыз өмір сүре алмайтынымызды балаға түсіндіру. Қазіргі таңда балалардың дамуында экологиялық біліктілігіміздің, жаңа технологиялардың маңызы ерекше. Экологиялық тәрбие адамгершілік тәрбиесімен өте тығыз байланысты. Әсемдіктен сусындау, оны қабылдау, түсіне және сезіне білу адамгершілік негіздерді қалыптастыруға көмектеседі. Оның міндеттері күрделі де сан алуан. Экологиялық тәрбие балалардың сезімдері мен санасына ықпал жасап, көзқарастары мен нанымдардың орнығуына жәрдемдесе отырып, оның дүниетанымын қалыптастыруға елеулі үлесін қосады. Тіпті балаларға табиғаттағы адамдар еңбегінің маңыздылығын көріп, бағалауды үйретеміз.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде, мақсатты серуендер мен саяхаттарда ойындарды қолдану көп жетістіктерге жеткізді. Ойын тәрбиешілер мен мектеп жасына дейінгі балалардың оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы десек те болады. Экологиялық дамытудың түпкі мақсаты оның сапалы болуы. Экологиялық біліктілік арқылы ұжымдық, топтық, жеке қабілеттерді ашуға болады. Жалпы экология барлық оқыту – тәрбиелеу үрдісімен байланысты. Осы оқу іс-әрекеттерді тиімді дұрыс пайдалануы мектеп жасына дейінгі баланы жан-жақты дамыта отырып, білімді игеруге қызығушылықтарын тудырады. Балалар оқу іс-әрекетінде алған білімдерін іс-жүзінде тәжірибелерде өздері жасап, нәтижесін көреді.

Әдебиеттер

1. Көбеева Н. «Бала және табиғат» \ \ Үйелмен және балабақша. – 1993. №5.
2. Құлшанова С Табиғатты қорғау. \ \ Отбасы және балабақша. – 1993. № 6.
3. Керімбаева Р Табиғат. Бала. Тәрбие. \ \ Отбасы және балабақша. – 1997. № 1 – 3.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында балаларға экологиялық білім берудің тиімділігі

*Савит Інжу, тәрбиеші
КМҚК №8 сәбилер-бақшасы
Павлодар облысы, Екібастұз қаласы*

Андатпа: Экологиялық тәрбиені балабақшадан бастау бұл – балаларды адамгершілікке, руханилыққа, өз отанын сүйіп, аялауға, қоршаған ортаға қамқорлық көрсетудің басты жолдары деп атар едім. Дәл осы мектепке дейінгі жаста экологиялық білім негіздерін меңгеру өте маңызды, себебі бала осы жаста табиғатты жанды нәрсе ретінде өте эмоционалды түрде қабылдай бастайды. Табиғаттың балаға әсері орасан зор, атап айтқанда: ол баланы

дыбыстар мен иістердің, айналадағы құпиялар мен жұмбақтардың маңызын түсініп, оны мұқият қарауға және ойлануға мәжбүр етеді.

Қілт сөздер: Экологиялық тәрбие, айналадағы сұлулық, балалармен жұмыс, педагогикалық процесс

Айналадағы сұлулық туып-өскен жеріне деген сүйіспеншілікті, түптеп келгенде Отанға деген сүйіспеншілікті тудырады. Осы орайда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында экологиялық тәрбие жұмысы бірнеше бағытта жүргізіледі:

- балалармен жұмыс;
- педагогтармен жұмыс;
- ата-аналармен жұмыс.

«№8 сәбилер бақшасы» КМҚК да экологиялық тәрбие мен оқытуды жүзеге асыру үшін келесі міндеттер жүктелген:

4. Балаларға табиғатта бәрі бір-бірімен байланысты екенін көрсету;
5. Табиғи байланыстардың не үшін қажет екенін түсінуге көмектесу;
6. Балаларға ондағы қарым-қатынастар туралы білімдер мен олардың іс-әрекеттерінің ықтимал салдарын тиісті бағалау негізінде табиғатта өзінің мінез-құлқын құрып үйренуге көмектесу (бұл жерде біз табиғаттағы мінез-құлық ережелеріне келеміз).

Балабақшамыздағы балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысының жоспарлануы мен жүйесі өзара байланысты құрамдас бөліктерден тұрады, олардың әрқайсысы экологиялық тәрбиені жүзеге асыруда өз қызметін атқарады. Мектепке дейінгі педагог – педагогикалық процесте, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беретін басты тұлға болғандықтан экологиялық мәдениеттің тасымалдаушысы бола отырып, ол балаларға экологиялық білімді дамыту әдістемесін меңгертуі, балалардың іс-әрекетін мазмұнды, эмоционалға бай болатындай етіп ұйымдастыра білуі, практикалық дағдылар мен табиғат туралы қажетті идеялардың қалыптасуына ықпал етуі, бірте-бірте «өзгеріске» ауысуына ықпал жасай білуі қажет.

Экологиялық білімі сауатты адам ғана экологиялық білім жағынан саналы тұлғаны қалыптастыра алады. Сонымен бірге, тәрбиешінің бірқатар дағдылары болуы керек, олар: педагогикалық ұжыммен, әсіресе жас мамандармен кеңестер, семинарлар, іскерлік ойындар, ішінара бағдарламаларға шолулар өткізіп отыруы аса маңызды.

Қазіргі уақытта балалар теледидардың, компьютердің және кітаптардың арқасында әртүрлі заттар мен табиғат құбылыстары туралы көбірек біледі және оларда қоршаған әлем туралы әртүрлі сұрақтар туындайды. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбиешілер оқу іс-әрекетін, бір жағынан, балалардың

сұрақтарына жауап беріп, олардың қызығушылығын қанағаттандыратындай етіп құруға тырысады.

Екінші жағынан, олардың қажетті білім алуын қамтамасыз ету. Бұл дегеніміз тәрбиенің басты мақсатын балаларды жүйелі әрі шығармашылық әрекетке баулудан бастаймыз. Осы орайда менің іс-тәжірибемде ұйымдастырудың келесі формалары кеңінен қолданылады:

- тікелей оқу қызметі;
- педагог пен баланың бірлескен іс-әрекеті;
- ата-аналармен бірлескен іс-шаралар;
- дербес әрекет.

Экологиялық білім берудің тиімділігін арттырудың бір жолы – әртүрлі жұмыс әдістерін қолдану: экологиялық ағарту іс-шаралары; экологиялық экскурсиялар; мейірімділік сабақтары; экологиялық клубтар; экологиялық жарыстар; педагогтар арасында КВН және викторина; қоршаған ортаны қорғау шаралары; жағдаяттарды талқылау және шешім қабылдау; жасыл патруль; табиғат күнтізбелерін жүргізу; экологиялық көрмелер мен экспозициялар; экологиялық мерекелер мен демалыс шаралары; экологиялық ойындар (дидактикалық, симуляциялық ойындар, экожүйені модельдеу; жарыс, саяхат ойындары және т.б.); экологиялық тренингтер және т.б.

Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеуде табиғи жағдайда практикалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекеті үлкен рөл атқарады. Жобалау іс-әрекетінің технологиясы мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесіндегі міндеттерді табысты шешуге ықпал етеді. Экологиялық жоба аясында балалармен жұмыс істеу әдістемесі кешенді тәсіл негізінде жасалған. Жоба барысында балалар бақылайды, тәжірибе жасайды, сурет салады, мүсіндейді, ойнайды, музыка тыңдайды, әдеби шығармалармен танысады, өз ертегілері мен әңгімелерін құрастырады.

Педагог жұмыстың формалары мен әдістерін олардың жас ерекшеліктеріне қарай таңдайды. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің педагогтары балалармен бірге «Қыста құстарға жем бер», «Біздің кішкентай көршілер», «Қоқыс ауылға немесе екінші өмірге қажет емес заттар», «Біздің кішкентай достар» атты экологиялық жобаларды жасады. , «Петуния гүлзарлардың патшайымы», «Алтын балық», «Пияз отырғызу», «Пияз – жасыл дос», «Пияз төсек», «Ой, кішкентай гүлдер...».

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Концепция экологического образования РК, 2002
2. Зверев И.А., Суравегина И.Т. Экологическое воспитание школьников. «Педагогика», 1983 г.

3. Гижицкая С.А., Факторович Л.В., Влазнева А.Е. Экологические тропы г.Новосибирска- Новосибирск: Изд-во НГПУ, 1999 г.
4. Черняго Л.С. Новое экологическое мышление. География в школе – 1998-3, С.57-59.

Мектепке дейінгі балалық шақтың әлеуметтік және психологиялық құндылығы, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды тәрбиелеу және оқыту процесіндегі орта қажеттіліктері

*Нурпейсова Ақмарал Толеугазиновна, тәрбиеші
№83 «Жансая» балабақшасы
Астана қаласы*

«Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ол ересектердің қызметінде, жұмысында, қызмет бабында қандай мәнге ие болса, мұнда да сондай мәнге ие болады. Бала ойнағанда қандай болса, есейгенде жұмыста да көп ретте сондай болады. Сондықтан да болашақ қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады». Антон Макаренко

Мектепке дейінгі балалық шақ – баланың психикалық дамуының үлкен және жауапты кезеңі. Бұл жеке тұлғаның бастапқы нақты қалыптасатын жасы. Заманауи зерттеулерде көрсетілгендей, мектепке дейінгі кезеңде бала барлық психикалық функцияларды қарқынды дамытып қана қоймайды, күрделі ісшаралар қалыптасады, мысалы, ойын, ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас, сонымен қатар танымдық қабілеттердің жалпы негізі қаланады. Мектеп жасына дейінгі баланың дамуының психологиялық құрылымының кез-келген байланысын немесе тетіктерін бұзу баланың одан әрі дамуына шешуші әсер етуі мүмкін.

Мектепке дейінгі жастағы маңызды ерекшеліктерге баланың көптеген қолайсыз сипаттамалары жасырын болып табылатындығы жатады. Бір жағынан, көптеген жағымсыз көріністер өтпелі, уақытша және біртіндеп болады, олар есейген сайын бала оларды жоғалтады, ал екінші жағынан, мектеп жасына дейінгі кезеңнің соңында бала жеке жауаптың тұрақты ерекшеліктерін дамытады, мотивтер мен құндылықтардың иерархиясы құрылады. Сонымен қатар көптеген фактілер, егер қандай да бір себептермен немесе эмоционалды қасиеттер ерте балалық шақта дұрыс дамымаса, онда мұндай кемшіліктерді кейіннен жеңу қиынға соғады, тіпті кейде кеш болуы да мүмкін.

Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары модельді іске асыруда көзделген сапалық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған.

Сонымен қатар мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесінде шешуді талап ететін бірқатар өзекті мәселелер бар:

- балалармен жұмыста қолданылатын әдістер мен нысандардың заманауи талаптарға сәйкес келмеуі;
- балалардың танымдық қызығушылықтары мен білуге құмарлығы, дербестігі жеткілікті ескерілмеуі;
- кадрлар жасының ұлғаюы және жетіспеуі;
- мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі педагог мамандығы беделінің болмауы;
- кадрлардың тұрақтамауы;
- ерекше білім беруді қажет ететін балалардың оқшаулануы;
- инклюзивті ортада балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін мамандар тапшылығы;
- ата-аналар қауымымен байланыстың жеткіліксіздігі.

Мектепке дейінгі кезең – мектепке дайындық сатысы, баланың өмірлік маңызды дағдыларын дамыту кезеңі. Демек, бала өміріндегі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту тәсілінің ұйымдастырылған оқу қызметінен баланың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, әр баланың әлеуетін барынша дамытуға жағдай жасауға қарай өзгеруі тиіс. Педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құрудың маңызы зор. Бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгерту ойын нысанында іске асуға тиіс. Ойын – баланың негізгі әрекеті және дамытудың негізгі құралы.

Балалармен диалог жүргізуде педагог қарым-қатынас тәсілдерін көрсетеді, әңгімелесушінің сезімін ескеру қажеттілігін түсіндіреді, сыпайылық пен адамдармен араласу қағидалары туралы айтады. Бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау қажет.

Сәбилер мен мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшелігі – олар белсенді әрекеттер мен практика арқылы үйренеді. Сондықтан ұйымдастырылған оқу қызметі тек ойын түрінде өткізілуге тиіс. Мектеп жасына дейінгі кезең өте сақтықты, қателеспеуді, сауатты тәрбиелеуді қажет ететін және бала эмоциясының нәзік кезеңі. Қазіргі психологиялық — педогогикалық теорияда баланың жағымды эмоцияларын дамыту тек кәсіби мамандыққа ғана байланысты емес ол, тәрбиешінің жеке дербес қасиеттеріне де байланысты деп тұжырымдаған. Мектепке дейінгі ерте жас шамасындағы балаларға ерекше қарым-қатынастар талап етіледі Олар өте мейірімді, нәзік, өте сенгіш келеді. Сондықтан бұл жас шамасындағы балдырғандарды қамқорлыққа алу, жараламай тәрбиелеу өте маңызды. Топта балаларға жақсы және жайлы болу қажет.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылы арқылы бақытты, дені сау, дербес, білуге

құмар, тіл табысқыш, сын тұрғысынан ойлайтын балалардың толыққанды дамуы үшін жағдай жасауға:

- баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған трансформацияланатын ойын және тақырыптық аймақтар, инклюзивті дамытушы орта құруға;
- ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыруға;
- отбасымен ынтымақтастық нысандарын кеңейтуге; • мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын бағалау өлшемшарттарын әзірлеуге;
- Ең бастысы ұйымдастырылған іс-әрекетте балаларды шаршатпай, ойын түрінде өткізу керек

Инклюзивті білім беру моделі келесі әлеуметтік тәсілге негізделген – ерекше білімді қажет ететін балаларды емес, қоғамды және оның ерекше балаларға деген қатынасын өзгерту керек. Инклюзия ерекше білімді қажет ететін балалар үшін ғана емес, дені сау балалар үшін де дамыған, ізгілікті және тиімді жүйе ретінде танылады. Ол балабақша жүйесінің критерийлеріне қаншалықты сәйкес келетіндігіне қарамастан, барлығына білім алуға құқық береді. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту процесінде мұғалімдер мен атааналардың арасындағы қарым-қатынас ерекше рөл атқарады. Ата-ана баласын жақсы біледі, сондықтан бірқатар мәселелерді шешуде мұғалім олардан құнды кеңестер ала алады. Педагогтар мен ата-аналардың ынтымақтастығы жағдайды әр қырынан қарауға көмектеседі, демек, ересектерге баланың жеке ерекшеліктерін түсінуге, оның қабілеттерін анықтауға және дұрыс өмірлік нұсқауларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған жеке бағдарламалар әр түрлі болуы мүмкін. Олар жеке курстарға, пәндерге немесе балаларды жалпы оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларына сілтеме жасай алады. Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқыту мен дамытудың жеке бағдарламасымен жұмыс жасау – бұл әр баланың ерекшеліктерін ескере отырып, жаңа қабілеттерін ашуға бағытталған шығармашылық және өте күрделі процесс.

Қорыта келе, әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұрғылық қарым-қатынасқа құқылы. Ерекше оқытуды қажет ететін баланы әлеуметтік ортаға енгізу – әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне және баланың өз жағдайына қарай білім алу және ортасына бейімделуін қалыптастыру.

Әдебиеттер

1. Керімбаева Р.Қ. Мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру.- Тараз, 2010.

2. Проектный метод в деятельности дошкольного учреждения: Пособие для руководителей и практических работников ДОУ. Автор - составитель: Л. С. Киселёва, Т. А. Данилова, Т. С. Лагода, М. Б. Зуйкова. - М.: АРКТИ, 2005.
3. Бастапқы білім және тәжірибе А. Әлімов

Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жаңа технологиялар

*Бураханова А.А., тәрбиеші,
№54 «Нұр-Ай» балабақшасы, тәрбиеші
Астана қаласы*

Андатпа: Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жаңа технологиялар қарастырылады. Ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, инновация ұғымы жан-жақты талданылады.

Түйінді сөздер:

Тәрбие, оқыту, білім беру, инновация, интерактивті тақта, мультимедия, технология, электрондық жүйе, ақпарат, коучинг, графика, модуль

Аннотация: В статье рассматриваются новые технологии, используемые в дошкольных организациях, на основе научных исследований всесторонне анализируется понятие инновации.

Ключевые слова: образование, обучение, образование, инновации, интерактивная доска, мультимедиа, технология, электронная система, информация, коучинг, графика, модуль

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту үздіксіз білім беру жүйесінің алғашқы деңгейі ретінде қазіргі тұрақты өзгеріп тұрған әлемде табысты бейімделуге қабілетті бала тұлғасының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдайлар жасайды. Қазіргі таңда адамзат қоғамына ғылыми жаңалықтар мен инновациялық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен оқыту саласын заман талабына сай дамыту соншалықты уақыт сұранысын қанағаттандыратын жаңа бағдарламалармен, технологиялармен қамтамасыз ету болып отыр.

Үздіксіз білім беруге көшу, компетенцияға негізделген білім, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану, білім берудің ашықтығы, көкейкестілігі, іргелі білім беру, білімді ізгілендіру; білім берудегі инновациялық әдістер. «Инновация» термині ғылымға ХІХ ғасырда енді. Ағылшын тілінен аударғанда «жаңалық енгізу», «жаңашылдық» деген ұғымды білдіреді. ХХ ғасырдың 30 жылдары И.Шумпетер, Г. Менш «инновация» терминін ғылымға енгізді. Осы кезден бастап, «инновация», «инновациялық процесс», «инновациялық потенциал» терминдері жалпы ғылымдардың терминологиялық жүйесін байытты. Сонымен технология – шеберлік, өнерлік, білгірлік туралы ғылыми ұғым. «Технология» сөзі көптеген ұғымды білдіреді, олар:

- Белгілі бір маңызды әрекетте, өнерде, шеберлікте мақсатқа жету үшін қолданылатын әдіс (В.Даль сөздігі).

- Белгілі заттың бейнесін өзгерту үшін қолданылатын өнер, біліктілік, әдіс-тәсілдер (В.М. Шепель).

- Белгілі затты, тұлғаны сапалы өзгертуде қолданылатын білім мен әдіс-тәсілдер жүйесі (И.Г. Зайнышев).

«Фребель сыйы».Фридрих Фребель идеялары.

Фридрих Фребель (1782- 1852) - неміс педагогі, мектепке дейінгі тәрбиенің теоретигі. Фридрих бала бақшасының құрылуын насихаттаған, балалар үшін тәрбиешілерді дайындаған және олардың жұмысының өзіндік әдісін әзірлеген. Фридрих балалардың даму процесінде ойынның үлкен тәрбиелік және білімдік мағынасын айтқан.ХІХ ғасырдың екінші жартысында–ХХ ғасырдың басында Европада неміс педагогы Ф. Фребельдің мектепке дейінгі тәрбие теориясы кең таралды. Ол 10 «балалар бақшасы» деген терминді енгізді, бұл дүние жүзінде жаппай қабылданды. Ол балалардың жасына сәйкес бірқатар қарапайым білім мазмұнымен таныстыру қажеттілігін атап көрсеткен. Оның идеялары: мектепке дейінгі тәрбиені насихаттау және балалар бақшаларын кең тарату, мектепке дейінгі мекемелердің жұмысының теориясын бірінші болып жасап, мектепке дейінгі педагогикалық ғылымдардың дербес саласы болып бөлінуіне себепкер болды.

Заман талаптарына сай мектепке дейінгі мекемелерде АКТ оқыту процесінде кенінен пайдаланады. Түрлі танымдық салаларына арнаулы компьютерлік бағдарламалар құрылуда. Баланың жас ерекшелігіне және пайдаланатын компьютерлік бағдарламаларға сай интерактивті тақта ойындағы баланың оппоненті, бағдарлаушы (әңгімелеуші), жаттықтырушы, емтихан қабылдаушы болуы мүмкін.

Оқытуда балалардың түрлі психикалық функцияларын дамытуға арналған пайдаланатын компьютерлік құралдар бар: *олар қөру, есту арқылы қабылдау, зейін, есте сақтау, логикалық ойлау* т.б.

Интерактивті тақтаны пайдалану. Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Бірнеше технологиялардың пайдаланудың әсері, оқыту нәтижесінің сапасын күшейтеді.

Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, сонымен қатар интуиция, образдық ойлауын дамытады.

Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру екені мәлім.

Коучинг технологиясы

«coach» - «жаттықтыру, үйрету, бағыттау, фактілермен қамтамасыз ету».

Коучинг пен тәлімгерліктің сипаттамасы:

Коучинг – оқудың нәтижелілік дәрежесін арттыру арқылы оны жетілдіруге мүмкіндік беретін үдеріс. Табысқа жету үшін тренерлер үдерісті білуге және түсінуге, сондай-ақ коучинг жүзеге асырылатын мән-мәтінге сәйкес келетін стильді, дағдылар мен әдістемелерді меңгеруі керек.

Тәлімгерлік – тәжірибесі аздау мұғалімнің білімін, ойлауын, практикалық қызметінің тиімділігін жетілдіру қарқынын арттыру мақсатында тәжірибелі мұғалім мен тәжірибесі аздау мұғалім арасында сенімді, жеке тұлғаға бағытталған қарым-қатынас орнату үдерісі болып табылады.

Коучинг пен тәлімгерліктің айырмашылығы:

Тәлімгерлік

- ұзақ уақыт бойы жалғасуы мүмкін жүйелі қарым-қатынас;
- тәлім алушы үшін қажеттігіне қарай кездесу ұйымдастыру арқылы бейресми сипатта болуы мүмкін;
- кеңестер, ұсынымдар мен қолдау ұзақ уақыт және көп аспектілік негізде көрсетіледі;

Коучинг

- қарым-қатынас ұзақтығы алдын ала белгіленеді;
- әдетте, құрылымдық сипатта болады;
- кездесулер алдын ала жоспарланады;
- коучинг білім алушыларда нақты дағдыны қалыптастыруға

бағытталған;

коучинг дамудың белгілі бір бағыттарын қарауға, нақты мәселелерді шешуге бағытталған.

Коучинг - адамның нәтижелілігін арттыру мақсатында әлеуетін ашу.

Коучинг үйретпейді, ол үйренуге көмек көрсетеді.

Коучингті жұмыс уақытында қолдану жағдайлары:

- Ұжымды ынталандыру;
- Мәселелерді шешу;
- Жоспарлау мен қадағалау;
- Қарым-қатынас мәселелері;
- Ұжымды дамыту;
- Команданы құру;
- Топтық жұмыс.

Ал бала қанша да балалығын көрсетпей тұрмайды, оларға әрдайым ата-ана, тәрбиешілер тарапынан қамқорлық, басшылық ауадай қажет - ақ.

Білімділік пен тәрбиеліктің нәрі сәбиге ана сүтімен дарыса, тәлім-тәрбие мектепке дейінгі ұйымнан басталды.

Осыған орай, бүгінгі қоғам мүмдесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық санамен парасаты бар азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның барша халықтың міндетті.

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастауы, тұлғасы балабақшадан басталады.

Модульдік оқыту технологиясы

М.Жанпейісованың модульдік технология дамыта оқыту идеясына негізделген, мақсатында өз бетімен дами алатын, әр түрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді бала тәрбиелеу. Модульдік оқытудағы негізгі мақсат-баланың өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту.

Модульдік оқытудың өзегі-оқу моделі, ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген ұстаздың нұсқауынан тұрады. Оқытудың жаңа элементтерін пайдалану арқылы тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілетін дамыту. Модельде 1-3-деңгейлік тапсырмалар: тест сұрағы, топ тапсырмасы, шығармашылық іс-әрекет бойынша жұмыс жүргізіледі. 3-деңгей-мемлекеттік стандарт деңгейі, бұны барлық балалар орындауы, білуі міндетті. 2-деңгей бұған қарағанда күрделірек, ал 1-деңгейді өз пікірін жеткізе алатын, өз ойын шығармашылықпен дәлелдей алатын қабілетті, озат балалар ғана орындай алады.

Осылайша, жаңа технологияларды қолдану — тәрбиеші қазіргі заманға сай өзгеріп отыратын әлемде өмір сүруге дайын, денісаулығын сақтай алатын, білімі мен машықтарын көрсете алатын, шығармашылығы кең, ақыл-ой өрісі дамыған, өз ойын сауатты жеткізе алатын, бәсекеге жарамды тұлғаны өсіруге жетелейді.

Білім — ел қазынасы, халқымыздың білімділігі – ел байлығы. Уақыт талабына сай білім беру үшін оқытудың жаңаша әдістерін қолдануымыз қажет. Сондықтан әрбір тәрбиеші — өз ісінің шебері, яғни жан-жақты ізденгіш жаңашыл болып, балалардың білімге ықыласы мен қызығуын арттыру мақсатында іс-әрекеттің құрылымы мен әдіс тәсілдерін өзгертіп отыруы қажет.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008
2. М.М.Жанпейісова «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2002 ж.
3. Қ.Ахметұлы, Т. Баймолдаев «Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім беру жолдары. Алматы, 2003ж.
4. М.Ж.Жадрина «Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беруді дамытудың тенденциялары мен мәселелері». Алматы, 2002 ж.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы қазіргі цифрлық

білім беру ортасы

*Якубаева Куралай Халилаевна
Астана қ. №88 «Баян сұлу» балабақшасы,
инновация әдіскері*

Аңдатпа

Мақалада мектепке дейінгі ұйымның заманауи цифрлық білім беру бағытындағы өзгерістер мен іс-тәжірибе нәтижесі сипатталаған.

Түйінді сөздер: цифрлық білім беру ортасы, инновация, педагогикалық технология.

Сандық кеңістік –бала өмірінің ажырамас бөлігі, ерте жастан бастап бала туралы идеяларды қалыптастыру көзі қоршаған әлем-медиа ресурстар.

Цифрлық білім беру ортасы

Білім берудің әртүрлі міндеттерін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық жүйелердің ашық жиынтығы

"Ашық" сөзі кез-келген пайдаланушының сандық ортада әртүрлі ақпараттық жүйелерді пайдалану, оларды ауыстыру немесе ауыстыру мүмкіндігі мен құқығын білдіреді.

Балалардың қажеттіліктері мен мүдделері білім беру саласындағы негізгі нормативтік құжаттарда ескерілген, мұнда негізгі міндет білім беру сапасы мен қолжетімділігін арттыру болып табылады, оның ішінде заманауи цифрлық білім беру ұйымдары .

Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде заманауи цифрлық ортаны ұйымдастыру мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартының негізгі принциптерін, мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға ықпал етеді.

Мақсаты:

Заманауи цифрлық білім беру кеңістігін ұйымдастыру арқылы білім берудің сапасы мен қолжетімділігін арттыру.

Бағыты:

1. МДҰ-да білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ететін ақпараттық-білім беру ортасын құру және дамыту;

2. Тәрбиеленушілердің ақпараттық мәдениетін, педагогикалық және басшы кадрлардың қабілеттерін тиімді қалыптастыру ақпараттық ресурстар мен технологияларды пайдалану;

3. Ақпараттық технологиялар негізінде білім берудің жаңа деңгейіне кезең кезеңімен өту үшін жағдайлар жасау;

Міндеттері:

- ✓ жоғары жылдамдықты Интернет қосылымымен қамтамасыз ету;
- ✓ білім беру процесінің барлық қатысушылары ақпараттық деңгейде тартылатын және өзара байланысты болатын бірыңғай ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру;

- ✓ цифрлық технологияларды пайдалана отырып, оқу процесінің заманауи үлгілерін іске асыруға мүмкіндік беретін ОУ қызметкерлерінің кәсіби біліктілігінің 100% деңгейіне қол жеткізу;
- ✓ білім беру процесіне заманауи әдістерді енгізу;
- ✓ цифрлық технологияларды пайдалану;
- ✓ цифрлық технологияларды пайдалана отырып, педагогтар мен тәрбиеленушілердің жұмыстарының көрмелеріне, конкурстарына қатысу;
- ✓ цифрлық технологияларды пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту, оның ішінде электрондық құжат айналымын енгізу.

Күтілетін нәтиже:

➤ мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларының құрылымында жұмыс бағдарламаларын іске асыру үшін цифрлық білім беру ресурстары бар оқу-әдістемелік жиынтықтарды (оның ішінде авторлық орындауды) әзірлеу;

➤ материалдық-техникалық базаны жаңа цифрлық жабдықтармен, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жабдықтармен толықтыру;

➤ жоғары технологиялар саласындағы білім беру ұйымдарының тәрбиешілері мен мамандарының кәсіби құзыреттілігін арттыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларға сүйене отырып, жаңа педагогикалық міндеттерді шешуге дайын педагогтың ақпараттық мәдениетін дамыту.

➤ ашық жалпыға қол жетімді ақпараттық ресурстардың ақпараттық мазмұнын және функционалдық мүмкіндіктерін жаңарту және тәрбиеленушілердің ата-аналарымен интерактивті байланыс тетіктерінің жұмыс істеуі (WhatsApp платформасы, жеделхаттар);

➤ білім беру процесінде электрондық білім беру ресурстары мен цифрлық технологияларды пайдалану;

Алайда, цифрлық білім беру ортасы баланың дамуындағы педагогтың көмекшісі, ал адамның тірі қарым-қатынасын толығымен ауыстырыңыз.

МДҰ-да инновациялық қызметті ұйымдастырудың теориялық аспектілері

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық ұжымдары өз жұмыстарына инновациялық технологияларды қарқынды енгізуде. Сондықтан мектепке дейінгі педагогтардың негізгі міндеті балалармен жұмысты ұйымдастырудың әдістері мен формаларын, оқушылардың жеке дамуының белгіленген мақсатына сәйкес келетін оңтайлы инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау болып табылады.

Инновация дегеніміз-қоршаған ортаның бір күйден екінші күйге өзгеруіне себеп болатын жаңа компонентті құру және пайдалану.

Технология-кез-келген бизнесте қолданылатын әдістер жиынтығы.

Педагогикалық технология - оқыту мен тәрбиелеудің формаларының, әдістерінің, оқу құралдарының ерекше жиынтығы мен қолданылуын анықтайтын психологиялық - педагогикалық көзқарастар жиынтығы; бұл

педагогикалық процесті ұйымдастырудың ұйымдастырушылық - әдістемелік құралы.

Білім беру үдерісіндегі инновациялық технологиялар - жаңа, бұрын болмаған компонент құру.

Инновациялық процесс - бұл дәстүрлі білім беру жүйесінің жаңа сапалы күйге көшуінің сәттілігіне кепілдік беретін инновацияларды құру, игеру және қолдану.

Мектепке дейінгі оқытудағы инновациялар оқытудың жаңа әдістерін, сабақтарды ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін, білім беру мазмұнын ұйымдастырудағы инновацияларды, білім беру нәтижесін бағалау әдістерін түсіну үшін ұсынылады. Мектепке дейінгі білім берудегі заманауи инновациялық педагогикалық технологиялар МДҰ мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Балалармен жұмыстағы инновациялар.

Әр педагог бірнеше белгілі технологияларды интеграциялау немесе инновациялық технологияны мектепке дейінгі білім беру ұйымының білім беру процесінің нақты жағдайларына бейімдеу арқылы, қандай да бір инновациялық технологияны жасаушы болып табылады.

Жұмыста инновациялық технологияларды шығармашылықсыз пайдалану мүмкін емес. Технологиялық деңгейде жұмыс істеуді үйренген педагог үшін оның дамып келе жатқан күйіндегі когнитивті процесс әрқашан негізгі нұсқаулық болады.

Қорытынды

Инновациялық қызмет - бұл жаңа өнімдерді, технологияларды, басқару әдістерін алу немесе қолданыстағы өнімдерді жақсарту үшін ғылыми - техникалық нәтижелерді пайдалануға бағытталған практикалық әрекеттер жиынтығы. Ұйымның инновациялық қызметі инновацияларды қолдануды (жүйе ішіндегі өзгерістерді), өнімділікті эксперименттік тексеруді және әртүрлі бөлімшелерде инновацияларды пайдалану мүмкіндігін қамтиды. Мектепке дейінгі білім беру ұйымының жұмысына инновацияларды енгізу - мектепке дейінгі білім беру жүйесін жетілдіру мен реформалаудың маңызды шарты. Мектепке дейінгі мекемедегі инновациялық қызметтің жалпы мақсаты - оқу процесінің тиімділігін арттыру және жақсы нәтижелерге қол жеткізу.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысы, 2021 жыл 15 наурыз
2. Тимофеева, Л.Л., Майер, А.А. Повышение профессиональной компетентности педагога дошкольного образования. Выпуск 2. – М., 2013. – 96с.
3. Кораблева, С.В., Мифтахова, О.А. Организация работы старшего воспитателя с педагогами ДОО в режиме инновационной деятельности / С.В. Кораблева, О.А. Мифтахова // Народное образование. Педагогика. - 2015.

Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту

*Кадирберлина Б.А., тәрбиеші
№54 «Нұр-Ай» балабақшасы
Астана қаласы*

Андатпа. Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын жаңа технологиялар қарастырылады. Ғылыми зерттеулерге сүйене отырып, инновация ұғымы жан-жақты талданылады.

Түйінді сөздер:

Тәрбие, оқыту, білім беру, инновация, интерактивті тақта, мультимедия, технология, электрондық жүйе, ақпарат, коучинг, графика, модуль, Флипчарт

Аннотация. В статье рассматриваются новые технологии, используемые в дошкольных организациях, на основе научных исследований всесторонне анализируется понятие инновации.

Ключевые слова:

Образование, обучение, образование, инновации, интерактивная доска, мультимедиа, технология, электронная система, информация, коучинг, графика, модуль, Флипчарт

Бұл мақалада шығармашылық сөзіне анықтама беріліп, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарында жүргізілетін жұмыстары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырма түрлері айтылады.

Енді жалпы «шығармашылық» деген сөзге анықтама бере кетсем, менің ойымша, «Шығармашылық» деген сөздің түп төркіні, этимологияны шығару, ойлап табу дегенді білдіреді. Демек жаңа нәрсе ойлап табу, яғни сол арқылы жетістікке жету деп түсінемін. Ал «шығармашылық даму» деген – жалпы тұлғаның даму көрсеткіші және адам жан дүниесін жаңғырту. Сонда түйіні шығармашылық – қайталанбайтын, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекет деп те айтуға болады. Өйткені, жаңалық әсіресе интеллектуалдық тұрғыда болса, ол баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді.

Баланың шығармашылығы деген – баланы ойлай білуге үйрету, баланың іс-әрекетіне жағдай туғызу. Яғни, мектеп жасына дейінгі баладан шығармашылық қабілетті талап етпес бұрын, шығармашылықпен жұмыс жасауға үйреткен дұрыс. Баланың зейінін, есін, қиялын дамыта отырып, шығармашылық іс-әрекетін жоғары деңгейде көтеруге болады.

Мектепке дейінгі балалардың шығармашылығын қалыптастыру қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі. Педагогтар мен тәрбиешілер мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетінің дамуын жан-жақты тереңірек қарастыру қажеті деген пікірлер айтуда. Балалардың шығармашылық қиялы мен қабілеттерін дамыту сәбилік кезеңнен басталады. Баланың шығармашылық қабілетін дамытудың мынандай шарты бар:

1. Баланың шығармашылық іс-әрекетіне жағдай жасау;
2. Шығармашылық қабілетін дамытуды байқаған бойда қолға алу;

Шығармашылыққа жақын бүлдіршіндер әр түрлі жаңашылдыққа құмар келеді. Негізінде баланың шығармашылық қабілеттері айтарлықтай ерте кезден біліне бастайды. Егер де ата-ана соны байқап, уақытында дамытуға көмек көрсететін болса, болашақта ол балада қандай да бір дарын пайда болуы мүмкін.

Мен мектепке дейінгі мекемеде қызмет етемін. Балалармен жұмыс жасай отырып, алдыма мынандай мақсат қойдым. Мақсатым – балалардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілетін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету үшін – оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және балалардың танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асырамын.

Мен өз тәжірибемде сурет салудың дәстүрден тыс әдістерін қолданамын. Сурет салу әдісі балаларды қызықтыратын, еліктіретін іс-әрекет. Қоршаған орта бала өмірінде ең маңызды орын алады. Мен мектеп жасына дейінгі балалармен шығармашылық жұмыс жасау кезінде сурет салу іс-әрекетінде өзін қоршаған ортамен байланыстыра бейнелеу тапсырмасын беремін. Сонда бала қоршаған ортаны байқайды, қағаз бетіне өз қиялымен бейнелеп сурет салады. Шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін оқу іс-әрекетінде салған суретіне сәйкес баланың ойын білу мақсатында сұрақтар қоямын. Мысалы: (сен қандай сурет салдың? Не салдың? Қандай түстермен боядың?) Бала шығармашыл қиялмен суретті салды, ал ойын білу кезінде қойылған сұраққа алғашыда бала үндемей жауап қайтармайды. Салған суретін қарағанда бұл қандай үй? Үйге ұқсамайды деп айтпаған жөн. Солдан мен бұл тапсырмада бірнеше рет қайталау керектігін түсіндім. Кейін осы жұмыс түрін әрі қарай жалғастыра бердім. Әр сәрсенбі күні «табиғатқа серуен» деп атап, балалармен далаға шығып айналаны қарап, сурет салдырып отырдым. Нәтижесінде балалар сұраққа жауап бере бастады.

Сонымен қатар сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру іс әрекеттерінде балалар өздерінің шығармашылық белсенділігін көрсете алады. Мектеп жасына дейінгі балалар бейнелеу кезеңінде заттарды салыстыра алмауы мүмкін, дегенмен нәрсеге қарап сурет салуда дәл ұқсастықпен бейнелеуге мүмкіндік бар. Сондықтан мектепке дейінгі балаларға бейнелеу өнерін білім беруде көрнекілік құралдарды жиі қолданған дұрыс.

Қазіргі кезде мемлекеттің даму деңгейі табиғи ресурстармен емес, сонымен қатар баланың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуметімен, анықталмақ. Осылайша 2 -3 жас баланың сурет салуға деген қызығушылығы туындайды. Мектепке дейінгі балалардың қабілеттері екі түрлі әрекетте дамиды.

Біріншіден, кез келген бала оқу әрекетінде жинақталағын тәжірибесін жүзеге асырса, екіншіден, кез келген бала шығармашылық әрекетте орындау арқылы өзінің ішкі мүмкіндіктерін дамытады.

Сөзімді түйіндей келе, әр баланың бойында табиғат берген ерекше қабілеті, талант, шығармашылық қабілеті болады. «Бұлақ көрсең көзін аш» - демекші, осындай баланың бойындағы шығармашылық қасиетін дамыту

көбіне педагог- тәрбиешілердің міндеті. Мектепке дейінгі әр баланың бойындағы дарындылық қасиеттерін анықтап, дамыту, өз дәрежесінде жүргізілуі тиіс.

Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуы сәби кезінен басталады. Ол үшін балаға барлық жағдайды жасау керекпіз. Өмірге келген әрбір бала бақытты болуы тиіс. Дана халқымыз «Адам ұрпағымен мың жасайды» - деген емес пе?! Жақсылыққа бастайтын жарық жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні-қараң, келешегі тұман, - деп М. Дулатов айтқан. Демек егеменді еліміздің тірегі-білімді жас ұрпақ. Балалар- еліміздің бүгіні мен ертеңі. Мемлекетіміздің басты байлығы, әрі тірегі. Сондықтан біз педагог тәрбиешілер біздің мақсатымыз – балаға тиісті дәрежеде жағдай жасап, денсаулығына мән беріп, саналы тәрбие мен сапалы білім беру.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Астана, 2016
2. Қ. Ахметұлы, Т. Баймолдаев «Жаңа буын оқулықтары арқылы жас ұрпаққа білім беру жолдары. Алматы, 2003ж.
3. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008

Инклюзивті білім беру

Нуретдинова Асем Бахытжановна

Астана қаласы

№ 54 «Нұр-Ай» балабақшасы

Тәрбиеші, педагог-модератор

Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың мектепке дейінгі білім беретін мекемелерде оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың мектепке дейінгі оқыту ұйымдарында үрдісін сипаттауда қолданылады. Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын

калыптастырады. Әр бала үшін ең алғаш балабақшаға бару ең жауапты да қиын кезең. Ал мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін бұл кезең әлдеқайда эмоциялық жағынан да, психологиялық жағынан да ауыр болады. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі инклюзивті білім беру қағидаларына бет бұрды. Бұл арнайы қажеттілігі бар балалар үшін мектептерде, мекемелерде жағдай туғызып, оларды жалпы білім беру жүйесіне қосу. Тәжірбие көрсеткеніндей қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады. Сонымен, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді. Осы бағдарлама төңірегінде инклюзивті білім беруді жетілдіру мәселелері қарастырылып, 2015 жылға мына міндеттерді шешу көзделген: - мүмкіндіктері шектеулі балаларды біріктіріп оқытудың модульдік бағдарламалары жасалады; - мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортада біріктіріп оқыту ережесі әзірленеді; - түрлі кемістігі бар балалар үшін бірігу нысандары анықталады; - мүгедек балаларға қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру қағидалары әзірленеді. Мектепке

дейінгі білім беру бағдарламасы негізінде 2020 жылға қарай балабақшаларда мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланды. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде, балабақшаларда педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылды. Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз инклюзивті білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына, оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы. Саламан Декларациясына сәйкес инклюзивті білім беру саясатының міндеттері мынадай: Әрбір бала білім алуға құқылы және оны алуға тиіс. Әрбір баланың дара қабілеттері, қызығушылықтары, қажеттіліктері және оқуға деген мұқтаждықтары болады. Білім беру жүйесіне оң өзгерістер, яғни осы мұқтаждықтарды қанағаттандыру мақсатына орай өзгерту. Осыған орай, инклюзивті білім берудің негізгі 8 принципі туындайды. Яғни ол мына принциптер:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткен жетістіктерімен анықталады.
2. Әрбір адам сезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбір адам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлық адам бір-біріне қажет.
5. Білім шынайы қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады.
6. Барлық адамдар құрбы-құрдастарының қолдауы мен достығын қажет етеді.
7. Әрбір оқушы үшін жетістік кезетуөзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру.
8. Жан- жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді. Қорыта келе, бүгінгі балалар, тәрбиеленушілер ертеңгі еліміздің азаматтары. Елбасымыз білім беру жүйесіне басты назар аударуда, қазіргі таңдағы әрқайсымыздың міндетіміз масылдыққа жол бермей, ел ертеңі үшін еңбек етіп, белсене тер төгу екенін естен шығармау керектігін айтқым келеді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін ұлттық ойын арқылы дамыту

Рысбаева Г.Е., тәрбиеші,

Андатпа: Балабақшада ұлттық ойындарды қолданып, балалардың танымын арттыру. Ойын – мектеп жасына дейінгі балалар іс-әрекеттерінің негізгі түрі. Ойын – баланың, бүкіл балалар ортасының дамуында басты роль атқарады. Балаларға ұлттық ойындар арқылы халқымыздың тарихын, мәдениетін таныстыру қолға алынған.

Түйінді сөздер: ұлттық ойын, отансүйгіштікке тәрбиелеу,

Описание: Использование национальных игр в детском саду для повышения знаний детей. Игра – основная форма деятельности детей дошкольного возраста. Игра играет важную роль в развитии ребенка и всей детской среды. Дети знакомятся с историей и культурой нашего народа через национальные игры.

Ключевые слова: Вырастить, зная, что наше бесценное богатство, драгоценное сокровище, переданное нам от наших предков, является национальной игрой, укреплять здоровье, воспитывать патриотизм.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаевтың сөзімен бастағым келіп тұр. «Ойын ойнап ән салмай өсер бала болама» деп айтқандай баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Жас баланың өмірді тануы еңбекке қатынасы психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойын барысында балалар өзін еркін сезінеді, іздепаздық тапқырлық көрсетіп әрекет байқатады.

Ойын баланың көңілін өсіріп, бойын сергітіп қана қоймай, оның өмір құбылыстары жайлы таным – түсінігіне де әсер етеді. Балалар ойын арқылы тез тіл табысып жақсы ұғысады, бірінен – бірі ептілікті үйренеді.

Ұлттық ойындары – ата – бабамыздан бізге жеткен, өткен мен бүгінгі байланыстыратын баға жетпес байлығымыз, асыл қазынамыз. Сондықтан оны үйренудің, күнделікті тұрмысқа пайдаланудың заманымызға сай ұрпақ тәрбиелеуге пайдасы орасан зор. Ойын балалардың алдынан өмірдің есігін ашып, оның творчестволық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді

Ұлт ойындарын жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып келеміз.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары көп салалы, көп қырлы құбылыс, ол тек ойындық сала емес, мәні жағынан да балабақша тәрбиеленушілерінің рухани өресі кең өсіп – жетілуіне, эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға тәрбиелейтін негізгі құралдардың бірі.

Ұлттық ойыны әдет – ғұрыптарын, дәстүрлерін, салт - жораларын ұрпақтан ұрпаққа қалдырып отырады, әрі сақтайды. Олардың ұлттық мәдениетінде, тұрмысында бөлінбейтіндей болып қалыптасады. Ұлттық әдептілік, мәдени құндылық олардың өмір ерекшеліктеріне сәйкес сол ұлттық көпшілік өкілдеріне тиісті болатын қоғамдық даму мен табиғат құбылыстарының қайталану заңдылықтарының нәтижесі.

Бала, қоршаған ортасындағы барша әрекеттерді бір ойын деп түсінеді. Ойнап жүріп үйреніп, ойнап жүріп өмір сүруге бейімделеді. Ойын арқылы бала өзін таниды. Ойын барысында әртүрлі қиындықтарды еңсеріп, ішкі тірегі қалыптасады. Бала кезде қанып ойын ойнаған бала, ересек шағында өмірде күрмеуі күшті мәселелерді оңай шешеді. Ойын барысында бала ешқашан үнсіз қалмайды. Топпен ойнаса достарымен, ойыншықтармен ойнаса солармен, тіпті, өзімен-өзі іштей диалог құра отырып, ойын ойнайды. Міне, сондықтан, ойын арқылы баланың тілін дамыту ең тиімді әдіс болмақ.

Жалпы, оқу ісі-әрекетінде ойындарды: ұлттық ойындар, сөзбен ойналатын ойындар, сюжетті рольді ойындар, қимылды ойындар, дидактикалық ойындар деген топтарға бөлінеді.

Ұлттық ойындардың ішінде: «Аққу ұшты», «Сөз құра», «Жұмбақ жасыр» ойындары баланы тілдік тұрғыда ғана емес, іс-қимыл тұрғысынан дамытуды маңызы зор. Мысалы, «Сөз құра» ойынында балалар шеңбер жасап тұрады. Бірінші бала бір сөз айтады, ал екінші бала сол сөздің соңғы әріпінен басталатын сөз айтады солайша шеңбер бойымен ойын жалғасады.

Сөзбен ойналатын ұлттық ойындар: «Айгөлек», «Ақсерек-көксерек» «Бұғынай», «Даусынан таны» т.б. ұлттық ойындар балалардың сөзік қордарын дамытумен бірге қимыл белсендіктерін арттырады. Сөзбен ойналатын ойындардың бірі «Ақшамшық» - қазақ халқының ерте заманнан келе жатқан дәстүрлі ойыны. Оны халық арасында «Сақина салу», «Сақина тастау» деп те айтады. Аталған ойынды ата-аналармен ойнау барысында да ерекше қызығушылық танытты. Ойынға он-он бес адам қатысып, ортаға бір ойыншыны шығарып, қолына сақина ұстатады. Ойын ережесі бойынша ойыншылар дөңгелене отырып, екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Ойынды жүргізуші алақанындағы сақинаны кімге салса да өз еркі. Ол адамдардың барлығының алақанына сақина салған болып шығады да дауыстап: «Тұр сақинам, тұр» деп немесе «Ақшамшығымды бер!» деп дауыс тайды. Сол сәт сақина тасталған адам «Сақина менде!» деп орнынан тез тұруы керек. Оны көршісі ұстай алмай қалса, жұрт алдында өз өнерін көрсетеді.

Сюжетті рольді ойындардан: «Алдар көсе мен Бай», «Мақта қыз бен мысық», «Мысық пен тышқан» ойындары балалар үшін қызықты әрі көңілді болмақ. Жалпы, сюжетті ойындар ойнату барысында балалардың өздері көріп жүрген мультфильмдері, ертегілері ойнатылса нұр істіне нұр. Әр балаға сол ойыннан бір-бір роль беріп, сөздер бойынша қойылым қойып ойнайды. Бұл кезде

балалардың жаттау қабілеті артып, топпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады.

Ал, дидактикалық ойындарға: «Ғажайып қалта», «Қимылды көрсет», «Даусын сал» ойындары жатады. Дидактикалық ойындар қысқа әрі жылдам болуымен ерекшеленеді. Бұл ойын түрінде балалардың когнитивті жүйесі жақсы дамиды. Әсіресе бала шапшаңдыққа үйреніп, ой-өрісінің жылдам дамуын сеп болады.

Қимылды ойындарға: доп қуу, мұз қатырғыш, құтқарушы ойындарын ойнауға болады. Бұл ойындарды көбіне күн жылы болса далада, кең жерде ойнаған абзал. Ойын баланың физикалық белсенділігін арттырып, физиологиясын ғана дамытып қоймай, тілін дамытуда, оның ішінде: сөздік қорының молайып, сөйлеу арқылы әлеммен байланыс орнату жолында үлкен рөл атқарады.

Ойын арқылы балалар қоғамдық белсенділікті меңгереді, өзінің индивид екенін, психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Қысқаша айтсақ, ойын баланың дамуын жетілдіретін, белсенділігін арттыратын, топпен жұмыс істеу, түрлі дағдыларын арттыруға негіз болып табылады.

Ең бастысы ұлттық ойындар арқылы ата-бабадан қалған өнер мен өнеге үлгілерінің лайықтыларын баланың сана-сезіміне құйып көзіне көрсете отырып, ойын арқылы бойына сіңіріп, оларды әдептілікке, мейірімділікке ізеттілікке, туысқандық пен бауырмалдыққа, үлкенге - құрмет, кішіге - қамқорлыққа баулып адами құндылықтарды ұғындыру, қалыптастыру. Бір ғажайы ойындар балалардың жан сұлулығы мен тән сұлулығын жан-жақты жетілдіруге бағытталған. Ұлттық ойындарды қолданудағы негізгі мақсатымыз балалардың денсаулығын нығайту, денені шынықтыру; мәдениетін қалыптастыру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіру.

Ұлттық ойындарды жанұя тәрбиесінен бастап, балабақшада түрлі тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдалану қажет. Мен ұлттық ойындарды балаларға серуендерде, оқу іс – әрекеті барысындағы, бой сергіту кезінде, ертеңгіліктерде, спорттық шараларда ойнауға ұсынамын. Ұлттық ойындардың бала тәрбиесінде алатын орны ерекше. Балабақша балалары болашақ иесі болғандықтан дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті.

Жасөспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым – қатынасын, мінез – құлқын, өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты.

Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері оқу іс – әрекетінде өлі – тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Ойын үстінде бала бейне өмірдің өзіндегідей қуаныш, реніш сезіміне бөленеді. Бірақ бала одан ойын екенін білмейді деген түсінік тумайды. Сондықтан шындықтағыдай «сөйтейік, бүйтіп көрейік» деуі, олардың «ойынды ойын» деп түсінуінде жатыр.

Осыдан келіп ойын туралы мынандай тұжырым жасалады:

а) ойын – тәрбие құралы, ақыл – ойды, тілді ұстартады, сөздік қорды байытады, өмірді танытып, сезімді кеңейтеді тәрбиелейді.

ә) ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді. б) ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі.

в) эстетикалық тәрбие беру – өнерді, көркемдікті түсіндіру құралына айналады. г) еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді. д) дене күшінің жетілуіне көмектеседі – ойын баланы жан – жақты жарасымды тәрбиелеудің психологиялық және физиологиялық негіздері болып табылады. Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орынды.

Бұл пікіріміз жалаң болмас үшін заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдарымыздың бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мына бір пікірін еске ала кетейік: «Біздің заманымыздың өмір кешкен ұзақ жолында өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған». Халқымыз ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріліп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі – өнегенің желісі бар. Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші өсе келе соған белсенді қатынасушы келесі кезеңді үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Кейінгі кезде ұлт ойындарына көңіл бөлмеу нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық.

Ойын технологиясы бойынша жас өспірімдердің қызығушылығын жақсы арттыруға болады. Сонымен қатар тілдерін де дамытуға болады.

Жас өспірімдердің қарым қатынастарын, іздемаздыққа адамгершілікке, сыйластыққа, мейрімді сөздер айтуға үйретуге болады.

Ең әдемі көрікті

Балабақша үйіміз

Үйрендік бәр ойынды

Біздер ойнай аламыз.

Негізгі және ресурстық әдебиеттер тізімі

1. Құрманбаева С.К. «Ұлттық ойындардың бүгінгі мен келешегі», «Алматы» 2004 жыл.

2. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 жыл.

3. Сабиева У. А, Шомалова Б.Т, Науанова Ж. А. Ұлттық ойын арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды салауатты өмір салтына тәрбиелеу.

Мүмкіндігі шектеулі бала үшін инклюзивті білім берудің маңызы

*Тулеген Умут Тулегеновна
№54 «Нұр-Ай» балабақшасы, тәрбиеші
Астана қаласы*

Аңдатпа. Инклюзивті білім беру- мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды.

Кілт сөздер: білім беру, тәрбиелеу, дамыту, инклюзия

Аннотация. Инклюзивное образование – это форма обучения детей с ограниченными возможностями. Это не вытесняет традиционно сложившиеся и развивающиеся формы в системе специального образования.

Ключевые слова: образование, образование, развитие, инклюзия.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беруді қолдау бағытында жалпы білім беретін мектептерде белгілі себептермен ақыл — ой дамуында ауытқуы бар немесе психикалық дамуы тежелген оқушылар білім алуда. Әр оқушының білім алуда өз ерекшеліктері бар. Мәселен әр оқушының эмоционалдық және психикалық таным процестерінің дамуы деңгейі әртүрлі. Десекте қазіргі таңда әр оқушыға жеке тұлға ретінде қарап, саналы тәрбие сапалы білім беру өмір талабы болып табылады.

Инклюзив — сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

Инклюзивті білім берудің мақсаты:

Даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру- мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Бұл арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды. Инклюзивті оқыту-даму мүмкіндігі шектеулі балалардың қалыпты дамыған балалармен бірге әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы жеңілдетілген оқыту жүйесі. Инклюзивті оқыту-оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді. Адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту-барлық

балалардың мұқтаждығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Инклюзивті білім беру балалардың оқу үрдісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен сабақ берудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Инклюзивті оқыту балаларды жалпы білім беру үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жынысына, шығу тегіне, дініне қарамай балаларды айыратын кедергілерді жоюға ата-аналарын белсенділікке шақыруға балалардың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, қоршаған ортаның балаларды жас ерекшеліктеріне бейімделуіне жағдай қалыптастыру, яғни жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді саясат.

Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр. Дене кемістігімен ауру адамның әлеуметтік өміріндегі мінез-құлқының ауытқуына әкеп соқтырады. Әулеттегі кеміс балаға көбірек қамқорлық көрсетіп, оған басқа балаларға қарағанда ерекше көңіл бөлінеді. Бала басындағы бақытсыздық бәрінен бұрын оның маңындағы жақын адамдардың жанашырлық сезімін оятып, оған деген көзқарасты өзгертеді. Кез келген жанұяда кеміс балаға деген көзқарас оны басқа түскен масыл, не тағдыр жазасы деп санамай, қамқорлық пен мейірімділік құшағында болады. Балаға деген мұндай қамқорлық оған күшті әсер етіп, ол өзін басқа балалардан бөлексіткендей сезінеді. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім мен тәрбие берудегі ғылымның нәтижеге қол жеткізудің бірі жаңа технологияны игеріп, компьютерді пайдалану. Компьютерді пайдалануда мынадай дидактикалық мүмкіндіктерді көруге болады, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылық еңбек етуіне жағдай жасайды. Электрондық оқулықтарда теориялық тақырыптар кеңінен беріліп түсіндіріледі. Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағыт-бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде.

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Ал, біздің елімізде инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы туралы ресми дерек «Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» көрсетілді.

Сонымен, инклюзия бұл-қазіргі кездегі қажеттілік. Әр баланың жеке тұлғасы қымбат бола тұра, біздер сенімдіміз, ерекше қажеттілігі бар балаларға әлеуметтік ортаға кіру үшін отбасынан басқа орта керек, басқа балалармен араласу керек, ата-анадан басқа мұғалім қажет.

Ата – аналар, мұғалімдер, тәрбиешілер мен мамандар іс-әрекетінде бірлестік, жүйелілік болса ғана инклюзивтік тәрбие жұмысы жақсы нәтиже көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше білім беру назарсыз қалмауы үшін әр педагог әдіс-тәсілдерін нақты ойластыру қажет. Тек қана балаға бейімделген тәрбие оның ішкі потенциалын ашуға мүмкіндік

туғызады, әр адамға қарап, сабырлылыққа тәрбиелейді, отбасыларымен қарым-қатынастықты нығайтып, оқу барысына кірістіреді.

Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы пәндері сабақтарында алдымен үлгерімі төмен оқушылар анықталады. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты: оқушыларды мәдениетке баули отырып, мәтін жайлы, рухани дүниесін байыту, мәтінді талдауға, ой қортындысын табуға, ізденімпаз, ұлтжанды дара тұлға тәрбиелеу.

Үлгермеуші оқушылармен жұмыс жасау жоспары:

- Сабақ сұрарда оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру,
- Оқушылардан сабақ сұрарда тақтада көбірек жұмыс істеуге жағдай жасау;
- Сұраққа жауап беруде мүмкін болатын жауаптарды ұсыну,
- Көрнекі құралдарды пайдалану,
- Бағалау кезінде мақтау, мадақтау сөздері арқылы ынта ықыласын арттыру.

Жаңа сабақ барысында үлгерімі төмен оқушыларға өз пікірлерін қосуға, жаңа сабақты меңгергенін анықтау үшін сұрақтар қою, көрнекі құралдармен, мәтінмен жұмыс жасауға дағдыландыру. Сабақ кезінде ерекше көңіл бөлініп, оларға жеке деңгейлік тапсырмалар беріледі. Топпен жұмыс барысында оларға шектеу қойылмайды, бірақ тапсырмалары өзгеше және жеңілдетілген түрде беріледі. Мысалы, 6 сыныпта тарих сабақтарында жұмыс жасау барысында оқушының топпен жұмыс жасағанды ұнататындығын байқадым. Шығармашылық тапсырмаларды орындау барысында оқушы қызығушылық танытып, жауап беруге және өз ойын еркін білдіруге ұмтылады. Картамен жұмыс жасағанды ұнатады. Үйге тапсырма беру кезінде параграфты толықтай бермей қысқартылған түрде беремін, тест жұмыстарын жасау кезінде де жеңілдетілген түрін қолданамын. 9 сынып оқушыларымен жұмыс жасау кезінде бірсыпыра қиындықтар кездеседі. Олар есте сақтау қабілетін жақсарту мақсатында ауызша тапсырмалар беріледі. Сұраққа жауап беру барысында білгенін дұрыс жеткізе алмай қиналады. Сонымен қатар сыныптастарының алдында өз ойын ашық айтуға ұялады. Сондықтан үй тапсырмасын немесе топпен жұмыс істеу кезінде оларға жеке тапсырмалар беріліп, жеке жауабы жазбаша алынады. Бірақ картамен жұмыс жасағанды ұнатады. Суретке қарап әңгіме құрастырғанды, ребустар, сөзжұмбақтар шешкенді қызығушылықпен орындайды. Адам.Қоғам.Құқық пәнінде біз көбінесе үйде оқып келіп сыныпта талқылаймыз. Себебі өтетін тақырыптар оқушылардың күнделікті өмірлерімен байланысты. Бұл сабаққа оқушылар аса зор қызығушылықпен келеді. Өз ойларын еркін білдіріп, қысылмай сөйлейді. Менің байқағаным сабақ сұрағаннан гөрі олармен әңгімелесу, өз өмірлерінен мысал келтіру, достары туралы, қоршаған орта туралы пікірлерімен бөліскенді жөн көреді. Зайырлылық және дінтану негіздері пәніне деген қызығушылықтары да жоғары. Сабақ кезінде біз пікірталастар, дөңгелек үстелдер өткіздік. Осы жұмыстарды атқару кезінде олардың басқа оқушылармен бірдей өзекті мәселелерге ден қоюы және жауап тауып

айтулары мені таң қалдырды. Қоғамдық пәндерге деген қызығушылықтары зор екендіктеріне куә бодым. Тарих сабақтарында да осындай тәжірибелер өткізу алдыңғы жоспарымда бар.

2016-2017 оқу жылының қыркүйек айында тарих пәні бойынша үйде оқытуға қатыстым. Сонда кездескен қиындығым оқушының қабылдау қабілетінің төмендігі, есте сақтау қызметінің нашарлығы сабақ жүргізу барысына кедергі келтірді. Сондықтан көбінесе оқушыны қызықтыру үшін суреттермен жұмыс жасағанды таңдап алдым. «Кім қайда өмір сүрді?», «қандай кезең бейнеленген?», «қандай шаруашылық түрі көрсетілген?» деген сияқты сұрақтар қою арқылы қызығушылықты оятуға тырыстым. Сонымен қатар әртүрлі бейнематериалдар арқылы тарих сабағымен байланыстырып отырдым. Тас дәуірі, қола дәуірі, темір дәуірі туралы суреттер көрсету, сурет салу арқылы сабақ өтті. Үй тапсырмасын сұрау барысында суретке қарап әңгімелеуді ұнатты.

Мүмкіншілігі шектеулі баланың отбасындағы қарым- қатынасын және өзі қатарлас балалармен қарым-қатынасын анықтау, олармен бірдей деңгейде араласуына мүмкіндік туғызу, білім деңгейіне сай оқыту және қоғамның болашақ өз-өзіне сенімді азамат етіп тәрбиелеу үшін педагог мамандар ата-аналармен, әлеуметтік сала қызметкерлерімен тығыз байланыста болуы керек. Тек осы жағдайда ғана, мүмкіндігі шектелген балалардың өздерін қоғамның толыққанды азаматы ретінде қабылдауына жағдай туады.

Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастру

Жанпейіс Ж.Б.

*№54 «Нұр-Ай» балабақшасы, тәрбиеші
Астана қ.*

Андатпа

Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы ортаның құрылуы мен ұйымдастырылуына бағытталған. Заттық дамытушы орта арқылы мектепке дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ойын алаңының ұйымдастырлуы айтылған. Сонымен бірге заттық дамытушы ортаның мектеп жасына дейінгі балаға қажеттілігі көрсетілген.

Түйінді сөздер: заттық дамытушы орта, өзгермелі, қол жетімді, қауіпсіз, вариативті, көп атқарымды.

Ойын - баланың басты іс-әрекеті болғандықтан, ойнау ортасы қолайлы да, тартымды болуы қажет. Біз тәрбиеші және ата анасы бағыт бағдар берушіміз және бақылаушымыз. Баланы бақылай отыра, бағыт бағдар бере отырып, баланы жан жақты болуға, еркіндікке, патриоттық сезімге, өз ойын жеткізе білуге, т.б және сонымен бірге ұлттық құндылыққа тәрбиелейміз. Баланы ойын іс әрекеті арқылы тани аламыз. Ойын іс әрекеті арқылы баланың болашағын болжай аламыз. Ойын арқылы баланың өмірге деген

қызығушылығын, талпынысын, құштарлығын байқаймыз және дұрыс көзқарасын қалыптастырамыз.

Енді бала үшін ойын іс әрекеті қалай жүзеге асуы керек деген сұрақ туындауы мүмкін? Заттық дамытушы орта жылдың былтырғы уақытында, яғни 2022-2023 оқу жылында қолданысқа енгізілді. Баланың ойын іс әрекеті толыққанды жүзеге асуы үшін, мектепке дейінгі ұйымдарда заттық дамытушы орта толығымен жан жақты құрылуы барысында, мектепке дейінгі ұймның педагогтары, тәрбиешілері және ата аналары барынша бейімделіп, алдыңғы ескі қалыптасқан әдетімізді миымыздан сызып тастағаным жөн деп ойлаймын.

Заттық дамытушы орта- заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Заттық дамытушы орта-бұл баланың психикалық әл ауқатының қауіпсіздігіне, оны дамыту мақсаттарын сәйкес кеңістікті ұйымдастыру және баланың өзі бетінше үйрену қабілетін дамытуға оң ықпал етеін жабдықтар мен басқа да жарақтарды пайдалану.

Дамытушы орта балаға өз қабілеттерін пайдалануға қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне сүйене отырып, өзін қызықтыратын ойын материалдарымен ойнауға мүмкіндік береді. Балалар әрекетін осындай осындай тәсілмен ұйымдастыру нәтижеге бағытталған даму механизмін құрайды. Бала жоспарланған мақсатты жүзеге асыруға ұмытлады.

Дамытушы орта балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен әрекетін, балалардың қимыл белсенділігін, сондай-ақ олардың оңаша болуына мүмкіндікті қамтамасыз етуі керек.

Дамытушы орта мыналарды, яғни үлгілік бағдарламаның міндеттерін іске асыруды, инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда – оған қажетті жағдайлар жасауды, білім беру әрекеті жүзеге асырлатын ұлттық-мәдени, климаттық жағдайларды ескеруді, балалардың жас ерекшелігін қамтамсыз етілуі тиіс.

Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруға қойлатын талаптар мынадай: қауіпсіз, бай болуы, қолжетімді, вариативті, көп атқарымды, өзгермелі болуы қажет. Айтылған талаптардың бәрі үлгілік бағдарламаның мазмұнына сәйкес болуы тиіс.

Дамытушы орта бала тәрбиелеуде ең маңызды факторлардың бірі болып табылады. Сондықтанда дамытушы ортаны жабдықтағанда оны өзгертуге және толықтыруға болатындай етіп жабдықтаған дұрыс. Өйткені бала жылдам өседі, сондықтанда ертеңгі күндері ол орта баланың дамуына әсер бермеуі мүмкін. Сондықтан заттық дамытушы өзгермелі болуы қажет, үнемі толықтырып өзгертіп отырған дұрыс. Бұл практика жүзінде дәлелденген. Дамытушы ортаны жобалағанда, жабдықтағанда баланың жеке тұлғасынада көңіл бөлген дұрыс. Топтағы дамытушы орта балаға сан түрлі іс әрекет сараптауға, ойлауға септігін тигізеді. Дамытушы ортада жабдықтар, кезкелген балаларға арналған заттар ашық түсті, тартымды, көздің жауын алатындай, ыңғайлы, сан түрлі, балаға жеткілікті болғаны дұрыс. Баланың жеке тұлға

ретіндегі іс әрекетімен байланыстыра отырып, осы мақсатта мектеп жасында дейінгі баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес, әртүрлі белсенді іс әрекеттерді атқаруға бірнеше орталықтар жасауға да болады. Қимыл-қозғалы орталығы, ойын әлемі, бейнелеу-шығармашылық орталығы, конструктивтік орталық құрылған тиімді, сонымен бірге топта баланың тынығып демалуына «Тынышытық әлемі» немесе «Оңашалану орталығы» сияқты баланың жеке қалығысы келген сәттерге, немесе ренжіген кездеріне осындай орталықтар да ұйымдастыруға әбден болады.

Бала тұлғасын дамытудың, танымдық қызығушылығын қалыптастырудың маңызы факторларының бірі қоршаған орта - бала өмір сүретін, ойнайтын, дем алатын орта болып табылады. Балаға сезім мүшелері арқылы әсер ете отырып, оның әсемдік, талағам, құндылық бағдар туралы түсініктерін қалыптасытуға болады. Осының брлығын балабақшада балаға жағдай құру барысында ескеру қажет.

Мақсатты ұйымдастырылған заттық дамытушы, орта баланың үйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде үлкен рөл атақарады. Дұрыс ұйымдастырлған заттық дамытушы орта балаларға қуаныш сезімін, балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, балаға келуге деген тілекті шақырады. Жаңа әсерлер және білімдермен байыта алады, белсенді шығармашылық әрекетті тудырады. Мектепке дейінгі балалардың танымдық зияткерлік, әлеуметтік эмоцияналдық дамуына мүмкіндік береді

Мектеп жасына дейінгі балаға заттық дамытушы орта не үшін қажет? Жеке дамуындағы нақты кезеңдердегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін, жинақталған орта жағдайындағы іс әрекет балаға белсенділігін, қоршаған ортаны еркін тануға деген қызығушылығын, танымын шығармашылдық бейнелеуге деген ынтасын қалыптастырады.

Дамытушы орта баланың өзіне деген сенімділігін арттыруға, оны бойына сіңіруне септігін тигізетіндей, мектеп жасына дейінгі балаға өз қабілеттерін сезінуге және қолдануға мүмкіндік беретіндей, шығармашылық шешімдер қабылдай алу дағдыларын дамытуға оңтайылы орта болуы тиіс.

Дұрыс құрылған дамытушы ортада бала әрекетке ынталандырылады, бала тұлға ртінде дамиды, қабілеттерінің ерте көрінуіне ықпал болады, және еркін шешім қабылдауға қалыптасады.

Заттық дамытушы орта баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен де мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекет ретінде ойын жетекші рөл атақарады.

Міне заттық дамытушы орта баланың келешегіне болашағына зор үлесін береді екен.

Мектепке дейінгі ұйым бала үшін заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру әр тәрбиешінің шеберлігіне байланысты. Заттық дамытушы ортаның тағы бір ерекшелігі - сан алуандығы. Тәрбиеші міндетті түрде сол топтағы тәрбиеленуші балалардың жас ерекшеліктерімен қатар, психологиялық ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын есепке алып отыруы тиіс. Себебі әр баланың мінез-құлық ерекшелігіне сәйкес сан түрлі

шығармашылық істерге бейім болады. Тәрбиеші заттық дамытушы ортаны ұйымдастыруда міндетті талаптарға сүйеніп жұмыс жасауы қажет. Заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру барысын Үлгілік оқыту бағдарламасын қолға алғанымыз әбден дұрыс.

Заттық дамытушы орта балалардың жасы мен даму деңгейіне және олардың әрекетіне тікелей тәуелділіктен табылады. Топтағы заттық дамытушы ортаның мақсаты ақпараттандырулы, сол немес басқа үдерістің бейнесін жасайды. Қоршаған орта мен баланың арасындағы үйлесімді қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Заттық дамытушы ортаның барлық компоненттері мазмұны, көлемі, көркемдік шешімі бойынша өзара байланысты. Балабақшаның әртүрлі жас топтарындағы заттық дамытушы ортаны ұйымдастыра отырып тәрбиешілер балалардың ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиешінің жеке тұлғалық-бағытталған моделі қағидасын естеріне ұстаулары қажет. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық дамытушы орта белгілі талаптарға жауап береді. Балабақшада заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық әрекетті қажет етеді.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған заттық дамытушы орта әр баланың тұлғаның қандай да бір қасиетін иеленуге, жан жақты дамуына теңдей мүмкіндік береді. Заттық дамытушы орта - бұл баланың мақсатын және міндеттерін шешетін ізденіс алаңы.

Қорыта келесек, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің басты міндеті балалардың эмоционалды жайлылық және психологиялық қорғаныс сезімін туғызу. Балабақшада бала өзін сүйкімді, әрі қайталанбас тұлға ретінде сезінуі тиіс. Сондықтан тәрбие процесі жүретін орта маңызды болып табылады. Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін және қарым – қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен өзара іс қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

Заттық дамытушы орта бұл уақыт пен кеңістікте жүйелі ұйымдастырылған, қажетті ойын заттары мен құралдарымен қамтамасыз етілген эстетикалық, педагогикалық жағдайлар кешені. Мұндай ортада бала белсенді танымдық шығармашылық іс әрекетпен айналысады, оның қызығушылығы артады, елестету, ақыл ой және бейнелеу қабілеттері дамиды, коммуникативті дағдылары қалыптасады, ең бастысы үйлесімді тұлға қалыптасады. Мұндай жағымды жағдай құру өз ішіне саналы және кеңістік пен оның элементтерін әсем ұйымдастырылуын қамтуда үлкен өнер. Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән сурет, қиял және шығармашылық әлемінде өмір сүруі қажет.

Мектепке дейінгі балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, заттық дамытушы ортаны құру педагогтың шеберлігінде, сондықтан әр педагог әр баланың жүрегіне жақсы әсер беретіндей қызмет атқарады деген ойдамыз. Өйткені балабақша - әр баланың, әр тәрбиешінің екінші үй десекте қателеспейміз.

Әдебиеттер тізімі

«Балабақшада заттық дамытушы ортаның тиімділігі.» Джунусова С.М.
«Мектепке дейінгі мекемелерде заттық-дамытушы ортаны құру ерекшеліктері» Кенелова А.Е.
«Мектеп жасына дейінгі педагогика» Жұмабекова.Ф.Н. (Астана 2008)
«Заттық дамытушы ортаның ұйымдастырылу тәртібі» Данашева А.
Үлгілік оқыту бағдарламасы.

Оздоровительная функция музыки как основа для воспитания дошкольников

Русакова А.А.

Ясли-сад №13 «Тұлпар» г. Астана, музыкальный руководитель

Андатпа: Бұл мақалада баланың жеке тұлғасын рухани және физикалық жағынан жан-жақты дамыту үшін педагогикалық резервтерді пайдаланудың маңыздылығына назар аударылады. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің маңызды аспектілерінің бірі музыкалық сабақтар болып табылады, оның аясында музыка сауықтыру функциясын ұсынады. Музыка қабылдау, ән айту, қозғалыс және музыкалық аспаптарда ойнау арқылы баланың дамуын жақсартуға көмектесетін әмбебап құрал ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: музыканың сауықтыру қызметі, музыканың әсер ету механизмі, музыкалық терапия.

Данная статья обращает внимание на важность использования педагогических резервов для полноценного развития личности ребенка как духовно, так и физически. Одним из важных аспектов воспитания дошкольников являются музыкальные занятия, в рамках которых музыка оказывает оздоровительную функцию. Музыка рассматривается как универсальное средство, которое помогает совершенствовать развитие ребенка через восприятие, пение, движение и игру на музыкальных инструментах.

Ключевые слова: оздоровительная функция музыки, механизм влияния музыки, музыкотерапия.

На сегодняшний день самой важной задачей для государства является воспитание здорового поколения. Здоровье является основной ценностью и обязательным условием для полноценного развития ребенка как физически, так и психологически.

В основе воспитания детей лежат программы организованной деятельности «Музыка» в дошкольных организациях. Если в дошкольном возрасте не уделять должного внимания формированию здоровья, то в будущем это будет затруднено. Укреплять здоровье детей с помощью музыки — одна из задач музыкального руководителя.

В лечебных целях слушание музыки применяют с давних времен. Доказано, что занятия музыкой несут в себе оздоровительную функцию для организма, оказывая положительное воздействие на наше физическое и психическое здоровье.

Оздоровительная функция музыки основывается на том, что звуки и ритмы могут влиять на физиологические функции организма ребенка. Музыка может оказывать воздействие на дыхательную систему, сердечный ритм, артериальное давление, мышечный тонус и другие физиологические параметры.

К формам организации здорового образа жизни в ДО относятся: музыкальные занятия, утренняя зарядка средствами ритмической гимнастики, оздоровительные мероприятия — музыкальные и танцевальные паузы, активный отдых — развлечения и праздники, контакт с семьей.

В нашем детском саду проводится активная оздоровительная работа среди дошкольников при проведении различных музыкальных и физкультурных занятий, праздников и развлечений. Например, летом мы проводим музыкально-спортивные праздники «В поисках приключений», «Овощи и фрукты – полезные продукты», «Мы танцуем, играем, поем!», праздник Нептуна, показываем кукольные спектакли о здоровом образе жизни.

Основной целью работы музыкальных руководителей является формирование у ребенка осознанной потребности быть здоровым, которое осуществляется в процессе постижения лучших образцов музыкальных произведений различных жанров и последующей рефлексии своих ощущений, эмоций. Движения под музыку, танцы, дыхательные упражнения, пальчиковая гимнастика, слушание музыки благоприятно сказываются на нервной системе ребенка, на его физическом и моральном развитии.

Дети любят активные игры, такие как бег, прыжки и танцы, потому что они улучшают кровообращение и обмен веществ в их организме, вызывают положительные эмоции и поднимают настроение. Все это помогает развить мотивацию к увеличению физической активности и побуждает к интересу к систематическим музыкальным занятиям.

Анализ показал, что музыкально-ритмические и физические упражнения совершенствуют механизмы адаптации детского организма к внешней среде, снижая заболеваемость и делая жизнь ребенка более безопасной.

Еще одна важная функция музыкальных занятий связана с эстетическим воспитанием — формированием культуры движений, показателем которой является красивая осанка. Состояние осанки — один из показателей здоровья детей, поэтому в задачу музыкальных руководителей также входит формирование правильной осанки с помощью ОД «Музыка» и «Физическая культура».

Также музыкальные движения несут в себе и воспитывающую функцию, приобщая детей к музыкальному и народному творчеству. Культура движений

включает такие компоненты, как красота, пластичность, легкость, ритмичность, точность движений, выразительность исполнения и эмоциональная отзывчивость на музыкальное восприятие. Это достигается при постановке танцевальных композиций на утренниках, таких как «День Республики», «Новый год», «8 марта», «Наурыз», «День единства народа Казахстана».

Тесная взаимосвязь музыки и движений выполняет образовательную функцию. Музыкальные занятия помогают развить у ребенка двигательные навыки, такие как ловкость и координацию движений, быстроту слухо-двигательной реакции, а также общую выносливость. Эти качества способствуют улучшению состояния здоровья и физическому развитию дошкольников.

Из вышесказанного следует, что музыкальный материал, используемый в процессе занятий, способствует укреплению физического, а также духовного развития детей.

Музыка может оказывать успокаивающее воздействие на нашу психику, улучшать настроение и повышать уровень энергии. Представители классической школы музыкотерапии сходятся во мнении, что именно классическая музыка, а также музыка, основанная на народных мотивах, являются лучшими средствами для лечения и расслабления.

Чтобы предотвратить утомляемость после активной деятельности на музыкальных занятиях с детьми можно слушать произведения Баха И. С. «Ария из сюиты №3», Шуберта Ф. «Аве-Мария», Вивальди А. «Зима», Чайковского П. И. «Июнь» и «Октябрь» из цикла «Времена года». Полное расслабление можно получить от «Вальса» Д. Шостаковича, «Романса» Г. Свиридова. Развитию умственных способностей помогает музыка В. Моцарта.

Прислушивание приятных музыкальных произведений способствует появлению положительных эмоциональных переживаний, которые, в свою очередь, увеличивают внимание и тонизируют нервную систему. Ритм музыки синхронизируется с ритмами организма, что позволяет физиологическим процессам протекать более эффективно. С помощью умело подобранной мелодии можно снизить утомление и улучшить самочувствие.

Практически на каждом занятии, используется метод вокалотерапии, где дети исполняют песни, воспитывающие доброту, чувство товарищества. Так, например, песни «Достык», «Песенка друзей», «С песней весело шагаем», «С нами, друг!», «Если добрый ты...» выполняют все эти задачи.

Кроме того, музыка может оказывать положительное воздействие на когнитивные функции нашего мозга. Некоторые исследования показали, что музыка может улучшать память, концентрацию и креативность, а также способствовать развитию моторных навыков и координации движений. Обучение игре на музыкальном инструменте требует развития именно таких качеств, как фокусировка внимания, рабочая память, умение переключаться между разными задачами. Также, например, воспринимая музыкальное произведение, слушатель создает в своем воображении свои ассоциации.

Музыкальные ритмы 3/4 — вальс, действуют успокаивающе, а ритмы 2/4, 4/4 оказывают бодрящее воздействие. Не редко на музыкальных занятиях мы используем прием музицирования на детских шумовых и народных инструментах: асатаяк, коңырау, тұяқтас.

Если говорить в целом о воздействии музыкальных инструментов на улучшение состояние организма, то наибольшее влияние оказывает прослушивание органной музыки. На печень благотворно действуют деревянные духовые инструменты, фагот или гобой. На сердечно-сосудистую систему воздействуют скрипка, виолончель, гитара. Прослушивание композиций с данными инструментами мы также активно практикуем на музыкальных занятиях.

Таким образом, анализ методов и приемов в педагогической деятельности показал, какую большую роль играет музыка для нашей жизни и здоровья.

Музыка влияет на эмоциональное состояние, способствует расслаблению и улучшению настроения, может повысить производительность труда и улучшить качество отдыха ребенка. Кроме того, музыкотерапия применяется для лечения различных заболеваний и улучшения общего состояния организма.

Музыка помогает создать полноценные условия для сохранения здоровья детей. Поэтому сегодня очень важно внедрять новые технологии и методы обучения в ежедневный образовательный процесс, чтобы улучшать физическое здоровье, а также здоровье психики детей дошкольного возраста.

Литература:

1. Бейсенбекова Г.Б., Нургалиева С.М., Алимжанов Е.М., Баярхуу М., Мынбаева Г.К. Значение образовательных программ для дошкольных учреждений Республики Казахстан // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. — 2017. — № 4-3. — С. 567-571.
2. Ветлугина Н.А. Музыкальное развитие ребенка. — Москва: Просвещение. — 1996. — 376 с.
3. Петрушин В.И. Музыкальная психология: Учебное пособие для вузов. — 2-е изд. [Электронный ресурс] / В.И. Петрушин. — Режим доступа: <http://detective.gumer.info/etc/petrushin.pdf>
4. Рябцева Т.А. Использование средств музыкальной терапии для создания положительного микроклимата в семье / [Электронный ресурс] Т.А. Рябцева, О.Ю. Захарова, И.В. Яковлева. — Режим доступа: <https://moluch.ru/conf/ped/archive/144/6487/>
5. Тарасова К.В., Рубан Т.Г. Дети слушают музыку / Методические рекомендации к занятиям с дошкольниками по слушанию музыки. — Москва: Мозаика-синтез. — 2001. — 128 с.

Роль казахской национальной игры асыки в развитии детей дошкольного возраста

Шингужина А.Б.

КГУ «Комплекс школа ясли-сад им. Х. Бектурганова»

Аннотация: В статье описывается значимость одного из казахских национальных игр – асык. О применении асыков в различных видах деятельности в детском саду. О проявление уважения к историко – культурному наследию казахского народа.

Ключевые слова: казахская национальная игра, асык.

«Асык – это большое народное воспитание...

*Игра в асык, ... — воспитывают сноровку,
ловкость, увертливость, меткость, быстроту,
упорство и прочие ... качества,
необходимые ... как воздух.*

Бауыржан Момышулы

Жизнь наших предков, в древности была связана, в первую очередь, с животноводством. И, конечно, множество народных игр было связано именно с животными, игры в асыки были распространены как среди взрослых, так и среди детей. Существует множество игр с асыками.

Культуролог, главный редактор газеты «Алматы ақшамы», Кали Сарсенбай отмечает, что эта игра известна со времен египетских фараонов, о чем свидетельствуют костяшки, представленные в Каирском музее. Среди казахов широкое распространение асыки получили еще в эпоху бронзы.

Наш детский сад только начинает нарабатывать свой собственный опыт в использовании асыков. Вначале мы с педагогами использовали асыки на праздниках, утренниках, в свободной игровой деятельности детей. Смысл асыков – развитие детей через занятия с мелкими предметами и условия, имитирующие обычную бытовую среду. Мы находим самое разнообразное применение, используем в занятиях с детьми традиционные казахские игральные косточки – асыки.

Поэтому сегодня на современном этапе мы, психологи, педагоги, все больше начинаем использовать асыки в различных видах деятельности. Через использование асыков в жизни детского сада у детей формируется уважение к историко-культурному наследию казахского народа, а также повышения интереса детей к знанию казахских национальных игр, приучающих к ловкости и меткости. Эти игры способствуют развитию речи, мышления, памяти, воображения, мелкой моторики рук, координации движений,

сенсорных ощущений, творческого воображения, фантазии конструктивные умения, смекалку. Изучаем с детьми цвета; размеры; числа, счет; буквы и т.д.

При использовании асыков, для младших дошкольников подбираем по размеру, по цвету (окрашенные в основные цвета радуги), надетые на проволоку, шнурочки: в средних группах применяем асыки в технологии Круги Луллия; в старших группах, группах дошкольной подготовки окрышенные в красные, синие цвета асыки используются в обучении грамоте, математики.

Пытаясь поставить асык в разные положения или построить пирамидку, ребенок, прилагая усилия, тренирует пальчики рук, развивается мелкая моторика рук, что способствует развитию речи дошкольника. Кроме того, эта «игрушка» способствует развитию координации движений. Для достижения разных целей вместе с педагогами изготавливаем различные игры.

Предлагаю некоторые игры при использовании на занятиях с детьми традиционных казахских игральных косточек – асыков. Мы находим им самое разнообразное применение.

Используем косточки с красками во время занятий по рисованию.

Ребятишки окунают их в акварель и оставляют на бумаге разноцветные пятна. Кто-то видит в этих рисунках цветы, кто-то – зерна для птиц... Главное, что каждому ребенку помогает включить воображение и найти смысл. Косточки лежат на столах рядом с красками во время занятий по рисованию.

С помощью воспитателей малыши строят из костяных кубиков пирамидки, домики, складывают мозаику, изготавливают бусы, соревнуются на ловкость, пробуя удержать лентами и донести их до своей ячейки. В это время развиваются мелкие движения пальчиков, идет запоминание цвета, формы, размера.

Пытаясь поставить асык в разных положениях или построить пирамидку, ребенок, прилагая усилия, тренирует пальчики рук, развивается мелкая моторика рук, что способствует развитию речи дошкольника. Кроме того, эта «игрушка» способствует развитию координации движений, для достижения разных целей можно сделать различные игры.

Дидактическая игра «Асыки в лунках»

-Развивает пространственные представления, мелкую моторику, координацию движений; закрепляет знания цветов; счетные навыки. Для детей 2-3 лет:

Дидактическая игра «Сундук (коржын) с асыками».

«Сундук (коржын) с асыками» - набор цветных асыков, собранных в накопитель, можно предложить ребенку в любое время: когда у него плохое настроение, или, наоборот, он слишком возбужден, или ему просто нечем заняться. Главная ценность этого пособия в том, что малыш не боится что-то

сломать или потерять. Погружаясь как можно глубже в наполнитель с мелкими асыками, ручки ребенка массируются, пальцы становятся более чувствительными, а их движения координированными.

Самомассаж кистей и пальцев рук в таком накопителе способствует:

- нормализации мышечного тонуса;
- стимуляции тактильных ощущений;
- увеличению объема и амплитуды движений пальцев рук;
- формированию произвольных, координированных движений пальцев рук.

Усложнение: В накопитель с асыками прячется игрушка животного или какой другой предмет и предлагается ребенку его найти достать и назвать.

Дидактическая игра «Украсим кәрпе»

- Умения детей составлять узор, ориентируясь на цвет. Формировать навык самостоятельно раскладывать по образцу. Развивать воображение и творчество детей.

Для игры используются «кәрпе» -образцы, пустые «кәрпе», разноцветные асыки.

Ребенку предлагается расставить цветные асыки в соответствии с предлагаемым образцом, далее можно предложить самостоятельно придумать узор.

Дидактическая игра «Асыки, юрты»

Для игры потребуется большое картонное поле, на которое игроки по очереди выкладывают фишки-асыки, юрочки (крышки) выбранного цвета. Игра заканчивается, когда все клеточки на поле заняты. Затем подсчитывается количество собранных линий по 3 клеточки каждым игроком и определяется победитель.

Задачи на счет.

Это хорошее наглядное пособие для знакомства ребенка с математическими действиями на сложение и вычитание.

Дидактическая игра «Выложи картину асыками»

Дети тренируют мелкую моторику и готовят руку к письму.

Дидактическая игра «Дружба правой и левой руки»

Помогать адаптации леворукого ребенка в праворуком мире. Развивать межполушарную специализацию, межполушарное взаимодействие, синхронизацию работы полушарий.

В работе с детьми асыки – идеальный материал. Они округлые, удобные для ладошки. Мы используем их– в математике, творчестве, спорте и в развитии общительности.

Начинаем задумываться над словами аксакалов, часто сетующих о вытесненных гаджетами народных играх. Сколько важных качеств они помогали развивать. Педагоги помогают сохранять казахские традиции, начиная с детского сада.

Обмениваемся опытом друг с другом, наработками, вместе ищем материал. Самое главное, мы видим, как загораются глаза у детей от предстоящего азарта в эту национальную казахскую игру.

Литература

1. «Асыки и их роль в мировоззрении кочевников». Умиткалиев У.У., Тлеугабулов Д.Т.
2. kazakh –tv.kz

Аталар сөзі – ақылдың көзі

*Аяганова Айдана Жантуреевна, тәрбиеші
«Қызылорда облысы білім басқармасының
«Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №3 «Өрімтал»
бөбекжай-балабақшасы МКҚК
ересек «Ертөстік» тобы*

Мақсаты: Шешендікке, сөз өнеріне баулу. Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар бойынша қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация,ым,ишара,қимыл) қолдануға ынталандыру. Қазақ халқының құндылықтарын құрметтеуге тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, түсіндіру, сұрақ жауап.

Балалар асық ойнап, асыққа таласып қалады. Қасына тәрбиеші жақындап не болғанын сұрайды.

Тәрбиеші: -Балалар сендер қандай ойын ойнап отырсыңдар? Не үшін таласып қалдыңдар?

Балалар: -Біз асық ойнап отырмыз. Мендегі асық аз болып қалды.

Балалар: Мендеде аз, бар жоғы бесеу ақ. Ақтілек асықтың бәрін жеңіп алды.

Тәрбиеші: Қане Ақтілек сендегі асықты санайықшы.

Балалар: Ақтілекте жеті асық екен.

Тәрбиеші: -Балалар асықпен ойнағанда таласпау керек.

Балалар: -Мен асықты көп алғым келеді.

-Менің де көп алғым келеді.

-Менің қолымда аз.

Тәрбиеші: -Балалар, олай болмайды. Асықтың бәрін сен алсаң қалған бала немен ойнайды. Балалар асықпен ойнағанда бөлісіп ойнау керек. Балалар келіңдер мен сендерді бірлік, ынтымақ туралы аңыз әңгіме айтып беретін қариялармен таныстырайын.



Тәрбиеші балаларды ертіп, бір топ қарияларға алып келеді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздерме, аталар! Қош келдіңіздер!

Балалар: Ассалаумағалейкум, атайлар!

Қариялар: Уағалейкумассалам, өркендерің өссін шырақтарым!

Тәрбиеші: Аталар, біздің балаларды таулық, достық пен бірлікке шақырар өсиет әңгімелеріңіз болса, құлақ түріп тыңдауға дайынбыз! Солай емеспе балалар?

Балалар: Иә, тыңдауға дайынбыз!

Қариялар: Әп бәрекелді, ендеше тыңдаңдар балалар.

Баяғыда бір ақылды қария болыпты. Қарияның тоғыз ұлы болады. Олар бір-бірін тыңдамай, әрқайсысы өз бетімен жүреді екен. Бұны көрген қария таудан бір төбе шыбықты әкеледі:

-Кәне , балаларым, күштеріңді сынап көрейін, мына бір бума шыбықты сындырыңдар –дейді.

Тоғыз ұл кезектесіп күштерін сынап көреді. Бір бума шыбықты еш қайсысы сындыра алмайды .Енді бір шыбықтан сындырап көріндер дейді.

Балалары сол сәтте-ақ шарт-шарт бөліп: «Міне , сындырдық» -деп мақтанады

Сонда қария:

-Мен сендердің келешектеріңді ойлап қапа болам. Ынтымақтарың жоқ болса , дұшпан сендерді жаңағы бір тал шыбықтай оңай сындырады. Ал сендер бірлікте болсаңдар, сендерді ешқандай дау да, жауда алмайды. Осыдан кейін шалдың ұлдары өз қателіктерін түсініп, ақылға келеді. Бірлесіп тіршілік етіп, ынтымақты өмір сүреді.



Тәрбиеші: -Балалар, сендер бірлік, ынтымақ туралы халық ауыз әдебиетінде айтылған мақал-мәтел, нақыл, ұлағатты сөздер туралы білесіңдер ме?

Балалар өздері білетін нақыл сөздер мен мақал-мәтелдер айтып шығады.

Балалар: Атайлар біздің сіздерге арнап дайындаған «Бабалар сөз алғанда» сахналық қойылымдарымыз бар. Сахналап бересек қалай қарайсыздар?

Қариялар: Жақсы балалар, тамашалауға дайынбыз!

Тәрбиеші: -Жарайды, балалар сахналап бере қойыңдар.

Нұрғиса Төле би: -Уа, әлеумет, құс ұшса қанаты талатын, ат жүрсе тұяғы күйетін, ит арқасы қияннан келіп отырсыңдар. Би екеу болса, дау төртеу болады деген, үш ел үш жаққа тартып бытырамас үшін Төбе би сайлап қойса қалай болар еді? (Жан-жағына отырғандарға қарайды)

Айдос Әйтеке би: -Дұрыс айтасыз Төле би!

Ахмет Қазыбек би: -Сіздікі жөн, өте дұрыс айттыңыз!

Айдос Әйтеке би: -Белгілі билеріміздің өздері не айтар екен.

Нұрғиса Төле би: -Мен ағаның баласымын, жасым үлкен, билікте менің айтқаным жөн.

Айдос Әйтеке би: -Мен атаның қара шаңырағындағы кенжесімін, жасым кіші болғанымен жолым үлкен, билік менікі. (Орта жүздің биі Қазыбек би күледі)

Нұрғиса Төле би: -Жылағанды сұрама мұңы бар, күлгенде сұра сыры бар деуші еді, қарағым, Қазыбек неге күлдің?

Ахмет Қазыбек би: -Сендер атадан туысыңды білесіңдер де, өсиетін ұмытқан екенсіңдер. Бабаларымыз айтқан емес пе;

Ұлы жүздің қолына қауға беріп малға қой,

Кіші жүздің қолына найза беріп жауға қой,

Орта жүздің қолына қамшы беріп дауға қой - дегені қайда. Сүрінсем сүйер алдымда ағам артымда інім бар, билік жөні менікі емес пе?

Нұрғиса Төле би: -Ой, бәрекелде, тауып айттыңыз

Қой асығы демендер,

Қолға жақса сақа ғой,

Жасы кіші демендер

Ақылы асса аға қой - деп бұрынғылардың айтуы бар еді, жаным Қазыбек би, Төбе биліктің абройын саған бердік. Төбе билігің құтты болсын! Ел билеу

үшін алдымен елді ауызбіршілікке, ынтымаққа шақыра біл. Елiндi бiрлiкте ұста, халқыңа сыйлы бол!

«Бақ қайда барасын-ынтымаққа барам» деген сөз содан қалған екен.

Төле бидiн батасы.

Атасызға ата бол!

Батасызға бата бол!

Арып-ашқан қарiптiң,

Жел жағына жота бол!

Панасызға пана бол!

Кек сақтамас бала бол!

Дос сүйiнiп, қас сыйлар,

Асу бермес дана бол!

Қариялар: Жарайсыңдар балалар, өнерлерiң өрге жүзсiн!

Тәрбиешi: Балалар аталар сендерге құр қол келмептi, өзiмiздiң ұлттық құндылығымыздың бiрi қамшының жасалуын көрсетпекшi. Қазiргi таңда қамшының көптеген түрлерi бар. Атап айтатын болсақ сарыбас қамшы, жез қамшы, жезмойнақ қамшы, атбас алтын қамшы, шашақты қамшы, дырау қамшы.

Балалар: Бұл қамшының қандай түрi?

-Неден жасалынады?

-Қамшыны неге пайдаланамыз?

Балаларға қамшының жасалуын көрсетедi. Балалар қызықтап, жасап көредi.



Тәрбиешi: Аталар балалардың сiздерге деген алғыстары шексiз. Ұлттық құндылықтарымызды дәрiптeп, өсиет әңгiме айтып бергендерiңiз үшiн көп рахмет. Сiздерге балалардың алғысы ретiнде ұлттық киiмдерiмiздiң бiрi

тақияны сыйға тартпақпыз. Балалардың ілтпаты ретінде қабыл алыңыздар. Қазақта үлкендерден бата сұрау-ежелгі салт. Бұның бір жағында үлкенді сыйлау жатса, екінші жағында «баталы құл арымас, батасыз құл жарымас» деген сенімі жатыр. Біздің балаларымызға бата берсеңіздер.

Қариялар бата береді.



Жас ұрпақты тәрбиелеудегі отбасылық тәрбиенің маңызы

*Табарикова А.Ф., Красникова А.А.
«Мөлдір» бөбекжайы КМҚК, Қарағанды қаласы, тәрбиешілер*

Педагогика ғылымының маңызды құрамдас бір бөлігі отбасылық тәрбие мен отбасылық педагогика болып табылады.

